

**Миқаш қажы Қаметқалиұлы
Бәкіртегі**



**ИСЛАМ ДІНІ ЖӨНІНДЕГІ
ҚОЙЫЛҒАН СҰРАҚТАРДЫҢ
ЖАУАБЫ**

**Миқаш қажы Қаметқалиұлы
Бәкіртегі**

**ИСЛАМ ДІНІ ЖӨНІНДЕГІ
ҚОЙЫЛҒАН СҰРАҚТАРДЫҢ
ЖАУАБЫ**

Көкшетау 2012

Құрметті мүсілман-қауым!

Бұл кітапта бір неше бетте сұбхан-Алла тағаланың есімі құрметті пайғамбарлар есімдері аталған, Құран кәрімнен бірнеше аяттар, хадистер келтірілген, сондықтанда сіздерден өтініп сұрайтынымыз бұл кітапты аяқ асты етпеніздер.

Автордан.

Сіздер осы кітаптан біздің ислам дініне қатысты 886 сұраққа толымды және жан-жақты жауапты тауып, оқи аласыздар.

Бісміллаһірі-Рахманірі-Рахим.
Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен
бастаймын.

*Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас.
Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сенде сүй ол Алланы жаннан тәтті.*
(Абай).

Саясат күнде өзгереді, ал дін мәңгілік.
Н.Назарбаев.

Мен Микаш қажы Қаметқалиұлы Бәкіртегі төрт мәрте қажымын, білімім жоғары, зайыбым Бәкірова Марап екі мәрте қажы, нағашы атам Қошмағамбетұлы Мұхамед қали қажы және әкем Бәкірұлы Қаметқали және анам Нұрғалиқызы Бөпіш бәдел қажы. Бір шаңырақтан бес қажымыз. Совет дәуірінде де Алламы ұмытқам жоқ. 1988 жылдан намаз оқып, оразамды ұстап, зекетімді беріп, иманымды айтудамын. Жиналған жерде ауыл тұрғындарына Алланың бірлігін, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хақтығын айтып келемін. Бірақта намазға жығылып жатқан жамағат өте аз. Алматыға, Астанаға барып, мешітке намазға барғанда халықтың көптігіне көз сүрінеді. Бізде 50-ге, 70-ке келген шалдар мен байшілер әлі күнге намазға жығылған жоқ. Соған өте ренжіп, қайғырам, уағыз айтудан жалыққан емеспін, бірақ нәтиже шамалы. Сол уағыз үшін талай ауыр сөздерде естідім. Ауылда түзу мешіт жоқ, алдымен бізге уағызды қоя тұрып, қажеке жөні түзу мешіт те жоқ деп, – сауал қойған.

Кәзір Аллаға шүкір сол мешіт те бар, жұма сайын намазына 5-6-ақ шал келеміз.

Елдің халқына діни газет-журнал алындар деп айтумен келемін. «Ислам және Өркениет» газетін, «Шапағат-Нұр» журналын, «Иман» журналын бастап шыққан күннен алып оқимын.

Жиналған жерде жамағат бос сөзді қойындар, маған дін жөнінде сұрақ қойыңыздар, Алла аузыма салса жауап берейін,

ол үлкен сауап және діни сауаттарың молаяды. Намазға неге жығылмайсыңдар десем, о қажеке пенсияға шыққасын оқимыз ғой, – дейді.

Мен айтам, әй қарақтарым ажал айтып келмейді, бүгін ұйықтадың, таңда тұрмай Аллаға жан тапсырдың дейік сонда о дүниеде не айтасың, жағдайың қалай болатынын білемісің? – деймін. Осы кітапты бастырып шығарудағы мақсатым, сол газет-журнал алмайтын ауыл тұрғындарына, аудан тұрғындарына тегін таратып берсем. Алла жүректеріне иман ұялатып, қасиетті дінімізге бет бұрып, Алланың бес парызын қалап қаларма екен деген үміттемін.

Мектепте дін пәні бар, оларда ешбір кітап, құрал жоқ. Діни сабақты жағрафия мұғалімі береді. Сонда балалар ол мұғалімнен не түсінетінін білмеймін. Егер осы кітабым шыға қалса сол мектеп мұғалімдеріне де таратып бермекпін. Кейбір көзі ашық адамдарға осы кітап туралы айтып ем. Қажеке мұныңыз өте дұрыс екен деп құптады. Бұл кітап тек сұрақ пен жауаптан тұрады. Көркем әдебиет емес әсірелеп өз тарапымнан сөз қосу ол мәрук. Сондықтан, «Ислам және Өркениет» газеті мен «Шапағат-Нұр» журналындағы сұрақ пен жауаптарды жаздым. Мұнда сұрақ пен жауаптар ҚМДБ-ның жоғары дәрежелі білімді дін танушылардың қайтарған жауаптары. Ол қате болуға тиіс емес, үйткені олар, құран аяттары мен Пайғамбарымыз (с.ғ.с.)-ның сүннетіне хадиске сүйеніп жауап берген.

Сол «Ислам және Өркениет» газетін және «Шапағат-Нұр» журналын, «Иман» журналын ақылдастар алқасы: – Әбсаттар қажы Дербісәлі, Мухаммед-Хусейін Алсабеков, Қайрат Жолдыбайұлы, Оңғар Өмірбеков, Қалижан Заңқаев, Құлмұхаммед Маханбет, бас редактор Сейсенхан Махамбет, бас редактор Нұртай Ерназар, Ескендір Тасболат, Бекболат Тілеухан және Қасымхан Исаев, барлық облыс имамдары. Осы дін қызметкерлерінің тексерісінен елеуіштен өткізіп барып басылымға береді ғой. Сондықтан қате болуы мүмкін емес. Бұл адамдарға Алла разы болсын. Әмин.

Білмегенді сұрап білу керек.

Құранда:

«Егер білмесендер, кітап иелерінен сұраңдар» (Нахыл, 16:43)

Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Білмегенді білудің жолы – сұрақ» – деген.

Сұрақ – білім есігін ашатын кілт:

Бір кісі Ибн Абсаттан, ради Аллаһу анһума:

«Мұншама білімді қалай жидың?» деп сұрапты. Сонда ол: «Сұрауға жалықпаған тіліммен (естігенді ойыма түйе білген) ақылымның арқасында», – деп жауап берген екен.

Ибн Шиһабтың: «Білім қазына (толы сандық), ал оның кілті – сұрақ» деген ұлағатты сөзі бар. Сондықтан да, білімі жетерлік ғұлама адамдардан білмегенді сұрап білгеннің еш айыбы жоқ. Бәлкім қаншама уақыт қинап жүрген сұрақтың жауабын осы кітап арқылы қас-қағым сәтте-ақ қиналмай табарсыздар. Надандықтан құтылудың жолы сұрақ-сұрау. Жәбір бин Абдуллаһтан:

«Сапарға шыққан кезімізде арамыздағы бір адамның басы қатты жараланды. Жараланған адам бір түні жүніп болды. Сөйтіп қасындағы адамдардан: «жаралымын ғой, тәммум алсам қалай болады» деп сұрайды. Олар:

– Сенің жуынуыңа болады, тәммумды қалай аласың, – дейді. Сөйтіп ол суға жуынады да, сол жерде жан тапсырады.

Сапардан оралған соң жәйтті Пайғамбар с.а.у.-ға айтқанда, ол:

– Оны өлтіргендері үшін Аллаһ оларды өлтірсін. Білмейтін болса сұрамай ма? Надандықтан құтылудың жолы сұрақ-сұрау, – дейді сүйікті Пайғамбарымыз, Мустафа (с.а.у.).

Енді сұрақ пен жауапқа көшейін. «Сауал сұрағанға да сауап бар» дейсіздер сонда ол қандай сауап:

Жауап:

Әлбетте, білім кілті сұрақта болғандықтан сұрағанға да сауап бар екені рас. Оған мынадай хадис дәлел бола алады: «Ілім – жабық бір қазына. Кілт – сұрақтар. Олай болса сұрандар. Алла тағала сендерге мейірім төксін. Бұл сұрақтан 4 кісі сауап табады. Сұраған, үйреткен, тыңдаған және бұларды жүзеге асыру үшін құрастырып жинақтаған адам». (Хазреті Әлиден (р.а.) Әбу Нәйм (р.а.) риуаят еткен.

СҰРАҒАНҒА ДА САУАП БАР

Рахман және Рахим болған Аллаһ атымен бастаймын!

Сұрақ: Иман басы не?

Жауап: Лә, илаһа иллаллаһу Мұхаммадүр Расулаллаһ. Мағынасы: Шын ибадатқа лайық ешнәрсе жоқ, жалғыз бір Аллаһ ғана бар. Мұхаммед ол Аллаһтың елшісі. Бұл аят Құранда 4 жерде бар.

Сұрақ: Иман ауырлығы не? Яғни, иман салмағы не?

Жауап: Ғылым, білім.

Сұрақ: Иман жапырағы не?

Жауап: Тақуа адам (тақуа-діндар).

Сұрақ: Таза жүректі адам деп кімді айтамыз?

Жауап: Аллаһ Та'ала Құранда тақуа адамды таза жүрек деген.

Сұрақ: Иман тұрағы қайсы?

Жауап: Адам көкірегі, көңілі, жүрегі.

Сұрақ: Иман бұтағы не?

Жауап: Бір Аллаһтан қорқу (арабша Уа аттаху аллаһ).

Сұрақ: Иман жемісі не?

Жауап: Бір Аллаһқа шүкір ету.

Сұрақ: Намаз жемісі не?

Жауап: Ораза.

Сұрақ: Иман тамыры не?

Жауап: Амал (еңбек).

Сұрақ: Адам баласының досы да, дұшпаны да өзінің тілі дегенге қандай дәлел бар?

Жауап: Хадисте: «Пенде ойламай, білмей айтқан бір сөз үшін шығыс пен батыс аралығындағындай от азабына түседі» деген. Және Аллаһ Та'ала «Пенде жөнсіз айтқан бір сөз үшін өзіне мәңгілік дұшпанын арттырады» дейді. Міне бұдан адамның досы да, дұшпаны да өзінің тілі екенін аңғарамыз.

Сұрақ: Өзің үшін өмірде ең елеулі оқиға ретінде нені айтар едіңіз?

Жауап: «Тек бір Аллаһқа құл болғаным» деп айтамын. Ал, енді өмірдегі ең соңғы мақсатым, – Аллаһты мақтап-мадақтап ислам жолымен жүру ғана. Бұл заманда кейбіреулер Аллаһқа емес пендеге құл болып, солардың жұмысын істеп, жалданып адасып жүр. Аллаһ одан бізді, ұрпақтарымызды сақтасын. Әмин!

Екі отыз бір он жасым бар,
Ағарған сақал, шашым бар.
Шын жүректен сүйемін,
Аллаһ деген досым бар.

Мұсылман саған арнап сөз жазайын,
Жақсы аз сөз тыңдайтын не қылайын.
Тәуелсіз заман нұрын шапты бүгін,
Сол нұрдан өздеріңе сөз салайын!

Сұрақ: Жындар қандай қауым?

Жауап: Жындар да періштелер тәрізді тәнсіз, денесіз мақлұқ. Періштелерді көре алмағанымыз тәрізді жындарды да көре алмаймыз. Жынның бәріне иланумен иман негізі болмаса да, олардың барлығына сену иманның қажетті бөлігі. Жоққа шығару күпірлік саналады. Құран Кәрімде жындардың барлығы баян етілген. Сондықтан олардың барлығын мойындамау Құран сөзін мойындамауға саяды. Құран сөзін мойындамаған кәпір болады.

Сұрақ: Жындар неден жаратылған?

Жауап: Періштелер нұрдан жаратылса, жындар оттан жаратылған. Аллаһ Тағала жындардың жаратылысы туралы былай дейді: «Жындарды да (адамнан бұрын) түтінсіз оттан жаратқан едік» (Хьжыр 15:27). Аталған аятта жындардың оттан жаратылуы адам жаратылуынан бұрын екендігі қоса хабарланады.

Сұрақ: Жындардың мінез-кұлқы қандай?

Жауап: Жындардың мінез-кұлқы адамдардың мінез-кұлқына ұқсайды. Яғни, олардың арасында да адамдар тәрізді мұсылманы, тақуасы, жаманы, күнәары, асылық жасаушылары бар. Аллаһ Тағала жындардың сөздерін баяндай келіп былай дейді: «Бізде мұсылмандарда, туралықтан адасқандар да бар. Сонда кім мұсылман болса, ал міне солар, туралықты іздейді» (Жын 72:14).

Сұрақ: Жындар да қылмыстары үшін жазаға тартыла ма?

Жауап: Әлбетте, жындар да Қиямет күні адамдар сияқты бұ дүниедегі барлық жақсы, жаман істері үшін жауапқа тартылады. Жақсы істер жасап, Аллаһ Тағаланы риза еткен жындар сауапқа кенеледі де, жаман істер істеп, Аллаһқа асылық жасағандары азапқа душар болады. Ия, олар да адамдар тәрізді Аллаһ Тағалаға

құлшылық етуге шақырылған және Аллаһқа сыйыну үшін жаратылған. Аллаһ Тағала бұл жөнінде былай дейді: «Жындар мен адамдарды тек өзіме құлшылық қылулары үшін ғана жараттым» (Зәрият 51:56).

Сұрақ: Жындар ғайыпты біле ме?

Жауап: Жоқ. Ғайыпты жалғыз Аллаһтан басқа ешкім білмейді. Аллаһ Тағаланы бұл жөнінде Сүлейменнің (с.ғ.) хисасын әңгімелеуі арқылы жындардың ғайыпты мүлдем білмейтіндігін жариялап былай дейді: «Біз оның (Сүлейменнің) өліміне үкім берген заманда, жындарға оның өлімін, оның таяғын жеген бір құрт қана көрсетті. Сонда ол жығылған сәтте, жындарға аян болды. Егер жындар көместі білген болса, олар, ауыр машақатта қалмас еді» (Сәбе 34:14). Демек, жындар ғайыпты білмейді. Бірақ олар бізді көре алады, біз оларды көре алмаймыз. Бұл жөнінде Аллаһ Тағала былай дейді: «Ол және оның сыбайластары, сендер оларды көрмеген жерлерден көреді» (Ағраф 7:27).

Бұл аятты жын да шайтан сияқты бізді көретіндігі, біз оларды көрмейтіндігіміз анық айтылған. Өйткені шайтан мен жынның шығу тегі бір, олар оттан жаратылған.

Сұрақ: Адамның адамнан артықшылығы неде?

Жауап: Оның артықшылығы діни сенімі мен Аллаһ Тағалаға құлшылығында ғана. Құран 1:5; 49:13 т.б.

Сұрақ: Мұсылман адамды тозақ отынан кім құтқарады?

Жауап: Мұсылманды тозақ отынан тек қана иман ибадаттары құтқарады.

Сұрақ: Шарият тазалығы немен болады?

Жауап: Ол сумен және топырақпен болады.

Сұрақ: Ақиқат тазалығы немен болады?

Жауап: Ақиқат тазалығы жалғыз жүректе. Аллаһтан басқа махаббаттың болмауы ақиқат тазалығын білдіреді.

Сұрақ: Рағайып кеші деген не?

Жауап: Рағайып кеші ережеп айының алғашқы жұма кеші. Осы кеште Хазіреті пайғамбарымыз Нұр-Мұхаммедтің (м.с.ғ.с.) әкесі Абдолла мен анасы Әмина үйленген.

Сұрақ: Миғраж деген не? Миғраж кеші деген не? Ол кеште пайғамбарға не нәрсе берілді?

Жауап: Миғраж Хазірет пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.)

көкке көтерілуінің жеңісін сүйіншілеген оқиға болып табылады. Бұған құран 17:1-аят дәлел. Миғраж кеші ережеп айының 27-кеші. Бұл кеште Аллаһ әмірімен пайғамбарымыз Нұр-Мұхаммед (м.с.ғ.с.) көкке шыққан. Бес уақыт намаз сол кеште парыз болған. Бұл қасиетті мақамда хазірет Пайғамбарға үш нәрсе берілді.

1-Бақара сүресінің соңғы екі (Аманара сұлу) аяты,

2-Үмметтеріне Аллаһ Тағалаға ортақ қоспағандардың жәннатқа кіретінінің қуанышты хабары.

3-Миғраж сыйлығының сипатында күніне бес мезгіл оқитын намаз. Ережеп айы – Мұхаммедтің айы. Миғраж – жоғарыға шығу, көтерілу, жоғарылау деген ұғымды білдіреді. Мұны Ибра деп те атайды. Ол түн қату деген мағынада. Мұхаммед (с.ғ.с.) түн ішінде Меккеден Құддыстағы мешіт Ақсаға келгендіктен бұл оқиғаны «Ибра» деген. Құран 17:1; 19-21.

Сұрақ: Барат кеші қай айда болады? Ол неліктен ізгі кеш саналған?

Жауап: Барат кеші – шағбан айының 14-кеші, риуаят бойынша бір жылдық жақсы жаман жоспар осы кеште белгіленеді. Сондықтан, осы кеш ізгі кеш саналады.

Сұрақ: Тамақтың берекесі қайда болады? Оған береке қайдан келеді?

Жауап: Бұл сұраққа жауапты мына хадистен табамыз. Пайғамбарымыз (м.с.ғ.с.) «Сәресі ішіңіздер, онда берекет бар. Бір тамшы сумен болса да ауыз бекітіңіздер. Әр тамшы суда, тамақта бір ниет бар, сол ниет Аллаһқа құлшылық есебінде болады» деген. Міне, тамақтың берекесі осы сәресіден алынып отыр. Тамақтың берекесі ортада болады.

Сұрақ: Сәресі сөзі қайдан шыққан?

Жауап: Оразаны бастау үшін нәпсіні тежейтін мезгілді «имсақ» деп, сол уақытта ішілетін тағамды «сахар асы» деген. Сәресі асы сөзден шыққан дейді.

Сұрақ: Жамағатпен намазға тұрғанда, аяқтың арақашықтығы қалай болу керек? Тобықтардың тиіп тұруы шарт па? Кейбір кісілер «төрт елі болу керек» десе, енді біреулер «Жанындағы адамның аяғына тиіп тұру керек» дейді. Осылардың қайсысы дұрыс? Нақты дәлелдермен түсіндіріп берсеңіздер?

Жауап: Шариғаттағы құлшылық амалдар адамның болмысына, шама-шарқына және табиғатына қайшы келмейді. Намаз және одан басқа кез келген құлшылық түрі адамға ыңғайлы, қиындықсыз орындалуы тиіс. Мәселен, намаздың негізгі рүкіндерінің бірі – қиямда тұрғанда аяқтың ара-қашықтығы аяққа, белге салмақ салып, ауыртпашылық түсірмеуі керек. Табиғин фақиһ Ата ибн Аби Рабаха: «Ибн Омар (р.а.) намазда тұрғанда аяқтарының арасын қатты да ашпайтын, бір-біріне тигізіп те тұрмай екеуінің ортасында ұстайтын», – деген (Әл-Мугни, Ибн Қуддәмә, 2/396).

Ал намазда аяқтың арасын ашып, жанындағы кісінің тобығына тигізіп тұруы керек деушілер дәлел ретінде әл-Бұхаридың сахих хадистер топтамасындағы пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мына хадисіне сүйенеді: Өнәс ибн Мәліктің жеткізген хадисінде: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Саптарыңды түзендер. Мен сендерді ту сыртымнан көріп тұрамын», – деп айтты. Сонда арамыздағы бір кісі иығын жанындағы адамның иығына, аяғын оның аяғына түйістірді», – делінген (Сахих әл-Бұхари, 3/154). Ал Әбу Дәуіттің жеткізген хадисінде ән-Нұғман ибн Бәшир: «Алла елшісі (с.ғ.с.) намаз бастарда адамдарға жүзімен қарап: «Саптарыңызды түзетіңіздер, – деп үш қайтара айтты да, – Алланың атымен ант етейін, саптарыңызды түзетіңіздер, олай болмаған жағдайда Алла жүректеріңізді бір-біріңізге қайшы етіп қояды», – деп қатаң ескертті. Сонда оны естіген арамыздағы бір кісі иығын жанындағы адамның иығына, тізесін оның тізесіне, тобығын оның тобығына түйістіргенін көрдім», – деген. Аталмыш сахихтар жинағына кең көлемді түсіндірме жазған Хафиз Ибн Хажар әл-Асқалани мен ханафи мәзһабындағы мәшһүр фақиһ әрі хадис саласының майталмандарының бірі Бәдр әл-дин әл-Айни өз еңбектерінде жоғарыдағы хадисті былайша түсіндіреді: «Хадистегі келген «аяғын оның аяғына түйістірді» деген сөздің мәні – адамдардың сапты түзетіп, бос жерді толтыруын білдіреді». (Умдәт әл-Қари, Бәдр әд-дин әл-Айни, 5/377. Фәтх әл-Бәри, Ибн Хажар әд-Асқалани, 1/1042). Демек, Алла елшісінен (с.ғ.с.) жеткен сахих хадистерде намазда адамдардың иықтары, аяқтары, тобықтары бір-біріне тиіп тұрсын деп нақты айтылмаған. Керісінше, намазда сапты біркелкі етіп түзету, бос жерді толтырып, тығыз-тығыз тұру керектегін қатаң ескертіп

айтқан біршама сахих хадистер бар. Солардың бірінде хадисті жеткізуші қос рауи Симәк ибн Харб пен ән-Нұғман ибн Бәшир: «Алла елшісі (с.ғ.с.) намазға тұрарда біздің саптарымызды біркелкі етіп түзететін. Ол саптарды садақ оқтарын түзеткендей болып көрінетін. Осылайша, біз оның осы әрекетін түсінгенімізге көз жеткізгенше жалғастыратын. Сосын бір күні ол намазға шығып, енді бастайын деп тәкбір алғалы тұрғанда бір кісінің кеудесі саптан ілгері шығып тұрғанын көріп: «Уа, Алланың құлдары, саптарыңызды түзетіңіздер, олай болмаған жағдайда Алла жүздеріңді бір-біріңе кері бұрып қояды», – деп сақтандырды» (Сахих Мүслім, 2/431). Хадистен байқағанымыздай, намаздың дұрыстығының кепілі – аяқтар мен тобықтардың бір-біріне тиіп тұруы емес, саптың садақ оғындай түзулігі. Алла елшісі (с.ғ.с.) намазда аяқтың түзу сапта біркелкі тұруына табандылықпен қадағалағандығын аталмыш хадистерден аңғаруға болады. Олай деуімізге жоғарыдағы сап түзулігінің маңызын айтқан хадис пен басқа да сахих хадис мәтіндері қуаттай түсері сөзсіз.

Түйіндей келе, сахих хадистеріндегі «арамыздағы бір кісі аяғын қасындағы кісінің аяғына түйістіргенін көрдім» деген хадистің беткі мағынасы тобықтардың тиіп тұруын меңзегенмен, түпкі мағынасы саптың түзулігін, тығыздығын сақтауды білдіреді. Әрі олай аяқтың арасын жанындағы адамға қолайсыздық тудыратындай ашып тұруды төрт мәзһабтың үлкен имамдары өздерінің еңбектерінде мәкруһ амалға санаған. Әбу Ханифа мәзһабында да аяқтарды жанында тұрған кісінің аяғына жабыстырып тұруы мәкруһ. Өйткені ол намазда қасындағы кісіге кедергі жасап, ойын бөлетіні белгілі. Ханафи мәзһабының көрнекті фақиһ ғалымы Ибн Абидин: «Намаздағы аяқтың арасы – қолдың саусағымен төрт саусақ мөлшерінде болу керек. Себебі ол намазды қорқынышпен, ықыласпен оқылуына жақынырақ» (Хашия Ибн Абидин, 1/479), – деп, намазда еркін, басқаға кедергі жасамау, Алланың алдында кішіпейілділікпен тұру қажеттігін ескерген.

Сұрақ: Сақалдың сүннеттілігі жайында хадистер келтіріп берсеңіздер?

Жауап: Сақал қою – пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) бері келе жатқан үрдіс. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сақалды өзінің келбетіне жарасымды етіп жан-жағын, ұзындығын қысқартып қоятын. Омар ибн Харуннан жеткен мына бір хадисте: «Алла елшісі (с.ғ.с.) сақалды алғанда жандарын қысқартумен қатар ұзынын да қысқартатын», – дейді (Хадис Әбу Хурайрадан; ат-Тирмизи М. Суан ат-Тирмизи. С. 776, хадис №2762).

Осы секілді сақал қою, оның тазалығына қатысты хадистер де жеткен. Мәселен, мисуак қолдану, тырнақ алуға байланысты хадистердің ішінде мұртты қырып, сақалды қою да бар. Айшадан (р.а.) жеткен хадисте: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Он нәрсе жаратылыстан: мұртты қысқарту, сақал қою, мисуак қолдану, истиншак (кеңсірікке су жүгірту), мадмада (ауызға су алу), тырнақты алу, саусақтардың арасын салалап жуу, қолтықтың түгін алу, белден төменгі жақты (қасағаны) ұстарамен күзеу, истинжа жасау» деп сақал қоюды тазалыққа әрі сүннет амалдардың қатарына жатқызғаны да бар. Міне, осы сияқты хадистерге Ислам ғалымдарының көбі сүйене отырып, сақал қоюдың үкімін сүннет деген.

Сұрақ: Имамның намаз оқығаны өзі үшін бе, әлде қазым (жамағат) үшін бе?

Жауап: Оқылған намаз Аллаһтың ризалығы мен өзі үшін, ал ниеті жамағат үшін.

Сұрақ: Жамағат имамға бағынады. Ал имам кімге бағынады? Оған дәлел не?

Жауап: Имам Хазірет Мұхаммед Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) бағынады. Оған дәлел Құран 4:80.

Сұрақ: Жамағатқа имам басшы. Ал оның имамы кім?

Жауап: Намазханның имамы – имам. Ал имамның имамы кім? Имамның имамы – Қасиетті Құран. Құран 2:39, 213, 231, 3:7, 5:67, 10:37, 12:2.

Сұрақ: Біздің намазымыз жамағатпен тәмәм болады. Ал, имамның намазы немен тәмәм болады?

Жауап: Имамның намазы ғылым, біліммен, Хазірет Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) сүннетімен тәмәм болады. Құран: 4:59, 59:7.

Сұрақ: Намазға қатысты Құранда қандай аяттар және қандай хадистер бар?

Жауап: Намазға қатысты Қасиетті Құрандағы аяттар мыналар. 2:43, 45, 83, 110, 239; 4:43, 101-103; 5:6, 17:78-79; 62:9-10; 73:20; 76:26; 86:15; 98:5; 108:2.

Ал хадистерде: «Мұсылман мен кәпірдің айырмашылығы – намазда», «Намаз – діннің діңгегі», «Намаз – мұсылманның миғражы», – деген.

Сұрақ: Бисмиллаһтың айтылмайтын жері бар ма?

Жауап: Бар, екі жерде. Сәлем бергенде, сәлем алғанда.

Сұрақ: Не үшін сәлем бергенде бисмиллаһ айтылмайды?

Жауап: Сәлем Аллаһтың 99 атының бірі. Сәлем мен есендік Аллаһтан, Аллаһ ұлық. Сүйікті Пайғамбарымыз Хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Аллаһ Тағала сондай адамның жүзін нұрландырады. Менің сөзімді естігенше (артық-кем қылмай) ұғып, басқаларға жеткізсе», – дейді. Екінші бір хадис шарифінде: «Дін – насихат» – деген. Біз де Пайғамбарымыздың жоғарыдағы хадисінде көрсетілген сүйіншісіне ие болу мақсатымен мұсылмандарға Пайғамбарымыздың осы хадистерін ұсындық.

Сұрақ: Шариат Аллаһ түсірген заң екендігіне қандай дәлел бар? Онымен үкім етпегендер не болады?

Жауап: Шариат Аллаһтың заңы. Оған дәлел Құран 5:45. Онымен үкім етпегендер залым болады. Құран 5:38.

Сұрақ: Шошқа, маймыл, пұтқа табынушылық қалай пайда болған?

Жауап: Ол Аллаһтың қарғысына ұшырап адасқандардан пайда болған. Сондай-ақ, олар Мұхаммед (м.с.ғ.с.) дүниеге келмей тұрғанда Аллаһқа қарсы шыққан пенделер дүниеде шошқа, маймыл, пұтқа табынушы бейнесіне айналған. Ал бұл күндері ондай адасқандарды өлгеннен кейін жазалайды. Себебі Мұхаммед (с.ғ.с.) құрметі үшін дүниеде жазаламайды. Құран 5:60, 7:67, 166.

Сұрақ: Пендеге ұмытшақтық неден пайда болады?

Жауап: Көз зинасынан. Яғни қарауға тиым салынған нәрселерге қараудан. Мысалы: әйел жүзіне көп қараудан, мәйіт жуғанда тәнге қараудан пайда болады.

Сұрақ: Шайтан деген не? Ол нешеу? Құранда Ібіліс әзәзіл неше жерде бар?

Жауап: Аллаһтан ұзактасқан, оның әміріне қарсы келген азғырушыны Ібіліс немесе шайтан дейді. Ол Құранда Ібіліс немесе әзәзіл (азғырушы) 89-неше жерде бар. Шайтан үшеу. Үлкен шайтан (азғырушы), мылқау шайтан, сөйлеуші шайтан.

Сұрақ: Мылқау шайтан деген не? Сөйлеуші шайтан деген не?

Жауап: Ақиқатты сөйлемейтін пенде мылқау шайтан, немесе сақау шайтан іспеттес. Ал жалғанды сөйлеуші пенде сөйлеуші шайтан. Себебі өтірікші Аллаһтың дұшпаны. Құран 22:30; 61:2-3; 16:116; 49:111.

Сұрақ: Ел арасында заманды сөгу, Аллаһты сөгумен бірден деген ұғым бар. Осы шындық па?

Жауап: Ол рас. Хадисте Аллаһ Тағала: «Адам баласы заманды сөгіп, мені ренжітеді, мен заманмын. Бүкіл іс менің қолымда. Түнмен күнді ауыстырамын», – деген. (Бұхари Мұслим).

Сұрақ: Кейбіреу ажалды сұм дейді. Ол кұнакар емес пе?

Жауап: Олай деген пенде үлкен кұнакар. Себебі, ажал Аллаһ Тағаланың әмір еткен жан алушы Әзірейіл (ғ.с.) періште. Егер кім де кім бір нәрсені сұм десе, ал бұл нәрсе сұмға лайық болмаса, онда оның айтқаны өзіне болады дегендей, періште таза Аллаһтың көктегі әскері. Сондықтан оған жала жапқан кұнакар емей немене.

Сұрақ: Неліктен күн шыққан және күн батқан уақытта намаз оқылмайды?

Жауап: Оған жауап болатын: «Күн шығып және күн батып жатқан уақытта намаз оқушы болмаңдар. Өйткені күн шайтанның екі мүйізінің арасынан көтеріледі», – деген хадис бар. (Имам Мұслим).

Сұрақ: Намаз оқығанда үш нәрседен тиыл деген. Ол қандай нәрсе?

Жауап: «Хазірет Мұхаммед (с.ғ.с.) намазханды үш нәрсе істеуден тиды. Қораз сияқты шоқудан, итке ұқсап отырудан және түлкі сияқты жалтақтаудан» (Имам Ахмад).

Сұрақ: Бұл тиым салынған үш нәрсенің түсінігі қандай?

Жауап: «Қораз сияқты шоқудан» – яғни, сәжде, руқұғқа барар-бармас бас көтеруден. Намаз уәжіптерінің бірі «мутмаинә», яғни тұру, отыру амалдарын толық орындау. Осы себептен руқұғ жасаған адам руқұғта бір мәрте «субханә Роббийал-азим» деп айтатындай мөлшерде тұруы тиіс. «Итке ұқсап отырудан» – яғни,

екі сәжденің арасында отырған екі табанды тік ұстап отырудан. Негізінде дұрысы тізерлеп отыру. Өйткені ол – Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннеті. «Түлкі сияқты жалтақтаудан» – яғни, сәжде, рукуғқа барғанда жан-жаққа жалтақтаудан, бұл сәждемен рукуғда: «Анау қалай сәжде істеп жатыр екен» – деп, жанындағылардың намазын зерттейтіндерге тікелей қатысты.

Сұрақ: Шайтан пенденің намазынан бір нәрсе ұрлайды екен. Ол қандай нәрсе?

Жауап: Оған жауапты мына хадистен аламыз. Хадисте «Ол – ұрлық. Шайтан пенденің намазынан бір нәрсесін ұрлайды. Ол жан-жаққа намаз үстінде жалтақтау» деген. Бір нәрсесін ұрлайды. Яғни намазда қажет болған ықылас, қорқыныш, т.с.с.

Сұрақ: Халифа деген сөз не мағына береді?

Жауап: Орынбасар.

Сұрақ: Шадияр деген не? Ол қай тілден алынған?

Жауап: Ол демеуші. Парсы тілінде «Чарияр» делінеді. Чар – төрт, Яр – жар болу. Яғни демеуші, медеткер. Осы екі сөз бірге келсе Шарияр, одан қазақ тілінде «Шадияр» болып өзгертілген.

Сұрақ: Әмина деген сөздің мағынасы қандай?

Жауап: Әмина қазақша махаббатқа адал деген мағынаны білдіреді.

Сұрақ: Темекі қайдан шыққан? Оның зияны неде?

Жауап: Темекі тегі шайтан зәрінен шыққан. Себебі хадисте: «Бір заман келеді түтін шегушілер (темекі тартушылар) болады. Олар біз Мұхаммед (с.ғ.с.) үмметтеріміз деп айтады. Жоқ, олар біздің үмметтеріміз емес», – делінген. (Әбу һурайра).

Өйткені, шайтанның зәрінен пайда болған темекі тартқан пенделердің жүрегінде иман болмайды.

Сұрақ: Қосымша (нәпіл) намаз, ораза құлшылықтан артық амал бар ма?

Жауап: Бар. Хадисте: «Екі адамды бір-бірімен табыстырып береке-бірлікке шақырған амал нәпілден артық» деген.

Сұрақ: Исаның (ғ.с.) жанама аты Масих дейді. Ол қандай ұғым береді?

Жауап: Ол құтты, берекелі дегенге саятын сөз. Інжілде «Иесу» деп жазылған. Құранда 25 неше жерде Иса, 11 неше жерде Масих, 23 неше жерде «Ибну Мариям» деп аталады.

Сұрақ: Хазірет Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Екі уағызшы қалдырдым. Бірі үндемейді, екіншісі сөйлейді», – деген. Сонда ол қандай уағыз?

Жауап: Үндемейтін уағызшы – өлім. Сөйлейтін – Құран Кәрім.

Сұрақ: Біз кіммен бірге болуымыз керек? Шайтандық жолмен онымен бірге тозаққа түсуге ризашылық білдіреміз бе, әлде Адам атамыз (ғ.с.) секілді Аллаһ Тағалаға сеніп, тәуба етіп, одан жарылқау тілейміз бе?

Жауап: «Әлбетте бізбен сіздер атамыз Адам (ғ.с.) жолын ұстанамыз. Жер бетін тақуалық, адалдық, имандылықпен көркейтеміз. Және ешқашан шайтанның жолына түсіп бұзақылардан болмаймыз» деп жауап берерсіздер деп сенемін. Аллаһ қиямет күні бізді жәннатқа кіргізіп Өзінің құлдарыңмен бірге ете гөр. Әмин!

Сұрақ: Иман жаны не?

Жауап: Құран.

Сұрақ: Құран жаны не?

Жауап: Бисмиллаһир аллаһу акбар. Мағынасы: Аллаһ атымен, Аллаһ ұлық.

Сұрақ: Құран жүзі не?

Жауап: Аузу биллаһи. Мағынасы: Аллаһқа паналаймын.

Сұрақ: Егер қандай да бір жағдаймен құсса немесе қақырық шықса, дәрет бұзыла ма? Себебі асқазаным ауырады, кейде ішіп-жегенімді құсып тастаймын. Кейбір адамдар мұндай жағдайда дәрет алу керек дейді.

Жауап: Әбу Ханифа мәзһабының көзқарасы бойынша, құсық құрамы (тамақ, су, ұйыған қан немесе өт сөлінің бөлінуі) дәл асқазаннан болғандықтан, аузы толып құсса дәретті бұзады. Өйткені Алла елшісінің (с.ғ.с.): «Құсу дәретті бұзады» [Тирмизи, Тахара, 64], – деген хадісі осының бір дәлелі. Бірақ ауыз толмай құсса, дәрет бұзылмайды. Сондай-ақ, ауыздан шыққан қақырық сілекей және түкірік сияқты болғандықтан, дәретті бұзбайды. Себебі, ол кеуде немесе мұрын қуысы секілді ағзаның ішінде қалыптасқан соң, таза болып саналады.

Сұрақ: Денедегі сынық немесе жараның үстінде таңғыш болған жағдайда, қалай дәрет алынады?

Жауап: Егер адамға сынған не жарасы бар мүшені дәрет немесе ғұсыл аларда жуу зиянды болса, таңғыштың (гипстін) бетін сулы қолымен бір сипаса жеткілікті. Яғни, бір рет таңғыштың үстінен мәсіх тартады. Егер мұның өзі оған ауыр келсе, яғни зиян тиетінін білсе, аталмыш жерді сол күйінде жумай қалдырады. Бірақ дененің басқа сау мүшелері талапқа сай жуылуы керек. Бұл дәрет пен ғұсылға бірдей жүретін үкім.

Осыған байланысты Әли ибн Әбу Талибтің (р.а.) жеткізген хадисінде: «Менің білегім сынған болатын. Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) кеңес сұрағанымда, ол маған таңғыш үстінен мәсіх тартуымды (ылғалды қолмен сүртуімді) бұйырды» [Зэйлаи, Насбур-Рай, 1, 186], – десе, тағы бір хадисті Жәбир (р.а.) былай жеткізеді: «Бірде басы жараланған күйінде ғұсыл алып, кейін қайтыс болып кеткен адам туралы сұралғанда, Алла елшісі (с.ғ.с.): «Оған тәйәммум етуі, жарасына мата байлап, сол жерге мәсіх тартуы және денесінің қалған бөлігін жууы жеткілікті болар еді», – деді» [Зэйлаи, а.а.ш. 1, 187; Шәуқани, Найлул Әутар, 1, 258], – деген хадистер дәлел.

Сұрақ: Жұма күні мешітке барғанда көбіне далада тұрып намаз оқимыз. Жасыратыны жоқ, күн райының қолайсыздығына байланысты (жаңбыр, қар) кейде аяқ киімді шешпей оқығанды жөн көреміз. Ондайда кейбіреулердің қарсылығына да тап болып жатамыз. Сұрайын дегенім, намазды аяқ киіммен оқыған дұрыс па?

Жауап: Намазды кейбір жағдайларда аяқ киіммен оқуға болатындығын айтқан ғалымдар бар. Айталық, күн суық, жаңбырлы, қарлы күндерде аяқ киімсіз намаз оқитын мүмкіншілік болмаса, намазды аяқ киіммен оқуға рұқсат етілген. Алайда намаздағы негізгі парыздардың бірі – тазалық екенін ұмытпаған жөн. Яғни дене, киім, намаз оқитын жер нәжістен міндетті түрде таза болуы керек. Егер аяқ киімнің нәжістігіне көзіңіз жетсе, онымен намаз оқуға болмайды. Бұл жөнінде бірқатар хадистер бар. Мәселен, мына бір хадисте: «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) намазды жалаңаяқ та, аяқ киіммен де оқығанын көрдім» (Ахмад, Әбу Дәуіт, Ибн Мажә, Омар ибн Шуғайб), – делінсе, Әбу Сағид әл-Худри: «Бірде пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сахабалармен бірге намаз оқып тұрып, аяқ киімін шешіп сол жағына қойды. Оны көрген жамағат та аяқ киімдерін шешті. Расулулла (с.ғ.с.) намазын

бітірген соң: «Сендер неліктен аяқ киімдерінді пештіңдер?», – деп сұрады. Олар: «Сіз шешкен соң біз де шештік», – дейді. Сонда Алла елшісі: «Намазда маған Жәбірейіл келіп, аяқ киімімде нәжіс барын ескертті. Қайсы біреуің мешітке келсеңдер, аяқ киімдеріңе мұқият қараңдар. Нәжіс көрсендер, сүртіп, тазалап барып намаз оқыңдар» (Әбу Дәуіт, 650), – деп табыстаған.

Бұл хадистен шығатын қорытынды, аяқ киім нәжістен таза болған жағдайда ғана намаз оқуға рұқсат етіледі.

Ал пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) кейде аяқ киіммен намазды оқуының бір себебі, ол дәуірде бүгінгі таңдағы мешіттердегідей кілем, жайнамаз болмаған. Намаз топырақтың үстінде оқылған. Сондықтан кілем немесе жайнамаз үстінде намаз оқи алатын мүмкіншілік болса, аяқ киімді шешіп оқыған дұрыс. Өйткені, аяқ киіммен намаз оқу кілемді, жайнамазды ластайды.

Қорыта келе айтарымыз, Ислам – жеңілдікті, тазалықты насихаттайтын дін. Сондықтан Алла елшісінің (с.ғ.с.) «Ауырлатпаңдар, жеңілдетіңдер», «Тазалық – иманның жаршысы» деген хадистерін үнемі жадымыздан шығармайық.

Сұрақ: Намаздан кейін амандасу дұрыс па? Ол қандай негізге сүйеніп жасалады?

Жауап: Намаздан кейін амандасуға шариятымызда кесімді түрде тыйым салынбаған. Керісінше, ол мұбах яки ұнамды амалдарға жатады. Жалпы мұсылмандардың амандасуы Аллаһ Тағаланың ризашылығына, кешіріміне апаратын амалдардың бірі екені сөзсіз. Оған дәлел, пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егер екі мұсылман кездесіп, қол алысып амандасса, Аллаға мақтау айтып, кешірім тілесе, Алла ол екеуіне кешірім етеді» [Әбу Дәуіт, 3/5213], – деп айтқан. Ал басқа бір хадисте Алла елшісі (с.ғ.с.): «Қандай да бір екі мұсылман бір-бірімен жолығып, қол алысып амандасса, Алла ол екеуінің (күнәсін) айырылыспастан бұрын кешіреді», – деп, мұсылмандардың өзара қол алысып амандасуының өзі Алланың кешіріміне апаратынын айтқан.

Атақты ғалым имам ән-Науауи өзінің «әл-Мәжмұт» атты фикһ ғылымы бойынша ауқымды еңбегінде: «Намаздан бұрын амандасқан адамның, намаздан соң амандасуы – мұбах, ал одан бұрын қол алысып амандаспаса, соңында амандасу – сүннетке жатады» [Әл-Мәжмұғ, 4/633], – деген. Олай болса

пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Егер екі мұсылман кездесіп, қол алысып амандасса...», – деген хадисін негізге ала отырып, намаздан кейін де амандасуды сүннет амалға жатқызған ғалымдар намаздың соңында немесе шариятта нақты көрсетіліп айтылмаған жерде қол алысып амандасу – ұнамсыз яки бидғат амал деп үзілді-кесілді айтудың жаңсақ пікір екенін көрсетеді. Ендеше, мешіт жамағатының арасында бүлік тудырып, іріткі шығармаған жөн. Өйткені мұсылмандардың бір-бірімен қол алысып амандасуы өзара бауырмалдықты арттырады. Намаздан кейінгі жасалған осы бір әрекет мұсылмандардың арасындағы қарым-қатынасты нығайта түссе, нұр үстіне нұр емес пе?! Дұрысын Алла біледі.

Сұрақ: Кей жерлерде ораза 31 күнге созылады деген сөз рас па?

Жауап: Қазіргі күні жыл санаудың екі түрі бар екенін білесіздер. Біріншісі, Һижри жыл санауы, екіншісі кәдімгі Григориан жыл санауы. Григориан жыл санауы күн жүйесімен өлшенеді. Яғни, әр ай 30 не 31-не, тек қана ақпан айы 28 не 29-на аяқталады. Ал Һижри жыл санауы айдың туылуымен саналады. Сондықтан әр айда 28 не 29 күн болады. Кей жерлерде ораза отыз бір күнге созылады деген сөз дұрыс емес. Ораза айы да басқа айлар сияқты 29 немесе 30 күнмен аяқталады.

Сұрақ: Менің жақын туысым ауыр науқасқа ұшырап төсек тартып жатыр. Күніге бірнеше рет дәретін алып, төсегін ауыстырып, жуындыруға мәжбүрмін. Осындай жағдайда ораза тұтуым қиынға соғатын болғандықтан биыл ораза тұтпасам деп едім. Шариат бойынша бұл үзірлі жағдайға жата ма?

Жауап: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадисінде: «Бауырына жәрдем берген адамға Алла Тағаланың Өзі жәрдемші болады» – деген екен. Сіздің бұл ісіңіз Аллаға сүйікті іс, қабыл болсын! Бірақ, бұл үзірлі жағдайға жатпайды. Рамазан айындағы әрбір мұсылманға парыз болған оразаны толық ұстануыңыз керек. Себебі рамазан айында ораза ұстау Жаратушымыздың бізге міндеттеген парызы. Алла Тағала Құран Кәрімде:

«Ей, иман келтіргендер! Тақуалықтан үміттерің болса, өздеріңнен бұрынғыларға ораза ұстау парыз етілгені сияқты,

сендерге де ораза ұстау парыз етілді», – деген. (Бақара сүресі 183 аят).

Сұрақ: Менің әйелім былтырғы жылы ауырып, оразасын тоқтатуға мәжбүр болып еді. Биыл да солай болатын түрі бар. Сонда не істегені жөн.

Жауап: Жылдың басқа мезгілінде де ораза ұстауға шамасы келмейтін қария кісіге және ораза ұстай алмайтын ауруға (жазылуы үміт етілмейтін) ораза ұстамауға рұқсат етіледі. Оларға қазасын өтеу де шарт емес. Оларға тек күніне бір міскінді тамақтандыру уәжіп.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:

«Егер сендерден кім ауру немесе жолаушы болса, басқа күндерде төлер. Және сондай ораза күш келетіндер (кәрі не аурулар) бір міскіннің тамағын төлесін. Сонда кім ынтығып артық қайыр қылса, ол өзіне жақсы», – деген. (Бақара сүресі 184 аят).

Ал, кім артық қайыр жасаймын деп күніне екі адамды тамақтандырса, ол үлкен жақсылық.

Сұрақ: Былтырғы рамазан айында Алматыда бір айлық оқуда болып едім. Жатақханада бірге жатқан көршім ауыз ашқаннан кейін ащы судан аздап тартып жүрді. «Өзің ораза бола тұра, арақ ішкенің қалай?» десек, күн батқаннан кейін ораза мерзімі бітетінін айтып бізге жеңістік берген жоқ. Сонда кімдікі дұрыс?

Жауап: Қасиетті ораза айы түгіл, қалған жай айлардың өзінде арақ ішуге мүлдем болмайды. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде: «Ей, мүміндер! Арақ, құмар, тастар (бұттар алдына құрбандық шалуға қойылған тас) және бал ашатын таяқтар (құмалақ) лас (нәжіс), шайтанның істерінен. Олардан ұзақ, аулақ болыңдар (тыйылыңдар). Бақытты боласыңдар», – деген. (Мәида сүресі 90-аят).

Бұл аятта Аллаһ Тағала арақты нәжіске, шайтанның істеріне жатқызып, оны ішпек түгіл, сатудан, тасымалдаудан, біреуге құюдан аулақ болыңдар деп, мұсылмандарға түбегейлі арам екенін нақты айтқан.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с) хадисінде: «Арақтан аулақ болыңыздар, өйткені ол – барлық жамандықтың көзі», – деген.

Сұрақ: Балаларымды оқыту үшін үйімізді жалға беріп, ай сайын қырық мың теңге шамасында табыс тауып отырмыз. Мұндай сомадан зекет міндетті ме? Егер де, міндетті болса қанша төлегенім жөн?

Жауап: Міндетті емес. Адамның негізгі қажетінен (ішіп-жеу, киіну, емделу және баспана) артылған ақшасы нисабқа толып және оған бір жыл уақыт өткенде ғана зекет беру парыз болады. Сонымен қатар мойнында қарызы болмауы керек. Зекеттің мөлшері 20 мисқал (88 грамм) алтын немесе 200 дирхам (616 грамм) күміспен өлшенеді. Яғни, сауда-саттықта жүрген тауардың (дүние-мүліктің) ақшалай құны 88 грамм алтын немесе 616 грамм күмістің ақшалай құнына жетіп, бір жыл өткеннен кейін есептеп, үшірінің (оннан бірінің) төрттен бірі (ол – 2,5%) беріледі. Мысалы: біреудің 300000 теңгесі жыл бойы сол мөлшерде сақталса, оның 2,5% яғни, 7500 теңгесін зекет етіп шығарады.

Сұрақ: Қазіргі күні Алматы көшелерінде шеттен келген «кәсіпқой» қайыршылар қаптап кетті. Осыларға садақа беру дұрыс па?

Жауап: Садақаның – мұқтаж адамдарға ғана берілетіні баршаға мәлім. Адамның садақасы ниетіне қарай қабыл болады. Ал енді сұрақта айтылғандай шеттен келген «кәсіпқой» қайыршы екеніне көзі жетсе, оларға бермегені дұрыс.

Сұрақ: Үйімнің алдына шағын дүкен ашып, сауда жасап отыр едім. Табысы отбасымыздың ас-суынан артылмай тұр. Сонда да зекет беруге міндетті болам ба?

Жауап: Міндетті болмайсыз. Негізгі қажетінен (ішіп-жеу, киіну, емделу және баспана) артылған ақшасы зекет мөлшеріне жетіп және оған бір жыл уақыт өткенде ғана адамға парыз болады. Сонымен қатар мойнында қарызы болмауы шарт.

Сұрақ: Жеке көлігіммен жолаушы тасып ақша табамын. Жол үсті болғасын түрлі жағдаяттар кезігетіндіктен, кейде жол сақшыларының қолына ақша қыстырып кетуге мәжбүр болатынымыз бар. Рамазан айында осындай алапа берсем оразам бұзыла ма?

Жауап: Ондай пара беру оразаны бұзатын істерге жатпайды. Бірақ, жол үстінде болсын, басқа мекемелерде болсын, кез келген жерде пара беруге шариятымызда қатты тыйым салынған.

Сұрақ: Ауыз бекіткен адам түкірік жұтса, оразасы бұзыла ма? Бұзылған жағдайда не істегені жөн?

Жауап: Ауыз бекіткен адамның аузында әдеттегідей жиналатын түкірікті жұту оразаны бұзбайды. Алайда қатты шөлдеген кезде, түкірігін аузына әдейілеп жинап, шөлін басуды ниеттеніп жұтса бұзылады.

Сұрақ: Ораза кезінде қаза болған күндерді қай мезгілде өтеген жөн?

Жауап: Айт намазы оқылатын күндерден басқа кез келген күндерде өтеуге болады. Егер қаза оразасы 1 ғана күн болса, оны дәл жұма күні тұтуға болмайды.

Сұрақ: Банкке ақшаны сақтау, әрі молайту мақсатында депозитке салып қойған күнәға жата ма? Өйткені мен салған ақшаны банк басқа адамға өсім пұл алу мақсатында несиеге береді ғой...

Жауап: Иә, өсіммен айналысатын банктерге депозитке ақша салып, оның үстіндегі өсімін алу – харам. Құран Кәрімде осыған қатысты Ұлы Жаратушы: «Әй мүміндер! Алладан қорқындар. Егер (Аллаға) сенсендер, өсімнен қалған (үстіндегі пайызын) қалдырындар (алмандар). Егер оны істемесендер, (өсім алғанды қоймасандар) онда Алла мен пайғамбары тарапынан соғыстың болатынын біліңдер. Егер тәубе қылсандар, малдарыңның басы (пайыздық өсімнен бөлек қаржыларың түгелімен) өздеріңе қалып, сонда ғана зұлымдық етпеген және зұлымдыққа ұшырамаған боласындар» («Бақара» сүресі, 278-279), – деп ескерткен. Бұл жердегі «тәубе» сөзінің мағынасын көрнекті ғалым Юсуф әл-Қардауи: «Адамға пайыздық өсімнен тыс, мал-дүниесінің таза өзі, ақшаның бастапқы сомасы қалу мағынасын береді. Ал бастапқы ақшаға қосылғаны – өсім болып саналады. Сондықтан, Ислам – адам ақшасын банкке салып, белгілі мөлшерде үстіндегі табысын көруді құтпайды. Өйткені ол шынымен де ақша табуда банкпен бір істе ортақ болатын болса, онда сауда табысты болса екеуі де бірдей өз үлестерін алып, зиян шексе, екеуі де зиянға ұшырауды қажет етеді. Табыс аз болса да, көп түссе де, екі жақ теңдей өз ақыларын алады. Егер табыс болмаса, екеуі де ешнәрсе алмайды. Ал егер шығынға ұшыраса, бірдей шығынданады», – деп түсіндірген (Фәтәуә муғасира, Юсуф әл-Қардауи, 1/606).

Сол себепті өсіммен күн көретін банктерге салынған ақша – халал кәсіппен келген табыс емес. Себебі банкке салынған қаржыны банк иелері айналымға түсіреді. Ал ақша салушы айналымға түсірілген ақшаны жүргізуде серіктес болып, істің басы-қасында, алып-сатуда жүрмегендіктен, Исламдағы сауда-саттыққа қойылған шарттары орындалмайды. Негізінде Ислам экономикасындағы сауда-саттық мәселесінде саудада екі жақ өзара бір істе серіктес болу, сауданы бірігіп жүргізу шаралары қадағаланады. Ал өсіммен айналысатын банктерде ондай әрекеттер қарастырылмаған. Адам банкке депозитке ақша салса болғаны, жылына 10 немесе одан да көп мөлшерде белгілі бір пайызын қосып отырады. Бұл әрекет үйде жатып ақша жасау, жеңіл жолмен табыс табу болып есептеледі. Бұған шарият тыйым салған. Олай дейтініміз, осы жөнінде ибн Жәриж: «Ата ибн Мәйсәрәнің айтуынша, жеңіл табыспен келетіннің барлығы да құмар ойынына жатады», – деп баға берсе, тәбиғи ғалым Мәкхул: «Жеңіл жолмен келетін табыс – құмар ойыны болып саналады, ал құмар ойыны – ақша табу немесе ақшаның жеңіл әрі қиындықсыз және зұлымдықпен жұмсалуды», – деп баға берген [Исламдағы жастар мәселелері, Ата әс-Сынбати, 1/113, ауд: Қ.Нұрмаханұлы].

Демек, жеңіл табыспен келген ақша – құмар ойынымен тең болады. Ал Құранда Аллаһ Тағала оған қатаң тыйым салған. Сонымен қатар, депозитке салған ақшаны салушы банк иелерінің қай салаға жұмсап жатқандығынан бейхабар, қаржы шарият тыйым салған жолдарға, банктің өзінің тікелей күн көрісі – адамдарға пайыздық несиеге берулері ықтимал. Сол себепті салушы салған ақшасы арқылы белгілі бір мөлшерде жеңіл табыс көрумен қатар, басқа да харам істерге жәрдемдес болады. Ал күнәлі іске жәрдемдес болуға да Ұлы Жаратушы қатаң тыйым салғандығы Құран аяттарында келеді. Ал егер банкке үстіндегі пайызын алу үшін білместікпен ақша салып қойған жағдайда, оның өсімі харам екендігін біле сала үстіндегі қосымша ақшаны садақа ретінде тұрмыстық жағдайы қиын кедей-кепшіктерге, жетімдерге бергені дұрыс. Себебі ақша иесі ол қаржыны пайдалануына тыйым салынғандықтан, оны басқа мұсылмандардың игілігіне жұмсағаны ләзім. Олай дейтініміз, заманауи фикь ғалымдарының басым көпшілігінің көзқарасы

бойынша – харам жолмен келген мал-дүниені иесі пайдалануына болмайды. Әйтсе де, оны мұсылмандардың игілігіне жаратуы керек деген тоқтамға келген.

Қорыта келе, пайыздық өсіммен дамып отырған банктерге ақша салып, үстіндегі пайдасын көру, олардан пайызға ақша алу – харам болып саналады. Ал Алладан қорқатын пенде тауып жатқан мал-дүниесінің қайдан әрі қалай келіп жатқанына мән беруі керек. Себебі ол жайында да Ұлы Жаратушының құзырына барғанда сұраларымыз хақ. Осыған байланысты Алла елшісі (с.ғ.с.): «Қиямет күні Адам баласы Раббысының құзырынан бес нәрсе жөнінде сұралмайынша екі аяғы қозғалмайды: Өмірін қалай тоздырғаны; Жастық шағын не нәрсемен өткізгені; Мал-дүниесін қайдан тауып, қайда жұмсағаны; Алған білімімен қандай амал жасағаны» [Сунән әт-Тирмизи, 4-том, 612 бет], – деген. Ендеше, тапқан табысымыздың да қай жолмен келіп жатқандығына уайыммен қарағанымыз жөн.

Сұрақ: Жүніп болған адам ғұсыл алмастан тамақ жеп, су іше ала ма?

Жауап: Шариятымыз жүніп (бой дәретсіз) болған адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсуіне, қажет болғанда тамақ ішіп-жеуіне тыйым салмайды. Әрі оның ішіп-жегенінен қалғаны лас болмайды. Себебі, жүніп тәндік тұрғысынан лас саналмайды. Мұндай жағдайда дәрет алып, тым болмаса қолы мен аузын сумен пайып тамақ жей алады. Басқа істерін де жасауға болады [Әбу Дәәуд, Таһарат: 87]. Өйткені, жүніп болу – рухани ластық. Жүніп кезінде тамақ ішіп-жеудің үкімі – мәкруһ.

Айша анамыз (р.а.) жеткізген бір хадисте: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жүніп (бой дәретсіз) күйіндегі адамға, алдымен кіші дәрет алып барып, ішіп-жеуге рұқсат берген», – дейді. Тіпті жүніп адаммен амандасуға да, әңгімелесуге де болады. Хазреті Хузәйфа (р.ғ.): «Алла елшісі (с.ғ.с.) сахабаларымен кездескенде қол алып амандасатын. Жаксы тілек, бата беретін. Бір күні таңғы уақытта Алла елшісін (с.ғ.с.) көрдім. Бірақ көрмей қалған адамдай бұрылдым да, басқа жаққа қарай кетіп қалдым. Кейіннен сәске кезінде қайтадан алдына бардым. Сонда Расулулла (с.ғ.с.) маған қарап: «Мен сені көрген едім, бірақ сен дереу бұрылып кетіп қалдың. Неліктен бұлай жасадың?», – деп сұрады.

«Пайғамбарым, мен ол кезде жүніп едім. Менімен қол алысып амандасуыңнан қорқып, бұрылып кетіп қалдым», – дедім. Алла елшісі (с.ғ.с.) сонда: «Мұсылман ешқашан лас болмайды», – деп жауап қатты». [Нәсани, Әбу Абдрахман ибн Шуайб. Сунән. Египет, Тахарат, 171], – деген. Алайда ғұсылсыз жан кейбір құлшылық түрлерін орындай алмайды. Атап айтар болсақ, намаз оқуға, Қағбаны айналуға, Құрандағы тилауат сәждені жасауға, Құран оқуға және оны қолға алуға, мешітке кіруге рұқсат жоқ.

Сондай-ақ ешбір себепсіз ғұсыл алуды кешіктіре беру де дұрыс емес. Жалқаулықпен, немқұрайлықпен намазға салғырт қарап, ғұсыл алмастан намазды қаза ету – үлкен күнә. Тіпті мұндай жағдайда намазды қаза етудің үкімін харамға жатқызған ғалымдар да бар. Ендеше мүмкіншілік болса, тамақ ішіп-жеместен, қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түспестен бұрын бой дәретті болған абзал.

Сұрақ: «Китаб» (кітап) деген сөз қандай мағына береді?

Жауап: «Кітап» деп көңілдегі сөздің таңбасын бір жалпы (жалпақ) нәрсеге түсіруді айтады. Бұл жайлы Құранда «Аяттары бір-біріне ұқсас қайталанып отыратын сөздің ең көркемін кітап түрінде түсірді» делінген (Құран, 39:23). Мәселен, 2 сүренің 132-аятымен 3-сүренің 102 аяты ұқсас. Сондай-ақ, 22 сүренің 62-аятымен 31-сүренің 30-аяты қайталанып айтылады.

Сұрақ: Мұсылмандық заң қандай кітапқа сүйенеді?

Жауап: Ислам дінінің заңтану негізінде Құран кітабы қызмет етеді. Бұл жайлы қасиетті Құранның Әл-Майда сүресінің 45-54 аяттарында, Нахыл сүресінің 91-97 аяттарында, Жүніс сүресінің 38-аятында, Әл-Имран сүресінің 7-аятында, Фатиха сүресінің 5-6 аяттарында, Бақара сүресінің 2, 5, 7 және 13, 213 аяттарында: «мұсылмандардың түсінбеген жерлерімен талас-тартыс, дау-дамайлары болса, онда Құранмен шешілсе» делінген.

Сұрақ: Құран деген не? Ол кімге, қалай түскен? Оны оқудың сауабы қандай? Ол қай тілде түскен?

Жауап: Құран сөзі арабтың «Әл Құран» (дауыстап оқу, құпия (жасырын) оқу) деген сөзінен шыққан. Сондықтан «Құран оқу – сүннет, тыңдау – парыз» делінген. (Құран 7:203-204). Құран Аллаһтың сөзі. Ол хазіреті Мұхаммедке (с.ғ.с.) 610-632 жылдары Жәбірейіл (ғ.с.) періште арқылы Аллаһ Тағаладан түскен. Оның

дәлелі Құранның 56-сүресінің 77-80-аяттарында ашық айтылған. Осы сүренің 80-аятында «Әлемдердің Раббысы жақтан түсірілген» делінген. Құрани-Кәрім түскен кезде оның сөзі де, мағынасы да арабша болған. (Құран 26:195). Құран оқуда орасан зор сауап бар. Оған мына аяттар дәлел 73:20, 35:29-30. Ал, хадисте «Құран оқындар! Өйткені Қиямет күні ол өз иелеріне (Құран оқығандарға) шапағат етеді», – делінген.

Құрандағы 325631 әріпті он сауаппен көбейтсеңіз, сонда 3.256310 сауап табасыз.

Сұрақ: Құранда сура (сүре), сөздер аят, әріп қанша?

Жауап: Қасиетті Құранда 114-сүре (тарау), 6296 аят десе, тағы бір деректе 6236 аят бар делінген. Құрандағы сөздердің санына келер болсақ, ол 77439, ал келесі деректе 77934. Әріптер саны 329621 десе, келесі деректе 325631 әріп делінген.

Сұрақ: Аят деген не? Аят сатыла ма? Иман деген не? Ол нешеге бөлінеді? Иман сатып алына ма?

Жауап: Екі тыныс белгінің арасын «бір аят» дейді. Аллаһ сөзі – аят сатылмайды. Оған дәлел Құран 2:41, 5:44. «Иман» деп Аллаһтың бірлігіне, барлығына, Құранның шындығына, елшілердің хақтығына шын жүректен сеніп, амал жасауды айтады. Иман екі түрлі. Бірінші, тілмен мойындап сөйлеу; екінші, шын көңілмен нанып, растау, Аллаһтан және Мұхаммед расулуллаһтан келген нәрселерге бағыну. Иман сатып алынбайды. Оған дәлел Құран 2:77:36.

Сұрақ: Құран-Кәрімді ұстап күту мен оқудың өзіндік ережелері бар екен, соны білуге бола ма?

Жауап: Құран Кәрімді ғұсылы және дәреті бар адам ұстауы керек. Сондай-ақ, оны оқығанда оның парақтарына, сүре-аяттарына белгі салуға болмайды. Қай жағдайда болмасын Құран-Кәрімді астына қойып, оның үстіне парақ төсеп әлдене жазуға тиым салынған. Сол себептен Құранның 56-сүресі 79-аятында «Оны тап-таза болғандар ғана ұстайды» (дәретсіз кісі ұстамайды) делінген.

Сұрақ: Дін деген не? Дініміздің аты қандай? Ол атты кім қойған? Бұл дін қашаннан бар? Қай уақытқа дейін болмақ?

Жауап: Құранда «Құрани кітап – жердегі ескерту мен насихат» десе, ал, хадисте: «Дін – насихат» делінген. Дініміздің аты – Ислам. Бұл атты Аллаһ Тағала қойған. Адам атадан бері

келе жатқан бір ғана дін – Ислам. Оған дәлел Құран (15:56, 30:30). Құран Қияметке дейін болады. 15-сүренің 9-аятында: «Расында Құранды біз түсірдік. Әрі шын мәнінде, оны біз қорғаушымыз» – деген.

Сұрақ: Құранның мағынасын білмеген кісі Құран оқуына бола ма?

Жауап: Құранның мағынасын білмеген кісі Аллаһтың сөзі екендігіне сене отырып харпін дұрыс оқыса, сауап табады. Бірақ әрпін дұрыс оқымаса немесе оқығанына ақы алса күнәкәр болады (Құран 2:41). Сондықтан, 73-сүре 4-аятта: «Құранды өте дұрыс оқы» делінген.

Сұрақ: Құранды дұрыс оқудың шарты бар ма?

Жауап: Негізінен, Құран-Кәрім өлікке немесе қабір басында ғана оқылатын кітап емес, тірі жүрген адамдарға оқылатын Аллаһтың заңы. Сондықтан мұсылмандардың Құранның мағынасын білуі, әрбір әрпін дұрыс оқуы шарт.

Сұрақ: Шарт деген не?

Жауап: Бір істің дұрыс орындалуын қамтамасыз ететін нәрсені шарт дейді.

Сұрақ: Тәпсір деген не? Неліктен Құранның аудармасын тәржіме демей, тәпсір деп атайды?

Жауап: Тәпсір деп бір мазмұнды басқа тіл арқылы біраз ашық түсіндіруді айтады. Ал тәржіме – бір сөйлемнің басқа тілге сөзбе-сөз аударылуы.

Сұрақ: Құранды қай жағдайда оқуға болмайды?

Жауап: Егер үйде мәйіт болып, ол әлі жуылмаған болса, сондай-ақ радио, теледидар жұмыс істеп тұрса, яғни сөйлеп тұрса, үйде біреулер жылап-сықтап немесе қатты күліп жатса, шариғатқа қайшы келетін ішімдіктер мен тағамдар дастарханда тұрса, Құран оқылмайды.

Сұрақ: «Иман шарт» деп нені айтады?

Жауап: «Иман шарт» деп – иман сөздерінің жинағын айтады.

Сұрақ: Шариат деп нені айтады? Ол өзгерме?

Жауап: Құран мен сүннетті қамтитын заңдар жинағын шариат дейді. Шариат заңы – Аллаһтың өзгермейтін заңы. Себебі барлық кемшіліктен ада, мінсіз таза мақтау жалғыз бір Аллаһқа тән. Шариат – Аллаһтың заңы. Ол заң мәңгілік. Бұған Құранның 6:114-115 аяттары толық айғақ.

Сұрақ: Өліктің жерленген күні, жетісі, қырқы, жылы деп мал сойып, ел жинау шариатта жоқ дейді? Осы дұрыс па?

Жауап: Санау Аллаһтың үкімін өзгерту болмақ. Яғни, Ислам мұндай шараларға қарсы. (Құран 19:94, 58:6, 72:28). Шариатта жоқ деудің себебі сонда.

Сұрақ: Әулие деген не?

Жауап: Әулие деген сөз араб тіліндегі «уәли» (жақындар) деген сөзден шыққан. Бұл сөз шариатта Аллаһтың досы дегенді білдіреді. «Әулие» деп Аллаһқа жақын болғандарды, Оның бұйрығын атқарып, Одан қорыққан Хазіреті пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) сүннетін ұстанған мұсылманды айтамыз.

Сұрақ: Аллаһ деген атаудың ұғымы не? Біз кімге сиынамыз?

Жауап: Ол (Әл илаһ) сөзінен шыққан «Құлшылыққа лайық ұлық сипат, теңдесі жоқ Аллаһ Тағала»— деген мағынаны білдіреді. Түрікше «Тәңір», Парсыша «Хұда», Қазақша «Құдай» деп аталады. Бірақ «Тәңір», «Хұда», «Құдай» деген сөздер иман сөзі болып танылмайды. Сондай-ақ, «Аллаһ» деген атаудың орнына айтылуға лайық емес. Дәлірегі діннен шығады. 17 сүренің 39 аятында «Аллаһпен бірге басқа тәңір, құдай жасама: Сөгіс берілген мархаметтен қуылған түрде тозаққа тасталсын» делінген. (17:42, 46; 43:36) хадисте «Аллаһ Тағаланы жаратқанына ұқсатқан және Аллаһ Тағала өзін бейнелеген сипаттарына күмән келтірген кәпір болады». (Әл-Бухари), (Құран 11:17; 31:30). Сондықтан біз жаратқан жалғыз бір Аллаһқа сиынамыз. Аллаһтан басқаға құлшылық етпейміз. (Құран 3:64, 11:2).

Сұрақ: Ел ішінде Аллаһты «шапағат» несі деушілер бар, осы дұрыс па?

Жауап: Аллаһты шапағат несі деу дұрыс емес. Өйткені Аллаһтың 99 мүбарак аттарының ішінде «шапағат» деген ұғымды білдіретін атау жоқ. Шапағат Пайғамбарға ғана тән қасиет. Қиямет күні, хазірет пайғамбарымыз Нұр-Мұхаммед (с.ғ.с.) Аллаһтан үметінің жарылқауын тілейді. Мұны «шапағат» деп атайды. Сәби кезінде қайтыс болған балалар да ата-анасына шапағат етеді. Яғни, әке-шешелеріне Аллаһтан жарылқау тілейді. Ол үшін баласы қайтыс болған адамға: «Шапағатшы болсын» деп көңіл айтады, ал Аллаһты «шапағат несі» деу Аллаһтан да үлкен біреу бар деген ұғымды білдіреді. Егер де кімде-кім мұны

біле тұра айтса, Аллаһқа ортақ қосқандығы үшін діннен шығады. «Шапағат» деген сөздің сөздік ұғымы: болысу, арашалау.

Сұрақ: Құранда тиләуэт сәждесі қанша жерде келген? Оны оқыған, тыңдаған адам да сәжде жасау керек пе? Жалпы тиләуэт сәжде қалай жасалады?

Жауап: Құран Кәрімде он төрт жерде «тиләуэт сәжде» бар. Бұл сәжделердің бірін оқығанға және оны естігенге сәжде жасау – уәжіп. Тиләуэт сәждесін жасайтын адамның дәреті, әурет жерінің жабық болуы тиіс. Ниет етіп, құбылаға қарап, қолдарын көтермей «Аллаһу әкбар» деп сәждеге барады. Үш рет «субхана раббиал ағла» дегеннен кейін, қайта «аллаһу әкбар» деп орнынан тұрады. Бұлай істеу – сүннет. Бірақ артынан «Гуфранака раббәнә уа иләйкал-масир» деу – мұстахап.

Кісі бір жерде тұрып, бір сәжде аятын бірнеше мәрте қайталаса, бәріне бір сәжде жеткілікті. Бірақ бір жерде әр түрлі сәжде аятын оқыса, әрқайсысына жеке-жеке сәжде қажет. Аятты радио, телеарнадан естуі мен жанындағы адамнан естуі арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Хайыз бен нифастағы әйелдерге сәжде аяты уәжіп емес.

Сұрақ: Мәсіге мәсіх тарту мезгілі қашан басталады? Онымен қанша уақыт жүре аламыз?

Жауап: Мәсіге мәсіх тарту мезгілі – бір күн, бір түн, яғни 24 сағат, ал жолаушыға – үш күн, үш түн, яғни 72 сағат. Мәсіхтің уақыты – мәсіні дәрет алып киген соң, алғаш рет дәрет бұзылған сәттен басталады. Яғни, мәсіні киген кезден бастап емес, дәрет бұзылғаннан басталады. Мәселен, таңертең сағат жетіде дәрет алып, мәсіңізді кидіңіз делік. Содан сағат екіде дәретіңіз бұзылды. Міне, осы сағат екіден сіздің жиырма төрт сағаттық мәсіхтік мерзіміңіздің уақыты басталады.

Сұрақ: Ерлер мен әйелдердің әурет жерлері қай жер болып саналады?

Жауап: Ер адамның әурет жері – кіндік пен тізенің ортасы. Ал әйел баласының беті, екі қолы (білезігіне дейін) мен екі аяғынан (тобығына дейін) басқа жерлері әурет болып есептеледі.

Сұрақ: Денеге сурет салу (наколка) шариятқа қайшы ма? Адам қайтыс болғанда сурет салынған жерін кесіп алып тастайды дейді. Осы дұрыс па?

Жауап: Денеге сурет салу шаригатқа қайшы. Себебі, шаригат бойынша сурет салу немесе салдырудың үкімі – харам. Өйткені, бұл Алланың өте көркем түрде жаратқан тәнін өзгерту болып саналады. Негізінде адам баласы мұндай жаман істерге шайтанның азғыруымен, бұйрығымен барады. Бұл туралы Аллаһ Тағала Құранның «Ниса» сүресінің 119-аятында ескерткен.

Денеге сурет салу немесе салдыру сияқты мәселелердің негізі Исламнан бұрын болған. Жәһилиет дәуірінде кейбір адамдар пұттарының суреттерін кеуделеріне, қолдарына сызып алатын. Ал пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Денеге сурет салғанға да, салдырғанға да Алла елшісінің лағнеті болсын», – деу арқылы сурет салуға болмайтындығын қатаң түрде ескерткен. Сондықтан, денеге сурет салдырудан сақтанған жөн. Исламды кейіннен қабылдаған жан бұл істің харам екенін кеш білсе, денесіндегі суретті кетіргені абзал. Ал кетпейтіндей болса, Алладан кешірім сұрап, тәубе жасау керек. Сондай-ақ, қайтыс болғанда сурет салынған жерді кесіп алып тастау деген де дұрыс емес. Аллаһ Тағала шынайы ықылас, ниетпен жасалған тәубені қабыл етуші. Алла елшісінің (с.ғ.с) Амир ибн Асқа (р.а.): «Исламға кіру – бұрынғы күнәларды жояды», – деген хадисі де осыны анықтай түседі.

Сұрақ: Ауыл-қала мешіттерінде имам-молдаларының жұмыс көлемі біліне бермейді. Олар тек құдайы-садақаларға барып құран оқып, өлгендердің жаназасын шығарып, бірер мың теңге, мал, кілем сияқты бұйырған «несібелерін» алып қайтып отыратыны ақиқат.

Дін дегеніміз – насихат дейді ғой. Ал біздің кейбір имам – молдаларымыз әңгімені өсек әлдекімдер сыртынан ғайбат сөз айтуға ұластырып, үшкіру арқылы мал табудан аса алмай келеді. Сонда имам-молдалардың міндеттері не? Имам-молда деп кімді танимыз?

Жауап: Имам – деген сөздің араб тілінде мағынасы «әмәмә» алдыңғы қатардағы халықтың бетке ұстар азаматы, жамағатқа жетекшілік етіп рухани азық беретін дін ғалымы.

Имам – міндетті түрде Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының бұйрығымен тағайындалуы керек.

Имамның бойында мына қасиеттер болуы керек:

1. Білімді болуы (жан-жақты).
2. Тақуа болуы.
3. Жауапкершілікті болуы.
4. «Білмеймін» дей білуі керек.
5. Айтқандарын өзі іске асыруы керек.
6. Аманатқа қиянат жасамауы керек.

Өйткені, имандылық дәрежеге жеткізген Аллаһ Тағала болғандықтан бойындағы берілмеген білім аманатына қиянат етпеу керек.

Ал «молда» деген сөз парсының сөзі, кітапты көп оқыған оқымысты адам деген сөзі.

Сұрақ: Ел ішіндегі тәрбиелік жұмыстардың басым бөлігі мешіт төңірегінде десек боларлық. Құран тілі шарият сөздерімен таралады емес пе? Ал біздің халқымыз осыған сусап отыр. Бұл жастар үшін – өмір шырағданы. Не пайда, мұндай жұмыс жасау, оған бастамашылық жасау имам-молдаларымызда жоққа тән. Ауылдарда молда делінетін 6-7 кісілер бар (қазір тіпті оншақты аятты барлы-жоқты жаттап алып молдамын деушілер баршылық) осылардың бастары бірікпейді. Өйткені молдалар жұмысын үйлестіріп отыруға құқығы орталық жоқ.

«Дуана» молдалыққа жібермей, олардың бастарын біріктіріп, бағыт беріп отыратын, қажет кезінде тәртіпке салып отыратын бір орталық құруға керек секілді?

Жауап: Имандар мен молдалардың басын қосып, халықпен жұмыс істеуге қажет жоспарларды беріп, тәртіпке салып қадағалап отыратын жердің аты Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы және білім жетілдіру институты.

Сұрақ: Дінде шарият сөзі көп айтылады. Осы сөздің қазақша мағынасы қандай және ол өз ішіне қандай ұғымдарды алады? Сондай-ақ біреулер мұны шарифат деп, біреулер шарият деп қолданады, қайсысы дұрыс?

Жауап: Шарифат – жол, заң деген мағына береді.

Шарифат – әрбір қауымның өзіне лайық заң жобасы. Ислам дүниесіндегі заңдарды біз шарифат деп түсінеміз.

Құранда Аллаһ Тағала Жасия сүресінің – 18 аятында:

«Сосын (Мұхаммед с.ғ.с.) сені шарифат ісіне қойдық. Енді

сонымен жүр. Білмегендердің ойларына ілеспе», – деген.

Сұрақ: Осы кезде «уақабби», «зікіршілер» дегендер көп. Шындығында бұларға кімдерді жатқызуға болады. Құран тілінде мұндайлар қаралмаған сияқты. «Құдай бір, пайғамбар хақ» деп жүрген ел қайда?

Жауап: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өз хадисінде: «Менің қауымым 73 топқа бөлінеді, олардың ішіндегі діннен безгендерден басқалары жұмаққа барады» – деген.

Сонымен бірге кімде-кім «құтқарылған топ» деп аталса да, ақиқат жолымен жүріп келе ме, келмейме бір Аллаһ ғана аян. Құдайдың билігінсіз қай ағым құтқарылды деп айтуға болмайды.

Аллаһтың кітабы, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннетімен, Ислам ғұламалары мәхәбтары көрсеткен жолымен жүрсеңіз адаспайсыз.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадисінде: «Құранның бір шеті Аллаһтың билігінде, бір шеті сендердің қалау еріктерінде, сол Құранға бекем болыңдар. Өйткені ол сендерді еш адастырмайды және машақат қиындыққа салмайды» – делінген.

Сұрақ: Біз төсек салғанда басымызды құбылаға беріп жатамыз. Өйткені әжем, әкем солай істейтін еді. Жақында мен бір кітаптан сахабалардың бірі өлім халінде жатып есінен танғанда қасында отырғандар басын құбылаға қаратып қойды. Ол есін жиған соң: «Мұны кім істеді?» деп төсегін бұрып қояды бұйырды деген дерек оқыдым. Сонда сахабаларда құбылаға қарап ұйықтау әдеті болмаған ба? Әлде үйдегі төсектің ыңғайына қарай ұйықтай берсек бола ма?

Жауап: Басты құбылаға беру дұрыс әдепке жатады.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннетіне келетін болсақ, басыңызды солтүстікке, аяғыңызды оңтүстікке қарай созып, сол аяқты оң аяқтың үстіне қойып жату. Мұны бүгінгі таңда медицина ғылымы да құптап: жүректің тыныс алу жүйесі оңайланып, әрі адамның ұйқысы дұрыс болатындығын айтып, ескертуде.

Сұрақ: Төрт мазһабтың имамдары түгел музыка харам депті. Ал мен жақында Бас мүфтиіміздің концертте отырғанын теледидардан көрдім. Мұны айтып отырған

себебім жақында мен Шаншар театрына барғанымды айтып едім, молдамыз кейістік білдірді. Мен Мұфти де концертке барады ғой дедім. Молдекең: «Ол үкімет адамы ғой» деді. Сонда қалай, бәріміз де мұсылман емеспіз бе? Анаған болады, мынаған болмайды деген не сөз? Сонымен концертке баруға бола ма, болмай ма?

Жауап: Егерде музыка адам баласының уақытын босқа өлтіріп, ғибадаттарына кедергі жасап, нәпсісін қоздырып, ойына харам нәрселерді салып, жаман пиғылдарға жетелейтін болса, даңғырының қаттылығынан мидағы клеткалары өліп, адам мінезін ұшқалақтыққа тәрбиелесе – онда харам.

Ал егер, керісінше ішкі дүниесіндегі кейбір жақсы сезімдерді жетілдіретін, рухын, миын тыныштыққа бөлейтін, шаршағанда дем алдыратын, ойына көркем пікірлер салатын, ішкі болмысына жақсы әсер ететін музыка мен әуен болса, онда неге харам болсын!

Адамдардың қоғамдағы дәрежелері, болмысы, табиғаты мен ішкі сезімдері бірдей емес екені шындық. Олай болса, музыканы жалпылай харам санап, барлық адамды күшпен одан тыю мүмкін емес.

Сұрақ: Мұсылмандарға шошқаның етін жеу харам. Жақында маған бір жігіт: «Шошқаның етін жемесең күнәар болатын кез болады. Ол – ашаршылық», – деді. Мен бұған сенбедім. Аллаһ Тағала харам деген соң харамды жеп тірі қалғанша, өлгенім артық емес пе? Шарият бұған не дейді? Толығырақ түсіндіріңдерші.

Жауап: Доңыз еті әуелі бүкіл әлемдердің Раббы Аллаһ Тағала шариғатымызда жемеуді қатаң бұйырғаны үшін харам. Адамзатты харамнан тыюының хикметтері көп. Мәселен:

1. Доңыздың денесінде улы заттар бар. Доңыз еті өте майлы келеді. Бұл май жеген адамның қанына сіңеді.

2. Доңыздың денесінде көп мөлшерде күкірт болғандықтан оны жеген адамның ағзасында мөлшерден тыс күкірт пайда болады.

3. Жұқпалы аурулар болуы мүмкін.

4. Адамдар мен жан-жануарлардың мінездерінің қалыптасуында жеген қоректерінің де атқаратын рөлі бар. Доңыз – өзінің ұрғашысын қызғанбайтын, мейірімсіз хайуан.

Мұсылмандар Аллаһ Тағаланың тыйған тыйымдарының астарлы хикметін, зиянын білмесе де «неліктен, неге?» деместен дереу бойсұнуға міндетті. Себебі, оны бұйырып тұрған бізді жақсы білетін Жаратушы Ұлы иеміз Аллаһ Тағала.

Сұрақ: Жақында мен жолда келе жатып ақша тауып алдым. Жолшыбай мешітке соғып, оны жәшікке салып кеттім. Үйге келген соң әйеліме айтып едім: «Алла өзіне бұйырған нәрсені жәшікке салып нең бар?» деп ашуланды. Егер иесі белгісіз болса, тауып алған ақшаны не істеу керек?

Жауап: Шарият бойынша бұзылмайтын, жолда түсіп қалған нәрселерді егесі келіп алмайынша тимеу керек. Себебі, егесі өз ізімен қайта іздеп келуі мүмкін. Сіздің мешітке апарып бергеніңіз де дұрыс. Алайда мұндай істерді мешіт имамдарына мән жайды айтып табыстаған жөн болады.

Сұрақ: Ақида дегенді түсіндіріп берсеңіздер.

Жауап: «Ақида» сөзін тілдік тұрғыдан қарастыратын болсақ, «бір нәрсенің бөлек ұштарын бір жерге жинау», «топтау» мағынасын береді. Көпше түрі – «ақайд». Ал ислами түсінік тұрғысынан алғанда, дініміздегі басты тұжырымдарды құрайтын сенім жүйесі, дәлірегі, иман негіздері дегенді білдіреді.

Ақида ұғымы сенім жүйесі ретінде қолданылуымен бірге, белгілі бір мәзһабтың немесе бір мәзһабты құрған имамның иман негіздеріне қатысты айтқан пікірлері мен түсінігін білдіру үшін де қолданылады. Ислам дінінің сенім жүйесіне қатысты саласын зерттейтін ғылымды «кәлам» десе, тікелей сенімге байланысты айтқанда «итақад» термині қолданылады. Сол секілді ақиданы да, көп жағдайда иман негіздері деп айтуымызға әбден болады. Яғни, бұл иман негіздеріне «әмәнту билләһ» дейміз. Әмәнту: «Әмәнту билләһи уә мәләикәтиһи уә кутубиһи уә русулиһи уәл-яумил ахири уә бил-қадари хайриһи уә шарриһи миналлоһи тағала уәл-бағсу бағдал-мәути хаһуун. Әшһаду ән лә илләһә иллоллоһу уә әшһаду әннә Мухаммадан абдуһу уә расулуһу» болып айтылады. Мағынасы: Мен Аллаға, Оның періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақырет күніне, тағдырға, жақсылық пен жамандықтың Алланың жаратуымен болатындығына иман еттім. Өлгеннен кейін қайта тірілу хақ. Алладан басқа ешбір тәңірі жоқ, хазреті Мұхаммед (с.ғ.с.) Алланың құлы және елшісі екендігіне куәлік етемін».

Ислам ақидасы Құран мен хадис үкімдеріне сүйенгендіктен, кейбір сенімдердегідей «көзінді жұм да, артымнан ер» деген шолақ түсініктен аулақ. Ислам ақидасы адамзатқа иман негіздерін түсіндіргенде кез келген мәселені анық дәлелдермен келтіреді. Мысалы, Құранда Алланың бар және бір екендігімен қоса, кәміл сипаттарын жеке-жеке түсіндіретін тұстары кездеседі. Сол секілді әлемнің жаратылысы, адамның жаратылысы және тарихта болған кейбір оқиғалар да келтірілген. Сондай-ақ, Құран Кәрімде өлгеннен кейін қайта тірілу мәселесі адамның алғаш жаратылысымен барабар, һәм аспан мен жердің қалай жаратылғандығына теңей отырып нақты дәлелдермен түсіндіріледі.

Сұрақ: Ауылдық жерлерде қораз төбелестіру сәнге айналған. Жастар қораз төбелестіріп, қызығын тамашалайды. Осы дұрыс па?

Жауап: Әлемдегі тамаша тәртіп, ақау-кемшіліксіз жүйе, теңдессіз сұлулық пен көркемдік – Ұлы Жаратушының әр нәрсені қамтыған шексіз ілімінің белгісі әрі дәлелі. Сонымен қатар, әлемдегі экологиялық тепе-теңдіктің себепкерлерінің бірі де осы жануарлар.

«Әнғам» сүресінің 38-аятында: «**Жердегі жүрген жандық және қанатымен ұшқан құс (жаратылу, қоректену, өмір және өлімде) сендер секілді үмбет. Жазуда еш нәрсе қалдырмадық. Соңында (барлығы) олар Раббыларының алдына жиналады**», – деп жер бетіндегі күллі тіршілік адамдар сияқты бір жаратылыс екендігі келтірілген.

Құран аяттарында («Нахыл», 8; «Иасин», 71; «Маида», 4) жан-жануарлардың жаратылған мақсаттары жайлы баяндалған. Сондықтан, адам баласы оларды жаратылыс мақсатына қарай пайдалану керек. Ислам діні адам баласына жауыздық жасауға тыйым салғаны секілді, жануарларды да азаптауға тыйым салған. Ардақты пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бір торғайды өлтірсе де, Хақ тағала ақыретте оның есебін сұрайды» (Әбу Дәуід, 2/11), – деген.

Сондай-ақ Алла Елшісі (с.ғ.с.) құстардың ұясын бұзуға және олардың балапандары мен жұмыртқаларын алуға тыйым салған (Бұхари, Әдабул Муфрад, 139). Ибн Аббастың риуаят етуі бойынша: «Алла Елшісі (с.ғ.с.) жануарларды бір-бірімен төбелестіруге тыйым салды» (Әбу Дәуід, Жиһад, 56; Тирмизи, Жиһад, 30), – дейді.

Жинақтай келгенде, Ислам дінінде жануарларды төбелестіріп, оларға зұлымдық жасауға рұқсат жоқ.

Сұрақ: Науқас адамдар намаздарын қалай оқиды?

Жауап: Ақыл-есі дұрыс кісілер басқа жерлері науқас болса да діни міндеттерді атқаруы тиіс. Бірақ дініміз оларға жеңілдік көрсеткен.

Намаз оқудағы жеңілдіктер: Науқас кісі әл-қуат, шама-шарқына қарай намазын оқиды. Мысалы, түрегеп тұра алмайтын болса, яки тұрғанда ауруының күшеюі сияқты жағдайларда, отырып, оған да күші жетпесе, ыңғайына қарай шалқайып немесе жанымен жатып намазын оқиды. Намазын бір нәрсеге сүйеніп түрегеп тұрып оқи алатындар сүйеніп оқиды. Ифтидақ (ашу, бастау) тәкбірін түрегеп тұрып ала алатын болса, түрегеп тұрып алып, қалған намазын шамасына қарай отырып не жатып жалғастырады. Орындыққа отырып оқуға да болады. Отырып оқыған уақытта мүмкін болса аяқтарын жиған күйде, мүмкін болмаса құбыла жаққа созып оқи береді.

Рүкүғ және сәжде ишарат жолымен жасалады. Ишарат: рүкүғда аздап, сәждеге көбірек басты ию арқылы жасалады. Ишаратпен де оқи алмайтын көз, қас арқылы ишарат жасап оқи алмайды. Олар оқи алмаған намаздарының саны 5-тен аз болса, кейін қазасын өтейді. Ал 5-тен көп болса, қазасын өтемейді. Әбу Ханифаның басқа бір пікіріне сүйенсек, кейіннен қазасын өтейді. Науқас адамның алдына сәжде етуі үшін тақтай, жастық, орындық сияқты нәрселер қойылмайды.

Сұрақ: Әйелдердің өз арасында әурет саналатын жерлері бар ма? Болса қандай?

Жауап: Әйелдердің өз араларындағы әурет (жабылуы керек болған) жері – кіндік пен тізе арасы. Бұдан басқа жерлері әйелдер арасында бір-біріне көрініп қалса, онда шариятқа қайшылық жоқ [Ал-Маусили, әл-Ихтияр, 1, 45].

Бірақ Ислам ғұламаларының көбінің көзқарасы бойынша «Нұр» сүресіндегі «Әйелдер зейнеттерін тек қана күйеуіне, ...әйелдерге көрсетуіне болады» мағынасындағы аятта Алла Тағала мұсылман әйелдерді, яғни дін бауырларын айтып тұр. Сондықтан мұсылман әйел мұсылман емес әйелдің алдында толық (жүзі, екі қолы, екі аяғының ұшынан басқа) жабылып жүруі керек. Өйткені мұсылман емес әйел көргенін өзінің күйеуіне

немесе басқа еркектерге айтуы мүмкін. Сол себептен мұсылман емес әйел мұсылман әйелге бөгде еркек сияқты [Тафсиру аятил-акхам би-л Азһар, II, 164].

Ал мұсылман әйел дін бауырының әдеміліктерін басқа еркектерге айтудың дұрыс еместігін білгендіктен, бұндай әрекетке бармайды.

Сонымен қатар, Саид бин Мансұр, ибну-Мунзир және Байхақи суннанында хазреті Омардан (ғ.с.) мынадай бір риуаят баяндалады: Хазреті Омар Әбу Убайда бин Жаррахқа: «Мұсылман әйелдердің кейбіреулерінің мұсылман емес әйелдермен бірге моншаға барғандығы жайлы маған хабар келді. Сен бұған тыйым сал. Аллаға және ақырет күніне иман келтірген әйелдердің денесіне мұсылман емес әйелдердің қарауына рұқсат жоқ» деген мазмұнда хат жазған.

Сондықтан мұсылман әйелдер өз араларында әурет жерлерін жауып жүреді. Бірақ ғайри муслим (мұсылман емес) әйелдердің алдында бөгде ер адамдардың алдында жүргендей толық жабылып жүруі керек [В.Зухайли, Ислам фикһ энциклопедиясы, 466].

Сұрақ: Мен көптен бері Ислам әдебиеттерін оқып келем. Жинақтаған әжептәуір кітапханам бар. Бірақ бірде-бір кітаптан бірде-бір ғалымның өлгендерге ішіп-жегеннің сауабы тиеді дегенді кездестірген жоқпын. Ал біздің елде өлгендерге ішіп-жегеннің сауабы тиеді дегенді екінші бірі айтады. Бұл туралы пайғамбарымыздың хадисі бар ма? Неліктен бұлай айтылады? Осыған түсіне алмай жүрмін.

Жауап: Марқұмның рухына істелген қайыр-садақа және берілген астың сауабы тиетіні немесе тимейтіні жөнінде мәзһаб ғұламаларының пікірлерінде қарама-қайшылықтар бар. Имам Әбу Ханифа мәзһабында ғұламалардың сенімі сондай үміт етіп, бір кісінің рухына, немесе өткен аруақтарға садақа жасаса, Алла Тағала үмітсіз қалдырмайды.

«Ішкен-жегеніміздің сауабы марқұмдарға тие берсін» – дегені тірі адамға тамақ нәсіп етсе, қайтқан кісілерге сол адамдар тамақтанып болғаннан соң қол жайып дұға етіп, Құран бағыштауы, сол марқұмды есіне алып жақсылығын айтуы.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадисінде: **Нәбиге (с.ғ.с.) бір адам**

келіп: «Менің анам кенеттен жан тапсырды. Менің ойымша, ол тірі болса садақа беретін еді. Мен садақа беріп, сауабын анама бағыштасам, ол оған тие ме?», – деп сұрағанда Нәби (с.у.с.): «Ия, сауабын анаңа бағыштасаң болады», – деп жауап берді.

Хадисті Айша анамыздан (р.а.) Имам Бухари және Имам Муслим риуаят еткен.

Садақа дегенде тек ақша немесе заттай таратылатын нәрсе ғана емес, бір мал шалып ағайын туған-туыс, көршілерді шақырып құдайы тамақ беруді де айтады.

Сұрақ: Мен періштелер де адамдар сияқты күледі дегенді оқыдым. Бірақ күлмейтін бір періште бар екен. Ол қай періште және ол неліктен күлмейді?

Жауап: Күлмейтін періште ол Әзірейіл. Жан алушы періште.

Сұрақ: Құранда: «Оларға көктің қақпасы ашылмайды және түйе иненің көзінен өткенше жұмаққа кіре алмайды» деген аят бар. Осындағы «түйе иненің көзінен өткенше» деген сөздің мағынасын түсіне алмадым?

Жауап: Алла Тағала Құранда Ағраф сүресінің 40-шы аятында: «Күдіксіз аяттарымызды жасынға айналдырып, одан өздерін жоғары көргендерге көктің есіктері ашылмайды және олар түйе иненің көзінен өткенге дейін жәннатқа кірмейді. Күнәбарларды осылайша жазаландырамыз» – деген.

«Түйе иненің көзінен өткенге дейін», – деген аяттың мағынасы оларға көрсететін азаптың ұзақтығын білдіріп тұр.

Сұрақ: Бізде қабірдің басында отыруға болмайды деген ұғым бар ғой. Ал Ахмадтың «Муснадында» Баро бин Азибтан жеткен ұзақ хадисте өлікті жерлеуге келген пайғамбарымыз бен сахабалар қабір басында отырғандары сөз болады. Ендеше бұл тиым қашан пайда болған? Қабір басында неге отыруға болмайды?

Жауап: Шаригат бойынша ер және әйел адам қабірді зиярат ету мустаһаб амалына жатады.

«Қабірді зиярат етіндер, өйткені, қабірді зиярат ету – өлімді еске салады», – деген. Хадисті Абу Хурайрадан (р.а.) Имам Абу Дауд риуаят еткен.

Қабірдің басы дегенде үйілген топырақтың үсті болуы, немесе

айналасында отыруы мүмкін. Мәйіттің үстіндегі үйілген топыраққа отыруға болмайтыны белгілі, ал айналасында немесе шетінде отырып, уағыз айтса, Құран оқып отырса бұл басқа нәрсе. Қабірдің басында уағыз айту – иманның күшейуіне бірден-бір себеп болады. Сондықтан имамдар осы уақытты пайдаланып, мәйітті қоюға келген қауымға діни уағыз айтып, адамдардың есіне өлім болатындығын салғаны дұрыс. Мәйіт пен қазылған қабірді көрген адамға айтылған сөздің әсері болары сөзсіз.

Сұрақ: Адамдар секілді жан-жануарлар да түрлі бақытсыздықтарға ұшырап жатады. Олар сол бақытсыздықтарын адамдардан көреді дейді. Мұны қалай түсінуге болады? Бұған шариятта қандай дәлел бар?

Жауап: Адам баласының қызметіне ұсынылған сансыз әлемнің ішінде өз басына жеке бір әлем болып саналатын жан-жануарлар әлемін де адам үшін жаратып, әміріне бойұсындырған. Сондықтан біз, адам баласы қой, ешкі, жылқы, сиыр және түйе сияқты үй жануарларын және бұларға қоса жабайы, етін жеуге болатын, етін жеуге болмаса жүнін, терісін, мүйізін қолдануға жарамды жан-жануар, аңдарды пайдаланамыз. Сондықтан біз олар үшін де жауаптымыз.

Бір хадисте: «Адамдардың хайуандар үстінде хақтары бар, олар: Жануарларға шамасы келмейтін жүкті жүктемеу, ұрмау (денесіне зақым келтірмеу), балағаттамау, тамақ суын өз уақытында беру (егер қорада болса), сойғанда «Бисмиллә Аллаһу Акбар» деп сою, етін лақтырмай жеу» – деген.

Адамдар жануарлардың хақысы жөнінде сұралады. Сондықтан хайуандар да өз иелері үстінен Аллаһ Тағалаға шағым жасайды екен. Біз олар үшін жауаптымыз.

Сұрақ: Мұсылманша жерлеу рәсімі, оның ішінде қабірді қалай қайтіп қазу керек?

Жауап: Қабір жер жағдайына қарай екі түрлі қазылады; 1) Лаһад ақымдап қазылған қабір. 2) Жарма-шақ – тік қазылған қабір. Жер жұмсақ немесе дымқыл болса, яғни лаһад қазғанда, қазылған жер құлап кетеді деп қауіптенсе, онда жарма-шақ қабір қазылады. Мәйіт сиятындай шұңқыр қазылып, мәйітті жерлегеннен кейін аузын тақтай немесе жалпақ таспен жабады. Жарма-шақты қазғанда жан-жағының түсіп кетуі қорқынышы

болса кірпіштен өреді. Мәйіт қабірге қыбыла тарапынан кіргізіледі. Лаһадқа мәйітті кіргізіп қойған адам кебіннің бас-аяғындағы түйіндерін шешіп, мәйітті ұйықтап жатқан адам сияқты оң жамбасымен қыбылаға қаратып жатқызып: «Бисмилләһ уә ыаләә милләти расуулуллаһ салләһу ыалайһи уә сәлләм», — деп айтады. Лаһад аузы кесек-кірпішпен жабылып, қабір топырақпен толтырылады.

Қабірдің тереңдігі белден немесе кеудеге дейін қазылады. Оданда тереңдеу қазылса, тіпті жақсы. Ішінен ішкі үйі (лаһад) жасалған қабір қазу абзал саналады.

Сұрақ: Жаназа намазы оқып болған соң, имам және көпшілік отырып бір мәрте тәсбих тартып, дұға оқу дұрыс па, теріс пе?

Жауап: Жаназа намазын оқып болғаннан соң, имам мәйітті көп кешіктірмей жер қойнауына тапсыруы міндет. Мәйітті жерлеуге асығындар деген. Ал дұға оқимын деушілер жерлеп келгеннен кейін үйіне барып көңіл айтып дұға етіп, Құран оқығаны дұрыс болар. Мұндағы мақсат жаназаға жиналған жамағатты көп ұстап жалықтырмау.

Сұрақ: Жолаушылық үкімі қай жерден басталады?

Жауап: Тұрған мекеннің (қала, ауыл) соңғы үйлерінен өткен уақыттан бастап адам жолаушы саналады. Қаламен бітісе орналасқан ауылдар да қала саналып, олардан өткен кезде ғана жолаушылық үкімі жүреді. Яғни, намаздарын қысқартып оқи алады. Қала біткеннен кейін кездесетін бірін-саран үйлер есепке алынбайды.

Жолаушы өз жерінен бөгде жерге барып, сол жерде он бес күн, яки одан да көп мерзім қалуға ниет етсе, тұрғын саналып, жолаушылық үкімінен шығады. Егер де он бес күннен аз қалуға ниет етсе, намаздарын қысқартып оқиды. Жолаушы үйіне қайтып келгенге дейін жолаушы саналады. Негізгі тұрған жеріне көшіп, басқа жерге толық орналасқаннан кейін, көшкен жеріне он бес күннен аз мерзім үшін қайта келсе, намазын қысқартып оқиды. Жолаушылық үкімінің тоқтауы үшін 15 күн тұруды ниет еткен жер — бір жер болуы керек. Егер бөлек-бөлек жерлерде жалпы 15 күн қалуды ниет етсе, жолаушылық үкімінен шықпайды. Мысалы, 10 күн Атырауда, 5 күн Қарағандыда

болуды ниет етсе, жолаушылығы бітпегендіктен намаздарын қысқартып оқи береді. 15 күн қалу ниеті бірден ниет етілу керек. Егер 7 күн қаламын деп ниет етіп, жеті күн өткеннен кейін кейбір себептерге байланысты тағы да 10 күн қалуды ниет етсе, қалған күндерінің жалпы саны 17 күн бола тұра жолаушылық үкімі тоқтамайды. Өйткені, уақыттар бөлек-бөлек ниет етіліп, белгіленіп отыр. Жолаушылық уақыты бітпесе де, бір жерде 15 күн тұруды ниет ету арқылы жолаушылық үкімі тоқтайды. Намаздарын қысқартпастан толық оқиды.

Жолаушы 85-90 шақырым жол жүргеннен кейін, жарты жолдан үйіне қайтуды ниет етсе, үйіне келгенге дейін жолаушы саналады. Яғни, тек қана үйге қайту ниеті жолаушылықтан шығармайды.

Намаз жамағатпен оқылғанда тұрғын – жолаушыға, жолаушы – тұрғынға ұюына болады. Бірақ тұрғын адам жолаушыға ұйығанда, екі рәкаттан кейін жолаушы имамның сәлем беруін күтеді. Жолаушы имам екі жаққа сәлем берген кезде, тұрғын сәлем бермей, орнынан тұрып қалған екі рәкатын толықтырып оқиды. Ал егер жолаушы тұрғынға ұйыған жағдайда, намазын төрт рәкат етіп, толық оқиды. Имамға бағыну шарт. Жолаушылық кезде қаза болған намаздардың қазасын кейін жай уақытта оқыған жағдайда да екі рәкат қылып қысқартып оқиды. Сол сияқты жай уақытта қаза болған намаздардың қазасын жолаушы болған уақытта оқыса, қысқартпай толық оқиды.

Сұрақ: Бірде нәпіл ораза ұстап едім, бірақ қонаққа барғанымда ашуға мәжбүр болдым. Бұл дұрыс па?

Жауап: Негізі бастап қойған құлшылықты себепсіз бұзу – харам. Өйткені, бастаған ғибадатты тәмамдау – уәжіп. Құранда: **«Бастаған амалдарыңды бұзбаңдар»** («Мұхаммед» сүресі, 33-аят), – деген аят осыған дәлел. Егер нәпіл ретінде бастаған намаз немесе ораза секілді құлшылықты белгілі бір себеппен бұзса, оны кейін қайта өтеуі қажет. Себебі фикъ ғалымдары егер біреу сыйлап қонаққа шақырса, нәпіл оразаны бұзуға болады деген. Мәселен, қонақта тамақ жемегеніне үй иесі немесе шақырған кісі ренжитін болса, нәпіл оразаны сол жерден үзеді. Осыған қатысты Айша анамыз (р.а.) мына бір оқиғаны әңгімелеген: «Хафса екеуміздің аузымыз берік еді. Бізге тамақ әкелінді. Тамақ жегіміз келгендіктен, әкелінген тамақты жеп аузымызды ашып жібердік.

Алла елшісі (с.ғ.с.) келген кезде Хафса менің алдымды алып Расулуллаға (с.ғ.с.): «Уа, Алла елшісі! Біздің аузымыз берік еді. Алдымызға ас тартылды. Асты жеп, аузымызды ашып жібердік», – деген кезде, ол: «Онда сол күннің орнына басқа бір күні қаза ретінде ораза ұстандар» (Әбу Дәуід, Сиям, 73; Тирмизи, Саум, 36; Ахмед ибн Ханбәл, 6/263), – дейді.

Бұл жерде мына бір мәселені де ескерте кеткен жөн. Әлгінде айтқанымыздай, бастап қойған істі аяқтау – уәжіп. Оның уәжіптігі оразаны бұзғандықтан емес, бастап қойған істі бітірмегендіктен. Сондықтан бастап қойған нәпіл құлшылығым уәжіпке айналып, сауабы молырақ болсын деген ниетпен оразасын бұзып, басқа күні қаза ретінде өтеу дұрыс емес. Бұл ғибадаттарға үстірт қараушылық дегенге саяды. Сондай-ақ, нәпіл ораза ұстаған әйел егер сол күні етеккір көрер болса, әлгі оразасының қазасын кейін өтеуі қажет.

Сұрақ: Жұма намазда азан айтылып, сүннет намазы оқылып болған соң тағы да азан шақырылады. Сонда неге екі рет азан шақырылады?

Жауап: Ханафи мазһабы мәселелері туралы «әл-Лубаб» шарифат кітабында жұма намазына Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.), Әбу Бәкірдің (р.а.) және Омардың (р.а.) дәуірлерінде азан бір рет айтылғанын, ал, халифа Осман (р.а.) кезінде азан екі рет айтыла бастағаны туралы дерек бар.

Сұрақ: Жұма намазында имам құтпа оқығанда қолына таяқ ұстап тұрады. Бұл Пайғамбардан қалған әдет пе әлде басқа себебі бар ма?

Жауап: Жұма намазында құтпада имам аса таяқ ұстап тұруы төрт мазһаб бойынша да сүннет.

Сұрақ: Қажылыққа барушылар жолда ихрам киеді екен. Егер олар жолда қайтыс болса оларды ихраммен көмеді ме, әлде әдеттегідей кебіндей ме?

Жауап: Ихрам киімінде қайтыс болған қажының кебіні ихрам болып табылады. Бұған Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) «Оны сол киіммен кебіндендер» деген сөзі негіз болады.

Сұрақ: Қажылар арапа күні Арафат тауында кешке дейін тұрып бесін мен екінті, ақшам мен құптан намаздарын қосып оқиды дейді. Сонда бұл күні қажылар үш мезгіл ғана

намаз оқитын болғаны ғой. Біздің ауылдағы кейбір молдалар бұл уахабшылардың ісі деп жүр. Мұның дұрысы қайсы? Бұл күні неге үш мезгіл намаз оқылады?

Жауап: Қажылар Арафатта бесін мен екінті намаздарын бесін уақытында бір азан шақырып және әр намазға жеке-жеке иқамат түсіріп оқиды. Сол сияқты ақшам мен құптан намаздары да құптан уақытында бір азан шақырып, бір иқамат түсіріп оқылады. Намаздардың осы тәртіпте оқылуы тек қажылық уақытында және Арафатта ғана болады. Бұл Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) көрсеткен тәртіп. Қосымша мәлім үшін ханафи мазһабының «Һидая», «әл-Ихтияр» және «әл-Лубаб» фикһ-шариғат кітаптарынан көруге болады.

Сұрақ: Біздің имамдарымыз Қазіргі Саудия басшылығы діндегі экстремизмді қолдайды дейді. Ал қажылыққа барып келгендер ондай ештеңе байқамағандарын, қайта қажыларға керемет жағдай жасап қойғанын айтады. Сондай-ақ осыдан төрт-бес жыл бұрын Әділет министрлігінен ресми сапармен барған адамдар ондағы тәртіптің кереметтігін айтып таң қалып келді. Ол туралы мақала «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған болатын. Тағы бір деректен оқығаным АҚШ-та бір күнде жасалатын қылмыс Саудияда бірнеше жылда жасалмайды екен. Мұндай деректер керісінше мені Саудия туралы жақсы ойларға жетелейді. Біздікі жай әншейін күншілдік емес пе?..

Жауап: Ислам діні аты айтып тұрғандай бейбітшілік діні. Дін атауы ешбір кезеңде адамды қатыгездікке үндемеген. Ал, ата дінімізге күйе жағып жүргендерге қарап дінге баға беруге болмайды. Ислам діні тек жақсылық пен бейбітшілікке шақыратын дін екендігін бүкіл әлем мойындайды.

Сұрақ: Қазір ауылда не көп молда көп. Тіпті әр көшенің өз молдасы бар. Солардың пәтуалы ауыз бірліктері кем. Ауылда екі-үш мешіт болса әр қайсы жұма намазды өз мешіттерінде оқиды. Олар ауыл имамдарына бағынбайды да. Өйткені әр ру ақсалдары өз молдаларын қолдайды. Осыны Мүфтият бір жүйеге келтіре алмас па екен?

Жауап: Қазақстан мұсылмандары дін басқармасы республика бойынша имам-молдаларды қызметке арнайы сараптамадан өткізіп

тағайындайды. Кейінпелік ауыл молдаларының білімін жетілдіру мақсатында арнайы шақыртумен Ислам институтының 4-айлық курсында оқытады. Ал, ауылда өзін молда етіп таныстырып, құран оқып күн көріп отырған кісілер табылып жатады. Облыстардағы өкіл имамдар аудандық және ауылдық имамдардың қызметіне нұсқау беріп әрі бақылап отырады. Аудан және ауыл тұрғындары да діни мәселе бойынша сұрақтар мен мәселелерін тек Діни басқарма тарапынан бекітілген имам-молдаларынан сұрау қажет. Сонда аталмыш оқиға секілді келеңсіз жайттар болмайды.

Сұрақ: Әрбір мұсылман баласы Алланың алдындағы парызын өзі өтейді, жасаған күнәсін өзі көтереді деген ұғым бар. Солай бола тұра кейбір адамдар әкем үшін, шешем үшін, бауырым үшін қажылық парыз орындадым деп жатады. Мен осыған түсіне алмай жүрмін. Сонда қалай, мен басқа біреу үшін парыз өтеп, басқа біреудің күнәсін жуа алам ба? Бұл христиан дініндегі жай адамдардың күнәсін кешіп беретін епископтардың тірлігіне ұқсап кетпей ме?

Жауап: Басқа кісінің атынан қажылық парызын орындау басқа сөзбен айтқанда, «бадал қажылықты» шарифат тек марқұмның немесе қайтыс болғанға дейін денсаулығы мүмкіншілік бермейтін кісі атынан жасауға рұқсат етеді.

Сұрақ: Райымбек батырдың басына құран оқытуға барғандардың кесенеге маңдайын тигізу арқылы сәжде жасап жатқандарын көрдім. Осы дұрыс па?

Жауап: Иманның негізгі шарты тек Бір Аллаға иман келтіру, Одан көмек сұрау және тек Оған құлшылық ету. Алайда біздің қоғамда діни сауаттылық өте төмен болғандықтан жұртшылық шарифат пен шаманизмді шатастырып бағуда.

Сұрақ: Әкем қажылық парызын өтей алмай бақилық болған еді. Қажылыққа барғанда әкемнің, сосын өз парызымды қоса өтесем бола ма?

Жауап: Бір қажылық маусымында кісі өзінің және ата-анасының немесе басқа да туысының атынан бірдей қажылық парызын өтей алмайды. Мұндай жағдайда әуелгі жылы өзінің атынан, ал келесі мүмкіншілігі болған кезде ата-анасы немесе туысы атынан қажылық өтейді.

Сұрақ: Әкесі өз баласына азан шақырып ат қоюға бола ма?

Жауап: Негізінде перзентке ат қою әкенің борышы. Әке өз перзентіне діни немесе мағынасы жақсы ат қоюы керек.

Сұрақ: Қыз бала туғанда ақиқасы қалай жасалады?

Жауап: Сүннет бойынша қыз балаға ақиқа етіп 1 қой сойылады.

Сұрақ: Итті адам атымен атауға бола ма?

Жауап: Итті және де басқа үй жануарларына ерекше белгілері мен қасиеттеріне қарап атау дұрыс саналады. Адамның атын итке және басқа да үй малына қою әдепсіздік.

Сұрақ: Намаз қай кезде парыз болған?

Жауап: Намаз – сөздікте «дұға ету», «жақсы дұға ету» деген мағынаны білдіреді. Алла Тағала Құран Кәрімде: **«Оларға дұға ет. Сенің дұғаң оларға рақымшылық»** («Тәубе» сүресі, 103-аят), – дейді. Шарифатта намаз – тәкбірмен басталып, сәлеммен аяқталатын, ерекше қимыл-қозғалыстар мен сөздерден тұратын ғибадат.

Құран Кәрімдегі намаз жайлы аяттарға қарайтын болсақ, Исламға дейінгі пайғамбарлар дәуірінде де намаз құлшылығы болғандығын көруге болады. Лұқман хәкімнің: **«Ей, ұлым! Намазды толық өте. Жақсылықты жақсап, жамандыққа тыйым сал, басыңа түскен ауыртпалыққа шыда!»**, – деген сөзі («Лұқман» сүресі, 17-аят), Ибраһим пайғамбардың (ғ.с.) дұға еткенде намаз жайлы сөз етуі («Ибраһим» сүресі, 37-аят), Мұсаға (ғ.с.) Тұр тауында: **«Маған құлшылық қыл, мені еске алу үшін намаз оқы!»** («Таһа» сүресі, 14-аят), – деген аяттарды мысал ретінде айтуға болады. Бірақ, ол дәуірдегі намаз құлшылығының уақыты бүгінгідей тұрақты және бес уақыт болмаған.

Ардақты елшіге (с.ғ.с.) бес уақыт намаз парыз етілмей тұрып, тек қана таң мен ақшам уақытында екі рет намаз оқылған. Ислам діні келген соң, ижрадан бір жарым жыл бұрын Миғраж түнінде намаз парыз етіледі. Өнас (р.а.) жеткізген бір хадисте: **«Миғраж түнінде пайғамбарға елу уақыт намаз парыз етілген, кейін азайтып беске түсірді. Сол кезде Алла Тағала: «Уа, Мұхаммед! Менің сөзім өзгермес. Бес уақыт намазда сен үшін елу уақыт намаздың сауабы бар»** дейді» (Бұхари, Салат, 76; Мұслим, Иман, 263), – деп айтылған.

Намаздың парыздығы Құран, сүннет және ижмағ

дәлелдерімен анықталған. Құран Кәрімнің көптеген аяттарында: «Намаз оқыңдар, зекет беріңдер...» («Бақара» сүресі, 34, 83-аяттар); «Барлық намаздарды және орта намазды сақтаңдар» («Бақара» сүресі, 238-аят); «Расында, намаз белгіленген арнайы уақыттарда парыз етілді» («Ниса» сүресі, 103-аят); «Алайда, олар барлық бұрыс діндерден бойын аулақ ұстап, шынайы түрде Аллаға құлшылық етуден, намазды тұп-тура оқудан және зекет беруден өзге нәрсеге әмір етілмеген болатын» («Бәййәна» сүресі, 5-аят); «Намазды толық оқыңдар...» («Хаж» сүресі, 78-аят), – деп намаздың өте маңызды парыз екендігін аңғартады.

Сұрақ: Періштелер жынысқа бөліне ме?

Жауап: Періштелер ұрпақ қалдырып, көбеюге мұқтаж емес. Яғни, олар жынысқа бөлінбейді. Ислам діні келгенге дейінгі араб қоғамының періштелер жайлы сенімдері тым таяз болатын. Олар періштелерді «Алланың қыздарына» балап, ұл балаларды артық көретін (Ибн Кәсир, 6/45).

Ұлы Жаратушы бұл айтылған пікірлерді жоққа шығару үшін «Олардан (меккеліктерден) сұра: Қыздар Раббыларыңкі де, ұлдар олардікі ме? Немесе періштелерді әйел жынысынан жаратқанымызға олар куә ме? Сақ болыңдар! Олар жалғандарын айта береді: Алланың баласы бар деп олар мүлде өтірік айтады. Алла ұлдардан гөрі қыздарды артық көре ме? Сендерге не болды? Қалай шешім етесіңдер? Түсінбейсіңдер ме? Не сендердің ашық бір дәлелдерің бар ма? Шыншыл болсандар, кітаптарыңды әкеліңдер. Олар Алла мен періштелер арасында ұрпақтық байланыс ұйғарды. Расында періштелер олардың Алланың алдына келтірілетінін біледі. Алла олардың сипаттауларынан пәк» (Саффат, 37/149-159) – деді.

«Зұхруф» сүресінде: «Олар Алланың құлдары періштелерді өздерінше әйелдерге балайды. Олар (періштелердің) жаратылуын көріп пе еді? Олардың бұл куәліктері жазылады және сұраққа алынады» (19-аят); «Нахыл» сүресінде: «Олар: «Алланың қыздары бар», – деседі. Алла одан пәк» (57-аят) деу арқылы бұл пікірдің мүлдем теріс екендігін аңғартады.

Сұрақ: Мен ес білгелі анамның маған деген жылы

қабағын байқамадым. Менің екі сінлім бар. Олардың әкелері бар, менің әкем о дүниелік болған. Екі сінлімді еркелетіп, маңдайынан сүйгенде мен шыдай алмай, басқа бөлмеге барып жылап аламын. Бірде маған: «Сені бекер тудым, сен оңбағанға Құдайдың өлімі де келмейді, бір пайдан жоқ, жұрттың қыздары анасының туған күніне бағалы моншақ алып беріп жатыр. Сенде ол да жоқ», – демесі бар ма? Мен әлі жұмыс жасамаймын ғой, мектеп оқушысымын. Күнделікті айғай-шудан мезі болдым, өзіме қол жұмсағым келеді. Мен де есейіп қалдым ғой, намыстанады деп ойламай ма екен? Бірақ бұндай ой анамның ойына кіріп те шықпайтын сияқты. Енді не істеймін? Ақыл беріңіздерші...

Жауап: Адам баласының өз-өзіне қол жұмсауы адамдық тұрғыдан да, дін тұрғысынан да үлкен қате. Өйткені, Алла Тағаланың бізге берген аманатына қиянат жасай алмаймыз. Өз өмірін қию – сол аманатқа жасалған қиянат. Сонымен қатар, ол үлкен күнә.

Өмірде қуаныш пен қайғы адамға кезектесе келіп отырады. Жаратушы Иеміз Құран Кәрімде: «Сөзсіз біз сендерді қорқынышпен, аштықпен, мал-мүліктеріңді, өздеріңді әрі өнімдеріңді кемеіту арқылы сынаймыз», – дейді. Демек, адамның басына қиыншылықтарға ұшырау, құрғақшылық, туған-туыс, бала-шағадан айырылу, аштыққа тап болу, бүкіл дүние-мүліктен қас-қағым сәтте айрылып қалу секілді түрлі сынақ келуі мүмкін. Сол сияқты кеңшілік те, таршылық та, жоқшылық та, баршылық та, ауру-сырқауға ұшырауы да – сынақ. Сондай кездерде көрген ауыртпашылыққа шыдап, төзімділік танытқанымыз жөн. Өйткені қиындықтың бәрі адамдар үшін бір смтихан, бір сынақ қана. Ешбір қиындық адамның басында мәңгі қонып тұрмайды. Қараңғы түннің артынан шуағын төккен жарық күннің шығуы қандай заңдылық болса, қиындықтың соңы жеңілдікке ұласатыны да шындық. Өмірдің өзі тұтастай өткінші болғандықтан, біздегі қуаныш пен қайғы атаулы да өтпелі. Өтпелі нәрсеге бола өмір бойы сан соғып, «әттеген-айлап» өту қисынға теріс, ақылға орынсыз. Кез келген қиындыққа тап болсақ, «бұл да өтеді» деп нар тәуекелге бел буу аса маңызды.

Хазреті Әли (р.а.): «Адам денесінде бастың орны қандай болса, иман тұрғысынан алғанда сабырдың орны да дәл сондай», – деген.

Алла Тағала Құрандағы көптеген аяттарда сабырлы болуды дәріптеп, сабырлы құлдарды жақсы көретіндігін, сабырлы жандарды үлкен айтулы сый-сыяпатқа бөлейтіндігін жеткізген.

Мысалы, «Әли Имран» сүресінің 146-аятында: «Алла сабырлыларды жақсы көреді», – делінген. Ал бір хадисте: «Сабыр – иманның жартысы», – делінеді. Ислам тарихына көз жүгіртер болсақ, мұсылмандықты қабылдаған алғашқы жандар көптеген қиындықтарды көрген. Алла Тағала құлын қаншалықты жақсы көрсе, оған соншалықты ауыр сынақ береді. Осы ақиқатты ұғынған кейбір мұсылмандар бастарына қиындық келмесе, «Алла мені жақсы көрмейді ме?!», – деп қорыққан екен. Адамзат тарихында Әйюб пайғамбардың (ғ.с.) нағыз сабырдың үлгісін көрсетіп кеткені аян. Ол үсті-басын түгелімен жара қаптап, құрттап кетсе де, сабыр сақтаған қалпы Аллаға құлшылық жасап дұға етумен болды. Бүкіл денесін жеген құрттар Алланы зікір ететін тілі мен иманының тұрағы – жүрегіне жеткенде ғана дұға оқып, Алладан жәрдем тіледі. Алла осыншама қиындыққа көнген, Жаратушының берген сынағынан сүрінбей өткен Әйюб (ғ.с.) жайлы: «Шынында, оның сабырлы екенін көрдік. Ол қандай жақсы құл! Өйткені, ол нағыз бойсұнушы әрі үнемі тәубе етуші», – деген болатын. Сондықтан да, сізге Алла сабыр берсін.

Сұрақ: Өлім халінде жатқан адам не істеуі керек?

Жауап: Ауру болған мұсылман адамға мына төмендегі нәрселерді орындау қажет болады:

1. Ауру адам Аллаһтың көрсеткеніне разы болып, пешенесіне жазылған тағдырға сабырлылық қылуы шарт. Жаман ойға кетпей, Раббысына деген үмітін жақсартқаны жөн болады аллаһ елшісі (с.ғ.с) бұл тұрғыда былай деген:

«Мүміннің ісі ғажап қой! Оның барлық әрекеті жақсылық. Мұндай нәрсе мүміннен басқа адамда кездеспейді. Жақсылыққа кенелсе, шүкіршілік етеді. Шүкіршілік еткендігі үшін оған жақсылық болады. Ал егер жаманшылыққа душар болса, сабырлылық қылады. Және сабырлығы үшін де оған жақсылық болады».

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) басқа бір хадисте былай деген: «Сендердің ешбірің Алла Тағалаға деген сенімін түзетпей өлмесін».

2. Ауруы асқынған адам қорқыныш пен үміт арасында болуы керек. Істеген күнәлары үшін Аллаһ тарапынан берілген жазадан қорқып, оның өзіне рақымшылық қылуын тілеп жатуы шарт. Бұған Әнәстан (р.ғ.) риуаят етілген мына бір хадис дәлел болады:

«Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хал үстінде жатқан жас жігітке кіріп: «Өзінді қалай сезінудесің?», – деді. Жігіт: «Ей, Аллаһ елшісі, Аллаһ атымен ант етейін, мен Одан үміт етіп жатырмын, әрі істеген күнәларымнан қорқудамын», – деп жауап береді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты:

«Осы екі нәрсе (яғни үміт ету мен қорқу) пенденің жүрегінде өлім сәтінде ұштасса, Алла Тағала оның тілеуін береді және қорыққан нәрсесінен аман алып қалады».

3. Қанша жерден қиналса да, ауру адам өзіне өлімнің тезірек келуін қаламауы керек.

Оған дәлел – Уммәл-Фадлдың (р.ғ.) мына хадисі:

«Аллаһ елшісі (с.ғ.с.) оларға келгенде, хал үстінде жатқан Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) көкесі Аббас ертерек өлуді қалап жатқан еді. Мұны білген Аллаһ елшісі (с.ғ.с.) былай дейді: «**Көке, өлім тілеменіз. Сіз (өткен өміріңізде) жақсы амал қылған болсаңыз, кешігіп өлу – жақсылығыңызға жақсылық қосады да, бір қайырлы іс істеген боласыз. Ал егер, (өткен өміріңізде) жаман амал істеген болсаңыз, кешігіп өлу – жаманшылығыңызды кетіреді де, тағы бір қайырлы іс істеген боласыз. Сондықтан, көке, өзіңізге өлім тілеменіз.**».

Дәл осы хадис Әнәстан (р.ғ.) риуаят етілгенде, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Ал егер кім, өзінің өлуін шындап қаласа: «Ей, Аллаһ, егер өлім мен үшін қайырлы болса, өмір бер. Ал егер мен үшін өлім жақсы болса, жанымды ал», – десін», – деген сөзі қоса айтылады.

4. Егер шамасы жетсе, өзіне өлім жақындаған адам, қарыздары болса, егелеріне қайтаруы лазым. Ал егер шамасы жетпесе, ол нәрселерді иелеріне қайтаруды артында қалғандарға өсиет етіп қалдырады. Аллаһ елшісі (с.ғ.с.) бұл жөнінде былай деген:

«Кімде-кім мұсылман бауырына өзара қарым-қатынаста немесе мал-мүлікте зұлымдық қылған болса, бір теңге, тіпті бір тыйын ақша қабыл етілмейтін қиямет күні келгенге дейін барлығын өтеп бітірсін. Өйткені қиямет күні келгенде ізгі амалдары бар болса, одан алынып, қарыз беруші адамға беріледі.

Ал егер істеген ізгі амалдары болмаса, қарыз беруші адамның жаман амалдары алынып, оның мойнына артылады».

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тағы былай деген: «Дымсыз қалған адам деп кімді айтатынымызды білесіңдер ме?». Олар: «Дымсыз қалған деп біз тыйын-тебені, жағдайы жоқ адамды айтамыз», деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деп түсіндірді: «Дымсыз қалатын адам деп қиямет күні үмметімнен намазын, оразасын, зекетін өтеп жүрген, бірақ сөйте тұра өзгені сөккен, басқа біреуінің сыртынан ғайбат сөз айтқан, енді бірінің малын жеген, келесісінің қанын жүктеген, тағы біреуді ұрған адамды айтамыз. Себебі ол қиямет күні істеген жақсылығының бір бөлігін мынаған, келесі бөлігін анаған бөліп береді. Өзгелердің ақысын өтеп бітемін дегенше, өзіндегі жақсы амалдар түгесілер болса, қалғандарының күнә амалдары оның мойнына ілінеді де, ол тозаққа тасталады».

Сонымен қатар Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деген: «Кімде-кім қарыз күйінде өліп кетсе, (ақыретте) одан теңгемен немесе тыйынымен емес, өзінің істеген жақсылықтарымен (яғни сол жақсылықтардың сауабын қарыз берушіге төлеу арқылы) және қарыз берушінің істеген жаманшылығымен (яғни оның күнәсін арқалау арқылы) құтылады».

Ал Табаниде болса («әл-Кәбир») бұл хадис былай риуаят етіледі: «(Өтелмеген) қарыз екі түрлі болады. Кімде-кім (қарыздарын) өтеуді ниеттеніп өлген болса, оған өзім өкілдік қыламын. Ал кім (қарыздарын) өтеуді ниет етпеген күйі өтіп кетсе, міне сол жағдайда оның істеген жақсылықтарынан алынады (яғни оның сауаб істерінен алынып, қарыз берушіге төленеді). Қиямет күні болғанда (қарыздар) теңгемен немесе тыйынмен төленбейді».

Абдуллаһ ұлы Жәбир (р.ғ.) былай дейді:

«Ухуд соғысы болғанда, түннің ішінде әкем мені шақырып алып: «Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сахабаларының ішінен алғашқылардың бірі болып өлетінімді сезіп тұрғандаймын. Артымда Аллаһ елшісі (с.ғ.с.) санамағанда өзімнен артық жан иесін қалдырып бара жатқан жоқпын. Менің қарыздарым бар, (соны) өте. Және бауырларыңа жақсылықты өсиет ет», деді. Таң атты да, ол (яғни Абдуллаһ) ең бірінші болып шәһид болды.

5. Ауру адам осы тектес өсиеттерді жылдамдатқаны лазым болады. Себебі, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деген:

«Екі түн (қатарынан) жататын қандай да бір мұсылман адам бір нәрсені өсиет етіп қалдыруды қаласа, өсиеті бас жағында жазулы күйде болсын».

Ибн Умар (р.ғ.) осы хадиске орай былай дейді:

«Аллаһ елшісінің (с.ғ.с.) осыны айтқанын естігелі бері мен (жазулы күйіндегі) өсиетсіз бірде-бір түнді өткізген емеспін».

6. Ауру адам мал-мүлікке байланысты өсиеттің қандай да бір түрін болмасын, өзіне мираскор болып есептемейтін ағайын-туыстарына айтып қалдыруы уәжіп болады. Себебі, Алла Тағала былай деген:

«Біреулеріңе өлім келген шақта, артына мал қалдырса, әкешешесіне, жақындарына дұрыстықпен өсиет парыз етілді. Өсиет тақуаларға бір міндет. (Бұл аяттың үкімі мирас аятымен қалдырылған)».

7. Ауру адам артында қалғалы тұрған мал-мүліктің үштен бірін ғана бөгделерге өсиет етіп қалдыра алады. Одан артық өсиет етуіне болмайды. Керісінше, одан кеміткені дұрыс болады. Бұған Әбу Уаққас ұлы Сә'дтың (р.ғ.) мына хадисі дәлел болады:

«Мен «Қоштасу қажылығында» Аллаһ елшісімен (с.ғ.с.) бірге болдым. Өлім халіне дейін қатты ауырып барып жазылдым. Сонда Аллаһ елшісі (с.ғ.с.) көңілімді сұрап келді. Мен: «Аллаһ елшісі, мен көп дүние-мүлік иесімін. Алайда артымда жалғыз ғана мираскор қызым бар. Дүниемнің үштен екісін өзгелерге өсиет етейін бе?», – деп сұрадым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жоқ», – деді. Мен: «Жартысын ше?», – дедім. Ол: «Жоқ», – деді. Мен: «Ендеше үштен бірін?», – дедім. Ол: «Иә, үштен бірі, оның өзі көп», – деді. Сөйтті де: «Ей, Сә'д, сенің артыңда қалатын заңды мираскорларыңды бай етіп қалдыруың, оларды әлсіз (яғни, ақшасыз), біреулерге мұқтаж етіп қалдыруыңнан көрі жақсырақ. Ей, Сә'д, сен Аллаһтың разылығын көздеп қандай да бір напақа берсең, міндетті түрде оның сауабын аласың. Тіпті өз әйеліңнің аузына салынған бір үзім тағамның сауабы бар – Сөйтіп, үштен біріне рұқсат етілді».

Ибн Аббас (р.ғ.) былай дейтін:

«Маған салсаң, адамдардың мал-мүліктегі өсиетті үштен бірден төрттен бір бөлікке дейін кеміткенін қалар едім. Себебі, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Үштен бірінің өзі көп», – деген.

8. Бұл өсиетке екі мұсылман ер адам куәлік етуі тиіс. Онымен

қоса, мұсылман емес болса да, тағы екі ер кісі куәлікке тартылады. Ондағы мақсат – алғашқыларының куәлігінде күмән болған жағдайда, өсиеттің дұрыс-бұрыстығы кейінгі екі куәгермен қуатталады. Бұл жайында Алла Тағала Құранда ашық түрде баян еткен:

«Әй, мүміндер! Қашан сендерге өлім таяп, өсиет еткен сәтте, араларыңа өздеріңнен екі әділ кісі немесе сендер жер жүзінде жолаушы жүріп өлім қайғысы келсе, өздеріңнен басқа екі айғақ болсын. Егер бұл куәлардан күдіктенсендер, намаздан кейін екеуін тосып қоярсыңдар. Сонда екеуі: «Аллаһтың атымен ант етеміз. Егер жақындарымыз болса да антымызды сатпаймыз, Аллаһтың әмірі бойынша куәлікті жасырмаймыз. Егер жасырсақ, әлбетте күнәкәр боламыз», деп ант ішеді. Сонда егер ол екеуінің күнәкәр болғандықтары байқалса, әріптестер жақтан ең жақын лайықты екеу олардың орнына тұрып: «Аллаһтың атымен берген куәлігіміз ол екеуінің куәліктерінен көрі анығырақ. Әрі біз шектен шықпадық. Егер олай етсек, әрине залымдардан боламыз», деп ант ішеді. Бұл тұп-тура куәлік берулеріне және анттан кейінгі анттың қабыл етілмеуінен қорқуларына ең жақын жағдай. Және Аллаһтан қорқындар, әмірді таңдаңдар. Аллаһ бұзақы елді тура жолға салмайды».

9. Хал үстінде жатқан адам өз дүние-мүлкінің бір бөлігін өзінен кейінгі заңды түрдегі мирасқоры болып саналатын әке-шешесіне, бауырларына, жақындарының біріне өсиет етіп қалдыруына рұқсат жоқ. Өйткені олай ету мирас аятымен мансұқ болған. Оның үстіне Аллаһ елшісі (с.ғ.с.) де бұл жайында қоштасу қажылығында:

«Алла Тағала әрбір жанға өз ақысын берген. Сондықтан мирасқорға өсиет жүрмейді», деген сөздермен түсінікті түрде баян етіп кеткен.

10. Ауру адам өзінің артында қалғалы тұрған дүниенің бір бөлігін бөгде біреуге өсиет етіп, өзгелерге зиян шектіруі харам етіледі. Бұған өлгелі жатқан кісінің өз мал-мүлкін артында қалатын заңды мирасқорлардың бірі мирастан махрұм қаларлықтай немесе бір мирасқоры екіншісінен артығырақ санауын жатқыза аламыз. Оған Алла Тағаланың:

«Әке-шеше және жақындардың қалдырған нәрселерінен еркектерге де үлес бар. Әке-шеше және жақындардың қалдырған

нәрселерінен әйелдерге де үлес бар. Аз немесе көп болса да, одан өлшеулі несібе бар...» деген аяттары және Әбу Сә'ид әл-Худриден (р.ғ.) риуаят етілген Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.):

«Біреуге залал-зиян келтірілмейді. Ал кім өзгеге машақат әкелсе, Аллаһ оған машақат әкеледі», – деген хадисі дәлел болады.

11. Әділетсіздікпен және Исламға жат тәсілмен етілген өсиет дұрыс емес және қабыл болмайды. Бұған Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мына хадисі дәлел бола алады:

«Егер кімде-кім біздің бұл ісімізге, қатысы болмаған жаңалық енгізсе, ол қабыл етілмейді».

Және де бұған Хасан ұлы Имраннан (р.ғ.) жеткен мына риуаят дәлел болады:

«Бір кісі өлер шағында өзінің алты құлына бас бостандығын беріп, босатып жібереді. Сонда оның артында қалған шалғайда тұратын мирасқорлары Аллаһ елшісіне (с.ғ.с.) келіп, әлгі кісінің істеген ісі жайында баяндап береді. Аллаһ елшісі (с.ғ.с.): «Дәл солай етіп пе? Ондай екенін білгенімізде Аллаһтың қалауымен оның жаназасын оқымас едік қой», – деді де, жеребе тастап, (жаңағы алты құлдың) екеуін ғана босатып, төртеуін құлдыққа қайтарады».

12. Қазіргі таңда мұсылмандар арасында белгілі болған діни мәселелердегі, әсіресе жаназа мәселесі төңірегіндегі кейіннен енгізілген биғдат амалдары көбейген тұста, өзіне өлім сағаты жақындаған адам Алла Тағаланың: **«Әй, мүміндер! Өздеріңді әрі үй-іштеріңді отыны адамдар емен тастардан болған оттан қорғандар. Оның басындағы періштелер жуан денелі, қатал. Олар Аллаһтың өздеріне берген әмірлеріне қарсы келмейді. Не бұйырылса, соны орындайды»** деген аятына амал қылып, өзінің шарият жолымен жуылып-кебінделіп, шарият жолымен жерленуін жақын мұсылман бауырына өсиет етіп қалдырады. Сол себептен Аллаһ елшісінің (с.ғ.с.) сахабалары осы нәрсені артындағы тірілерге өсиет етіп көз жұматын. Сахабалардан жектен мұндай риуаят өте көп. Солардың ішінен қысқаша түрде мына төмендегілерін айтып өту жөн болар деп ойлаймыз:

Сә'д Ибн Әби Уаққас ұлы Амирден оның әкесінің (яғни Сә'дтің) өлім алдындағы науқастанған кезінде былай деп өсиет еткендігі риуаят етіледі:

«Маған қабірімде ләхд (өлік жататын ішкі үй) қазындар және Аллаһ елшісіне (с.ғ.с.) істелгендей етіп менің де ләхдымды қышпен өріп бітендер».

Әбу Бәрдәдан (р.ғ.) риуаят етіледі:

«Әбу Муса (р.ғ.) өлім халінде жатқан шағында: «Егер жаназамды оқып болсаңдар, мені тездетіңдер (яғни тездетіп көміп тастандар). Қиыршық тастармен менің мәйітімді қоршамаңдар. Менімен топырақтың арасын бөліп тұратындай етіп лахдымның ішіне ештеңе қоймаңдар. Қабірімнің үстіне күмбез орнатпаңдар. Мен сендерге қандай да бір төмпешіктен немесе (жер деңгейінен) бөліп тұрушы нәрседен аулақ екеніме куәлік етемін», – деп өсиет етті. Адамдар одан: «Осы жөнінде біреуден бар ма еді», – деп сұрады. Ол: «Иә, Аллаһ елшісінің (с.ғ.с.) өзінен естігенмін», – деп жауап берді».

Хузейфаның (р.ғ.) былай дегені риуаят етіледі:

«Мен өлген кезімде, менің өлгендігім жөнінде (байбалам салып) хабарламаңдар. Себебі мен оның өлім хабарын жеткізуге тағы бір үлес болып қосылуынан қорқамын. Мен Аллаһ елшісінің (с.ғ.с.) өлім хабарын (бөгделерге) жеткізуге тыйым салғанын естігенмін».

Жоғарыдағы айтылғандарға қосымша ретінде Имам Науауи («әл-Әзкер») былай дейді:

«Онымен қоса өлім халінде жатқан мұсылман адам өзінің артындағы қалған тірілерге жаназа мәселесіндегі кейіннен пайда болған келеңсіз әдет-ғұрыптардан аулақ болуды өсиет етуі және ол өсиеттің орындалуын қатаң түрде бекітіп көз жұмуы жақсы болады».

Сұрақ: Дінімізде ер адамның алтын жүзік тағуына болмайды деп естідім. Осы рас па?

Жауап: Ол рас. Бірқатар хадистерде ер кісілерге алтын жүзіктің харамдығы ашық айтылған. Мәселен, мына хадисте ол анық білдірілген: «Алтын мен жібек үмбетімнің әйелдеріне – халал, еркектеріне – харам» (Тирмизи хасан сахих, Нәсәи).

Бір жолы Алла елшісі (с.ғ.с.) бір адамның қолынан алтын жүзік көргенде, сол мезет жүзікті оның саусағынан шешіп лақтырып жібереді де: «Сендердің қайсы бірің қолына шоқты ұстай алады?», – деп алтынның ерлерге шоқтай зияны барын ескертеді. Кейін

жүзіктің иесіне лақтырған алтынды жерден алып, оны сатып пайдасын көруді айтады. Сол кезде ол адам: «Алла атымен ант етейін, пайғамбарым (с.ғ.с.) жүзікті алып лақтырғаннан кейін мен оны қайта алмаймын», – деп жауап катады (Мүсілім, либәс 52).

Шариғат мәзһабтары осындай хадистерге сүйене отырып, алтын жүзік сәндік бұйым ретінде қолданылатындықтан, ер кісілерге оны бірауыздан харам деген.

Кейбір Ислам ғалымдары бұның төмендегідей бірнеше хикметтеріне тоқталған:

1. Ғасырлар бойы алтын ақша ретінде экономикада үлкен рөл ойнаған. Бұларды ерлердің әшекей ретінде пайдалануы экономикаға кері әсерін тигізеді.

2. Сол секілді әшекей бұйым етіп, қоғамнан тыс қалтарыста қалдырып қоюы елдің қазына қаржысына үлкен залалын әкеледі.

3. Ер кісінің табиғаты алтын, жібекпен сәнденуге лайық емес.

4. Үсті-басын түгелдей алтынмен аптап, күміспен қаптап, ел алдында жүру қоғамдағы әділдікке кері әсерін тигізіп, елді «бай», «кедей» деп екіге бөлуі мүмкін.

Бүгінгі таңда медицина ғалымдары да алтынның ер адамдардың гормондарына айтарлықтай кері әсерін тигізетінін, сондай-ақ ұрықты әлсіретенінін ескертеді.

Сұрақ: Намазда сәжделердің бірі немесе екеуі де ұмтылған жағдайда не істеу керек?

Жауап: Негізінде, сәжде жасаудың үкімі – парыз. Ал әдейі сәжде жасалмаса, намаз бұзылады. Егер сәждені ұмытып, оны намаз бітпестен бұрын еске алса, тилауат сәждесін жасағандай қазасын өтейді. Яғни сәжденің екеуін ұмытса екі рет, біреуін ұмытқан болса, бір рет сәждеге барады да, намаздың қалған рүкіндерін жалғастырып, соңында сәу сәждесімен тәмамдайды.

Сондай-ақ, сәлемнен кейін есіне түссе, ешбір әрекет жасамай, сөйлемей тәкбір алады да сәждеге барады. Осылайша сәжденің қазасын өтеп, сәу сәждесін жасап, қайтадан әттәһийят және салли бәрик дұғаларын оқып, сәлеммен бітіреді. Ал сәлемнен соң құбыладан жүзін бұрып, сөйлесіп қойған болса, намазы бұзылады да, қайтадан намазды толық оқиды.

Сұрақ: «Бірде пайғамбарымыз Аллаһқа дұға қылғанда екі қолын қатты көтергені соншалық иығына желбегей

жамылған шапаны жерге түсіп кетті» деген хадис оқыдым. Ал бізде дұға жасағанда әркім қолдарын әртүрлі жаяды. Тіпті баз біреулер алақандарына су құйып алғандай кейіпте отырады. Ал мына араб жұрты мүлдем бет сипамайтын көрінеді. Осы қол жаюдың мәнісі не, неге бет сипаймыз? Бұл нені білдіреді?

Жауап: Ислам әдебі бойынша пенде дұға жасап тұрғанда жүзін құбылаға қаратып, екі қолын жоғарырақ көтеріп, көзін төмен салған жөн. Пайғамбарымыз дұға жасап, қолын көтергенде қолтықтары көрінеді екен. Ал дұға жасап болған соң бет сипау жайлы Омардан, ради Аллаһу аһу, мынадай хадис жеткен: «Пайғамбарымыз екі қолын жайып, дұға жасаған соң бетін сипамай қолын түсірмес еді». (Тирмизи). Ал дұғада екі қолын қосып ұстау жайлы Ибн Аббас: «Пайғамбарымыз дұға жасағанда екі қолын қосып, бетіне жақын ұстайтын» деген. Сондай-ақ көзін төмен ұстау жайлы да: «Қауымдар Аллаһтан тілек тілегенде көздерін көкке тікпей, төмен салсын» деген. Сондықтан біздің мазһабта дұға жасау әдебі осылай қалыптасқан.

Сұрақ: Мұсылман дінін қабылдаған өзге ұлт өкілдерінің арасында сүндетке отырмағандар да бар екен. Мәнісін сұрасақ, «Бұл парыз емес, сүннет. Сондықтан оны орындамаса да болады» дегенді айтады. Негізі осы дұрыс па?

Жауап: Сүннет деп айтып тұрғандай, мұсылмандардың сүндетке отыруы – Ибраһимнен (а.с.) қалған сүннет. Мұсылмандықты қабылдаған адамдардың сүндетке отырғаны абзал. Өйткені Пайғамбарымыз: «Ислам – тазалық діні» деген. Алайда, өз заманында Пайғамбарымыз Исламды қабылдаған сахабаларға сүндетке отыруды бұйырмаған, оларға сүндетке отырудың абзалдығын түсіндірген. Жалпы сүндетке отыру таза жүрудің бір кепілі. Осы тұста яһудилер де балаларын сүндеттейтінін айта кеткеніміз орынды.

Сұрақ: Арабтарда «ишан», «мақсым», «ахун» деген діни атақтар бар ма, жалпы, бұл сөздер қандай мағына білдіреді?

Жауап: Бұл атақтар білімді тақуа адамдарға суфизмде құрмет ретінде берілетін дәрежелер. Бұрын оқымыстылардың балаларын – мақсұм деп атаған. Мақсұм – пәк, таза деген ұғымды білдіреді. Бірте-бірте бұл діни дәреже ретінде қолдана беретін

болған. Ахунд – оқымысты деген сөз. Бұрын Бұхарадағы барлық медреселер бітірушілерге ахунд деген арнайы диплом мен мөр берілетін болған. Ал, ишан деген сөз парсыша «ол» деген мағына береді. Ертеректе суфизмде үлкен ғұлама кісілердің атын атамай ишан айтты, яғни ол айтты, үлкен кісі айтты деп құрметтеп сөйлейтін болған. Кейін Ишан сөзі биік діни дәреже ретінде қолданылатын болған.

Сұрақ: Дүкеннен ет алғанда ол малды кім сойғанын, қалай сойғанын білмейміз. Бисмиллаһты айтып жесек, осы ет халал бола ма?

Жауап: Егер дүкендегі еттердің тазалығына күмәндансаңыз сақтанғаныңыз абзал. Дүкеншіден еттің бисмиллаһ айтып сойылғанын анықтап сұрап алған орынды. Жалпы діни дәстүрі үзілмеген мұсылман елдерінде мұндай проблема жоқ. Пайғамбарымыздан: «Иә, расулла, бізге бәдәуилер ет әкеп сатады. Біз олардың бұл малды бисмиллаһ айтып сойғанын не айтпай сойғанын білмейміз. Бұл қалай болады?» – деп сұрағанда, ол кісі: «Егер күмәндансаңдар өздерің айтып жей беріңдер» деп жауап берген. Алматыға іссапармен келген үлкен шейхтан осы жайлы сұралғанда ол кісі: «Жалпы мұсылман елінде мұсылман кісі ет сатып тұрса оны тартынбай ала беріңіздер» деген еді.

Сұрақ: Хадис-шарифте: «Отты сөндіргенде тәкбір айтылады» делінген. Сонда, үйдегі қазандық отын сөндіргенде де осылай жасау керек пе?

Жауап: Жалпы тәкбір айтқанның пайдасы мол. Қандай істі қолға алсаңыз да тәкбір айтып істеген абзал. Айтпасаңыз сізді ешкім зорламайды және оның күнәсі жоқ.

Сұрақ: Белгілі жыршы апамыз жақында Қазақ радиосына берген сұхбатында: «Түсімде ақ сақалды ата: «Ақырзаман жақын, сондықтан елінді аралап жыр айт» деп аян берді. Содан бері бала-шағамды тастап, әулие жағалап әрі терме айтып жүргеніме жеті жыл болды» деді. Сөзінің мәнісін түсінбей қалдық, негізі осылай жасаған дұрыс па?

Жауап: Түс негізінен екі түрлі болады: Аллаһтан және шайтаннан. Алла Тағала адамға түсінде аян беретін болса пендесін қиындыққа бұйырмайды. Ал шайтан адамды шарияттағы жоқ нәрсені істеткізіп әуре-сарсаңға салып қояды.

Бала-шағаны тастап, әулие аралап кету соның көрінісі. Шариат әйел адамның махрамсыз сапарға шығуына тиым салады. Енді апаңыздың ісін өзіңіз пайымдай беріңіз.

Сұрақ: Боза сусыны харамға жата ма?

Жауап: Боза харам ішімдіктер қатарына жатады. Себебі ол адамды мас қылады. Ал мас қылатын ішімдіктің азы да көбі де харам.

Сұрақ: Жақында біздің бір ағамыз қайтыс болғанда, балалары мәйіт жатқан бөлмеге шырақ жағып қойды. Мәйітті алып кеткен соң орнына бидай шашып тастады. Осының мәнісі қандай?

Жауап: Бұл Исламда жоқ. Шырақ жағып қою мәйіт жатқан үйге түнде кірген кісілер қорқып қалмасын деген сақтыққа байланысты. Абайсыз мәйіт жатқан үйге кіріп барып қорқып қалу болып тұратын жағдай. Өмірде соның мысалдары көп. Ал бидай шашу арты өсіп-өнсін деген ырым ғана.

Сұрақ: Жақында ауылдық жерде тұратын туысым қайтыс болды. Мен құшақтасып көрісіп көңіл айттым. Бірақ «ой бауырымдап» дауыс көтермедім. Бұған туыстарым ренжіді. Ел бар, жұрт бар, бауырымдап жылап келмейсің бе деп. Екіншіден мен ол үйден тамақ ішпедім. Оларға бұл «қылығым» да ұнамады. Мен оларға Пайғамбарымыздың хадисін алға тарттым. Бірақ олар түсіне қоймаған сияқты. Бір жігіт «Уахабистердің сондай әдеттері бар» деп қалды. Сонда менің істегенім шариатқа қайшы ма?

Жауап: Шариат бойынша дауыс көтеріп, жылау дұрыс емес. Қайғыға ортақтығыңды сөзбен де, іспен де білдіруге болады. Алайда елден ұятты деп өтірік өкіріп жылау кім-кімге де абырой әпермейтін іс. Ал тамақ ішу жөнінде Пайғамбарымыз: «Мүсибат болған үйде үш күнге дейін қазан қайнамасын» деген. Мұнда сол үйге қиындық түсірілмесін деген қамқорлық бар. Сондықтан тамақ ішу не ішпеуді өзіңіз шешкеніңіз жөн. Жалпы көпшіліктен бөлектенбеген абзал.

Сұрақ: Шариатта жетісі, қырқы, жылы дегендер жоқ. Бірақ ҚМДБ-ның фәтуасында халықтың ежелгі әдет-ғұрпы ретінде өткізуге болады деген. Сонда әдет-ғұрыпты сылтау етіп Исламнан бұрынғы діндердің рәсімдерін жасауға фәтуа беруіміз қалай болады? Сонда біз қос дінді қатар ұстанған болмаймыз ба? Мұның күнәсін кім көтереді?

Жауап: ҚМДБ пәтуасында жетісі, қырқы, жылы секілді нәрселер Исламда жоқ делінген. Халықтың ежелгі дәстүрі ретінде өлгендерді құрметтеп еске алып, Аллаһтың ризашылығы үшін ас беріп, ысырапқа жол бермей өткізсеңіз сізге ешкім қой демейді және күнәлі болмайсыз.

Сұрақ: Мен бір кітаптан Пайғамбарымыз: «Түйенің етін жеген соң ғұсыл алындар» деп айтты дегенді оқыдым. Сонда түйенің еті дәретті бұзатындай нәрсе ме? Мұның мәнісін қалай түсінеміз?

Жауап: Сіздің бұл хадисті қайдан оқығаныңызды біле алмадым. Ал түйе еті дәрет бұзатындай нәрсе емес.

Сұрақ: Пайғамбарымыз Айша анамызды жеті жасында некелеп, тоғыз жасында қосылған дейді. Осы нәрсе маған тым ерсі көрінеді. Жалпы осы сөз рас па? Біздің шежіреші-тарихшыларымыз қателесіп жүрген жоқ па?

Жауап: Бұл рас. Ыстық өлкелерде қыздар тез жетіледі. Қыздардың жастай тұрмысқа шығуы күні бүгінге дейін болып жатқан құбылыс. Осыдан біраз бұрын орталық газеттердің бірінде «15 жасар әже» деген мақала жарияланған болатын. Онда жеті жасында күйеуге шығып, 15 жасында әже болғандығы жайлы қызықты дерек бар. Екіншіден, Айша анамыздың сүйіспеншілігі Аллаһ Тағаланың Пайғамбарымызға тартқан сыйы деп бағаланған.

Сұрақ: Бізде неше түрлі діни топтар бар. Тындасаң бәрі адамды еліктіріп әкетеді. Әр қайсы өз жолының дұрыстығын айтады. Мәселен, зікіршілер біз Яссауи жолымен жүруіміз керек дейді. Менің хикметтерден байқағаным Яссауи жолы – дәуіріштік жол сияқты. Өйткені «Хикметтерде» «бүгінгілер дәуіріштерді тындаудан қалды. Дәуіріштіктің мағынасын қайдан ұқсын бұл мұндар» деп келетін жолдар бар. Сонда біз дәуіріш болуымыз керек пе?

Жауап: Жалпы ең тиімді жол – шариат рұқсат берген жол. Шариатта сопылыққа рұқсат етілген. Аһли сүффа дегендер Пайғамбар заманында да болған. Сопылардың түбі солардан тараған деген де сөз бар. Өздерін сопымыз деп жүрген қазіргі зікіршілердің шынайы сопылардан ауылы алыс. Нағыз сопылар шариаттың аясынан шықпайтын білімді, тақуа жандар. Сопылық жолы сан тарау, сондықтан оған да байыппен қараған абзал.

Сұрақ: Құран Кәрімде: «...сендер мас болып, не айтқандарыңды білгенге шейін намазға жақындамандар...» делінген. Намазхан жігіттердің кейбірі осы аятқа сүйеніп, «Намазға мас күйінде тұрмасаң болды. Шаршағанды басу үшін кей кездері ұйқыға жатар алдында аздап ішуге болады», – дейді. Осыған не дейсіздер?

Жауап: Бұл «Ниса» сүресінің 43-ші аяты. Бұл аяттың үкімі, «Маида» сүресінің 90-91-ші аяттары келуімен мансұқ етілген (жойылған). Бұл аятта: «Ей мүміндер! Арақ, құмар, тігілген тастар (бұттар) және бас ашатын оқтар лас, шайтанның істерінен. Одан сақтаныңдар құтыласыңдар. Негізінен шайтан, арақта, құмарда араларыңа дұшпандық әрі кек салып, Аллаһты еске алудан және намаздан тосуды қалайды. Ал, сонда да тыйылмайсыңдар ма?», – делінген. Осы аяттың түсуімен арақ ішуге үзілді-кесілді тиым салынды. Шаригатта «харамның азы да, көбі де харам», – деген қағида бар. Ал, Аллаһ Тағаланың харам еткен нәрселерін халал деуші шаригат бойынша діннен шығады.

Сұрақ: Шын міскінге кімдер жатады? Жалпы садақаны қандай адамдарға берген абзал?

Жауап: Шын міскін деп – күнделікті тамаққа зәру кембағалдарды айтады. Негізінде зекет, садақа шаригат бойынша жеті топ адамдарға беріледі. Құран Кәрімде Аллаһ Тағала: «Шын мәнінде садақалар (яғни, зекет) кедей-кепшіктерге, міскіндерге, оны (зекетті) жинауға тағайындалған адамдарға, көңілдері (исламға) жібітілуі мақсат етілген жандарға, құлдарды азат етуге, қарызға батқандарға, Аллаһ жолындағыларға, қиналған жолаушыларға беріледі», – деген. («Тәуба» сүресі, 60-аят).

Сұрақ: Тіленшілікті арнайы кәсіп етіп жүрген адамдарды көріп жүрміз. Қияметте осы үшін қандай жаза бар?

Жауап: Дініміз тіленшілікті мүлдем құптамайды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде кім дүниесін көбейту үшін адамдардың малынан тіленсе, ол өзіне оттан бір бөлшек тілеп алған болады. Мейлі ол аз не көп болсын», – деген. Тағы бір хадисінде: «Кімде кім маған халықтан бір нәрсе тіленбеуіне сөз берсе, мен оның жәннәтқа кіруіне кепілдік беремін», – деген.

Сұрақ: Құрбан айттан басқа уақытта қой сойып ет тарату,

құрбан шалған болып есептеледі ме, әлде жай тарату ма?

Жауап: Құрбан – жақындау деген мағынаны білдіреді. Ал шариғаттағы терминдік мағынасы – Аллаһ Тағаланың ризашылығына жақындау ниетімен сойылған малдың еті. Құрбан айт күндері құрбандық шалу жағдайы бар, басы бостандықтағы, ақыл-есі дұрыс, сапарға шықпаған мұсылманға уәжіп. Ал, құрбан айт күндерінен басқа уақыттарда да Аллаһтың разылығы үшін құрбандық шалуға болады. Құрбандықтың басқа да түрлері бар. Мысалы дүниеге сәби келгенде, Аллаһ Тағаланың нәсіп еткен перзентіне шүкір ретінде шалынатын малға «ақиқа» құрбаны делінеді. Сондай-ақ, белгілі шарттардың орындалуына байланысты мұсылман баласы бір малды құрбандыққа шаламын деп уәде етіп, уәденің уақыты келгенде шалатын малға «нәзір құрбаны» делінеді. Мысалы ауырып жатқан адам осы ауруынан айықсам, бір қойды құрбандыққа шаламын деп ниет етсе, ауруынан айыққан жағдайда, бір қойды құрбандыққа шалуы уәжіп (міндет) болады. Ескерту: «Нәзір» құрбанына шалынған малдың етінен, шалған адамның өзіне, балаларына, немерелеріне және әке-шешесіне тіпті ата-әжелеріне жеуге болмайды. Түгелдей садақа ретінде кедей-кепшіктерге таратылуы тиіс. «Ақиқа» құрбанының етінен шалған адамның өзі жей алады. Қаласа садақа етеді.

Сұрақ: Менің әкемнің бауыры соғыста қаза тауып, артында ұрпақ қалмаған. Басына барып Құран бағыштап тұрайық десек қабірі қай жерде екені белгісіз. Сол үшін әкемнің зиратының жанына белгі қойсам бола ма?

Жауап: Марқұмдарға Құран оқып, дұға бағыштау үшін, қабірі белгілі болған күннің өзінде зират басына бару шарт емес. Кез келген уақытта кез келген жерде отырып та дұға бағыштауға болады. Сондықтан да белгі қоюдың қажеті жоқ.

Сұрақ: Ерлі-зайыпты адамдардың малы ортақ емес пе? Сонда, әйелінің малына ері иелік ете ала ма?

Жауап: Ерлі-зайыпты адамдардың дүниесі ортақ емес. Егер әйелі дүниесін бөлек жинаймын десе шариғат бойынша ақысы бар. Ондай жағдайда екеуінің де малы нисап мөлшеріне жетсе, екеуі де бөлек-бөлек зекет берулері керек. Ал, егер әйелі дүниесін ерінің иелігіне берем десе өз еркінде. Мұндай жағдайда дүниелері нисап мөлшеріне жеткенде біреуі ғана зекет береді.

Сұрақ: Молдасы жоқ ауылдық жерде Құран білетін адам тауып неке кидыруға бола ма?

Жауап: Егер некенің шарттарын білетін адам болса неке кидыруға болады.

Сұрақ: 1. Сапар дегеніміз не және сапар намазы туралы толық мәлімет берсеңіздер.

2. Таң намазын күн шыққаннан кейін оқу (ұйықтап қалып) қазаға жата ма және қалай оқылады, толық па, әлде парызы ғана ма?

Жауап: 1. Сапар дегеніміз жолаушылық. Адам тұратын жерінен алыс жерге жолға шыққаннан бастап, жолаушы саналады. Жолаушының парыз намаздары қысқарады. Ғалымдардың есебі бойынша, жаяу жүрген адам үш күндік жол жүрсе, яғни, шамамен 85-90 шақырымнан астам жерге жолаушылап шықса, сапардағы адам болып саналады. Қазіргі замандағы көліктер де бұл үкімді өзгертпейді. Ғалымдардың берген пәтуасы осы. Дінімізде жеңілдік бар. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде: **«Жер жүзінде сапарда болған уақыттарыңда, көпірлердің өздеріне бір қастандық істеуінен қорықсаңдар, намаздарыңды қысқартуларыңда күнә жоқ»** («Ниса» сүресі, 101-аят), – деген. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сапарға шыққанда төрт рәкат намазын – екі рәкат етіп қысқартып оқығандығы жайлы көптеген хадистер бар. Яғни, төрт рәкат парыз намаздар екі рәкат етіліп, оқылады. Ал, ақшам намазы мен таң намазы қысқартылмайды.

Ескерту: Жолаушы тұрғылықты жерінен бөгде жерге барып, сол жерде он бес күн, яки одан да көп мерзім қалуға ниет етсе, тұрғын саналып, жолаушылық үкімінен шығады. Егер де он бес күннен аз қалуға ниет етсе, намаздарын қысқартып оқиды.

Жолаушы адам жамағатпен сол жердегі тұрғылықты имамға ұйып намаз оқыса, намазды толық оқиды. Себебі имамға бағыну шарт.

2. Қай намаз болмасын уақытында өтемелмегеннен кейін қаза етіледі. Яғни, парыз намаздар ғана қаза етіп оқылып, сүннеттері оқылмайды. Тек, таң намазын уақытында оқымаған кісі сол күні бесін намазынан бұрын парызын сүннетімен бірге қаза етіп оқиды. Таң намазынан басқаға сүннәт қосылмайды, егер қаза болса.

Сұрақ: Егер басқа бір ұлт өкілі (ер адам) Ислам дінін қабылдаса, міндетті түрде сүндеттелуі керек пе?

Жауап: Сүндетке отырғызу, аты айтып тұрғандай – кең таралған сүннет. Хадистерде сүндетке отырғызу – хазреті Ибраһим (ғ.с.) пайғамбардың 80 жасында сүндетке отыруымен басталғаны жайында айтылады. «Хазреті Ибраһим (ғ.с.) 80 жасында Каддум ауылында сүндетке отырды» (Бұхари, әнбия 8). Сүндетке отырғызу – барлық пайғамбарлардың сүннеті. Бұл жайында пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деген: «Төрт нәрсе пайғамбарлардың сүннеттерінен: сүндетке отырғызу, әдемі иіс қолдану, мисуак қолдану, үйлену».

Жалпы, сүндетке отырғызу – Исламның символдарының бірі. Өйткені, ғалымдар соғыста шейіт болған әскерлерді кәпірлерден ажыратып, мұсылман мазарына жерлеу үшін сүндетке отырғанына қарап ажыратамыз деген. Сонымен қатар, пайғамбарымыз (с.ғ.с.) 80 жасқа келіп мұсылман болғандарға да сүндетке отыруын әмір еткен. Бұл жайында бір хадисте Усаим бин Калибтің атасы былай баяндайды: «Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) келіп мұсылман болдым. Сонда пайғамбарымыз (с.ғ.с.) маған: «Денендегі түктерді алып таста және сүндетке отыр» деді. Сондықтан, басқа ұлттың адамдары Исламды қабылдаса, сүндетке отырғаны абзал. Бірақ, сүндетке отырмаймын десе, зорлық жоқ. Өйткені, бұл амал аты айтып тұрғандай, парыз емес, сүннет.

Сұрақ: Адам қайтыс болса, оған қайғырып, жылау дұрыс па?

Жауап: Бір күні пайғамбарымыз (с.ғ.с.) зиярат ету үшін қабірге барғанда, баласы жерленген зираттың жанында шашын жұлып, бетін тырнап, тағдырын қарғап-сілеп күңіреніп отырған бір әйелді көреді. Қасына жақындап, оның бұлайша зарлап жоктауының дұрыс еместігін айтпақ болғанда, Алла елшісін (с.ғ.с.) танымағын әлгі әйел: «Менің қандай қайғы-қасірет шегіп отырғанымды сен түсінбейсің, менен аулақ жүр», – деп маңына жолатпады. Сонда пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үндеместен ол жерден кетіп қалды.

Сол жердегілер күңіреніп отырған әйелге ол кісінің Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар екендігін айтқанда, есі шыққан әйел өзін қоярға

жер таппай қалады. Алла елшісі алдында әдеп сақтамағандығын өзі де байқамай қалған еді. Сол мезетте-ақ пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) үйіне жетіп барады. Есікті қақпаған күйі ішке баса-көктеп кіріп, әлгіндегі қылығына өкініш білдіріп, Расулулладан (с.ғ.с.) кешірім сұрайды. Сол кезде пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сабыр – соққының алғаш тиген сәтінде», – деп ескерткен еді. (Бухари, «Жәнәиз», 32; Мүсілім, «Жәнәиз», 15).

Иә, ең маңыздысы – сабыр. «Жазмыштан озмыш жоқ» демекші, тағдырдың жіберген ауыр сынын да ризашылықпен қабылдау керек. Шапты жұлып, бетті тырнап, тағдырды қарғап-сілеу және орынсыз сөздер айтудан тыйылған жөн.

Әрине, жақсы көретін адам (әке-шеше, аға-әпке, жары, жора-жолдас, бала-шаға) қайтыс болғанын естігенде қатты қайғырамыз. Бір жақының қаза болса, көңілдің босамауы, көзге жастың келмеуі мүмкін емес. Адамзаттың асыл тәжі біз үшін үнемі үлгі бола білген. Мәселен, пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ұлы Ибраһим жастай шетінегенде көзіне жас алған еді. Сонда қасындағы сахабалар: «Уа, Расулулла! Мұныңыз не?», – дегенде, Ол: «Көңілдер босап, көзге жас келеді. Соған қарамастан Раббымыздың басымызға салғанына наразылық танытып, Оған қарсы келетін сөздер айтпаймыз», – деген жауабы біз үшін үлкен ғибрат. Осылайша пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жалғыз ұлын соңғы рет құшағына басып бір ніскеді де: «Ей, Ибраһим, шындығында да, сенің кетуің мені қатты құлазытты», – деп көзінен жас парлаған. Бірақ Жаратқанның жазмышына қарсы ешбір сөз айтпаған.

Сұрақ: Ислам ғұламаларына, бабалар рухына Құран оқуға және қабірлерін зиярат етуге бола ма?

Жауап: Шариғатымыз Ислам ғұламалары мен әулие құлдардың, тіпті жалпы мұсылман қабірлерін зиярат етуге рұқсат етеді. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Сендерді қабірге зиярат етуден тыйған едім, енді зиярат етіндер. Өйткені ақыретті естеріңе түсіреді», – деген хадисі бар. Сондай-ақ, рухани жердің тарихымен танысу, өлілерге бағыштап құран оқу Алладан олардың игілігіне дұға тілеу – мұстахаб, яғни сауапты амалға жатады. Ал қандай да бір топ адамдарды бабалардың басына апарып, шариғатқа қайшы әрекеттер жасатып жатса, дұрыс емес. Мәселен, алдына келген адамдарға пәленше бабаңның басына

баруың керек, бағың байлаулы, ата-бабалардан бата алып жолыңды ашып береміз, пәленшенің басында қой соясың, түгеншенің басында түнейсің, ата-бабалардан бала сұрайсың деген секілді іс-әрекеттер шариятымызға қайшы. Осылардың қатарына «Ақ ана», «Ата жолы» сияқты топтарды жатқыза аламыз. Олардың бұл әрекеттері халықтың діни сауатсыздығын пайдаланып, өз мүдделеріне жетуі үшін ғана жасалынып отыр.

Шариятта рұқсат етілген нәрсе әулие-әмбиелердің құрметі үшін деп Алладан тілек сұраса болады. Бұл жөнінде толық мәліметті дінтанушы Қайрат Жолдыбайұлының «Дін мен Діл» кітабындағы «Тәуәссул» дегенді қалай түсінуге болады? Жалпы ол дінде бар нәрсе ме?» атты мақаладан қараңыз.

Сұрақ: Ислами білім алған кей жастар дастарқанға бата бермей-ақ тұрып кетеді. Жалпы «әруақтарға құран бағыштаудың қажеті жоқ, дұға жасаса жеткілікті» дегенді айтып жүр. Осы дұрыс па?

Жауап: Дастарқанға бата жасау – сүннет. Әруақтарға құран бағыштау жақсы амал. «Бата жасау, Құран бағыштау дұрыс емес», – деу уахабилік акида. Оны тыңдамау керек. Себебі олардың ақидасы біздің мазһабымызға қайшы.

Сұрақ: Біздің жақта өлік шыққан үй қонақасы береді. ҚМДБ-ның «Жерлеу рәсімдері» атты пәтуасында: «Қаралы үйден үш күнге дейін тамақ ішуге болмайды», – делінген. Сонда қайсысы дұрыс?

Жауап: Мәйіт шыққан үйге көрші-қолаң, ағайын-туыс, құда-жегжат, т.б. жанашырларының қонақасы берулеріне болады.

Сұрақ: Заң қызметкері болып, қызмет істейтін бір досымның әке-шешесі бірінен соң бірі дүние салғанда, жанашыр ағайындар әлгі жігітке қайта-қайта жылқы сойдыртқанын, ата-анасының басына күмбездеп бейіт салдыртқанын көзімізбен көрдік. Осыншама қарызды пара алмаса ол жігіт қалай өтейді? Осы дәстүріміз дұрыс па, әлде шариятта басқаша жазылған ба?

Жауап: Ол кісі мұндай қаржыны қайдан алғанына Құдай алдында жауабын өзі береді. Біздің біреуге күмәндануымыз үлкен күнәға жатады. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде: «Әй, мүміндер! Күмәннің көбінен сақтаныңдар, өйткені күмәннің кейбірі

күнә. Сыр тексермендер, біреуді-біреу ғайбаттамасын», – деген. (Хужрут сүресі, 12-аят).

Сұрақ: Біздің бір аудандағы қалыптасқан әдет-ғұрып бойынша, мәйітті күн шықпай жерлейді екен. Осы дұрыс па?

Жауап: Мәйітті мәкрұһ уақыттан басқа уақыттардың барлығында шығаруға болады. Мәкрұһ уақыт, күн шығарда, күн тас төбеде тұрғанда және күн батарда.

Сұрақ: Жақында Ақсу-Аюлы деген жерде бір ағайынның әйелі қайтыс болғанда, сол жердің молдасы, мәйіт үйден шығарылғаннан кейін далаға үстел қойып, жиналған ақша туралы «есеп» берді. Жерлеу рәсімінде осындай үрдіс бар ма?

Жауап: Бұл үрдіске де жатпайды.

Сұрақ: Жат секталардың тегін таратып жүрген кітаптары әсем безендіріліп, қазақ тілінде ұғынықты жазылған. Осыларды дайындаған қандастарымызға пәни мен ақиретке жаза бар ма?

Жауап: Елді діннен адастыру үшін түрлі айла жасап жүрген қандай пенде болмасын, Аллаһ Тағала олардың екі дүниеде де жазасын береді.

Сұрақ: Жат сектаға өткен қазақ баласы үйленгенде, неке суы сияқты христиандардың «қасиетті суларын» ішкізіпті, бұл некенің үкімі қалай болады және олардың баласы адал некеден туғанға жата ма?

Жауап: Егер де тәубеге келіп дініне қайтқаннан соң, Ислам некесімен туылса адал некеден туылған бала саналады. Ал әкесі дінінен қайтпай, оның ұлдары Ислам дінін қабылдаса толық мұсылман саналады.

Сұрақ: Хақ мұсылман деп кімдерді айтамыз?

Жауап: Мәзһабымыз (Имам Ағзам Әбу Ханифа мәзһабы) бойынша Аллаһтың барлығына және бірлігіне, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) пайғамбарлығының хақтығына иман келтірген әрбір пенде мұсылман саналады. Алайда, иманның әлсіреп-күшейуіне, Аллаһтың әмірлерін орындауына қарай Жаратушы иеміздің құзырында жоғары-төмен дәрежелі болады.

Сұрақ: Алматы қаласының имамдары, мешіттің молдалары, құдайдың барлығына сенбейтін Исламның шарттарына қарсы атеистерге, коммунистерге, табытқа салынатын өлген кісілерге намаз шығарып жүр, бұлай ету дұрыс па?

Жауап: Адамның мұсылман немесе мұсылман еместігі соңғы демінің шығу сәтіндегі сөзі кәлима айту, яғни Аллаһқа иман келтірмеуімен анықталады. Сондай-ақ, өмірінің соңғы сәттерінде иман келтіргендігін білдіріп, мұсылманша жерленуін өсиет еткен болса, мұсылман саналады. Бірақ мұсылман адам табытпен жерленбейді.

Сұрақ: Әкесі мұсылман, шешесі мұсылман деп, — өмірінде өз иманын өзі айтаған адамдарға намаз шығарылып жүр, бұл дұрыстыққа жата ма?

Жауап: Мұсылман отбасында дүниеге келіп, Ислам тәрбиесімен тәрбиеленген перзент, күпір сөзін айтпаған болса жаназасы шығарыла береді.

Сұрақ: Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) оқыған намаздарының оқылу жүйесін қандай кітаптан оқып білуге болады?

Жауап: Төрт мәзһабтағы көрсетілген намаздардың барлығы да Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннеттерінен алынған. Сондықтан төрт мәзһабтың ғұламалары мақұлданған намаз оқу тәртібі дұрыс саналады. Әр өлке халқының ғибадаттары бір келкі жасалуы үшін мәзһабтарға бөлінген. Біздің өлкеде, яғни Орта Азияда Имам Әбу Ханифа мәзһабын ұстанады. Сіз Пайғамбарымыздың сүннетіне сай намаз оқығыңыз келсе, осы мәзһабтың негізінде жазылған «Ғылымхал», «Мұхтасар» деген кітаптарды алып оқыңыз. Сонда жаңылмайсыз.

Сұрақ: Неке қиғанда қандай сұрақтар қойылу керек, қандай аят дұғалар оқылу керек?

Жауап: Неке қиғанда ең басты шарт, екі жақтың (екі жастың) ризашылығы сұралады. Берілетін маңрың көлемі де сол жерде куәлардың алдында айтылады. Соң, неке қиюшы өзі білетін кез-келген аят, дұғаларды оқып, екі жастың тату-тәтті өмір сүруі, дүниеге жақсы ұрпақ әкелуі үшін тағы сол секілді жақсылықтарды сұрап, бата жасайды.

Ескерту: Біздің мәзһаб бойынша уәли (жігіттің де, қыздың да атасы, не болмаса ағасы, ол болмаса інісі, т.б.) болмаса, екі жақтың да жауапты кісілерінің болуы талап етіледі.

Сұрақ: Үкімет басшыларына, облыс, аудан басшыларына таза дәретпен жүруді, бес уақыт намаз оқыған дұрыс болар еді деген үгіт сөздерді айтып жүрсіз бе? Айтып көрдіңіз бе?

Жауап: Ислам діні – жаппай адамзатқа түскен әділ дін. Бұл дінде адамды басшы немесе жұмысшы, бай, кедей деп бөлмейді. Сондықтан да дін қызметкерлерінің де міндеті, адамдардың арасын бөле жармай Исламның тазалығы мен құндылықтарын уағыздауы қажет. Уағыздалып та жатыр. Сонымен қатар асыл дініміз зорлауға мәжбүрлемейді, әрбір азаматты Исламның шарттарын өз ақыл-санасымен орындауға шақырады.

Сұрақ: Баламды жетіге толғанда сүндетке отырғызуға мүмкіндік болмай қалды. Біреулер: «сегіз жаста отырғызуға болмайды, тағы бір жыл күт», – дейді. Негізі неше жаста сүндетке отырғызу керек?

Жауап: Сүндетке отырғызу Ибраһим пайғамбардан (а.с.) жалғасып келе жатқан сүннет. Исламды қабылдаған мұсылман қай жаста болса да тазалығының кәміл, ғибадатының толық болуы үшін сүндетке отырғызылады. Сондықтан да мұсылмандар дүниеге келген перзенттерін 12 жасына дейін сүндетке отырғызуы ләзім. Ол 7-ге тола ма 8-ге тола ма ешқандай айырмашылығы жоқ.

Сұрақ: «Ағузу биллаһи минаш-шәйтанир-ражим», – сөзі Құранның басында да аяғында да жазылмаған. Молдалар сүрелерді оқығанда осы сөзбен бастайды, Құдай сөзінен бұрын сайтанды ауызға алу дұрыс па? Мұның мәнісін түсіну қиын.

Жауап: «Ағузу биллаһи минаш-шәйтанир-ражим», – сөзі, «Аллаһтың қарғысына ұшыраған шайтанның азғыруынан Аллаһқа сиынамын», – деген мағына береді. Аллаһ Тағала Қасиетті Құран Кәрімде: «Құран оқысаң, (ең әуелі) қарғыс атқан шайтанның азғыруынан сақта деп, Құдайға сиын, Одан пана тіле», – деген. («Нахыл» сүресі, 98-аят) Сондықтан да біз осы аятқа сүйенеміз.

Сұрақ: Ана құрсағындағы сәбидің мүгедек туатындығы белгілі болса, не істеу керек?

Жауап: Әйелдің жұмыртқа жасушасы мен еркектің аталық спермасы бірігіп ана құрсағына жабысып қоректенге бастағаннан-ақ оны (эмбрион) белгілі уақыттан кейін дүниеге келетін бала (адам) деп қарауымыз керек. Бұл балаға (эмбрион) қарсы жасалатын әрекет пен дүниеге келген сәбиге қарсы жасалатын

әрекет арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Исламда ана құрсағындағы баланың түсуіне себеп болған адам жаза ретінде құнын төлейді; бұл жаза құрсақтағы сәбидің адам санатына жататындығының бір дәлелі.

Бұған қоса көп жағдайда дәрігерлердің сараптама нәтижесі дұрыс болмай жатады. Бұған мысал ретінде жақын танысымның басынан өткен оқиғаны келтіре кетейін. Оның әйелі аяғы ауыр болып, 3-4 айдан кейін медициналық сараптама нәтижесінде құрсақтағы шарана «синдром дауна», яғни мүгедек болып дүниеге келеді, дұрыс адам болмайды, алдыру керек дейді. Бірақ жігіт пен жұбайы алдыруға келісімін бермеді, кейін дүниеге дені сау нәресте келді.

Сондықтан, шариғатта ана құрсағындағы сәбиді мүгедек дүниеге келеді деп өлтіруге рұқсат жоқ. Егер білікті дәрігерлер тарапынан ана құрсағындағы шарананы алдырып тастамаса, анасының өміріне қауіп төнетіні нақты анықталған жағдайда ғана оны алдырып тастауға шариғатта рұқсат етіледі.

Сұрақ: Қай жағдайда біреудің сыртынан сөз (ғайбат) айтуға рұқсат етілген?

Жауап: Ислам ғалымдары, айтып жеткізудің басқаша жолдары болмағанда, яки адамды түзету мақсатында мына жағдайларда ғайбатқа рұқсат берілетініне ортақ пікірлерін білдірген:

1. Жәбірленуші ақысын алу үшін өзіне зұлымдық жасаған адамға арызданып «ол маған мынаны-мынаны істеді» деп мемлекет басшысына, сотқа немесе сол залым адамнан ақысын алып беруге шамасы келетін адамға сыртынан сөз айта алады.

2. Жаңылыс бір әрекетті түзету және күнә жасаған кісіні дұрыс жолға салу мақсатында жәрдем сұрап, ол жайлы сөз айтуға болады. Оның ниеті тек жамандықты түзету жағында болу керек, әйтпесе, басқа мақсатта болса, онда ол харам.

3. Пәтуа сұраған кезде ғайбатқа рұқсат етіледі. Пәтуа сұраушы кісі «Әкем, бауырым, жолдасым немесе пәленше маған былай әділетсіздік жасады. Бұлай жасауы дұрыс па? Одан ақымды алып, жасаған зұлымдығынан құтылу үшін не істеуге болады?» деп айта алады. Асылы, адамдардың аттарын атамай-ақ «былайша әрекет еткен бір кісі жайлы не айта аласыз?» деуі жөн болса да, мұндай жағдайда атын атау да күнә емес.

4. Залалдың алдын алу, зиянға жол бермеу мақсатымен

мұсылман бауырын ескерту үшін насихат жасаған кезде. Біреу екінші бір адаммен ортақ жұмыс істегісі келіп, оны танитын адамдарынан келешекте бірге жұмыс істейтін адамы жайлы пікір сұраса немесе оған аманат табыс еткісі келсе не онымен көрші болғысы келсе, оны танитын кісі ешқандай жаман ниетсіз оның кемшіліктерін ашық айтып, ол жайлы мәлімет бере алады.

5. Іштей еш дұшпандық ойлап кемсітпестен, тек таныту мақсатында «ана ақсақ кісі ше» немесе «ана соқыр кісі бар еді ғой» деп айтуға болады. Басқа сыпайы сипаттарымен таныту мүмкін болса, сол сипаттарын қолданып танытқан абзал.

6. Ашықтан-ашық күнә істеп, бұдан еш ұялмаған, тіпті, жасаған күнәларын мақтан тұтқан пасық адамның сыртынан сөз айтуға болады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Пасық пен күнә жасаудан қысылмай жария ететін (мужаһир) адамдардың сыртынан айтылған сөз ғайбат болмайды» (Мүслім, Зу'д, 52) десе, тағы бір хадисінде «Ұяттан жұрдай болған адамның ғайбаты жоқ» (Бәйхақи, Сунән, X, 10; ән-Науауий, Нузъатуль-муттақин шарху Риядус-Салихин, Бейрут, 1991, 2/271-273) дейді.

Сұрақ: Субһа намазы дегеніміз қандай намаз?

Жауап: Субһа намазы – «дәрет намазы» деп аталады. Яғни, бұл дәрет немесе ғұсыл алған соң оқылатын екі рәкат намаз. Бұл намазды оқу – мәндүп. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай дейді: «Кімде-кім дәрет алып, одан кейін екі рәкат намаз оқыса және осы екі рәкатқа жүрегін терең салса, жәннат уәжіп болады» (Бұхари, Уду, с 24. Мүслім, Таһарат, 5).

Сұрақ: Құран Кәрім қай уақытта, Інжіл қай уақытта жіберілген?

Жауап: Құран Кәрім осыдан XIV ғасыр бұрын Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) түсірілген. Ал Інжіл Мұхаммедтің (с.ғ.с.) пайғамбарлығынан 600 жыл бұрын Иса (ғ.с.) пайғамбарға түскен.

Сұрақ: Құранның қазақша аудармасын намаз оқуға пайдалануға бола ма?

Жауап: Намазда Құран Кәрім тек араб тілінде оқылады.

Сұрақ: «Хазірет», «молла» деген сөздер араб тілінде қандай мағына береді?

Жауап: «Хазірет» араб тіліндегі «Хазрат» деген сөзден

туындаған. Қазақша «мырза» деген мағына береді. Бұл жоғары дін басшыларына берілетін діни лауазым. Ал «молла» деген сөз парсы тілінен енген. Дін ілімін үйренген алдыңғы қатарлы кісілерге айтылады.

Сұрақ: Шошқа баққан немесе оның етін сатқан адамдар өлсе, оған жаназа намазы оқыла ма?

Жауап: Доңыз етін сатқан кісі де, оны баққан кісі де шариғат бойынша күнәһар болады, бірақ діннен шықпайды. Сол себепті ондай кісі дүниеден өткенде жаназасы оқылады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әр мұсылманның ол ер, не әйел болсын, үлкен не кіші болсын, күнәһар болса да күнәһар болмаса да жаназаларын шығарындар», – деген.

Сұрақ: Қазақ қыздары орыс пен сыған секілді өзге дін өкілдеріне тұрмысқа шығып жатыр. Олар өлгенде жаназа намазы шығарыла ма?

Жауап: Өзін мұсылман санайтын әйелдің өзге дін өкілдеріне тұрмысқа шығуы – харам. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде: «Мүшірік әйелдерге олар қашан иман келтіргенге дейін үйленбендер. Азат мүшірік қатыннан мүмин күн артық. Егер сендерді қызықтырса да. Және иман келтіргенге дейін мүшірік ерге мүмин әйелдерді де тұрмысқа шығармандар», – деген. (Бақара сүресі, 221-аят).

Ондай әйелдердің жаназасы шығарылмайды да, мұсылмандар зиратына жерленбейді.

Сұрақ: Біздің жақта 4-5 жылдан бері өлген қазақтарды аяғын құбылаға, басын солтүстікке қаратып қойып жүр. Бұлай жасау жерлеу рәсіміне қайша емес пе? Дұрыс болмаса бұл зираттарды не істеу керек?

Жауап: Шариғатымызда мәйіт қабірге қойыларда оң иығы құбылаға қаратылады. Мәйіт қабірге шариғатқа сай қойылмаған жағдайда бұзылмаса, қайта ашылып, құбылаға қаратылып, дұрыстап жерленеді.

Сұрақ: Құбыла қалай анықталады?

Жауап: Аллаһ Тағала қасиетті Құран Кәрімде: «Жүзінді Мәсжид әл-Харам жакқа бұр. Қайда жүрсендер де жүздерінді солай қаратындар», – деген. (Бақара сүресі, 144-аят).

Біздің құбыламыз осы аятқа сәйкес Мекке қаласындағы қасиетті Байтуллаһ – Қағба. Бүгінгі таңда ғылымның жетістігімен

қай жерде, қай қалада болсаңызда құбыланы оңай табу үшін арнаулы компас шыққан. Соны пайдалану қажет.

Сұрақ: Кей мешіттерде Құран бағыштауды сұрап барсаң, Құран оқудың орнына қанша ақша алғандарын көрсететін, «оқылды» деген белгісі бар түбіртек қағаз берумен шектеледі. Шарият бойынша осы дұрыс па?

Жауап: Мешіттерге садақа бергенде садақа берушіге түбіртек беру шарт емес.

Сұрақ: Біздің жақтың молдалары: «Стамбұлда 40 қари Құран Кәрімді бір күн де тоқтатпай оқып отыр, біз болсақ сол оқылып жатқан Құранның сауабын бағыштаймыз», – дейді. Осы ақиқат сөз бе?

Жауап: Бұл сұрақ біздің құзырымызға кірмейді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Менің үмметімнің ғибадатының ішіндегі ең абзалы Құран оқу», – деген. Жалпы Құран Кәрімді қай жерде оқыса да сауба мол.

Сұрақ: Жазушы Шерхан Мұртазаның бір сұхбатында: «Қиналғанда сүйеніш болуы үшін Аллаһқа сену керек», – дегенін естідім. Тағы біреулер: «Жігер-күші әлсіз адамдар ғана Аллаһтан пана іздейді. Өз-өзіне сенген адамға зейнет жасына жеткенше намазға жығылудың қажеті жоқ», – дейді. Сонда, қиналғанда сүйеніш болу үшін ғана намаз оқуымыз керек пе?

Жауап: Намаз оқу Аллаһ Тағаланың бес парызының бірі. Яғни, балиғат жасына толған мұсылман ер және әйелге қандай жағдайда болмасын, басынан қандай күй кешпесін намазын үзбеу керек. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде: «Намаз мұминдерге белгілі уақытта парыз етіледі», – деген. (Ниса сүресі, 103-аят).

Сұрақ: Дәрет алғанда мойынға, құлаққа масих тартамыз. Ал «Сахих әл-Бухари» еңбегінде бұл туралы бір ауыз сөз көрмедім. Сонда бұл жасағанымыз дұрыс болмағаны ма?

Жауап: Дәрет алғанда мойнына, құлағына мәсіх тарту сүннет, сіз айтып жатқан «Сахих әл-Бухари» еңбегінде бұл жайлы айтылмаған болса да басқа ұлы имамдардан риуаят етілген хадистер бар. Бір су алумен бүкіл басқа екі құлақпен қоса мәсіх тарту – сүннет. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) дәрет алған кезінде осылай жасаған және «...екі құлақ бастан саналады», – деген.

Ал мойынға мәсіх тарту мұстахаб, кейбір ғұламалар сүннет деген. Бұл парыз болмаса да, көп сауап алу үшін жасалады.

Сұрақ: Кейбіреулер «тоқыма шұлықтың сыртынан мәсіх тартуға болады» дейді, ал «Сахих әл-Бухариде» пайғамбарымыздың «жаураб» (теріден жасалған шұлық) сыртына мәсіх тартқаны ғана айтылған. Ал, тоқыма шұлық сыртынан мәсіх тартуға рұқсат па?

Жауап: Шұлықтың сыртынан мәсіх тартылмайды. Мәсіх тек қана су өткізбейтін мәсіге тартылады.²

Сұрақ: Үтір намазы уәжіп пе, әлде нәпіл намазға жата ма?

Жауап: Үтір намазы имам Ағзам Әбу Ханифа (р.а.) мазһабында уәжіп амалына жатады.

Сұрақ: Кейбір адамдар: «тарауих намазын сегіз рәкат оқыған жөн» дейді, дұрыс па? Жалпы тарауих намазының оқылу тәртібі қалай?

Жауап: Тарауих намазы жайлы ұлы ғалымдар түрлі пікір айтқан. Ал ұлы имам Әбу Ханифа (р.а.) мазһабы бойынша жиырма рәкат оқылады. Өйткені бұл мазһаб еңбегін жазған ұлы ғұламалар осы шешімге келген.

Сұрақ: Әйелдерге жалаңаяқ түрде намаз оқуға бола ма?

Жауап: Егер де әйелдердің аяғы тобығына дейін жабылған болса, жалаңаяқ күйінде Әбу Ханифа (р.а.) мазһабы бойынша намаз оқуына болады.

Сұрақ: Мұсылман адамға зәрмен (уринамен) емделуге рұқсат па?

Жауап: Емделуіне болады.

Сұрақ: Бауыздалмағаны анық құс етін (окорачканы) біреулер «бисмиллаһ» сөзін айтып жеуге болады дейді. Сонда тоқпен өлтірілген құстың еті қалай халал бола алады?

Жауап: Жеуге болмайды. Халал емес. Ток, таяқ тағы да басқа нәрселермен өлтірілген хайуандардың еттері харам. Аллаһ Тағала қасиетті Құран Кәрімде: «Сендерге бауыздалмаған мал еті, бауыздау қан, доңыз еті, Аллаһтан басқаға бағышталып бауыздалған, буынып, құлап өлген, сүзісіп өлген мал етін, жыртқыштардан қалған жемтік етті жеуге тиым салынды (харам етілді)», – деген. (Мәйда сүресі, 3-аят).

Сұрақ: Банктерден несие алу, депозитке ақша салу өсімге жата ма?

Жауап: Банктерден несие алу, депозитке ақша салу өсімге жатады.

Сұрақ: Маңғыстауда кісісі қайтыс болған үйлер Арафа күні «әруақтар дәметеді» деп «шектік» деген садақа жасайды, осы дұрыс па?

Жауап: Садақаны кез келген күні беруге болады.

Сұрақ: Ағайын-туманың тойына барсаң, дастарқанға арақ қояды. Мұндай жерге бармаймын десең, ағайын-тумадан айырыласың, сонда не істеген жөн?

Жауап: Дастарқанға арақ қоятын орындарға бару – шариғат бойынша харам. Ал ағайын-тумалармен жақсы мәміледе болу үшін тиісті шартты оларға өзіңіз түсіндіріңіз.

Сұрақ: Айт намазынан кейін бірден бейіт басына бару керек пе, әлде үйге барып құрбандық шалған жөн бе? Қарағандыдан шығатын «Криминальные новости» газетінде берген сұхбатында осы өңірдің бас имамы Қанат Сансызбаев бұл туралы: «по окончании пропевети имама люди должы посетить кладбище, почтить память умерших и только после этого приступить к обряду жертвоприношения» депті, шарият бойынша осылай ма?

Жауап: Әбу Ханифа (р.а.) мазһабында алдымен құрбандық шалу уәжіп. Сондықтан, алдымен уәжіп амалы орындалады. Ал, қабірдің басына бару тек қана жақсы амалға жатады.

Сұрақ: Елімізде қаптап жүрген миссионерлердің жымсықы әрекеттерін дәлелді түрде әшкере ететін кітапшалар мен Ислам әліппесін шығаруды неге қолға алмайсыздар? Әлхамдулиллах, қазір демеуші болар бауырларымыз бар емес пе? Солардың көмегімен әлгіндей кітап шығарып, тарату қиын емес қой.

Жауап: Бүгінгі күнде кітапшалар сол демеушілердің көмегімен қолдан келгенше жарыққа шығуда. Келешекте де жоспарларымыз бар.

Сұрақ: Менің мектеп жасындағы сінлім бір жылдан бері намазға жығылып, баршамызды қуанытып жатыр. Бірақ дінге шақыру үшін жақындарының барлығын кінәлап, өзінен басқаларды «бұрыс жолдағы адамдар» деп жаппай

алыстатуда. Сондай-ақ, ол түрлі діни тақырыптағы дискіге жазылған уағыздар тыңдайды. Біз оны теріс ағымға кіріп кетті ме деп алаңдаудамыз. Сіңліме осы мәселеде қандай ақыл-кеңес айтасыздар?

Жауап: Әрине, жастайыан Алланың ақ жолына түсіп, намаз оқып, Аллаға құлшылық етуі өте қуантарлық жағдай. Ал сіздерге «Намаз оқыңдар» деп Алланың хақ жолына шақыруы – Алланың әмірі. Бірақ Алланың хақ жолы Исламға адамдарды қалай шақыруымыз керек?

Ұлы Жаратушымыз қасиетті Құран Кәрімде Мұса пайғамбарға (с.ғ.с.) және оның інісі Харунға былай бұйырады: «Екеуің Перғауынға барыңдар, өйткені ол шектен шыққан. Оған сыпайы сөз сөйлендер, мүмкін үгіт алар немесе қорқар» («Таха» сүресі, 43-44-аят). Яғни Ұлы Жаратушымыз шектен шығып, өзін құдаймын деген Перғауынның өзін сыпайы, жұмсақ сөзбен дінге шақыруларын бұйыруда.

Ал тағы бір аятта: «(Мұхаммед с.ғ.с.) оларға Алланың мейірімі бойынша, жұмсақ сыңай байқаттың. Егер тұрпайы, қатал жүректі болсаң еді, әрине олар маңайыңнан тарқап кетер еді. Сондықтан оларды кешірім етіп, олар үшін жарылқау тіле де, іс жөнінде олармен кеңес қыл. Сонда қашан қарар берсең, Аллаға тәуекел ет. Негізінен Алла тәуекелшілерді жақсы көреді». Яғни, бұл аятта да егер Алланың мейірімімен пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мекке халқын жұмсақ сөзбен, көркем мінезбен Исламға шақырмағанда, олардың маңайына жоламайтындығын айтуда.

Жоғарыда айтылған екі аятта да бізге Исламға, Алланың хақ жолына шақырудың әдісін үйретуде. Сондықтан кімді болмасын дініміз Исламға шақырғанда жұмсақ сөзбен, сыпайы, көркем мінезбен шақыруымыз керек. Сонымен қатар, адамдарға «намаз оқымасаңдар, адасқансыңдар» деген сияқты сөздерді айтуға болмайды. Егер айтқан адам ондай болмаса, сөз айналып өзіңізге келетіндігін пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтып кеткен. Тағы бір айта кететін мәселе, дүкендерден діни кітаптар немесе дискілерді сатып алғанда абай болыңыздар, тұрғылықты жеріңіздегі имамдардан немесе Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына телефон шалып сұраңыз, сізге дұрыс-бұрысын ажыратып береді. Өйткені, қазіргі кезде неше түрлі ата дінімізге

үш қайнаса сорпасы қосылмайтын ағымдар шығып, кітапшалар мен дискілер шығарып, жастардың санасын улауда.

Сұрақ: Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Иті және суреті бар үйге періште кірмейді» деп айтылған. Біз өмірден қайтқан адамдардың суретін естелік етіп бөлмеге қойдың. Алып тастайын десем, ата-анамның наразылығына қалам ба деп ойлаймын. Бұл суреттер менің ғибадат етуіме кедергі бола ма?

Жауап: Расында, пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Періштелер сурет тұрған және ит болған жерге кірмейді...» (Бұхари, Бәдул-халк, 7-17; Мағазы, 12; Либас, 88-94; Муслим, Либас, 81-83) деген хадисі бар.

Ит ұстаған үйге періштелердің келмеуі иттің ластығы не діни тұрғыдан нәжіс саналатындығынан болса керек. Бірақ, оның басқа да себептері болуы мүмкін. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Егер иттер де жеке басына үмбет болмағанда, оларды қырып тастауға бұйрық берер едім», (Әбу Дәуд, Әдәби, 22; Тирмизи, Сайд, 16-17; Нәсәи, Сайд, 10; Ибн Мәжа, Сайд, 6) – деген хадисі табиғаттағы экологиялық тепе-теңдіктің сақталуында иттердің де өз үлесі бар екенін білдірген тәрізді.

Негізінде, пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) «Періштелер тірі жандылардың суреті ілінген үй мен иті бар жерге кірмейді» деген хадисіне байланысты ғалымдар түрлі пікір өрбіткен. Кейбір ғалымдар бұл жерде ниеттің өте маңызды екенін ескеріп, яғни суреттің ешқандай құлшылықпен, табынумен байланысы жоқ болған жағдайда, намазға тұрған адамның құбыла жағынан басқа қабырғаларға сурет ілуге рұқсат бар екенін айтады.

Ислам дінінде суреттің тыйым салынуына қатысты көптеген себептер бар. Ең алдымен сурет немесе мүсіннің тыйым салынуына Исламнан бұрынғы надандық дәуірдің әсері болғандығын ескергеніміз абзал. Яғни пұттарға табынудан енді ғана арылған қауымға көне, жаңсақ сенімдердің қайта сіңісіп кетпеуі үшін пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сурет немесе мүсінге байланысты қатаң ескертулер жасаған еді.

Сұрақ: Мұсылманның дүниені тәрк етіп, дінге берілгендіктен үйленбеуіне бола ма?

Жауап: Жоқ, болмайды. Исламда дінге беріліп, дүниені тәрк ету деген нәрсе жоқ.

Сұрақ: Үйлену үшін талап етілетін дүние-мүлктің мөлшері қанша?

Жауап: Жігіттің табысы отбасын асырауға, үй-жайын жабдықтауға жететін болуы керек. Қалың малды аса көп беру, үйді шамадан тыс жиһаздау адамды әлекке салатын бос нәрселер. Бұлар бос әуре әрі жақсылығы жоқ істер болып саналады.

Сұрақ: Есік көрмеген қыз алған жөн бе әлде жесірге немесе ажырасқан әйелге үйленген дұрыс па?

Жауап: Есік көрмеген қызға үйлену абзал әрі жақсырақ. Дегенмен, жесірге яки ажырасқан әйелге үйленудің де айыбы жоқ.

Сұрақ: Бойдақтарға үйленбей шыдауға көмектесетін оразадан да өзге жол бар ма?

Жауап: Иә, бірнеше жол бар. Олар: бөгде әйелдерге көз салудан аулақ болу, Құранды көп оқу, әдепсіз фильмдерді көрмеу, жыныстық қатынастар туралы жазылған хикаялар мен кітап-журналдарды оқымау.

Сұрақ: Көптеген адамдар үйлі-баранды екендіктеріне қарамай зина жасауға барады. Сонда олардың жасап жүрген тірліктеріне қандай баға береміз?

Жауап: Әлбетте, олардың жасап жүргендері дұрысқа жатпайды. Олардың имандары әлсіз болғандықтан өз жұбайларын қанағат тұтпай, көрсеқызарлыққа салынып, нәпсіқұмар болып жүр.

Сұрақ: Әйелдер арасында әділдік, теңдік жасаудағы мақсат не?

Жауап: Талап етілетін әділдікке: ішкізіп-жегізу, киіндіру, жұбайларының жанына кезекпен түнеу жатады. Осы мәселелер жөнінде еркектің әйелдерінің біреуіне артықшылық беруі харам. Әйелдер ешқандай қысым мен зорлыққа ұшырамауы керек. Ал жүрекпен берілуі мәселесінде әйелдер арасында теңдік сақтау талап етілмеген. Өйткені, адам баласы жүректің қалауына ие емес (жүрекке әмір жүрмейді).

Сұрақ: Әйелдердің барлығына бірдей қарап әділ болуға ер адамның ерік-жігері жете ме?

Жауап: Иә. Аллаһ Тағаладан қолдау сұрап, өзі соны қаласа, ерік-жігері жетеді.

Сұрақ: Олай болса, Аллаһ Тағаланың: «Қаншалық тырыссаңдар да, әйелдердің арасында әсте әділдік істей алмайсыңдар...» (Ниса, 129) дегенін қалай түсінуге болады?

Жауап: Бұл аятта шын жүректен жақсы көру сөз болып отыр. Яғни, жақсы көру мәселесінде қанша тырыссаңдар да, әйелдеріңнің арасында әділдік қыла алмайсыңдар. Өйткені, біреуінен гөрі басқасын жақсы көріп, жүректің құлай берілуіне адам баласы қарсы тұра алмайды, теңдік жасауға күші жетпейді. Адам баласына бұл үшін кінә қойылмайды. Бірақ, басқадай қарым-қатынаста зұлымдық жасамау шарт. «...Ендеше (біреуіне) мүлде ауып кетіп, өзгесін жіпсіз байлағандай етіп қоймандар...». Яғни, еркектің жүрегі басқа әйелдеріне қарағанда, біреуіне көбірек ауып кетіп, екіншісі «жіпсіз байланғандай» күйге түспесін, күйеуім бар дейін десе, күйеуі жоқ, жесірмін дейін десе, күйеуінен ажыраспаған, яғни не істерін білмей әрі-сәрі күйге ұшырамасын. Айша анамыздан жеткен хадисте: «Аллаһтың елшісі (барлық) әйелдерін бірдей көріп, белгіленген тәртіпке сай әділ қарайтын. Сосын: «Ей, Аллаһ, бұл менің шамам жеткен нәрселерде бөлгенім. Ал Өзің не болып, мен не бола алмай жатқан істе мені кінәламағайсың!» дейтін еді», – делінген.

Сұрақ: Әйелдерінің барлығына бірдей әділ қарауға шамасы жетпеген еркекке көп әйел алу харам ба?

Жауап: Иә, мұндай жағдайда еркекке көп әйел алу – харам.

Сұрақ: Жұмақта «Хурулайн» атты қыздардың бар екенін жоққа шығаратын мұсылман әйелдің үкімі не?

Жауап: Құдай сақтасын! Ол әйелге дереу тәубаға келіп, иманын күшейту керек. Сондай-ақ, жұмақтағы нығметтер қатарында еркектер үшін Хор қыздарының бар екеніне сену ләзім. Жалпы күйеуі жәннатта Хор қыздарының жанында болса, ол жақсы емес пе?! Егер бұл әйелдің өзі де игі амалдарымен жәннатқа кірсе сансыз неғметтер мен сый-сияпаттар парыз етіледі. Тозаққа түскен әйел қандай жаман әйел әрі жаһаннам нендей жаман орын?

Сұрақ: Бие сүті мен қызымға қатысты шарият үкімі қандай?

Жауап: Биенің саумалы халал. Өйткені, жылқы еті төрт мәзһаб бойынша халал болып саналады. Еті халал малдың сүті

де адал. Тіпті бие сүтінің өзге мал сүтіне қарағанда пайдасы молырақ. Бие сүтінің химиялық құрамы пайыз есебімен алғанда мынадай болып келеді: қант – 6,7, жалпы белок – 2,0, казеин – 50,7, альбумин және глобулин – 49,3, минералды тұздар – 0,3, құрғақ заттар – 11,0 пайыз. Бие сүті өзінің химиялық құрамы жағынан басқа малдардың сүтіне қарағанда өзгеше.

Ол, әсіресе, лактозаға бай. Оның құрамында 120-ға жуық әртүрлі химиялық заттар болады, оның ішінде 25 түрлі амин қышқылы, 20 түрлі минералды заттар, 7 фермент, 4 түрлі сүт қанты, 3 түрлі гормондар, липоидтер, лимон қышқылы, т.б. бар. Биелерді өріске жайған жағдайда В витаминінің мөлшері шамамен 2 есе артады. Сүттің химиялық құрамы мал жеген шөптің түрлеріне қарай да өзгеріп отырады. Бие сүтінің майында өзге малдың сүтінде кездеспейтін октодекадиен және басқа қышқылдар болады. Фосфор, калий және кальций, магний тотығы мол кездеседі. Сиыр сүтіне қарағанда бие сүтінде лактоза 1,5 есе, С витамині 10 есе көп болады. Бие сүті, сондай-ақ В, А, Е тобындағы витаминдерге және басқа да биологиялық заттарға бай.

Ал биенің қымызына келсек, оның да пайдасы зор. Қымыздың әсерінен асқазан сөлінің бөлінуі жақсарады, тәбеті артады, астың қорытылуы жақсарады. Қазіргі медицинада қымызды антибиотиктермен және басқа да дәрі-дәрмектермен байланыстыра отырып, өкпе, сүйек және бүйрек туберкулезін, ішек-қарын және жүрек, қан тамырлары ауруларын емдегенде, сондай-ақ витаминдер жетіспегенде, зат алмасу бұзылғанда қолданады. Қымызды жүйелі түрде қабылдаудың әсерінен өкпенің сыйымдылығы, кеуде клеткаларының шебері ұлғаяды, тыныс алу, зат алмасу жақсарады, қан құрамындағы гемоглобин мөлшері артады, ақ қан түйіршіктері, егер олар жоғары болса, қайта қалпына келеді, ал, қызыл қан түйіршіктерінің шөгу рскациясы жиілесе, қайта төмендейді. Жүйке жүйесі де қымыздың әсерінен тыс қалмайды. Қымыз ішкен адамның бойында сергектік пайда болады.

Осындай пайдалы қымызды халал емес деп айтуға болмайды. Хәк тағала әрбір нығметін адамның пайдасына берген. Мысалы, қауын-қарбыз жазда жеуге арналған. Оны қыста рахаттанып жей алмайсыз. Сол сияқты түйе мен жылқының орындары әр басқа.

Қазақ халқында түйені көбінесе ыстық аймақта өмір сүргендер бағып, шұбатын ішеді. Өйткені шұбат аптапты күндерде ішсеңіз шөліңізді басады. Ал жылқыны көбінесе суық жақта өмір сүретіндер бағып, қымызын ішеді. Өйткені қымыз суыққа жақсы. Қымызды аптапты ыстық жерде ішсеңіз, шөліңізді баспайды, қайта шөлдете беруі мүмкін. Сондықтан шөлде өмір сүретін арабтар да бие сүтін ішпейді. Ыстық жерде қымыз тез бұзылады. Әйтсе де, қазақ халқы сонау сақтар дәуірінен бері жылқы етін жеп, қымызын ішкен соң, мінезі де соған ұқсап, осынау байтақ жерді қызғыштай қорғап келген. Алайда қазақ елінде соңғы ғасырда тың игеріліп, жылқы азайып, қазақ аттан түскенде, қымыздың орнына ішімдіктің түр-түрін ішкенде өзінің ақсүйектік геніне балта шапқандай кешкені мәлім. Ал қазіргі заманда «жығылғанға жұдырық» дегендей, жылқы еті мәкрұһ, қымызда спирт бар десек, онда біздің ұтылғанымыз.

Иә, қымыздың құрамында спирт бар. Әлсіз қымызда 1 пайыз, орташа қымызда 1,5 пайыз, күшті қымызда 1,75-тен 3,0 пайызға дейін спирт болады. Бірақ бұл спирт шараптың құрамындағы спирттен мүлде бөлек. Қымыздағы спирт табиғи жолмен пайда болған спирт. Әрі химиялық молекуласы өзгеше пішінде. Ал адамды мас қылып, ақылынан айыратын ішімдіктер жасанды жолмен бұзулы арқылы пайда болған спирт. «Қымыздың құрамында спирт бар, ендеше оны ішуге болмайды» деген адам сиырдың айранын, түйенің шұбатын да ішпеуі тиіс. Өйткені, екеуінде де қымыздықімен бірдей спирт түрі бар. Әрі айран мен шұбат біздің елге қарағанда Араб түбегінің аптапты ыстығында тез әрі қатты ашиды. Шараптың харам болуының бір хикметі де ішкен адамды есінен адастыруы әрі ол адам организміне аса зиянды нәрсе. Ал қымызға келсек, әсте олай емес. Атам қазақ мың жылдан бері қымыз ішіп келеді. Тарихта «пәлен жерде қымыз ішіп мас болып, есінен таныпты яки, қымыз ішіп ақыры өмірі қор болып, отбасын ойран етіп өліпті, дегенді естіп-білген жан бар ма екен?! Қайта ол қазақтың қазақ болып ұзақ өмір сүруіне арқау болған. Егер қымыз шараппен тең болғанда, бұдан мың жыл бұрын-ақ қазақ топырағынан шыққан фикъ ғұламалары харам деп тыйым салар еді де, ол қазақ ортасынан әлдеқашан аласталған болар еді. Алайда ешбір кітапта ондай пәтуа кездеспейді. Бірақ қымыз бен бозаны тең тұтуға мүлде болмайды.

Боза – ішімдіктің бір түрі. Көшпенді қазақ халқы қымыз тұрғанда бозаға қарамаған. Әрі мұсылман болғандықтан, оның харам екенін де білген. Өйткені оның әсері шараптай болмаса да, сырадай болғандықтан, көп ішкен адамды есінен алжастырады.

Жылқы сүтінің адалдығына қатысты ғалымдар арасында ауыз бірлік бар. Өйткені, Ислам дінінде «Бір жануардың еті халал болса, онда оның сүті де халал, ал еті харам болса, сүті де харам» деген қағида бар.

Жылқы сүтінің ашуы яки бұзылуы арқылы ішімдікке ұқсас спиртке айналар бір мәселесі болғанда сөзсіз пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тыйым салар еді. Алайда хадистерде жылқының етіне рұқсат берілгені айтылып, сүті жайында ешбір хадис кездеспейді Һәм атам қазақ кеше яки бүгін ғана мұсылман болған халық емес. Қазақ халқының мұсылмандық тарихы мың жылдан асып жығылады. Осы ғасырларда түркі топырағында жүз мыңдаған ғұламалар шыққан. Егер қымыздың адамды аз да болса мас қылатын бір әсері болғанда сөзсіз түркі жұртының ғалымдары «харам» дер еді. Қазақ топырағынан шыққан әс-Сығынақи тәрізді факиһ ғұламалар харам мәселесіне келгенде бізден әлдеқайда сақ әрі тақуа Һәм ілімі ұшан-теңіз болатын. Алайда бұл туралы кітаптарда «харам» деген пәтуа тұрмақ «мәкрұһ» деген үкімдері де жоқ. Имам Ағзамның өзі жылқы етін «мәкрұһ» десе, жылқының сол заманда «соғыс көлігі» етуіне байланысты айтқан. Имам Ағзамның жылқы сүтінің яки қымыздың мәкрұһтігіне қатысты үкімі кітаптарда кездеспейді.

Сұрақ: Сиқыр мен сиқыршыларға қатысты шарият үкімдері қандай?

Жауап: Сиқырдың әсер-ықпалы жайлы сахих хадистерде айтылған. Ал сиқыршы туралы айтар болсақ, егер ол сиқырды шайтандардан қабылдаған болса, ол имансыз (кәпір) болады, бұл туралы Құранда Аллаһ Тағала былай дейді:

«Ол екі періште: «Біз сынақ үшін келдік, қарсы болмандар (яғни, кәпір болмандар)», – деп айтпайынша ешкімге үйретпеген. Сонда да, олар екеуінен: ер-әйелдердің арасын айыратынды үйренетін еді. Олар Аллаһтан бұйрықсыз ешкімге зиян бере алмайды. Олар өздеріне зиян келтіретін, пайда бермейтін нәрсені үйренетін еді» (Бақара 2:102).

Сұрақ: «Нушра» деген не және ол туралы шарият үкімдері қандай?

Жауап: Сикырланған адамнан сикырдың арбауын кетіруді осылай атайды. Егер бұл іс сикыр жәрдемімен орындалса, онда бұл шайтан істерінен болады, ал егер бұл іс шариат заңдастырған дем салу арқылы орындалса, онда мұның ешқандай сөкеттігі жоқ.

Сұрақ: Шариат заңдастырған және тыйым салған дем салушылық не нәрсе?

Жауап: Шариат заңына сәйкес келетін дем салу кезінде (пайдаланылатын сөздер) тек Құран мен Сүннеттен алынады, тек арабша айтылады және дем салушы да, науқас та бұл сөздер тек қана Аллаһ Тағаланың рұқсат-қалауымен шипа болады деп сенеді. Мәселен, Пайғамбарымызға Жәбірейіл (а.с.) дем салған және Пайғамбарымыз өзі де көптеген сахабаларына дем салған, сондай-ақ сикырдың болатынын айтып қана қоймай, осылай дем салуға бұйырған, ол үшін ақы алуға да рұқсат еткен. Бұл туралы екі «Сахихта» да және басқа да көптеген жинақтарда келетін хадистерде айтылған.

Құран мен Сүннетке қатысы жоқ әрі арабша айтылмаған барлық нәрсеге тыйым салынады. Мұндай істер – шайтанның амалдарынан, оны пайдалану, ол сүйетін нәрселермен оған жақындау болып табылады. Мұндай істермен айналысып жүрген алаяқ, дүмше, адасушылар өте көп. Олар хақиқи Исламға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, Ислам дұшпандарының құрастырған кітаптарында жазылған бойтұмар секілді т.б. нәрселерді оқиды әрі олар адамдарды қорғайды-мыс деп түсінеді.

Сұрақ: Түрлі орындарда іліп қоятын тұмар, кәрі жілік, жүзік, жіп, таға, адыраспан секілді нәрселер туралы шариаттың үкімі қандай?

Жауап: Пайғамбарымыз: «Кімде-кім бір нәрсені ілсе, ілген нәрсесіне тапсырылады», – деген. (Ахмад, Тирмизи, Хаким).

Пайғамбарымыздың кейбір сапар кезінде алдын-ала хабаршы жіберіп жұртқа түйелерінің мойындарына ілген сіңірден т.б. соған ұқсас заттардан жасалған алқаларын кесіп алып тастауды ескерткені риуаят етіледі.

Пайғамбарымыз тағы да:

«Ақиқатында рука, тұмар (көзмоншақ), тәмәим және сикыр (тиуәлә) – ширк»; (Әбу Дауд, Ибн Мәжәһ, Ахмад)

«Кім тұмар (көзмоншақ) тақса, ол ширкке ұрынғаны», – деген. (Ахмад).

Риуаяттан: Бір күні Пайғамбарымыз біреудің қолындағы жүзікті көрді де: «**Бұл не?**» – деп сұрады. Ол: «Бұл – әлсіздіктен (құтқарады)», – деп жауап берген. Пайғамбарымыз оған былай деді:

«Ақиқатында, ол саған әлсіздікті қоспаса азайтпайды, оны лақтырып таста, егер оны алып тастамаған қалпында өлсең, онда ешуақытта (тозақтан) құтылушылардан болмайсың».

Сондай-ақ, бір күні Хузайфа (р.а.) қолына жіп байлап алған бір адамды көргенде, оны кесіп тастап және мына аятты оқығаны туралы риуаят етіледі:

«**Олардың көбі Аллаһқа серік қосқан халде иман келтіреді**». (Юсуф, 106).

Сұрақ: **Көріпкел-сәуегейлер (куһьян) туралы не айтуға болады?**

Жауап: Олар тағуттар тобына кіреді және шайтандардың достары. Аллаһ Тағала:

«**Расында шайтандар өз сыбайластарына сыбырлайды**», – деген. (Әнғам, 121).

Көріпкелдерге шайтандар түсіп, періштелердің әнгімелерінен есітіп қалған сөздерін бұларға жеткізеді, сонсоң көріпкелдер хақиқи рас сөздерге өздерінің жанынан жалған сөз қосып айтады.

Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деген:

«**Шайтандар кімге түседі, сендерге хабар берейін бе? Олар әрбір өтірікші, күнәарға түседі. Олар құлақ салады, олардың көбі өтірікші**». (Шұғара, 221-223).

Сұрақ: **Құран аяттары жазылған тұмарды тағуға бола ма?**

Жауап: Бұған кейбір ғалымдар рұқсат бергенімен Абдуллаһ ибн Мас'уд (р.а.) сияқты сахабалар аятты дәретсіз былғамау, жүректің Аллаһтан өзгеге бұрылып қалмауы үшін тыйым салған.

Сұрақ: **Көріпкел-сәуегейге сенген адамның үкімі қандай?**

Жауап: Құранда Аллаһ Тағала былай дейді:

«**...Көктер мен жердегі көместі Аллаһтан басқа ешкім білмейді...**» (Нәміл, 65);

«**Көместің кілттері Оның қасында. Оны Ол Өзі ғана біледі**» (Әнғам, 59);

«**Не жасырын ғылым олардың жанында да, олар соны жаза ма?**» (Қалам, 47);

«**Оның жанында құпия білім болып, шындықты сол көре ме?**» (Нәжім, 35);

«Аллаһ біледі, сендер білмейсіңдер» (Бақара, 216).

Ал, Пайғамбарымыздың былай дегені риуаят етілген:

«Палшыға немесе көріпкел-сәуегейге келуші және олардың сөзіне сенуші – Аллаһ Тағаланың Мұхаммедке түсірген нәрселеріне қарсы келуші» (Әбу Дауд, Ахмад, Хаким);

«Палшыға келіп, одан бір нәрсе туралы сұраған және соған сенген адамның құлшылық-намазы қырық күн бойы қабыл болмайды». (Муслим, Ахмад).

Сұрақ: Жұлдыз бойынша пал ашу туралы үкім қандай?

Жауап: Аллаһ Тағала Құранда былай деген:

«Ол құрлық және теңіздің қараңғылықтарында сол арқылы жол табуларың үшін жұлдыздарды жаратты» (Өнғам, 97);

«Расында Біз дүние аспанын шамдармен (жұлдыздармен) безендірдік. (Мүлік, 5);

«Жұлдыздар да Оның өміріне бағынышты» (Нахыл, 12).

Ал, Пайғамбарымыз былай деген:

«Жұлдыздарға қарап пал ашумен айналысушы – сиқырдың бір түрімен айналысады, және (мұндай пал ашудың) қанша (түрін білсе), сонша (сиқырға кіре береді)» (Әбу Дауд, Ибн Мәжәһ, Ахмад);

«Менің үмметімнен қауіптенетінім: жұлдыздарды растаулары, тағдырға сенбеулері және имамдардың әділетсіздігі».

Ибн Аббастың, ради Аллаһу аһу, «әбжәдті» жазған және жұлдыздарға қараған адамдар туралы:

«Бұлай ететіндерге Аллаһтың қасында бір несібе бар деп ойламаймын», – дегені туралы риуаят бар.

Сұрақ: Аспандағы күн мен ай, жұлдыздардан жаңбыр сұрау туралы не айтуға болады?

Жауап: Аллаһ Тағала:

«Расында берген ризыққа шүкір етудің орнына оны жалғанға шығарасыңдар ма?» – деген. (Уақиға, 82)

Ал, Пайғамбарымыз:

«Менің үмметімнің мүшелері жәһилиятқа қатысты (мына) төрт нәрседен бас тартуға (әлі күнге шамасыз болып жүр): өз ата-тегімен мақтануы, (өзгелердің) шыққан тегін айтып кемсітуі, аспан шамшырақтарына жаңбыр туралы жалбарынуы және өлгендерді қатты дауыстап жоқтауы», – деген. (Муслим, Тирмизи)

Риуаяттан: Пайғамбарымыз: «Сендердің Тәңірлеріңіздің не айтатынын білесіздер ме?» – дегенде, олар: «Аллаһ және Оның елшісі жақсы біледі», – деді. Сол кезде Пайғамбарымыз былай деді: «Аллаһ Тағала айтты: «Бүгін таң ата Менің құлдарымнан (біреулері) Маған сенушілерден болып қалады, ал (кейбіреулері) көпір болады. «Жаңбыр Аллаһ Тағаланың қамқорлығы мен мейірімділігінің арқасында жауды» дегендер Маған сенеді және аспан шамшырақтарына сенбейді, ал «Жаңбыр пәлендей шамшырақтың (орналасуына байланысты) жауды» деген, ол Маған сенбейді, аспан шамшырақтарына сенеді» (Әл-Бухари, Муслим).

Сұрақ: Тағдыр жайлы көп көзқарастар айтылады. Толғырақ әрі нақты түсіндіріп бере аласыз ба?

Жауап: Кейде өзінің жамандығын тағдырға жауып: «Тағдырымда солай болса, не істемекпін?», – деп уәж айтатындар бар. Алайда, тағдыр Аллаһ Тағаланың шексіз әділеті екендігін білгеніміз жөн.

«Пенде бір істі орындап жатқан уақытта, Аллаһ Тағала тарапынан берілген күш-қуат арқасында, шама-шарқы болады. Пенде істейтін амалын өзі қалап және шамасы жетіп орындайды» (Бахрул Калам, 2-бөлім, 145-бет).

Жалпақ тілмен айтқанда, адам өз еркімен, өзі қалап жақсы амалды да, жаман әрекетті де жасайды. Ал, Жаратушы Аллаһ Тағала әзәлі білімімен дүние жаратылған күннен бастап, қиямет күніне дейінгі үлкенді-кішілі құбылыстарды түгел білуші құдірет Иесі. Соның негізінде тағдыр жазылған. Ескере кететін жайт, тағдырға жазылғандықтан адам жақсы немесе жаман емес, керісінше, адам жақсы және жаман болатындығын Жаратушы білгендіктен тағдырға солай жазылған. Демек, пендеде таңдау құқығы бар. Яғни, жақсылықты да, жамандықты да адам баласы өзі қалап жасайды.

Сұрақ: Біз әке-шешемізге құрмет ретінде «Сіз» деп сөйлейміз. «Сен» деп сөйлеген дөрекі естіледі. Мешіттерде біреулер Аллаға «Сіз» десе, біреулер «Сен» деп жатады. Аллаға қалай сыйынған жөн?

Жауап: Иә, біз ата-анамызға және үлкен кісілерге сыпайы түрде «сі» деп сөйлеуіміз парыз. Ал, Жаратушыға «Сен» немесе «Сіз» деп

мінәжат етсек болады. Өйткені, араб тілі қағидасында арнайы «сіз» деген сыпайы түр формасы жоқ. «Сен» сөзі үлкен-кішіге бірдей қолданыла береді. Ал араб тілінде «сіз» сөзі ретінде көпше түрдің «сендерін» пайдаланады. Ал, бұл форманы Алла есімімен бірге айту қате. Сондықтан арабтар Аллаға «сен» дейді. Ал, қазақ тілінде сыпайы түр формасы «сіз» көпше түрді білдірмейді. Сондықтан, Алла Тағалаға дұға жасағанда немесе мінәжат еткенде «сіз» деп айту қате емес.

Сұрақ: Ауылдағы апаларымыз жол жүріп бара жатсаң: «Қыдыр әлейхисалам шылауында болсын» деп жатады, осыны қалай түсінуге болады? Қасиетті Құранда «Кафь» сүресінде айтылған Қыдыр пайғамбар болған ба?

Жауап: «Кафь» сүресінің 65-аятындағы: «Сонда екеуі өз тарапымыздан игілік беріп, өз қасымыздан ғылым үйреткен құлдарымыздан бірін тапты», бұл жерде «құлдарымыздың бірін» деп Қыдырды (Хыдыр) айтқан. Аяттағы «игілік»: уахи, пайғамбарлық немесе білім не ұзақ өмір. «Өз қасымыздан ғылым»: ғайып білімі немесе аян арқылы игерілетін ладунн білімі (тафсир ән-Насафи, Мадарик әт-Танзул уа Хақаниқ әт-Тауил, 310-бет).

Бұл аяттың тәпсірінен Қыдыр Алла Тағаланың өте білімді және сүйікті құлы болғанын аңғарамыз. Ал, пайғамбарлық тұсына келсек, пайғамбар немесе әулиеге елші деп айтылған үш жауап бар. Сондықтан, пайғамбар екенін жоққа шығаруға және растауға да болмайды. Өйткені, пайғамбарлардың бірін мойындамау күпірлік болғандай, пайғамбар еместі пайғамбар деп қабылдап сену де күпірлік. (шарх әл-Амали, Әли әл-Қари, 22-бет).

Сұрақ: Кімдердің діни аудио-бейне үнтаспаларын тындаған жөн?

Жауап: Бұл өзекті мәселенің бірі. Қазіргі таңда жастарға электронды құралдар арқылы мәлімет алған ыңғайлы. Оның ішінде бұл құралдармен діни уағыз насихатты да үйрену оңтайлы. Алайда, әрбір ақпарат құралын пайдаланар алдында авторын, тақырыбын және мақсатын анықтап алу қажет.

Сіз Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы тарапынан сарапталған және мешіт имамдары шығарған әдебиетті (кітап, CD, DVD таспа және т.б.) ғана пайдаланыңыз. Сонымен қатар, ҚМДБ-ның, Астананың және басқа қалалар мен облыстардағы сайттардың аудио және бейне файлдарды пайдалансаңыз болады.

Сұрақ: Сәжу сәждесі қай уақытта жасалады?

Жауап: Намазда бір артық амал жасалса, мысалы рукуьты қайта істеп қойса немесе бір уәжіб амал кем жасалса, сондай-ақ «Фәтиха» сүресі немесе одан кейінгі сүре қирағат етілмесе, алғашқы немесе соңғы ташаһүдтің біріне отырылмаса, үтір намазында «Құнт» дұғасы оқылмаса, екі айт тәкбірі айтылмаса, іштен оқылатын намазды иман дауыстап оқыса, мұндай уақытта сәжу сәждесі жасалады.

Сұрақ: Жамағат намазына кешігіп қалып қосылғанда намазды қалай аяқтаймыз, ал жұма намазына кешігіп қалып, екінші ракатына қосылсақ, жұма намазы толық орындалған бола ма?

Жауап: Жамағат намазына кешігіп қалғанда, имамның артына ұйып жамағатпен бірге сол намазды аяқтаймыз, сосын бір ракат қалса бір ракатты, ал екі ракат қалса екі ракатты, ал үш ракат қалса үш ракатты имам намазды аяқтап, сәлем бергеннен соң тұрып, қалған намаз ракаттарын толықтырамыз. Бірақ өзіміз сәлем берместен, имам екі жағына сәлем беріп болғанша күтіп, кейіннен жалғастырамыз.

Ал жұма намазынан кешігіп қалып екінші ракатына келсек, оны да басқа намаздарымыз секілді намаздың келген жерінен имамға қосылып оқимыз, ал оқи алмай қалған ракатты жалғыз бітіру қажет.

Сұрақ: Тахажжұт намазы оқу үшін міндетті түрде ұйықтап тұру керек пе, жалпы осы тахажжұт сөзі қандай мағына береді?

Жауап: Тахажжұт намазы оқу үшін ұйықтап тұру міндетті, өйткені ол сөздің мағынасы ұйқыны бұзып, құдайға құлшылық ету дегенді білдіреді.

Сұрақ: Сапарға шыққанда сүннет намаздарын оқу міндет пе? Сапарда үтір намазын оқымаса болады ма, жалпы үтір дегеннің қандай мағынасы бар?

Жауап: Сапарға шыққанда сүннет намаздары оқылмайды, ал нарыз намаздарын қысқартып оқиды. Сапарда үтір намазын оқымауға болмайды, өйткені үтір намазы уәжіб саналады, ал үтір сөзі – тақ деген мағынаны береді, сол себептен үтір намазы үш ракаттан тұрады.

Сұрақ: Намаз оқып жүрген адам оны көп уақыт оқымай

тастап кетсе, сөйтіп кейін қайта намазға бас қойса, бұрынғы қаза болған намаздарының қазасын өтеу керек пе, ұзақ ауырып төсекте жатса қалай болады?

Жауап: Намаз оқып жүрген адам оны көп уақыт оқымай тастап кетсе, кейін қайта намазға бас қоюы үшін алдымен Аллаһ Тағалаға истиғфар айтып тәубасына келуі тиіс, төсектен тұрып намаз оқуға шамасы жетсе намазын өтегені дұрыс, ал егер шамасы келмесе, ол намазды ишара етіп оқуы керек.

Сұрақ: Біздегі үлкен кісілердің көпшілігі Кеңес үкіметі кезінде үйленген, яғни некелері қиылмаған. Бүгін солардың көпшілігі намаз оқып жүр. Сондықтан некелерін шарият жолымен қидырулары керек пе, әлде бұрынғы некелері жарай ма?

Жауап: Олар некелерін қидырмағанымен, Аллаһ Тағалаға тәуба етсе, некелерін қидыруы шарт емес.

Сұрақ: Осы тақуа деген сөздің мағынасы қандай, тақуа деп кімдерді айтамыз?

Жауап: Тақуа деген сөздің мағынасы Аллаһ Тағаладан қорқу дегенді білдіреді, тақуа деп Аллаһ Тағаладан қорыққан, Оның ризашылығын қалап, Оған жақын болған адамды айтады.

Сұрақ: Біреулер өздерінің кіші дәретін, ал біреулер жас балалардың кіші дәретін ем көреді. Осы дұрыс па?

Жауап: Егер дәрігер осы нәрсені ауруға ем десе, онда осылай емделгеннің ешқандай айыбы жоқ.

Сұрақ: Әйел әуреті деген не? Жалпы әйелдердің қалай киінгені абзал? Кәзір орамал тартқан қыздарды уаһьябшы деп жүр, осы дұрыс па? Мұсылман қызы қандай болғаны абзал?

Жауап: Әйелдің басындағы жаулығы жүзінен басқа жердің барлығын, ал көйлегінің етегі екі тобығын жапқаны дұрыс, міне осы жабылуға тиісті жерлер әуретке жатады. Орамал тартқан қыз-келіншектерді уаһьяби деп айыптау дұрыс емес, тіпті шарият бойынша ешбір адамды ешқандай дәлелсіз айыптауға тыйым салынған. Ал мұсылман қызы инабатты әрі сыпайы, жалпы көркем мінезді болуы шарт.

Сұрақ: Несие беру өсімқорлыққа жатады, ал кәзіргі күні дүние жүзінің бәрі кредитпен жұмыс істейді. Сонда мұсылмандардың не істегені дұрыс? Анау күнә, мынау күнә деп отыра беру қажет пе?

Жауап: Аллаһ Тағала біреуге өсіммен ақша беруді және алуды харам етті. Мұсылман адам өзінің ақ-адал еңбегімен кәсіп етіп, қанағатшыл болғаны абзал.

Сұрақ: Хақ мұсылман деп кімді айтуға болады?

Жауап: Хақ мұсылман деп иман шарттарын толық орындап, Аллаһ Тағалаға күмәнсіз сенген адамды айтамыз.

Сұрақ: Белгілі бір себептермен биылғы оразада кейбір күндерімді қаза қылып алдым. Сөны енді өтесем бола ма? Кешігіп қалған жоқпын ба?

Жауап: Парыз ораза негізінен уақытылы өтелуі керек. Алайда ол үзірлі себептермен қаза болуы мүмкін. Шариятымызда қаза оразаны орындау үшін арнайы уақыт белгіленбеген. Дегенмен оны барынша ерте өтеген дұрыс. Себебі, ажал айтып келмейді және адам қаза оразасы өтелмей тұрып қайтыс болса, о дүниеде одан сұралады. Қазаңызды тезірек өтегеніңіз жөн.

Сұрақ: Дұха нәпіл намазы қалай, қай уақытта оқылады?

Жауап: Дұха намазының уақыты күннің найза бойы көтерілгенінен тас төбеге жетуіне жарты сағат қалғанға дейін жалғасады. Бұл намазды оқу – мәндуб. Бұл намаздың ең азы – екі рәкат. Төрт немесе сегіз рәкат оқуға да болады. Пайғамбарымыздың бір хадисінде: «Кімде-кім бұл уақытта намаз оқуды жалғастырар болса, күнәлары теңіз көбігіндей көп болса да (кісі ақысынан басқасы) кешіріледі», – делінген.

Сұрақ: Егер намаз оқып отырған жағдайда мұрын қанаса немесе жел шықса, не істеу керек?

Жауап: Намазда адамның мұрны қанап немесе аузына құсық келу секілді себептерге байланысты еркінен тыс дәреті бұзылуы мүмкін. Мұндай жағдайда адамның дәреті бұзылса да, намазы бұзылмайды. Ол сөйлеместен және басқа бір әрекет етпей тек дәретін қайта алып келген жағдайда, намазын келген жерден жалғастыра алады. Бірақ намазын қайта басынан оқыса – абзал.

Сұрақ: Етеккір кезінде зікір етуге, Алланы еске алуға, шахадат сөзін айтуға бола ма?

Жауап: Дініміз етеккір болған әйелдердің намаз оқуына, Құран оқуына және ораза ұстауына тыйым салғанымен тәсбих тартып, дұға оқуына шектеу қоймаған. Сонымен қатар, етеккір болған әйелдердің Құныт дұғасы секілді түрлі дұғаларды оқуына,

пайғамбарымызға (с.ғ.с.) салауат айтуына әбден болады.

Сұрақ: Жуырда операциядан өттім. Соған байланысты Аллаһ Тағаладан өткен қате-күнеларымның кешірілуін тілеп, саулық нәсіп етуін сұрап, бір қой құрбандық шалдым. Оның бір бөлігін көршілерімізге беріп, бір бөлігін туған-туыстарды шақырып, Құран оқытып, ас бердік. Тағы бір бөлігі отбасының тұтынуына қалды. Бұл бөліс дұрыс па, әлде түгел барлығын таратып жіберуім керек пе еді?

Жауап: Шалған құрбандығыңыз қабыл болғай. Дегенмен де, дінімізде бір мұсылман баласы көптен күпті еткен бір ісі орындалғанда я болмаса былай да бір малды шалам деп Аллаһ Тағалаға уәде еткен болса, сол уәдесінің уақыты келгенде оны орындауы керек. Бұл құрбанға «нәзір құрбаны» дейміз. Мысалы, ауырып жатқан адам «осы ауруымнан жазылып кетсем, бір қойды құрбандыққа шаламын» деп ниет еткен болса, ауруынан айыққан кезде бір қой шалуы – уәжіп.

Бұл шалынған малдың етінен, шалған адамның өзіне, балаларына, немерелеріне және әке-шешесіне, тіпті ата-әжелеріне де жеуге болмайды. Түгелдей садақа ретінде кедейлерге таратылуы керек. Шалынған құрбанның бір бөлшегі аталмыш адамдар тарапынан желінген жағдайда сол желінген бөлшектің құнын кедейлерге тарату керек. Ал уәде емес, тек өзгелердің басын қосып игі амал мақсатында тамақ беру болса, ештеңе етпейді. Ол сіздің қалай ниет еткеніңізге байланысты.

Сұрақ: Күн мен Ай тұтылғанда қандай намаз оқылады?

Жауап: Күннің тытылуын – «кусуф», Айдың тұтылуын – «хусуф» деп атайды. Бір елде Күн тұтылса, сол елдің имамы азансыз, қаматсыз халықпен екі рәкат намазды жария оқиды. Бір хадисте айтылады: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Күн тұтылғанда, қиямда ұзақ тұрып, екі рәкат намаз оқып былай деді: «Бұл құбылыстар – Алланың ұлылығын паш еткен дәлелдер. Алла осындай құбылыстармен құлдарын қорқытуды қалайды. Бұндай нәрсені көрген кезде ең соңғы парыз намазы секілді намаз оқыңдар» (Бұхари, Кусуф, 1, 17). Ай мен Күнге байланысты Аллаһ Тағала былай дейді: «Түн мен күндіз Күн мен Ай – Алланың (құдіретін көрсететін) дәлелдерінен. Күнге де, айға да сәжде етпеңдер, егер құлшылық қылатын болсаңдар соларды жаратқан Аллаға сәжде етіндер» («Фуссилат» сүресі,

41/37). Бұл аяттағы «сәжде етіндер» деген әмір Ай мен Күн тұтылғанда намаз оқу мағынасын білдіреді. Бұл намаз үлкен мешітте оқылса, абзал. Бірақ басқа жерлерде де оқи алады. Намаздан кейін имам күн ашылғанға дейін жамағатқа қарап отырып, дұға етеді. Жамағат «әмин» дейді. Ал хусуф намазы Ай тұтылған кезде әркім үйінде құпия немесе жария түрінде екі немесе төрт рәкат намаз оқиды. Әбу Ханифа мәзһабы бойынша, мешітте жамағатпен оқу сүннетте жоқ. Оқыса, артықтық болмайды. Ай тұтылуы түнде болатындықтан жамағаттың мешітке жиналуы қиындық тудырады (Касани 1. 282).

Сұрақ: Аллаһ Тағала неге сегіз жұмақ, жеті тозақ жаратқан?

Әрқайсысының атын айтып, суреттеп берсеңіздер және Ағраф туралы түсіндірсеңіздер. Ағрафқа түскендерден тозаққа жіберілетіндер бола ма?

Жауап: Әрине Аллаһ Тағала Өзінің бұйрықтарын орындап, тыйым салған нәрселерінен тыйылған пенделеріне жұмақты жаратып, өзінің бұйрықтарын орындамай қайтарған нәрселерінен тыйылмағандар үшін тозақты жаратты.

Ал енді сегіз жәннатты айтар болсақ, олар: Дарул жалал, Дарус салам, Мауа, Хулд, Нағим, Дарул Қарар, Фирдаус, Ғадн.

Әрбір жәннаттың есіктері бар:

1. «Лә, илаһа илла Аллаһ Мухамадур Расулуллаһ» калимасы жазылған есіктен Пайғамбарлар, шейіт болғандар, жомарттар жәннатқа кіреді.

2. Намазды, дәретті толық орындамағандардың есігі.

3. Малдарынан зекет бергендердің есігі.

4. Алланың үкімдерін орындап, қайтарғандарынан тыйылғандардың есігі.

5. Нәпсісін тыйғандардың есігі.

6. Хақ амалын орындағандардың есігі.

7. Алла жолында жиһадқа шығушылардың есігі.

8. Арам нәрселерге көздерін жұмып жақсы істерді орындағандардың есігі.

Ал енді жеті тозақтың аттары:

1. Сағир – жалғаншылардың түсетін жайы.

2. Лазо – зекет бермеушілердің жайы.

3. Сақар – намаз оқымайтындардың жайы.
4. Жахим – нәпсіге берілгендердің жайы.
5. Жаһаннам – екі жүзділердің жайы.
6. Хауия – Алланың бұйырғандарынан бас тартушылардың жайы.
7. Хатома – адамдар арасында іріткі салушы, шағыстырушылардың жайы.

Ағраф дегеніміз жәннат пен тозақ ортасындағы мекен. Ағрафтағы кісілер жәннатқа әлі кірмеген, бірақ кіруге үміті барлар.

Ағрафтағылар тозаққа жіберілмейді, бәлкім тозақ азаптары көрсетіледі.

Сұрақ: Отбасымен түгелдей иманға келгендер жұмақта бір жерде қауышып бірге өмір сүре ме?

Жауап: Олар бір-бірімен қауышып бірге өмір сүрулері әбден мүмкін.

Өйткені Құран Кәрімде:

«Өздері иман келтіріп, перзенттері соңынан ерген кісілерді бір жерде қауыштырамыз», – деген аят бар.

Сұрақ: Жұмақта шариат үкімі жүре ме, мәселен төрт әйел алу сияқты?

Жауап: Аллаһ Тағала шариат үкімдерін Жебірейіл (әлайһиссалам) періште арқылы Пайғамбарларға жібереді. Пайғамбарлар сол үкімдерді пенделерге жеткізеді. Пенделер дүние және ақырет рахаттарына жетуі үшін бұ дүниеде ғана шариат үкімдері жүреді.

Ал енді осы дүниеде шариат үкімдерін орындап, жақсы амал істеген пенделерін Аллаһ Тағала ақыретін жақсы қылып жәннатқа кіргізеді. Жәннатта Аллаһ Тағала Хор қыздарын дайындап қойған.

Тақуалар бір еркекке 70 хор қызы уәде етілген. Төрт әйелді айтасыз.

Сұрақ: Сегіз жұмаққа, жеті тозаққа, Ағрафқа адамдар қандай тәртіппен бөлінеді?

Жауап: Жоғарыда айтқанымыздай, жұмаққа, тозаққа адамдар жасаған амалдарына қарай бөлінеді. Ал енді Ағрафқа жәннатқа түсуге үміті бар адамдар барады.

Сұрақ: Тозаққа түсетіндердің барлығы сонда мәңгілікке қала ма, әлде тиісті азабын тартып болған соң жұмаққа жіберіле ме?

Жауап: «Лә илаһа илла Алла» калимасын айтқан кісілер жәннатқа кіреді» – деген Пайғамбарымыздың (салла Аллаһу әлейһи уә сәлләм), хадисі бар. Ал енді тозаққа мұсылман қауымының күнәһарлары да кіреді. Бірақ өз күнәларына лайықты тиісті жазасын тартқан соң жәннатқа кіргізіледі.

Тозаққа мәңгілікке қалатындар тек қана кәпірлер қауымы, яғни Аллаһ Тағалаға серік қосқандар.

Сұрақ: Төмен дәрежедегі жұмаққа түскендер одан жоғары жұмақтан үміт ете ала ма?

Жауап: Алдымен Аллаһ Тағала біздерге төменгі дәрежедегі жұмақтарды-ақ нәсіп етсін деп тілейік. Аллаһ Тағала әрбір жұмаққа түскен кісінің басқа жұмақты ойлау арманын алып қояды.

Сұрақ: Басқа діндерді ұстанатындар арасында да мінезі жібектей, жомарт, шыншыл, әділ, қайырымды адамдар аз емес, олардың ақыреттегі жағдайлары қалай болмақ?

Жауап: Аллаһ Тағаланың Рахман, Рахим деген сипаттары бар. Рахман сипаты бұ дүниеде мұсылман және кәпір қауымдарына да рақымды, ал Рахим сипаты ақыретте тек момындарға ғана рақымды.

Сондықтан да басқа діндегілердің мінезінің жібектігі, жомарттығы, әділдігі егер де Алланы бір деп білмеген болса ақыреттеріне пайда әкелмейді.

Сұрақ: Иманның алты шартының бірі жақсылық пен жамандықтың бір Алладан болатынына сену дейміз. Бұл адамдардың сынақ үшін жаратылғанына қайшы келмей ме?

Жауап: Қайшы келмейді. Өйткені бұл дүниенің өзі сынақ үшін жаратылған. Ал адамдарға ойлану үшін ақыл берілген, жол таңдау үшін еркіндік берілген.

Сұрақ: Жұмаққа түскен адам Алланың дидарын көру бақытына ие болады дейді. Шетсіз, шексіз ғаламат әлемді жаратқан Аса Құдіретті Алланы көру мүмкін бе?

Жауап: Иманды, момын пенделер Алланың дидарын көру мүмкін деп білеміз.

Өйткені Аллаһ Тағаланың жұмаққа түскен пендеме дидарымды көрсетемін деген уәдесі бар. Ал енді қалай көрінетіні бір Аллаға аян.

Сұрақ: Адам өлгеннен кейін өзінің жұмақтық, не тозақтық екенін бірден біле ме?

Жауап: Біледі. Өйткені адам қабірге қойылғаннан кейін екі періште Раббың кім? Пайғамбарың кім? – деп сұрар екен. Сонда Раббысын, Пайғамбарын таныған кісіге жәннат есіктері ашылады.

Ал Раббысың, Пайғамбарын танымаған кісіге тозақ есіктері ашылады делінген.

Сұрақ: О дүниеде үлкен-кіші, кең-тар, ұзын-қысқа, алыс-жақын т.б. дегендей өлшемдер бола ма?

Уақыт өлшемі ше?

Жауап: О дүниеде өлшемдер бұ дүниедегідей өлшемдермен өлшенбейді. Сол сияқты сағат өлшемі де жоқ. Аллаһ Тағала бізден өлшемдерді сұрамайды, істеген амалдарымыздан сұрайды.

Сұрақ: Қазіргі кезде жас қыздардың көпшілігі қастарын әдемі қылып қияды немесе жұлады, осы дұрыс па?

Жауап: Ұлы Жаратушы әрбір адам баласын көркем бейнеде жаратқан. Сонымен қатар адам баласы өзінің тамаша жаратылысына шүкіршілікпен, құлшылықпен қараса, ол өзінің бір пенде екендігінің бір нышаны.

Сондықтан да өмірлік қажеттілік, мәжбүрлік болмаса денедегі кез келген нәрсені өзгертпеуге тырысу керек. Өйткені кез келген нәрсені өзгерту арқылы соңында оны үлкен жауапкершілік күтіп тұруы мүмкін.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) осылардың барлығын ескере келе шаш жалғаған, денеге сурет салған (татуировка), сұлулық мақсатында тістерін егеулеп сиреткен, қас пен кірпіктерін жұлғандар жаратылыс сұлулығын өзгерткендігі үшін Алланың мейірімділігінен ұзақ болатындығын ескерткен.

Фиқһ ғұламалары осы хадиске сүйеніп егер де әйел адамның жүзіне мұрт, сақал өсіп жатса оларды алуға рұқсат деген. Бірақ қастарын сирету, қосымша кірпік тағудың дұрыс емес екендігін айтады. Өйткені тіс, қас және кірпік адам ағзасы болып саналады. Ал кейіннен пайда болған беттегі түктер бұл сыныпқа жатпағандықтан оларды (сақал, мұрт) алуға рұқсат деген.

Бұл түктерді ұстарамен емес, арнайы қою жабысқақ паста, ұнтақпен (пудра) немесе медициналық дәрмектермен алған жөн. Бұл жерден мынадай қорытынды шығаруға болады. Егер де сізге кедергі жасайтындай қас, кірпік арасынан түк өсіп жатса оларды

алып тастауға болады. Ал сәндік үшін қас, кірпіктерді жұлдыртуға болмайды екен. Бұл тарихта адам баласын мазалаған сұрақтардың бірі.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бір хадисінде «Аллаһ Тағала бет әлпеттегі түктерді жұлғанды да, жұлдырғанды да лағнет етсін» деген (Бұхари, Либас, 84; Мұслим, Либас, 120). Ғалымдар бұл хадистегі «түктер» дегенді әйел адамның сыртта өзге еркектерге сұлу болып көріну мақсатында қас, кірпіктерін жұлдырса дұрыс емес деген шешімге келген. Қорыта келе хадистегі «тыйым» бетке біткен жаман түктерді (сақал, мұртты) жұлмау деп емес, бөгде еркектерге сұлу болып көріну мақсатымен қас, кірпіктерді жұлмау керек деп түсінген жөн.

Сұрақ: Қандай үлкен күнәлар бар?

Жауап: Жалпы, күнә атауы үлкен және кіші болып екіге бөлінеді. Үлкен күнә дегенде, бұрыс және бос сенімдер, иманнан, діннен шығу, жеке тұлға мен қоғамның бұзылуы, адасушылық, ақыретте жазалануына себеп болған қылмыстар мен іс-әрекеттер еске алынады.

Әрине, пынайы мұсылман күнәлардың үлкен-кішісінен де ұзақ тұрады. Хақ тағала Құран Кәрімде: **«Сендерге тыйым салынған үлкен күнәлардан сақтансаңдар, кіші күнәларыңды кешеміз...»** дейді. («Ниса», 4/31).

Күнә жасаған адам күнәһар болады. Одан арылудың жолы тек Хақ тағалаға жалбарынып, тәубеге келу. Күнәні қайта жасамайтындығына сөз беру, берген уәдесінде тұру өте маңызды. Жаратушы Хақ тағала өте мейірімді. Өйткені Құран Кәрімде Аллаһ Тағала үміт үзбей тәубе еткен құлын кешетіндігін айтқан. Үлкен күнәлар сенім, құлшылық немесе күнделікті өмір ағысында жасалуы харам әрі тәрк етілуі парыз болған негіздерден тұрады.

Үлкен күнәлар көп. Олардың ішінде мына күнәларды атай кетуге болады:

Иман шарттарына қатысты үлкен күнәлар:

1. Аллаға серік қосу; 2. Алладан басқаға ант ету; 3. Діннен бас тарту; 4. Жаттаған әрі оқыған Құранды ұмыту; 5. Дүние қызығына берілу, ақыретті ұмыту, міндетін ұмыту; 6. Пайғамбарымыздың атынан жалған сөйлеу; 7. Сахабаларға тіл иігізу; 8. Дінге қасиетті болғандарды балағатату;

Исламның шартына байланысты үлкен күнәлар: 9. Бой

дәретсіз жүру, намазын бой дәретке сылтау етіп оқымау; 10. Уақыт кірмей, азан шақыру және намаз оқу; 11. Бес уақыт намазды уақытында оқымай қазаға қалдыру; 12. Себепсіз Рамазан оразасын тұтпау, ораза айында күндіз өзгелердің алдында тамақ жеу; 13. Мал-мүліктің зекетін бермеу;

Халал-Харамға қатысты үлкен күнәлар: 14. Ер мен әйелдің нәпсісін қоздыратындай етіп киіну; 15. Ердің жібектен жасалған киім киюі; 16. Әуретті жерлерін ашып жүру, өзгелердің әуретіне қарау; 17. Әйелдің ер адамға ұқсап киім киюі; 18. Қарны тойса да жеу; 19. Мас қылатын ішімдік ішу; 20. Иттен қалғанды жеу; 21. Доңыз еті мен майын жеу; 22. Өлген малдың етін жеу, жегізу; 23. Өсім алу, беру; 24. Ұрлық жасау; 25. Біреудің малын тартып алу;

Ахлаққа қатысты үлкен күнәлар: 26. Ата-анаға қарсы шығу; 27. Туыстардан қол үзу, жағдай сұрамау; 28. Аманатқа қиянат жасау; 29. Мұсылманға не кәпірге қиянат жасау; 30. Мұсылманның иманы мен исламның әмірлерін мазақ ету; 31. Күпір, зина, балағатқа жататын сөздерді қолдану; 32. Сөз тасу; 33. Ғайбаттау; 34. Мүмін бауырының көңілін қалдыру, ренжіту; 35. Әйел адамға күйе жағу, негізсіз зинақор деу; 36. Әйелдің күйеуінің төсегінен қашуы; 37. Әйел адамның күйеуінің рұқсатынсыз қыдыруы; 38. Екі ағайынды қызбен бірдей некеге тұру; 39. Әйелінің әурет жерлерінің (денесінің) бірін анасының мүшелеріне ұқсату; 40. Әйелін анасына жамандау; 41. Надан болу, діни міндеттерді әдейі үйренбеу; 42. Таразыны дұрыс тартпау, алдау; 43. Аллаһ Тағаланың азабынан қорықпау; 44. Аллаһ Тағала мейірімділігінен үміт үзу; 45. Зина жасау; 46. Қос жыныстымен зина жасау; 47. Етеккір әйелмен қосылу (жыныстық қатынас); 48. Тәкаппарлану, адамдарға зұлымдық жасау; 49. Жетімнің ақысын жеу; 50. Жалған сөйлеу; 51. Жалған куәгер болу; 52. Малды тірідей отқа тастау; 53. Сарандық таныту; 54. Үлкен не кіші күнәні қайта жасау; 55. Қағбада (Меккеде) күнә жасау;

Қоғамға қатысты үлкен күнәлар: 56. Мемлекет басшылары мен заңдарына бағынбау; 57. Адам өлтіру; 58. Өзіне қол жұмсау (Өз-өзін өлтіру); 59. Майданды тастап қашу; 60. Пара алу, беру; 61. Мүмкіндігі бола тұра, жамандыққа тосқауыл болмау, т.б.

Сұрақ: Кей кісілердің қасақана зираттарды бұлдіруіне шариғат қалай қарайды? Исламда марқұмдардың зиратына құрметпен қарау туралы не айтылған?

Жауап: Ислам дінінде зиратқа, яғни қабірдің аяқ асты болмауына ерекше көңіл бөлінген. Бұған көптеген хадистер дәлел. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Қабірлерге намаз оқып, үстіне отырмандар» деген. Бірде Амр ибн Хазм деген сахабаның қабір үстіне сүйеніп тұрғанын Расулуллаһ (с.ғ.с.) көріп: «Оған сүйенбе. Бұл қабірдің иесіне зиян келтіресің», – деген екен. Олай болса, қабірге сүйенудің өзі иесіне кесірін тигізетін болса, оны бұлдіру тіпті сорақылық екені сөзсіз. Себебі тып-тыныш тұрған қабірлерді қирату ата-бабаларымыздың рухына, марқұмдарға деген құрметсіздік.

Имам Мүслім жеткізген тағы бір хадисте: «Тірі адамдар қабір үстіне отырғаннан гөрі киімін күйдіретін шоқтың үстіне отырғаны қайырлы», деп те Алла елшісі (с.ғ.с.) қатаң ескерткен.

Ал қабірлерді бұзу, білімсіздіктен, сауатсыздықтан туындап отырған өкінішті жайт. Ислам дінін дұрыс түсінген жан мұндай келеңсіз істерге бармауы тиіс. Өйткені, бұл – өз басына ғана емес, тұтас Ислам дініне кір келтіретін жағымсыз әрекет.

Сұрақ: Сұрайын дегенім, ғұсыл алу қажет жағдайда су тым суық, денсаулыққа зиян тигізетіндей немесе ауруын асқындыратындай болса не істеу керек?

Жауап: Суық күнде суық сумен жуыну денсаулығыма зиян тигізеді деп қауіптенсе немесе суды ысытатын жағдай жоқ болса, ғұсыл алудың орнына тәйәммүм соғуға шариғатта рұқсат етеді. Ал, дәрет үшін рұқсат жоқ. Өйткені, дәрет алғаннан денсаулыққа айтарлықтай зиян тимейді. Күн суық кезде тәйәммүм соғып оқылған намаздың қазасын өтеу қажет емес. Бұл жағдайға мына оқиға дәлел.

Амр ибн Ас Затус-сәлисил шайқасына бет алған сапарында, таңертең жүніп болып оянады. Күн қатты суық болғандықтан, тәйәммүм алып, жамағатқа намаз оқытады. Шайқастан қайтқан соң Алла елшісіне (с.ғ.с.) басынан өткен жағдайды баяндап береді. Расулуллаһ (с.ғ.с.) неге сүйеніп олай үкім бергенін сұрағанда: «Өздеріңді өлтірмеңдер. Шын мәнінде Аллаһ Тағала сендерге тым мейірімді» («Ниса» сүресі, 29-аят) деген аятқа сүйендім» деп жауап қатады. Бұл жауапты естіген

пайғамбарымыз (с.ғ.с.) күлімсіреп, ештеңе демей келіскенін білдіреді (Ахмад ибн Ханбал, Әбу Дәууд, Дарақутни, Ибн Хиббан).

Сұрақ: Әйел адам махрамынсыз қажылыққа баруына бола ма?

Жауап: Ислам шариғатында әйел адамның жалғыз жолға шығуына болмайды. Міндетті түрде жанында күйеуі немесе махрамынан (өзімен некелесуі харам етілген жақын туыстары) бір кісі болуы тиіс. Себебі, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): **«Аллаһқа және ақырет күніне сенетін әйел бір күн, бір түн махрамсыз жолға шығуына рұқсат етілмейді»** (Бұхари, Мүслим, Әбу Дәуіт) деп қатаң ескерткен. Ибн Омардан (р.а.) жеткен басқа бір хадисте: **«Әйел махрамынсыз үш түннен артық жолға шықпасын»** (Ахмад) деп кесіп айтқан.

Бұл хадистердің бәрі де әйелдің ар-намысын қорғау мақсатында, жолда кездесетін әртүрлі келеңсіздіктерге қарсы тұрарлық шамасы жете бермейтіндіктен, жамандықтың алдын алу үшін айтылған. Алайда, әйел өзіне серік боларлық махрам таба алмаса, ханафи ғалымдары қажылыққа баруына болмайды деп пәтуа берген. Ал, заманауи фикь ғалымдары қазіргі таңда адам жолды торуылдап тұратын қарақшылардан, қандай да бір көлденеңнен келетін келеңсіз жағдайлардан сақтандырылғандықтан және жанында өзімен бірге сенімді, салиқалы әйелдер болса жалғыз баруына болады деген пікірде. Сонымен қатар бұрынғы кездегідей түйемен емес, ұшақпен ғана баратындығы себепті қарақшылар, бұзақылар әйелге зиян келтіреді дейтіндей аса қауіп те жоқ (Фәтәуә муғасира, 1/353). Ендеше, әйел кісі Меккедегі Аллаһтың үйіне барып, қажылық міндетін өтеуге шамасы, күш-қуаты жетсе, алайда жанында махрамы болмаса, онда сенімді, салиқалы мүмін әйелдермен бірге баруына болады.

Сұрақ: Мешітке барғанымызда алдымызда отырғандардың сәждеге еңкейгенде белі ашылып қалып жатады. Ол әурет жердің ашылуына жата ма?

Жауап: Шариғатта әурет саналатын мүшелердің намазда немесе намаздан тыс жерлерде жабылуы – парыз. Ерлердің әурет жерлері: тізе мен кіндіктің арасы. Бұған Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): **«Ер адамның әуреті – кіндіктен төмен тізесінің астына**

дейінгі жер» (Аамәд ибн Ханбәл), деген хадисі дәлел. Әйел үшін жүз, қол, тобыққа дейінгі аяқтан басқа барлық дене – әурет.

Расулуллаһ (с.ғ.с.): **«Әсма! Әйел баласы балиғат жасына жеткен кезде оның мына мүшелерінен басқа жерлерінің көрінуі дұрыс болмайды»,** – деген. Осы сөздерді айтқан кезде қолдары мен жүзіне ишарат еткен еді. (Әбу Дәуіт) дейді. Айша анамыздан (р.а.) жеткен бір хадисте: **«Аллаһ етеккір көрген (яғни, балиғат жасына жеткен) әйелдің орамалсыз оқыған намазын қабыл алмайды»** (Ибн Мәжа) деп шашты да жабу керектігін айтқан.

Жабылуы қажет ағзаның төрттен бірінен артық бөлігі «Субханаллаһил-ғазим» дейтіндей уақыт мөлшерінде еріксіз ашылып кетсе, намаз бұзылады. Ал егер өз еркімен біле-тұра ашқан жағдайда, сол сәтте-ақ намаз бұзылады. Сондай-ақ ашылып қалған ағза бірден жабылса, намаз бұзылмайды.

Егер намаз барысында тізе, немесе белі ашылса, намазға кедергі емес, өйткені ол төрттен бір мөлшерден аз болып саналады. Алайда ұзын киімі бола тұра белі немесе тізесі ашылатындай қысқа киім кию – мәкрұһ. Абзалы – бел, тізе ашылмайтындай етіп киіну. Намаз оқу барысында тобығы ашылып қалса, әйел адамның намазы бұзылмайды. Тобығы мен тізесінің арасы бір ағза саналғандықтан, тобық ағзаның төрттен бірінен аз болып табылады.

Сұрақ: Қажылыққа баруға мүмкіндігі бола тұра кешіктірісе күнә ма?

Жауап: Имам Әбу Ханифаның көзқарасы бойынша, қажылық жасауға мүмкіндік туған мезетте оны орындау керек. Өйткені бұл құлшылық жылдың кез келген уақытында емес, белгілі бір кезеңде орындалуымен ерекшеленеді. Оның үстіне жыл ішінде адамның қайтыс болып кетуі де ықтимал. Алла елшісінің (с.ғ.с.): **«Қажылықты өтеуге асығындар (яғни парызды). Өйткені ешбірің ажалдың қашан келетінін білмейсіңдер»,** (Әбу Дауіт, Ибн Мәжа) дегені осының бір дәлелі.

Бірақ қажылығын кешіктіріп өтесе де адамның мойнынан қажылық парызы түседі. Алайда мүмкіндігі бола тұра кешіктірген дұрыс емес. Яғни, ешбір себепсіз қажылық парызды кешіктіру күнә болады.

Сұрақ: Имандылық жолында жүрген жігіт қызбен

жүруіне бола ма? Біреулер қыз балаға тұрмыс құрғанға дейін жігіттің қолы тиюге болмайды дейді. Осы жайлы анығырақ айтып, түсіндірсеңіздер.

Жауап: Негізінен қыз бен жігіттің некелесу мақсатында емес, тек ұнатқандықтан көңіл көтеріп, уақыт өткізу үшін оңашаланып жүрулеріне болмайды. Өйткені қыз бен жігіттің бірін-бірі ұнатып жүрулері – уақыт өте келе құмарлық сезіміне беріліп, шарияғат тыйым салған әрекеттерге баруы әбден мүмкін. Шариғи некесі жоқ ер мен әйел баласының бір-бірлеріне қолдарының немесе денесінің тиюі – харам. Тіпті сөз байласып қойған қыз бен жігіт некелері қиылғанға дейін қолдарын ұстауларына болмайды. Қасиетті Құран Кәрімде Аллаһ Тағала: **«Зинаға жоламандар. Негізінде ол арсыз әрі жаман жол»** («Исра» сүресі, 32-аят), – деп айтқан. Аллаһ Тағаланың **«Зинаға жоламандар»** деген аяты – зинаға апаратын әртүрлі іс-әрекеттерге бармандар, соған жетелейтін түрлі жолдардан аулақ болыңдар деп қатаң ескерткен. Ал қыз бен жігіт бір-бірінің қолдарынан ұстауы сатылып зина жасауға апаруы мүмкін. Ол жайында пайғамбарымыз (с.ғ.с.): **«Қолдың зинасы – (бір-біріне) жанасуы»**, – деп анық айтқан. Үйленуге сөз байласқан жастардың ертерек некелесіп, шаңырақ құрғандары жөн.

Сұрақ: Ұрланған затты сатып алуға бола ма? Өйткені Әбу Ханифаның кезінде бір қой жоғалғанда 7 жыл бойы ет сатып алмаған деп естідім. Осы қаншалықты шындыққа жанасады?

Жауап: Ұрланған затты ұрлық екендігін біле тұра сатып алуға болмайды. Өйткені сауда-саттықтағы негізгі шарттардың бірі тауар сатушының өз мүлкі болуы керек. Ал ұрлықпен келген нәрсе сатушының мүлкі болып саналмайды. Егер бір нәрсенің ұрланғанына көз жете тұра сатып алса, сол күнәлі іске ортақ болып есептеледі. Бұл жайлы Құранда: **«Сендер күнә және шектен шығу жолында жәрдемдеспендер»**, – десе, әл-Бәйһақидың жеткізген хадисінде Аллаһ елшісі (с.ғ.с.): **«Кімде-кім заттың ұрланғанын біле тұра сатып алса, онда ол (ұрланған істің) күнәсі мен айыптылығында ортақтасқаны»**, – дейді.

Бұл жөнінде белгілі ғалым, доктор Юсуф әл-Қарадауидың

пәтуасында: «Ислам – жамандық пен бұзақы істерді харам етіп қана қоймаған, керісінше сол бұзақылыққа апаратын, көмектесетін нәрсенің бәрін харамға шығарған. Ол: **«Әрбір харамға апаратын жол – харам»**, – деген қағиданы негізге алады.

Ал Имам Әбу Ханифаның бір қой ұрланғанда 7 жыл бойы базардан ет сатып алмағаны кейбір деректерде айтылатыны шындық. Бірде, Куфада тұрғанында бір кісінің қойы ұрланады. Оны естіген Имам Ағзам ұрланған етті байқамай жеп қоймайын деп сақтық үшін жеті жыл ет жемеген делінеді.

Өйткені Әбу Ханифа өте тақуа, ғалым болған. Ол жалпы күмәнді нәрселерден сақтана білген.

Сұрақ: Бәраат түні қарсаңында күндіз ораза ұстау сүннет пе? Жалпы бұл түнді қалай күткен дұрыс?

Жауап: Қасиетті Бәраат түнінің күндізінде ораза ұстау – сүннет. Өйткені, Аллаһ елшісі (с.ғ.с.): **«Шағбан айының ортасындағы түнді құлшылықпен өткізіндер. Күндіз ораза ұстандар. Себебі, Аллаһ Тағала күн ұясына батқан шақта: «Кешірім тілеуші бар ма, кешірейін. Ризық сұраушы бар ма, ризық берейін. Ауру-сырқауға ұшыраған бар ма, шипасын берейін»** деп таң шапағы атқанға дейін рақымын төгеді», – дей келе, **«Аллаһ Тағала шағбан айының он бесінші түні (Бәраат түні) жер бетіне мейірім жаудырып, Өзіне серік қосқандар мен ата-анаға қарсы шыққандардан басқаларды кешіреді»**, деп те айтқаны, ораза ұстаудың сүннеттігіне дәлел.

Биыл шағбан айының 15-і, яғни шілденің 15-нен 16-сына қараған түн, жұма күнінің кешіне дөп келіп отыр. Бәраат түнін ислам ғұламалары «Рахым», «Кешірім», «Мүбәрак» деген сияқты әртүрлі атауларымен де атайды. Бұл түн – періштелер жер бетіне түсетін, дұғалар қабыл болатын, кері қайтарылмайтын берекеге толы. Ендеше, мұндай қасиетті түнді ғапылдықта өткізіп алмай Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) көп салауат, Аллаһдан біліп-білмей істеген күнәларымыздың кешірілуін тілеп (истигфар), күндізінде ораза, түнінде нәпіл намазды көбірек оқып, құлшылықпен өткізгені дұрыс.

Сұрақ: Рамазан оразасында алдында үш күн, ортасында үш күн, соңында үш күн ораза ұстаса жетеді деп естідім. Осы дұрыс па? Негізі қанша күн ораза ұстау керек?

Жауап: Рамазанда бір ай толық ораза ұстаудың парызыңы Құран және хадисте нақты бектілген. Құранда: «Сендердің араларыңда кімде-кім Рамазан айының туғанын көрсе, сол күні ораза ұстасын. Сырқат немесе жолаушылар ораза айында ұстай алмаған күндерін басқа күндері өтесін», – делінсе, Алла елшісі (с.ғ.с.): «Жаңа туған айды көрген кезде ораза ұстандар, екінші жаңа туған айды көрген кезде ауыздарыңды ашыңдар. Егер аспан бұлтты болса, Шағбан айын отызға толықтырыңдар», – деп рамазан оразасын бір ай толық ұстау керектігін бұйырған.

Сондықтан Рамазан айының басында үш күн, ортасында үш күн, соңында үш күн ораза ұстаса болады деген сөздің ешбір негізі жоқ. Бәлкім кейбір адамдар Абдуллаһ ибн Амрден (р.а.) риуаят етілген: «Ай сайын үш күн ораза ұстау – жыл бойы ораза ұстағанмен тең болады» және Әнас ибн Мәлік (р.а.) жеткізген: «Ережеп айының басында, ортасында, аяғында ораза ұстасаң, ережеп айының барлық күндерінде ораза ұстағандай сауапқа ие боласың. Өйткені, бір жақсылық он есеге еселенеді», – делінген хадистердегі нәпіл оразалармен шатастырып жүрген болуы мүмкін. Хадистерден көрініп тұрғанындай үш күндік нәпіл оразаның Рамазан айының ортасына ешбір қатысы жоқ.

Сұрақ: Сапарға шыққанда кеме, ұшақ, пойыз сияқты көліктерде намаз оқу үшін құбыладан айнымау қаншалықты міндетті? Жолаушының қаза намазы қалай өтелетінін де білсем деп едім...

Жауап: Құбылаға жүзді бұру – намаздың сыртқы парыздарының бірі. Жолаушы қандай да бір көлікте құбыланы бетке алып намаз оқуға мүмкіншілік таппаса, сол көліктің бағытына сәйкес, яғни отырған жердің ыңғайына қарай оқиды. Жеңіл автокөлік, автобус секілді көлікті тоқтатып оқуға мүмкіншілік болса, түсіп оқу ләзім. Мұндай жағдайдың реті келмесе не таза жер таппаса, көлік ішінде орындықта ишарамен оқиды. Төмендегі хадисте: «Алла елшісі (с.ғ.с.) түйесінің үстінде жүзі қайда бұрылса, басын сол бағытқа иіп (ишаратпен) нәпіл намаз оқитын. Ибн Омар да осылай оқитын» деп келуі осының бір дәлелі (Абдулхамид Тахмаз, Фықһул Ханафи, фи саубихил жәдид, Бейрут, 1998 ж. 315-бет):

Егер жолаушы намазды сапарда қаза етіп, кейін еліне оралса немесе сапары аяқталмаса да, қаза намазын дәл сапардағыдай қысқартып өтейді. Өйткені парыз намаздың оқылу түрі, уақыттың шығуымен өзгермейді. (әл-Зухайли, Фикһус сунна уә әдилләтуһу 343 бет).

Пайғамбарымыз (с.ғ.с) бір хадисінде: «Егер тұрғынның төрт рәкаттық намазы қаза болса, сапарда жүрсе де, тұрғын болса да қазасын төрт рәкат етіп толық оқиды» деп намаз қай жерде қаза болса, сол жердегідей оқылатындығын ашық айтқан (Сахих Бұхари, 1105; Мүснәд Ахмед, 6299).

Сұрақ: Менің әкем күнде маған «балам осы сен газды кетірмей күнге жылыған суға дәрет ал, ол да жылы ғой» дейді. Ал мен күнге ысыған суға дәрет алуға болмайтынын түсіндіре алмай келем. Осыған нақты дәлел бар ма?

Жауап: Табиғи сулар деп табиғатта кездесетін тұнық жаңбыр, қар, өзен, теііз, көл суларын және құдық суы секілді жерасты суларын айтамыз. Су дегенде ойға оралатыны да осылар. Дәрет пен ғұсыл алуға тек осы сулар пайдаланылады. Табиғи үш (реңі, иісі, дәмі) қасиетін жоғалтпаған бұл сулар тұрмыста пайдалануға, иғни ішуге, тамаққа қосуға, ғұсыл, дәрет алуға жарайды. Аллаһ елшісі (с.ғ.с.): «Судың реңі, дәмі немесе иісі өзгермейінше су таза», – деген. Сонымен қатар темір, қола сияқты ыдыстарда және ауа райы тым ыстық болған аймақта күн сәулесімен ысытылған сумен дәрет алу, ғұсыл құйыну мәкруһ. Өйткені Айша анамыз (р.а.) Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үшін күн сәулесінде су ысытты. Сонда Расулұллаһ (с.ғ.с.): «Уа Хумайра! (Айша анамыздың лақаб аты) олай жасама. Өйткені ол алапес ауруына жол ашады» деген еді. Фикһ ғұламалары: «Ауа райы ыстық болған аймақта, суды бір ыдыста (күн сәулесіне) ысытатын болса, күн сәулесінен ыдыстан кішкентай бөлшектер бөлініп суға араласады. Ал ол микробтар адам денесінің клеткаларын бітеп тастайды. Нәтижеде ауруға жол ашады. Бірақ су алтын, күміс, ағаш, шыны секілді ыдыстарда, бассейнде немесе ауа райы тыс ыстық болмаған аймақта күн сәулесімен ысыса да дәрет, ғұсыл алуға болады» дейді. Ал қазіргі таңдағы күн сәулесімен ысыту болса, фикһ кітаптарының кейбірінде ғана «дәрет алу әдебі» бабында күн сәулесімен ысыған суға дәрет алу (тәнзий-харамнан қашық) мәкруһ деген. Яғни күн

сәулесімен ысытылған суды қолдану тек – тәнзий мәкруһ. Ол халалға жақын мәкруһ деген сөз. Фиқһ кітабаның «Дәрет алу әдебі» бабында қарастырудың өзі ол судың харамға жақын емес екендігін көрсетеді. Күн сәулесінде ысыған судың мәкруһ болу себебі: «Фатхул Уаһһаб» сияқты кітаптарда: «Ыдыс тат басып қасиетін жоғалтатын болса, ол суды қолдану мәкруһ болады. Сонымен қатар күннің ыстықтығы Арабстандағыдай ыстық болуы керек. Осы ыстыққа шыдас бермеген ыдыстар судың құрамын бұзады.

Сұрақ: Дінімізде намазын тастап кеткен адамның үкімі қандай?

Жауап: Ақылды, балиғат жасына жеткен, хайыз бен инфастан тазаланған мұсылман адамға намаз оқу парыз. Намаз бен ораза секілді тәндік ғибадаттарда өкілдік іске аспайды. Намаздың парыздығын теріске шығарған діннен шығады. Өйткені, намаз айқын аят, хадис және ижмағ дәлелдерімен анықталған. Жалқаулық, немқұрайлылық себебімен намазды тастаған күнәһар және пасық болады. Намаз оқымау – дүние мен акырет азабына себеп. Акыреттегі азап туралы Құранда былай айтылады: «Олар жәннатта тұрып күнәһарлардан: «Сақар жаһаннамға түсулеріңе нендей себеп болды?», – деп сұрайды. Сонда олар: «Біз намаз оқымайтын едік», – деп жауап қатады» (Мүддәссир, 74/40-43). Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әдейі намазды тастаған адамға Алла мен пайғамбардың көмегі болмайды», (Бухари, Мауақит, 15, 34; Насаи, Салат, 15) – дейді. «Кімде-кім жұма намазына немқұрайлылықпен қарап, оны үш рет тәрк етсе, Аллаһ Тағала оның жүрегіне мөр басады» (Насаи, Жума, 2; Тирмизи, Жума, 7; Ибн Мажа, Иқама, 93). Имам Ағзам мәзһабы бойынша, жалқаулық жасап, намазды тастаған адам, намаздың парыздығын теріске шығармайынша, діннен шықпайды. Бірақ күнәһар болады. Оған намаз жайлы ескертіліп, насихат етіледі немесе тәрбие үшін жаза беріледі. Кімде-кім намазын ұмытып немесе ұйықтап қалса яки жалқаулықпен оқымаса, сол оқымаған намаздарының қазасын міндетті түрде оқиды. Хадисте: «Кімде-кім ұйықтап қалып, ұмытып намазын оқи алмаса, еске түскен сәтте дереу оқысын» (Әбу Дәәуд, Салат, 11) деген. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қиямет күні адамның алғаш есепке

тартылатыны – парыз намазы. Егер осы намазды толық орындаса, неткен тамаша?! Керісінше жағдайда: «Қарандар, нәпіл намазы бар ма екен? Егер нәпіл намазы болса, парыздардың кемістігін осы намаздармен толтырындар. Бұдан кейінгі басқа парыздар да дәл осылай жасалады», – деп айтылады (Әбу Дәәуд, Уитр, 2).

Сұрақ: Зекет кімдерге беріледі?

Жауап: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Маған зекет бер» – деген адамға былай жауап берген: «Ұлы Алла зекеттің берілетін орындары жайында пайғамбарының да, басқаның да үкіміне разы болмай, өзі берді. Оны сегіз топқа бөлді. Егер сол сегіз топтың ішінде болса, саған есенді беремін». Иә, зекеттің берілетін орындарын Алла Тағала «Тәубе» сүресінің алпысыншы аятында тағайындап білдіреді: «Шын мәнінде садақалар (zekеттер) кедей-кепшіктерге, түгі жоқ міскіндерге, zekетті жинауға тағайындалған адамдарға, көңілдері жібітілуі мақсат етілгендерге (жаңа мұсылмандарға), құлдарды азат етуге, қарызға батқандарға, Алла жолына және қиналған жолаушыларға берілуі Алла тарапынан парыз етілді». Бұл аятта айтылған сегіз топты былай түсіндіруге болады: 1-2. Пақырлар мен міскіндер; Пақыр деп – нисап мөлшеріне жететін байлығы жоқ адамдарға, міскін деп – түгі жоқ адамдарға айтылады.

3. Зекет жинауға тағайындалған арнайы адамдар; Зекеттердің жиналуы, сақталуы, есептеліп, лайық адамдарға таратылып, тапсырылуы сияқты жұмыстар үшін мемлекет тарапынан тағайындалған адамдар. Бұларға зекеттен белгілі есе аталмыш сібектерінің қарымына айлық ретінде берілгендіктен тағайындалған адамдардың бай болулары зекеттен мемлекеттің белгіленген мөлшерін алуларына бөгет емес.

4. Муәллафатул-кулууб; Мұсылман болу бақытына әлі кенелмеген кейбір адамдардың жаманшылығынан сақтану үшін және Ислам дінін жаңадан қабылдаған иманы әлсіз адамдардың, тіпті әлі Исламды қабылдамаған кейбір адамдардың көңілін жібіту үшін пайғамбарымыз (с.ғ.с.) кедей болсын, ауқатты болсын, оларға зекеттен белгілі есе беріп отырған. Міне, осы аталмыш үшін топ Құранда айтылып, зекеттен белгілі бір есе тағайындалған «муәллафатул-кулууб» тобына жатады. Бірақ хазреті Омар дәуірінде бұл топқа берілетін зекет есесі тоқтатылған.

Тоқталылуының басты себебі, Ислам дінінің дүниеге қанат жайып қуаттанғаннан кейін бұлардың көңілін Исламға жібітіп, жаманшылықтарынан сақтанудың қажеті болмай қалуында еді. Бірақ кейбір ғалымдардың пәтуасына сүйенсек, қажет болған жағдайда, қайтадан бұл топқа беруге болады.

5. Құлдар; Қожайынынан азат болу үшін белгілі ақшаға келіскен құлдарға зекет беріледі. Міне, бұл Ислам дінінің құлдарды азат ету жолында жұмсаған еңбектерінің бір көрінісі.

6. Қарызға батқандар; Қарызынан тыс нисап мөлшеріндегі малға ие болмаған немесе басқасында алатын қарызы болып, қайтарып алуы мүмкін болмағандар «қарызды адамдардың» тобына жатады. Пақырға зекет бергеннен гөрі қарызынан қиыншылық көріп жатқан адамдарға зекет беру – абзал. Өйткені, қарызынан құтылу – қарызы бар үшін басты міндет.

7. Алла жолында; Бұл топқа Алла ризалығы үшін ілім іздеушілер, Аллаһ Тағаланың дінін қорғау және жастарымызды имандылық, адалдық, адамгершілік, әділдік сияқты жақсы қасиеттерге тәрбиелеу үшін, жалпы қоғам пайдасына шешілетін қайырлы істер үшін бар күштерін салып еңбек етушілер кіреді.

8. Қаржылары бітіп, жолда қалғандар; Бұларға негізгі тұрғылықты жерлерінде ақшалары барлар жатады, яғни, бай болса да оларға зекет беріледі (қажылар, ілім іздеушілер, т.б. сияқты)

Сұрақ: Біздің дін дұрыс, басқаныкі қате деу, меніңше, дұрыс емес. Өйткені ақиқат біреу болғанмен оған жету жолдары әр түрлі ғой. Мәселен Қытай мен Үндінің немесе еуропалықтардың жағдайы бізден артық. Егер олай болмаса президент несіне барша діннің басын қосам деп әуреге түсіп жүр. Ал біз Исламнен басқа барша дінді жоққа шығарамыз. Мұны қалай түсіндіресіздер?

Жауап: Ислам дінінің Аллаһ Тағала құзырындағы орны мен қоғамдағы орнын түсініп, ара жігін айыра алмай бір-бірімен шатастырған сияқты. Ислам діні қоғам алдында еш бір дінді айыптап, алаламайды. Яғни барша адамзаттың барлығын «көнсең де, көнбесең де Исламды қабылда, еш нәрсе ойлама» деп адам еркіндігіне тыйым салмайды. Себебі құранда «Дінде (Ислам дінінде) зорлық жоқ», – делінген. Сондықтан да,

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өз үмметіне өзге дін өкілдерін дінімен кемсітіп сөкпеуге бұйырған. Қоғамда кез келген азамат дінсіз жүремін десе де өз еркі. Бұл қоғам алдындағы Ислам дінінің орны.

Сұрақ: Исламда әбжат ғылымы деген ғылым бар. Осыны біздің уахшыл қазақтар мойындамайды. Олар: «Бұл туралы пайғамбардан бірде-бір хадис жоқ, ендеше пайғамбарымыз сөз етпеген нәрсені қалайша Исламға әкеп қосасыздар?» дейді. Ал біздің сопыларымыз «әбжат Исламға кіретін ғылым» дейді. Мұның ақиқаты қайсы?

Жауап: Абжад іліміне – иман келтіру міндет емес. Өйткені, Құран Кәрімде, Пайғамбарымыздың хадисінде арнайы айтылып бекітілмеген. Абжад ілімін қолданбағандықтан қазіргі таңда ілім ретінде пайдаланбайды.

Сұрақ: Шариатта мынадай әңгіме бар: «Иса (ғ.с.) өлген жоқ, тірі. Аллаһ Тағала оны аспанға денесімен тірідей көтеріп кеткен. Ол (ғ.с.) Қиямет Қайымның алдында келіп, Мұхаммедке үммет болады, сөйтіп кәпірлермен соғысатын». Егер адамзаттың қазіргі логикасына салсақ, бұл жалған хадис болып шығады не насараларды дінге тарту үшін пайғамбарымыз қолданған тәсіл болуы да мүмкін. Құранда мынадай аят бар: «Шаһидтер өлген жоқ, олар тірі». Егер логикаға жүгінсек, Иса (ғ.с.) да шаһид қой. Мұның мәнісі қазақтың «Ер есімі ел есінде» деген бір ауыз мақалымен түйінделетін секілді. Сондай-ақ Құранда осындай ауыспалы мағынада бейнелі түрде келетін аяттар баршылық. Өйткені, имамдар бізге мұны ертегі сипатында түсіндіріп келеді. Ал сіздер қалай жауап берер едіңіздер?

Жауап: Әбу Һурайрадан (р.ғ.) Имам Әбу Дауд риуаят еткен хадисте: «Мені мен Исаның (ғ.с.) арамызда пайғамбар болмайды. Ол ақиқатында түседі. Оны көрсеңдер, таңынсыңдар. Ол орта бойлы, киімі сарғыш болады. Оның (с.ғ.) шашы суланған болмаса да, басынан су тамып тұрады. Иса (ғ.с.) Ислам үшін күресіп, кресті сындырады. Доңызды құртып, адамдардан Исламды қабылдауын талап етеді. Аллаһ Тағала сол уақытта тек Ислам үмметін қалдырып, бисқа үммет болмайды. Иса (ғ.с.) Дәжжалды өлтіргеннен кейін жер бетінде қырық жыл өмір сүріп, қайтыс болады. Оның жаназа намазын мұсылмандар оқиды», – делінген.

Түсініктеме: «Мені мен Исаның (ғ.с.) арамызда пайғамбар

болмайды», – яғни, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) бұл дүниеден өтуі мен Иса (ғ.с.) аспаннан түсуі аралығында.

«...басынан су тамып тұрады», – басынан су тамып тұруы Иса (ғ.с.) пайғамбардың тазалығы мен әдемілігінің белгісі.

«Кресті сындырады», – яғни, Исламнан басқа барлық дінді жалғанға шығарады.

«Доңызды құртып», – яғни, доңыз етін харамға шығарып, оны жоюды бұйырады.

«...басқа үммет болмайды», – яғни, адамдардың барлығы мұсылман болады. «...жаназа намазын мұсылмандар оқиды» – бұл да Иса (ғ.с.) мұсылман болып, Мұхаммедтің (с.ғ.с) үмметі болатындығына дәлел.

Сұрақ: Жақында мен мынадай жағдайға кездестім: Ғұсыл алып жұмаға асығып бара жатыр едім, байқамай жел шығып кетті. Сөйтіп жұмаға қатыса алмадым. Осы жайлы айтқанымда бір оқыған жігіт: «Жұмаға қатыса беруіңізге болатын еді ғой» деді. Сонда дәрет алғаннан кейін жел шығып кетсе де намаз оқи беруіміз керек пе? Әлгі жігіт «әр жел шыққан сайын дәрет ала беру қажет емес», – дейді.

Жауап: Осы сұрақты қоюшы мұсылман бауырымызға айтарымыз «пәленше былай дейді» демей, жасап жатқан құлшылықтарының қабыл болуын ойлап, имамдарымыздан мән жайды сұрап, көрсеткен кітаптардан оқып үйренген абзал.

Сұрақ: Мен Шиш пайғамбар туралы еш жерден оқымадым. Ауызекі сөзден естігенім: «Шиш пайғамбарды Аллаһ Тағала шишаның ішіне салып өсірген» дейді. «Егер осы рас болса қазақтың шеше деген сөзі осыдан шыққан-ау, сонда бұ баланың шишасы (яғни анасы) кім?» – деген ой келді. Өйткені қазақ бөтелкені шиша дейді ғой. Осы сөз келе-келе дыбыстық өзгерістерге ұшырап, шеше болып кетсе керек. Сонда Шиш – пайғамбар, шиша (бөтелке) – шеш(е) бөтелкенің ауызын ашушы (шешуші). Діндарларымыз бұл туралы не дер екен?

Жауап: Ия, халық арасында осындай әңгімелер бар екендігін есітіп жатырмыз. Алайда, Пайғамбарлар тарихында мұның дұрысын былай деп келтірген. Адамның (с.ғ.) баласы Қабыл бауыры Әбілді өлтіргеннен кейін Аллаһ Тағала Адамға (с.ғ.) Әбілдің орнын басатын етіп Шишті (ғ.с.) берген дейді. Шиш –

арабша «Хибатуллаһ» (Аллаһ Тағаланың сыйы) деген мағынаны білдіреді.

Сұрақ: Мен жақында «Хадистердің бәріне сене бермеу керек. Пайғамбар айтты деген сылтаумен жалған хадистер көп таралған» деген әңгіме естідім. Мәселен, Сахих әл-Бухариде: «Жерді үлкен балық тұмсығымен көтеріп тұр, ол қозғалғанда жер сілкінеді» делінген. Егер осы хадис шынымен Бухариде бар болса, онда ол кісінің іліміне де күмәнмен қарайтын шығармыз. Жер шарының диаметрі 40 мың шақырым. Ал диаметрі 50 мың балықты көрген кім бар? Бұл біздің дінімізге жабысып жүрген аңыз-әңгімелердің көптігін көрсететін секілді. Осындай хадистің бар екені рас па?

Жауап: Бұл аялсіз сүннәт уажамағаның ақидасына, сеніміне жат. Яғни дұрыс емес.

Сұрақ: Біздің әдебиетте болсын, баспасөзде болсын Абайдың діндарлығын дәріптеп жатады. Абай дінді олай түсінген, былай түсінген деп. Меніңше, Абай онша діндар болмаған. Өйткені ол ән шығарып, домбыра тартқан, ғашықтық туралы өліп-өшкен өлеңдер жазған. Сонда оны қалайша тақуа, діндар дейміз? Әлде біздің дініміз осындай нәрселерге рұқсат ете ме?

Жауап: Діндар деген сөздің өзі Ислам дінін оқып ұстаған кісіні білдіреді. Абайдың діндарлығына келетін болсақ, қара сөздерінде дініміз жайлы жақсы ой-пікірлер білдіріп, дінімізді насихаттайтын өлеңдер жазған. Аллаһ Тағаланы дәріптеп иман жөнінде жазған өлеңдеріне қарап ол кісіні біз діндар деп те айтуымызға болады. Сол өзінің дәуірінде жазылған көне жазбаларын түпнұсқасында оқыса ол кісіге деген көзқарас жақсы жағынан тағы да ашыла түсер еді.

Сұрақ: Тағдырға байланысты тартысуға неліктен тыйым салынған?

Жауап: Бірде пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тағдырға байланысты сөз таластырып отырған сахабаларын көріп: «Сендерге осыларды істеу әмір етілді ме? Жоқ, әлде мен сендерге осы үшін жіберілдім бе? Сендерден бұрынғылар (адамдар) осы тақырыпта тартысқандықтан құрып кеткен», – деп тағдыр турасында тартысудың дұрыс емес екенін білдірген.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) тағдырға байланысты қажетсіз сөз таластыруды тыюының хикметін былай деп түсінуге болады:

1. Адамның өз қалауымен болатын және қалауының тысында болатын тағдыры бар. Қалауынан тыс болатын тағдырдың себептері мен хикметтері бізге беймәлім. «Ақыл жаратылған, жаратушыны толық түсіне алмайды» демекші, ақылымыз қалауымыздан тыс болатын тағдырдың себептері мен хикметтерін және сырын толық шеше алмайды. Адамның туылған жылы, әке-шешесінің кім болуы, ұлты, жынысы және қалауынан тыс болатын аурулар мен пәлекеттердің хикметтері мен сырларын, себептерін түсіну үшін өзімізді қинау, бір-біріміздің сөз таластыру – түбі жоқ тұңғыыққа батумен бірдей. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тыйған тартыс мәселесі тағдырдың осы екінші түріне байланысты болуы мүмкін.

2. Адам баласы жалпы тағдырды толық әрі дәл түсіне алмайды. Өйткені тағдыр тақырыбы – өте қиын әрі күрделі мәселе. Сондықтан әрбір мұсылман тағдырға байланысты мәселелерді дін мамандарынан сұрап, осы тақырыпқа байланысты жазылған кітаптарды оқып түсіне алғанынша түсініп, ал түсінбей ақыл жеткізе алмаған мәселелерін Алланың шексіз ілімі мен әділдігіне тапсырып, адамдармен бос дау-дамайға түспегені жөн. Анығында Аллаһу а'лам – ең дұрысын Алла біледі.

Сұрақ: «...Олар, күдік-күмәнға салынып, (ақиқатты мазақ етіп) ойнайды (9).

(Ей, Мұхаммед (с.ғ.с.) Аспанды көрнеу бір түтін қаптайтын күнді (оларға азап-апат келетін күнді) күт (10). Адамдарды қаптап алады; Бұл жан түршігерлік азап (11).

(Олар): Раббымыз, бізден бұл азапты айықтыра гөр! Біз шынында иман келтіргендерміз» (дейді) (12).

Осы «Духан» сүресіндегі «түтін» деген сөзді жақында болған Жапониядағы радиация дейді. Осы дұрыс па? Негізінде ол қандай мағынаны білдіреді?

Жауап: Бұл аяттардағы «түтінді» тәпсіршілер екі түрлі түсіндірген. Ибн Масғұд былай дейді: «Кезінде құрайыштар шектен тыс шығып кеткені үшін Алла елшісі (с.ғ.с.): «Жүсіп (ғ.с.) пайғамбардың кезінде қауымы жеті жыл құрғақшылық, аштық көріп азаптанғанындай оларды да азаптай гөр», – деп дұға еткен». Кейін құрғақшылық, ашаршылықтың қатты болғанынан олар

өлексе (кейбір тәпсірлерде иттің өлексесі деген) жеуге дейін барған. Сондай-ақ, аспан мен жердің арасын жайған түтіннен, бір-бірінің дауыстарын естіп, түрлерін көре алмай қалған. Осындай азапқа шыдамаған құрайыштар пайғамбарымызға (с.ғ.с.) келіп мұндай қиыншылықтан дұға жасап Алланың құтқаруын сұраған.

Енді бір тәпсіршілер: «Қиямет жақындағанда болатын белгілердің бірі, шығыс пен батыстың ортасын түтін жаулап алады», – деген. «Бұл кезде мүміндер тұмау тигендей әсер алса, кәпірлер мен мұнафиқтар (екі жүзділер) тәлтіректеп, бастары қуырылған бастай, мас адамдай, іштеріне түтін толып ол мұрнынан, құлағынан, артынан шығатын болады», – дейді. Міне, осындай азап болған кезде кәпірлер бұл нендей ауыр азап, бізді бұл азаптан құтқаршы, біз Мұхаммедке және Құранға иман келтіреміз деп жалбарынады. (Кітап Сафуа эт-Тәфәсир, әл-Сабуни 3-том, 1148-бет).

Сондықтан бұл аяттың Жапонияда болған оқиғамен ешбір қатысы жоқ. Жапониядағы оқиғаны Алланың құлдарына берген ескертуі деп ойлаған жөн.

Сұрақ: Піл оқиғасы баяндалатын хикаятта Қағбаны қиратуға келген Абраханың әскеріне әбабіл атты құстардың тас жаудырғандығы айтылған. Осы шын мәніндегі құстар ма әлде мұғжиза секілді көрініс пе? Егер шын құстар болса бүгінде болу керек қой. Олар қай жерлерде өмір сүреді, суреті бар ма?

Жауап: Әбабіл құстар – жаннат құстары, оларды білу шарт емес, бұл Алланың жер бетіне бір уақиғаға жіберген мұғжизасы. Бұл ғайып істерден.

Сұрақ: Әсма бинт Әбу Бәкір Расулуллаһтың (с.а.у.) үйіне жұқа матадан тігілген көйлекпен барғанда, Пайғамбар (с.а.у.): «Ей, Әсма! Балиғатқа жеткен әйел мына жерлерін ғана көрсетіп жүрулері тиіс» деп, жүзі мен екі алақанын көрсеткендігі айтылған. Қазіргі кейбір әйелдер орамалымен бет-аузын түгелдей орап, тек қана көзін ашық күйінде қалдырады. Осы дұрыс па?

Жауап: Нықаб деп көзін ғана ашып жүруді айтады, ал хижаб деп екі жүзін, алақанын ашып жүргенді айтады. Хижабқа Ханафи, Малики Ханбали мәзһабтарында келіскен, яғни дұрыс деген, ал нықабқа өте аз ғалымдар рұқсат еткен. Сол үшін хижабпен жүргендері дұрысырақ.

Сұрақ: Көлігімді қымбаттау бағамен қарызға сатсам ба деп едім. Шариғат бойынша, бұл өсімге жата ма?

Жауап: Жоқ, өсімге жатпайды, бірден төлейтін ақша болмағандықтан әр айда пәлен-түгеннен беріп тұрасың дегеннің айыбы жоқ. Негізінде қарызға беру бұл өсімге жатпайды.

Сұрақ: Мен екінші топтағы мүгедек екендігіме қарамастан бес мезгіл намазымды қаза қылмай жүрген жан едім. Бірде жұма намазына келе жатқанымда бір кісі: «Сен – шолақсың. Саған жұмаға баруға болмайды» деп көңіліме келетін сөз айтты. Шынымен-ақ, мен секілді мүгедекке жұма намазына қатысуға рұқсат жоқ па? Тағы бір сұрағым, қажылық парызымды өтеуге бола ма?

Жауап: Жұма намазына да, қажылыққа да баруға әбден болады, қайта сауабы еселей түспек.

Сұрақ: Менің денемде жаһил кезімде салдырған сурет (татуировка) бар еді. Содан құтыла алмай әлекке түсіп жүрмін. Анада бір білімдар жігіттен сұрағанымда: «Ғұсыл құйынғанда суреттің астына су тимей қалады. Сондықтан, таһаратың дұрыс болмағандықтан, ғибадатың да дұрыс емес» деп жауап берді. Сонда не істегенім жөн?

Жауап: Жаһил кездегі жасағанды Алла кешіреді, көп истиғфар айтыңыз ғұсыл, таһарат парыздарды орындап жүре беріңіз.

Сұрақ: Мен асыл тұқымды иттерді бағып, сатумен айналысамын. Негізі, мұсылманға мұндай кәсіп рұқсат етілген бе?

Жауап: Пайдасы болса болады.

Сұрақ: Достарыммен бірге демалғанда биллиард ойнайтын әдетім бар. Жақында бір жігіт «биллиард та құмар ойынға жатады» деді. Осы дұрыс па?

Жауап: Кез-келген ойын Алланың зікірінен қайтарар болса ол – харам. Алланың зікірі дегеніміз парыз адамдар. Мұны көпшілік спорт түріне жатқызады, ақылды күшейтеді деп есептейді. Алайда дінде ақылды құран оқып та күшейтуге болады. Кей ғалымдар макруһ деген.

Сұрақ: Біліп тұрып істеген күнә мен білмей істеген күнәнің салмағы тең бе?

Жауап: Біліп тұрып істеген күнәға жаза бар, білмей істеген күнәға жаза жоқ. Білімсіздік дінсіздік себептен жасалған күнәнің

бір себебі бар, алайда дінді біліп тұрып жасаған күнәнің салмағы жауапкершілігі ауыр.

Сұрақ: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) дүниеге келгенде мәжусилердің оттары өшіп қалды, Хосраудың сарайы күл-талқан болды, дүние нұрланып сала берді, оның туатынын христиандардың, яғудилердің, мәжусилердің көріпкелдері болжап білді деп жатады. Бірақ Пайғамбарымыздың өмірі тек қиыншылықпен өткені белгілі. Екіншіден, Ислам діні көріпкелдікке қарсы емес пе, ендеше осы тұста көріпкелдіктің болатындығын қоштап кететін секілдіміз. Осының мәнісін қалай түсінуге болады?

Жауап: Пайғамбарымыздың дүниеге келуінің белгілері көріпкелдік емес, дәлірек айтсақ, кітап иелерінде хабарларда келген жәйттар.

Сұрақ: Жанды бейненің суретін салуға тиым салатын хадис бар екені белгілі. Алайда қазіргі күні арабтардың өздері де мультфильм жасап жүр. Бізге де қазақша мультфильм жасауға бола ма?

Жауап: Болады, сурет деген қалтада да жүр. Мультфильм – ойын баласына бір ойыншық іспетті. Жанды бейнеге деп ғибадат етілмейді ғой, бұл балаларға арналған. Айша анамыз да ойыншықпен ойнаған және ойын баласын тамашалаймын деп бірде бойы жетпей тұрғанын Пайғамбарымыз көреді де мойнына міндіріп көрсетеді.

Сұрақ: «Мұса ғ.с. қауымы ашыққанда Аллаһқа дұға қылып, Аллаһ Тағала оларға әлману және әс-сәлбе деген тағамдар түсірді» дегенді оқыдым. Осының тамақтың қандай түрі екенін түсіндіріп бере аласыздар ма?

Жауап: Мәнна – бал. Сәлуа – құс (құрқылтай) іспетті. Осы тамақтың түрімен тамақтанған құсты ауламаған, тек қолмен ұстап жей берген.

Сұрақ: «Таң» телеарнасы мәсіхшілдікті дәріптейтін, қазақша мультфильмдерді көрсетуді тұрақты әдетке айналдырды. Әдейі, ата-анасы жұмыста болып, үйде кішкентай балалардың өздері ғана қалатын кезде көрсетеді. Осы фильмдерді қазақшаға аударып, балаларымызды Хақ жолынан тайдырып жатқан адамдар мен мал табу үшін оны көрсетіп жатқандарға Аллаһ тарапынан жаза бола ма?

Жауап: Ол нәрсе бір Алланың қолында, қаласа бұл дүниеде

немесе ахыретте жаза береді. Алайда сол кісілер тәубе етпей бұл дүниеден өтіп кетсе жазасы ауыр. Сол себепті ол кісілерге Алланың хикаяты болсын деп сұраймыз.

Сұрақ: Қызым орыс жігітіне тұрмысқа шығуға бел байлап жүр. Анасы ретінде қызымның бұл шешіміне өз басым қарсымын. Бірақ оны қалай тоқтатарымды білмей басым қатып жүр. Шариғатымыз бойынша өзге дін өкілдеріне тұрмысқа шығуға рұқсат етіле ме, осының анық-қанығын білгім келеді.

Жауап: Шариғатымыз мұсылман қыздарға өзге дін өкілдеріне (яхуди, христиан) тұрмысқа шығуына үзілді-кесілді тиым салған. Қасиетті Құран Кәрімде Аллаһ Тағала: «...иман келтіргенге дейін мүшрік ерге мүмін әйелдерді тұрмысқа бермендер. Егер олар сендерді қызықтырса да» («Бақара» сүресі, 221-аят), – деген.

Ал енді мұның себебіне келейік. Бұл жайлы Қасиетті Құран Кәрімде: «Кім Исламнан басқа бір дін іздесе, әсте одан қабыл етілмейді де ақиретте зиянға ұшыраушылардан болады» («Имран» сүресі, 85-аят), – деп тайға таңба басқандай айқын баян етілген. Біз өзге ұлт өкілдерінің қыздарын алу арқылы олардың дінін, салт-дәстүрлерін құрметтейміз. Ал өзге дін өкілдері біздің қыздарымыздың дінін, тілін, әдет-ғұрыптарын, құрметтейді ме?.. Әйел үйдің жүрегі, ері оның тірегі, бала оның тілеуі болған жағдайда ғана отбасы мықты болып, шаңырағы шайқалмай бекем тұруы хақ. Ондай болса жүрегі Исламға ояу біздің қыздарымыздың халі не болмақ?

Мұндағы көзделген мақсат әйел баласының құқығын шектеу емес, керісінше қорғау болып табылады. Өйткені ислам дінінде әйел баласының мәртебелік жағынан алар орны өте жоғары. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с): «Әйел – Аллаһ Тағаланың аманаты», – десе, екінші бір хадисінде: «Жұмақ аналардың табанының астында», – деген.

Исламнан өзге бірде-бір дін әйел құқығын осыншалық жоғары дәрежеде қорғай алмайды. Өйткені олар әйел затының қадір-қасиетіне жетпейді.

Сұрақ: Денсаулығыма, сабағыма байланысты таң намазын ғана оқуыма бола ма?

Жауап: Исламның бес парызының бірі – бес уақыт намаз оқу. Намазды Алланың әмірі болғаны үшін оқимыз. Сондай-ақ, намазды Аллаһ Тағаланың құлдарына берген сансыз нығметтеріне шүкіршілік ету деп түсінуге болады. Олай болса, қандай қиын жағдайға душар болсақ та, бес уақыт намазды ала қылмай толық оқуымыз керек. Құрандағы: «**Намазды толық оқындар...**» («Хаж» сүресі, 78-аят), «**Расында, намаз белгіленген арнайы уақыттарда парыз етілді**» («Ниса» сүресі, 103-аят), – деген аяттар намазды толық және өз уақыттарында оқуды міндеттейді.

Ал, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадисінде: «Үлкен күнә жасамаған адамның бес уақыт намазы мен жұма намазы, келесі жұмаға дейінгі жасаған күнеларынан арылтады» деген. Бірақ денсаулығымызға байланысты дінімізде белгілі бір жеңілдіктер берілген. Намазды тұрып оқи алмайтындарға орындыққа отырып оқуға, оған шамасы жетпесе, жерге отырып оқуға, оған да шамасы келмесе, жатып ишарамен оқуына рұқсат. Бұл мәліметтер тек таңертең ғана намаз оқуға болады деген ұғымның дұрыс еместігін көрсетеді. Сондықтан тек таң намазын оқумен шектелуге болмайды.

Сұрақ: Сәһу сәждесі қандай жағдайларда жасалады?

Жауап: Сәһу (қателік) сәждесі – намазда болған қателікті дұрыстау үшін намаздың соңында жасалатын сәжде. Егер намаздағы парыздардың біреуі немесе бірнешеуі орындалмаса намаз бұзылады, бұл намазды сәһу сәждесімен дұрыстай алмайды. Ал егер намаздың парыздарының біреуін қателесіп кешіктірсе немесе бір уәжіпті ұмытып тәрк етсе, намаздың соңында сәһу сәждесін жасайды. Намаздың соңғы отырысында «әт-тахиятты» оқығаннан кейін екі жаққа сәлем беріп, қайта «Аллаһу әкбар» деп, екі рет сәждеге барып, қайта отырады. Одан кейін әрі қарай қайтадан «әт-тахият», салауат, «Рәббәнә әетина» дұғасын оқып, екі жаққа сәлем беріп намазын тәмамдайды. Егер ичим қателессе, тек қана бір жағына сәлем беріп, екі рет сәжде жасап, дұғаларын оқып намазын тәмамдайды. Екі жаққа сәлем беретін болса, жамағат намаз бітті деп ойлап қалып, тұрып кетуі мүмкін. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай дейді: «Кімде-кім намазда шүбәланса, дұрысы қайсысы екенін ойлап, намазын қиыптанған ойына қарай толықтырсын. Сосын сәлем берсін

де, қателік сәждесін жасасын, яғни жаңылғаны үшін екі сәжде жасасын» (Бұхари, Салат, 31-6).

Басқа бір хадисте: «Кімде-кім намазын төрт рәкат па, әлде үш рәкат па, оқығанына шүбәланса, шүбәсін тастап, анық білгенімен намазын толықтырсын. Соңғы сәлемді бермей екі сәжде жасасын. Егер бес рәкат оқыса, сәжделер намазына шапағатшы болмақ. Ал егер намазын толық оқыған болса, сәжделер шайтанның алыстауына себеп болады» (Бұхари, Сәу, 6-7-6).

Сұрақ: Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) дәуірінде футбол сияқты ойындар болған ба?

Жауап: Кез келген адам өзі немесе көпшілікпен дененің саулығын арттыру мақсатында жасалған ойын түріне қатыса алады. Мұсылмандыққа қайшылық туғызбайтын спорт түріне дініміз рұқсат еткен, әрі оған көңіл бөлген. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айналасындағы сахабаларға атқа міну, мергендік, күрес, ат және түйе жарысы секілді спорт түрлерін меңгеруге шақырған. Өзге спорт түрлерімен қатар, көпшілікке мәлім болған жүгіру жарысына да мән берген. Деректерде пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өзі сүйікті жары Айша анамызбен екеуара жүгіру түрінен жарысқандығы сөз етіледі. Ал, пайғамбарымызға (с.ғ.с.) қатысты жазылған классикалық дерек көздерінде футбол секілді ойын түрі туралы кездестірмейміз. Бірақ, ғұмырын пайғамбар тарихын зерттеуге арнаған пәкістандық Мұхаммед Хамидуллах «ислам тарихы» атты өзінің 2 томдық еңбегінде «курра» (аяқдоп) ойыны туралы айтады. Ол дәл бүгінгі футбол ойыны болмаса да, соған ұқсас болуы ықтимал. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) да бұл ойын түріне тыйым салмаған көрінеді. Бүгінгі заманымыздағы орын алған спорт түрлерінің көбісі пайғамбар дәуірінде болмаған. Солай болса да, дініміздің әмірлері мен тыйымдарына қайшы келмесе, ондай спорт түрлерін қолдануға дініміз рұқсат береді. Сонымен қатар, спорт ойындарымен айналысу, қызықтау барысында мына нәрселерді ескерген жөн: намаз секілді маңызды құлшылықтарды ұмытып кетпеу; құмар ойынға айналдырмау; тіліне ие болу, өзгені балағаттамау; қарсыласына адамдық, моральдік қарым-қатынас жасау; киген киімі ұятты (әурет) жерлерін жауып тұруы ләзім.

Сұрақ: Қазір қонақта, бас қосуларда дастархан басында иман, дін мәселесі жиі әңгіме болады. Әркім өз білген-

түйгенін айтады. Жақында «атыс-шабыс кино көруге бола ма, болмай ма?» деген мәселе сөз болып, бір пікірге келе алмадық. Осының анық-қанығын сіздерден сұрайын деп едім.

Жауап: Атыс-шабыс. Зорлық-зомбылық, кісі өлтіру секілді көріністерді жиі көру көрерменді де бірте-бірте сондай қатігездікке бейімдейтіні бүгінгі күні дәлелденген шындық. Мұндай кинолардан жас ұрпақ өзіне де, өзгеге де пайдалы әрі жақсы үлгі-өнеге алмайтыны ақиқат. Тіпті оны көруге кеткен уақыттың зая скенін де ұмытпаған жөн. Ал ысырап – Алла сүймейтін іс. Бұл туралы Құран Кәрімде: «Ысырап етпе, сөзсіз ысырап етушілер пайтанға бауыр болмақ» деп ескертілген («Исра» сүресі, 27-аят).

Бүгінгі күні атыс-шабысқа негізделген кинолардың адам психикасы мен мінез-құлқына кері әсер ететінін психологтар да жиі айтуда. Сол себепті Ислам дінінде адамның ағзасына, санасына, мінез-құлқына, іс-әрекетіне, уақытына зиян тигізетін істерге тыйым салынған. Сөз түйіні, мүмкіндігінше ондай киноларды көрмеуге кеңес береміз.

Сұрақ: Тағдырға байланысты тартысуға неліктен тыйым салынған?

Жауап: Бірде Пайғамбарымыз (с.ғ.с) тағдырға байланысты сөз таластырып отырған сахабаларын көріп: «Сендерге осыларды істеу әмір етілді ме? Жоқ, әлде Мен сендерге осы үшін жіберілдім бе? Сендерден бұрынғылар (адамдар) осы тақырыпта тартысқандықтан құрып кеткен», – деп тағдыр турасында тартысудың дұрыс емес екенін білдірген.

Пайғамбарымыздың тағдырға байланысты қажетсіз сөз таластыруды тыюының хикметін былай деп түсінуге болады.

1. Адамның өз қалауымен болатын және қалауының тысында болатын тағдыры бар. Қалауынан тыс болатын тағдырдың себептері мен хикметтері бізге беймәлім. «Ақыл жаратылған, жаратушыны толық түсіне алмайды» демекші, ақылымыз қалауымыздан тыс болатын тағдырдың себептері мен хикметтерін және сырын толық шеше алмайды. Адамның туылған жылы, әке-шешесінің кім болуы, ұлты, жынысы және қилуынан тыс болатын аурулар мен пәлекеттердің хикметтері мен сырларын, себептерін түсіну үшін өзімізді қинау, бір-

бірімізбен сөз таластыру – түбі жоқ тұңғышқа батумен бірдей. Пайғамбарымыздың тыйған тартыс мәселесі тағдырдың осы екінші түріне байланысты болуы мүмкін.

2. Адам баласы жалпы тағдырды толық әрі дәл түсіне алмайды. Өйткені тағдыр тақырыбы – өте қиын әрі күрделі мәселе. Сондықтан әрбір мұсылман тағдырға байланысты мәселелерді дін мамандарынан сұрап, осы тақырыпқа байланысты жазылған кітаптарды оқып түсіне алғанынша түсініп, ал түсінбей ақыл жеткізе алмаған мәселелерін Аллаһтың шексіз ілімі мен әділдігіне тапсырып, адамдармен бос дау-дамайға кірмегені жөн.

Сұрақ: «Духан» сүресінің мына аяттарындағы «түтін» дегенді жақында болған Жапониядағы радиация дейді. Осы дұрыс па? Негізінде қандай мағынаны білдіреді? «Олар, күдік-күманға салынып, (ақиқатты мазақ етіп) ойнайды. (Ей, Мұхаммед (с.ғ.с) Аспанды көрнеу бір түтін қаптайтын күнді (оларға азап-апат келетін күнді) күт. Адамдарды қаптап алады; Бұл жан түршігерлік азап. (Олар): Раббымыз, бізден бұл азапты айықтыра көр) біз шынында иман келтіргендерміз» (дейді) (9-12-аяттар).

Жауап: Бұл аяттардағы «түтінді» тәпсіршілер екі түрлі түсіндірген. Ибн Масғұл былай дейді: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) кезінде құрайыштар шектен тыс шығып кеткені үшін Алла елшісі (с.ғ.с.): «Жүсіп (ғ.с.) пайғамбардың кезінде қауымы жеті жыл құрғақшылық, аштық көріп азаптанғанындай оларды да азаптай гөр» деп дұға еткен. Кейін құрғақшылық, ашаршылықтың қатты болғанынан олар өлексе (кейбір тәпсірлерде иттің өлексесі деген) жеуге дейін барған. Сондай-ақ аспан мен жердің арасын жайған түтіннен, бір-бірінің дауыстарын естіп, көзбен түрлерін көре алмай қалған. Осындай азапқа шыдамаған құрайыштар Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) келіп мұндай қиыншылықтан дұға жасап Алланың құтқаруын сұраған.

Енді бір тәпсіршілер қиямет жақындағанда болатын белгілердің бірі, шығыс пен батыстың ортасын түтін жаулап алады деген. Бұл кезде мүміндер тұмау тигендей әсер алса, кәпірлер мен мұнафықтар (екі жүзділер) тәлтіректеп, бастары қуырылған бастай, мас адамдай, іштеріне түтін толып ол түтін мұрнынан, құлағынан, артынан шығатын болады дейді. Міне осындай азап

болған кезде кәпірлер бұл нендей ауыр азап, бізді бұл азаптан құтқарушы біз Мұхаммедке және Құранға иман келтіреміз деп жалбарынады. (Кітап Сафәа әт-Тәфәсир, әл-Сабуни 3-том 1148-бет). Сондықтан бұл аяттың Жапонияда болған оқиғамен ешбір қатысы жоқ. Жапониядағы оқиғаны Алланың құлдарына берген ескертуі деп ойлаған жөн.

Сұрақ: Күйеуіммен өмір сүре алмаймын. Не істеуім керек?

Жауап: Ислам үйленуге шешім қабылдарда бір-бірімен жан-жақты танысуды талап етеді, әрине, оның бәрі шариғат пенбегінде болу керек. Күйеуін тастап кетіп қалу әйелге күнә болып жазылады.

Ислам әйелдің хұқығын толық сақтайды, оны күйеуі жәбірлеуге, жаманшылық жасауға, арын шашуға немесе зарар беруге жол бермейді. Сол үшін Ислам «талақты» (ажырасуды) және «хулуғты» (ажырасуды әйелдің өзі талап етуді) рұқсат етті. Бірақ ол үшін нақты себептер болуы керек.

Жағдайдың шешімі:

1. Егер күйеу күн көруге жетерлік нәпақа (қаражат) таппай, әйелін аш-жалаңаш қалдырып жатса, ол жаманатқа саналады. Бұл жағдайда әйел қазыға арыздануы керек. Қазы өз кезегінде жағдайды мұқият тексереді. Әйелдің сөзі дұрыстығын анықтау үшін екі куәгер немесе нақты дәлел талап етеді. Соңында әйелдікі дұрыс болып шықса, жағдайды түзету үшін күйеуге үш күн уақыт береді, егер күйеудің қолынан жағдайды түзеу келмесе, екеуін ажырастырады.

Қазіргі күнде діни басқармада «фатуа» (пәтуа) бөлімі бар. Осы бөлімге жүтінгендеріңіз дұрыс. Сондай-ақ ақсақалдар немесе имам сияқты үлкен адамдарды ортаға салып, күйеуді «әйеліңе жамандық жасама» деп насихаттап, талақ беруге үгіттеуі керек. Егер оған да көнбесе, сотқа арыздану арқылы шешуге мәжбүр боласыздар (сот арқылы ажыратасыздар). Күйеуін тастап кетіп қалуының күнәсына батпас үшін жедел түрде осы шараларды қолдану керек.

2. Егер әйел нақты себептер (ұнатпай қалуы, жеккөруі, қанағаттанбауы, бала болмауы) үшін күйеуімен өмір сүре алмай жатса, ол берген махырды (қалыңмалды) қайтып беріп, одан талақ сұрауға әйелдің толық хұқы бар. Оны Исламда «хулуғ» дейді. Егер оған күйеуі келіссе, ажырасқан болып саналады,

екеуінің қайтып қосылуларына болмайды. Тек әйел басқа күйеуге шығып, одан заңды түрде ажырасқан жағдайда ғана қайта қосылуларына болады. Бұл жағдайда әйел талақ алу үшін күйеуі берген махырдың үстіне ақша қосып беруіне де болады. Алайда, оны алу – күйеуге мәкрух.

Дегенмен, әлі де жарастыру жолын іздеу керек. Қайткенде де еркек болып әйелін өзіне қызықтыру жолын іздеу керек екенін ескерткен жөн.

Сұрақ: Намазда сәжделердің бірі немесе екеуі де ұмытылған жағдайда не істеу керек?

Жауап: Негізінде сәжде жасаудың үкімі – парыз. Ал әдейі сәжде жасалмаса намаз бұзылады. Егер сәждені ұмытып, оны намаз бітпестен бұрын еске алса, тилауат сәждесін жасағандай қазасын өтейді. Яғни сәжденің екеуін ұмытса екі рет, біреуін ұмытқан болса бір рет сәждеге барады да, намаздың қалған рүкіндерін жалғастырып, соңында сәу сәждесімен тәмамдайды. Сондай-ақ сәлемнен кейін есіне түссе, ешбір әрекет жасамай, сөйлемей тәкбір алады да сәждеге барады. Осылайша сәжденің қазасын өтеп, сәу сәждесін жасап, қайтадан әт-тәһият және салли бәрик дұғаларын оқып сәлеммен бітіреді. Керісінше сәлемнен соң қыбыладан жүзін бұрып, сөйлесіп қойған болса, намазы бұзылады да қайтадан намазды толық оқиды.

Сұрақ: Ханафи мәзһабында жылқы еті харам ба?

Жауап: Жылқы етіне байланысты ханафи мәзһабында екі түрлі үкім бар. Әбу Ханифаның пікірінше жылқы еті мәкруұ болса, оның екі үлкен мүштанид шәкірті Мұхаммед пен Әбу Юсуф бойынша адал. Әбу Ханифаның жылқы етінің мәкруұтігіне байланысты «Нахл» сүресінің: «Жылқыны, қашырды және есекті мінулерің үшін және сән мақсатында жаратты» деген 8-аятын дәлел ретінде келтіреді. Яғни, малдың етін жеу ең үлкен нығмет бола тұра бұл аятта жылқының міністілігі мен сәндігі ғана айтылып отыр. Егер жылқы еті адал болғанда ең әуелі оның осы жағы айтылатын еді дейді. Бірақ, аятта жылқы етінің нақты желінбейтіндігі кесіп айтылмағандықтан Әбу Ханифа оған харам деп емес, мәкруұ деген үкіммен шектелген. Сондай-ақ Әбу Ханифаның мәкруұ деп үкім беруінің тағы бір негізгі себебі жылқы малының соғыстың ең үлкен құралы болғандығында жатыр.

Себебі, басқаша үкімге беру соғыстың ең қажетті құралының азаюына, аятта айтылған оның «міністілік» мақсатының мәнін жоюына әкеп соғады. Әбу Ханифаның мәкрұь дегені «мәкрұь тәнзиһан» адалға жақын мәкрұь па, жоқ әлде «мәкрұь тахриман», яғни харамға жақын мәкрұь па деген ғұламалар арасында екі үшты пікір бар.

Ал, Әбу Ханифаның екі үлкен мүштаһид шәкірті Мұхаммед пен Әбу Юсуфтың пікірінше жылқы еті адал. Дәлел ретінде әл-Бухариде және Мүсілімде риуаят етілген мына хадистерді келтіреді:

Біріншісі, Жәбир ибн Абдилланың: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хайбар күні есек етін жеуге тыйым салып, жылқы етін жеуге рұқсат берді» (Сахихул-Бухари, 39826, 4-том, 1544-бет. Дәру Ибни Кәсир баспасы, Бәйрут, 1987 ж.) деген хадисі.

Екіншісі, Әбу Бәкір қызы Әсманың: «Пайғамбар (с.ғ.с.) заманында жылқыны сойып, етін жедік» (Сахих Мүсілім, 5191, 5-том, 2099-бет. Дәру Ихиа'ит-турасил-араби баспасы, Бәйрут...) деп риуаят еткен хадисі.

Қорытынды: Бәрімізге белгілі ханафи мәзһабы, бұл тек Әбу Ханифаның берген пәтуәларының жиынтығы ғана емес, ханафи мәзһабының үкім шығару негіздеріне (усулул-фикһ) сүйене отырып шығарылған мүштаһид ғалымдарының пәтуәлары да осы мәзһабқа жатады. Ханафи мәзһабында Әбу Ханифаның екі үлкен шәкірті Мұхаммед пен Әбу Юсуфтың берген пәтуәлары да көп жағдайда негізге алынады. Міне, сондықтан, жылқы етін жейтін ханафи мәзһабын ұстанатын мұсылмандар бұл мәселеге байланысты Мұхаммед пен Әбу Юсуфтың берген пәтуәларын негізге алады. Сондай-ақ, кейбір пәтуәлар заманы мен ортасына, жағдаяттарға климатты өзгеріп отырады. Әбу Ханифаның жылқы етін жеудің мәкрұь сипауының негізгі себебі жылқы малының сол заманда соғыстың негізгі құралы болуында. Ал, қазір соғыс құралы алуан ұшақ, танкі секілді заманауи күшті техникаларға ойысқандықтан Әбу Ханифаның жылқы етіне байланысты берген «мәкрұь» деген үкімі де оңдігінен өзгертіні мәлім. Яғни, Әбу Ханифа қазіргі дәуірде өмір сүргенде жылқы етіне байланысты басқаша үкім беруі мүмкін еді.

Сұрақ: Имамға кешігіп ұйыған адам қандай жағдайда «мен мына рәкатқа үлгердім» деп айта алады және кешіккен рәкатын қалай толықтырады?

Жауап: Егер кісі намазға кешігіп келіп имамға ұйыса, имам сол сәтте рүкүтке болып, ол да рүкүтке барса, онда бұл рәкатқа үлгерген болып саналады. Өйткені, әрбір рәкат имамның рүкүктен түрегелуімен аяқталады. Ал егер имам рүкүктен көтеріліп қойғаннан кейін (қолын тізесінен алғаннан кейін) имамға ұйыш рүкүтке барған болса, онда ол рәкатқа үлгерген болып саналмайды. Кісі үлгере алмай қалған рәкатын толықтыру үшін соңғы отырыста тек «эт-тәхият» дұғасын ғана оқиды. Имам екі жаққа сәлем бергенде, ол сәлем бермей орнынан тұрып үлгермей қалған рәкатын оқып қайта ақырғы отырысқа отырады. Бұл отырыста «эт-тәхият», «салауат», «раббанә этина» дұғаларын толықтай оқып, екі жаққа сәлем беріп, намазын аяқтайды.

Сұрақ: Ақида дегенді түсіндірсеңіздер?

Жауап: «Ақида» сөзін тілдік тұрғыдан қарастыратын болсақ «бір нәрсенің бөлек ұштарын бір жерге жинау», «топтау» мағынасын береді. Көпше түрі – «ақайд». Ал ислами түсінік тұрғысынан алғанда дініміздегі басты тұжырымдарды құрайтын сенім жүйесі, дәлірегі, иман негіздері дегенді білдіреді. Ақида ұғымы сенім жүйесі ретінде қолданылуымен бірге, белгілі бір мәзһабтың немесе бір мәзһабты құрған имамның иман негіздеріне қатысты айтқан пікірлері мен түсінігін білдіру үшін де қолданылады. Ислам дінінің сенім жүйесіне қатысты саласын зерттейтін ғылымды «кәлам» десе, тікелей сенімге байланысты айтқанда «итақад» термині қолданылады. Сол секілді ақиданы да, көп жағдайда иман негіздері деп айтуымызға әбден болады. Яғни, бұл иман негіздеріне «әмәнту биллә» дейміз. Әмәнту: «Әмәнту билләһи уә мәләикәтиһи уә кутубиһи уә русуллиһи уә-яумил ахири уә бил-қадари хайриһи уә шарриһи миналлоһи тағала уәл-бағсу бағдәл-мәути хаққун. Өшъәду ән лә иләһә иллаләһу уә әшъәду әннә Мухаммадан абдуһу уә расулуһу» болып айтылады, мағынасы: «Мен Аллаһқа, Оның періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақырет күніне, тағдырға, жақсылық пен жамандықтың Аллаһтың жаратуымен болатындығына иман еттім. Өлгеннен кейін қайта тірілу хақ. Аллаһтан басқа ешбір тәңірі жоқ, Хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) Аллаһтың құлы және елшісі екендігіне куәлік етемін». Ислам ақидасы Құран мен хадис үкімдеріне сүйенгендіктен, кейбір

сенімдердегідей «көзінді жұм да, артымнан ер» деген шолақ түсініктен аулақ. Ислам ақидасы адамзатқа иман негіздерін түсіндіргенде кез-келген мәселені анық дәлелдермен келтіреді. Мысалы, Құранда Аллаһтың бар және бір екендігімен қоса, кәміл сипаттарын жеке-жеке түсіндіретін тұстары кездеседі. Сол секілді әлемнің жаратылысы, адамның жаратылысы және тарихта болған кейбір оқиғалар да келтірілген. Сондай-ақ, Құран Кәрімде олгеннен кейін қайта тірілу мәселесі адамның алғаш жаратылысымен бара-бар, нәм аспан мен жердің қалай жаратылғандығына теңей отырып нақты дәлелдермен түсіндіріледі.

Сұрақ: Ит неліктен нәжіс (лас) болып саналады?

Жауап: Әуелі мына нәрсеге тоқтала кеткен дұрыс болар.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Аңшылық пен малшылықпен айналыспайтын үйде ит асыраған адамның сауабы күнде кеміп отырады» (Бухари, эз-Зәбәиһ, 6; Муслим, Мусақат, 46, 50, 56-58) – дейді. Әрі періштелердің ит болған жерге келмейтіні туралы хадистерге (Әбу Дәуіт, әт-Таһарат, 89; Бухари, Бәдул Халқ, 7, 17, әл-Либас, 77; Муслим, әл-Либас, 81) келер болсақ малды, үйді қорғау, аң аулау сияқты нақты қажеттілік болмаса, ит асырауға дінімізде тыйым салынған. Өйткені:

- Үйде ит асырауға кететін күші мен қаражатын мүмкін өзгелде қайырлы істерге жұмсағаны абзал.

- Қазіргі дамыған медицина иттен адамға жұғатын бірқатар вирустардың түрлерін де анықтағаны белгілі.

- Бұған қоса ит жолдан өткен-кеткендердің есін шығарып, мазасын алады, қонақтарды қорқытады.

Сұрақ: Сәлеметсіздер ме, жеңгемнің 2 қызы бар, енді тағы (үл) бала тууға денсаулығы жарамайды. Сұрағым. Суррогат шариғатқа қайшы ма?

Жауап: Ислам дінінде ата-ананың балалы болуы да Аллаһтың нәсіп еткен несібелерінің бірі. Құранда: «Көктер мен жердің иелігі Аллаһ Тағалаға тән. Қалағанын жаратады. Кімге қаласа, қыздар, кімге қаласа ұлдар береді. Немесе ұлдар мен қыздарды жұп-жұбымен береді. Сондай-ақ қалағанын бедеу етеді. Күдіксіз Ол – толық білуші, аса күшті», – делінген.

Хақ Тағала жаратқан әрбір нәрсесін себепке қатысты еткен. Сондықтан бедеу әйел мен белі жоқ ер кісінің яки осыған қатысты

әлде бір жағдай болғанда емделіп Аллаһтан бала тілеуінің ешқандай сәкеттігі жоқ. Бұлайша ем іздеу тағдыр сеніміне қайшы емес. Пайғамбарымыз «өлімнен басқаның бәрінің емі бар» деген. Хазіреті Ибраһим мен Зәкәрия пайғамбарлардың қартайған шағында балалы болуы да сол емделуге деген ынталандыру мен үміт. Дұғаның арқасында қара тас та қақ айрылып, тас омыраудан сүт шығады.

Бұл заманда техниканың оза шауып тізгінмен алысып бара жатқан шағы. Осыны пайдаланып егер ерлі-зайыптылар бір ұрығын, бірі жұмыртқасын алу арқылы арнайы медициналық орталықта жетілдіріп, одан кейін жұмыртқа иесі әйелдің жатырына орналастырып, әрі қарай бала сол анасының құрсағында жетіліп дүниеге келетін болса, онда бұл жолды пайдалануға болады. Бұдан тыс бөгде біреудің жатырына салатын болса, онда бұған Ислам діні рұқсат бермейді.

Қазіргі Ислам ғалымдары осы харам жолды беске бөледі.

1. Ерінің спермасын өзімен некелес болмаған бөгде бір әйелдің жұмыртқасына қосып жетілдіріп одан кейін соны әйелінің құрсағына орналастыруы.

2. Бөтен бір ердің спермасын пайдалану жолымен жетілдіріп, соны әйелінің құрсағына орналастыруы.

3. Ерлі-зайыптылардан алған жұмыртқа мен сперманы сыртта жетілдіріп, соны басқа бір әйелдің құрсағына орналастыруы.

4. Бөтен ердің спермасы мен бөгде бір әйелдің жұмыртқасын сыртта жетілдіріп, одан кейін сол эмбрионды әйелінің құрсағына орналастыруы.

5. Ерінің спермасы мен әйелінің жұмыртқасын сыртта жетілдіріп, сол эмбрионды әлгі ері екінші әйелінің құрсағына орналастыруы.

Зина – бөгде әйел мен бөгде ердің бір-біріне деген жақындасуы ғана емес. Зинаның негізі – ұрпақтың заңсыз жолмен дүниеге келуі және ұрпақтың кімнен тарағаны беймәлім болуы. Сондықтан белі жоқ ердің бөгде біреудің ұрығын әйеліне салдыруы мен бірге жатқызуында ешқандай айырмашылық жоқ. Сондай-ақ, белі бар ердің де өзінің спермасы мен әйелінің жұмыртқасын бөгде бір әйелдің құрсағына салуы сол әйелмен бірге болғанмен тең. Зинаның мәні де – ұрықтың некесіз әйелдің құрсағына түсуі.

Қазақта «жеті атасын білмеген жетесіз» деп, ұрпаққа қатты мән берген. Егер харам жолдармен қазақ халқы да жүретін болса, көп ұзамай сақтардан бері гені мен ата-тегін көзінің қарашығындай сақтап Жаратушының жолымен келе жатқан қазақ елі жер бетінен жоғалары сөзсіз:

Сұрақ: Ассалаумағалейкум! Мені мазалап жүрген сауал бар еді. Пайғамбарымыздың бір хадисінде «Иті және суреті бар үйге періште кірмейді» деп айтылған ғой. Енді біздер өмірден қайтқан адамдардың суретін естелік етіп бөлмеге қойып қойдық. Алып тастайын десем ата-анамның наразылығына қалам ба деп ойлаймын. Сондай-ақ, бұл суреттер менің ғибадат етуіме кедергі бола ма?

Жауап: Иә, расында Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Періштелер сурет тұрған және ит болған жерге кірмейді...», (Бухари, Бәдул-халк, 7-17; Мағазы, 12; Либас, 88-94; Муслим, Либас, 81-83) деген хадисі бар.

Ит ұстаған үйге періштелердің келмеуі иттің ластығы не діни тұрғыдан нәжіс саналатындығы болса керек, бірақ оның басқа да себептері болуы мүмкін. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Егер иттер де жеке басына үмбет болмағанда, оларды қырып тастауға бұйрық берер едім» (Әбу Дәуд, Әдаһи, 22; Тирмизи, Сайд, 16-17; Нәсаи, Сайд, 10; Ибн Мәжа, Сайд, 6) – деген хадисі табиғаттағы экологиялық тепе-теңдіктің сақталуында иттердің де өз үлесі бар екенін білдірген тәрізді.

Негізінде, пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Періштелер тірі жандылардың суреті ілінген үй мен иті бар жерге кірмейді» деген хадисіне байланысты ғалымдар түрлі пікір өрбіткен. Кейбір ғалымдар бұл жерде ниеттің өте маңызды екенін ескеріп, яғни, суреттің ешқандай құлшылықпен табынумен байланысы жоқ болған жағдайда, намазға тұрған адамның құбыла жағынан басқа қабырғаларға сурет ілуге рұқсат бар екенін айтады.

Ең алдымен сурет немесе мүсіннің тыйым салынуына исламнан бұрынғы надандық дәуірдің әсері болғандығын ескергеніміз абзал. Яғни, пұттарға табынудан енді ғана арылған қауымға көне, жаңсақ сенімдердің қайта сіңісіп кетпеуі үшін пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сурет немесе мүсінге байланысты қатаң ескертулер жасаған еді.

Сұрақ: Адамның бұл дүниеге келу мақсаты қандай? Егер пенденің қай жерде, қашан ажалы жететіні, қандай күнә жасайтыны алдын-ала жазылған болса, онда қайда баратыны да белгілі болғаны ма (тозақ па әлде жәннат па)? Адамға өмірінде тандау беріле ме? Егер алдын-ала адам тозаққа әлде жәннатқа түсетіні шешіліп қойған болса, өмірге келудің мағынасы жоғалады ғой...

Жауап: Адамға байланысты тағдыр мәселесі, задында, күрделі болғандықтан, көптеген адамдар оны қате түсінеді. Бәзбіреулер істеген күнәларынан «Тағдырымда осылай жазылса, мен қайтпекпін?», – деп ақталып жатса, енді біреулер әр істеген ісімді өз қалауыммен істеймін, «олай болса, тағдыр жоқ» деп шектен шығып жатады. Бұл екі пікірдің біреуі астамдық болса, екіншісі нұқсандық. Орта жолды, тағдыр ұғымын дұрыс түсіне алмағандық.

Адам баласы басқа жаратылыстардан өзіндік ақыл-ойымен, айрықша ерік-қалауымен екшеленгендіктен, оның тағдыры да өзгеше. Адамға байланысты тағдырдың екі жағы бар.

1. Адамның еркінен тыс жағы.

Адамның еркінен тыс Аллаһ Тағаланың қалауы, арнайы белгілеуі арқылы болатын құбылыстар осыған жатады. Мысал ретінде адамның ұлты, туылған жылы, жынысы, денінің сау яки ару болып дүниеге келуі, бойының ұзын немесе қысқа болуы, зерек, ұғымтал түрлі қабілеттерге ие болуы, жетімдік тартуы тәрізді қалауынан тыс болатын нәрселерді айтуға болады. Адам баласы қалауынан тыс бұл істерден ақыретте сұраққа тартылмайды. Бірақ, тағдырмен қоса әрбір адамның ерік-қалауының бар екенін де ұмытпағанымыз жөн. Мысалы, бір адамның тағдырында жетімдік тарту жазылғанмен, сол жетімдікке сабыр етіп, қиындықтарға мойымай, адамдығын, арын таза ұстап, сынды жіберген Ұлы Жаратушысына бас иіп, имеуі – өз еркінде. Ол жетімдігі үшін сұраққа тартылмағанымен, өзінің қалауы мен еркі арқылы іске асатын басқа істерден сұралмақ. Алла біреуге сәтін салып, барлық шарттарды ыңғайлап, күні-түні жүтіріп істеген істеріне берекет беріп, бай етті делік. Яғни, Аллаһ Тағала оның бай болуын қалап, тағдырына байлықты жазды. Демек, Ұлы Иесі бұл құлына мына дүниеде «байдың рөлін» беріп, байлықпен сынағысы келді. Бірақ, бұл байлықты жақсы жолда жұмсап, жетімдердің басын сипап, кедей-

кепшікке қол ұшын беріп, Ұлы Иесіне шүкіршілік етуі немесе керісінше байлықтың буына мастанып, Жаратқанды ұмыт қалдырып, тәкаппарлыққа бой алдыруы – бәрі-бәрі құлдың өз қолында, өз еркінде. Құл екі жолдың біреуін өз қалауымен тандап, жәннатқа яки тозаққа қарай жол салады.

Иә, пешенеге жазылған тағдырмен қоса адамға берілген өзіндік ерік-қалау да бар. Тағдырдың өзіне жүктеген рөлін дұрыс жолда, байсалды ойнап-ойнамауы әркімнің өз еншісінде:

2. Адамның қалауына байланысты жағы.

Аллаһ Тағала әу баста әр адамның қай жерде, қай уақытта не істейтінін бастауы жоқ әзәли әрі шексіз ілімі арқылы білген. Өйткені, Аллаһ Тағала үшін өткен шақ, осы шақ, келер шақ деген ұғым жоқ. Міне, Ұлы Жаратушымыз сол білгенін адам үшін тағдыр етіп «Ләухул-Махфузға» жазған. Яғни, адамның қалауы – Аллаһ Тағаланың жазған тағдырында есепке алынған.

Яғни, біз күнә немесе ізгі іс істеуге мәжбүрленбейміз. Өйткені, бізде таңдау еркі бар. Мысалы, жолда кетіп бара жатып, түсіп қалған ақшаны көрдік делік. Осы сәтте адамның таңдауына бірнеше нұсқа келеді. Біз соның біреуін өз қалауымызбен тандаймыз.

1. Ақшаны ақырын ғана қалтамызға сүңгітіп жіберіп, ол жерден дереу қарамызды батырамыз.

2. Ақшаны алып, иесін тауып қайтарамыз.

Жоғарыдағы таңдаулардың қайсысын таңдасақ та өз еркімізбен, дербес қалауымызбен іске асырамыз. Бірінші таңдауды істеп күнәға батуымыз да, екіншісін тандап сауапқа кенелуіміз де мүмкін.

Аллаһ Тағала Құранда: «Оған (адамға) жақсылық және жамандық жолдарын көрсетпедік пе?», «Кім жақсылық істесе пайдасы өзіне, ал, кім жаманшылық істесе зияны өзіне. Раббың құлдарына ешқашан зұлымдық жасамайды», («Фуссилат» сүресі/46) – деп, жақсы-жаманды таңдаудағы адамға берілген ерікті білдіреді.

Ақын Майлықожа да осы ақиқатты мына жыр жолдарымен жеткізген:

«Алла берді екі жол,

Бірі оң да, бірі сол.

Ойланьндар, бауырлар!

Дүние қысқа, ақырет мол».

Аллаһ Тағаланың бұйрықтарын орындаған адам Жаратушының сүйікті, салиқалы құлдарының тұғырына көтеріледі. Ал, бұйрықтарына қарсы шыққан пенде күнәһар болады. Аллаһ Тағала әу баста күнәһар не салиқалы құл болудың жолдарын осылай тағайындап белгілеген. Сондықтан кімде-кім осы екі жолдың қайсысын ұстанса, жазылған нәтижесіне жетеді. Міне, осы құлдың қалауына қарай таңдалған нәтиженің Аллаһ Тағала тарапынан әу бастан білінуі «тағдыр» делінсе, білінген нәрсенің уақыты жеткен мезетте Аллаһ Тағаланың құдіретімен жүзеге асуына «қаза» делінеді.

Жоғарыда Ұлы жаратушымыз әзәлі ілімі арқылы біздің мына дүниеде не істейтінімізді біліп, білгенін тағдыр етіп «Ләхул-Махфузға» жазған дедік. Демек, біз бұл дүниедегі барлық істерімізді Аллаһ Тағала алдын-ала білгені үшін істемейміз, керісінше, Аллаһ Тағала не істейтінімізді білгені үшін тағдырға жазған. Яғни, Аллаһ Тағаланың біздің істейтін ісімізді алдын-ала білуі – бізді сол істі істеуге мәжбүр етпейді.

Мысалы, біз күннің шығу сағатын астрономия ғылымы арқылы алдын-ала біліп, күнтізбеге жазып қоямыз. Уақыты жеткен мезетте күн шығады. Ал енді осы күннің шығуы біздің алдын-ала есептеп білгеніміз үшін жүзеге асты ма? Жоқ, әлде сол уақытта шығатын болғаны үшін біз білеміз бе? Міне, гәп осында.

Сұрақ: Адам қайтыс болғанда сурет салынған жерін кесіп алып тастайды дейді. Осы дұрыс па?

Жауап: Денеге сурет салу – шариятқа қайшы. Себебі шарият бойынша сурет салу немесе салдырудың үкімі – харам. Өйткені Алланың өте көркем түрде жаратқан тәнді өзгерткен болып саналады. Негізінде адам баласы мұндай жаман істерге шайтанның азғыруымен, бұйрығымен барады. Бұл туралы Аллаһ Тағала Құранның «Ниса» сүресінің 119-аятында ескерткен. Денеге сурет салу немесе салдыру сияқты мәселелердің негізі Исламнан бұрын болған. Яғни жәһилиет дәуірінде кейбір адамдар пұттарының суреттерін кеуделеріне, қолдарына сызып алатын. Ал Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Денеге сурет салғанға да, салдырғанға да Алла елшісінің лағнеті болсын»,

– деу арқылы қатаң түрде сурет салуға болмайтындығын ескерткен. Сондықтан денеге сурет салдырудан сақтанған жөн. Исламды кейіннен қабылдаған жан бұл істің харам екенін кеш білсе, денесіндегі суретті кетірген абзал. Ал кетпейтіндей болса Алладан кешірім сұрап тәубе жасау керек. Сондай-ақ қайтыс болғанда сурет салынған жерді кесіп алып тастайды деген дұрыс емес. Аллаһ Тағала шынайы ықылас, ниетпен жасалған тәубаны қабыл етуші. Алла елшісінің (с.ғ.с.) Амир ибн Асқа (р.а.) айтқан: «Исламға кіру – бұрынғы күнәларды жояды», – деген хадисі де осыны анықтай түседі.

Сұрақ: Мен, Аллаға шүкір, бес уақыт намаз оқимын. Менің түсінбейтінім – жақында бір телеарнадан бір дінтанушы: «Хиджап тақпаса да болады. Алла хиджапқа, байлығыңа қарамайды. Тек иманға қарайды. Жай орамал тақса да болады», – деді. Мен осы уақытқа дейін: «Хиджап – парыз», – деп оқыған едім. Кімге сенуге болады?

Жауап: Ең әуелі хиджабтың парыздығынан бұрын хиджаб пен орамалдың парқын ажыратып алған жөн сияқты. Өйткені сұрақта хиджаб тақпаса да болады деумен қатар жәй орамал тақса да болады деген. Ал «хиджаб» арабша сөз. Оның негізгі түбірі «хажэбэ» яғни қазақшасы жасыру, жабу, жамылғыш деген мағыналарды береді. Хиджабты қазақша орамал деп те атайды. Хиджаб пен орамалдың негізгі ұғымы бір. Әйелдердің басын орамалмен жауып, әурет жерлерін бөгде адамдардан жасырып ұзын киім киюі Аллаһ Тағаланың бұйрығы. Дінімізде әйелдердің беті, екі қолы (білезігіне дейін) мен екі аяғынан (тобығына дейін) басқа жерлері ұятты болып есептеледі. Сондықтан да, барлық әйел баласы ұятты саналған әуретті жерлерін киімімен жауып, бөгде ер кісілерге көрсетпей жүрудің шариғаттағы үкімі – парыз. Оның парыздығына Қасиетті Құранның «Нұр» сүресіндегі 31-аят дәлел.

Онда: «Мүмін әйелдерге айт, өздеріне харам етілген нәрселерге қарамасын, ұятты жерлерін зинадан, күнә атаулыдан қорғасын, мәжбүр көрінген жерлерінен (бет, екі қол, тобықтан томен екі аяқ) тыс әдеміліктерін көрсетпесін. Орамалдарын жағаларын да (яғни, мойын, көкіректері ашық қалмасын) жабатындай етіп тақсын...», – делінген. Ал ата-бабаларымыз «тұрпымызда орамал тағу жоқ» деп, Құран қағидасына қарсы

шықпаған. Керісінше, оны ғұрпымен сабақтастырып, ою-өрнегімен көркемдеп, өзінің төл киім үлгісіне айналдыра білген. Сондай-ақ қазақ жерінің әр өңіріне тән әйел кимешегі болған. Тіпті, әйелдердің жас ерекшеліктеріне де байланысты кимешек үлгілері тігілген. Бүгінгі таңда да Құран өлшемдерін ескере отырып, заман талабына сай әр түрлі ұлттық хиджабтардың үлгілерін тігіп киюге болады. Оған шариятымыз рұқсат етеді.

Ал телеарнадан өзін дінтанушы ретінде таныстырған адам, егер хиджабты тақпаса да болады деу арқылы, араб елдеріндегі белгілі бір киім үлгісін айтқысы келсе, онда дұрыс. Ал керісінше шарият бойынша әйел кісілердің жабылуы тиіс жерлерді жаппаса да болады десе, Алланың бұйрығына қарсы келген болады.

Сұрақ: Ғайбат айту қандай күнә?

Жауап: Біреудің сыртынан басқа біреуге оның бойындағы кемшіліктерді айтуды шариятта «ғайбат» дейді. Өзі жоқ кісі туралы: «пәленше бұйтті, түгенше сөйтті» деп жағымсыз сөздермен еске алу да ғайбат болады. Ғайбат дінімізде қатаң тыйым салынған күнәлі қылық саналады. Құранда: «Бір-бірлеріңді ғайбаттамаңдар. Араларыңдағы біреу бауырының өлі етін жегенді ұната ма? Әне, бұдан жиіркендіңдер. Олай болса, Алладан қорқындар...», – деу арқылы оның қаншалықты жиіркенішті күнә екені айтылған. Адамзат баласы өлген малдың етін жеуден қатты жиіркенеді. Ал Алла Тағала бұл жерде «өліп қалған бауырының» етін жеу дегенді келтіріп отыр. Иә, адам кейде өз бауырының етін жеп жүргенін де білмей қалуы мүмкін.

Енді айтылған аятта Алла елшісі сахабаларына қалай ұқтырғанына тоқтала кетейік. Хазірет Әнас (р.а.) былай деген: «Пайғамбарымыз бір күні ауыз бекітуді әмір етіп: «Рұқсат етілмейінше ешкім оразасын ашпасын» деді. Кеш батып, ымырт үйірілген шақта Пайғамбарымыз алдына келгендерге ауыздарын ашуға рұқсат беріп отырды. Осы кезде бір кісі келіп: «Уа, Алланың елшісі! Екі жас қыз ораза ұстап, қатты шаршады. Сіздің алдыңызға келуге ұялатын секілді. Қарсы болмасаңыз, оразаларын ашсын» деген кезде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) рұқсат бермей қояды. Әлгі кісі екінші рет келіп: «О, Алланың елшісі, шыдамдары таусылып, аштықтан бұратылып тұр» дейді. Пайғамбарымыз оларды әкелгізіп біреуісіне: «Кәне, лоқсы» деді. Ол қан аралас ірің лоқсиды. Тіпті, ыдыс толып кетті. Екіншісі де дәл солай. Осыдан кейін

Пайғамбарымыз «Бұлар халал жолмен ораза ұстады. Бірақ, адамдардың етін жеу арқылы харам жеді» деген-ді. Мінеки, Пайғамбарымыз ғайбаттың адам етін жеумен бірдей жиіркенішті екенін үмбетіне осылайша үйретті. Әлгі екі қыз ораза ұстауын ұстаған, бірақ күні бойы өзгелердің сыртынан жағымсыз сөздер айтып жүрген екен.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ғайбат – адамдардың сауаптарын жоюда лап етіп, бір-ақ жалмайтын сұмандаған өрттен де жылдам», – дейді. Сондықтан тілді бүкіл жақсы амалдарды жоятын ғайбаттан сақтауға аса мұқият болу – керек.

Тағы бірде Алла елшісі (с.ғ.с.) «Ешкім сахабаларым жайлы жағымсыз сөз айтпасын. Өйткені мен алдарыңа ішімде ешқандай жаман сезімсіз шыққым келеді», – деген. Әрине, Ардақты елшінің осындай даналық тұжырымдары – біздер үшін де үлгі.

Негізінен, тілді пайдасыз нәрселерге қолданбай, жақсылыққа, Алланы еске алуға пайдаланғанымыз жөн. Өйткені пайдасыз бос сөздер адамның жүрегін қатайтып, Алладан алыстатады. Осыған орай Пайғамбарымыз (с.ғ.с.). «Алланы зікір етпей бос нәрселерді айтып, сөзді ұзартпаңдар. Арасында Алланың аты еске алынбай ұзаған әңгіме жүректі қарайтады. Алладан ең ұзақ болғандар – тасжүректілер», – деді.

Аллаһ Тағала жүректерімізді бірлестіріп, кәміл мұсылман, хатірет Мұхаммедке лайық үмбет болуды несіп етсін!

Сұрақ: Аяғы ауыр ананың жанын аман алып қалу үшін, оның ішін жарып баланы алған соң (бала өлі туған жағдайда) алты айлықтан асса қолға беріледі, ал алты айға жетпесе онда дәрігерлер қолға бермейді, оны өртеп жібереді екен. Осындай жағдайлар кездесіп жатады, оны қалай шешуге болады?

Жауап: Негізі аяғы ауыр ананың жанын аман алып қалу үшін, оның ішін жарып өлген баланы алуға шарифатымыз рұқсат етеді. Ал, адамды өртеу ислам дініне жат. Сондықтан ғалымдар адамды өртеуге болмайтындығын бір ауыздан айтқан. Ол қандай жағдайда болсын жерленуі керек. Яғни 120 күнге толып жаны берілгеннен кейін өлсе немесе 4 айға жетпей түсіп қалса да жер қойнына беріледі.

Сондай-ақ, адамға тірі кезінде қалай құрметпен қаралса өшкенде де сондай құрметпен қараған дұрыс. Құран Кәрімде

Аллаһ Тағала: «Біз адам баласын құрметті еттік» («Исра» сүресі, 70-аят) – десе, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Өлген адамның сүйегін сындыру тірі кезінде сындырғандай», – дейді. (Ибн Мәжә, Әбу Дәуіт, ибн Хаббан саихында). Тағы бір хадисте: «Зираттың үстіне отырмандар», – деп өліге құрметпен қарау керектігін де ескерткен. Ал, дәрігерлердің алты айға толмаған баланы алып, қолға бермей өртеу мәселесін тиісті мекемелерден сұраған дұрыс. Біздің міндетіміз оларға шариғатымыз тұрғысынан өртеуге болмайтындығын түсіндіруіміз керек.

Сұрақ: Қағба – жердің кіндігі ме?

Жауап: Көптен бері шешімін таппай жүрген бір сұрақ бар. Мұсылмандар неге Қағбаға қарап намаз оқиды? Құран ғылымының зерттеушісі Залул Наджардың айтуынша, бастапқыда Мекке су үстіндегі бір арал болған және осы жерден тіршілік таралған екен.

Ал жақында Каир Университетінің докторы Хусейн Камалуддин мынадай ғылыми жаңалық ашты. Жер бетін су басқан бір заманда вулкан салдарынан дәл Қағба тұрған жерден арал пайда болған. Және барлық тіршілік осы жерден шыққан. Ал оған шейін барлық планеталар су құрсауында жатқан. Сондай-ақ, ғалымдардың ұзақ жылғы зерттеуінің нәтижесінде Меккедегі Қағба барлық тіршіліктің, яғни жердің кіндігі екендігі дәлелденіп отыр. Ғалымдардың зерттеуінше, қазіргі Қағба орналасқан Араб түбегінде бұрын Гондвана деп аталатын үлкен арал болған. Осы аралдан жеті құрлық бөлінген. Бұл оқиға мезазой кезеңінде жүзеге асқан.

Хусейн Камалуддиннің айтуынша, Қағба орналасқан жерде Жер планетасының магниттің орталығы орналасқан. Сондықтан бұл жерде Аллаһ Тағала ғана білетін хикметтер бар.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намазда құбыла қылған Қағбаға жүзімізді бұрып құлшылық қылуымыздың бір себебі осында жатса керек.

Сұрақ: Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) диетасы қалай болған?

Жауап: Соңғы уақыттары адамдар арасында диета ұстаушылар көбейіп барады. Неге деп ойлайсыз? Өйткені, көпшілік қалай тамақтануды, қалай күтінуді білмейді. Сондықтан, пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қалай диета ұстағаны жайлы айтқанды жөн көрдік.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бізге: «Адам өмір сүру үшін азын-аулақ қана тағамның өзі жеткілікті. Қарынның үштен бір бөлігін – тамаққа, біріне – суға, біріне – ауаға орын қалдырыңдар», – деді. Осы сөзді барлық мұсылмандар өміріне арқау етуі қажет. Ал ғалымдар болса жақында ғана қарынның бір бөлігін ауамен толтыру қажет екендігін дәлелдеді. Себебі, қарында ауа жүретіндей орын болмаса ол адамның қан айналымы нашарлап, ас қорыту жүйесі бұзылады. Кей жағдайда семіздікке ұшыратуы да мүмкін. Біз бір демалғанда 16 рет ауа кіргізіп-шығарамыз. Әр дсм сайын ішке жарты литр ауа кіреді. Осы арқылы адам тәулігіне 23 240 рет демалып, 11620 литр ауа жұтады екен. Ал егер қарын асқа толса, мұндай процесс іске аспайды.

Сұрақ: Балқарағай майы – жанға шипа ма?

Жауап: Бүгінде балқарағай майын кез-келген дүкендерден сатып алуға болады. Алайда, бағасы ана-ғұрлым қымбат. Оның қымбат болуының себебі неде? Осыған жауап берейік.

Балқарағай майының қымбат болуы – оның жанға шипалығында. Балқарағайдың құрамында 50%-дан астам синтезделмейтін F дәрумені және адам өміріне аса қажетті амин қышқылдары бар. Сондай-ақ, май көптеген басқа да дәрумендер мен микроэлементтерге бай. Балқарағай майының беттерісінің күтімі үшін де пайдасы мол. Ол әжімдермен жақсы күреседі, терінің қартаюының алдын алады.

Ол үшін дәкіні сәл қыздырылған бал қарағай майына малып, 10-15 минуттай бетке және мойынға қоямыз (бұл әдісті шалқадан жатып жасаған дұрыс). Мұндай әдісті әрбір кеште жасап тұрудың пайдасы зор.

Балқарағай майы сонымен қатар ултрокүлгін сәулесінің сүзгісі. Майды күннің көзіне шығарда немесе күнге қыздырылғаннан кейін, далаға шығар алдында бетке және ашық жерлерге жұқалап жипып шықса, күннің жағымсыз энергиясынан қорғайды.

Балқарағай майы сезімтал терінің күтіміне өте жақсы көмектеседі. Ол сонымен қатар, қышымаға, қызылпаға және босанғаннан кейінгі болатын суық тиюлердің алдын алуға көмектеседі. Көптеген тері дәрігерлері балқарағай майын тері нуруларына қарсы қолдануға кеңес береді. Ал майды ішуге тура келсе, дәрігермен кеңесу қажет.

Сұрақ: Зәмзәм суының пайдасы қандай?

Жауап: Қағбадан 18 метр қашықтықта қасиетті Зәмзәм суы бар. Қажылар осы судан дәм татып, елге алып келіп жатады. Зәмзәм суының қасиеттілігі неде, пайдасы қандай? Осы жайлы айтсақ.

Зәмзәмнің пайда болуы Ибраһим (ғ.с.) мен ұлы Исмайылдың (ғ.с.) өміріне тікелей байланысты екенін барлық мұсылмандар жақсы біледі. Зәмзәм шырылдаған бөбек Исмайылдың (ғ.с.) шөлін басу үшін Аллаһ Тағаланың бұйрығымен Жәбірейіл (ғ.с.) пайғамбар арқылы пайда болды. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Абдуллах ибн Аббастан жеткен хадисінде: «Денедегі қызу тозақтың отынан келеді, оның ыстығын зәмзәм суымен басыңдар», – деген. Еш жерден ешқандай ем таппаған адамдардың зәмзәм суын ішу арқылы дертінен құлан-таза жазылғанын, тіпті аштықта қалған талай адамның зәмзәм арқылы күш-қуат жинағаны жайлы деректер көп. Жақында зәмзәмды зерттеген ғалымдар судың құрамында адам ағзасына қажетті кальций, магний, сода, поташ және басқа да микроэлементтердің мол қоры бар екенін дәлелдеді. Әйтсе де мәселе мұнда емес, зәмзәмды жаратқан Аллаһтың кереметтілігінде болып отыр ғой.

Сұрақ: Раушан – гүлдердің патшасы ма?

Жауап: Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Кімде-кім менің иісім қандай екенін білгісі келсе, раушан гүлін иіскесін», – деген. Алайда, раушан гүлінің пайғамбарға (с.ғ.с.) қатысы қанша?

Раушан – гүлдердің патшасы. Ол ислам дінімен тікелей байланысты. Оның сұлулығы мен иісі пайғамбарымызға (с.ғ.с.) тән. Әли бин Әбу Тәлібтен жеткен хадисте пайғамбарымыз: «Мен мигражға көтерілген түні жерге менің терім тамды және ол жерден раушан гүлі өсіп шықты. Кімде-кім менің иісім қандай екенін білгісі келсе, раушан гүлін иіскесін», – деген. Сондай-ақ тарихта Әнастың анасы Сулиямның пайғамбар ұйықтап жатқан кезде оның терін жерге тамызбай, ауаға таратпай, шүберегімен сүртіп алғаны жайлы да деректер бар.

Сұрақ: Атыс-шабыс кино көру шариятқа қайшы ма?

Жауап: Атыс-шабыс, зорлық-зомбылық, кісі өлтіру секілді көріністерді жиі көрген көрермен де бірте-бірте сондай қатігездікке бейімделетіні бүгінгі күні дәлелденген шындық. Мұндай кинолардан жас ұрпақ өзіне де, өзгеге де пайдалы әрі

жақсы үлгі-өнеге алмайтыны ақиқат. Тіпті оны көруге кеткен уақыттың зая екенін де ұмытпаған жөн. Ал ысырап – Алла сүймейтін іс. Бұл туралы Құран Кәрімде: **«Ысырап етпе, сөзсіз ысырап етушілер шайтанға бауыр болмақ»**, – деп ескертілген («Исра» сүресі, 27-аят)

Бүгінгі күні атыс-шабысқа негізделген кинолардың адам психикасы мен мінез-құлқына кері әсер ететінін психологтар да жиі айтуда. Сол себепті Ислам дінінде адамның ағзасына, санасына, мінез-құлқына, іс-әрекетіне, уақытына зиян тигізетін істерге тыйым салынған.

Сөз түйіні, мүмкіндігінше ондай киноларды көрмеуге кеңес береміз.

Сұрақ: Ақиқа құрбаны деп қандай құрбанға айтылады?

Жауап: Жаңа туылған сәбидің басындағы шашына «ақиқа» делінеді. Аллаһ Тағаланың нәсіп еткен перзентіне шүкір ретінде шалынатын малға да «ақиқа» құрбаны делінеді. Ақиқа құрбанын сәбидің туылған күнінен бастап, балиғат жасына толғанға дейін шалуға болады. Бірақ сәбиге жеті күн толғанда шалу – абзал.

Сәбидің туылғанына жеті күн болғанда аты қойылып, шашы алынады. Алынған шаштың салмағында алтын немесе күмісті садақа ретінде беру – сүннет. Құрбанның да сол күні шалынуы – мұстахап. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) екі немересі Хұсайын мен Хасан үшін ақиқа құрбанын шалғаны риуаят етіледі. Құрбан айтта құрбандыққа жарайтын малдар ақиқа құрбанына да жарайды. Қыз балалар үшін де ақиқа құрбанын шалады. Ақиқа құрбанының иесі етінен жеуіне және басқаларға садақа ретінде таратуына болады. Ақиқа құрбанын шалар кезде: «Бисмиллаһи, Аллаһу әкбар, Аллаһ Тағалам, бұл сенің ризалығың үшін шалынған пәленшенің ақиқа құрбаны», делінеді.

Сұрақ: Елбасымыз кеше ғана Түркістан қаласында өткен инялылармен кездесуінде хиджаб туралы ашық көзқарасын білдірді. Бірақ заңмен тыйым салу туралы айтқан жоқ. Жалпы заңнан басқа қандай жолдармен хиджабқа тыйым салуға болады?

Жауап: Елбасымыздың бұл тұрғыда айтқан бұл сөзін мұсылман қыздардың шарият бойынша киінуіне түбегейлі қарсы көзқарас деп түсіну – асығыстық. Өйткені Нұрсұлтан Әбішұлы жалпы мұсылмандыққа қарсы емес екендігін сол сөзінде де, өзге

сұхбаттарында да білдіріп жүр. Ал Елбасының «қарсымын» дегені қыз балалардың жалпы ислам талабы бойынша киінуіне емес, кейбір елдеріндегідей қап-қара түсті хиджаб үлгісі мен тек көзді ғана ашық қалдыратын паранжаға байланысты болуы мүмкін. Себебі біздің халық мұндай киім үлгісін ешбір кезеңде кимеген. Қара түс қазақ халқында қайғы жамылғанда ғана киіледі.

Біз сан ғасырдан бері Ислам дінін ұстанып келген мұсылман халықпыз. Сондықтан қазір жастардың, соның ішінде қыз балалардың өз дініне бет бұрып жатқандығы қуанарлық жағдай. Ал әйел затының дініміздің талабы бойынша киінуі – парыз. Құран Кәрімнің «Нұр» сүресінде бұл анық айтылған. Меніңше, қыздарға бұл жөнінен күштеп тыйым салудың орнына басқа жол қарастыруымыз керек.

Ата-бабаларымыз еш уақытта «біздің дәстүр-салтымызда орамал тағу жоқ» деп қасиетті Құранның бұйрығына қарсы шықпаған. Керісінше, өздерінің мәдениетіне, әдет-ғұрпына, діліне сай етіп небір әсем киім үлгілерін жасап шығарған. Олардың Құран талаптарына қайшы келмеуін басты назарда ұстаған. Негізінде, мұсылманша киімді қазақыландырып киюге шарифат бойынша рұқсат.

Өйткені Құранда парыз етілген киім үлгісі «қара, жасыл түсті болсын» деген секілді нақты әрі қатаң форма көрсетілмеген. Олай болса, әйел баласы өзінің дене бітімін қатты кескіндемейтін, денесін көрсететіндей жұқа емес және жүзі, екі қолы, тобықтың төменгі жағынан тыс басқа барлық жерлерін жабатындай кез келген киім үлгісін таңдап киюіне болады. Демек, әйел кісінің Құран өлшемдерінен шықпау шартымен сәнді әрі өзіне жарасымды, эстетикаға сай киім киюіне еркі бар. Олай болса, бүгін де заман талабы мен ұлттық түсінігімізге сай мұсылманша киім үлгілерін тігуге неге болмасын?

Өкінішке қарай, бүгінгі таңда сәукеленің бір ғана түрін көріп жүрміз. Ал негізінде, қазақта шарифатқа сай сәукеленің небір түрлері болған. Келін болып түскеннен кейін киілетін кимешектің түрлері де осы «хиджабтың» ұлттық нұсқасы. Сондықтан аяулы қарындастарымызға заман талабы мен ұлттық түсінігімізге сай мұсылманша киім үлгілерін тігіп ұсыну бүгінгі қалыптасып отырған жағдайды шешудің ең тиімді жолы деп ойлаймын.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мұсылман

қыздарының қазіргі эстетика мен шариғат талабына сай, ұлттық нақыштары бар озық киім үлгілерін анықтау мақсатында дизайнерлер мен осы сала мамандары арасында арнайы бәйге жариялауды жоспарлап отыр.

Тағы бір ескеретін жайт, шариғат шарттарына сай киімді міндетті түрде «хиджаб» деп атау шарт емес. Тіпті қажет те емес. Қазақ бұл сөзді мүлде қолданбаған.

Сұрақ: Бес уақыт намаз оқып жүріп, денсаулығым, сабағым байланысты таң намазын ғана оқуыма бола ма?

Жауап: Исламның бес парызының бірі – бес уақыт намаз оқу. Намазды Алланың әмірі болғаны үшін оқимыз. Сондай-ақ намазды Аллаһ Тағаланың құлдарына берген сансыз нығметтеріне шүкіршілік ету деп түсінуге болады. Олай болса, қандай қиын жағдайға душар болса да, бес уақыт намазды ала қылмай толық оқуымыз керек. Құрандағы: «Намазды толық оқындар...» (Хаж, 22/78) «Расында, намаз белгіленген арнайы уақыттарда парыз етілді» (Ниса, 4/103) деген аяттар намазды толық және өз уақыттарында оқуды міндеттейді. Ал Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадисінде: «Үлкен күнә жасамаған мұаминнің бес уақыт намазы мен жұма намазы, келесі жұмаға дейінгі жасаған күнәларынан арылтады» деген. Бірақ денсаулығымызға байланысты дінімізде белгілі бір жеңілдіктер берілген. Намазды тұрып оқи алмайтындар орындыққа отырып оқуға, оған да шамасы жетпесе, жерге отырып оқуға, оған да шамасы келмесе жатып ишарамен оқуына рұқсат. Бұл мәліметтер тек таңертең ғана намаз оқуға болады деген ұғымның дұрыс еместігін көрсетеді. Сондықтан тек таң намазын оқумен шектелуге болмайды.

Сұрақ: Өзін-өзі өлтірудің діндегі орны не? Жапазасы оқыла ма?

Жауап: Адам баласының өз-өзіне қол жұмсауы адамдық тұрғыдан да, дін тұрғысынан да үлкен қате. Өйткені, жан – Аллаһтың адам баласына берген ең қасиетті аманаты. Өз өмірін кию – сол аманатқа жасалған қиянат. Сонымен қатар ол үлкен күнә жасағандығы үшін тозақта азап тартады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) көптеген хадистерінде өзіне қол жұмсаған адамның үлкен күнәға бататынын, тозақта азап шегетіндігін айтқан. Өзіне қол жұмсау бұрынғы үмметке де тыйым салынған. Жундуб ибн

Абдуллаһ Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Сіздерден бұрынғы үмметтер арасында жараланған бір адам ауруына шыдай алмай қолын пышақпен кесіп, қан тоқтамай қансырап өлді. Сонда Аллаһ Тағала «Құлым мен берген жанымды қолдан алды. Мен оған жұмақты харам еттім», – деген хадисін риуаят еткен.

Өз-өзін пышақтап өлтірген адамның жаназасын Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) оқымағандығы айтылады. Алайда, сахабалар бұл адамның жаназасын оқыған Имам Ағзам мен имам Мұхаммед және өзге де ғұламалардың көпшілігі өз-өзін өлтірген адамның жаназасы оқылады деп фәтуа берген. Расында өзіне өзі қол жұмсауға діни, рухани өресі төмен адамдар яки психологиялық ауру немесе жындар ықпалымен де барып жатады. Өзіне қол жұмсаған кісі ауыр күнәға батқанымен, діннен шықпағандықтан, жаназасы шығарылады. Алайда, күнәнің ауырлығын білдіру, әрі басқаларға сабақ болу мақсатында жаназасы мүфти, дін ғалымдары, бас имамдар емес, жаназа шарттарын білетін басқа кісілердің шығарғаны жөн.

Сұрақ: Жұма күндері мешітке барып тұрамын. Бес уақыт намаз оқымасам да мешітке кіргенде дұғамды жасап, басымды сәждеге тигізіп бар көңіл-ниетіммен Аллаһқа жақындасам деген ойда боламын. Әйелдер бөлмесіне жұма күндері мұсылман апайлар мен қыздар көп жиналады екен. бірақ сол әйелдердің бір-бірімен орынға таласып, ұрсысып қалатындары бар. Тіпті, сырт киімдері мен аяқ киімдерін кіре беріске тастамай, өзімен (төрге шықса да) қолымен ұстап жанына қоя салатын да апайларымыз бар екен. Сосын мешітке жасанып барудың қажеті не? Меніңше, көп әйелдер мешітке Аллаһқа жалбарынайын деп емес, керісінше, киген киімі мен өзін көрсетуге келетін секілді. Жалпы, әйелдерге мешітке барып намаз оқу міндет пе? Мұның жөнін айтсаңыздар екен?

Жауап: Аллаһ Тағала ниетіңізді қабыл етіп, өзінің сүйікті құлдарының қатарына қоссын! Исламда әйел адамның мешітке барып намаз оқуына тиым салынбаған. Дегенмен, үйде оқыған ең абзалы. Өйткені, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадисінде: «Әйелдердің мешітке баруына тиым салмандар. Бірақ, үйінде оқығаны одан қайырлы (жақсы)», – деген. Тағы бір

хадисінде: «Әйелдердің ең ізгілері – мешіт үйінің ішінде болғаны», – деген. Осы хадистерде айтылғандай әйелдер намазды мешітке барып оқыса болады. Бірақ өз үйінде оқығаны абзал. Ал, намаз оқуға келген адам мешіт әдебін сақтауы тиіс. Дүние сөзін сөйлеп, әдепсіз әрекет көрсетіп, орынға таласуына болмайды. Әрі мешіт Аллаһтың үйі екендігін естен шығармай, оны барынша таза ұстау қажет. Әйелдер сыртқа шыққанда сырт көзге түсетіндей әдемі киінуіне болмайды. Тек қана өз күйеуінің алдында әдеміленіп, жасануы тиіс.

Сұрақ: Жаңа ай туғанда «Ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа» деп жатады. Осының негізі бар ма?

Жауап: Пайғамбар (с.ғ.с.) жаңа туылған айды көрген кезде: «Аллаһым, оны бізге сенім мен иман, тыныштық пен Исламның айы ет! Менің раббым да, сенің раббың да Аллаһ. Қайырлы, құтты бол!» деп дұға еткен (Тирмизи, Дағауат, 52). Осы дұғаның мағынасына сәйкес халқымыздың «Ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа» деуі осы сүннеттен бастау алғандығының бір белгісі.

Сұрақ: Аптаның дүйсенбі және бейсенбі күндері қандай ораза ұсталады?

Жауап: Усама ибн Зәйдтің риуаят етуі бойынша, Пайғамбарымыз (с.а.у.) дүйсенбі және бейсенбі күндері ораза ұстайтын. Одан «Неге бұл күндері ұстайсыз!» деп сұрағанда: «Адамдардың істері Аллаһқа дүйсенбі мен бейсенбі күндері тапсырылады», – деді. Басқа бір риуаятта: «Ұлы раббыма менің істерімнің ораза ұстаған кезімде ұсынылуын қалаймын», – деген қосымша сөзі бар (Әбу Дәәуд, Саум, 60).

Сұрақ: Бір ауыз сөзбен Хидаят пен Тауфиқ сөзінің мағынасын айтып беріңізші?

Жауап: Қысқа нұсқа айтар болсақ, Хидаят – күпірлік, ширк, және адасушылық жолдан құтылып Исламның нұр жолына кіру деген сөз. Аллаһ Тағаланың разы болған жолында болу. Құранда Хидаят сөзі бірнеше жерде бар. «Юнус», 10/108; «Рад», 13/33; «Фурқан», 25/31 т.б.

Тауфиқ – Аллаһ Тағаланың өз құлдарының істерін, амалдарын жемісті етуі, жамандық жолды жауып, жақсылыққа, тура жол табуына жол ашуы. Қараңыз: «Худ» сүресі, 88.

Сұрақ: Мәсіге мәсіх тарту мезгілі қашан басталады? Онымен қанша уақыт жүре аламыз?

Жауап: Мәсіге мәсіх тарту мезгілі тұрғынға – бір күн, бір түн, яғни 24 сағат, ал жолаушыға – үш күн, үш түн, яғни 72 сағат. Мәсіхтің уақыты – мәсіні дәрет алып киген соң, алғаш рет дәрет бұзылған сәттен басталады. Яғни, мәсіні киген кезден бастап емес, дәрет бұзылғаннан басталады. Мәселен, таңертең сағат жетіде дәрет алып, мәсіңізді кидіңіз делік. Содан сағат екіде дәретіңіз бұзылады. Міне, осы сағат екіден сіздің жиырма төрт сағаттық мәсіхтік мерзіміңіздің уақыты басталады.

Сұрақ: Балдың көзге пайдасы қандай?

Жауап: Пайғамбарымыз (с.ғ.с) бір хадисінде: «Емдеудің екі түра бар. Ол – бал және Құран» (Ибн әл-Кайым), – деген. Соңғы кездері балдың көзге пайдалы екендігі белгілі болды. Сол жайында айтсақ...

Құранда бал жайында «адамдарға шипа әкелуші» деп баяндалған. Демек, балдың адам ағзасына, соның ішінде көз үшін пайдасы зор.

Жақында медицинада балдың көз ауруларын емдеп, көру мүмкіндігін арттыратындығы дәлелденді. Зерттеу нәтижесі бойынша, балдың көздің айналасындағы терінің ауруына (блефарита, кератита, қабыну, т.б.) және көздің отқа қаруына пайдасы бар екендігі анықталды. Әсіресе, темір пісіру (сварка) кезінде көзін от қарыған адамдар бал мен балық майын араластырып көз терісін сүртсе, ауру қайтады екен.

Тіпті соңғы уақытта балдан көзге арналған маздар дайындалып жатқан көрінеді. Бұл маздар көз терісін күтіп, жақсы көруіне көмектеседі екен. Бал құрамын зерттеушілер Максико мен Балотина бал арқылы көзді емдеу тәсілін бірнеше адамға жасап көрген. Нәтижесі, керемет!

Сұрақ: Сапарға шыққанда кеме, ұшақ, пойыз сияқты көліктерде намаз оқу үшін құбыладан айнымау қаншалықты міндетті? Жолаушының қаза намазы қалай өтелетінін де білсем деп едім...

Жауап: Құбылаға жүзді бұру – намаздың сыртқы парыздарының бірі. Жолаушы қандай да бір көлікте құбыланы бетке алып намаз оқуға мүмкіншілік таппаса, сол көліктің бағытына сәйкес, яғни отырған жердің ыңғайына қарай оқиды.

Жеңіл автокөлік, автобус секілді көлікті тоқтатып оқуға мүмкіншілік болса, түсіп оқу ләзім. Мұндай жағдайдың реті келмесе не таза жер таппаса, көлік ішінде орындықта ишарамен оқиды. Төмендегі хадисте: «Алла елшісі (с.ғ.с.) түйесінің үстінде жүзі қайда бұрылса, басын сол бағытқа иіп (ишаратпен) нәпіл намаз оқитын. Ибн Омар да осылай оқитын», – деп келуі осының бір дәлелі (Абдулхамид Тахмаз, Фыкһул Ханафи, фи саубихил жәдид, Бейрут, 1998 ж. 315-б.).

Егер жолаушы намазды сапарда қаза етіп, кейін еліне оралса немесе сапары аяқталмаса да, қаза намазын дәл сапардағыдай қысқартып өтейді. Өйткені, парыз намаздың оқылу түрі, уақыттың шығуымен өзгермейді де (әл-Зухайли, Фикһус сунна уә әдилләтуһу 343 бет).

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Егер тұрғынның төрт рәкәттық намазы қаза болса, сапарда жүрсе де, тұрғын болса да қазасын төрт рәкәт етіп толық оқиды», – деп намаз қай жерде қаза болса, сол жердегідей оқылатындығын ашық айтқан (Сахих Бұхари, 1105; Мүснәд Ахмед, 6299).

Сұрақ: Бір жолы үлкен күнә істеп қойып, қатты өкіндім. Тіпті өзімді жазаладым да. Бірақ әлі де жан дүнием алай-дүлей. Тағы не істесем болады?

Жауап: Мұндай жағдайда тәубе ету, Алладан кешірім сұрау, кедей-кепшіктерге садақа беру және осы секілді игі амалдар жасалғаны дұрыс. Жақсы амалдар күнәлардың жойылуына бірден-бір себеп болары сөзсіз. Құранда: «**Жақсылық жамандықты жояды**» («Худ» сүресі, 114-аят) деген аят осының бір дәлелі. Сондықтан тек жақсылықтар жасап, жаманшылық атаулыға жол бермеген жөн. Ал жақсылық жасамай, Алланың рақымынан үміт үзсе, оның өзі үлкен күнә. Аллаһ Тағала: (Әй, Мұхаммед!) «**Айт: Уа, өздеріне кесір тигізген құлдарым! Алланың рақымынан үміт үзбендер. Алла (қалаған адамының) барлық күнәларды кешеді. Өйткені, ол өте кешірімшіл, аса мейірімді**» («Зумар» сүресі, 53-аят), – десе, бір күдси хадисте: «Аллаһ Тағала «менің күдіретімді біліп, маған ешбір серік қоспағанның барлық күнәларын кешіремін», – деді (Ат-тарабани, әл-Кабир).

Олай болса күнәларымыздың кешірілуі шынайы түрде

жасалған тәубемен тығыз байналысты. Тәубе иманның тереңдігі мен кәмілдігіне тікелей қатысты. Жалпы күнәлі істен соң тәубеге келіп, жақсылық жасайтын болса, оның күнәлары кешірілетіні жөнінде мына бір хадисте келген оқиғада анық айтылған. Онда Әбд ар-Рахман ибн Жубайр былайша әңгімелейді: «Бір қарт кісі пайғамбарға (с.ғ.с.) келіп: «Сен істемеген бәлесі жоқ, үлкен-кіші демей, жамандық атаулының небірін жасаған адам көрдің бе? Бұндай адам Аллаға тәубе ете ала ма?», – деп сұрайды. Расулалла (с.ғ.с.) оған: «Сен Исламды қабылдадың ба?», – деп сұрақ қояды. Қария: «Мәселе маған қатысты болса, мен Алладан басқа Құдай жоқ, сені Алланың елшісі деп куәлік беремін» деп жауап қатады. Осы жауапты естіген соң Расулалла (с.ғ.с.) «Жақсылық жаса, жаман істерді таста, Алла жамандықтарыңды жақсылыққа айналдырады», – дейді. Қария: «Тіпті, менің бұрынғы имансыздығым мен зинақорлығымды да ма?», – деп сұрайды таңғала. Әлгі қарт: «Иә!», – деп жауапты естігенде: «Алла ұлық!», – деп дауыстап айтып, өле-өлгенше Алланы дәріптеумен өтеді.

Ендеше, тәубенің қабыл болуы үшін мына шарттарды орындау керек.

1. Істеп жүрген, әдетке айналған күнәні тастау.
2. Істеген күнәсі үшін өкіну.
3. Осы күнәлі істі қайтадан істемеуге уәде беру.
4. Адам ақысын қайтаруы керек.

Тағы бір ескерте кетерлігі, әркім істеген күнәсін жария етпей іште сақтап, үнемі кешірім тілеп, тәубеде болуы керек. Ол Алла мен құлдың арасындағы құпия сыр.

Аллаһ Тағала баршамыздың тәубемізді қабыл етіп, күнәларымызды кешірсін! Әмин!

Сұрақ: Барзақ әлемі деген не?

Жауап: «Барзақ» – араб сөзі. Қазақша мағынасы «қабір» деген ұғымды білдіреді. Барзақ әлемін терең ұғыну үшін бірінші кезекте ақыретті білу шарт. Ақырет дегеніміз – келешектен кейінгі өмір. Оны алмаут деп те атайды. Яғни қазақша мағынасы – өлім. Құран Кәрім ілімі бойынша өлім адам өмірінің соңы емес, жаңа өмірдің бастауы деп атап айтылған. Ал «жаңа өмір» ол – о дүние.

Мәселен, Уәқиға сүресінің 58-61-ші аятында «Көрмедіңдер

ме, өздеріңнің ұрықтарыңды сендер жараттыңдар ма, әлде біз жараттық па? Біз сіздерге өлімді бердік және сіздерді мысал етіп қайтадан жаратамыз ақыретте» делінген. Бұл адам өлгеннен кейін де өмір сүреді деген сөз. Сондай-ақ «...кімде-кім насихатқа құлақ аспаса, (Жаратқанды) жалған санаса, Тәңір оның сазайын тартқызады. Олар сөз жоқ біздің қарамағымызға қайтарылады. Сонан соңғы есеп алу – Біздің міндетіміз» деген (Ғашия: 23-26).

Бірақ, өкінішке орай, көп адамдар о дүниеде өмір барына сене бермейді. Халықты тонап жатқан дөкейлер жап-жақсы-ақ өмір сүріп жатыр ғой, Құдай оларды неге көрмейді, қолдан келгенде қоныштан басып қалу керек деп пайымдайды. Бұл – қате түсінік. Бұдан бұ дүниеде жақсылық көрмеген (сіңірі шыққан кедей) адам, о дүниеде де жамандық көрумен өтеді деген әңгіме тумады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бұ дүние – о дүниенің егіні» деген. Сондықтан әркімнің істеген амалына, өтелген парызына қарай Жаратқанның таразысы төрелігін айтады.

Адамның бұ дүниедегі өмірі де, о дүниедегі өмірі де үш кезеңнен тұрады: Адамның пайда болуы, ана құрсағындағы уақыты, жарық дүниеге келгеннен кейінгі өмірі. Ал, о дүниеге өткенде: Адамға келген өлім, қабір уақыты, қайта тірілуі.

Адам өлгеннен кейін қайта тірілумен болатын байланысты барзақ деп атайды. Бұған көп адамдар сенбейді. Құранда: «Егер олардың (кәпірлердің) әлдебіреуіне өлім келсе: «Тәңірім, мені дүниеге қайтара гөр! Мен артымда қалған мал-мүлкімді ізгілік үшін жұмсауым мүмкін!» – деп (жалбарынады). Ал олардың дүниеге қайта оралуы мүмкін емес, олардың тілегі жүзеге аспайды. Қашан көрлерінен қайта тұрғызылғанға дейін (қиямет қайымға дейін) олардың алдында тосқауыл тұрады. Сырнайлатқан күнде (қияметте) олардың арасында туысқандық қалмайды. Тіпті бір-бірінің жағдайын да сұраса алмайды. Таразысы ауыр тартқандар (сауабы жеңгендер) бақытқа жетеді де, таразысы жеңіл тартқандар (күнәһарлар) азап шегіп тозақта мәңгі қалады. Олардың жүзін жалын жалап (еріндері құрысып, тістері ақсып) маскара түрге түседі. Сонда «Сендерге менің аяттарымды оқып беріп еді ғой, ал сендер оны жоққа шығардыңдар естеріңде шығар» – дейді оларға Раббым Алла, «Тәңіріміз, – деседі олар. – Сорымызға қарай біз адасқан қауым болып шықтық қой. Енді бізді тозақтан бір құтқаршы, егер тағы

да күнәға батсақ, (обалсыз) залым болып қала берейік!» – деседі. «Қор болып осы тозақта қалыңдар! – дейді Алла. – Одан құтқар дегенді маған айтпандар». (Мұһминун: 106-108).

Адам өлгеннен кейін қабірге кіреді, сосын қайта тіріледі. Өлген адамды көмушілер зираттан қырық қадам алшақ кеткеннен кейін Мүңкәр-Нәкир періштелер келіп, әлгі адамнан сұрақ ала бастайды. «Әй, пенде Раббың кім, пайғамбарың кім, дінің не?» – дегенде, ол пенде сондай қорқынышты дауыспен ойбайлап шыңғырып, «білмеймін, білмеймін» деп айқайлайды. Бұдан кейін Алладан әмір келеді. «Әй, дозақ, періштелері, көрін тар, қараңғы етіп, өзін тозаққа салыңдар. Қиямет күніне дейін от шоқпармен ұрып азап беріп, қасына жылан-шаянды қосыңдар дейді. Періштелер Алланың әмірін орындап оған азап беріп тұрады. Ал Раббың кім? дегенде: «Раббым Алла, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмбетімін» деген пенделердің алдынан жәннат есіктері көрінеді. Расул (с.ғ.с.): «Әркім көр азабынан құтылғысы келсе, төрт іс істесін: бес уақыт намазын жамағатпен оқысын, малына зекет берсін, құран оқысын, денесін, киімін, нәжістен таза ұстасын!» деген.

Адам қайта тірілгенде екі есікті көреді. Бірі – жәннат, екіншісі – тозақ. Жақсылығы басым болып, ешқандай күнәсі жоқ болса, жәннаттің есігі ашылады. Ал, өзін білемінмен жүріп, жалған дүниені жалпағынан басқандарға тозақтың есігі ашылады.

Расында, қабірді көргенде түптің-түбінде соған кіретінімізге кәміл сенеміз. Бірақ көр азабын бір сәт ойлар ма екенбіз? Құран Кәрімде: «Сендер бақ дәулеттің бәсекесіне түсіп жүрсіндер. Тіпті қабірлерді де тінтесіңдер. Жоқ, бәрін тез арада білесіңдер. Қайталап айтайық: көп күтпейсіңдер. Егер ақиқатты таныр болсаңдар (қапы қалмаңдар). Сендердің жаһаннамды көретіндерің даусыз. Сонан соң ақиқатқа көздерің жетеді. Содан кейін сол күні бұрынғы көрген рақаттарың турасында сұраққа тартыласыңдар». (Тәкасүр: 7-8 аяттар) десе, Ғадиет сүресінде: «Адам – бақ, дәулетке өте құмар. Сонда, қабырдан өліктер шығарылатын шақта, жүректегі сырлар ашылатын шақта, өздерінің барлық істерін Алланың біліп тұратынын солар түсінбей ме екен?» (8-11 аяттар) деп ескерту жасайды. Міне, мұның барлығы о дүниеде барзақ уақытында болатын сотқа адам бұ дүниедегі парыздарын өтеу арқылы дайындалатынын

көрсетеді. Хазыреті Мұхаммед (с.ғ.с.): «Қарыз өтемей өлген адам ол қашан төленіп болғанша қабірде шырмалған күйде жатады» деген.

Бір сөзбен айтқанда, қабір азабынан құтылу өз қолымызда. Жаныңыз барзақ әлемінде күйзелмесін десеңіз Алла ризашылығы үшін амал істегіз. Бұл дүниеде істеген жақсылығыңыз да, жамандығыңыз да о дүниеде алдарыңыздан шығатынын ұмытпаңыз.

Сұрақ: Ғибадат деген сөзді қалай түсінуге болады?

Жауап: Дінімізде Алла ризалығы үшін жасалған әрбір игі іс ғибадат болып саналады. Адамзаттың жаратылуының басты себебі де Ұлы Жаратушыны танып-біліп, оның шеберлігінің, ілімінің, құдіретінің алдында таң қалып, бас иіп құлшылық ету, ғибадат жасау. Құранда Аллаһ Тағала: «Мен жындар мен адам баласын «тек қана (мені танып), маған ғибадат етсін» деп жараттым», – дейді. Яғни ғибадат сөзі – құлшылық мағынасын береді. Шынайы ықылас пен таза ниет болса, өміріміздің әрбір сәтін ғибадатқа айналдыруға болады.

Сұрақ: Ақида дегеніміз не?

Жауап: «Ақида» сөзін тілдік тұрғыдан қарастыратын болсақ, «бір нәрсенің бөлек ұштарын бір жерге жинау», «топтау» мағынасын береді. Көпше түрі «ақайд». Ал ислами түсінік тұрғысынан алғанда дініміздегі басты тұжырымдарды құрайтын сенім жүйесі, дәлірегі, иман негіздері дегенді білдіреді.

Ақида ұғымы сенім жүйесі ретінде қолданылуымен бірге, белгілі бір мәзһабтың немесе бір мәзһабты құрған имамның иман негіздеріне қатысты айтқан пікірлері мен түсінігін білдіру үшін де қолданылады.

Ислам дінінің сенім жүйесіне қатысты саласын зерттейтін ғылымды «кәлам» десе, тікелей сенімге байланысты айтқанда «итикад» термині қолданылады. Сол секілді ақиданы да, көп жағдайда иман негіздері деп айтуымызға әбден болады. Яғни, бұл иман негіздеріне «әмәнту билләһ» дейміз. Әмәнту: «Әмәнту билләһи уә мәләикәтиһи уә кутубиһи уә русулиһи уәл-яумил ахири уә бил-қадари хайриһи уә шарриһи миналлоһи тағала уәл-бағсу бағдәл-мәути хаққун. Әшһәду әллә иләһә иллоллоһу уә әшһәду әннә Мухаммадан абдуһу уә расулуһу», – болып айтылады.

Мағынасы: «Мен Аллаға, Оның періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақирет күніне, тағдырға, жақсылық пен жамандықтың Алланың жаратуымен болатындығына иман еттім. Өлгеннен кейін қайта тірілу хақ. Алладан басқа ешбір тәңірі жоқ, хазреті Мұхаммед (с.ғ.с.) Алланың құлы және елшісі екендігіне куәлік етемін».

Ислам ақидасы Құран мен хадис үкімдеріне сүйенгендіктен, кейбір сенімдердегідей «көзінді жұм да, артымнан ер» деген шалақ түсініктен аулақ. Ислам ақидасы адамзатқа иман негіздерін түсіндіргенде кез келген мәселені анық дәлелдермен келтіреді. Мысалы, Құранда Алланың бар және бір екендігімен қоса, кәміл сипаттарын жеке-жеке түсіндіретін тұстары кездеседі. Сол секілді әлем мен адамның жаратылысы және тарихта болған кейбір оқиғалар да келтірілген. Сондай-ақ, Құран Кәрімде өлгеннен кейін қайта тірілу мәселесі адамның алғаш жаратылысымен барабар, Һәм аспан мен жердің қалай жаратылғандығына теңей отырып нақты дәлелдермен түсіндіріледі.

Сұрақ: Арақ ішіп өлген адамның жаназасы оқыла ма?

Жауап: Шарифатымызда арақ ішу үлкен күнәлар қатарына жатады. Яғни күнәһар болады. Алайда, арақ ішкен адам кәпір болып саналмайды. Оның жаназасы оқылады.

Сұрақ: Молалардың жанында үйінді тас, ақ кірпіш, т.б. нәрселер босқа жатса, оларды алып қолдануға бола ма?

Жауап: Негізінен мазарға мәйітті жерлеу үшін қажетті заттарды өлшеммен, ысырап етпей апарған дұрыс. Өйткені Құранда: «Алла ысырап етушілерді жақсы көрмейді», – делінген. Егер молалардың жанында үйінді тас, кірпіш сияқты нәрселер иесіз, жайдан-жай жатса, оны қолдануға болады. Ал иесі болған жағдайда одан рұқсат сұрау керек.

Сұрақ: Умраға қашан баруға болады?

Жауап: Умра (араб тілінде) – зиярат ету деген мағынаны білдіреді. Ал шарифаттағы терминдік мағынасы – белгілі бір уақыттан тыс жылдың кез келген уақытында ихрамға кіріп, тауап және сағи жасағаннан кейін шашты алғызып немесе қысқартып, ихрамнан шығу жолдарымен атқарылатын ғибадат.

Умра ғибадатын кез келген уақытта орындауға болады. Бірақ Құрбан айт күндері орындау – тахриман мәкрұһ. Умраның Рамазан айында жасалуы абзал және сауабы мол. Ханафи

мәзһабында мүмкіндігі болған әр мұсылманға умра жасау – бекітілген сүннет.

Сұрақ: Харамның атасы – арақ деген рас па?

Жауап: Үшінші халифа Осман ибн Аффан хазреті: «Харамның атасы – арақ» депті. Сүйікті Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисінде: «Арақ – Тауратта, Інжілде, Забурде, Құранда лағынеттелген. Кімде-кім біреудің арақ ішуіне жәрдемдессе оның теріс жолға түсуіне себепкер болғаны. Шариғат бойынша бұл адам өлтіргенге тең келетін күнәлар қатарына жататын құбылыс. Кімде-кім арақ ішуші топпен бірге жүрсе Қияметте екі көзі көр соқыр болады», – дейді.

Қысқасы, шариғат бойынша мұсылман арақ-шарап қойылған жерде отырмауы тиіс. Омар (р.а.): «Мен Аллаһ елшісінен (с.ғ.с.): «Кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, арақ қойылған дастарқанға отырмасын деген сөзін естіп едім», – (имам Ахмад) дейді. Әділ халифа ретінде танылған Омар бин Абдулазиз ішкендерді олармен қоса ішімдікті аузына алмаса да сол дастарқан басында отырғандарды дүреге қоса жығатын болған.

Арақ-шарапты сату, одан түскен табысты жеу мұсылманға тыйым салынған. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Арақ жасауды талап еткен, арақ жасаған, арақты тасыған, сатқан, сатып алуды талап еткен, сатып алған немесе сыйлық еткен, сатқанынан пайда көрген, ішкен, арақ ішкендермен бірге отырғандарға қарғыс болсын!» – деген.

Осы хадистің үкіміне қарағанда мұсылман сыйлық ретінде адамға арақ беруіне әсте болмайды. Тіпті сыйлық ретінде яһудиге, насараға және басқа адамға беруі де харам саналады. Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) бір кісі арақ құятын ыдысты сыйға бермек болады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ол кісіге: «Бұл – харам», деп түсіндіреді. Ол кісі: «Бұл ыдысты сатайын ба?» – деп сұрайды. Пайғамбар (с.ғ.с.) «Ішуге тыйым еткен Аллаһ оны сатуды да харам еткен», – дейді. Өлгі адам: «Мұны яһудиге сыйға берсем ше?», – деп сұрайды. Пайғамбар (с.ғ.с.): «Аллаһ харамды яһудиге сыйлық етуді де тыйым салған», – дейді. Сонымен қатар, мұсылман адам арақ немесе шарап жасайтын адамға өзінің жүзімін сатуға да тыйым салынған. Бұл жайлы Табаранидің «Аусат» атты кітабында: «Кім жиын-терім кезінде

жүзімді сақтап яхудиё, насараға немесе арақ-шарап істейтін (ол мұсылман болса да) адамға сатса, шын мәнінде өзін отқа лақтырғаны», – дейтін хадисі келтірілген.

Құрметті мұсылман қауым, қазақы қандастар, ел боламыз десек, ең алдымен халқымыздың тамырына балта шабатын арақтан аулақ болғанымыз абзал. Осы арақтың кесірінен небір қауымдар құрып кетті. Арақ атамыздан қалған ас емес. Абай болайық, ағайын!

Сұрақ: Жалпы желілік (сетевой) меркетингтің үкімі қандай? Әсіресе солардың ішіндегі «QuestNet» желілік маркетингінде жұмыс істеуге бола ма?

Жауап: Әлемде желілік маркетингтің түр-түрі бар. Әртүрінің өзінше жұмыс істеу жобасы мен шарттары бар. Сондықтан жалпылай үкім беру әрине қиын. Ал Қазақстанда соңғы жылда кеңінен өріс алған «QuestNet» желілік маркетингіне келер болсақ, оның жұмыс істеу жобасы мынандай: Бір кісі бұл жұмысқа кіруі үшін компанияның шектеулі санмен ғана пығатын коллекциялық бір затын (ең арзаны 670\$) алуы шарт. Сосын өзінің оң жағына бір адамды, сол жағына бір адамды компания өнімін алдыртқызу арқылы тіркейді. Ол екі адам да екі-екі адамнан тіркеткізеді. Осылайша шынжырлана отырып, классикалық пирамида кестесі бойынша төмен қарай өсе береді. Компания түскен ақшаның белгілі бір мөлшерін пирамидадағы адамдарға беріп отырады. Алты адам тіркеткенге 250 доллар береді.

Көптеген ислам ғұламалары «QuestNet» желілік маркетингінің жұмыс істеу кестесімен жобасын сараптай келе харам деп пәтуа шығарған. Мысалы, Мысырдағы әл-Азһар университетінің Ислам экономикасы бойынша профессоры, ғалым Хусайн Шаххата, Қатар мемлекеті университетінің Ислам шарияты факультетінің профессоры Әли Мұхиддин сынды көптеген ислам ғұламалары мен Сауд Арабиясының пәтуа комитеті жалпы желілік маркетингтің жұмыс жасау жобасына харам деп пәтуа шығарған. Біз де аталмыш пәтуаларды ескерумен қатар, Қазақстандағы осы «QuestNet» желілік маркетингінің жұмыс істеу жобасын сараптай келе харам деген үкім шығарып отырмыз. Оған дәлеліміз:

Біріншіден, «QuestNet» компаниясының саудаға ұсынған

өнімдерінің барлығы толықтай халал емес. Онда христиан поптарының суреттері салынған алтын бұйымдар және түрлі ислами емес діни рәміздер мен ер кісілерге арналған алтын қол сағаттар да бар. Ал ол бұйымдарды өзін алмағанымен сенен кейін тіркелетін жүздеген, тіпті мыңдаған адамдардың біреуі алған жағдайда, одан түсетін пайданың бір мөлшерін компания сенің кірісіңе кіргізеді. Ал исламда табысыңа харам араластыру да – харам.

Екіншіден, «QuestNet» компаниясының саудаға ұсынған өнімдері санаулы ғана санмен арнайы шығарылатын коллекциялық бұйымдар. Ал ондай өнімдердің ешқашан бағасын анықтау мүмкін емес. Көп жағдайда коллекциялық бұйымдардың заттық құны емес, онда бейнеленген мәшһүр адамдардың, тарихтағы белгілі оқиғалардың, киелі жерлердің беделі сатылады (Мысалы, Рим папасының бейнесі, 2008 жылғы олимпиада сәкілді). Қысқасы компания коллекциялық заттарға ойларына келген бағасын қоя салады. Ал ислам дінінде затты өзінің нарықтағы шынайы бағасынан аса қымбатқа сату – харам. Шаригат терминінде нарықтағы шынайы бағасынан аса қымбатқа сату «Әл-ғабнул-фахиш» (әл-Ғабнул-фахиш – Заттың нарықтағы негізгі құнынан аса қымбат бағаға сатылуы. Сағди Обу Жәйб, Әл-Қамусул-фикһи лугатан уа фикһан, Сирия, «Дарул-фикһ» баспасы, 1998 ж.) делінеді.

Үшіншіден, сауда-саттықта негізгі мақсат – төленген ақшадан белгілі бір заттың қарымын қайтару болып табылады. Саудада тауар негізгі мақсат болмаған жағдайда, Ислам бойынша ондай сауда анық харамға жатады. Ал бұл жүйеде негізгі мақсат тауар емес, желілікке өзіңнен кейін тіркелетін адамдардың төлейтін ақшасынан түсетін белгілі мөлшердегі пайданы көздеу. Яғни, бір затты алған кезде сол зат үшін емес, компанияға тіркелу үшін ақша төлейсің. Компанияға тіркелер кезде негізгі мақсат тауар емес, бизнес деп түсіндіріледі. Тіпті заттар кешіккен жағдайда: «Затым қайда!» – деп сұраған адамдарға шақырушы адам тарапынан: «Зат үшін жүрсің бе, затты емес, бизнесті ойлау керек!» – деген уәж айтылады. Сөзіміз дәлелді болу үшін айта кетейін, бізден осы істің харам-халалдығын сұрап келген «QuestNet» желілік маркетингте қызмет істейтін адамдардың кейбіреуі әлі күнге дейін өздері ақшасын төлеп, тапсырыс берген

заттарын неше ай өтсе де әлі ала алмағандарына куә болдық. Және оны уайымдап жүрген олар жоқ. Себебі, мақсат тауар емес, басқа тіркелген адамдардың есебінен түсетін пайда!

Ал енді алған нәрсең мақсат болмаса, ақша не үшін төленеді? Сенен кейін тіркелетін мыңдаған адамдар да не үшін төлемек? Сондай-ақ, егер бұл сауда-саттықта тауар негізгі мақсат болмаса, ертең сенен кейін жүздеген, тіпті мыңдаған адам тіркелген жағдайда, сенің есебіңе келіп түсетін ақшаны нендей ісінмен, қандай еңбегіңмен таптым демексің? Адамдарға бірінші кезекте қажет емес, тіпті өмір сүру стандарттарына сай емес әртүрлі коллекциялық қымбат тауарларды әртүрлі жолдармен қызықтырып сату арқылы ел экономикасына қандай үлес қосасың?

Осы жерде, «тіркелген адам төлеген ақшасының қарымында қандай да бір тауар, алтыннан жасалған бұйым алады ғой» деген қарсы уәж айтылуы мүмкін.

Ал оларға берер жауабымыз, «егер бұл компанияға тіркеліп, ары қарай жұмыс жасау үшін компанияның қандай да бір өнімін сатып алу шарты болмағанда, сізге бірінші кезекте қажет емес, нарықта шынайы құны белгісіз және жеткізіп берген үшін 60 доллар қосымша ақша төленетін осындай удай қымбат коллекциялық тауарды сатып алар ма едіңіз?» Бұған, әрине, «жоқ» деп жауап бересіз. Ендеше, тауар мақсат емес. Бізге келіп осы істің харам-халалдығын білгісі келген кейбір студенттер берген ақшаларының қарымы ретінде «жеңілдіктері бар саяхат карточкаларын» алғандықтарын, ал ондай карточкалардың өте пайдалы екенін алға тартты. Оларға: «Сол «саяхат карточкаларын» алар кезде ұшаққа мініп саяхат жасауға жағдайың бар ма еді!» – деген сауал қойылды. Олар: «Әрине, жоқ. Бірақ, болашақта байып жатсақ қыдырамыз да», – деген жауап қайырды. Демек, тауарды сатып алған сәтте сенің ондай карточкаға қажеттілігіңнің болмағаны ғой. Ендеше, «QuestNet» желілік маркетингінде тауар мақсат емес.

Төртіншіден, «QuestNet» желілік маркетингінде – алдау, арбау, адам санасына түрлі жолдармен әсер ету бар. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім бізді алдаса, ол адам бізден емес», деп саудада алдауды қатал ескертіп, мұсылманға жат әрекет екенін түсіндірген. Бұл желілік маркетингіне тіркелу үшін кем дегенде 670 долларға компанияның қандай да бір өнімін алу шарт. Ал

енді осы өзіңе бірінші кезекте керек емес қымбат затқа төлеген ақшанды қайтаруың үшін өзіңнен кейін кем дегенде 18 адамның әрқайсысына компанияның 670 долларлық бір өнімін алдыртуыңа тура келеді. Олай болмаса, ақшаң құрдымға кетті деген сөз. Ал енді күнделікті өмірде өте қажет емес, аса қымбат коллекциялық тауарды бір адамға алдыру үшін шамадан тыс жарнама, сан-түрлі айла-тәсіл қолдануыңа тура келеді. Олай болмағанда, бір адамның өзіне керекті емес қымбат тауарды сатып алуы да мүмкін емес. Компания адамдарды тіркелуге қалай көндіру керектігін үйрететін «11 баспалдақ» деп аталатын арнайы кітап және түрлі дискілерді дайындатқызған. Адам психологиясын жақсы меңгерген мамандар тарапынан дайындалған бұл кітапты оқып алған адам алдындағы адамды оп оңай өз дегеніне көндіріп, компания өнімін алуына ықпал етеді. Ақшасы жоқ болса, несие алуына немесе заттарын сатуына, яки, таныстарынан қарыз алуға ұсыныс жасайды. «11 баспалдақ» деп аталатын кітапта осының бәрі бүге-шігесіне дейін анық жазылған. Адам психологиясына әсер ететін әртүрлі сөздер мен біреудің жеткен жетістіктерін көрсету арқылы кез келген адамды қымбат тауарды сатып алуға және компанияға тіркеуге еріксіз көндіреді.

Адам бұл желілік маркетингіне көбіне тек таныстарын шақырады. Таныс адамды шақырғаннан кейін презентатор бұл маркетингті жалпы түсіндіреді де шығып кетеді. Одан кейін орнына басқа кісі келіп жоспар сызып толығырақ түсіндіреді. Түсіндіретін адамға «follower» делінеді. «Follow» – артынан қалмай қадағалау деген мағынаны білдіреді. Кісіні тіркелуге көндіруде «Фоллоу» негізгі қызмет атқарады.

Бесіншіден, маркетингтің бұл түрінде басындағы адамдар пайда тауып, төмендегілер ұтылады. Ал төмендегі адамдарды ақшасынан қағып пайда табу исламда – харам. Толығырақ түсіндірер болсақ, бір-біріне шынжырлана отырып тіркелген бұл желілік маркетингі бір жерде міндетті түрде тоқтайды. Себебі, Аллаһтан басқа ешбір нәрсе мәңгілік емес. Белгілі бір адамдарды ұтқызып, енді бір адамдарды ұтылдыратын және адамдарды құлшылық пен өмірдегі негізгі істеріне салғырт қарата бастайтын жүйе – Ислам бойынша құмарлыққа жатады. ал оның харам екені шиусыз.

Алтыншыдан, ел экономикасына да аса зиянды. Нарықтағы шынайы бағасы белгісіз, көбіне сатып алған адамдарға бірінші кезекте қажет емес, тіпті, олардың өмір сүру стандартына сай емес удай қымбат коллекциялық тауарлардың қарымында ел ақшасын сан түрлі айламен жиып, шет ел асырып жіберудің қаншалықты зиянды екені айтпаса да түсінікті. Бұл компанияға тіркелген адамдардың саны 5-6 миллионға жеткен кезде ұтылған адамдар мен шетелге шығарылған ақшаның мөлшері қандай екенін есептеу, әрине, қиын емес. Әсіресе, қазіргі әлемдік дағдарыс кезінде желілік маркетингтің ел экономикасына өте зиянды екенін түсінуіміз қажет.

Жетіншіден, бұл маркетингтегі адамдардың саны көбейген сайын қажетті түрлі мамандықтар тапшы бола бастайды да, бара-бара тепе-теңдік жоғалып, еңбек күші қисынсыз пайдаланылғандықтан қоғамда әлсіреу және кері кету көрініс табады. Себебі, адамзатқа бірінші кезекте керек емес, коллекциялық қымбат заттарды сатумен айналысқан мыңдаған адамның қуаты мен білімін, уақытын ел экономикасын көтеретін өндіріске, басқа да пайдалы салаға жұмылдыруға болатын еді. Бұған қоса адамдарға бұл жұмыс түсіндірілген уақытта: «Сен мұғалімсің, яки инженерсің, табысың өте төмен, бұл жұмысқа кірсең арманыңды жүзеге асырып, байлықтың астында қаласың», – деп кісіні өзі сүйген мамандығынан, қызметінен, оқуынан суытып, теріс пікір қалыптастырады. «11 баспалдақ» делінген кітаптың 20-шы бетінде: «Кісіні осы жұмысқа тартқан кезде, оған бұл жұмыс пен өзі істеп жүрген жұмысын яки басқа жұмыстарды салыстыр», – делінген. Яғни, бұл жұмыстың көп пайда әкелетіндігін, ал басқа жұмыстардың түкке тұрмайтындығын насихаттайды.

Исламда мақсат қандай асыл болса, оған апаратын жолдар да сондай таза, пәк болуға тиіс. Мыңдаған адамдарды ақшаларынан қағып, бірнеше адамға жақсылық жасау – исламда жоқ. Бұл жайлы хадисте: «Алла – пәк, көркем. Тек пәк істерді ғана қабыл алады», – делінген.

Қорытынды, «QuestNet» желілік маркетингінің жұмыс жобасындағы жоғарыда атап көрсетілген шариятқа, адамгершілік нормаларына қайшы тұстарын ескере келе, аталмыш желілік маркетингтің харам екені анықталды.

Сондай-ақ, «QuestNet» желілік маркетингінің жұмысының харамдығына байланысты келтірілген жоғарыдағы себептер басқа да желілік маркетингтерінде немесе сауда түрлерінде табылып жатса, оның да харам екені сөзсіз.

Сұрақ: Бағалы бұйымдар шынымен бағалы ма?

Жауап: Біраз уақыттан бері әлем ғалымдары алтынның ер-азаматтар үшін зиянды, ал әйелдер үшін өте пайдалы екенін айтып келеді. Исламда ерлерге мүмкіндігінше күмісті ғана пайдаланып, алтыннан аулақ болу бұйырылған.

Ал жақында неміс ғалымдары ер адамдардың күнұзақ алтын тағып жүруі денсаулығына кері әсер ететіндігін дәлелдеді. Ал әйелдердің алтын тағуы керісінше оның денсаулығына оң әсерін тигізеді екен. Ғалымдардың айтуынша, алтынның әйелдер үшін пайдалы болуының себебі мынада: әйелдердің гормондық және жыныстық жүйелерінің сыртқы әсерлерге тосқауыл жасау қабілеті күшті болғандықтан, бағалы металдардың уының әйелдерге әсері болмайды. Бағалы металдар уақыт өте келе қышқылданып, түрлі химиялық реакцияларға ұшырайды екен. Ал бұл жағдай ерлердің әлсіз жаратылған жыныстық жүйесін зақымдап, болашағына балта шабуы мүмкін. Сондай-ақ ғалымдар әйелдердің алтын тағуы – жүйке жүйесінің тынышталып, сергек жүруіне, жүрек ауруларының алдын алып, қан қысымын төмендетуіне көмектеседі екен. Ал күміс тағудың әйелдер үшін пайдасы аз. Тағы бір ескерте кететін жайт, бағалы бұйымдарды жатар алдында шешіп қойған дұрыс, бұл адамның тыныш ұйықтауына, күні бойғы шаршап-шалдығудан сергуіне көмектесетін көрінеді.

Сұрақ: Таң намазының пайдасы қандай?

Жауап: Күнделікті бес уақыт намазымыздың тек Алла алдындағы парыз амалымыз ғана емес, денсаулығымыз үшін де пайдалы екендігі соңғы уақыттары жиі айтылып жүр. Әсіресе, таң намазы адам ағзасындағы жүрек-қан тамырларының жұмысын жақсартып, артериосклероз ауруына душар болмауға көмектеседі екен. Мұндай ақпаратты Иорданияның кардиологтар Ассоциациясы таратты.

Иорданиялық дәрігерлердің айтуынша, жүрек-қан тамырлары

ауруларына көбіне ұзақ уақытқы ұйқы (8 сағаттан көп) душар етеді екен. Себебі, адам ұзақ уақыт ұйықтаған кезде оның жүрегі минутына 50 рет соғылып бәсеңдейді, ал бұл дегеніңіз қан айналымын шамадан тыс төмендетіп, жүрек-қан тамырлары жұмысын тежеп, нәтижесінде инфаркт немесе инсультке апарып соғады екен. Сол үшін ұйқыны бір уақ үзіп, 4 сағат ұйықтағаннан соң, 15 минут қимыл-қозғалыс жасап, қажет болса қайтадан ұйқыға жатқан абзал. Ал бұл күнделікті таң намазын оқитындардың денсаулығының бірқалыпты екендігін көрсетеді.

Сұрақ: Құлпынай – ағзаңыздың нәрі бола ала ма?

Жауап: Рас, құлпынайды бәріңіз де жақсы білесіз, тамсана тұтынасыз. Ал құлпынайдың денсаулыққа қандай пайдасы бар екенін білесіз бе? Білмесеңіз, бұл ақпарат сіз үшін.

Құлпынай – құрамында 15% кант, алма, лимон, салиц қышқылдары, фосфор тұз, В және С дәрумендері, эфир майы бар өте құнарлы жеміс. Құлпынай адамның тәбетін ашып, ас қорыту жүйесін реттейді және шөлді өте жақсы басады. Ол аздай, құлпынай ағзадағы микробтарды өлтіріп, тас жиналмауға көмектеседі, несеп жолдарын тазартады. Ал жақында ғалымдар құлпынайдың жапырағының да өте пайдалы екенін дәлелдеді. Ғалымдардың айтуынша, құлпынайдың жапырағы антисептикалық қызмет атқарып, жараны тез жазатын, аурудың күшін басатын қабілеттерге ие екен. Мәселен, 1 ас қасық құлпынай мен жапырағын 500 миллиграмм суға 10 минут баяу қайнатып, тұнбаны күніне 3 уақ 150 миллиграммнан ішіп тұратын адам ешқашан шаршап-шалдықпай, сергек жүреді.

Сұрақ: Шошқаның харамдығының ғылыми дәлелі бар ма?

Жауап: Осыдан 14 ғасыр бұрын түскен құранның «Мәида» сүресінің 3-аятында: «Сендер үшін өлі малдың еті, қаны және шошқа еті харам болады», – делінген. Ал бүгінгі ғылым шошқа етінің харам екендігіне енді-енді көз жеткізіп жатыр.

Оған дәлел – кешегі әлем халқын шулатқан шошқа тұмауы. А/Н1N1 тұмауын осы уақытқа дейін әлем бойынша 8 мыңнан аса адамның жұқтырғаны белгілі болды. Осы жағдайдан кейін ғалымдар шошқа етін жеуге тыйым салды.

Олардың айтуынша, шошқа етінде адам ағзасына зиянды микробтар өте көп, ол аздай шошқа еті көптеген аурулардың, вирустардың таралуына жол ашады екен. Мәселен, аскарида, шошқа солитері, оспа, жапон энцефалиті, эпидемиялық грипп, холера, бруцеллез, туберкулез, трихинеллез сынды аурулардың таралуы – шошқа етін жегеннен деп дәлелдеп жатыр ғалымдар. Зерттеушілердің айтуынша, шошқа етін (қабан, доңыз, т.б.) жеуді әдетке айналдырған адам өте қауіпті трихинеллез ауруына шалдығады. Аталмыш ауруды таратушы – шошқа етінде тіршілік ететін «трихинелла» паразиті. Ал егер осы паразит адам тәніне енетін болса, ол адамның жүрегіне еніп, өміріне қауіп төндіреді екен. «Трихинелла» паразиті -35°С суықта да, +100°С ыстыққа да өлмейді. Демек, одан өлмей құтылу мүмкін емес деген сөз. АҚШ-та трихинеллез ауруынан жылына 30 мың адам өлетінін ескерсек, Аллаһ Тағаланың шошқаны бекер харам қылмағанын түсіну қиын емес.

Сұрақ: Қан алдыру – пайғамбар (с.ғ.с.) сүннеті ме?

Жауап: Қан алдырудың (хиджама) адам ағзасына пайдалы екендігі ғылыми тұрғыда Қытайда, соның ішінде Тибетте дәлелденіп, медициналық тұрғыда расталған. Бұл жайлы пайғамбарымыз (с.ғ.с.) балды пайдаланудың және қан алдырудың денсаулыққа пайдасы зор екендігін айтқан.

Дінімізде де Жәбірейіл періштенің (ғ.с.) пайғамбарымызға (с.ғ.с.) түн мезгілінде қан алдыру пайдалы екенін ескерткені айтылады. Осы оқиғадан кейін пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хиджама жасауды үмметтеріне жақсы амал, тіпті сүннет ретінде қалдырған болатын. Мұны пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Егер қызу көтерілсе, хиджама жасат, сонда қан қысымың қалпына келеді», «қан алдыру тәндегі арам қандарды азайтып, көздің жақсы көруі мен буындардың дұрыс қимылдауына көмектеседі», – деген хадистерінен анық аңғарамыз.

Ал бүгінгі медицина қан алдырудың қан қысымы және қызу көтерілгенде таптырмас ем екеніне енді-енді көз жеткізіп жатыр. Сондай-ақ, бүгінде қан алдыру арқылы аллергиялық, тері ауруларын, астма, туберкулез, қант диабеті, остеохондроз, артрит т.б. ауруларды емдеу ісі жолға қойылған.

Ендіше, пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өсиет еткен қан алдырудың да дініміздің сырқатының емі екендігін түсінетін уақыт келген сияқты.

Сұрақ: Мисуак тіс пастасынан артық па?

Жауап: Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннеті саналатын мисуак пайдаланудың тіс пастасынан едәуір артық екендігі ғылыми тұрғыда Арабияда дәлелденді.

Сауд Арабия королдігіне қарасты Университет стоматологтарының зерттеуінше, мисуак тіс пастасына қарағанда ауыз қуысы тазалығын және тіс гигиенасын жақсы сақтайды екен. Сондай-ақ мисуак құрамында шипалы дәрумендер тісжегісіне қарсы күресіп, парадонтоз, тістің қанауы, т.б. тіс ауруларының алдын алуға көмектеседі.

«Мисуак тек тісті тазалап қана қоймай, адамның тәбетін ашып, ішек-асқазан қызметін арттырып, сәбилердің – саусақ сору, ересектердің – темекі шегу сияқты жағымсыз әрекеттерін азайтады», – дейді бас зерттеуші, дәрігер Халид Алмас. Міне, мисуактың тіс пастасынан артықшылығы – осында.

Сұрақ: Қажылыққа жағдайы келген кісі оны дереу өтеуі шарт па?

Жауап: Қажылық ғибадатының парыз болуы үшін қосылған шарттар белгілі бір адамда толық болса, ол кісіге ертерек қажылық жасау парыз. Шамасы келе тұра қажылықты кешіктіруге болмайды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қажылықты орындауда асығыңыздар: Өйткені, сендердің ешқайсыларын өлімнің қай уақытта келіп жететінін білмейсіңдер», – деді. (Әбу Дәуд, Мәнасиқ, 5. Ибн Мажә, Мәнасиқ, 1).

Қажылық ғибадатының парыздығының шарттары:

1. Мұсылман болу. Мұсылман еместерге қажылық парыз емес.

2. Ақыл-есі дұрыс және балиғат жасына жету.

Жас баланың балиғат жасына дейінгі жасаған қажылығы – нәпіл қажылық саналады.

3. Азат болу. Қажылық ұзақ уақыт атқарылып, ұзақ сапарды талап ететіндіктен тұтқындарға, түрмедегілерге, құлдарға қажылық ғибадаты парыземес. Өйткені, тұтқындарда ондай мүмкіншілік жоқ.

4. Уақыт. Арафат тауында арнайы белгіленген тұру уақыты мен зиярат тәуабы уақытына өмірі жетпеген адам үшін қажылық парыз емес.

5. Қажылық ғибадатын орындауға шамасының жетуі:

а) Денсаулығы болуы,

Денсаулығы нашар, алып жүретін адамы жоқ соқып, ақсақ, сал сияқты ауруларға ұшырағандарға және көлікке өздігінен міне алмайтын қарт кісілерге қажылық парыз емес.

ә) Қажетті қаражаты болуы;

Қажыға барып-келу қаржысы, жолда, қажылықта жейтін азығы бар және әйел бала-шағасының, жалпы қарауындағы адамдардың қажылықтан қайтып оралғанға дейінгі қражатын көтере алатын адамға қажылық парыз.

б) Баратын жолдың сенімді болуы.

Қажылыққа барудың парыз болуы үшін жол сенімді болуы керек. Баратын жолда соғыс немесе басқа да қатерлі жағдайлар туындаса, қажылыққа бару парыз емес.

Сұрақ: «Уәсуәса» деген не?

Жауап: «Уәсуәса» – адамның кеудесіне ұялаған шайтанның есіне қай-қайдағыны салып, қиялын елітіп, жүректі азғыруын айтамыз. Уәсуәса – шайтанның адамға, әсіресе, иманды кісіге қарсы қолданатын соңғы шарасы, соңғы қаруы, соңғы үміті. Шайтанның адамды тура жолдан тайдырарлық бүкіл айласы таусылса, оның көңіліне уәуәса салады. Бір жағынан алып қарағанда, уәсуәса – «маған дос болмадың, ендеше өз обалың өзіңе» дегендей, шайтанның иманды кісіні іштей тұралатуға тырысуы.

Сұрақ: Қоян асырауға және оның етін жеуге бола ма?

Жауап: Үй қоянының да, жабайы қоянның да етін жеуге болады. Кейбіреулер «қоян сор (сәтсіздік) әкеледі, сондықтан оның етін жеуге болмайды» деп жатады. Бұл сөздің ешқандай діни негізі жоқ.

Қоян асырауға келетін болсақ, тауық, күрке-тауық асырағандай, оны да асыруға болады. Бұған ешқандай тыйым салынбайды.

Сұрақ: 9 ай толып, іште өлген баланы ат қоймай жерлеуге бола ма?

Жауап: Дене ағзалары толық жетіліп дүниеге келген сәби (дауыс шығарса, дем алса немесе әрекет жасағаннан кейін) шетінесе, оны жуу уәжіп. Ханафи мәзһабы бойынша, дүниеге келген сәби дауыс шығарғаннан кейін шетінесе ғана ат қойылып, жуылады және жаназа намазы оқылады. Ал еш дыбыс

шығармай, шетінесе, яғни өлі туылса және ағзалары толық жетілмей туылса, матаға оралып жерленеді, жаназа намазы оқылмайды. Егер де анасы немесе қасында болған адам ол сәбидің дыбыс не әрекет еткендігін растайтын болса (көрссе, естісе), онда анасының сөзін негізге ала отырып, сәбиге ат қойылады, жуылады және жаназа намазы оқылады.

Сұрақ: Аса Күдіретті және Аса Ұлы Аллаһқа иман келтіру дегеннің мағынасы не?

Жауап: Бұл – Тірі, Жалғыз, Игеруші, Мұңсыз, Ол – Әуелгі, Оған дейін ешнәрсе болмаған, және Ол – Соңғы, Одан кейін ешнәрсе болмайтын, Ол – Көрнеу, Одан жоғары ешнәрсе жоқ және Ол – Көмес, Одан төмен ешнәрсе жоқ, Оның артында ешнәрсе болмаған және Одан кейін де ешнәрсе болмайтын Жоғары Мәртебелі Аллаһтың бар екенін шын жүрекпен растау.

Аллаһ Тағала айтты:

«Ол, тумады да туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес». («Ықылас» сүресі, 3-4) Сондай-ақ, Оның Раббылық пен Тәңірліктегі және есімдері мен сипаттарындағы жалғыздығын шын жүректен кесімді түрде растау.

Сұрақ: Аллаһ Тағаланың нені ұнатты, нені ұнатпайтынын Аллаһтың құлдары қалай біледі?

Жауап: Адамдар бұл туралы Аллаһ Тағаланың оларға Өзі ұнатты риза болатын істерді орындау және Өзі ұнатпаған әрі теріске шығарған істерден тыйылу туралы бұйрығы, Өзі жіберген пайғамбарлары мен түсірген кітаптарынан біледі. Міне, осылайша адамдар Аллаһ Тағаланың даусыз дәлелдері мен теңдесі жоқ даналығын білді. Бұл жөнінде Аллаһ Тағала былай дейді:

«Пайғамбарларды қуандырушы, қорқытушы етіп жібердік. Елшілерден кейін адамдардың Аллаһқа қарсы сылтауы болмауы үшін» («Ниса» сүресі, 165) Және Аллаһ Тағала былай дейді: «(Мұхаммед (с.ғ.с.)) оларға: «Егер Аллаһты сүйсеңдер, онда маған ілесіңдер. Сонда Аллаһ (Тағала) сендерді жақсы көріп, күнәларыңды жарылқайды. Өйткені Аллаһ Аса Жарылқаушы, Ерекше Мейірімді» - де». («Әли Имран» сүресі, 31-аят).

Сұрақ: «Аллаһтан басқа ешбір тәңір жоқ деген куәліктің мағынасы не?

Жауап: Бұл куәліктің мағынасы – табынуға лайық Аллаһтан басқа әлдебіреулердің бар екенін теріске шығару және табынуға лайық тек Аллаһ екенін растау. Біздің құлшылық етуімізде де, Оның билігінде де Оның ешқандай серіктері жоқ деп білу. Аллаһ айтты: «Міне күдіксіз Аллаһ, Ол – Хақ. Расында да олардың Аллаһтан өзге сиынғандары ол, басқа. Рас Аллаһ, Ол Өте Жоғары, Аса Ұлы». («Хаж» сүресі, 62-аят).

Сұрақ: «Аллаһ Тағаладан басқа ешбір тәңір жоқ» деген куәліктің (толық сақталмаса), айтушыға пайда бермейтін шарттары қандай?

Жауап: Ондай шарттар жетеу.

1. Куәлік берушінің нені теріске шығарып, нені құптайтынын білуі;

2. Куәліктің растығына жүрегінде толық сенім болуы;

3. сырттай және іштей бұл куәлікке бағынуы;

4. Куәлік беруші адамның оның құрамды бөліктерінің ешқайсысын теріске шығармауы және мағынасына сай келетін нәрселердің де ешқайсысын теріске шығармауы;

5. Куәлік сөздерін айтқанда ешқандай күманданбауы;

6. Шындықтың тек тілде ғана болмай жүректің тереңінен орын алуы;

7. Куәлікке және куәлік берушілерге деген сүйіспеншілікте болуы;

Сұрақ: Жүрекпен сенудің қажеттілігін құранның қандай аяттары мен қандай хадистер көрсетеді?

Жауап: Аллаһ Тағала айтты: «Шын мәнінде сондай Аллаһқа, Оның елшісіне иман келтіріп, сосын күдіктенбегендер – шынайы мүміндер...». («Хужурат» сүресі, 15-аят).

Ал Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деді: «Аллаһтан басқа ешбір тәңір жоқ, мен Аллаһтың елшісімін» деп куәлік беремін. Аллаһқа осы сөздерге шын сеніп кездесетін пенде міндетті түрде жәннатқа кіреді». (Мүслім).

Бірде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Әбу Һурайраға (р.а.) айтты: «Мына дуалдың артынан жүрегімен шын сеніп, «Аллаһтан басқа ешбір тәңір жоқ» деп куәлік беретін жанды кездестірсең, оны жәннатпен сүйіншіле». (Мүслім).

Сұрақ: Құранның қандай аяттары мен хадистер ықыласты болудың қажеттілігіне нұсқайды?

Жауап: Аллаһ Тағала айтады: **«Көңіл бөліндер! Нағыз дін Аллаһқа тән».** («Зүмәр» сүресі, 3-аят).

«Сонда Аллаһқа дінді нағыз арнап, құлшылық қыл». («Зүмәр» сүресі, 2-аят).

Пайғамбарымыз(с.ғ.с.) айтты:

«Кім шын жүректен «Аллаһтан басқа ешбір тәңір жоқ» десе, менің шапағатыммен ең бақытты адам болады». (Бұхари, Ахмад)

Сондай-ақ, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: **«Кім Аллаһтың разылығын іздеп «Аллаһтан басқа ешбір тәңір жоқ» десе, Аллаһ Тағала оған тозақ отын харам етеді»,** – дейді. (Бұхари).

Сұрақ: Мұхаммед (с.ғ.с.) Аллаһтың елшісі екендігі туралы куәліктің мағынасы не?

Жауап: Мұндай куәлік Мұхаммед (с.ғ.с.) Аллаһтың құлы әрі бүкіл әлемге жіберілген елшісі екендігін шын жүректен растауды білдіреді.

Бұл туралы Аллаһ Тағала айтты: **«Ей, Пайғамбар! Сөз жоқ, сені бір куә әрі қуантушы, ескертуші етіп жібердік. Аллаһ жаққа, Оның нұсқауымен шақырушы бір нұрлы шырақ түрінде жібердік».** («Азхаб» сүресі, 45-46).

Бұрын не болды, кейін не болады, не нәрсе халал, не нәрсе харам екендігі туралы оның айтқандарының бәріне сену керек және оның бұйрықтарына бағынып, тыйым салған нәрселерінен бас тарту, оның шариғатын бұлжытпай орындап, оның шешімдерімен келісе отырып, оған бойсұну Аллаһ Тағалаға бойсұну екеніне, оған бағынбау, Аллаһ Тағалаға бағынбау екенінен шүбәсіз сеніп, оның сүннеттерін әшкере немесе құпия түрде қалтқысыз ұстану қажет. Өйткені, ол Аллаһ Тағаланың жолдауын адамдарға жеткізеді. Аллаһ Тағала Өзінің елшісі арқылы бұл дінді кемелдендірген соң, ол Елші адамдарға жеткізу үшін өзіне жүктелген нәрсені адамдарға анық жеткізіп болып, өз қауымын, шаруасы біткен адам болмаса, адаспайтын айдан анық сара жолға салған соң, Аллаһ Тағала оны ақыретке аттандырды. Және Аллаһ қаласа, кейінірек қарастыратын басқа да көптеген сұрақтардың осыған қатысты екеніне көз жеткіземіз.

Бұл сөздер жазбагердің Ирбад ибн Сариядан (р.а.) келген хадис шәріпке ишара жасағанын көрсетеді. Ол риуаятта Ирбад ибн Сария (р.а.) былай дейді:

«Бір күні Аллаһ Тағаланың елшісі (с.ғ.с.) біздерге өсиет сөздерін айта бастады да, жүрегімізді үрей билеп көздеріміз жасқа толып кетті. Біз: «О, Аллаһтың елшісі! Бұл – қоштасып тұрған адамның өсиеті ғой, бізге не тапсырма айтасыз?» – дедік, ол кісі былай деді. «Мен сендерге түні күндізіндей айдан анық сара жол қалдырдым, одан тек шаруасы біткен адам ғана бұрылып кетеді. Сендерден кім (ұзағырақ) тірі жүрсе, ол көптеген ұрыс-жанжалдардың куәсі болады, ал сендер менің сүннетімнен білген нәрселеріңнен және әділ де шыншыл халифалардың жолынан тістеп айрылмандар және оған бағыныңдар». (Әбу Дауд, Термизи, Ахмад).

Сұрақ: Қажылықтың парыз екендігіне қандай дәлел бар?

Жауап: Аллаһ Тағала айтты. «Аллаһ үшін қажылық және умраны толық орындандар». («Бақара» сүресі, 196-аят)

Ал, сүннетке қатысты айтатын болсақ, онда Әбу Һурайранан (р.а.) келген хадисте хабар етіледі:

«Бір күні Аллаһтың елшісі (с.ғ.с.) бізге уағыз айтып, былай деді: «Ей, адамдар! Аллаһ шын мәнінде сендерге қажылықты өтеуді парыз етті, ендеше орындандар» (Мүслім, Ахмад).

Бұдан бұрын Жәбірейілдің (ғ.с.) сұрақтары жайлы хадисте Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ислам бес тірекке (ұстынға) құрылған...» деген еді және бұл мәселе туралы басқа да көптеген дәлелдер келтіруге болады.

Сұрақ: Ораза ұстаудың парыз екендігіне қандай дәлелдер бар?

Жауап: Аллаһ Тағала айтты: «Ей, мүміндер! Сендерден бұрынғыларға парыз етілгендей ораза сендерге де парыз қылынды». («Бақара» сүресі, 183-аят).

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бәдәуиге (шөл адамына) шаригат мәселелерін үйреткендігі туралы хадисте айтылады. Бәдәуи кісі: «Аллаһ Тағала маған оразадан нені парыз етті?» – деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деді: «Рамазан айында ораза ұстауынды парыз етті. Бірақ, қаласаң, басқа айларда нәзіл ораза ұстауыңа болады». (Бұхари, Мүслім).

Сұрақ: Иманның көбейетініне және азаятынына қандай дәлелдер бар?

Жауап: Бұған дәлел Аллаһ Тағаланың мына сөздері: «Ол сондай (Аллаһ), мүміндердің иманын арттыра түсу үшін олардың жүректеріне тыныштық салған». («Фатх» сүресі, 4-аят).

«...оларға туралықты арттыра түстік». («Кәһф» сүресі, 13-аят).

«Әрі иман келтіргендердің сенімі арта түседі». («Муддассир» сүресі, 31-аят).

«Дегенмен мүміндердің иманын (жаңадан түскен сүрелер) арттырады». («Тәуба» сүресі, 124-аят).

Бұл аятта Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) түскен жаңа сүрелер туралы сөз болуда. **«Оларға адамдар: «Сендер үшін ел жиналды, сондықтан олардан қорқыңдар», – деді. (Бұл сөз) олардың иманын арттырады...» («Әли Имран» сүресі, 173-аят).**

«Сондай-ақ, олар сенімдерін, бойсұнуларын одан әрі арттыра түсті». («Ахзаб» сүресі, 22-аят). Дәлел ретінде басқа да аяттарды келтіруге болады. Ал пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сахабаларына айтты: **«Егер қазір менің қасымда тұрғандағыдай (әр уақытта Аллаһ Тағаланы есте ұстап, барлық уақытта осындай халде) болсаңдар, періштелер қолдарыңды қысқан болар еді». (Мүслім).**

Сұрақ: Өте ұмытшақпын. Жаттаған сүрелерімді ұмытып қала беремін. Ұмытшақтыққа қарсы ислам дінінде қандай амалдар қолданылады?

Жауап: Зейіннің күшеюін әуелі Алладан сұрау қажет. Екінші, мамандар мейіз, жаңғақ жеуге кеңес береді. Алайда бұл дәруменді азықтарды жеумен қатар зейінді жұмыс істету керек. Зейінге салмақ салмаса, бейне бір дәрумендерді қабылдап, шынықпаған спортшы сияқты, пайдасыз. Яғни үнемі бір нәрселерді жаттап жүру керек.

Зейінді харам нәрселерге қарау да әлсіретеді. Жалпы харам істерге бармау керек. Бұл жөнінде имам Шәфиғи: «мен зейінімнің нашарлығын айтып, ұстазым Уакиъке шағымдандым. Ол маған күнәларды тастауға кеңес беріп, «Ілім Алланың нұры. Ал Алланың нұры күнәһар адамға берілмейді» деді», – деген. Яғни зейініңіз күшті болсын десеңіз, күнә істерден бойыңызды аулақ ұстағаныңыз абзал.

Сұрақ: Намаздың соңғы отырысында дәреті бұзылған адам ары қарай не істеуі керек?

Жауап: Дәретті әдейі бұзса, намазы бұзылады. Ал абайсызда бұзса, тұрып, сөйлемей, дүние ісімен араласпай дәрет алып келіп,

қайта отырып аттахият пен салауат дұғаларын оқып, сәлем береді. Бұл жағдайда намаз дұрыс болып есептеледі. Бұндай адамды фикһта «мулхик» деп атайды.

Сұрақ: Азанның әуені қандай болу керек? Белгіленген әуені бар ма, болмаса адамның қабілетіне байланысты ма?

Жауап: Азанның бекітілген әуені жоқ. Кейбіреулер арабтардың азандарына еліктеп айтса, енді біреулер өз әуенімен айтады. Бастысы, аздаң әріптерді дұрыс шығарып, созылатын және созылмайтын жерлерге мән беріп, белгілі бір әнге ұқсатып жібермеу керек.

Сұрақ: Мен намаз оқып жатқанда 1 жасар інім жайнамазға отырып алады немесе алдымды кес-кестеп жүреді. Бұл намаздың бұзылуына себеп бола ма?

Жауап: Нәрестенің іс-қимылы намазды бұзбайды.

Сұрақ: Қыз бен жігіт қалай амандасу керек? Олардың үйленгенге дейін жүрулері дұрыс па?

Жауап: Үйленбеген қыз бен жігіт бірін-бірі танитын болса, жай сөзбен амандасады. Қолмен не сүйіп амандасуға рұқсат жоқ.

Қыз бен жігіттің жүруіне мүлдем рұқсат жоқ. Әзірге үйлену ниеті болмаса, неке киып та жүруге болмайды. Қыз бен жігіт үйленіп, нақты бірге тұрамыз деген ниетте болғанда ғана ата-аналарының рұқсатымен некелерін қия алады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сахих хадисінде: «Ей, жастар, іштеріңнен кім үйлене алса, үйленсін. Үйлене алмаған ораза ұстасын», – дейді. Яғни үйлене алмайтын жағдай болса, қыз бен жігіттің жүруіне шариятымыз рұқсат бермейді.

Сұрақ: Мухадрамун дегеніміз кімдер?

Жауап: Мухадрамун деп пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) кезінде өмір сүріп, исламды қабылдаған, алайда, пайғамбарымызды (с.ғ.с.) көрмеген мұсылмандарды айтады. Олар исламды сахабалар арқылы қабылдаған.

Сұрақ: Күндіз немесе түнде басымызды құбылаға қаратып жату міндетті ме? Құбыланың нақты бағыты қай жақ?

Жауап: Құбылаға басты қаратып жату міндетті емес. Ал аяқты қаратып жатпау міндетті. Демек, құбылаға басыңбен қатар, оң жаныңды немесе сол жағыңды қаратып жатуыңызға да болады. Тек аяғыңды құбылаға созып жатпасаңыз болғаны.

Құранда «Кім Алланың нышандарын қастерлесе, ол жүректің тақуалығынан» делінген (Хаж сүресі, 32-аят). Құбыла Алланың нышандарының бірі. Сондықтан оған деген құрметіміз болуға тиіс.

Қазақстан үшін құбыла шамамен күн батыстан 20 градус оңтүстікке қарай бұрылғандағы бағытта.

Сұрақ: Егер біреу «Ассалаумугалейкум» десе, «уа алейкум» деп жауап беруге бола ма?

Жауап: «Ассалаумугалейкум» дегенде, «уа алейкум ассалам» деп толық жауап беру уәжіп. Құранда «Егер сізге сәлем берілсе, (немесе амандасса) сіз одан да жақсысын қайтарыңыз немесе дәл өзіндей жауап беріңіз. Күмәнсіз Алла барлық нәрсені толық білуші» («Ниса» сүресі, 86-аят) делінген.

Сұрақ: Дінімізде сақал өсірудің үкімі қандай? Ол адамның жасына байланысты ма?

Жауап: Сақал қою Ханафи мәзһабында уәжіп амал (Ибн Абидин). Ол адамның жасына байланысты емес. Сақал шыққан уақыттан бастап уәжіп болады.

Сұрақ: Көз тию туралы не айтуға болады?

Жауап: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: «Көз тию – ақиқат (нәрсе)». (Бұхари, Мүслім).

Сондай-ақ, бір күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір күннің жүзінен қара дақ көріп: «Дем салындар, өйткені, шынында, назарланып қалыпты», – дегені риуаят етілген.

Айша (р.а.) айтты: «Пайғамбар (с.ғ.с.) жаман көзден дем салуды маған бұйырды». (Бұхари, Мүслім).

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.):

«Көз тиюден және (улы жәндіктердің) уынан басқаға дем салудың қажеті жоқ», – дегені риуаят етіледі. (Әбу Дауд, Термизи, Ахмад).

Бұл туралы біз келтірмеген басқа сахих хадистерде айтылады және олардағы негізгі ой бұлардың (дем салу, үшкіру, т.б.) бәрінің әсері тек Аллаһ Тағаланың рұқсатымен ғана іске асатынын баса көрсетуге саяды. Ал біздің көптеген бұрынғы игі кісілеріміз, олардан Аллаһ разы болсын, бұл хадистерді Аса Жоғары Мәртебелі және Ұлы Аллаһтың сөздерін түсіндіру кезінде пайдаланған.

Аллаһ Тағала айтты:

«Расында қарсы келгендер, Құранды тындаған сәтте, олар көздерімен, ішіп-жеп, сені жыға жаздайды». («Қалам» сүресі, 51-аят).

Сұрақ: Күнәларды қалай жууға болады?

Жауап: Олардың бәрі шын ықыласпен тәубеге келумен жуылады. Аса Жоғары Мәртебелі Аллаһ айтты:

«Әй, мүміндер! Аллаһқа шынайы тәубе қылыңдар. Раббыларыңның жамандықтарыңды жойып, астарынан өзендер ағатын жұмақтарға кіргізуі үміт етіледі». («Тахрим, сүресі, 8-аят).

«Бірақ кімде-кім тәубе қылса, сондай-ақ кім иман келтіріп, ізгі іс істесе, міне Аллаһ олардың жамандықтарын жақсылықтарға ауыстырады». («Фурқан» сүресі, 70-аят).

Аллаһ Тағала және айтты:

«Ал олар қашан арсыздық істесе не өздеріне зұлымдық қылса, аллаһты естеріне алып, күнәларының жарылқауын тілейді. Күнәларды Аллаһтан басқа кім жарылқайды?! Сонда олар істеген істеріне біле тұра қасарыспайды. Міне солардың сыйлықтары Раббылары тарапынан жарылқау және астарынан өзендер ағатын жұмақтар» («Әли Имран» сүресі, 135-135).

Сұрақ. Тура жолмен жүруге және одан ауытқымауға не нәрсе мүмкіндік береді?

Жауап: Бұл (әрбір) адамның Құран мен Сүннетті берік ұстанып, ол екеуінің талабына сәйкес амалдар жасап, олар белгіленген шекарада тоқтаумен ғана мүмкін болады. Тек осы ғана таза таухид жолында болуға және Аллаһ Тағаланың елшісіне (с.г.с.) өз дәрежесінде ілесуге мүмкіндік береді. Өйткені, Аллаһ Тағала:

«Ал және кім Аллаһқа, Елшіге бойсұнса, міне солар: Аллаһ Тағала нығметке бөлеген пайғамбарлар, шыншылдар, шәһидтер және игілермен бірге болады. Олар нендей жақсы жолдас», – дейді. («Ниса» сүресі, 69-аят).

Аллаһ Тағала айтты:

«Бізді тура жолға сала көр! Нығыметке бөлегендердің жолына!» («Фатиха» сүресі, 6-7).

Аллаһ Тағаланың құлы үшін оны тура жолға бастап, одан ауытқудан

қашықтатудан артық болатын нығмет жоқ. Міне, осындай жағдайда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өз ұмметін қалдырды, бұл туралы ол:

«Мен сендерді түні күндіз сияқты әппақ айдан да анық жолда қалдырдым, менен кейін ол жолдан шаруасы біткен (адамнан) басқа ешкім ауытқымайды» (Ахмад, Ибн Мәжәһ, Хаким).

Сұрақ: Сүннеттің қарама-қарсысы не?

Жауап: Оның қарама-қарсысы – адамдардың өздері ойлап тапқан бидғадтары, басқаша айтқанда, өзіне Аллаһ Тағала бұйырмаған нәрсені шарифат қылып алу. Бидғат – дінге жаңалық енгізу.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «(Егер) кімде-кім біздің ісімізге оған қатысы жоқ бір нәрсе енгізетін болса, ол қабылданбайды», – деген (Бұхари, Мүслім).

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) және айтты:

«Сендер менің сүннетіме және тура жолмен жүрген шыншыл халифалардың сүннетіне ілесулерің қажет. Оны мықты ұстаныңдар да одан айрылмандар, жаңа ендірілгендерден аулақ болыңдар, өйткені, әрбір жаңа ендірілген (нәрсе), ол – адасу». (Ахмад, Әбу Дауд, Термизи, Ибн Мәжәһ).

Және Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) болашақта мұндай адасудың сөзсіз болатынын айтып, адасудан кімдердің аман қалатыны жайлы хабар берген.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты:

«Менің ұмметім жетпіс үш тайпаға бөлінеді, олардың біреуінен басқасы тозаққа түседі» (Адамдар) сұрады: «О, Аллаһтың елшісі, олар (тозақтан аман қалатындар) кімдер?». Ол айтты: «Мен және сахабаларым ұстанған нәрсеге ілескендер». (Хаким, Термизи).

Аллаһ Тағала Өз пайғамбарын жаңалық енгізушілерден бөлектеп былай деді:

«Күдіксіз діндерінде бөлініп, топтарға айрылғандармен ешбір байланысың жоқ. сөзсіз олардың ісі Аллаһқа тән», («Әнғам» сүресі, 159-аят).

Сұрақ: Тұтас алғанда сахабалардан қадірлілері кімдер?

Жауап: Ең абыройлылары – ең бірінші озушылар, яғни муъажирлер мен ансарлардан алғашқы иман келтіргендер, одан кейін Бәдір соғысына қатысқандар, сонсоң – Ухуд шайқасына қатысқандар, сонсоң – Аллаһқа жағымды ант берген адамдар, одан кейін – барлық қалғандары. Ал Аллаһ Тағала айтты:

«Сендерден (Меккенің) алуынан бұрын Аллаһ жолында мал сарып қылып соғысқан кісі, одан кейін мал сарып етіп, соғысқан кісімен тең емес. Олар дәреже тұрғысынан артық. Сондай-ақ Аллаһ бәріне де жақсылық уәде етті. («Хаид» сүресі, 10).

Сұрақ: Аллаһ Тағаланың елшісінің (с.ғ.с.) өлімінен кейін халифалық қанша уақыт өмір сүрді?

Жауап: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты:

«Пайғамбар халифаты отыз жыл өмір сүреді, одан кейін Аллаһ билікті кімге қаласа, соған тапсырады» (Әбу Дауд, Термизи, Ахмад, Хаким).

Және халифат, Әбу Бәкір, Умар, Усман және Әли, Аллаһ олардан разы болсын, басқарған кезде, шынымен сонша уақыт өмір сүрді, одан Әбу Бәкір (р.а.) екі жыл және үш ай халифа болды. Умар (р.а.) – он жыл алты ай, Усман (р.а.) – он екі жыл, ал Әли (р.а.) төрт жыл және тоғыз ай және Хасан ибн Әли, Аллаһ Тағала ол екеуінен разы болсын, басқарған алты айды есептегенде, барлығы дәл отыз жыл болады. Алғашқы патшалықтың негізін қалаушы, олардың ең жақсысы әрі лайықтысы Муғауия (р.а.) болды, одан кейін Умар ибн Абдулазизға, Аллаһ оны рахмет етпей, билік ауысқанға дейін созылған әділетсіз басқарушылардың кезеңі басталған-ды.

Сұрақ: Әбу Бәкір (р.а.) мен Умар (р.а.) әділ де шыншыл халифа болғандығы туралы жалпы не айтуға болады?

Жауап: Бұған дәлелдер көп. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.):

«Мен түсімде құдықтың қасында өзімді көрдім, оның шетінде шелек бар екен, сонсоң мен құдықтан Аллаһ Тағала қанша қаласа, (сонша су) алдым. Сонсоң бұл шелекті Ибн Әбу Кухафа алды және ол құдықтан бір яки екі шелек су алды, кейін, осыны істеуде ол әлсіздік танытты, және Аллаһ Тағала оның бұл әлсіздігін көшірді. Сонсоң бұл шелек теріден істелінген үлкен қауғаға айналды, оны Ибн Хаттаб алды, мен адамдардан қандай да бір бәсіпшінің дәл Умар алғандай су алғанын көрген емеспін. Бұл (іс) адамдар малдарын дем алдыруға айдап жібергенше жалғасты», – дегені риуаятталады. (Бұхари, Мүслим).

Сұрақ: Шариғат мақұлдаған нәрселерге шақыру мен шариғат теріске шығарған нәрселерден қайтару міндеті кімнің мойнында және мұның қандай сатылары бар?

Жауап: Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ Тағала айтты:

«Сендерден жақсылыққа шақыратын сондай-ақ дұрыстыққа қосып, бұрыстықтан тосатын бір топ болсын. Міне, солар құтылушылар». (Әли Имран» сүресі, 104-аят):

«Сендерден кім шариғатқа теріс нәрсені көрсе, оны өз қолымен өзгертсін, егер оған шамасы жетпесе – тілімен, оған да шамасы келмесе, онда – өз жүрегімен (тоқтатсын) және бұл – иманның ең әлсіз көрінісі болады». (Мүслім).

Сұрақ: Аллаһ Тағалаға жақын адамдардың кереметтері (әулиелер) туралы не айтуға болады?

Жауап: Мұндай кереметтер шынына да бар нәрсе. Олармен байланысты болған ғажайып нәрселерді осылай (керемет) деп атайды.

Өйтсе де, кереметтер олардың өздерімен жасалынбайды және ол адамдар оған ұмтылмайды да. Олар білмеуі де мүмкін, бірақ мұның бәрін олар арқылы Аллаһ Тағала жасайды. Бұған мысал ретінде үнгірдегі жас жігіттер тарихын, жартастың сынығы көміп қалған адамдар тарихын, сондай-ақ Журайждың тарихын келтіруге болады, бұл кереметтердің барлығы олардың пайғамбарларының кереметтеріне де қатысты болған.

Сондықтан да мұндай кереметтер осы үмметте көп болған: оны олардың (ол үмметтің) пайғамбарының кереметтерінің ұлылығымен және ол пайғамбардың Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ Тағалаға қандай дәрежеде қадірлі болғанымен түсіндіріледі. Мәселен, діннен қайту (риддә) кезінде Әбу Бәкірдің (р.а.) қандай жағдайға тап болғаны, Мәдине мешітіндегі мінберде тұрып Умардың (р.а.) сонау Шамдағы әскерге сөйлегені және ол сөзді әскердің естігені, оның Нилге хат жазғаны, Румды басып алу кезінде Алия ибн әл-Хадрами астындағы атын теңізге жалдап, су бетінде оның қалай жүріп кеткені, оны өртемек болып Әсуад әл-Анси от жаққанда Әбу Мүслім әл-Хауләмидің от ішінде намаз оқығаны және осындай көптеген басқа да оқиғалардың Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) кезінде де, оның сахабаларының кезінде де және оларға таза жүрекпен ілескендер кезінде де кереметтер болған және біз өмір сүріп жатқан күндерге дейін жалғасқан.

Сондай-ақ Қиямет күніне дейін бола береді. Және мұның бәрі Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) кереметтері болып табылады, өйткені

әулиелер мұндай кереметтер жасауға оның жолына ілескендігі себепті мүмкіндікке ие болуда.

Егер Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жолына ілесуші болмаған біреу табиғи емес, ғажайып бір іс істесе, онда ол керемет бола алмайды, ол тек қана алдау-арбау, азғыру болып табылады. Ондай адам Аса Мейірімді Аллаһ Тағалаға жақын адамдар қатарында емес, шайтанға жақын адамдардан болады, Аллаһ Тағала біздерді ондай пәледен сақтасын!

Сұрақ: Аллаһ Тағалаға жақын адамдар (әулиелер) қатарына кімдер жатады?

Жауап: Аллаһ Тағалаға кім иман келтірген болса, Одан қорықса және Оның елшісіне (с.ғ.с.) ілессе, солар Аллаһ Тағалаға жақын адамдар қатарында болады.

Аллаһ Тағала айтты:

«Біліңдер! Расында Аллаһтың достарына қауіп-қатер жоқ, әрі олар қайғырмайды». («Юнус» сүресі, 62-аят).

Содан кейін Ол бұлардың қатарына кімдер жататынын түсіндіреді.

«Сондай иман келтіріп, тақуа болғандар». («Юнус» сүресі, 63-аят).

«Аллаһ – иман келтіргендердің досы. Оларды қараңғылықтардан жарыққа шығарады. Ал қарсы болғандардың достары тағут, (ол) оларды жарықтан қараңғылықтарға шақырады». («Бақара», 257-аят).

Аллаһ Тағала және былай деді:

«Шынайы түрде сендердің достарың Аллаһ және Оның елшісі және де намазды толық орындайтын, зекет беретін әрі рукуғ қылушы мүміндер. Кім Аллаһты, Оның елшісін және мүміндерді дос тұтса, шынайы түрде аллаһты жақтаған топ. Солар жеңіске ие болады». («Мәида» сүресі, 55-56).

Ал Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты:

«Шын мәнінде, пәленшенің жанұя мүшелері менің достарым емес, менің достарым – тек Аллаһ Тағала мен әділ де шыншыл мүміндер». (Бұхари, Мүслім).

Сұрақ: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Менің үмметімнен бір ғайпа анық ақиқатты ұстанған болады және Аллаһ Тағаланың әмірі келгенше оған қарсы келушілер зарар

жеткізе алмайды», – дегенде қандай тайпа туралы айтқан?

Жауап: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Біреуінен басқаларының бәрі тозақта болады және ол – әйлу сунна уәл-жамаа» (Ибн Мәжәһ, Ахмад), деп ол тайпаның қайсы тайпа екенін, яғни жетпіс үш тайпаның құтылушы болатын бір ғана тайпасы туралы айтқан-ды.

Бұл хадистің басқа риуаятында айтылады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.):

«...және олар, бүгін менің ұстанған жолыма және сахабаларының ұстанған жолына ілескендер», – деді». (Термизи, Хаким).

Біздер Аллаһ Тағаладан сол адамдар тайпасына қосуын, бізді тура жолға салған соң жүрегімізді сол жолдан адастырмауын және бізге Өзінің мейірімін сыйлауын жалбарынып өтінеміз, өйткені, шын мәнінде, Ол – Сыйлаушы.

«Қастерлі Раббы олардың сипаттағандарынан Пәк. Елшілерге сәлем! Барлық мақтау бүкіл әлемнің Раббы Аллаһқа лайық!». («Саффат» сүресі, 180-182)

Сұрақ: Жаман ырымдарға (тиараға) сену және оның не нәрсе келтіретіні туралы не айтуға болады?

Жауап: Бұл сөз арабтың «таир» – құстар деген сөзінен пайда болған, бұл арабтардың құстың оңға немесе солға ұшқанына қарап жаман немесе жақсы ырымға балап пал ашуына байланысты, соған сәйкес өздерінің ниеттерінен қайту секілді әдет-ғұрыптарынан туындаған нәрсе, қазақтар арасындағы алдынан қара мысық өтсе жаман ырымға балайтыны секілді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мұндай нәрселер қандай да бір пйда не зиян жеткізе алады деген нанымның қате екенін көрсетті. Біздің кезімізде бұған мысал ретінде қарапайым адамдардың қарғаның қарқылдағаны және соған ұқсас нәрселерді жақсы немесе жаман белгі санап, соған сенетіндіктерін айтуға болады.

Егер Аллаһ Тағаладан үміт етіп өзіне қажет жұмысты істесе, онда адам жүрегінде пайда болған қалау (жұмысты істегісі келу) немесе қаламау ырым-сырымға сенуге ешқандай қатысы болмайды, бұл туралы Ибн Аббас (ол екеуінен Аллаһ разы болсын):

«Егер жалғастырсаң, демек, үміт еткенің (яғни Аллаһ Тағалаға сиынғаның), ал егер бас тартсаң, демек, ырым-сырымға сенгенің», – деген.

Сұрақ: Аспандағы күн мен ай, жұлдыздардан жаңбыр сұрау туралы не айтуға болады?

Жауап: Аллаһ Тағала айтты:

«Расында берген ризыққа шүкір етудің орнына оны жалғанға шығарасындар ма?» («Уақиға» сүресі, 82-аят).

Ал, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты:

«Менің үмметімнің мүшелері жәһилиятқа қатысты төрт нәрседен бас тартуға «әлі күнге шамасыз болып жүр): өз ата-тегімен марқаю, (басқаларды) олардың шыққан тегімен масқаралау, аспан шамшырақтарына жаңбыр туралы жалбарыну және өлгендер туралы қатты дауыстап жоқтау айту» (Мүслім, Термизи).

Сұрақ: Кейбір адамдар тәспі бидғат, қолмен зікір етсін дейді. Осы дұрыс па?

Жауап: Намаздың соңында 33 рет «әл-хамду лилләһ», 33 рет «Аллаһу әкбар» және 33 рет «субхан Аллаһ» деп айту – сүннет. Әбу Нүрәйрадан (р.а.) риуаят етілуі бойынша, Алла елшісі (с.ғ.с.) былай деген: «Кімде-кім әр намаздың соңында 33 рет (субханаллаһ) (Алла пәк), 33 рет «әлхамду лилләһ» (Күллі мадақ Аллаға тән), 33 рет «Аллаһу әкбар» (Алла ұлы) деген соң, «Лә илләһә илләллаһу уахдаһу лә шәрикә ләһу, ләһул-мүлкү уә ләһүл-хамду уә һуә әлә кулли шәйин қадир» (Алладан басқа табынуға лайық бірде-бір тәңір жоқ, Оның серігі жоқ. Мүлік Онікі, мадақ Онікі. Оның барлық нәрсеге күші жетеді) деген сөзбен жүзге толықтырса, теңіздің көбігіндей болса да күнәлары кешіріледі» (Мүслім). Бұл зікірлерді дәл осылай 33 рет айту үшін саусақ буындарымен есептеуге де немесе арнайы тәспі қолдануға да болады. Алайда, кей бауырларымыз тек сауқсақпен есептеу керек, хадисте тәспі жайлы еш нәрсе айтылмаған деп оны бидғат сана жүр. Негізінде, тәспі қолдану бидғат емес, себебі тәспі қолдануды ешкім ғибадат деп айтпайды. Тәспі қолдануды ғибадат деп есептесе ғана бидғат болады. Ал, ол бар болғаны жоғарыдағы зікірлерді санынан жаңылмай, хадисте көрсетілгендей орындау үшін оңтайлы құрал ғана. аталмыш зікірлерді айту – ғибадат, тәспіні қолдану – ғибадат емес. Демек, тәспі тартуды бидғат деп есептей алмаймыз.

Сұрақ: Мен әлі ешбір мәзһабты таңдаған жоқпын.

Мәзһабты таңдау үшін нені ескеу керек? Қандайын таңдаған жөн?

Жауап: Қазақстанда бірлік үшін бәріміз Ханафи мәзһабын ұстанғанымыз дұрыс. Әрі басқа мәзһабтардың көптеген үкімдері біздің Қазақстанға сәйкес келмейді. Сосын тағы бір айта кететіні, Ханафи мәзһабының басқа мәзһабтардан ерекшеленетін тұсы – бұл мәзһаб тек бір ғалымның ғана емес, көптеген ғалымдардың үкімдеріне негізделген. Мәселен, Ханафи мәзһабы тарих сахнасына шыққалы ХІІ ғасырға жуық уақыт өтті. Бұл кәдімгі бір мәдениет. Осыншама уақыт ішінде Ханафи мәзһабының мыңдаған ғалымы өтті. Мәзһаб – солардың бәрінің соңынан еру деген сөз.

Әбу Ханифа өз дәуірінде ғұламалардың пәтуа кеңесін құрып, үнемі өзінің жұртаһид шәкірттерімен кеңесе отырып үкім берген. Міне, сондықтан да, тарихта Ханафи мәзһабын «мәзһабуш-шару», яғни «Ғұламалар кеңесіне негізделген мәзһаб» деп атаған. Ал әлем бойынша ғұламалардың пәтуа кеңестері ХХ ғасырда ғана қолға алынған дүние. Ханафи мәзһабы бұның негізін сонау ертеректе қалап кеткен.

Сұрақ: Тырнақ, шаш алғасын, оларды тастай беруге бола ма, әлде басқа шарттары бар ма?

Жауап: Алынған шаш пен тырнақты жерге көму – мұстаһап амал. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде былай дейді: «Шаш пен тырнақты жерге көміңдер, дуакештер дуалап қоймасын». (Дәйлами). Тырнақ пен шаштың жерге көмілуі – бір жағынан дуаға жол бермеу мақсатында болса, енді бір жағынан адам баласының тырнағы мен шашы дәл өзі сияқты қасиетті болғандығынан. Құранда Аллаһ Тағала былай дейді: «Бір адам баласын ардақты еттік» («Исра» сүресі, 70-аят). Демек, адам баласы қасиетті жаратылыс деген сөз. Сондықтан да, абзалы тырнақ пен шашты жерге көму керек. Ал, егер қалада тұратын адам тырнағы мен шашын көмуге мүмкіншілігі болмаса, қағазға орап, адам баспайтын жерге тастауына болады.

Сұрақ: Исламда мәйіт жатқан бөлмеге шырақ жағып қою бар ма?

Жауап: Мәйіт жатқан бөлмеге шырақ жағып қою дұрыс емес.

Сұрақ: Өлген кісінің жаназасы шығарылғанға дейін түнде

қасында бірнеше адам таңға дейін ұйықтамай күзетіп отыру дұрыс па?

Жауап: Жок. Оны шариғатымыз бұйырмаған.

Сұрақ: Мәйітті жууға неше адам түседі және мәйітті қандай иіс сумен жууға болады? Кебінге қалампыр үгітіп салу шарт па?

Жауап: Мәйітті жууда шариғат бойынша жуушылардың саны шарт емес. Шамасы келсе бір кісінің де жууына болады. Алайда, көмекшілердің болғаны жақсырақ. Сондай-ақ сүйекке құда-жегжат, туыстарынан түсемін деушілер болса, оған шариғат қарсы емес.

Шариғат бойынша мәйітті жуу- парыз. Мәйіт иіс май қосылмаған таза сумен жуылса да парыз орындалған болып саналады. Бірақ мәйітті үшінші рет жуғанда суға иіс май қосу – мұстахаб. Ал қалампыр немесе басқа нәрселер кебінге қоса оралмайды.

Сұрақ: Мәйітті жуындырып, кебіндеп болған соң үйден басымен, әлде аяғымен шығару керек пе?

Жауап: Мәйітті жуындырып, кебіндеп болған соң үйден басымен, яки аяғымен шығару керек деген шариғаттың талабы жок. Мәйітті үйдің ыңғайына қарай басымен немесе аяғымен де шығара беруге болады.

Сұрақ: Өзге дін өкілдеріне тұрмысқа шығып қайтыс болған мұсылманға жаназа намазы оқыла ма?

Жауап: Өзін мұсылман санайтын әйелдің өзге дін өкілдеріне тұрмысқа шығуы харам. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде: «Мүшірік әйелдерге иман келтіргенге дейін үйленбеңдер. Сендерге ұнаса да азат мүшірік әйелден мүмін күң артық. Және иман келтіргенге дейін мүшірік ерге мүмін әйелдерді де тұрмысқа шығармандар...», – деген. («бақара» сүресі, 221-аят).

Өзге дін өкіліне мұсылман қыздың тұрмысқа шығуы – үлкен күнә. Алайда, ондай әйел егер өзге дінді қабылдамай, өз дінінде қалған болса, яғни мұсылман болып жантәсілім етсе, жаназасы шығарылады.

Сұрақ: Мәйітке жаназа қай уақытта оқылады?

Жауап: Жаназа намазы мәкрұь уақыттан басқа кез келген уақытта – күндіз болсын, түн болсын оқыла береді. Мәкрұь уақыт деп күн шығып немесе батып бара жатқан және күн тас төбеде тұрған кездер айтылады.

Сұрақ: Мәйітті жерлеуді асықтыру және бұл рәсімді жедел атқару туралы дәлел бар ма?

Жауап: Имам Алау ад-Дин Касани әл-Ханафи (р.а.) өзінің «Бәдәи'ус-Санаи'» атты кітабында алла елшісінің (с.ғ.с.): «Мәйіттеріңді жерлеуге асығыңдар. Мәйіт жақсы кісі болса жақсылығына жылдам жеткізіндер, ал жаман кісі болса тозақ иелері бізден алыс болсын», – деген хадисіне байланысты мәйітті жерлеуді асықтыру мұстахаб, яғни жақсы амал, деген. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) асықтыруды мұстахаб еткен.

Мәйітті жерлеуді кешіктіру – сүннетке, мәйітті құрметтеуге қайшы әрекет. Қаншалықты кешіктірсе, сонша оның қадір-қасиетін қашырады.

Сұрақ: Өзін-өзі өлтірудің діндегі орны не? Жаназасы оқыла ма?

Жауап: Адам баласының өз-өзіне қол жұмсауы – адамдық тұрғыдан да, дін тұрғысынан да үлкен қате. Өйткені, жан – Алланың адам баласына берген ең қасиетті аманаты. Өз өмірін қию – сол аманатқа жасалған қиянат. Сонымен қатар ол үлкен күнә жасағандығы үшін тозақта азап тартады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) көптеген хадистерінде өзіне қол жұмсаған адамның үлкен күнәға бататынын, тозақта азап шегетіндігін айтқан.

Өзіне қол жұмсау бұрынғы үмметке де тыйым салынған. Жундуб ибн Абдуллаһ Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Сіздерден бұрынғы үмметтер арасында жараланған бір адам ауруына шыдай алмай қолын пышақпен кесіп, қан тоқтамай қансырап өлді. Сонда Аллаһ Тағала «Құлым мен берген жанымды қолдан алды. Мен оған жұмақты харам еттім» деген хадисін риуаят еткен.

Өз-өзін пышақтап өлтірген адамның жаназасын Пайғамбарымыздың оқымағандығы айтылады. Алайда сахабалар бұл адамның жаназасын оқыған.

Имам Ағзам мен имам Мұхаммед және өзге де ғұламалардың көпшілігі өз-өзін өлтірген адамның жаназасы оқылады деп пәтуа берген. Расында өзіне өзі қол жұмсауға діни, рухани өресі төмен адамдар, яки психологиялық ауру немесе жындар ықпалымен де барып жатады. Өзіне қол жұмсаған кісі ауыр күнәға батқанымен, діннен шықпағандықтан, жаназасы шығарылады. Алайда, күнәнің ауырлығын білдіру, әрі басқаларға сабақ болу мақсатында жаназаны муфти, дін ғалымдары, бас имамдар емес,

жаназа шарттарын білетін басқа кісілердің шығарғаны жөн.

Сұрақ: Егер де мәйіт жаназа намазы оқылмай жерленген болса не істеу керек?

Жауап: Марқұмның жерленгеніне көп уақыт өтпеген болса, онда қабір басында тұрып жаназа намазын оқу қажет. Бұл ретте жаназа намазы қабір алдында құбылаға қарап оқылады.

Сұрақ: Жаназа оқылғаннан кейін митинг жасау дұрыс па?

Жауап: Дұрыс емес. Өйткені, жаназа намазының өзі діни, шариғи іс-шара болып есептеледі.

Сұрақ: Мәйітті қабірге қоярда аяғымен кіргізу керек пе, жоқ әлде басымен кіргізу керек пе?

Жауап: Мәйітті қабірге қоюдағы шариғаттың талабы – оң жағына жантайып, жүзін құбылаға қаратып қою. Ал қабірге басымен, яки аяғымен кіргізу мәселесі, қабір ыңғайына қарай атқарылады.

Сұрақ: Зиратқа құлыптас орнату дұрыс па?

Жауап: Қабір басына құлыптасты белгі ретінде суретсіз, мүсінсіз орнатуға болады.

Сұрақ: Жол апатынан қаза болғандарға арнап жол бойына белгітас қою шариғатта бар ма?

Жауап: Апат болған жерде белгітас қою шариғатта жоқ. Марқұм үшін ондай белгі қойғаннан гөрі оның атынан сауап үшін садақа беруге болады.

Сұрақ: Қабір басына салынатын құрылыс нысанын бір жүйеге түсіруге бола ма? Яғни, орнатылатын көк тастың көлемі белгіленсе және марқұмның бейнесін қашап естелік орнатылуына тыйым салынса дұрыс болар еді.

Жауап: Ханафи мәзһабының ғұламалары мәйіт жерленген орынды қиындықсыз табу үшін қабір басына белгі қойып, аты-жөнін жазуға рұқсат берген. Алайда, зәулім тас, қажетсіз қоршау, үлкен сәнді күмбездер орнату, қашап сурет салу және т.б. осы сияқты амалдар ысырап әрі бәсекелестік болғандықтан, шариғатымыз тыйым салған.

Сұрақ: Қабірстан басына гүл шоқтарын (венки) қоюға дініміз рұқсат ете ме?

Жауап: Қабірстан басына венки және гүл шоқтарын қоюға шариғатымыз тыйым салған. Сондықтан олардың сатып алған қаражат мұқтаж жандарға садақа ретінде берілсе сауап болады.

Сұрақ: Жыртыс жырту, киім үлестіруге бола ма?

Жауап: Біріншіден, бұл амалдарды дініміз жүктеген, міндетті түрде істелуі тиіс «парыз» амалы деп түсінбеген жөн. Бұларды жасамаған жағдайда ешкім күнәһар болмайды. Екіншіден, ешкім кәдесіне жаратып, пайдасына асыра алмайтын бір жапырақ жыртыс таратқаннан гөрі, сол жыртысқа кететін қаржыны жетім-жесір, жоқ-жітіктерге таратқан әлдеқайда сауапты. Үшіншіден, қайтыс болған кісінің киімін ертеректе «тәбәрік» ниетімен елге тарататын. Ал бүгінде бұл әдет жағымсыз әдетке ойысқан сияқты. Кейбіреулер кісінің күнделікті киімін емес, керісінше, дүкеннен жаңадан сатылып алынған жаңа киімді таратуды шарият қағидасы секілді талап етіп жатады. Тіпті базбіреулер «ұят болмасын» деген түсінікпен қарызданып, қымбат киім алып, аяғы бұл іс өзгелермен бәсеке, бақталастыққа да ұласып жатады. Сондықтан мұндай амалды атқармаған жөн.

Сұрақ: Кейбір жерлерде бейіттің әр бұрышына арнап «төрткұлақ» деп орамал таратылып, төрт адамға Құран оқытылады. Құран оқу ұзақ уақытқа созылады. Осындай амал шариятқа сай ма?

Жауап: Шариятымызда бейіттің әр бұрышына арнап «төрткұлақ» деп орамал таратып, төрт адамға Құран оқыту жоқ, бірақ Құран оқытып, сауабын өліге бағыштау бар. Қабір басында Құранды бір адам оқыса да жеткілікті. Ауа райының ыстық-суықтығын, әрі бейіт басына барған кейбір адамдардың қарт, науқас және асығыс екендіктерін ескеріп, қабір басында бірнеше адамның ұзыннан-ұзақ Құран оқымағаны жөн.

Сұрақ: Кейбіреулер мәйітке Құран оқығаны үшін ақша талап етеді. Сол дұрыс па?

Жауап: Шарият бойынша Құран оқығаны үшін ақша талап етуге болмайды.

Сұрақ: Ораза айт күні таңертең сәресін ішіп, айт намазына ауыз бекіту керек пе?

Жауап: Жоқ, керісінше Ораза айт күні таңертең мешітке барарда үйден бір нәрсе жеп шығу мәндүп (жақсы) амал болып есептеледі. Ал сіз айтқан үйден оразаны ашпай шығу Құрбан айтына тән үкім.

Сұрақ: Мен, инша Алла, жақында үйленемін. Намаз

бастағаным да көп болған жоқ. жұбайыңмен жақындасқаннан кейін ғұсыл алу – парыз! Бірақ, ауылдық жерде душ жоқ, моншаны қыста күнде жаға алмайсың. Ал үйде шомылу ата-анама ерсі көрінер. Бұған қандай амалдар бар? Болашақ жарым да намаз оқиды. Естуімше, тәйәммүм алуға болады. Ол дұрыс па?

Жауап: Сіздің жағдайыңызды түсінеміз. Алайда, ғұсылдың орнына тек мына екі жағдайда тәйәммүм алуға болады: 1. Су болмаса; 2. Су болғанымен, оны қолдану мүмкіндігі болмаса. Мәселен, су өте салқын немесе су жылы болғанымен, жуынатын жер өте салқын болып, ауырып қалу қаупі туындаса. Алайда, үйде шомылуға мүмкіншілік болса, ата-ананың ерсі көрінеді деп ғұсыл құйынбай қоя салуға болмайды. Оларға жақсылап түсіндірсеңіз, түсініктік танытулары тиіс. Сондай-ақ, ауылда тұрамын, не қажеті бар демей, ақша салып, үйленбей тұрып, бір кішігірім жуынатын орын әзірлегеніңіз дұрыс шығар. Өзіңіз сияқты намазхандар бойдәретсіз жүрудің қандай қиын екендігін басқаларға қарағанда жақсы біледі. Алла жар болсын!

Сұрақ: Мен үнемі елес көріп жүремін. Айтыңыздаршы, неге олар көрініп қорқытады?

Жауап: Сіз үнемі ғұсыл-дәретпен, таза киіммен жүріңіз. Намаздарыңызды үнемі жамағатпен оқыңыз. Жалғыз жүрмеңіз. Оңаша қаланда көбірек алланы еске алып, көп-көп зікір айтыңыз. Көп Құран оқыңыз. Құранды араб әріптерімен оқуды үйреніп алыңыз. Қашанда игі-жақсылармен сұқбаттас болыңыз. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сахабалардың және әулие кісілердің өмірбаяндарын оқып жүріңіз. Сіз көрген елестер жындар болуы керек. Сіз қорықпаңыз. Олар да Алланың жаратқан мақұлықтары ғой. Олар сізге жамандық тигізе алмайды. Жатар кезде «Аятул-курси», «Ықылас», «Фәлақ» және «Нас» сүрелерін оқып, алақаныңызға үрлеп, денеңіздің барлық жерін сипап, жатыңыз.

Сұрақ: Жұмысымда түскі үзіліс сағат 2-де бітетіндіктен, бесін намазын оқып үлгере алмайтын секілдімін, сондықтан бесінді уақытынан бұрын және тек парызын оқысам бола ма?

Жауап: Елімізде бесін уақыты ең кеш кіретін қала Қызылорданың өзінде бұл намаз уақыты 13:38-де кіреді екен. Әрі бұл уақыт кейінге шегеріліп бара жатыр. Олай дейтініміз,

Қызылорда қаласында қыркүйектің 30-да бесін намазы 13:29-де кіреді. Бесін намазының уақыты ешбір қалада сағат екіде кірмейді. Демек, сіз сағат екі болмай, әрине, бесіннің уақыты кіргеннен кейін намазды оқып алуыңызға болады. Уақыты кірмей ешбір намаз оқылмайды. Уақыттың кіруі намаздың сыртқы парызына жатады. бесіннің сүннеттерін себепсіз орындамай қоя салуға да болмайды. Айша (р.а.) анамыздан жеткен хадисте пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бесіннің алғашқы 4 рәкағат сүннетін қалдырмай оқығандығы айтылады. Басқа бір хадисте ол сүннет намаздың дүниеде барлық нәрседен артық екендігі айтылған.

Сұрақ: Кейбір жерлерде жаназа намазы сейсенбі күніне келіп қалса, намазды түс ауа оқу әдетке айналған. Бұған шарифатта негіз бар ма?

Жауап: Бұлай жасауға шарифатта рұқсат берілмеген, негізі жоқ нәрсе.

Сұрақ: Шошқа баққан немесе оның етін сатқан адамдар өлсе оған жаназа намазы оқыла ма?

Жауап: Доңыз етін сатқан, оны баққан кісі де шарифат бойынша күнәһар. Бірақ, ол діннен шықпайды. Сол себепті ондай кісі дүниеден өткенде жаназасы оқылады.

Сұрақ: Мәйітке жаназа қай уақытта оқылады?

Жауап: Жаназа намазы мәкрұһ уақыттан басқа кез-келген уақытта – күндіз болсын, түнде болсын оқыла береді. Мәкрұһ уақыт деп – күн шығып немесе батып бара жатқан және күн тас төбеде тұрған кездер айтылады.

Сұрақ: Мәйітті жерлеуді асықтыру және бұл рәсімді жедел атқау туралы дәлел бар ма?

Жауап: Имам Алау ад-Дин Касани әл-Ханафи (р.а.) өзінің «бәдәиъус-Санаиъ» атты кітабында: Алла елшісінің (с.ғ.с.): «Мәйіттеріңді жерлеуге асығындар. Мәйіт жақсы кісі болса жақсылығына жылдам жеткізіндер, ал жаман кісі болса тозақ иелері бізден алыс болсын», – деген хадисіне байланысты мәйітті жерлеуді асықтыру мұстахаб, яғни жақсы амал, деген. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) асықтыруды мұстахаб еткен.

Мәйітті жерлеуді кешіктіру – сүннетке, мәйітті құрметтеуге қайшы әрекет. Қаншалықты кешіктірсе, сонша оның қадір-қасиетін қашырады.

Сұрақ: Қабір басына салынатын құрылыс нысанын бір жүйеге түсіруге бола ма? Яғни, орнатылатын көк тастың көлемі белгіленсе және марқұмның бейнесін қашап естелік орнатылуына тыйым салынса дұрыс болар еді.

Жауап: Ханафи мәзһабының ғұламалары мәйіт жерленген орынды қиындықсыз табу үшін қабір басына белгі қойып, аты-жөнін жазуға рұқсат берген. Алайда, зәулім тас, қажетсіз қоршау, үлкен сәнді күмбездер орнату, қашап сурет салу және т.б. осы сияқты амалдар ысырап әрі бәсекелестік болғандықтан, шариғатымыз тыйым салған.

Сұрақ. Егер де мәйіт жаназа намазы оқылмай жерленген болса не істеу керек?

Жауап: Марқұмның жерленгеніне көп уақыт өтпеген болса, онда қабір басында тұрып жаназа намазын оқу қажет. Бұл ретте жаназа намазы қабір алдында құбылаға қарап оқылады.

Сұрақ: Жол апатынан қаза болғандарға арнап жол бойына белгітас қою шариғатта бар ма?

Жауап: Апат болған жерде белгітас қою шариғатта жоқ. Марқұм үшін ондай белгі қойғаннан гөрі оның атынан сауап үшін садақа беруге болады.

Сұрақ: Жыртыс жырту, киім үлестіруге бола ма?

Жауап: Біріншіден, бұл амалдарды дініміз жүктеген, міндетті түрде істелуі тиіс «парыз» амалы деп түсінбеген жөн. Бұлар жасалмаған жағдайда ешкім күнәһар болмайды. Екіншіден, ешкім кәдесіне жаратып, пайдасына асыра алмайтын бір жапырақ жыртыс таратқаннан гөрі, сол жыртысқа кететін қаржыны жетім-жесір, жоқ-жітіктерге таратқан әлдеқайда сауапты. Үшіншіден, қайтыс болған кісінің киімін ертеректе «тәбәрік» ниетімен елге тарататын. Ал бүгінде бұл әдет жағымсыз әдетке ойысқан сияқты. Кейбіреулер кісінің күнделікті киімін емес, керісінше, дүкеннен жаңадан сатылып алынған жаңа киімді таратуды шариғат қағидасы секілді талап етіп жатады. Тіпті базбіреулер «сұят болмасын» деген түсінікпен қарызданып, қымбат киім алып, аяғы бұл іс өзгелермен бәсеке, бақталастыққа да ұласып жатады. Сондықтан мұндай амалды атқармаған жөн.

Сұрақ: Қайтқан кісіге әр жұмада Құран оқыту үшін ас дайындап, молда шақыру қаже не?

Жауап: Бұл – нәпіл садақа түріне жататын амал. Яғни,

істесеңіз сауабы өліге жетсе деп үміт етіледі. Бірақ жасалмаған жағдайда күнә емес. Сондай-ақ Құран оқыту үшін міндетті түрде ас дайындап, дастарқан жаю да шарт емес. Дастарқан жаймай-ақ, кез-келген уақытта өзіңіз білген аятты оқып, сауабын марқұмға бағыштай беруге болады. Ал егер көп кісі шақырсаңыз, жұртқа діни уағыз-насихат, ғибратты әңгімелер айтылуы үшін имам, молдаларды шақырған жөн.

Сұрақ: Мәйітке арнап жетісін, қырқын, елу екілігін және жылын беру шариятта бар ма?

Жауап: Ас беру шариятымыздың міндетті түрде атқарылуы тиіс парыз амалдарына жатпайды. Яғни, жасалмаған жағдайда ешбір адам күнәар болмайды. Бірақ жалпы алғанда жұртқа тамақ таратудың сауапты іс екенін хадистерден және кейбір Құран аяттарынан байқаймыз. Сондықтан, жетісі, қырқы, жылы деп нақты күндерді санап жатпай-ақ, кез келген күні сауабын қайтыс болған кісіге бағыштап жоқ-жітіктерге, мұқтаж жандарға тамақ таратып, ас беру абзал. Ал мұқтаж жандар қатарына жатпаса да туған-туыс, жора-жолдастарын жинап ас беруге де шарият қарсы емес.

Жетісі, қырқы және жылы шариятта белгіленбегендіктен, оны тек рәміздік атау ретінде ғана орындаса болады. Сондай-ақ «жетісінде мәйіт ісінеді, қырқында бүйтеді, ал елу екінші күні еті мен сүйегі ажырағана мәйіт қатты қиналады. Сондықтан ас беріп, дұға жасау керек екен» таяз түсініктердің исламда ешбір негізі жоқ.

Дінімізде міндетті түрде қарызданып немесе өзіне қажетті қаржыңды жұмсап, өлі атынан үлкен мал сойып, садақа бер деген үкім жоқ. ас ысыралқа жол берілместен атқарылуы тиіс.

Сұрақ: Қайтқан кісінің 5, 10, 15, 20 жылдығы деген атпен ас беруге бола ма?

Жауап: Жағдайы бар адамға қайтқан кісінің артынан құдайы ас беруге шариятта тыйым салынбаған. Бірақ, сол үшін қарызданып, несие алып, өзіне қиындық тудыру дұрыс емес. Ол ысырапкершілікке жатады.

Сұрақ: Марқұмның жетісі, қырқы, жылына сиыр немесе жылқы сою да талап етіліп жатады. Осы дұрыс па?

Жауап: Марқұмның жетісі, қырқы, жылына сиыр немесе жылқы сой деп талап ету – харам. Оны бәсекеге айналдыру дұрыс

емес. Садақаны әркімнің шамасына қарай беруіне болады.

Сұрақ: Кісі қайтыс болған үйде немесе мейрамханаларда ас беруге шариғат қалай қарайды?

Жауап: Қаза болған үй иесінің мәйіт жерленгеннен кейін қоғамдық дәмханаларда ас беруіне болады. Бірақ, ас беру әрбір мұсылманға міндет болмағандықтан, ас беруім керек деп қолындағы аз дүниесін шашуға немесе шаш-етектен қарыздануға болмайды. Әркім ол істі шама-шарқына қарай атқаруы тиіс.

Сондай-ақ, ас кісі жерленгеннен кейін ғана беріледі. Алыстан келген көңіл айтушыларға көрші, ағайындары тамақ әзірлеп берсе болады. Алайда, кейбір жерлерде кісі жерленбей жатып, көпшілікті, жергілікті тұрғындарды шақырып қонақасы беріп жатады. Бұл дұрыс емес.

Сұрақ: Ас беру кезінде жарыса сөз сөйлеген дұрыс па?

Жауап: Ас үстінде ғибратты әңгімелер мен уағыздар айтылып, жұрттың имандылыққа шақырылғаны дұрыс.

Сұрақ: Кісі қайтыс болған үйде сол жылы құрбан айттан бір күн бұрын шек шалу дұрыс па?

Жауап: Сауабын өліге бағыштап кез келген уақытта құрбан шалуға болады. Бұл жайлы Пайғамбарымыздың екі қошқардың біреуін өзі үшін, ал екіншісін үмметі үшін шалғандығы сахих хадистерде риуаят етілген.

Кейбір адамдар құрбан айтта өз атынан құрбан шалу уәжіп бола тұра, қайтыс болған кісіге сауабын бағыштап құрбан шалумен шектеліп жатады. Бұл дұрыс емес. Яғни, қайтыс болған кісіге сауабын бағыштап құрбан айтта мал шалғысы келген кісі, егер, өз атынан құрбан шалу міндеттелген жан болса, (қарызы жоқ және негізгі қажеттілігінен тыс 85 гр алтын, яки құнына тең қаражаты бар адам) онда өз атынан да құрбан шалуы шарт. Ал егер екі құрбан шалуға шамасы жетпесе, онда тек өз атынан шалады. Бұл құрбан айтта құрбан шалу уәжіп болған жандарға тиесілі үкім. Ал шариғатта құрбан шалуға міндеттелмеген жандар (негізгі қажеттілігінен тыс 85 гр алтын яки құнына тең қаражаты жоқ жандар) өздерінің атынан немесе қайтыс болған кісіге сауабын бағыштап құрбан шалуларына рұқсат. Тағы бір ескеретін мәйіт, сауабы қайтыс болған кісіге бағышталып шалынатын құрбанның құрбан айтқа бір күн қалғанда шалынуы шарт емес. Құрбан айт күндері шалынатын малдар өте көп болғандықтан,

нәпіл құрбандарды бір күн бұрын шалып, еті мұқтаж жандарға тарата беру кейбір жерледе үрдіске айналған. Алайда, нәпіл құрбандарды құрбан айт күндерінде де, басқа уақыттарда да шала беруге болады.

Сұрақ: Егер мәйіт қос жынысты, яғни хунса болса, оны кімдер жууға тиіс? Ерлер ме, әйелдер ме?

Жауап: Балиғат жасына жеткен әйелдік және еркектік жынысы бар (хунса мушkil) адамды әйелдер де, еркектер де жумайды. Жабылған күйде тәйәммүм алдырылады. Кебіндері ықтиаттық тұрғысынан әйелдердікі секілді бес қабат болғаны жөн. Үш қабат болған жағдайда да жарамды.

Сұрақ: Егер жамағат бір адам болса, имамның оң жағында қатар тұруы керек пе, әлде оң жағында имамнан сәл артқа тұруы керек пе? Мүмкін болса хадистерден дәлел келтіріп берсеңіздер. Алла разы болсын!

Жауап: Ханафи фикь еңбектерінің бірі «әл-Ихтиярдың» жамағат және имамдық бөлімінде Ибн Аббастың (р.а.) «Мен (намазда) пайғамбардың сол жағына тұрып алдым. Ол менің киімімнен ұстап, өзінің оң жағына алып барады», – деген хадисін негізге алып, жамағат бір адам болса, имамның оң жағына тұрады, деп пәтуа берген.

Сұрақ: «Уаллаһи» деп тұрып өтірік айтқанның жазасы қандай? Қай кезде өтірік айтуға болады?

Жауап: Жалпы өтірік айту – үлкен күнә. Ал уаллаһи деп Алланың атымен ант етіп өтірік айту одан бетер. Өтірік айтқанның қияметтегі жазасы тек Аллаға мәлім. Ал шарифатта тек бес жағдайда өтірік айтуға рұқсат:

1. Соғыста аман қалу үшін өтірік айтуға болады. Аман қалған соң дұшпанға өтірік айтуға болмайды.

2. Екі мұсылманның арасын жарастыру үшін. Бұл жерде өтірік айтуға егер өтірік айтудан басқа жол табылмаса әрі өтірік пайдалы болады деген сенім болса ғана рұқсат. Умму Кулсумнен (р.анһа) Бұхари мен Мүслим риуаят еткен хадисте Алла елшісі (с.ғ.с.) былай дейді: «Адамдардың арасын жарастырып, жақсы сөз тасыған немесе жақсы сөз айтқан адам өтірікші емес».

3. Ортада күдікті жойып, сенім мен махаббатты күшейту үшін ер адамның өз әйеліне, әйелдің күйеуіне жақсы мақсатта өтірік

сөз айтуларына болады. Әрине, бір-бірінің көзіне шөп салып, ақиқатты жасыру үшін өтірік айтуларына рұқсат жоқ.

4. Ашу үстіндегі адам қылмысқа барып қоймасы үшін, оған өтірік айтуға болады. Мәселен, біреуді қуып келе жатқан кісі, әлгі адамды таппай қалса, қайда екенін сізден сұрағанда, білмеймін деп айту күнә емес.

5. Ауру адамның жағдайы нашарлап кетсе де, оның көңілін аулау үшін «әлі-ақ жазылып кетесіз» деп өтірік айтуға болады.

Сұрақ: Бір намаз алдында алған дәрет бұзылмаса, сол дәретпен келесі намаздарды оқи беруге бола ма, әлде дәретті жаңарту шарт па?

Жауап: Иә, сол дәретпен оқи бересіз. Қайта дәрет алу шарт емес.

Сұрақ: Жақында нәрестелі болған едім, соған азан шақырып ат қоюды түсіндіріп берсеңіздер.

Жауап: Кішкентайларыңыздың бауы берік болсын! Нәрестенің құлағына азан айтып ат қою – пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннеті. Бұны нәресте туыла сала орындаған абал. Мұндағы хикмет – нәрестенің ең алғаш естігені азан болсын деген ізгі ой. Дегенмен, азанды кейін де айтуға болады. Ханафи мазһабында баланың оң құлағына азан, сол құлағына қамат айтылады. Мешіттен білімді адамды шақырып, аталмыш діни рәсімді ертерек орынданыз.

Сұрақ: Кімдерге садақа сұрауға болады?

Жауап: Хадисте: «Қатты кедейлікке ұшыраған адамға, төлей алмайтындай қарызға батқан адамға, келістіру үшін күн төлейтін адамға қайыр сұрауға болады», – делінген.

Сұрақ: Марифетуллаһ деген не?

Жауап: «Аллаһты тану» деуді білдіретін марифетуллаһ Аллаһтың барлық есімдерін, сипаттары мен олардың барлық болмыстағы көріністерін әрқашан көру арқылы, білу арқылы, сену арқылы қалыптасады. Адам өз денесінен, сезімдерінен, әлемдегі барлық болмыстардан осы көріністерді көруі тиіс, әрдайым ой қорытуы керек. Раббысына деген бағыныштылығын әрдайым жаңартып отыруы қажет. «**Бір сағат ойлану – бір жылдық нәзіл ғибадаттан қайырлы**», – деген хадис те осы сырды меңзеді.

Сұрақ: Сіз өз атыңызға «қажы» деген атты қосып қалайша пайдаланып жүрсіз? Ол рияқорлыққа (мақтанға) жатпай ма?

Жауап: Расында «қажы» деген ат бес парыздың бірі, ұлық ат. Өйткені, қажылар туралы Қажы акбар айы бар. Олай болса, мен ұлық қажылық атты жеке басымның мүддесі үшін емес, дін мүддесі үшін пайдаланып жүрген жанмын. Бұл орайда өзіндік көзқарасым бар.

Сұрақ: Темекі тарту мен насыбай атудың қайсысы жеңіл?

Жауап: Бір молда бұл екеуін: «Бұрын шикі жеген нәжісті енді пісіріп жейтін болыпсың», – деген екен. Мен де соны құптаймын.

Сұрақ: Әйелдердің қол беріп амандасуы шариятта бар нәрсе ме?

Жауап: Ол аят-хадиспен бекітілмеген. Сондықтан пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мұхаммед: «Ақиқатында да мен әйелдермен қол беріп амандаспаймын және жүз әйелге айтар сөзімде де айырмашылық жоқ», – деген. (әт-Тирмизи).

Айша (р.а.) анамыздың былай дегені туралы риуаят етіледі: «Аллаһтың атымен ант етемін, әйелдер қол тапсырғанда (пайғамбарымыз) қолын тигізбей: «Сенің осы антыңды қабылдадым», – дейтін. (әл-Бұхари). Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жақындауға харам етілген әйелге қол тигізгенше, бастарыңды темір тебенмен тестіргендерің игі!» – деген (әт-Тарбани).

Сұрақ: Күннің, айдың, жылдың парыздары не?

Жауап: Күннің парызы – күн сайын бес уақыт намаз оқу. Айдың парызы – жылына бір ай ораза ұстау. Жылдың парызы – жыл есебімен мұсылмандар жыл сайын қажыға бару.

Сұрақ: Жаназа намазды жанға немесе тәнге оқимыз ба?

Жауап: Жаназа намазды қайтыс болған пенденің күнәсі кешіріліп, Аллаһтың рахметіне бөлену үшін тілейтін тілек дұға. Игі тілек. Ендеше жаназа намазы мәйіттің өлмейтін рухы үшін де әрі қайта тірілетін тән үшін де оқылады. Себебі, ақыретте адам баласының жанына тәні қайта беріледі.

Сұрақ: Құрбан айт күндерінен басқа уақыттарда құрбандық шалуға бола ма?

Жауап: Иә, Аллаһтың ризалығы үшін құрбандық шалуға болады. Өйткені, құрбандықтың басқа түрлері де бар. Мысалы, сәби дүниеге келген сәтте Аллаһ Тағаланың нәсіп еткен

перзентіне шүкір ретінде шалынатын малға «Ақиқа құрбан» делінеді. Сондай-ақ белгілі шарттардың орындалуына байланысты мұсылман баласы бір малды құрбандыққа шаламын деп уәде етіп уәдесінің уақыты келгенде шалатын малға «нәзір құрбань» делінеді. Мысалы, ауырып жатқан адам: «Осы ауруымнан айықсам бір қойды құрбандыққа шаламын», – деп ниет етсе, ауруынан жазылған жағдайда бір қойды құрбандыққа шалуы уәжіп (міндет) болады.

Ескерту: «Нәзір құрбанына» шалынған малдың етінен шалған адамның өзіне, балаларына, немерелеріне және әке-шеше, тіпті ата-әжелеріне жеуге болмайды. Түгелдей садақа ретінде кедей-кепшіктерге таратылуы тиіс. Ал «Ақиқа құрбанның» етінен шалған адамның өзі жей алады. Қаласа садақа етеді.

Сұрақ: Ғайыпты білетін адам бар ма?

Жауап: Бір Аллаһтан басқа ешкім ғайыпты білмейді. Оған дәлел: «Көместің (ғайыптың) кілттері Оның жанында. Оны Ол өзі ғана біледі» (Құран 6:59). Аллаһ елшісі (с.ғ.с.) айтады: «Ғайыпты Аллаһтан басқа ешкім білмейді».

Сұрақ: Араб тілінде «арақ» жеке алғанда қандай сөз? Оған шариғаттың көзқарасы қандай? Ал «шарап» қай тілден алынған? Оның ұғымы қандай?

Жауап: Араб тілінде «арақты», «хамр» (қамыр) дейді. Хадисте: «Үмметтерімнің ішінде сондай бір адамдар дүниеге келеді, харам заттың атымен халал затты айтатын болады», – деген. (Әбу Мәлік Асхари (р.а.)).

Бұл күнде иленген ұнды қамыр деп атап жүрміз. Құранда арақ (шайтан шәй) жайында Мәида сүресінің 90-91-ші аяттарында: «Ей, мүміндер! Арақ, құмар, тігілген тастар (пұттар) және бал ишатын оқтар – лас шайтанның істерінен. Одан сиқтаныңыздар, құтыласыздар. Негізінен шайтан арақта, құмарда араларыңа дұшпандық әрі кек салып Аллаһты еске алудан және намаздан тосуды қалайды. Ал сонда да тыйылмайсыңдар ма?» – делінген. Осы аяттың түсуімен арақ ішуге үзілді-кесілді қатаң тыйым салынды. Шариғатта «харам шайдың азы да, көбі де – харам» деген қағида бар. Ал Аллаһ Тағаланың харам еткен нәрселерін халал деген шариғат бойынша діннен шығады. Сондықтан хадистерде «арақ – бүкіл жамандықтың көзі», «Аллаһ харам қылған заттар құлдарына

шипа бермес», «арактан аулақ тұрыңыз, Аллаһ атымен ант етемін, арақ пен иман бір жерде тоғыспас. Бірі екіншісін құртады», «Әрі мас қылатын, әрі жансыздандыратын есірткі заттардан үмметімді шектеймін», – делінген. (Бұхари).

Орыстан шыққан шайтан шәй,

Оған құмар кедей-бай.

Пенде ақылын ұрлаған,

Өзәзіл шайтан ептісі-ай!

Ал «шарап» араб тілінің сөзі. Оған дәлел Құранда айтылғандай: «**Араның қарындарынан түрлі-түсті сусын бал шығады. Онда адам баласы үшін шипа бар**» (Құран 16:69). Мұндағы сусын (бал) деген сөз араб тіліндегі «шарааб» деген сөзден шыққан. Шәрбат тектес сусындарды шарааб дейміз. Олай болса, шарааб сөзін қыздыратын ішімдік түрінде емес, қайта салқындатылған сусын мағынасында қабылдағанымыз абзал.

Сұрақ: Боза сусыны харамға жата ма?

Жауап: Боза харам ішімдіктер қатарына жатады. себебі ол адамды мас қылады. Ал мас қылатын ішімдіктің азы да, көбі де – харам. Хадисте: «**Бір затты көп мөлшерде қолданғанда адамды мас қылса, оның азы да харам**», – деген (Әбу Дәуіт Тирмизи).

Сұрақ: Соңғы кездері қоғамымызда азаматтық неке деген ұғым пайда болды? Осындай неке шарифат заңы бойынша дұрыс па?

Жауап: Ислам дінінде азаматтық неке деген ұғымға жол жоқ. шарифатымызда некесі қиылмаған жұбайлық жұп харам болып саналады. Сүйікті пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «**Некелесу менің жолым, кімде-кім жолымнан бас тартса, менің үмметім емес**», – деген.

Сұрақ: Намаздағы «ат-тахияту» дұғасы кімдерден, қалай шықты?

Жауап: Миғраж түнгі сапарында мүбарак Мұхаммед (с.ғ.с.) Аллаһ Тағалаға: «**Ат-тахияту лилләһи уә-с-сәләуәту уә-т-таййбату**», – деп сәлем берді. Аллаһ Тағала: «**Әс-сәләму ғаләйкә (йә) айнуһә-н-нәибну уә рахматуллаһи уә бәрәкәтуһу**», – деп сәлемін алды. Сол кезде: «**Әс-сәләм-уғалайна уә ғалә ғибадиллаһис солихин**», – деп жауап бергенде барша періштелер: «**Әшһәду ән лә иләһә иллә уә әшһәду әннә Мұхаммадан ғаддуһу уә расулуһу**», – деді.

Міне, осылайша Аллаһ Тағала құзырында Расуллаһ және барлық періштелердің зікірінен «ат-тахияту» дұғасы туындаған.

Сұрақ: Иманы болған пенденің күпір сөйлегендегі жағдайы қандай?

Жауап: Ашық түрде күпір еткен пенде діннен шығады. Онымен тәуба еткенше қарым-қатынас жасалмайды. Егер тәуба етпей күпірлікпен өлген жағдайда мәңгі тозақтық болады.

Сұрақ: «Арафат» күнінің артықшылығын білгіміз келеді?

Жауап: Хадисте: «Аллаһ Тағала құлдарын тозақ отынан азат етуде Арафат күнімен тең күн жоқ. Арафат күні оларға періштелер жақын дап, мұсылмандарды көргенін мақтаныш тұтады. Әрі, олардың дұғалары қабыл болуына тілектес болады». (Хадисті Айша анамыздан (р.а.) имам Мүслім риуаят етті).

Сұрақ: Әлемдегі әйелдердің ардақтысы кім?

Жауап: Ол Мәриам Ханнақызы. Оған періштелер: «Әй, Мәриам, Шексіз Аллаһ сені мақтады, тазартты және әлемдегі әйелдерден ардақты қылды» (Құран 3:42) – деген.

Сұрақ: Неке қию міндетті түрде көпшіліктің қатысуымен болу керек пе?

Жауап: Некеде куәгерлердің болуы шарт. Куәгерсіз неке жарамсыз деген сөз. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Некені жар салыңыз» (Тирмизи, Никаһ, 6) деген, яғни өзге адамдар екі жұп туралы ғайбатқа, жаман ойға бармауы үшін үйленгендеріңізді білсін, хабардар болсын деген. Сонымен қатар қоғам тыныштығы, некеіз ұрпақтың болмауы үшін, әйел адамның (егер де некесіз болса, әйелдің ертеңгі күні не болары белгісіз) халін ойлағандықтан некеге тұру арқылы екі жұптың қосылуына рұқсат берген. Ислам діні неке қию рәсіміне ерекше назар аударады. Егер де неке қию шарттарының бірі орындалмаса, неке рәсімі де құқықтық күшіне енбеген болады. Сондықтан, шарттардың бірі орындалмай қиылған некеде туылған бала «заңнан тыс туылған» болып саналады. Осыған орай неке қию рәсіміне қатысатындар некенің қалай қиылатынын білуі шарт. Неке төмендегі төрт шарт орындалған жағдайда ғана дұрыс неке қиылған болады.

1. Қамқоршының (қалыңдықтың әкесі, атасы, ағасы, шешесінің ер баласы, әкесінің ағасы және т.б.) болуы және оның неке қиюға келісім беруі;

2. Қыздың келісімі;

3: Куәгерлердің болуы. Кем дегенде екі куәгердің болуы тиіс.

Бұл мәселеде Пайғамбардың (с.ғ.с.): «Неке тек қамқоршының болуымен және келісімімен және кем дегенде екі әділ куәгердің болуымен орындалады», – деген;

4. Белгілі шарттардың ескерілуімен некелік келісім-шарттың орындалуы. Неке қию рәсімін кез келген тілде өткізуге рұқсат берілген, бірақ бір шартты ескерту керек, ол: куәгерлер айтылып жатқан сөздерді ұғу қажеттілігі.

Қалыңдықтың қамқоршысы мен куәгерлер келесі шарттарға сай болулары тиіс:

- олардың мұсылман болуы;
- кәмелеттік жасқа жетуі.

Мұнан басқа куәгерлер әлбетте есту, көру, сөйлеу қабілеттеріне ие және естері дұрыс болуы керек.

Сұрақ: Құран мен Сүннетте Аллаһ Тағаланың көркем есімдеріне қандай дәлелдер бар?

Жауап: Аллаһ Тағала айтты:

«Ең жақсы атаулар Аллаһ (Тағалаға) тән. Оған сол аттармен жалбарынындар. Аллаһтың атында қиғаштық істейтіндерді қойып қойындар». (Ағраф, 180).

«(Мұхаммед (с.ғ.с.) оларға: «Мені Аллаһ деп немесе Рахман деп атандар, қайсысымен атасаңдар да ең көркем есімдер Оған тән» де». (Исра, 80)

«Ол – Аллаһ, Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Ең көркем есімдер Оған тән». (Таһа, 8)

Дәлел ретінде бұдан басқа да аяттарды келтіруге болар еді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты:

«Рас, Аллаһтың тоқсан тоғыз есімі бар, кім оларды жатқа білсе, жәннәтқа кіреді».

Бұхар мен Мүслім Пайғамбарымыздың: **«Шын мәнінде, Аллаһ Тағаланың бірі кем жүз, яғни тоқсан тоғыз есімі бар, кім соларды жатқа білсе, ол жәннәтқа кіреді»**, – деген сөзін келтіреді. Ал Термизи бұл хадисті жазбагер, оған Аллаһ рахмет етсін, келтірген түрде нақыл еткен.

Аллаһ Тағалаға жалбарынып, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) былай дегені риуаятталады:

«(О, Аллаһ!), Өзіңе ғана белгілі яки Өзіңнің жаратқандарыңнан (Өзің қалаған) біреуге білдірген немесе Өз Кітабың арқылы жеткізген, онымен Өзіңді атаған әрбір есіміңмен Саған Құранды жүрегімнің көктемі етуінді өтініп жалбарынамын». (Ахмад, Хәкам).

Сұрақ: Құранда Аллаһ Тағаланың қандай көркем есімдері аталады?

Жауап: Аллаһ Тағала айтты:

«Расында Аллаһ Өте Жоғары, Аса Ірі». (Ниса, 34)

«Шәксіз Аллаһ Өте Жұмсақ, Толық Хабар Алушы». (Ахзаб, 34)

«Шәксіз Аллаһ Толық Есітуші, Тым Қырағы». (Ниса, 58)

«Шәксіз Ол, Толық Білуші, Аса Күшті». (Фатыр, 44)

«Шәксіз Аллаһ Тым Үстем, Хикмет Иесі». (Ниса, 56)

«Негізінен Аллаһ Тым Жарылқаушы, Ерекше Мейірімді». (Ниса, 23)

«Аллаһ оларға Тым Жұмсақ, Өте Мейірімді». (Тәуба, 117)

«Аллаһ Бай, Жұмсақ». (Бақара, 263)

«Шынында Аллаһ мақтауға Лайық, Аса Жоғары». (Худ, 73)

«Шынында Раббым әрнәрсені Қораушы». (Худ, 57)

«Шәксіз Аллаһ сендерді Бақылаушы». (Ниса, 1)

«Аллаһ Толық Кепіл». (Ниса, 81)

«Аллаһ Есеп Алуда Жеткілікті». (Ниса, 6)

«Аллаһтың әрнәрсеге Күші Басым». (Ниса, 85)

«Расында Раббыңның әрнәрсеге Куә екені саған жеткілікті емес пе?». (Фуссилат, 53)

«Ол (Аллаһ) Әуелгі (Одан алдын ештеңе болмаған) әрі Соңғы (Одан кейін ештеңе жоқ) және Көрнеу (Оның үстінде ештеңе жоқ) әрі Көмес (Оның астында ештеңе жоқ). Сондай-ақ Ол, әрнәрсені Толық Білуші». (Хадид, 3)

Сұрақ: Сүннетте қандай көркем есімдер аталады?

Жауап: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Аллаһ Тағалаға жалбарынып былай деген:

«Ұлы Арыш Патшасы, Ұлы, Биязы Аллаһтан басқа ешбір тәңір жоқ, Ұлы Арыштың Патшасы және көктер мен жердің Патшасы Аллаһтан басқа ешбір тәңір жоқ». (Бұхари, Мүслім).

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) және айтты: «О, Мәңгілік, Тірі,

Құрметті және Ұлылық Иесі, көктер мен жердің Жаратушысы!» (Ахмад, Хәкам).

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) және айтты: **«Жерде және көктерде де Оның есімімен ешнәрсе зиян келтіре алмайтын Аллаһтың есімімен және Ол Есітуші, Білуші». (Ибн Мәжәһ, Термизи)**

Сондай-ақ Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Аллаһ Тағалаға жалбарынып айтқан: **«Барлық нәрсенің Қожайыны және Тәңірі, көктер мен жердің Жаратушысы, әшкере мен жасырынды Білуші, о, Аллаһ!» (Термизи)**

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Аллаһ Тағалаға жалбарынып былай деген:

«Таурат пен Інжілді және Құранды Жіберуші, ұрық пен дәнді Жарушы, біздің Тәңіріміз және барлық нәрсенің Тәңірі, о, Аллаһ! Барлық залал келтірушілердің залалыан өзіннен пана сұраймын. Өйткені, олар саған бағынышты! Сен – Әуелгісің, Саған дейін ешнәрсе болмаған және сен – Соңғысың, Сенен кейін ешнәрсе болмайды. Және Сен Көрнеусің, Сенен жоғары ешнәрсе жоқ, Сен – Көмессің, Сенің астында ешнәрсе жоқ». (Мүслім, Ахмад)

Және Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Аллаһ Тағалаға жалбарынып былай деген: **«О, Аллаһ! Барлық мадақ Саған тән! Сен көктер мен жердің және олардағы нәрселердің Нұрысын, барлық мадақ Саған тән! Сен көктер мен жердің және ондағылардың істерін Басқарушысың!» (Бұхари, Мүслім, Ахмад, Дарими)**

Аллаһ Тағалаға жалбарынып Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) және былай деді:

«О, Аллаһ! Шын мәнінде мен Саған жалбарынамын. Өйткені, Сенен басқа ешбір тәңір жоқ. Жалғызсың, Мәңгіліксің, Тумаған, Туылмаған және Саған ешкім тең болмаған, Сен Аллаһсың». (Термизи, Ахад, Дарими, Әбу Дауд).

Сұрақ: Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ Тағаланың дәрежесінің жоғары екендігіне не дәлел бар және Ол туралы сөз қозғалғанда нені теріске шығару керек?

Жауап: Білгін, Аллаһ Тағаланың дәрежесінің жоғары екендігіне Оның терең мағыналы Өте Пәк (әл-Қуддус), айып-нұқсандардан Аман (әс-Сәләм), Ұлы (әл-Кәбир) және Жоғары

(әл-Мутаали) секілді есімдері, сондай-ақ оның кәміл және ұлылық сипаттарына ие болуынан туындайтын нәрселер дәлел.

Ол Өзінің бірлігінде, біреулердің Онымен азғантай да болса билік бөлісуіне немесе біреулердің Оған жәрдем беруіне немесе Оның рұхсатынсыз Оның қасында шапағатшы болуына немесе Оған қамқоршы болуына мүмкіндік бермейтіндей Ол бәрінен Жоғары.

Ол Өзінің ұлылығы, айбындылығы, бөлінбейтін біртұтас және қуатында біреулер Онымен бәсекелесе алуына немесе Оны жеңуіне немесе Оны қорланудан қорғап Оған жәрдем ете алуына мүмкіндік бермейтіндей Ол бәрінен Жоғары.

Ол Өзінің мәңгілігінде, әйелі, баласы, Өзіне тең немесе ұқсас әкесі болуына мүмкіндік бермейтіндей Ол бәрінен Жоғары. Ол Өзінің мүлтіксіз кемелдігіне, өмірінде, мәңгіліктігі мен құдіреттілігінде Ол өлімнен, калғу, ұйқы, шаршау немесе қалжыраудан Жоғары.

Ол, мүлтіксіз ілімнің Иесі, салақтық, ұмытшақтық және жер бетіндегі яки көктердегі кез-келген тозаң жайлы білмеуден Жоғары.

Асқан даналықтың Иесі, Ол ермек үшін әлдебір нәрсені жаратудан немесе жаратылғандарға ешнәрсе бұйырмай, ешнәрсеге тыйым салмай өздерін өздеріне тастап қоюдан немесе олар тиісті сый-сияпат яки жазасыз қалатындай қайта тірілтпей қалдырудан Жоғары.

Өзінің дәлдігінің кемелдігінде, Ол кімді болса да титтей де ренжітуден яки адамдардың жақсы істерін өз дәрежесінде бағаламаудан Жоғары.

Ешнәрсеге мұқтаж еместігінде, Ол (біреулердің) Оны псырауынан немесе үлес беруінен Жоғары.

Ол Өзін сипаттаған немесе Оның елшісі Оны сипаттаған барлық қасиеттерге Ие болудан, Ол мұқтаждықтан, Өзін әлдебіреулерге ұқсатудан Жоғары.

Барлық данқ пен мадақ – Оның құдайлық болмысына, Оның үстемдігі – Оның ғажап көркем есімдері және Оның жоғары сипаттарына кереғар барлық нәрселерден Пәк, Қастерлі, Жоғары Мәртебелі, Аса Ұлы Аллаһ Тағалаға лайық.

Аллаһ Тағала айтты:

«Әрі көктер мен жердегі жоғары сипат Оған тән. (Рум, 27).

Сұрақ: Аллаһ Тағала белгілі бір міндет жүктеп, белгілі мақсатпен жаратқан періштелердің қандай түрлері бар?

Жауап: Мұндай періштелердің түрлері көп: олардың арасында елшілерге уахи жеткізу тапсырылған Сенімді Рух – Жәбірейіл (ғ.с.) бар.

Олардың арасында жаңбыр жаудыру міндеттелген Микаил (ғ.с.) бар. Олардың арасында Қиямет күні Сұр үрлеу міндеттелген Исафил (ғ.с.) бар.

Олардың арасында адамдардың жанын алу міндеті жүктелген өлім періштесі және оның жәрдемшілері бар. Олардың арасында адамдардың іс-амалдарын қадағалау жүктелген ардақты жазушылар бар.

Олардың арасында адамдардың жанын алу міндеті үрейлендіретін қауп-қатерден сақтайтын періштелер бар. Олардың арасында жұмақ пен оның рахаттарын бақылаушы Ризуан және онымен бірге болатын періштелер бар.

Олардың арасында тозақ пен оның азаптарын қадағалайтын Мәлик және онымен бірге болатын тозақтың он тоғыз басшылары және тағы басқалар бар. Олардың арасында қабірде өлгендерден сұрақ алатын Нәнкір мен Мүнкір бар.

Олардың арасында Аллаһ Тағаланың Аршын көтеріп тұрушы періштелер бар. Олардың арасында әйелдердің жатырындағы ұрықты қадағалайтын, нәрестенің бейнеленуін бақылайтын және оның тағдырын жазатын періштелер бар.

Олардың арасында көктегі (әл-Байтул-Мағмур) мешітке кіріп, қажылық ететін періштелер бар. Олардың көптігі сондай әр күні жетпіс мың періште кіреді де, содан Қиямет күніне дейін қайта кіруіне кезек жетпейді. Сондай-ақ Аллаһ Тағаланы есіне алып бас қосқан адамдардың жиындарына қатысып, соларды жер бетінен іздеп жүретін періштелер бар.

Және олардың арасында сапқа тұратын және шаршау дегенді білмейтін періштелер бар.

Олардың арасында рукуғ және сәжде жасап, кеуделерін тіктемей сол қалпы тұратын періштелер бар. Және бұлардан басқа да періштелер бар, өйткені, Аллаһ Тағала:

«Раббың жасақтарының санын Өзі ғана біледі. Бұл адамдар үшін бір насихат». (Муддассир, 31)

Сұрақ: «Бісіміллә» айтылмай, бауыздалмай, қарумен атылып өлтірілген аң еті харам ба?

Жауап: Біріншіден, ауланған аңның шарифатта етін жеуге болатын аң болуы керек. Екіншіден, аулаған аңдары Алланың атын айтып ауланған жағдайда ғана халал болады. Яғни, аңға оқ атқан уақытта немесе үйретілген ит, құстарды жіберген кезде «Бісіміллә» деп, Аллаһ Тағаланың атын айту керек. Бұл жайлы Құран Кәрімде: «Аллаһ Тағаланың сендерге үйреткен ілімі арқылы үйретіп, тәрбиелеген жыртқыштардың сендер үшін аулаған аңдарын жеңдер және оларды аңға жіберген уақытта алланың атын айтыңыздар...» («Мәида» сүресі, 4-аят), – деген.

Егер де «Бісіміллә» сөзі әдейі айтылмаса, ауланған аңның етін жеу – харам. Ұмытылып айтылмай қалған жағдайда жеуге болады.

Ауланған аң тірідей қолға түссе, «Бісіміллә» деп бауыздау керек. Тірідей қолға түсіп, кешіктіру себебімен бауыздаусыз өліп кетсе, ол аңның етін жеуге болмайды.

Иттер ұстаған аңдардың еттерінен иесінің беруінсіз өздері жемеулері керек. Ал ұстаған аңның етін иесі келмей жатып, өз білгенінше жеп қойса, аңының еті бізге харам. Өйткені, үйретілген иттің ерекшелігі – өзі ұстаған аңның етін жемеуінде. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұл турасында былай деген: «Итті жіберген уақытта (аулаған) аңнан жесе, ол аңнан жеме. Өйткені, ол өзі үшін сатады. Иттің жіберген уақытта аңды өлтіргеннен кейін өзі жемесе, ол аңды же. Өйткені, ол иесі үшін ұстаған». Бірақ бүркіт, қаршыға сияқты жыртқыш топшылы құстар ұстаған аңдарының етінен, иелері келмей жатып жеп қойған жағдайда да, ол аңның етін жеуге болады.

Сұрақ: Алкогольсіз энергетикалық сусындарды ішуге бола ма?

Жауап: Аталмыш сусынның құрамына қарау керек. Сонымен қатар, бұл сусындар туралы төмендегі сілтемеде мақала жарияланған болатын, соны қарап шығыңыз.

Сұрақ: Дәрет қандай жағдайда бұзылады?

Жауап: Дәрет мына жағдайларда бұзылады: Несеп жолынан, тік ішектен зәр, қан, үлкен дәрет сықылды органикалық қалдықтардың бөлінуі; жел шығару; ауыздан немесе мұрыннан

қан кету, кез келген дене мүшесінің қанауы; ауыздан түкірік көлеміндей қан кетсе; ағзаның басқа жерінен шыққан қан жан-жағына жайылса; Ал иненің жасауындай қан жайылмай қаз-қалпында қалса, дәретке кедергі келтірмейді. Сонымен қатар, құсу; естен тану, мас болу; намазға жығылған адамның абайсызда немесе әдейі жанындағыларға естірте күлуі намазын да, дәретін де бұзады; босану; жантайып немесе әлденеге сүйеніп ұйықтау; үзірлі адамның үзір себебінің бітуі. Үзірлі адамның дәреті намаздың уақыты шыққанда бұзылады. Су таба алмай тәйәммүм жасаған адамның дәреті су табылғанда, мәсіге мәсіх тартқанның мәсіх уақыты біткенде дәреті бұзылады.

Сұрақ: «Құран» сөзі қазақша қандай мағынаны білдіреді? Ол қандай мақсатта түсірілген?

Жауап: Құран – араб тілінде «көп оқылатын кітап» деген мағынаны білдіреді. Құран – Ұлы Жаратушының ақыретке дейін келіп-кетер барша адамзатқа тура жол көрсету үшін соңғы пайғамбар Мұхаммедке (с.ғ.с.) уахи арқылы түсірілген, оқылуының өзі ғибадат саналатын мәңгілік илләһи кітап. Ал ардақты Елші (с.ғ.с.) – сол кітаптың түсіндірушісі. Құран – адаспауымызға жол көрсеткен нұрлы шырақ.

Сұрақ: Құраннан кейін тағы да кітап түсуі мүмкін бе?

Жауап: Жоқ, түспейді. Себебі, құран – қоғамдық әрі әлемдік балық проблемаларға шешім беретін, адамның санасы жете бермейтін көмескі әлемді суреттеп, беймәлім сырларды ашатын, екі дүниенің бақытын көрсетіп, ақ пен қараның ара-жігін ажыратып, тылсым ғаламның мән-мағынасын ашып, адамзатқа жүктелген төл міндетін түсіндіретін, өзіне сеніп, шырақ тұтқан жандарды рухани кемелдікке тәбиелейтін Ұлы Жаратушы тарапынан жіберілген соңғы қиетті кітап.

Құран – адамзаттың тән азығы мен жан азығы, осы дүниелік ғұмыры мен ақыреттік мәңгілік өмірі.

Сұрақ: «Қасиетті Құран пайғамбарымызға (с.ғ.с.) уахи жолымен келді» делінген. Мұндағы «уахи» сөзін қалай түсінуге болады?

Жауап: Уахи – Аллаһ Тағаланың адамдарға білдіретін илаһи әмірі, жарлығы мен тыйым салуы және басқа да барлық хабарларын Жебірейіл (ғ.с.) періште арқылы бізге беймәлім

жолмен тікелей пайғамбарларына жеткізуі. Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с.) уахи алған алғашқы пайғамбар емес. Хазіреті Адамнан (ғ.с.) бастап күллі пайғамбарларға уахи келген. Бұл туралы Құранда арнайы аяттар бар.

Мысалы: **«Нұхқа және одан кейінгі пайғамбарларға уахи еткеніміздей саған да (Мұхаммед) уахи еттік. Ибраһимге, Исмайылға, Исхаққа, Яқубқа, Яқубтың ұрпақтарына, Исаға, Айуб, Юныс, Һарун және Сүлейменге де уахи еттік. Дәуітке Зәбурді бердік»** («Ниса» сүресі, 163-аят).

Сол сияқты Пайғамбарымыз Хазіреті Мұхаммедке (с.ғ.с.) Құран уахи арқылы түскен. Ол жайлы Қасиетті кітапта:

«Саған бұл Құранды уахи ету арқылы өзіңе тарихи әңгімелердің ең жақсысын баян етеміз». («Йусуф» сүресі, 3-аят) делінген.

Уахидың да келуі бірнеше түрге бөлінеді. Құран Кәрім уахидың үш түрлі болатынынан хабар береді: **«Аллаһ бір адамға уахи жолымен ғана немесе перде артынан, не болмаса бір елші жіберіп өз рұқсатымен оған қалаған нәрсесін уахи етеді. Ол ұлы да хақим».** («Шура» сүресі, 51-аят).

Сұрақ: Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) алғашқы уахи қай кезде келді?

Жауап: Алладан алғаш уахи келген 610 жылы Мұхаммед (с.ғ.с.) қырық жаста еді. Бұл Рамазан айының Қадыр түні болатын. Аллаһ Тағала «Бақара» сүресінің 185-аятында: **«Рамазан айы адам баласына тура жол және ақиқат пен жалғанды айыратын Құран түсірілген ай»**, – деп оның Рамазан айы екенін анық баян еткен.

«Расында, Құранды Қадыр түні түсірдік» («Қадыр» сүресі 1-аят) деген аяттан Құранның Рамазан айының Қадыр түнінде түскенін анық білеміз. Ол күннің дүйсенбі екендігі бірауыздан мақұлданан. Бірақ Рамазан айындағы Қадыр Қасиетті Құран түнінің қай түні болғандығы беймәлім. Ғалымдар арасында бұл Рамазан айының жиырма жетісі деген көзқарас басым.

Сұрақ: Қасиетті Құранның елу түрлі аты бар деп естідім. Осы рас па?

Жауап: Ол рас. Құранның көптеген аты бар. Алайда «Құран» сөздің арасындағы ең көп қолданылған ат. Базбір ғалымдар Құранның өзге атауы тоқсанға жуық десе де, түрік текті атақты ғалым

Мұхаммед ибн Баһадүр ат-Түрки ал-мисри Зәркәши (1344-1392) «әл-Бурхан» атты еңбегінде Құранның елу бес аты бар екендігін айтады.

Мәселен, «әл-Китаб» атауы Құранда 230 мәрте кездеседі. «Міне, осы Кітапта күдік жоқ, тақуалар үшін тура жол көрсетуші» («Бақара» сүресі, 2-аят), «әл-Фурқан» атты ақиқат пен жалғанды айырушы, бейбіт мағынасына саятын сөз Құранда 6 рет кездеседі: «Күллі әлемге ескертуші болу үшін құлына Фурқанды түсірген Аллаһ Тағала аса жоғары». («Фурқан» сүресі, 1-аят). Сондай-ақ, Құранда бұдан басқа да Кәләм, Һуда, Рахмат, Шифа, Танзил, Хадис, Уахи, Баян, Хақ, Әдл, Бушра, Қасас, Әзиз, Хикмәд, Хәбдуллаһ, Рух, Муһаймин, Қайим, Зикр, Балағ, Мәжид, Уммул-Китаб т.б. атаулар бар.

Сұрақ: «Аят» сөзі қандай мағынаны білдіреді?

Жауап: «Аят» сөзі сөздікте – ишарат, анық белгі, дәлел, мұғжиза, нышан, ғибрат деген мағыналардан тұрады. Бұл мағыналарды Құраннан көруімізге болады:

а) Мұғжиза: «Исрайыл ұрпақтарынан сұра. Оларға қаншама анық аяттар бердік».

ә) Ишарат, белгі: «Жеке олардың пайғамбарлары: «Оның патшалығының аяты; Раббыларыңнан сендерге көңілге тоқтау болатын сандықтың келуі. Онда Мұса, Һарун, (ғ.с.) отбасына қалған мұралар бар», – деді». («Бақара» сүресі, 248-аят).

б) Дәлел: «Көктер мен жердің жаратылуы мен түн мен күннің алмасуында сөзсіз көкірек көзі ашық жанда үшін аяттар бар».

в) Ғажайып іс: «Мәриямның ұлын да, анасын да аят еттік». («Мүминун» сүресі, 50-аят).

г) Ғибрат: «Әлбетте, мұнда бір аят бар. Бірақ сонда да басым көпшілігі сенбейді». («Шұғара» сүресі, 158-аят).

Бұл мысалдар – аят сөзінің тілдік мағынасы. Ал терминдік мағынасы – сүрелердің ішінде басы мен ақыры болған, яки бір немесе бірнеше сөйлемнен құралған сөздер жиынтығы.

Сұрақ: Құранда жиі қайталанатын «Бисмиллаһир Рахманир Рахим» сөзі аятқа жата ма?

Жауап: Сүрелер басындағы «Бисмиллаһир Рахманир Рахим» сөзін кейбір ғалымдар аят деп санаса, енді біреулері аят санамаған. Яғни, негізінде «Бисмиллаһир Рахманир Рахим» аяты

сүренің ішінде бар. Міне, бәзбір ғалымдар: «Сүре ішіндегі осы аят жүз он үш сүренің басына тәбәрік үшін қойылған, сондықтан, қайталанып қойылған ол сүре бастарында түскен аят болып есептелмейді», – дейді.

Екінші бірі «Бисмиллаһир Рахманир Рахим» сүре ішінде бар. Бірақ ол сүре бастарына тәбәрік үшін қойылмаған. Сол сүрелермен бірге қайталанып уахимамен түскен. Сондықтан ол қайталанса да уахимамен келгендіктен аят санының қатарына жатады дейді.

Сұрақ: Құрандағы «сүре» сөзі қандай мағынаны білдіреді? Жалпы, қанша сүре бар?

Жауап: «Сүре» – сөздікте жоғры мәртебе, абырой, биік ғимарат, яки ғимараттың қабаттары, қамал деген мағынаға саяды. Терминдік мағынасына келсек, «аяттардан тұратын басы мен ақыры бар жеке Құран бөлімі» Өйткені, Құран қаланған кірпіштердей бір-бірін сүйеген аяттардан тұратын қаланың биік қамалына ұқсайды. Құранда 114 сүре бар.

Ең қысқасы – үш аяттан тұратын «Кәусар» сүресі. Ал ең ұзағы – 286 аяттан тұратын «Бақара» сүресі. Сонымен қатар Қасиетті Құран сүрелері «меккелік» және «мәдиналық» болып екіге бөлінеді.

Сұрақ. Құран Кәрімде қандай мәселелер қамтылған?

Жауап: Құран Кәрімде қамтылған мәселелерді төмендегідей топтап түсіндіруге болады:

1. Әл-Улуйя. Тәухид мәселесі, яғни Аллаһтың бірлігі мен барлығы және Оның құдыреті туралы баяндар.

2. Ән-Нубууа. Пайғамбарлық жайлы және жалпы пайғамбарлар өмірлерінен өнеге бере отырып, олардың негізгі міндеттерін білдірген баяндар.

3. Әл-Адала. Ислам дінінің негізгі ұстанымдары болып табылатын әділдік және ғибраттар хақында. Қоғамдық өмір сүру заңдылығы, сауда-саттық, азаматтық құқық пен жазалау т.б. мәселелер осы бөлімдегі адал тақырыбы аясына кіреді.

4. Әл-Ахира. Ақырет күні жайлы, барша жан иелерінің бір жерге жиналып, әділдікпен есеп беретін күнгі жағдаяттар. Өлімнен кейінгі өмір туралы ашық баяндар.

Сондай-ақ, Қасиетті Құранда «Адам баласы» туралы 80-ге жуық аятта; Аллаһтың сипаттары жайында 192 аятта; әлемге

байланысты 116-дан астам аяттарда; ғибадат туралы 107-ге жуық аяттарда; ғылым-ақыл, ой жүгірту, ғибрат туралы аяттар 189-дан астам жерде келеді. Дін-иман және жақсы-жаман жол жайлы аяттар 123-тен астам жерде баяндалған. Қоғамдық тәртіп хақында 80-нен астам аятта, Құран туралы 150-ден астам аятта айтылған. Мінез-құлық жайында 300 жерде айтылған болса, иман тармағының бірі болған өлім және өлімнен кейінгі ахуал жөнінде 100-ден астам жерде баяндалған. Сонымен қатар, үй-іші тәртібі туралы 90-нан астам аятта баяндалып, экономикалық өмір 60-тан астам аятта айтылған.

Сұрақ: Менің намаз оқығым келеді, бірақ анам қарсы. Не істесем болады?

Жауап: Ислам дінінде әрбір ақыл есі бүтін, балиғат жасына жеткен, ер немесе әйелге бес уақыт намаз оқу – парыз. Бұл – Алланың әмірі. Сондай-ақ ата-ананың ризашылығын алу да мұсылманның аса маңызды міндеті. Сондықтан Алланың әмірін орындай отырып, әке-шешенің де көңілін аулаудың жолын қарастырған жөн. Айталық, жылы сөзбен, тіл алғыштықпен, тәтті күлкімен, ұнамды сыйлықпен, тіпті тұрақты түрде дұға ету арқылы ата-ананың патша көңілін аулап көруді ұсынар едік. Мәрмәр тасты бірден құйылған бір шелек су төсе алмайды. Ал тұрақты тамыш тұрған су тамшылары тесуі әбден мүмкін. Ата-анаға ақсылық жасауды да еш уақытта тоқтатпаған жөн. Баласына жанапшылықпен қараған әке-шеше имандылыққа бет бұрған баласына қарсы шықпауы ләзім. Бірақ, қандай жағдайла болмасын Алланың әмірі орындалуы шарт.

Сұрақ. Жастай тұрмысқа шықсам да, шарана сүю бақытты бұйырмады. Арада біраз уақыт өткенде туған інімнің үшінші перзентіне қолқа салса жүріп, оны асырап алдым (құжаттары да өз атымызда болды). Сол кездегі бақытты сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Кішкентай сәбиімізді қоярға жер таппай, аялап, мәнелеп өсірдік. Балам үлкен жігіт болып өсті.

Ұлымыз 18 жасқа толған кезде бір туысымыз бар шындықты оған жайып салыпты. Ет жақын ағайынымыз біздің бақытымызды көре алмады... Осыдан кейін балам көп ұзамай өз ата-анасы мен бауырларына кетіп қалды. Мұның бізге

қаншалықты ауыр болғанын сезіп отырған боларсыздар. Бауырым мен келінім барлығын түсінгенімен, баланы бізге әкеліп тастаған жоқ. Тіпті, олар да біраз құқайды басынан өткізіпті. Біз қай жерден қателік жібердік? Әлде, қазіргі балалардың барлығы тым қатал, қатыгез болып кеткен бе? Ұлымызды қайтарып алмасақ не болады? Әлде, бұл Алланың сынағы ма? Қайтсек екен?

Жауап: Әрине, отау құрған әрбір отбасы өмірде бала сүйгісі келеді. Бірақ, адам баласы бұл өмірге сынақ үшін келгендіктен, Алла тарапынан әртүрлі сынақтармен сыналары хак. Сондай-ақ, барлық нәрсе әлемдердің Жаратушысы Алланың қолында. Бұл жайлы құранда: **«Көктер мен жердің иелігі Аллаға тән. Қалағанын жаратады. Кімге қаласа, қыздар, кімге қаласа ұлдар береді. Немесе ұлдар мен қыздарды жұп-жұбымен береді. Сондай-ақ, қалағанын бедеу етеді. Күдіксіз Ол, толық білуші, аса күшті»** («Шұғара» сүресі, 49-50 яттар), – деп баяндайды. Яғни, адам баласына ұрпақ сүйгізу тек қана алланың қолында. Ұрпақсыздық – бақытсыздық емес. Алланың сынағы. Нағыз бақытсыздық – сынақтан сүрінуімізде.

Сұрақ бала асырап алуға тікелей байланысты болғандықтан, дініміздің бұған қатысты ұстанымына келетін болсақ, Исламға дейін бала асырап алу кең таралған еді. Тіпті, Алла Елшісіне (с.ғ.с.) пайғамбарлық келместен бұрын осы әдет бойынша ол Зәйд бин Харисаны асырап алып, оны халық алдында өз балам деп жариялады. Сөйтіп ол халық арасында Зәйд Мұхаммедұлы деп аталып кетті. Ол кезде де қазіргідей асырап алынған бала асырап алушының туған ұлы немесе қызы саналып, мұрагер болды. Ислам діні келгеннен кейін бала асырап алған баланы өзінің туған әкесінің атымен атау қағидасын бсшылыққа алды. Осыған байланысты Жаратушымыз қасиетті Құранда: **«Асырандыларың бел балаларың бола алмайды. Бұл сендердің ауызбен айтқан сөздерің ғана, шындықты Алла айтады. Тура жолды да Ол көрсетеді. Оларды әкелерінің атымен шақырыңдар. Бұл Алланың құзырында әділдікке жақыны. Егер әкелерін білмесендер, сонда олар, дінде бауырларың, достарың. Қателескен мәселелерде күнә жоқ. Бірақ, әдейі біліп істегендеріннен жауапқа тартыласыңдар. Алла өте жарылқаушы, аса мейірімді»** («Ахзаб» сүресі, 4-5

аяттар), – деп бұйырды. Аята айтылғандай дінімізде әке-шешесі бар баланы асырап алып, өз атымызға тіркеуге болмайды.

Бірақ, ата-ананың жылы алақанына, жәрдеміне мұқтаж, жетім жандарға қарау, оларды асырап, үлкен азамат ету, дінімізде өте үлкен сауап әрі адамдық борышымыз. Сүйікті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ешкімі жоқ жетім балаларды өз асырауына алған адам, менімен жұмақта екі саусақ сияқты көрші болады», – деп сұқ саусағы мен ортаншы саусағын бірге көрсеткен. Алайда, жетім балаларды асырап алғанда да тегін (фамилиясын) өз атыңызға ауыстыруға болмайды. Жоғарыда аятта айтылғандай олармен (асырандылар) сіздердің аралаыңыздағы қарым-қатынас дін бауыр немесе дос сияқты болуы керек.

Сіздер білместікпен бала асырап алып қателестіңіздер. Алла сөзсіз осындай келеңсіз жағдайлардың болатындығын біліп, біздің игілігіміз үшін бала асырап алуға тыйым салуда. Сондықтан, баланың ешқандай кінәсі жоқ. Ол өзінің туған үйінде қалғаны дұрыс.

Сөз соңыда біз бұл өмірде әрі ақыретте өкініп бармағымызды тістеп қалмас үшін Жаратушымыздан келген сынаққа сабыр етіп, әрбір ойлаған ойымызды, жоспарларымызды іске асырмас бұрын, оны жан-жақты талқылап, бұған Ұлы Жаратушымыз разы бола ма, бізге бұл мәселеде рұқсат бар ма екендігін біліп, соған қарай әрекет етуіміз керек. Өйткені, Жаратушымыздың әрбір әмірі және тыйымы сөзсіз адам баласының пайдасы, игілігі үшін болары хақ.

Сұрақ: Намаз және нәпіл намаз деген не? Намазхан дәрежесі оған берілетін сауап жайында түсінік берсеңіздер екен?

Жауап: Құран Кәрімнің «Бақара» сүресінің 143-аятында Аллаһ Тағала намазды «иман» деп сипаттады. Бірақ намазды сүннеттеріне сай оқымау, иманды зая ету, босқа жіберу болады. Себебі, Аллаһтың бұйрығы бойынша Пайғамбарға бағыну туралы Құранда көптеген аяттар бар. (3:144, 179; 4:13, 80, 136; 8:20; 24:52; 33:71)

Ал хадисте: «Сендерге жақсылап ұстанған жағдайда, ешқайда адаспайтын екі нәрсе қалдырдым. Олар: Аллаһтың кітабы мен және елшісінің сүннеті». (Әбу Дәуіт ибн Маджа)

Бұл хадистен шығатын ұғым: «Егер мұсылман кісі сүннетін орындамаған болса адасады». Ол туралы Құранда:

«Ал енді адасқандар тозаққа отын болады» – делінген. (Жын 72:15). Айша (р.а.) анамыз бес уақыттың парыздарымен қоса оқылатын сүннет намаздарын нәпіл намаздар деген. Хадисте: **«Расулаллаһтың ешқашан қалдырмай орындаған нәпіл ғибадаты таң намазының сүннеті болатын»**, – деген. (Бұхари Мүслім).

Абдуллаһ бин Массуд (р.а.) айтады: «Аллаһ Тағаланың Расулалладан ең жақсы көретін амалын сұрағанымда: **«Уақытында оқылған намаз»** деп жауап берді. Осылайша намазхан дәрежесі мен оған берілетін сауап жайында хадистер көп айтылған. Соның бірі: **«Аллаһ Тағала бес уақыт намаз оқуды әмір етті. Егерде біреу жақсылап дәрет алып намазды уақытында оқитын болса және рукулері мен хұшысын (жүрекпен оқу) толық орындаса Аллаһ Тағала оны кешіретіндігіне уәде еткен. Ал мұны орындамағандарға ешқандай сөз бермеген. Қаласа ол кісіні кешіреді, қаласа жаптайды»** (Имам Ахмед, Әбу Дәуіт және Нәсан).

Бұдан намаздың шарттарын руку мен сәжделерін мұқият оқу керектігі көрініп тұр. Хадисте: **«Сіздер мен біздердің арасымыздағы ант – намаз. Намазды тәрк еткен кәпір болады»**, – делінген (Имам Ахмед Термизи Насаи, Ибн Мажа. Бұдан намаз оқығандардың мұсылман екендігін түсінеміз. Олай болса намахан Аллаһтың зейнеткері болып, ақыретте ерекше бақытты болмақ. Сондай-мұсылман пенде күнәсіз пенде. Өйткені оған мына хадис дәлел: **«Бір мұсылман Аллаһ разылығы үшін намаз оқыса, ағаштан түскен жапырақтар сияқты күнәлары төгіледі»** деген. (Имам Ахмед).

Шариғатта намазханның дәрежесі мен сауабы орасан зор.

Сұрақ: Неліктен екінті намазы орта намазы деп аталды?

Жауап: Екінті намазы Аллаһ Тағала оны жалпы намаздардан ерекшелендіріп, орта намазы деп атады. Бұл екінті намазының басқа намаздардан артықшылығының артық екенін білдіреді. Оған дәлел Құрандағы: **«Жалпы намаздарға және орта намазына сақтық қылыңдар»** (2:238), – деген сүре.

Сұрақ: Қай намаз «Әл-бардайн» деп аталған?

Жауап: Хазіреті Пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.): **«Таң**

намазымен Асыр намазын оқыған адам жәннатқа кіреді», – деді. Кім Әл-бардайынды (екінті мен таң намазын) оқыса жәннатқа кіреді. Бұл екеуінің «Әл-бардайын», яғни суық деп аталу себебі, екеуі де күннің суыған кезінде оқылады. Таң намазы түннің суыған ақырғы уақытында келсе, екінті намазы күннің ыстығы азайған салқындаған уақытына қарай келеді. Тағы бір хадисте бұл екі намаз жайында: «Күннің шығуынан және оның батуынан бұрын намаз оқыған адам тозаққа кірмейді», – деді. Яғни, таң намазымен екінті намаздары жайында Құранда: «Таң намазын оқы. Күдіксіз таң намазына періштелер қатынасады», – делінген (17:78).

Сұрақ: Аллаһтың ашуына ұшырағандар мен адасқандар кімдер?

Жауап: Аллаһтың ашуына ұшырағандар деп – ақиқатты біліп бірақ оған амал жасамаған құлдарды айтамыз. Адасқандар деп – надандықтары мен ақиқаттан бет бұзғандарды айтады. Бұл туралы Құранның «Фәтиха» сүресінің 6-7 аяттарында: «Қазір надандықтың дәуірі өтіп барады. Сондықтан надандармен білімсіздіктің күресі жүріп жатыр», – делінген.

Сұрақ: Сүннетке сай ғұсыл мен дәретте айырмашылық бар ма?

Жауап: Әрине, бар. Ғұсылда дененің бір мүшесіне құйылған су басқа мүшеге тисе ол жер де таза болады. Өйткені, ғұсылда бүкіл дене бір мүшел болып есептеледі. Ал дәретте бір мүшеге құйылған су басқа мүшеге тисе толық жуылған болып есептелмейді. Ғұсыл алғаннан кейін қайтадан дәрет алу мәкрұһ (жарамсыз).

Бірақ ғұсыл алу кезінде дәрет бұзылса, қайта дәрет алу керек.

Сұрақ: Әйлі-Қадария және Әйлі-Жабария деген ағымдар қандай ағымдар?

Жауап: Әйлі-Қадария – барлық амалдар Аллаһ қалағаннан тыс адам баласының өз еркімен жүзеге асады деп сенетін ағым. Әйлі-Жабария – адам баласы мүлдем еріксіз барлық амалдарын Аллаһтың мәжбүрлеуімен істейді деп сенетін ағым.

Сұрақ: Иман мен ислам арасында айырмашылық бар ма? Иман, ислам, дін осы үшеуінің қайсысы үлкен?

Жауап: Тілдік тұрғыдан алғанда иман мен исламның арасында айырмашылық бар. Бірақ исламсыз иман болмайды

және имансыз ислам болмайды. Себебі, ол екеуі арқа мен іш секілді біртұтас нәрселер. Ал иман мен исламнан дін үлкен. Дін – иманның, исламның және шариат заңдарының қосындысы.

Сұрақ: Аллаһтың мүмін құлынан шайтан иманды тартып ала ма?

Жауап: Шайтан Аллаһтың мүмін құлынан иманды күштеп немесе мәжбүрлеп тартып ала алмайды, керісінше пенде (құл) иманды өзі тастайды. Егер де оны тастаса, міне, сол кезде оны шайтан тартып алады.

Сұрақ: Шайтан қайда мекендейді? Онда баспана, киім бар ма?

Жауап: Шайтан күн шығатын жерде мекендейді. Баспана, киімдері жоқ делінген. (Құран 18:90).

Сұрақ: Әр пендеге бекітілген бір шайтан бар дейді? Ол рас па?

Жауап: Ол, рас. Оған қасиетті Құранның мына аяты дәлел бола алады. Құранда: «Әр пендеде бекітілген бір шайтан бар» делінген. (Құран 41:25).

Сұрақ: Мешітте Аллаһ отырған жоқ, олай болса неліктен мешітті Аллаһ үйі дейміз?

Жауап: Арабша үйді «Байт» десе, Аллаһты «Олла» дейді. Демек, «Байтолла» деген сөз Аллаһтың үйі деген мағынаны береді. Сондықтан мешітті Аллаһтың үйі деген дұрыс. Себебі мешітте Аллаһ отырмағанмен, бірақ Аллаһ Тағала мешітте өзіне құлшылық қылып отырған пендесін көріп тұрғандықтан, Аллаһ олармен әрқашанда бірге болады. Оған дәлел Құран Кәрімде: «Мұхаммед (с.ғ.с.) жолдасына (Хазіреті Әбу Бәкірге): «Кейіме! Расында Аллаһ бізбен бірге», – деген (9:40).

Ал Бақара сүресінің 237-аятында:

«Шәксіз Аллаһ Тағала не істегендерінді толық көруші», дейді. Барлық уақыт Аллаһ бізбен бірге болсын. Әмин! (Құран: 9:49; 29:69; 47:35; 58:7).

Сұрақ: Аллаһтың бар екенін, бір екенін білеміз. Бірақ ол «қайда» екенін білуге бола ма? Аллаһтың көзі, қолы, жүзі бар ма?

Жауап: Неге болмайды. Аллаһ – аспанда. Оған дәлел Құранның (13:2; 67:16-17) аяттары. Ал хадисте пайғамбарымыз (с.ғ.с.) күннен: «Аллаһ қайда?» – деп сұрайды. Ол: «Көкте» деп жауап береді. Сонда

пайғамбарымыз (м.с.ғ.с.) күннің қожасына: «Оны азат ет, өйткені шын мәнінде, ол – иман келтірген», – дейді. (Мүслім, Ахмед).

Аллаһтың көзі, жүзі, қолы бар екендігіне Құранның мынадай аяттары дәлел болады. Мәселен Аллаһтың көзіне қатысты аяттар – 20:39; 54:13-14; жүзі мен қолына қатысты аяттар – 5:64; 55:27; 38:75.

Сұрақ: Қиямда тұрғанда қолды кіндіктен жоғары немесе кіндіктің астынан ұстау керек пе?

Жауап: Имамға ұйыған адамның ифтитах (бастау) тәкбірі имамның ифтитах тәкбіріне жақын болуы – сүннет. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұл жайлы былай дейді: «Имам тәкбір алысымен, сен де тәкбір ал» (Бұхари, Салат, 18; Мүслім, Салат, 62). Оң қол сол қолының үстіне қойылады. Хазреті Әлидің бір риуаятында: «Оң қолды сол қолдың үстіне, кіндіктің астына қою сүннеттен» (Әбу Дәәуд, Салат, 118). Уайл ибн Хужр: «Расулалланың оң қолын сол қолының үстіне әрі кіндігінің астына қойғанын көрдім», – деді. (Әсғад Мухаммад Сағид әс-Сағиржи, Фиқһулханафи уә адиллатуһ, 163-бет. Дәрул-калимут-тайиб, Димашқ. Рахматуллаһи Абдунғаний Ибарәһим Халил, Наклул ихтилаф биқасдил-и-тиләф, 77-бет, Сауд Арабиясы, Әл-мактабатул-мәккиәһ. 2000 ж.) (Бұл хадисті Әбу Бәкір ибн Әби Шайба риуат етті. Хадистің дәрежесі сахих).

. Ерлер оң қолының іш жағын сол қолының үстіне қойып, бас бармақ пен шынашақ арқылы білекті орайды. Әйелдер екі қолын кеудесіне апарып, оң қолын сол қолының үстіне қояды. Бірақ саусақтарымен білектерін орамайды.

Сұрақ: Қаза намазы қалай оқылады? Азан, қамат айтылма ма? Қаза намазында тек парыздар ғана оқылады ма?

Жауап: Аллаһ Тағала Құран Кәрімде: «Намаз мұсылмандарға арнайы белгіленген уақыттарда парыз етілді», – дейді. Бір намаздың ешқандай себепсіз белгіленген уақытынан кейін қаза етіп оқылуы – дұрыс емес және үлкен күнә. Бірақ, бір адам ұмыту немесе ұйықтап қалу себептерімен намазын оқи алмаса, қазасын өтеуі қажет. Кейбір ғалымдар себепсіз намазын қаза еткендер кейіннен қазасын өтерде алдымен тәубе ету керектігін айтады. Қаза намазға бес уақыт парыз намаз бен үтір намазы кіреді. Жұма мен айт, сүннет намаздары үшін қаза

қажет емес. Жұманы оқи алмаған кісі сол күннің бесін намазын оқиды.

Жамағатпен оқылатын қаза намаздар үшін де азан, қамат – сүннет. Бірақ, жамағатпен бірнеше қаза намазы оқылатын болса, тек қана бірінші намаздан бұрын азан шақырып, қалған намаздарда қамат айтылады. Өз үйінде жеке намаз оқитын адам үшін азан мен қамат – мұстахап. Жамағатпен оқылатын намаз үшін азан, қаматтың айтылмауы – мәкрұһ. Сонымен қатар, жұмаға қалада бола тұрып, себепсіз қатыса алмаған жандарға бесін намазын оқыр алдында азан мен қамат қажет емес. Сол сияқты әйел заты үшін де азан мен қамат сүннет емес.

Сұрақ: Дінімізде намазын тастап кеткен адамның үкімі қандай?

Жауап: Ақылды, балиғат жасына жеткен, хайыз бен нифастан тазаланған мұсылман адамға намаз оқу парыз. Намаз бен ораза секілді тәндік ғибадаттарда өкілдік іске аспайды. Намаздың парыздығын теріске шығарған адам діннен шығады. Өйткені, намаз айқын аят, хадис және ижмағ дәлелдерімен анықталған. Жалқаулық, немқұрайлылық себебімен намазды тастаған күнәһар және пасық болады.

Намаз оқымау – дүние мен ақырет азабына себеп. Ақыреттегі азап туралы Құранда былай айтылады: **«Олар жәннатта тұрып күнәһарлардан: «Сақар жаһаннамға түсулеріңе нендей себеп болды?», – деп сұрайды. Сонда олар: «Біз намаз оқымайтын едік», – деп жауап қатады»** (Мүддәссир, 74/40-43). Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): **«Әдейі намазды тастаған адамға Алла мен Пайғамбардың көмегі болмайды»**, (Бұхари, Мауақит, 15, 34; Насаи, Салат, 15) – дейді. **«Кімде-кім жұма намазына немқұрайлылықпен қарап, оны үш рет тәрк етсе, Аллаһ Тағала оның жүрегіне мөр басады»** (Насаи, Жума, 2; Тирмизи, Жума, 7; Ибн Мажа, Иқама, 93).

Имам Ағзам мәзһабы бойынша, жалқаулық жасап, намазды тастаған адам, намаздың парыздығын теріске шығармайынша, діннен шықпайды. Бірақ, күнәһар, пасық болады. Оған намаз жайлы ескертіліп, насихат етіледі немесе тәрбие үшін жаза беріледі. Кімде-кім намазын ұмытып немесе ұйықтап қалса яки жалқаулықпен оқымаса, сол оқымаған намаздарының қазасын міндетті түрде оқиды. Хадисте: **«Кімде-кім ұйықтап қалып,**

ұмытып намазын оқи алмаса, еске түскен сәтте дереу оқысын» (Әбу Дәәуд, Салат, 11) деген. Сондықтан да, намаз оқу өте маңызды мәселе. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қиямет күні адамның алғаш есепке тартылатыны – парыз намазы. Егер осы намазды толық орындаса, неткен тамаша?! Керісінше жағдайда: «Қарандар, нәпіл намазы бар ма екен? Егер нәпіл намазы болса, парыздардың кемістігін осы намаздармен толтырыңдар. Бұдан кейінгі басқа парыздар да дәл осылай жасалады», – деп айтылады (Әбу Дәәуд, Уитр, 2).

Сұрақ: Әйелдерге мешітке барып намаз оқу міндет пе? Мұның жөнін айтсаңыздар екен?

Жауап: Исламда әйел адамның мешітке барып намаз оқуына тиым салынбаған. Дегенмен, үйе оқыған ең абзалы. Өйтені Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадисінде: «Әйелдердің мешітке баруына тиым салмандар. Бірақ, үйінде оқығаны одан қайырлы (жақсы)», – деген. Тағы бір хадисте: «Әйелдердің ең ізгілері – мешіті үйінің ішінде болғаны», – деген. Осы хадистерде айтылғандай әйелдер намазды мешітке барып оқыса болады. Бірақ өз үйінде оқығаны абзал.

Ал, намаз оқуға келген адам мешіт әдебін сақтауы тиіс. Дүние сөзін сөйлеп, әдепсіз әрекет көрсетіп, орынға таласуына болмайды. Әрі мешіт Аллаһтың үйі екендігін естен шығармай, оны барынша таза ұстау қажет.

Сұрақ: Егер басқа бір ұлт өкілі (ер) ислам дінін қабылдаса, міндетті түрде сүннеттелуі керек пе?

Жауап: Сүннетке отырғызу, аты айтып тұрғандай – кең таралған сүннет. Хадистерде сүннетке отырғызу – хазреті Ибраһим (ғ.с.) пайғамбардың 80 жасында сүннетке отыруымен басталғаны жайында айтылады. «Хазреті Ибраһим (ғ.с.) 80 жасында Каддум ауылында сүннетке отырды» (Бұхари).

Сүннетке отырғызу барлық пайғамбарлардың сүннеті. Бұл жайында пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деген: «Төрт нәрсе пайғамбарлардың сүннеттерінен сүннетке отырғызу, әдемі иіс қолдану, мисуак қолдану, үйлену». Жалпы, сүннетке отырғызу – исламның символдарының бірі. Өйткені, ғалымдар соғыста шейіт болған әскерлерді кәпірлерден ажыратып мұсылман мазарына жерлеу үшін сүннетке отырған ба соған

қарап ажыратамыз деген. Сонымен қатар, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) 80 жасына да келіп мұсылман болғандарға да сүннетке отыруын әмір еткен. Бұл жайында бір хадисте Усаим бин Калибтің атасы былай баяндайды: «Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) келіп мұсылман болдым. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) маған: «Денендегі түктерді алып таста және сүннетке отыр» деді.

Сондықтан, басқа ұлттың адамдары исламды қабылдаса, сүннетке отырғаны абзал. Бірақ, сүннетке отырмаймын десе, зорлық жоқ. Өйткені, бұл амал аты айтып тұрғандай, парыз емес, сүннет.

Сұрақ: Жақында апайымның құрбысы мені Қызылорда облысынан келген (ауылдан) мұсылман жігітімен таныстырды. Ол жігіт діни салада қызмет жасайды екен. Жоғары білімді, иманжүзді жігіт. Маған ұнағанымен, оның Қызылорда облысына барып тұрамыз деген ұсынысы көңіліме қонбады. Бұл жаңалықты ата-анам мен бауырларыма айтқанымда олар: «Ойбай, дін саласындағы жігіт деген не сұмдық? Ертең үйден шығармай отырғызып қояды. Басына орамал тағып, намаз оқитын боласың. Сонда саған қанша қаражат жұмсап, несіне оқыттық? Оның үстіне Қызылорда деген не пәле?» – деп шу көтеріп, келіспеуде. Екі оттың ортасында қалғандаймын. Не істесем екен?

Жауап: Иә, қай ата-ана болмасын ұл-қыздарының өмірде еш қиындық, тапшылық көрмей өмір сүргенін қалайды. Сондықтан, олар болашақ күйеу баланың адамгершілік қасиеттерінен бұрын материалдық жағдайына көп көңіл бөлетіні жасырын емес. «Жұмысы, үйі бар ма?» – деп сұрап жатады. Әрине, әлеуметтік жағдайының жақсы болғаны дұрыс. Бірақ, бұдан да маңызды нәрсе – болашақ күйеу баланың иманды, тәрбиелі, рухани бай болуы. Осыған байланысты пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадисінде: «Әйелге төрт нәрсеге байланысты некелеседі: Дүние-мүлкі үшін, тегі үшін, әдемілігі үшін, діні үшін. Діндарын таңда! Дүние-мүлкің көбейсін», – деп бұйырды (Бұхари, Мүслим). Бұл хадис ерлердің қалыңдық таңдауына байланысты айтылса да, хадисте айтылған сипаттар әйелдердің болашақ жарларын таңдауына да қатысты. Сондықтан, біз мұсылмандар әрбір ісімізде Алланың және оның Елшісінің (с.ғ.с.) әмір-тыйымына, ақыл-кеңесіне құлақ ассақ, дүниеде әрі ақыретте де сөзсіз өкінбейміз.

Адамды екі дүниеде бағытты ететін – оның иманы, адамгершілік қасиеттері. Алдымен, әрбір адамның бойынан осы қасиеттерді іздегеніміз жөн.

Сұрақ: Қиямда тұрғанда қолды кіндіктен жоғары немесе кіндіктің астынан ұстау керек пе?

Жауап: Имамға ұйыған адамның ифтитах (бастау) тәкбірі имамның ифтитах тәкбіріне жақын болуы – сүннет. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұл жайлы былай дейді: «Имам тәкбір алысымен, сен де тәкбір ал» (Бұхари, Мүслім). Оң қолын сол қолының үстіне қою. Яғни, тәкбір алып, қол байлаған кез. Хазіреті Әлидің бір риуаятында: «Оң қолды сол қолдың үстіне, кіндіктің астына қою сүннеттен» (Әбу Дәуіт).

Уайл ибн Хужр: «Расулаллаһтың оң қолын сол қолының үстіне әрі кіндігінің астына қойғанын көрдім», – деді. (Әсғад Мухаммад Сағид әс-Сағиржи, Фикһулханафи уә адиллатуһ, 163-бет. Дәрул-калимут-тайиб, Димашқ. Рахматуллаһи Абдунғаний Ибарәһим Халил, Нақлул ифтилаф биқасдил-иғтиләф, 77-бет, сауд Арабия, Әл-мактабатул-мәккиәһ. 2000 ж.) (Бұл хадисті Әбу Бәкір ибн Әби Шайба риуаят етті. Хадистің дәрежесі сахих).

Ерлер оң қолының іш жағын сол қолының үстіне қойып, бас бармақ пен шынашақ арқылы білекті орайды. Әйелдер екі қолын кеудесіне апарып, оң қолын сол қолының үстіне қояды. Бірақ саусақтарымен білектерін орамайды.

Сұрақ: «Әт-тәхиятта» отырғанда сұқ саусақты не үшін көтереді?

Жауап: Отырыстарда «әт-тәхиятты» оқығанда «Ләә иләһә» деген кезде оң қолының сұқ саусағын көтеріп, «иллалаһ» деп, қайта түсірілуі – сүннет. Сұқ саусақ көтерілгенде, қалған саусақтар бүгіледі.

Бұл – Алладан басқа құдай жоқтығын қуаттаудың белгісі. (Тирмизи).

Сұрақ: Қаза намазы қалай оқылады? Азан, қамат айтыла ма? Қаза намазында тек парыздар ғана оқыла ма?

Жауап: Аллаһ Тағала Құран Кәрімде: «Намаз мұсылмандарға арнайы белгіленген уақыттарда парыз етілді», – дейді.

Бір намаздың ешқандай себепсіз белгіленген уақытынан кейін қаза етіп оқылуы – дұрыс емес және өте үлкен күнә. Бірақ бір

адам ұмығу немесе ұйықтап қалу себептерімен намазын оқи алмаса, қазасын өтеуі қажет. Кейбір ғалымдар себепсіз намазын қаза еткендер кейіннен қазасын өтерде алдымен тәубе ету керектігін айтады. Қаза намазға бес уақыт парыз намаз бен үтір намазы кіреді. Жұма мен айт, сүннет намаздары үшін қаза қажет емес. Жұманы оқи алмаған кісі сол күннің бесін намазын оқиды.

Жамағатпен оқылатын қаза намаздар үшін де азан, қамат – сүннет. Бірақ жамағатпен бірнеше қаза намазы оқылатын болса, тек қана бірінші намаздан бұрын азан шақырып, қалған намаздарда қамат айтылады. Өз үйінде жеке намаз оқитын адам үшін азан мен қамат – мұстахаб. Жамағатпен оқылатын намаз үшін азан, қаматтың айтылмауы – мәкрұһ. Сонымен қатар жұмаға қалада бола тұрып себепсіз қатыса алмаған жандарға бесін намазын оқыр алдында азан мен қамат қажет емес. Сол сияқты әйел заты үшін де азан мен қамат сүннет емес.

Сұрақ: Сәбиге ат қоярда оң құлағына азан, сол құлағына қамат оқылады дейді. Мұны кез келген адам жасаса бола ма?

Жауап: Дүниеге келген сәбидің құлағына азан мен қамат оқып, ат қою – пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) дәуірінен жалғасып келе жатқан сүннет амалы. Тирмизидің «Сүнән» атты кітабында пайғамбарымыз (с.ғ.с.) немересі Хасан дүниеге келгенде, оның оң құлағына азан, сол құлағына қамат оқығандығы туралы айтылады.

Сонымен қатар, оқылған азан мен қамат, сәбиге жасалған алғашқы иман қадамы болып табылады. Өйткені азанның мағынасы мен мазмұнында тәкбір (Алланың Ұлылығы), таухид (Алланың жалғыздығы), пайғамбарлық және намаз сияқты діннің негіздері қамтылуда.

Сондай-ақ, сәбиге жақсы ат таңдаған жөн. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұл жөнінде бірнеше өсиет пен ескертулер жасаған. Бір хадисте. «Қиямет қайымда әркім аттарымен және әкелерінің есімімен шақырыласындар. Олай болса жақсы ат қойыңдар» деген (Бұхари).

Дүниеге келген сәбиге бір жетіге дейін ат қою абзал. Сонымен қатар, бұл дәстүрді кез келген адам, азан мен қамат оқу арқылы жасай алады.

Сұрақ: Тағдыр өзгере ме?

Жауап: Алла Тағала жер бетіндегі келіп-кететін күллі тіршілік атаулының тағдырын әуелде Ләуу Махфузда жазып қойған. Ләуу Махфуз негізгі ана кітап болғандықтан, Алланың одан басқа «Ләуу Маху», «Лауу Исбат» есімді тағдыр кітаптары бар. Міне, осы тағдыр кітаптарында Алла қалағанын өшіріп, қалағанын сол күйінде қалдырады. Сол секілді адам тағдырының өзгеріп, өзгермеуі де Алланың қалауында. Аятта да бұл жөнінде: **Алла қалағанын өшіреді, қалағанын қалдырады. Негізгі Кітап (Уммул Китаб) Оның қасында»** («Рағыд», 39), – деп ашық айтылған. Алла қаласа пендесінің тағдырын немесе қазасын өзгертуі мүмкін. Дегенмен, бұл мәселеде пенденің ниеті мен іс-әрекеті негізгі рөл ойнайтындығын мына хадистен аңғаруға болады: «Бір күні хазреті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) құлайын деп тұрған үйдің қасынан өтіп бара жатып, жылдам жүреді. Сонда қасындағы сахабалар: «Ей, Алланың Елшісі! Алланың қазасынан қашып барасыз ба?» – деп сұрағанда, хазреті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алланың қазасынан Алланың тағдырына (қадарына) сыйынамын», – деп жауап береді. Хазреті Омар (р.а.) хижридің 18 жылы Шамға бармақ болып жолға шығады. Жол жүріп келе жатып Сәрғ атты елді-мекенге жеткенде Шамда оба ауруының шыққанын естіп, кері қайтпақ болады. Сонда Шам қолбасшысы хазреті Әбу Убайда ибн әл-Жәррах (р.а.): «Ей, Мүминдердің әміршісі! Алланың тағдырынан қашпақсыз ба» – дегенде, хазреті Омар оған: «Ей, Әбу Убайда! Өттең, бұл сөзді сенен басқа жан айтқанда ғой! Иә, Алланың тағдырынан қайтып, Алланың тағдырына қашып барамыз. Тағдырға не жазылғанын бір Алла біледі. Мәселен, сенің жайылымға шыққан түйелерің, бір жағы тақыр, оттығы жұтаң, бір жағы шалғынды сайға түсті делік. Сен түйелеріңді шалғынды, шайырлы жотаға жайып тойдырсаң да, немесе тақыр, шөпсіз жотаға жайып, аш қалдырсаң да, Алланың тағдырына сәйкес әрекет еткен болмайсың ба!» – деп қисынды жауап береді. Хазреті Абдуррахман ибн Ауф бұл мәселеге қатысты мынадай хадис айтады: «Бір жерден оба шыққанын естісендер, ол жерге бармаңдар. Егер сендердің тұрып жатқан жерлеріңде оба ауруы шықса, онда ол жерден шықпаңдар» (Бухари риуаяты). Хазреті Омардың (р.а.) ұсынысына хазреті Әбу Убайда ибн әл-Жәррах (р.а.) құлақ аспай

тағдырда жазғанын көрермін деген ниетпен Шамға кетеді. Кейіннен хазреті Әбу Убайда және өзге де беделді сахабалардың осы оба ауруынан шейіт болған хабары Мәдинаға жетеді. Хиждидің 18 жылы Шам өлкесінде шыққан осы «Амуас обасынан» 25 мың адам өледі. Хазреті Омар (р.а.) тағдырдың өзгеруі үшін Аллаға үнемі дұға еткендігі белгілі. Ардақты сахаба былай деп дұға ететін: «Аллам! Егер есімімді шакилардың (жамандар, тозақтықтар) арасында жазған болсаң, атымды ол жерден өшір. Егер сайдтардың (бақыттылар, жәннәттықтар) арасында жазған болсаң сол жерде берік қыл. Өйткені, Сен: «Алла қалағанын өшіреді, қалағанын қалдырады. Негізгі Кітап (Уммул Китаб) Оның қасында» («Рағыд», 39) деп айттың. Сенің бұл сөзің хақ» (С.Вехби, Мәжмуатул-Маариф, Коня 1327, 123-бет). Егер де тағдыр мен қаза өзгермейтін, яғни адамның қолынан тағдырын өзгерту келмейтін болса, хазреті пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бен хазіреті Омар (р.а.) бұлай істемес еді, әрі арттарында әлгіндей гибратты оқиғалар қалдырмас еді. Олай болса, тағдырдың өзгеруі пенденің тілеуі және Алланың қалауымен болатын жайт скен.

Сұрақ: Аллаһ Тағала Өзі жаратқандарынан жоғары тұратынына Құранда қандай дәлелдер бар?

Жауап: Бұл туралы аяттар өте көп, жоғарыда қарастырылған көп мәнді есімдер де осыларға жатады.

Аллаһ Тағаланың төмендегі сөздері бұған дәлел бола алады: «Әр-Рахман, Аршыға көтерілді» («Таһа» сүресі, 5-аят).

Бұл туралы Құранның жеті аятында айтылады.

«Жер теңселген сәтте Аспандағының сендерді жерге жүттыруынан бейбітсіңдер ме? Немесе Көктегінің сендерге іс жаздыруынан қауіпсізсіңдер ме? Ескертуімнің қалай екенін таяуда білесіңдер» («Мүлік» сүресі, 16-17-аяттар).

Бұл туралы екі аятта айтылады:

«Өздерінен Үстем болған Раббыларынан қорқады». («Нахыл» сүресі, 50-аят).

«Көркем сөз Аллаһ жаққа шығады. Сондай-ақ жақсы амал оны көтереді». («Фатыр» сүресі, 10-аят).

«Ол жоғары орынға періштелер және (сенімді) Рух (Жәбірәйіл) көтеріледі» («Мағариж» сүресі, 4-аят).

«Ол көктен жерге дейін істі (бұйрық) меңгереді». («Сәжде» сүресі, 5-аят).

Аллаһ Тағала және былай деді:

«Әй, Иса! Сені Мен алушымын! Сондай-ақ Өз тарапыма көтерушімін...» («Әли Имран» сүресі, 55-аят). Құранда мұнан басқа да аяттар бар.

Сұрақ: Аллаһ Тағаланың жалғыз екендігін (таухид) мойындаудың барлық түрлері, біреуіне қайшы келген нәрсенің барлығына да қайшы келетіндей, өзара соншалықты тығыз байланысты ма?

Жауап: Әлбетте. Олар шындығында да өзара ажырамастай бір-бірімен тығыз байланысты және бір нәрседен көпқұдайшылдыққа түскен адам қалған түрлеріне де қатысты көпқұдайшыл болып қалады. Аллаһ Тағаладан басқа әлдебіреуге жалбарыну, тек Аллаһ Тағаланың құдіреті жететін мәселеде әлдебіреуге өтініш білдіру бұл айтылғанға мысал бола алады.

Мұндай жалбарынулар жай ғана бас ию емес, сол бас июдің мән-мағынасы болып табылады. Өйткені, ол Аллаһ Тағалаға арналмады. Аллаһ Тағалаға ғана тән құдайлық болмысты мойындауға кереғар көпқұдайшылдық болып шығады. Егер адам баласы «Бұл мәселені Аллаһ Тағаладан басқа біреулер шеше алады» деп, бір игілікке жету үшін немесе бір зұлымдықты қайтару үшін өз қажетін қанағаттандыру мақсатында (әлдебіреуге) жалбарынса, бұл Аллаһ Тағаланы бірден-бір Құдай етіп мойындауға кереғар көпқұдайшылдықтың көрінісі болады.

Себебі, мұндай адам Аллаһ Тағаланың патшалығындағы (билігіндегі) бір нәрселерге Аллаһ Тағаламен қатар әлдебіреулер бұйрығын өткізе алады деп есептейді, өйткені, ол сол біреулер алыстан болса да, жақыннан болса да кез-келген уақытта, қай жерде болса да өтініш-тілегімді есітеді деп күмәнсіз сеніммен оларға жалбарынады. Кейбіреулер мұндай істерін жасырмайды да. Бірақ, мұндай іс-әрекеттер Аллаһтың есімдері мен сипаттарындағы жалғыздығына кереғар көпқұдайшылдықтың көрінісі болып табылады. Өйткені, бұл Аллаһ Тағаладан басқа қашықтыққа тәуелсіз, қаншалықты алыста болса да барлық дыбысты есітуге қабілетті тағы басқа біреулер бар деп білу болып отыр. Сонымен, Аллаһ Тағаланың құдайлық болмысына қатысты көпқұдайшылдықтың көрінісі Аллаһ Тағаланы бірден-

бір жалғыз Құдай және белгілі есімдер мен сипаттардың жалғыз Иесі екендігін мойындауға қайшы келетін көпқұдайшылыққа сөз жоқ апарды.

Сұрақ: Періштелерге иман келтірудің мағынасы не?

Жауап: Періштелерге иман келтіру дегеніміз – олардың хақиқи бар екеніне және олар Аллаһ Тағаланың жаратқан махлұқтары екеніне, сондай-ақ Аллаһ Тағаланың билігінде және Аллаһ Тағалаға бағынышты екендігіне шүбәсіз сену.

Олар туралы Аллаһ Тағала айтты:

«...(періштелер) ардақты құлдар. Олар, Одан оза сөз сөйлемейді. Сондай-ақ олар Оның әмірін ғана орындайды». («Әнбия» сүресі, 26-27 аяттар).

«Олар, Аллаһтың өздеріне берген әмірлеріне қарсы келмейді. Не бұйырылса, соны орындайды». («Тахрим» сүресі, 6-аят).

«Оның қасындағылар Оған құлшылық қылудан дандайсымайды да шаршамайды. Олар күндіз-түні Аллаһты дәріптеуден жалықпайды». («Әнбия» сүресі, 519-20 аят). Сондай-ақ, періштелер зерігу, шаршау дегенді білмеді.

Сұрақ: Аллаһ Тағала белгілі бір міндет жүктеп, белгілі мақсатпен жаратқан періштелердің қандай түрлері бар?

Жауап: Мұндай періштелердің түрлері көп, олардың арасында елшілерге уахи жеткізу тапсырылған Сенімді Рух – Жәбірейіл (ғ.с.) бар. Олардың арасында жаңбыр жаудыру міндеттелген – Михаил (ғ.с.) бар. Олардың арасында Қиямет күні Сұр үрлеу міндеттелген – Исрафил (ғ.с.) бар.

Олардың арасында адамдардың жанын алу міндеті жүктелген өлім періштесі және оның жәрдемшілері бар. Олардың арасында адамдардың іс-амалдарын қадағалау жүктелген ардақты жазушылар бар. Олардың арасында адамдарға алды-артынан үрейлендіретін қауіп-қатерден сақтайтын періштелер бар. Олардың арасында жұмақ пен оның рахаттарын бақылаушы Ризуан және онымен бірге болатын періштелер бар. Олардың арасында тозақ пен оның абаптарын қадағалайтын Мәлік және онымен бірге болатын тозақтың он тоғыз басшылары және тағы басқалар бар. Олардың арасында қабірде өлгендерден сұрақ алатын Нәкир мен Мункар бар. Олардың арасында Аллаһ Тағаланың Аршын көтеріп тұрушы періштелер бар. Олардың

арасында әйелдердің жатырындағы ұрықты қадағалайтын, нәрестенің бейнеленуін бақылайтын және оның тағдырын жазатын періштелер бар. Олардың арасында көктегі (әл-Байтул-Мағмур) мешітке кіріп, қажылық ететін періштелер бар. Олардың көптігі сондай әр күні жетпіс мың періште кіреді де, содан Қиямет күніне дейін қайта кіруіне кезек жетпейді. Сондай-ақ, Аллаһ Тағаланы есіне алып бас қосқан адамдардың жиындарына қатысып, соларды жер бетінен іздеп жүретін періштелер бар.

Және олардың арасында сапқа тұратын және шаршау дегенді білмейтін періштелер бар. Олардың арасында рукуғ және сәжде жасап, кеуделерін тіктемей сол қалпы тұратын періштелер бар.

Сұрақ: Ислам қауымының барлық мүшелері Құранға қатысты не нәрсені бұлжытпай ұстануы қажет?

Жауап: Оған ашық және құпия ілесу, одан айрылмау және оны құрметтеу. Аллаһ Тағала айтты:

«Осы (Құран) біз түсірген мүбәрәк Кітап. Енді соған еріндер әрі сақтаныңдар». («Әнғам» сүресі, 155-аят).

«Раббыларыңнан сендерге түсіліргенге бойсұныңдар да одан өзгені дос тұтып ілеспеңдер». («Ағраф» сүресі, 3-аят).

Аллаһ Тағала және айтты:

«Сондай олар Кітапқа мықты жабысып, намазды толық орындайды; дау жоқ, Біз игілік істегендердің сауабын зая қылмаймыз». («Ағраф» сүресі, 170-аят).

Бұл айтылғандарға Құранға тікелей қатысты басқа да көптеген аяттар дәлел бола алады.

Ал Пайғамбарымыз (с.ғ.с.):

«Аллаһтың Кітабына жабысыңдар да одан айырылмаңдар», – деген (Мүсілім). Бұл хадисте Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты:

«Содан соң: О, адамдар! Шын мәнінде, мен – (тек) адаммын және жуық арада (маған) менің Тәңірімнің елшісі келеді, (оның шақыруына) мен жауап қайтарамын, бірақ сендерге мен екі қымбат нәрсені қалдырамын: біріншіден, Құран, онда басшылық пен нұр (бар), Аллаһтың Кітабына жабысыңдар және одан айрылмаңдар».

Сұрақ: Аллаһ Тағала Құранда барлық елшілер туралы айтқан ба?

Жауап: Аллаһ Тағала бізге үлгі-өнегелілік мәні бар нәрселерді,

сондай-ақ бізге не жеткілікті болса, соны ғана айтқан:

«Және саған бұрынғы пайғамбарларды баян қылдық, сондай-ақ пайғамбарлардың саған баян етпегендеріміз де бар». («Ниса» сүресі, 164-аят).

Сондықтан, Аллаһ Тағаланың егжей-тегжейлі айтқандарына түгел сенеміз, ал Оның жалпылама айтқандарына бүтіндей иланамыз.

Сұрақ: Елшілерден кімдер «ең абзалдары» деп аталған?

Жауап: Олар бесеу, олар туралы Аллаһ Тағала екі жерде жеке-жеке айтқан:

1. Аллаһ Тағала «Ахзаб» сүресінің 7-ші аятында:

«(Мұхаммед (с.ғ.с.) сол уақытта пайғамбарардан уәде алған едік. Сенен, Нұһ, Ибраһим, Мұса және Мәриям ұлы Исалардан», – деген.

2. Аллаһ Тағала «Шура» сүресінің 13-ші аятында:

«(Мұхаммед (с.ғ.с.) Аллаһ Нұһқа нұсқау берген нәрселерді және саған уахи еткенімізді, сондай-ақ Ибраһим, Мұса, және Исаға нұсқау берген нәрселерімізді сендерге діни жол қылдық. Дінді мықты орындандар да дінде бөлінбеңдер», – деді.

Сұрақ: Қиямет күніне иман келтіру дегеннің мәнісі не және ол не нәрсені білдіреді?

Жауап: Мұндай иман келтіру – ол күннің сөзсіз келетініне шәк-шүбәсіз сенуді және сол сенімге сәйкес амалдар істеуді білдіреді. Ал бұл сенімнің құрамдас бөліктеріне келер болсақ, ол сағаттың келуінен бұрын болатын белгілеріне сенім дегенді білдіреді: өлімге, сондай-ақ сынауға, қабір азабы мен қабір рахатына, Сұр үрленуіне, қабірлерден адамдардың қайта шығуына (қайта тірілуге), Қиямет күнінің қорқыныш-үрейіне, сондай-ақ адамдардың махшарда жиналуына, адамдардың амал дәптерлеріне, Таразы құрылатынына, Сират көпіріне, Кәусарға, шапағат жасау және басқа барлық нәрсеге, сондай-ақ бақыт, қуаныш, шаттықтың ең жоғары дәрежесі Аллаһ Тағаланың лилдарын көру мүмкіндігі берілетін жәннаттағы рахатқа және Аса Құрметті және Ұлы Аллаһ Тағаладан алыс болғандардың көрер қиындығы мейлінше ауыр болатын тозақ азабына сену.

Сұрақ: Дұға жасағаннан кейін бетті сипау дұрыс па? Кейбір адамдар мұның шариятта жоқ екенін айтып, қарсы шығуда. Осының ара-жігін ажыратып берсеңіздер.

Жауап: Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) дұғадан кейін бет сипағанына байланысты және сипандар деп бұйырған көптеген хадистері бар. Мысалы, Омардан (р.а.) риуаят етілген мына хажисте былай деді: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с. қолдарын дұға ету үшін көтерер болса, оны жүзіне сипамай түсірмейтін еді» (эт-Тирмизи, 3308. қосымша қараңыз: әл-Мустадрак алассахихайн лил-Хаким, 1923. Муснад Абд ибн Хамид, 40, әл-Мухжамул-әусат лит-Табарани, 7252. субулус-сәлам шарху булғул-Марам лис-Санғани). Сонымен қатар, Ибн Аббастан риуаят етілген хадисте: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Аллаһ Тағаладан тілеген кезде алақандарыңның сыртымен емес, ішімен тілеңдер және алақандарыңды жүздеріңе сипандар» деді» делінеді (әл-Мустадрак алас-сахихайн лил-Хаким, 1924. және қосымша қараңыз: Әбу Дәәуід, Бабуд-Дұға. Муснад Абд ибн Хамид, 717). Ибн Аббастан риуаят етілген тағы бір хадисте былай деді. «Алла елшісі: «Аллаһ Тағалаға дұға етер болсаң, алақаныңның сыртымен емес, ішімен ет. Біткеннен кейін алақандарыңмен жүзінді сипа» деді». (Сунану Ибн Мәжжа). Жоғарыдағы келтірілген хадистердің барлығының дәрежесі әр хадисте жеке алғанда «әлсіз». Бірақ әлсіз хадис басқа да риуаяттармен келер болса, бірін-бірі қуаттағандықтан, хадистердің жалпы топтамасы «хасан» дәрежесіне жетеді. Ал «хасан» дәрежесіндегі хадиспен амал етуге әбден болады. Сахих Бухариге «Фатхул-бари» атты 15 томдық түсіндірме жазған Хафиз Ибн Хажар әл-Асқалани өзінің «Булугул-Марам мин әдиллатил-әхкам» атты еңбегінде жоғарыдағы бет сипауға байланысты Тирмизидегі хадисті келтіргеннен кейін: «Бұл хадис басқа да жолдармен келген, мысалы, Ибн Масғудтан. Сондықтан бет сипауға байланысты хадистердің топтамасы бұл хадистің «хасан» болуын қажет етеді» деген. Ғалым Мұхаммед ибн Исмағил әс-Санғани «Булугул-Марамға» түсіндірме етіп жазған «Субулус-Сәлам» атты кітабында Ибн Хажардың осы сөздерінен кейін: «Бұл жерде дұғадан кейін бет сипаудың шариятта бар екенін көреміз» дейді (Субулус-сәлам, лис-Санғани). Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) басқа бір хадисінде дұға үшін жайылған қолдың Аллаһ Тағаланың

рақымы мен шарапатынсыз қайтарылмайтындығы айтылған. «Сендердің Раббыларың ұлы ұят иесі әрі жомарт. Сондықтан қолдарын дұға үшін жайған уақытта оны бос (рақымы мен шарапатынсыз) қайтаруға құлынан ұялады» делінеді (Сунану Әби Дәуід, Сунанут-Тирмизи, Сунанул-Кубра лил-Бәйһаки, Сахих Ибн Хиббан. Хадисті Хаким сахих деп бағалаған). Міне, сондықтан дұға жасаған адам бетін сипаған уақытта алақанындағы Ұлы Жаратұшыдан келген береке мен шарапатты өзінің ең қасиетті ағзасы – бетіне тәбәрік етіп жатқандай болады. Бұған қоса пайғамбарымыз (с.ғ.с.) алақанын жайып «ықылас», «фақлақ», «нас» сүрелерін оқығаннан кейін жүзіне, денесіне сипағаны жайлы көптеген сахих хадистер бар. Мысалы, Айша (р.а.) анамыздан риуаят етілген хадисте: «Пайғамбарымыз төсекке жатарда екі алақанына «Құльһу Аллаһу ахад және муғаууизатайн (фалак, нас) сүрелерін оқып үрлейтін де, жүзіне және қолының жетегін барлық денесіне сипайтын» (әл-Бұхари. Және қосымша қараңыз. Муслим, Әбу Дәуід, әт-Тирмизи, ән-Насайй, Ибн Мәжжа, Муснад Ахмад). Демек, жалпы алғанда алақанды бетке сипау шариятта бар. Біздің халқымыз және басқа да ханафи мәзһабын ұстанатын, тіпті ұстанбайтын көптеген мұсылмандар дұғадан кейін бет сипаған уақытта осындай түсініктер мен негіздерге сүйене отырып жасаған. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) «/Дұғадан кейін беттеріңді сипамаңдар» деп ешбір хадисінде тікелей тыймағанын ескерер болсақ, халқымыздың әу бастан әдет етіп, ғасырлар бойы қалыптастырған осындай істеріне қарсы шығу – адамдардың ойларын сан-саққа жетелеп, шатастыруға, ел арасындағы ынтымаққа кесірін тигізіп, бүлікке себеп болары сөзсіз. Сондықтан, еліміздегі ғасырлар бойы қалыптасқан діннің тармақ мәселелеріне қарсы пәтуә айтуға асықпаған жөн. Шарияттың кейбір мәселелерінде пәтуалардың ел мен жердің ерекшеліктеріне қарай өзгеріп отыратынын ескергеніміз жөн болар. Шариятқа қайшы емес, осындай кішкентай мәселелерге «болмайды» деп аттан салып, қарсы шығудың пайдасынан ниәны басым. Мұндай тармақ мәселелерде халқымыздың бірлігі мен сүттей ұйыған ынтымағын басты назарға алуымыз ләзім. Парасатты мұсылман айналасында қаншама түзетілуі тиіс шариятқа қайшы бұрыс істер тұрғанда, оларды тастап, осындай ел бірлігін балталайтын істермен айналыспасы анық.

Сұрақ: Денеге сурет салу (татуировка) дұрыс па? Бұл ғұсыл алуға немесе дәретке кедергі бола ма?

Жауап: Бұл мәселені екі бөлек қарастырғанымыз жөн. Өйткені, денеге сурет салдыру мен сурет салынған денемен құлшылық жасаудың айырмашылығы бар.

Денеге сурет салу немесе салдыру Аллаһтың жаратқан тәнін өзгерту болып саналады. Сондықтан Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Денеге сурет салғанға да, салдырғанға да Аллаһтың лағынеті болсын» деп, бұл істің харам екендігін айтқан.

Исламды кейіннін қабылдаған жан, бұл істің харам екендігін кеш білсе, мүмкіндігінше денесіндегі суретті кетіргені дұрыс. Ал кетіре алмаса, оны әдейілеп қырнап, күштеудің, қиналудың қажеті жоқ. Тек тәубе қылып, Аллаһтан кешірім сұрауы керек. Ең бастысы, бұл денесіндегі салынған сурет оның ғибадат қылуына бөгет болмағаны дұрыс, шайтан: «сенің дененде сурет бар. Намаз оқыма, ораза ұстама», – деп адамды азғыруы мүмкін. Салынған сурет терінің астына піспелеп, бояу жіберіп әшекейлегендіктен терінің үстіне су тиюіне бөгет болмайды. Сондықтан салынған суреттің үстіне дәрет алуға, ғұсыл жуынып ғибадат қылуға, намаз оқуға болады.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Амр ибн Асқа: «Исламға кіру – бұрынғы күнәларды жояды» деген хадисі осы мәселені айшықтай түседі. Өйткені ислам діні пенденің мұсылман болмай тұрып істеген күнәларын толықтай кешіреді.

Сұрақ: Ағзаны ауыстырып салуға (трансплантация) бола ма?

Жауап: Кей жағдайда шарият рұқсат етпеген үкімдердің зәрулікке байланысты өзгеруі мүмкін. Мысалы, аяғы ауыр әйел адам дүние салса, құрсағындағы тірі шарананы ананың ішін жарып алады. Өйткені, анасы қайтыс болса да, тірі бала құтқарылып, өмір сүруі қажет (Ихтияр, 4:167; Раддул Мухтар, 1:602).

Осы үкімге сүйенген шарият ғалымдары ағзалардың ауыстырылуына да рұқсат беруде. Бұл жағдайда көбіне қайтыс болған адамның ағзасы (жүрек, бауыр, көз, т.б.) ауыстырылуда.

Бұл туралы Каирдегі әлемдік эл-Әзһар университетінің ғұламалары Ахмад әш-Ширбаси былай дейді: «Бұл операцияны жасар алдында кейбір мәселелерді ескеріп, орындаған жөн. Ағза

тек өмір мен өлім арасындағы адамға ғана ауыстырылуы керек.

Сонымен қатар, бұл операция туралы негізінен сол саланың білікті маманы шешім қабылдап, жасағаны дұрыс. Мұны кез-келген дәрігер жасай бермейді. Оған қоса, қайтыс болған адам ағзаларын беруге келісім білдірген қағаздың да болуы шарт. Келісім туралы қағаз болмаған жағдайда мәйіт жақындарының ризалығы керек. Ал, қайтыс болған адамның «мен қайтыс болғанда денеме тимендер» деген өсиеті болса, онда ешкімнің оған тиісуге хақысы жоқ. Дене ағзасы тек қайтыс болған адамнан ғана алынады. Тірі адамнан алынбайды. Тіпті өлім аузында жатқан адамның да ағзасы алынбайды. Кейде дәрігерлердің өзі үміттерін үзген адам Алланың күдіретімен қайта өмірге қауышып жататын жағдайлар да кездеседі. Сондықтан да өлім аузындағы адамға «енді өледі ғой» деп ағзасын өзгеге ауыстыру дініміз бойынша дұрыс емес.

Кейде тірі адам екі бүйрегiнiң бiрiн өлім аузында жатқан адамға беріп жатады. бұл жерде де ағзасын берген адамға зиян болмаса ғана рұқсат.

Мұндағы мақсат адам өмірін сақтау болғандықтан, ағза беру аса зәру жағдайда ғана қолданылады. Құранда кімде-кім жазықсыз адам өлтірсе бүкіл адамды өлтіргенмен тең. Ал бір адамды өлімнен құтқару бүкіл адамды құтқарғанмен тең («Маида», 32-аят) екені айтылған. Осыған сүйенген ғалымдар қансырап жатқан адамға да қан беруге болатындығын айтқан. Тіпті, қан мұсылман емес адамнан алынса да жарайды (Ясғалунака фид-дин уәл хаят, 1:604-608).

Өз ағзаларын өзгелерге берген адам ол үшін ақы сұрамауы керек. Өйткені, адам ағзасы дүкенде не базарда сатыла беретін тауар емес.

Сұрақ: Адамның жақыны қайтыс болса, оған қайғырып, жылау дінімізде дұрыс па?

Жауап: Бір күні пайғамбарымыз (с.ғ.с.) зиярат ету үшін қабірге барғанда, баласы жерленген зираттың жанында шашын жұлып, бетін тырнап, тағдырын қарғап-сілеп күңіреніп отырған бір әйелді көреді. Қасына жақындап оның бұлайша зарлап жоқтауының дұрыс еместігін айтпақ болғанда пайғамбарымызды танымай қалған әлгі әйел: «Менің қандай қайғы-қасірет шегіп отырғанымды сен түсінбейсің, менен аулақ жүр» деп маңына

жолатпады. Сонда пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үндеместен ол жерден кетіп қалды.

Сол жердегілер күніреніп отырған әйелге ол кісінің Пайғамбар (с.ғ.с.) екендігін айтқанда, есі шыққан әйел өзін қоярға жер таппай қалады. Алла Елшісіне әдеп сақтамағандығын өзі де байқамай қалған еді. Сол мезетте-ақ пайғамбарымыздың үйіне жетіп барады. Есік аузында күзетші жоқ еді. Есікті қақпаған күйі ішке баса-көктеп кіріп барып, әлгіндегі қылығына өкініш білдіріп, пайғамбарымыздан кешірім сұрайды. Сол кезде пайғамбарымыз (с.ғ.с.): **«Сабыр – соққының алғаш тиген сәтінде»** деп ескерткен еді. (Бұхари, Жәнәиз, 32; Мүсілім, Жәнәиз, 15). Иә, ең маңыздысы сабыр. «Жазмыштан озмыш жоқ» демекші, тағдырдың жіберген ауыр сынын да ризашылықпен қабылдау керек. Шашты жұлып, бетті тырнап, тағдырды қарғап-сілеу және орынсыз сөздер айтудан ұзақ тұрған жөн.

Әрине, қатты жақсы көрген адамның қайтыс болғанын естігенімде оның ішінде әке-шеше, аға-әпке, жары, жора-жолдас және бала-шаға үшін қатты қайғырамыз. Бір жақынның қаза болса, көңілдің босамауы, көзге жастың келмеуі мүмкін емес. Адамзаттың асыл тәжі біз үшін үнемі үлгілі тұлға бола білген. Мәселен пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ұлы Ибраһим жастай шетінегенде екі әлемнің Сардары көзіне жас алған еді. Сонда қасындағы сахабалар таңырқанып «Уа, Расулаллаһ бұныңыз не?» дегенде пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) «Көңілдер босап, көзге жас келеді. Соған қарамастан Раббымыздың басымызға салғанына наразылық танытып, Оған қарсы келетін сөздер айтпаймыз» деген жауабы біз үшін үлкен ғибрат. Осылайша пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жалғыз ұлын соңғы рет құшағына басып бір иіскеді де «Ей, Ибраһим, шындығында да сенің кетуің мені қатты құлазытты» деп көзінен жас парлаған. Бірақ Жаратқанның жазмышына қарсы ешбір сөз айтпаған.

Сұрақ: Жақсы көрген ер азаматтан балалы болудың азабы қандай?

Жауап: Кешірініз, мен бұл жерден некесіз бала табу деп түсініп тұрмын. Егер де осылай болса мұны дінімізде зина дейді. Зина сөзінің түсіндірмесі ер не әйелдің бөгде біреумен некесіз жыныстық қатынасқа баруы дегенді білдіреді. Зинакорлық Ислам дінінде ғана емес, сондай-ақ өзге илләһи діндерде де тыйым

салынған үлкен күнәлардың қатарына жатады.

Құран Кәрімнің «Исра» сүресінің 32-аятында: **«Зинаға жақындамандар»** деу арқылы осы арсыз қылықтардың барлығына тыйым салып қана қоймай, зинаға жоламауды, тіпті оған апаратын әртүрлі әрекеттерден аулақ болуды бұйырған.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір өсиетінде: **«Неке қидырып үйленіңдер, перзентті болып көбейіңдер. Әрине, мен сендердің көптіктеріңді қиямет күні басқа үмметтің алдында мақтаныш етемін»** деген.

Зина жасағандарға берілетін жаза туралы қасиетті Құран Кәрімнің «Нұр» сүресінің 2-аятында:

«Зинашы әйел мен ердің әрбіріне жүз (қамшы) дүре соғындар. Егер Аллаға, Ақырет күніне сенсендер, оларға жұмсақтықтарың ұстамасын. Әрі екеуінің жазасын мүміндерден бір тобы көріп тұрсын», – деп бұйырған.

Егер де зина жасағанын екі жұп та мойындамаса. Не зина жасағандығына куәгерлер болмаса, онда ол екі жұп тәубе еткені дұрық.

Жамандықтан адам тек бұл дүниеде біліп-білмей істеген қателігіне іштей шын жүректен өкініп Аллаһ Тағалаға жалбарынумен немесе Ақыреттегі тозақ отымен ғана арыла алады. Құранда: **«Әй, мүміндер! Аллаға шынайы тәубе қылыңдар»** («Тахрим» сүресі, 8-аят), – дейді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): **«Кімде-кім Алладан күнәлары үшін кешірім сұрауды өзіне міндет тұтса, Аллаһ Тағала да ол пендені барлық қиыншылықтар мен қайғы-қасіреттен құтқарады. Және оған ойламаған жерден несібесін береді»,** – деген.

Сұрақ: Исламда әйел затытының шалбар киюі күнәға жата ма?

Жауап: Қай тұрғыдан қарасаңыз да, киінудің өзіндік үкімі болады. Бүгінгі таңда ерлер мен әйелдердің киім кию үлгісінде айырмашылық азайып бара жатқан сияқты.

Біріншіден, әйел адамның киімі дініміздің бұйрығы бойынша жұртқа жария қылып көрсетуге тыйым салынған әурет жерлерін жауып жүруі және ер адамның киімдерінен өзгешелеу болуы маңызды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) осыны ескерткен. Ер адамның әйелше киінуі мен әйелдің киімдерін ер адам ұқсатып киінуінен басталған хадистің соңғы лағнет дұғасына барып тіреледі.

Әйел заты осы хадисті ескеріп, алдымен дініміз әмір еткен керлерін жабуға, одан соң, киімдерін ер адамға ұқсатпай, өз әсиеттерін сақтауға тырысуы тиіс. Қоғамда шарияттың осы аны қолға алынса, оның екі дүниеде пайдасы мол болар еді. Әйткені күн өткен сайын ер мен әйел кісіні сыртқы киіміне қарай ажырату қиындап бара жатыр. Тіпті кейбір киім үлгілерін ер адамға немесе әйелге тән деп бөліп көрсете алмайтын жағдайға келдік.

Сонымен қатар, бүгінде әйелдер киіп жүрген етеккі ұзын сөйлек әйелдерге ғана тән киім емес. Себебі Арабияда мұндай сөйлекті ерлер де кие береді. Осы секілді шалбар кию де ерлерге ғана тән емес. Әйелдер де киюіне болады. Бірақ қатты тар болмауы әрі жоғары жағына бүйірі мен бөксесін жауып тұратындай етіп ұзынша кофта киюі керек.

Олай болса шалбар еркектің киімі ме, әлде әйел киімдеріне катады ма деген сұрақтың жауабын ең алдымен, шалбардың гарлығы мен кеңдігін немесе оның дініміз бұйырған әурет жерлерді жауып тұруын қозғаудан бастаған дұрыс. Іштен дене бітімін білдіріп тұрмайтындай бүйірі мен бөксесін жауып тұратын кең шалбар киілген болса, онда оны ер киімі деп түсінбеуіміз керек. Әйткені, ол киім әурет орындарды толықтай жауып тұрады.

Сұрақ: Мен фотография ісімен айналысқаным 2 жыл болды. Бір айдан бері намаз оқып жүрмін. Кітаптарда тірі мақлұқтардың суретін салуға болмайды деп жазылған. «Суретке түсіруге және түсуге бола ма?» – деген сұрақты айналамдағы кісілерге қойсам, біреулер: Болады, Аллаһтың саған берген жолы, – дейді. Ал енді біреулер: болмайды, ол үшін Қияметте жауап бересің дейді. Қайсысы дұрыс?

Жауап: Біріншіден, суретке түсірудің (бейнелеудің) жарамдығы туралы хадистер мыналар:

1) Ибн Омар (Аллаһ екеуіне разы болсын) Пайғамбарымыздың (салла Аллаһу алейһи уә сәллам) былай дегенін жеткізеді:

«Бұл бейнелерді жасаушылар Қиямет күні азапталады. Оларға: «өздерің жаратқан нәрселерді тірілтіңдер» делінеді». (Әл-Бухари және Муслим).

2) Ибн Аббас (Аллаһ ол екеуіне разы болсын)

Пайғамбарымыздың (салла Аллаһу алейһи уә сәллам) былай дегенін естідім дейді:

«Кімде-кім бұ дүниеде бір бейнені бейнелесе, Қиямет күні соған жан бітіру міндеттеледі бірақ оның оған шамасы келмейді» (Әл-Бухари, Муслим).

Екіншіден, харам болудың себептері:

«Дәрус сәлам» баспасынан жарық көрген «Фатхул мәжид» кітабының 546-бетінде былай делінеді:

«Пайғамбарымыз (салла Аллаһу алейһи уә сәллам) бейнелеудің харам болуының себебін айтып кеткен – ол Аллаһтың жаратушылық сипатына ұқсау. Аллаһ Тағала Жаратушы және бұйырушы, Ол әр нәрсенің Раббысы және Иесі және барлық нәрсенің жаратушысы. Барлық мақлұқтарды бейнелеген де Ол – Аллаһ жәге оларға жан салып өмір берген де Ол. Олай болса, бейнелеудің харам болуының себебі: Аллаһ Тағала жаратқан бір жаратылысты жасау арқылы аллаһтың жаратушылығына ұқсау. Ол Құран бойынша:

«Оған ұқсас еш нәрсе жоқ. Ол (Аллаһ) әр нәрсені естуші, толық көруші» (Шура сүресі, 42:11).

Үшіншіден. Қазіргі уақытта суретке түсірумен айналысушылар Аллаһтың жаратушылығына ұқсаушылар ма?

Бүгінгі күні суретке түсірушілердің істейтіні тек қана Аллаһ Тағаланың өзі жаратып, жан берген адам суретінің қарсы бейнесі (отражение) фотоаппарат ішіне түсіріп, басып шығару ғана. Адам айна алдында тұрғанда қарсы алдынан өз бейнесін көретін сияқты. Олай болса суретке түсіруші Аллаһтың жаратқанына ұқсас жаңа бір нәрсе жаратпайды. Ал жаратудың мағынасы: жоқтан бар ету.

Хадистегі харам етілген бейне – денесі бар бейнелер (мүсіндер), ал хадистегі «бейнелеушілер» – мүсіншілер – Аллаһтың жаратқанына ұқсап, тастан (немесе басқа нәрседен) ойып, қашап мүсіндер жасаушылар. Аллаһтың жаратқан адамының қарсы бейнесін (отражение) суретке түсіріп, шығарушылар емес.

Төртіншіден. Жоғарыда түсіндіріп өтінгенге байланысты рұқсат етілген сурет түрлерінің ережелерін айта кетейік:

1 – Суретке төлқұжат, жеке куәлік немесе кез келген құжаттарға қажетті жағдайда түскен дұрыс.

2 – Шариғат бойынша жабық болуға тиісті дене мүшелері

(ғаурат) – еркектерде кіндік пен тізе ортасы, әйелдерде беті, қолының басы мен аяқтың тобықтан төменгі бөлігінен басқа барлық денесі суретке түскенде ашық болмауы шарт.

3 – Ыңғайсыз жағдайларға жол бермеу үшін әйелдерді әйел адам суретке түсіргені абзал.

4 – Жаны жоқ (табиғат суреті ағаштар, тастар, таулар т.б.) нәрселерді суретке түсіру шариатта рұқсат етілген.

Сұрақ: Әйел адам мешітке баруына бола ма?

Жауап: Иә, әйел адамның мешітке баруына болады. Бірақ мынадай шартты есте ұстау қажет: Мешітке барғанда ер адамның назарын аударып, елітетін әдемілік бұйымдарын тағудан және әтір жағудан аулақ болуы керек. Ибн Омар (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) айтады: «Әйелдердің мешітке баруына тыйым салмаңдар, бірақ олар үшін үйлері қайырлы», Әбу Һурайра (ради Аллаһу аһу) Пайғамбарымыздың былай дегенін жеткізді: «Аллаһтың құлдары – әйелдерді Аллаһтың үйлері – мешіттерге барудан тыймаңдар, және олар хош иіс себінбей барсын». (Хадисті Ахмад және Әбу Дауд риуат еткен).

Әбу Һурайрадан, Аллаһ оған разы болсын, жеткен хадисте: Пайғамбарымыз (салла Аллаһу алейһи уә сәллам) айтты: «Қайсыбір әйел үстіне әтір жаққан болса, бізбен бірге соңғы (күптан) намазды оқымасын» (Хадисті Муслим, Абу Дауд және Ан-Насай риуаят еткен).

Әйелдер намаздарын үйлерінде оқығандары абзалырақ.

Сұрақ: Құрандағы Аллаһ Тағаланың «рахман» және «рахим» деген есімдері қай аяттан алынған? Олар Құранда қанша жерде айтылады?

Жауап: Аллаһ Тағаланың есімі Құранда «Бисмиллаһтың» бірінші сөзі – «исм» (есім немесе ат), «Бисмиллаһтың» екінші сөзі – «Аллаһ», «Бисмиллаһтың» үшінші сөзі – «Рахман», «Бисмиллаһтың» төртінші сөзі – «Рахим» болып келеді. Аллаһ Тағаланың ең ұлы атауы – «Аллаһ».

Бұл атау Құран Кәрімде 2697 жерде аталады. Әрине, «рахман», «рахим» деген атаулар Аллаһ Тағаланың ұлттық аттарынан екендігінде күдік жоқ. Құран Кәрімде «Рахман» – 57, «Рахим» – 95 жерде айтылады.

Сұрақ: Жаратқан иеміз Аллаһ Тағала «Білушілердің

білушісі» болғандықтан Өз сөзі әрбір оқыған аятқа жауап беретіні ақиқат. Әйтсе де, Акбар деген сөздің ұғымы не? Біз аллаһу Акбар дегенде Аллаһ Тағала не деп жауап береді? Оған дәлел не?

Жауап: Аллаһ Тағала – ұлы ұстаз. Біздің талабымыз бойынша негізіен «Акбар» деген араб сөзі қазақша «Ұлық» деп қалыптасқан. Ал біз Аллаһу Акбар дегенде, Аллаһ Тағала «Кулли шайин», яғни әр нәрсеге «Ұлықпан» деп жауап береді.

Сұрақ: «Жүз», «хизб», «руби» деген не? Олар не үшін қажет? Құранда қанша сүре, аят, сөз, әріп бар?

Жауап: Құран оқуға жеңіл болуы үшін отыз бөлікке бөлінеді. Оны «жүз» дейді. Әр жүз екі бөліктен тұрады. ол – «Хизб» деп аталады. Ал әр «хизбтің» төрттен бірі – «руби» делінеді. Яғни, Құран – 30 жүз (пара), 60 хизб және 240рубиден тұрады. құранда 114 сүре, 6226 аят, 77439 сөз, 325743 әріп бар.

Сұрақ. Аят оқылған соң мұсылмандар «әумин» дейді. «Әумин» қай тілден алынған? Ұғымы не? Не үшін қолданады немесе айтылады?

Жауап: «Әумин» (амин) еврейше «Дұрыс» деген сөз. Аллаһқа адалдықты дәлелдеу үшін және аятта айтылғандармен толықтай келісетінін білдірумен қатар онымен амал жасау үшін қолданылады. «Әумин» қазақша: «Я, Аллаһ, қабыл ет!» деген сөз.

Сұрақ: Адам деген не?

Жауап: Әріп бойынша «А» – әдеп, «Д» (даль) – адалдық, «М» (мем) – мейірбан. Ал арабша адамды «Нас» деп атайды.

Сұрақ: «Нас» деген не? біз не үшін намазда адамға сәжде жасаймыз?

Жауап: Шарифатта аят, хадистердегі ашық дәлелдерді «нас» деп атайды. Сондықтан «нас» болмаған жерде қияс дәлел бола алмайды.

Демек, «нас» шарифат үшін жаратылған. Ал шарифат «нас» үшін жаратылған. Сол себепті намазхан мұсылмандар намазда «насқа», яғни адамға сәжде жасайды. Құранда он төрт неше жерде сәжде аяты бар. Аллаһ Тағала Құранды осы «Нас» сүресімен бастаған. Демек, ол «настың» маңыздылығын көрсетеді.

Сұрақ: Мұсылманның намазда басты сәждеге қоятын себебі не? Сәжденің қандай пайдасы бар?

Жауап: Оның себебі: «Я, Аллаһ, өзіңнің құлыңмын. Басымды

«насқа» идім, бәрінен төменмін» деп Аллаһқа жалбарынып, өзінің кішіпейілділігі мен адалдығын көрсетіп, құлшылық етеді. Хадисте: **«Сәждеге басын қойған пенде – Аллаһқа ең жақын пенде»**, – делінген. Егер ол пенде ұйықтаудан әуелі сәждеге бас қойса, Аллаһ Тағала оған еркіндікті лайық деп біледі. Қайсыбір уақыттарда періштелеріне: **«Пенделеріме назар салып тұрындар, өйткені олардың рухы Менде, денесі сәждеде»**, – деп әмір береді делінген.

Сұрақ: Имамға ұюшы екі сәлемде де кімдерге сәлем береді. Ал жеке оқығанда қалай?

Жауап: Имамға ұюшы екі сәлемде де періштелерді, мұсылман жындарды, өзімен бірге ұйығандарды ниет етеді. Жалғыз оқушы екі сәлемде де тек періштелерге ниет жасауы сүннет.

Сұрақ: Кейбіреу жерге түскен тағамды «жетімдікі» деп ырымдап, жемейді. Расында, оны жеуге бола ма? Қандай сауабы бар?

Жауап: Бұл сұраққа Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өз хадисінде: **«Кімде-кім табақтан, ыдыс аяқ не дастарханнан түсіп кеткен тамақты жерден алып жесе, ол әрдайым есуастық, сарандық, ақымақтық дегендерден аулақ жүреді»** деген.

Міне, оның осындай сауабы бар.

Сұрақ: Исламда Жұма күнін неліктен қасиетті деп санайды?

Жауап: Бұған жауап ретінде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) төмендегі хадистерін ұсынамыз.

1. Жұма күні – Аллаһ Тағала Адам Атаны (ғ.с.) жаратты.

2. Осы күні Адам Ата (ғ.с.) жерге түсті.

3. Жұма күні Адам Ата (ғ.с.) қайтыс болды.

4. Жұма күні бір сағат бар. Ол сағатта пенде Аллаһтан харамнан басқа не тілесе де береді.

5. Жұма күні Қияметтің сағаты соғады. Қандай періште аспан, жер, жел, тау, теңіздер болмасын Жұма күні Қиямет болып қала ма деп қорқады.

Сұрақ: Бұл күндері мұсылмандар арасында Аллаһ Тағала мұсылмандардың жандарын да, малдарын да жәннат беріп сатып алады деген ұғым бар. Осы анық па? Дәлел не?

Жауап: Иншаллаһ, ол рас. Құран Кәрімнің 9:111 аятында былай деген: **«Мүміндердің жандарын да, малдарын да Аллаһ**

оларға жәннат беріп сатып алғаны анық. Олар Аллаһ жолында соғысып, жауды қырады және қырғынға ұшырайды. (Айқасқа шыққандарға жәннат беру) Аллаһтың Тәуратта, Інжілде және Құранда еске алған шын уәдесі. Уәдеге Аллаһтан берік кім болмақ? (Ендеше, Аллаһпен) жасасқан бұл серттеріңе қуаныңдар, бұл деген зор бақыт» делінген. Осы аяттан алып ғұламалар айтады: «Аллаһ Тағала мен пенденің арасында сауда жүреді. Сатушылар – пенделер, сатып алушы – Аллаһ Тағала. Сатылған тауар – пенделердің жандары, тауардың бағасы – жәннат».

Сұрақ: Пендеде үш сипат болса ол оңай жәннатқа кіреді деген. Ол сипат немене?

Жауап: Бұл сұрақтың жауабын мына хадистен табамыз. Хадисте: «Сені құр тастағанға беруің, саған келмегенге баруың және саған зұлымдық істегенді кешіруің. Бұларды істесен Аллаһ Тағала рахметімен сені жәннатқа кіргізеді», – деген. (Термизи және Хакім риуаят еткен).

Сұрақ: Әулие мен мұсылмандар зираттарына Аллаһтың нұры күн сайын жауып тұрады деген сөз шарифатта бар ма?

Жауап: Иә, шарифатта бар. Құран Кәрім аятындағы: «Анығында әрбір жан иесін сақтайтын періште бар» деген Аллаһтың бұйрығы бойынша мұсылман адамның әруағын осы періште Қияметке дейін күзетеді және сол пенденің қабіріне рамет періштелері келіп Қиямет күніне дейін зиярат етеді. Сондай-ақ, жақсылар үшін періштелердің дұғасы бар. Осы періштелердің дұғасы Аллаһтың нұры болып әруақтарға жауатыны хақ.

Сұрақ: Қасиетті Зәмзам суының «таиба», «барра», «маднуна» деген теңеулері бар екен. Мұның шешімі қандай?

Жауап: Аллаһ Тағала иман келтіргендердің ең игі жандары Зәмзам суынан ішетіндіктен, оны «таиба» дейді. Ал тақуалы мұсылмандар Зәмзам суынан нәр алатындықтан, оны «барра» дейді. Зәмзам суы көпірлерге сараң болғандықтан, оны «маднуна» деп атайды.

Сұрақ: Аллаһ Тағала: «Екі арам, екі жансыз жәннатқа кіреді» деген екен. Ол не?

Жауап:

1. Жансыз – Ыдырыс (ғ.с.) пайғамбардың кебісі.

2. Жансыз – Мұса (ғ.с.) пайғамбардың таяғы.

Ал жанды екі нәрсенің бірі – Құзайырдың (Қыдыр) (ғ.с.) есегі. Екіншісі – «хитмр» атты үнгірдегі ит.

Сұрақ: Төрт пайғамбар тірі дейді. Мұның біреуі өліп, қайта тірілген. Олар кімдер?

Жауап:

1. Иса (ғ.с.) – екінші қабат көкте.
2. Ыдырыс (ғ.с.) – төртінші қабат көкте (жәннатта),
3. Ілияс (ғ.с.) – осы дүниеде, суларда мекендейді.
4. Құзайыр (ғ.с.) – бұл бір ғасыр өліп, Аллаһтың қалаумен қайта тірілген. Бұл дүниеде Аллаһ қалаған пендемен кездесіп сөйлеседі. Бата, өнер, білім береді.

Сұрақ: Бұл дүниеде тойымсыз көз екенін білеміз. Ол тек топыраққа тоятынын Жаратқан неміз айтқанын да білеміз. Ал о дүниеде тойымсыз зат бола ма? Болса ол неге тояды?

Жауап: О дүниеде тойымсыз зат – тозақ. Ол тек Аллаһ табанын салғанда ғана тояды. Бұл жайлы хадисте: «Күн мен Ай тозақта жиырылып тұрады» деген екен (Бұхари). Сондай-ақ ол тоймайды. Аллаһ Тағала: «Ол күні тозаққа: «Толдың ба» дейміз. Ал ол: «Тағы да бар ма?» дейді» – деген.

Сұрақ: Зекет кімдерге және қандай орындарға беріледі?

Жауап: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Маған зекет бер», – деген адамға былай жауап берген.

«Ұлы Аллаһ зекеттің берілетін орындары жайында пайғамбарының да, басқаның да үкіміне разы болмай, өзі берді. Оны сегіз топқа бөлді. Егер сол сегіз топтың ішінде болсаң, саған есенді беремін» (Әбу Дәууд, Зекет, 24).

Зекеттің берілетін орындарын Аллаһ Тағала «Тәубе» сүресінің 60-аятында былай деп тағайындап білдіреді: «Шын мәнінде садақалар (зекеттер), кедей-кепшіктерге, түті жоқ міскіндерге, зекетті жинауға тағайындалған адамдарға, көңілдері жібітілуі мақсат етілгендерге (жаңа мұсылмандарға), құлдарды азат етуге, қарызға батқандарға Аллаһ жолына және қиналған жолаушыларға берілуі Аллаһ тарапынан парыз етілді».

Бұл аятта айтылған сегіз топты былай түсіндіруге болады:

1-2. Пақырлар мен міскіндер. Пақыр деп – нисап мөлшеріне жететін байлығы жоқ адамдарға, міскін деп – түті жоқ адамдарға айтылады.

3. Зекет жинауға тағайындалған арнайы адамдар. Зекеттердің жиналуы, сақталуы, есептеліп, лайық адамдарға таратылып, тапсырылуы сияқты жұмыстар үшін мемлекет тарапынан тағайындалған адамдар. Бұларға зекеттен белгілі есе аталмыш еңбектерінің қарымына айлық ретінде берілгендіктен тағайындалған адамдардың бай болулары зекеттен мемлекеттің белгіленген мөлшерін алуларына бөгет емес.

4. Муәллафатул-кулууб. Мұсылман болу бақытына әлі кенелмеген кейбір адамдардың жаманшылығынан сақтану үшін және Ислам дінін жаңадан қабылдаған иманы әлсіз адамдардың тіпті әлі Исламды қабылдамаған кейбір адамдардың көңілін жібіту үшін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) кедей болсын, ауқатты болсын, оларға зекеттен белгілі есе беріп отырған. Міне, осы аталмыш үш топ Құранда айтылып, зекеттен белгілі бір есе тағайындалған «муалләфатул-кулууб» тобына жатады.

Бірақ Хазреті Омар дәуірінде бұл топқа берілетін зекет есесі тоқтатылған. Тоқтатылуының басты себебі, Ислам дінінің дүниеге қанат жайып қуаттанғаннан кейін бұлардың көңілін Исламға жібітіп, жаманшылықтарынан сақтанудың қажеті болмай қалуында еді. Бірақ кейбір ғалымдардың пәтуасына сүйенсек, қажет болған жағдайда қайтадан бұл топқа беруге болады.

5. Құлдар. Қожайынынан азат болу үшін белгілі ақшаға келіскен құлдарға зекет беріледі. Міне, бұл Ислам дінінің құлдарды азат ету жолында жұмсаған еңбектерінің бір көрінісі.

6. Қарызға батқандар. Қарызынан тыс нисап мөлшеріндегі малға ие болмаған немесе басқасында алатын қарызы болып, қайтарып алуы мүмкін болмағандар «қарызды адамдардың» тобына жатады. пақырға зекет бергеннен гөрі қарызынан қиыншылық көріп жатқан адамдарға зекет беру – абзал. Өйткені, қарызынан құтылу – қарызы бар үшін басты міндет.

7. Аллаһ жолында. Бұл топқа Аллаһ ризалығы үшін ілім іздесушілер, Аллаһ Тағаланың дінін қорғау және жастарымызды имандылық, адалдық, адамгершілік, әділдік сияқты жақсы қасиеттерге тәрбиелеу үшін, жалпы қоғам пайдасына шешілетін қиырлы істер үшін бар күштерін салып еңбек етушілер кіреді.

8. Қаржылары бітіп, жолда қалғандар. Бұларға негізгі тұрғылықты жерлерінде ақшалары барлар жатады. Яғни, бай

болса да оларға зекет беріледі (қажылар, ілім ізденушілер, т.б. сияқты).

Сұрақ: Қоян асырауға және оның етін жеуге бола ма?

Жауап: Қоян етін жеудің еш әбестігі жоқ. Ұй қоянының да, жабайы қоянның да етін жеуге болады. Кейбіреулер: «Қоян сор (сәтсіздік) әкеледі, сондықтан оның етін жеуге болмайды», – деп жатады. бұл сөздің ешқандай діни негізі жоқ.

Қоян асырауға келетін болсақ, тауық, күркетауық асырағандай оны да асырауға болады. Бұған ешқандай тиым салынбайды.

Сұрақ: Іште өлген балаға ат қойылмай жерленсе күнә бола ма?

Жауап: Дене ағзалары толық жетіліп дүниеге келген сәби (дауыс шығарса, дем алса немесе әрекет жасағаннан кейін) шетінесе, оны жуу – уәжіп. Ал ағзалары толық жетілмей немесе өлі туылған сәби жуылмайды. Ат қойылмайды. Матаға оралып, жаназа намазы оқылмайды. Яғни, Ханафи мәзһабы бойынша, дүниеге келген сәби дауыс шығарғаннан кейін шетінесе ғана ат қойылып, жуылады және жаназа намазы оқылады. Ал еш дыбыс шығармай, шетінесе яғни өлі туылса матаға оралып жерленеді, жаназа намазы оқылмайды. Егер де анасы немесе қасында болған адам ол сәбидің дыбыс не әрекет еткендігін растайтын болса (көрссе, естісе) онда анасының сөзін негізге ала отырып, сәбиге ат қойылады, жуылады және жаназа намазы оқылады.

Сұрақ: Мәйітті екі күн күттіруге бола ма?

Жауап: Жаназаға жуып кебіндегенге дейінгі уақытты «дайындық уақыты» дейді. Ислам діні бойынша, мәйітті (қайтыс болған кісінің денесін) тез жуып, кебіндеп, жаназасы шығарылғаны абзал. Яғни мәйітті жерлеуге асығу – мұстахаб.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Өлген адамды жерлеуге асығындар», – делінген (Тирмизи, Сүнәнғ Жанаиз, 73).

Өзге дін өкілдері сияқты мәйітті бірнеше күн бойы (жерлемей) күттіріп қою дұрыс емес. Қайтыс болған кісінің туған-туыстары ұзақта болса, олардың жаназаға үлгерулері үшін мәйітті бір күн, бір түн күттіруге болады. Ондай жағдайда мәйіт бұзылмайтындай болуы керек. Мәселен, пайғамбарымыз (с.ғ.с.) дүйсенбі күні бақилық болған. дайындық уақыты екі күнге созылғандықтан, Оның сәрсенбі күні жер қойнына

тапсырылғандығын деректерден көруге болады. (Ибн Саид, эт-Табақатул Кубра, II/273).

Сұрақ: Мәйітті табытпен жерлеуге бола ма?

Жауап: Мәйітті табытпен жерлеу ең соңғы жағдайда ғана қолданады. Негізінде мәйітті табытқа салып жерлеу – мәкрұһ, тек оған жер құмды немесе сазды болса ғана рұқсат етіледі. Сонымен қатар, табыт темірден болмауы керек.

Сұрақ: Намазға тұрғанда ниеттен кейін қолды құлаққа тигізу керек пе, әлде кеудесіне дейін көтере ме?

Жауап: Ифтихак (бастау), тәкбірі үшін қолдарын көтеру – сүннет. Ер кісілер қолдарының бас бармақтарын құлақтарының жұмсағының тұсына, әйелдер қолдарын иықтарына жететіндей кеуделеріне дейін көтеріп «Аллаһу әкбар» дейді. Қолды көтерген кезде алақандары ашық күйде құбылаға қаратылып, саусақтары еркін тұруы керек. Ханафилар бұл жайлы мынадай хадистерге сүйенеді: Бәра ибн А'зіб (р.а) былай дейді: «алла Елшісі тәкбір келтірген кезде қолдарын көтеретін. Сонда екі бас бармағының екі құлағына жақын болғанын көретінбіз» (Сунануд-Дарәкутни, 3-том, 245-бет. Муснуд Ахмад).

Әнәс ибн Мәликтен мына хидис риуаят етілді: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намазды бастаған кезде тәкбір айтатын да қолдарының екі бас бармағын екі құлағының тұсына дейін көтеретін» (әд-Дарәкутни). Дарәкутни бұл хадисті сахих деген.

Мәлик ибн әл-Хуайристен риуаят етілген басқа бір хадисте: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тәкбір айтқан кезде қолдарын құлақтарының тұсына дейін көтеретін...», – делінген.

Шафиғи мен Маликилер ибн Омардың: «Алла Елшісі (с.ғ.с.) намазға бастаған кезде екі қолын иығының деңгейіне жететіндей көтерді», – деген хадисі бойынша амал етеді.

Сұрақ: Күнге жылыған сумен дәрет алуға бола ма?

Жауап: Табиғи сулар деп табиғатта кездесетін тұнық жаңбыр, қар, өзен, теңіз, көл суларын және құдық суы секілді жер асты суларын айтамыз. Су дегенде ойға оралатыны да осылар. Дәрет пен ғұсыл алуға тек осы сулар пайдаланылады.

Табиғи үш (реңі, исі, дәмі) қасиетін жоғалтпаған бұл сулар тұрмыста пайдалануға, яғни ішуге, тамаққа қосуға, ғұсыл, дәрет алуға жарайды.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Судың реңі, дәм немесе иісі өлпегенше, су таза» (Зәилай, Насбур Рая, 1/94), – деген.

Сонымен қатар, темір, қола сияқты ыдыстарда және ауа райы тыс ыстық болған аймақта күн сәулесімен ысытылған сумен дәрет алу, ғұсыл құйыну – мәкруһ. Өйткені, Айша анамыз (р.а.) пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үшін күн сәулесінде су ысытты. Сонда пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ей, Хумайра (Айша анамыздың лақаб аты), олай жасама. Өйткені, ол алапес ауруына жол ашады», – деген еді. (Дарекутни, Таһарат, 1/38).

Фикһ ғұламалары (ауа райы ыстық болған аймақта, суды бір ыдыста (күн сәулесіне) ысытатын болса, күн сәулесінен ыдыстан кішкентай бөлшектер бөлініп суға араласады. Ал ол микробтар адам денесінің кеткаларын бітеп тастайды. Нәтижеде, ауруға жол ашады. Бірақ су алтын, күміс, ағаш, шыны секілді ыдыстарда, бассейнде немесе ауа райы тым ыстық болмаған аймақта күн сәулесімен ысыса да дәрет, ғұсыл алуға болады», – дейді.

Ал қазіргі таңдағы күн сәулесімен ысытуға келейік. Фикһ кітаптарының барлығында емес, тек санаулысында ғана «дәрет алу әдебі» бабында күн сәулесімен ысыған суға дәрет алуды (тәнзий-харамнан қашық) мәкруһ деген. Яғни, күн сәулесімен ысытылған суды қолдану тек тәнзий мәкруһ екен. Ол халалға жақын мәкруһ деген сөз. Фикһ кітабының «Дәрет алу әдебі» бабында қарастырудың өзі ол судың харамға жақын емес екендігін көрсетеді.

Күн сәулесінде ысыған судың мәкруһ болу себебін «Фатхул Уаһһаб» сияқты кітаптарда: «Ыдыс тат басып қасиетін жоғалтатын болса, ол суды қолдану мәкруһ болады. Сонымен қатар, күннің ыстықтығы Арабстандағыдай ыстық болуы керек. Осы ыстыққа шыдас бермеген ыдыстар судың құрамын бұзады. Міне, осының салдарынан адам алапес сияқты ауруларға шалдығуы мүмкін», – дейді.

Ал бұл аймақта айтып өткен аймақтағыдай ыстық емес. Оған қоса өзге ыдысқа қарағанда шыны ыдыстағы сулар тез жылиды. Салқын суды күн сәулесіне жылытып жатамыз. Демек, күн сәулесімен ысыған судың зияны жоқ, ыдыстың қасиетіне байланысты екен.

Сұрақ: Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) дәуірінде футбол сияқты ойын болған ба?

Жауап: Кез-келген адам өзі немесе көпшілікпен дененің саулығын арттыру мақсатында жасалған ойын түріне қатыса

алады. Мұсылмандыққа қайшылық туғызбайтын спорт түріне дініміз рұқсат еткен, әрі оған көңіл бөлген. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айналасындағы сахабаларға атқа міну, мергендік, күрес, ат және түйе жарысы секілді спорт түрлерін меңгеруге шақырған. Өзге спорт түрлерімен қатар көпшілікке мәлім болған жүгіру жарысына да мән берген. Деректерде пайғамбарымыздың өзі сүйікті жары Айша анамызбен екеуара жүгіру түрінен жарысқандығы сөз етіледі.

Ал пайғамбарымызға қатысты жазылған классикалық дерек кездерінде футбол секілді ойын түрі туралы кездестірмейміз. Бірақ, ғұмырын пайғамбар тарихына атаған Пакистандық Мұхаммед Хамидулла «Ислам тарихы» атты өзінің 2 томдық еңбегінде «курра» (аяқдоп) ойыны туралы айтады. Ол дәл бүгінгі футбол ойыны болмаса да ұқсас болуы ықтимал. Жергілікті халық бұл ойынды қызықтайтын болған. пайғамбарымыз да бұл ойын түріне тыйым салмаған көрінеді.

Бүгінгі заманымыздағы орын алған спорт түрлерінің көбісі пайғамбар дәуірінде болмаған. Солай бола са, дініміздің әмірлері мен тыйымдарына қайшы келмесе, ондай спорт түрлерін қолдануға дініміз рұқсат береді.

Сұрақ: Интернетте ойын ойнауға бола ма?

Жауап: Ақша тігіп, құмарлыққа салыну және дініміздің тыйым салған ойыны болмаса ойнауға болады. Онда мынадай нәрселерді ескерген жөн:

1. Намаз секілді маңызды құлшылықтарды ұмытып кетпеу;
 2. Құмар ойынға айналдырмау;
 3. Тіліне ие болу, өзгені балағаттамау;
 4. Қарсыласымен адамдық, моралдік қарым-қатынаста болу.
- Алайда ойынға міндетті түрле азды-көп уақыт кетеді.

Негізінде уақыт – адам баласы үшін өте қымбат ұғым. Уақыт білге емес, біз уақытқа тәуелдіміз. Құранда: «Әрбір үмметтің өмірі (белгіленген уақыты) бар. Олар оны бір мезет кешіктіре де, ілгерілете де алмайды», – дейді («Ағраф» сүресі, 14 аят). Сондықтан уақыттың мәнін дұрыс түсінген абзал.

Уақыттан қадірін жете түсінген Аллаһ Тағаланың тақуа құлы Имám Уақи қарны ашқанда нан жемей, тек сұйық ауқат ішпеді екен. Бұның себебі сұралғанда ол: «Нанды шайнауға жұмсалған уақытта күніге 50 аят және хадис оқуыма болады», – деп жауап

берген екен. Иә, уақытты бос өткізу де өлтіру де Имам Уақиға тым жат құбылыс екені осы сөзінен-ақ байқалады. Сондықтан да адам баласы үшін уақыттың қадірін біліп оны тиімді пайдалану өте маңызды.

Ибн Аббас (р.а.) айтады: «Алла елшісі (с.ғ.с.) бір кісіге насихат айтып жатып былай деді: «Бес нәрседен бұрын бес нәрсенің қадірін біл: қартаймай тұрып жастық шақтың қадірін біл, ауырмай тұрып денсаулықтың қадірін біл, кедейліктен бұрын байлықтың қадірін біл, қысылтаяңнан бұрын бос уақытты қадірле және өлмей тұрып тірлігінді ғанибет біл».

Ибнүл Жаузи: «Адамға жарасатын нәрсе – уақыттың қадірін біліп, оның әр сәтін ұтымды пайдалана білу. Мен адамдардың уақыттарын сұмдық өлтіретіндіктерін байқадым. Онлай адамдарды батып бара жатқан кемеде алаңыз әңгіме-дүкен құрып отырған жолаушыларға ұқсатам», – дейді.

«Адам баласы екі нәрсенің қадірін білмейді: бос уақыт және денсаулық» деп хадисте ескертілген әрі кезінде ислам ғұламалары осыншалықты көңіл бөлген уақыт мәселесіне біз бүгін өте самарқау қарайтын сияқтымыз.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): **«Қиямет күні адам баласы мына 5 нәрседен сұрайлмай қоймайды. Соның біреуі. өмірін (уақытын қайда) өткізгені»**, – дейді.

Сондықтан да мұсылман баласына маңызды игі амалдар тұрғанда уақытты боса сарп еткені жараспас.

Сұрақ: Азан шақырылғанда не істеуіміз керек?

Жауап: Азан – сөзі «хабар беру, естірту» деген мағынаны білдіреді. Дініміздегі терминдік мағынасы – намаз уақытының басталғандығын білдіру үшін айтылатын арнайы шақыру сөздері.

Азанның дініміздегі орны ерекше. Сонымен қатар азан – негізгі ислам рәміздерінің бірі. Мұсылман баласы азан шақырылғанда оны ықыласпен тыңдап азан сөздерін қайталауы керек. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): **«Азанның дауысын естігенде азаншының сөздерін қайталаңдар»**, – деген. Тағы бір хадисте: **«Хаййә алас-Салә (Намазға асық!). Хаййә аләл-Фәләх (Азаттыққа, мәңгілік бақытқа жетуге асық!), деген кезде Ләә хаула уәләә қууата иллә биллаһ (Күш қуатқа тек Аллаһ ғана тән) деген сөздерді айту керектігін өсиет еткен»**. Өйткені намазды өз деңгейінде орындау өте жауапты игі амал. Осылайша

мүмін, азаншының дауысын естігенде «күш қуат тек Аллаһқа ғана тән» деу арқылы «Уа, Аллаһ Тағалам! Егер де Сенің күш қуатың болмаса намаз да өз деңгейінде өтелмей мәңгілік бақытқа жете алмас еді» деген болады.

Расуллаллаһ (с.ғ.с.) бір хадисінде былай деген:

«Ей, менің үмметім, аза біткен соң мына дұғаны оқындар. «аллаһумма раббә һәзиһид дауәтит тәммәти, уәс саләтил қаймәти, әти Мұхаммедадәһнил-уәсиләтә уәл фәдаийләтә, уәд-дәражатар-рафийъа, уә бәасһу мақамән махмудәһнил ләзий уа адтәһу».

«Иә Аллаһ Тағалам! Мына толық азан мен оқылатын намаздың Раббы! Хәзірет Мұхаммедке арқау болуды, ерен ерекшелікті және жоғары дәрежені бер! Және де оны өзін уәде еткен «махмуд шыңына» жеткіз. Сенің өзін берген уәдеңді орындайтынына ешқандай күмән жоқ».

Сұрақ: Тауап дегеніміз не?

Жауап: Тауап – араб тілінде зиярат ету, бір нәрсені айналу сияқты мағыналарды білдіреді. Ал шарғаттағы терминдік мағынасы – Қасиетті Қағбаны жеті рет ғибадат ниетімен айналу. Тауап Аллаһ Тағаланың аршының айналасында тауап ететін періштелер тәріздес Аллаһ Тағалаға деген сүйіспеншілікпен, тағзыммен жасалатын ғибадат. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тауаптың намаз тәріздес ғибадат екенін білдіреді: «Байтуллаһтың (Қасиетті Қағба) айналасында тауап жасау – намаз оқу сияқты. Ерекшелігі тауапта сөйлеуге болады, бірақ тауап жасап жүріп кім сөйлесе, қайырлы сөз сөйлесін» (Тирмизи, Хаж, 112).

Қағбаның оңтүстік жағындағы бұрышында «Хажарул-Әсуәд» деп аталатын қасиетті қара тас бар. Тауап осы қара тастың қарсысынан басталады. Қағбаны жеті рет айналады. Әрбір айналымға «шаут» делінеді. Жеті рет айналғанда, бір тауап толық бітті деп саналады. Тауапта айналымдарды бірінен кейін бірін кестеу шарт емес. Тауап толық бітпей жатып, ортасында дәрет алып, намаз оқып, қайтадан айналуды одан әрі жалғастыруға болады.

Тауап жасап жатқан уақытта парыз намаздары үшін қамат алынса, тауапты тоқтатып, жамағатпен бірге намазға тұру керек. Қалған айналымдарды намаздан кейін жалғастырады.

Сұрақ: Әйелдің мешітке баруы міндетті ме?

Жауап: Исламда әйел адамның мешітке барып намаз оқуына тиым салынбаған. Дегенмен, үйде оқыған ең абзалы. Өйткені Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадисінде: «Әйелдердің мешітке баруына тиым салмандар. Бірақ, үйінде оқығаны одан қайырлы (жақсы)», – деген. Тағы бір хадисте: «Әйелдердің ең ізгілері – мешіті үйінің ішінде болғаны», – деген. Осы хадистерде айтылғандай әйелдер намазды мешітке барып оқыса болады. Бірақ өз үйінде оқығаны абзал.

Ал, намаз оқуға келген адам мешіт әдебін сақтауы тиіс. Дүние сөзін сөйлеп, әдепсіз әрекет көрсетіп, орынға таласуына болмайды. Әрі мешіт Аллаһтың үйі екендігін естен шығармай, оны барынша таза ұстау қажет.

Әйелдер сыртқа шыққанда сырт көзге түсетіндей әдемі киінуіне болмайды. Тек қана өз күйеуінің алдында әдеміленіп, жасануы тиіс.

Сұрақ: Науқас адамдар намаздарын қалай оқиды?

Жауап: Ақыл-есі дұрыс кісілер басқа жерлері науқас болса да діни міндеттеріне жауапты. Бірақ дініміз бұл діни парыздарды атқару үшін оларға жеңілдік көрсеткен.

Намаз оқудағы жеңілдіктер:

Науқас кісі әл-куат, шама-шарқына қарай намазын оқиды. Мысалы, түрегеп тұра алмайтын, яки тұрған жағдайда ауруының күшеюі сияқты жағдайларда, отырып, оған да күші жетпесе, ыңғайына қарай шалқайып немесе жанымен жатып намазын оқиды.

Намазын бір нәрсеге сүйеніп түрегеп тұрып оқи алатындар сүйеніп оқиды.

Ифтидақ (ашу, бастау) тәкбірін түрегеп тұрып ала алатын болса, түрегеп тұрып алып, қалған намазын шамасына қарай отырып, яки, жатып жалғастырады.

Орындыққа отырып оқуға да болады.

Отырып оқыған уақытта мүмкін болса аяқтарын жиған күйде, мүмкін болмаса құбыла жаққа созып оқи береді. Рүкұь және сәжде ишарат жолымен жасалады. Ишарат рүкұьда аздау сәждеде көбірек басты ию арқылы жасалады. Ишаратпен де оқи алмайтындар көз, қас арқылы ишарат жасап оқи алмайды. Ишаратпен де оқи алмайтындар оқи алмаған намаздарының

саны 5-тен аз болса, кейіннен қаза етеді. Ал 5-тен көп болса, қазасын өтемейді. Әбу Ханифаның басқа бір пікіріне сүйенсек, кейіннен қазасын өтейді. Науқас адамның алдына сәжде етуі үшін тақтай, жастық, орындық сияқты нәрселер қойылмайды.

Сұрақ: Автобуспен немесе пойызбен алыс жолға шыққанда намазды отырып оқуға бола ма? Сондай-ақ қыс айында жолға автобуспен шыққанда дәретті қалай алуға болады және намаз қалай оқылады?

Жауап: Намаз – парыз ғибадаттарының бірі болғандықтан, мұсылман адам қандай жағдайда болса да міндетті түрде намазды уақытында және шарттарына сай орындауы қажет. Намазды уақытынан әдейілеп кешіктіру – үлкен күнә. Намаздың ішкі және сыртқы 12 парызы бар. Қатты зәру жағдай болмайынша, бұл 12 парыздың қай-қайсысын орындамаса, намаз дұрыс болмайды. Ал ұзақ сапарға автобус, пойыз, ұшақпен шыққанда, бұл шарттардың орындалуы көбінесе қиынға соғады. Сондықтан мұндай жағдайларда айтылған шарттардың кейбірулері орындалмай жатса, фикх ғұламалары бұны зәруліктен деп қараған.

Бұл зәрулікке себеп болатын жағдайлар: автобустан түссе, ұры-қары, жыртқыш жануарлардан, дұшпаннан қауіп-қатер төнуі, жердің балшық болуы, қарт кісінің көліктен түсіп қайта мінгізетін жәрдемшісінің болмауы, тағы сол сияқты себептер болса, автобуста намаз оқуға болатындығын айтқан.

Мысалы, автобуста намаз оқылған сәтте, құбылаға қарау, қиям, сәжде секілді намаздың үш шарты орындалуы қиынға соғады. Бұл үш шартты орындауға тырысып, бірақ еш орындалмаса, бұл жағдайды зәрулік деп санап намазын автобустың бағытына қарай отырып оқиды. Осылайша бір мұсылман қандай жағдай болмасын намазын шамасы жеткенше қазаға қалдырмауы керек.

Ал пойыз бен ұшақта ыңғайын тауып құбылаға қарап, ал бос жер табылып жатса, рүкүғ пен сәждесін жасап намазын толық оқиды. Егер бос жер табылмаған жағдайда автобуста оқығандай намазын ишаратпен отырып оқиды. Ал кемеде ешандай кедергі жоқ, құбылаға қарап, ашық жер тауып намазды толығымен оқиды.

Мұсылман адам намазын дүниелік істеріне қарай реттестірмей, керісінше, намаз уақыттарына қарай істерін ыңғайлау қажет. Тіпті біреумен жолығатын болса да, екінді намазынан кейін, ақшам намазынан бұрын деп уақыттарын намаз уақыттарына сай реттеп жүргені дұрыс. Бес уақыт намаз адамды бір жүйемен, әрбір уақытын есептеп жүруге тәрбиелейді.

Жолға шығатын кісі уақыттарын намаз уақытына қарай есептеп шыққаны дұрыс. Мысалы: ақшам намазын оқып шыққан кісі, құптан мен таң намазын автобустың тоқтаған жерінде дәретін алып орындай алады. Асығыс болған жағдайда тек парыздары оқылады және сапарда 4 рәкаттық парыз намаздарының қысқартылып 2 рәкаты оқылады. Жалпы автобустар 3-4 сағат сайын жолда тоқтайды, намазына қатты көңіл бөлген адам автобустан қалып қоймайтындай әрбір уақытын алдын-ала есептеп тиімді пайдалануға болады.

Құранда: «...Егер науқастанып қалсандар, яки сапарда болсандар, не болмаса біреу түзге отырып келсе, яки әйедеріне жақындасып, су таба алмасандар, таза жерге тәйәммүм соғып, беттеріңді, қолдарыңды сипандар», – деген.

Тәйәммүм сөздікте «ниет ету» деген мағынаны білдіреді. Ал діни әдебиеттерде – дәрет немесе ғұсыл алу үшін су табылмаса немесе су бола тұрып пайдалану мүмкіндігі болмаған жағдайда топыраққа немесе құм, тас секілді таза нәрселерге қодарын соғып жүзі мен екі қолын шынтаққа дейін мәсіх ету арқылы орындалатын тазалықты айтады.

Сұрақ: Дінімізде намазын тастап кеткен адамның үкімі қандай?

Жауап: Ақылды, балиғат жасына жеткен, хайыз бен нифастан тазаланған мұсылман адамға намаз оқу парыз. Намаз бен ораза секілді тәндік ғибадаттарда өкілдік іске аспайды. Намаздың парыздығын теріске шығарған діннен шығады. Өйткені, намаз айқын аят, хадис және ижмағ дәлелдерімен анықталған. Жалқаулық, немқұрайлылық себебімен намазды тастаған күнәкар және пасық болады.

Намаз оқымау – дүние мен ақырет азабына себеп. Ақыреттегі азап туралы Құранда былай айтылады: «Олар жәннатта тұрып күнәһарлардан: «сақар жаһаннамға түсулеріңе нендей себеп

болды!», – деп сұрайды. Сонда олар: «Біз намаз оқымайтын едік – деп жауап қатады» (Мүдәссир, 74/40–43).

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әдейі намазды тастаған адамға Аллаһ пен пайғамбардың көмегі болмайды», (Бұхари, Мауakit, 15, 34; Насаи, Салат, 15) – дейді. «Кімде-кім жұма намазына немқұрайлылықпен қарап, оны үш рет тәрк етсе, Аллаһ Тағала оның жүрегіне мөр басады» (Насаи, Жума, 2; Тирмизи, Жума, 7; Ибн Мажа, Иқама, 93).

Имам Ағзам мәзһабы бойынша, жалқаулық жасап, намазды тастаған адам, намаздың парыздығын теріске шығармайынша, діннен шықпайды. Бірақ күнәһар, пасық болады. Оған намаз жайлы ескертіп, насихат етіледі немесе тәрбие үшін жаза беріледі.

Кімде-кім намазын ұмытып немесе ұйықтап қалса, яки жалғаулықпен оқымаса, сол оқымаған намаздарының қазасын міндетті түрде оқиды. Хадисте: «Кімде-кім ұйықтап қалып, ұмытып намазын оқи алмаса, еске түскен сәтте дереу оқысын» (Әбу Дәәуд, Салат, 11), – деген.

Сондықтан да намаз оқу өте маңызды мәселе. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қиямет күні адамның алғаш есепке тартылатыны – парыз намазы. Егер осы намазды толық орындаса, неткен тамаша?! Керісінше жағдайда. «Қарандар, нәпіл намазы бар ма екен? Егер нәпіл намазы болса, парыздардың кемістігін осы намаздармен толтырыңдар. Бұдан кейінгі басқа парыздар да дәл осылай жасалады», – деп айтылады (Әбу Дәәуд, Уитр, 2).

Сұрақ: Имамға кешігіп ұйыған адам қандай жағдайда мен мына рәкатқа үлгердім деп айта алады және кешіккен рәкатын қалай толықтырады?

Жауап: Егер кісі намазға кешігіп келіп имамға ұйыса, имам сол сәтте рүкүтке болып ол да рүкүтке барса, онда бұл рәкатқа үлгерген болып саналады. Өйткені әрбір рәкат имамның рүкүктен түрегелуімен аякталады. Ал егер имам рүкүктен көтеріліп қойғаннан кейін (қолын тізесінен алғаннан кейін) имамға ұйып рүкүтке барған болса, онда ол рәкатқа үлгерген болып саналмайды.

Кісі үлгере алмай қалған рәкатын толықтыру үшін ақырғы отырыста тек «әт-тәхият» дұғасын ғана оқиды. Имам екі жаққа сәлем бергенде, ол сәлем бермей орнынан тұрып

үлгермей қалған рәкатын оқып қайты ақырғы отырысқа отырады. Бұл отырыста «әт-тәхият», «салауат», «раббанә әтина» дұғаларын толықтай оқып, екі жаққа сәлем беріп, намазын аяқтайды.

Сұрақ: Некелесу міндетті түрде көпшіліктің қатысуымен болу керек пе?

Жауап: Некеде куәгерлердің болуы шарт. Яғни куәгерсіз неке жарамсыз деген сөз. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): **«Некені жар салыңыз»** (Тирмизи, Никаһ, 6), – деген.

Яғни, өзге адамдар екі жұп туралы ғайбатқа, жаман ойға бармауы үшін үйленгендеріңізді білсін, хабардар болсын деген. Сонымен қатар, қоғам тыныштығы, некесіз ұрпақтың болмауы үшін, әйел адамның (егер де некесіз болса әйелдің ертеңгі күні не болары белгісіз) халін ойлағандықтан некеге тұру арқылы екі жұптың қосылуына рұқсат берген.

Ислам діні неке қию рәсіміне ерекше назар аударады. Егерде неке қию шарттарының бірі орындалмаса, неке рәсімі де құқықтық күшіне енбеген болады. Сондықтан шарттардың бірі орындалмай қиылған некеде туылған бала «заңнан тыс туылған» болып саналады. Осыған орай неке қию рәсіміне қатысатындар некенің қалай қиылатынын білуі шарт. Неке төмендегі төрт шарт орындалған жағдайда ғана дұрыс неке қиылған болады.

1. Қамқоршының (қалыңдықтың әкесі, атасы, ағасы, ағасының ер баласы, әкесінің ағасы және т.б.) болуы және оның неке қиюға келісім беруі.

2. Қыздың келісімі.

3. Куәгерлердің болуы. Кем дегенде екі куәгердің болуы тиіс. Бұл мәселеде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): **«Неке тек қамқоршының болуымен және келісімімен және кем дегенде екі әділ куәгердің болуымен орындалады»**, – деген.

4. Белгілі шарттардың ескерілуімен некелік келісім-шарттың орындалуы. Неке қию рәсімін кез келген тілде өткізуге рұқсат берілген, бірақ бір шартты ескеру керек, ол: куәгерлер айтылып жатқан сөздерді ұғу қажеттілігі.

Қалыңдықтың қамқоршысы мен куәгерлер келесі шарттарға сай болулары тиіс:

- олардың мұсылман болуы;
- кәмелеттік жасқа жетуі.

Бұдан басқа куәгерлер әлбетте есту, көру, сөйлеу қабілеттіліктеріне ие және естері дұрыс болуы керек.

Сұрақ: Ақида дегеніміз не?

Жауап: «Ақида» сөзін тілдік тұрғыдан қарастыратын болсақ «бір нәрсенің бөлек ұштарын бір жерге «жинау», «топтау» мағынасын береді. Көпше түрі – «ақайд». Ал ислами түсінік тұрғысынан алғанда дініміздегі басты тұжырымдарды құрайтын сенім жүйесі, дәлірегі, иман негіздері дегенді білдіреді.

Ақида ұғымы сенім жүйесі ретінде қолданылуымен бірге, белгілі бір мәзһабтың немесе бір мәзһабты құрған имамның иман негіздеріне қатысты айтқан пікірлері мен түсінігін білдіру үшін де қолданылады.

Ислам дінінің сенім жүйесіне қатысты саласын зерттейтін ғылымды «кәлам» десе, тікелей сенімге байланысты айтқанда «итикад» термині қолданылады. Сол секілді ақиданы да, иман негіздері деп айтуымызға әбден болады. Яғни, бұл иман негіздеріне «әмәнту билләһ» дейміз. Әмәнту: «мен Аллаһқа, Оның періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақырет күніне, тағдырға, жақсылық пен жамандықтың Аллаһтың жаратуымен болатындығына иман еттім. Өлгеннен кейін қайта тірілу хақ. Аллаһтан басқа ешбір тәңірі жоқ, Хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) Аллаһтың құлы және елшісі екендігіне куәлік етемін».

Ислам ақидасы Құран мен хадис үкімдеріне сүйенгендіктен, кейбір сенімдердегідей «көзінді жұм да, артымнан ер» деген шолақ түсініктен аулақ. Ислам ақидасы адамзатқа иман негіздерін түсіндіргенде кез-келген мәселені анық дәлелдермен келтіреді. Мысалы, Құранда Аллаһтың бар және бір екендігімен қоса, кәміл сипаттарын жеке-жеке түсіндіретін тұстары кездеседі. Сол секілді әлемнің жаратылысы, адамның жаратылысы және тарихта болған кейбір оқиғалар да келтірілген. Сондай-ақ, Құран Кәрімде өлгеннен кейін қайта тірілу мәселесі адамның алғаш жаратылысымен пара-пар Һәм аспан мен жердің қалай жаратылғандығына теңей отырып нақты дәлелдермен түсіндіріледі.

Сұрақ: Қай жағдайда ғайбат, яғни біреудің сыртынан сөз айтуға рұқсат етілген?

Жауап: Ғайбат – белгілі бір адамның сыртынан сөз айту. Дей

тұрғанмен ізгі ниетпен түзету мақсатында «кейбіреулер былай жасайды» деп жалпылама айту ғайбатқа жатпайды. Өйткені, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «кейбіреулер неге былай-былай жасайды» деп оларды түзету мақсатында ескерту жасап отырған. Біз бұл тұста да Аллаһ елшісінің керемет парасаттылығын көреміз. Егер біреудің атын атап көпшіліктің алдында жамандайтын болсақ адамдағы менмендік сезімінің қажеттілігіне сай ол адамның бізге көңілі қалып, жүрегіне дұшпандық сезім ұялауы әбден мүмкін. Ал аты аталмастан ескерту алған сана-түйсігі бар адам ол нәрседен сабақ алып, екінші рет жасамауға тырысады.

Ал енді біреудің сыртынан сөз етуге мына жағдайларда ғана рұқсат етіледі:

Ислам ғалымдары, айтып жетеізудің басқаша жолдары болмағанда, яки адамды түзету мақсатында айтылуға рұқсат берілген ғайбаттың мына алты жағдайда болатынына ортақ пікірлерін білдірген:

1. Жәбірленуші ақысын алу үшін өзіне зұлымдық жасаған адамға арызданып «ол маған мынаны-мынаны істеді» деп мемлекет басшысына, сотқа немесе сол залым адамнан ақысын алып беруге шамасы келетін адамға сыртынан сөз айта алады.

2. Жаңылыс бір әрекетті түзету және күнә жасаған кісіні дұрыс жолға салу мақсатында жәрдем сұрап, ол жайлы сөз айтуға болады. Оның ниеті тек жамандықты түзету жағында болу керек, әйтпесе, басқа мақсатта болса, онда ол харам болмақ.

3. Пәтуа сұраған кезде ғайбатқа рұқсат етіледі. Пәтуа сұраушы кісі: «Әкем, бауырым, жолдасым немесе пәленше маған былай әділетсіздік жасады. Бұлай жасауы дұрыс па? Одан ақымды алып, жасаған зұлымдығынан құтылу үшін не істеуге болады?» – деп айта алады. Асылы, адамдардың аттарын атамай-ақ: «Былайша әрекет еткен бір кісі жайлы не айта аласыз?» – деуі жөн болса да, мұндай жағдайда атын атау да күнә емес.

4. Залалдың алдын алу, зиянға жол бермеу мақсатымен мұсылман бауырын ескерту үшін насихат жасаған кезде. Біреу екінші бір адаммен ортақ жұмыс істегісі келіп, оны танитын адамдарынан келешекте бірге жұмыс істейтін адамы жайлы пікір сұраса немесе оған аманат табыс еткісі келсе не онымен көрші болғысы келсе, оны танитын кісі ешқандай жаман ниетсіз оның кемшіліктерін ашық айтып, ол жайлы мәлімет бере алады.

5. Іштей еш дұшпандық ойлап кемсітпестен тек таныту мақсатында «ана ақсақ кісі ше» немесе «ана соқыр кісі бар еді ғой» деп айтуға болады. Басқа сыпайы сипаттарымен таныту мүмкін болса, сол сипаттарын қолданып танытқан абзал.

6. Ашықтан-ашық күнә істеп, бұдан еш ұялмаған, тіпті, жасаған күнәларын мақтан тұтқан пасық адамның сыртынан сөз айтуға болады. Пайғамбарымыз «пасық пен күнә жасаудан қысылмай жария ететін (мужаһир) адамдардың сыртынан айтылған сөз ғайбат болмайды» (муслим, Зуъд, 52) десе, тағы бір хадисінде: «**қяттан жұрдай болған адамның ғайбаты жоқ**» (Бәйхақи, Сунән, X, 10; ән-Науауий, Нузыатуль-муттакин шарху Риядус-салихин, Бейрут, 1991, 2/271-273) дейді.

Сұрақ: Азан шақырылғанда не істеуіміз керек?

Жауап: Азан сөзі – «хабар беру, естірту» деген мағынаны білдіреді. Дініміздегі терминдік мағынасы – намаз уақытының басталғандығын білдіру үшін айтылатын арнайы шақыру сөздері.

Азанның дініміздегі орны ерекше. Сонымен қатар азан – негізгі ислам рәміздерінің бірі. Мұсылман баласы азан шақырылғанда оны ықыласпен тыңдап азан сөздерін қайталауы керек. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «**Азанның дауысын естігенде азаншының сөздерін қайталаңдар...**», – деген. Тағы бір хадисте: «**Хаййә алас-Саләһ (намазға асық!), Хаййә аләл-Фәләх (Азаттыққа, мәгілік бақытқа жетуге асық!), деген кезде Ләә хаула уәләә қууата иллә биллаһ (Күш қуатқа тек Аллаһ ғана тән) деген сөздерді айту керектігін өсиет еткен**». Өйткені намазды өз деңгейінде орындау өте жауапты игі амал. Осылайша, мүмін, азаншының дауысын естігенде «**күш қуат тек Аллаһқа ғана тән**» деу арқылы «**Уа, Аллаһ Тағалам! Егер де Сенің күш қуатың болмаса намаз да өз деңгейінде өтпеспей мәңгілік бақытқа жете алмас еді**» деген болады.

Расулаллаһ (с.ғ.с.) бір хадисінде былай деген:

«**Ей, менің үмметім, азан біткен соң мына дұғаны оқыңдар: «Аллаһумә рабә ғәзиһид дауәтит тәммәти, уәс саләтил қаймәти, әлһи Мұхаммадәнил-уәсиләтә уәл фәдийләтә, уәд-дәражатар-рафийһа, уә бәасһу мақамән махмудәнил ләзий уа адтәһу»**

«**Иә Аллаһ Тағалам! Мына толық азан мен оқылатын намаздың Риббы! Хазірет Мұхаммедке арқау болуды, ерен ерекшеліктері және жоғары дәрежені бер! Және де оны өзің уәде еткен**

«Ммахмуд шыңына» жеткіз. Сенің өзің берген уәдеңді орындайтыныңа ешқандай күмән жоқ».

Сұрақ: Еркек пен әйелдің қол ұстасып амандасуының нақты үкімі қандай?

Жауап: Шаригат бойынша арасында неке жүретін, яғни үйленуге болатын адамдардың бір-бірімен қол беріп амандасуына болмайды. Ал мынадай туыстық қатынастардағы адамдармен қол ұстасып амандасуға рұқсат берілген: Анасы, әпкесі, қызы, әкесінің әпкесі немесе қарындасы, нағашы әпкесі немесе қарындасы (анасымен бауыр әйелдер), қыздарынан туған немере қыздары, қайын енесі, келіні, ағасының қызы, әпкесінің қызы (жиен қызы), сүт анасы, әйелінің қызы (өгей қызы).

Мысырдың муфтиі Али Жума «Ниса» сүресінің, 23 аяғында келген бұл тізбектегілерден бөгде адамдарға қол берудің үкімі харам деп пәтуа берген. Өйткені пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қол беріп амандаспайтын. Бөгде жанға қол беру Аллаһ елшісінің (с.ғ.с.) сүннетінде жоқ. сондай-ақ қарт адамдарға қол беріп амандасуға болатындығын айтқан ғалымдар да бар.

Сұрақ: Аңшылық және оны қандай жолдармен аулауға болады?

Жауап: Аллаһ Тағала әлемді әлсіз адам баласының пайдасына жаратқан. Сол адам баласының қызметіне ұсынылған сансыз әлемнің ішінде жан-жануар әлемін де адам үшін жаратып, әміріне бой ұсындырған. Міне, сондықтан біз, адам баласы үй жануарларына қоса жабайы, етін жеуге болатын, яки, етін жеуге болмаса да жүнін, терісін, мүйізін қолдануға жарамды жан-жануар, аңдарды пайдаланудамыз. Теңіздегі сан алуан балықтар болсын, тау-тастардағы немесе ну ормандардағы түрлі аңдар болсын бәрі адам баласы үшін жаратылғандықтан, олардың етін және тері, мүйіздерін пайдалану мақсатымен аулауға Ислам діні теріс қарамайды. Бірақ тек қана қызық үшін бейкүнә аңдарды аямастан қыра беруге де тыйым салады. Бейкүнә аңдарды тек қана құмарлықты басу үшін қырып-жою аңдардың азаюына, мейірімділік қасиетімен безендіріле жаратылған адам баласын қатыгездікке тәрбиелейтіні сөзсіз. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім бір құсты бостан-босқа, мұқтаждықсыз өлтірсе, ол құс Қиямет күні былай деп үн қатады: «Уа, Раббым! Пәленше мені пайдасы үшін ауламай, бостан-босқа өлтірді», – дейді.

Андарды балалау немесе жұмыртқалау мерзімдерінде аулаудан сақтану – мейірімді адам баласының ұмытылмас міндеті.

Ойын-сауық құрып, құмарлық үшін барлық уақытын аңдардың соңында өткізіп, аңды қалай аулағанын, қалай қуалағанын айтуды ермек қылған адам негізгі көңілін бөлетін маңызды нәрселерді ұмыт қалдырып, руханияттан мақұрым қалары сөзсіз.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: **«Аңның соңына түскен адам ғафыл (бейқам) болады»**, – деп, осы шындыққа назарымызды аударған.

Әрине, аң аулап, ризық табу – халал кәсіп жол. Десек те, басқа ризық табу жолдары одан абзалырақ.

Ал аң аулау жолдарына келсек аңды аулау үшін оны жаралайтын, қансырататын мылтық, садақ сияқты қару болуы керек. Аңның терісін тесіп немесе жыртып қанын ағыза алмайтын шоқпар, таяқ сияқты құралдармен ұрып өлтірілген аңдардың етін жеуге болмайды. Аң үйретілен бүркіт, қаршыға сияқты құстар мен үйретілген ит арқылы ауланады. Аңшылыққа үйретілген ит немесе құс аңға жібергеннен кейін қайта шақырылған уақытта иесіне дереу келулері керек. Олардың ұстаған аңдарының етінен ұстаған уақытта жемеулері керек. Сонымен қатар, аң тұзақ, қақпан құру арқылы да аулауға болады.

Сұрақ: Бет сипау дұрыс емес деген пікірлер айтылып жүр. Дұрыс-бұрыстығына нақты дәлел бар ма?

Жауап: Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) дұғадан кейін бет сипағанына байланысты (және сипандар) деп бұйырған көптеген хадистер бар. Мысалы:

Омардан (р.а.) риуаят етілген хадисте былай делінген: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қолдарын дұға ету үшін көтерер болса, оны жүзіне сипамастан түсірмейтін еді» (эт-Тирмизи, 3308).

Ибн Аббастан риуаят етілген хадисте былай діленген: «Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.): «Аллаһ Тағалаға дұға етер болсаң илақаныңның сыртымен емес, ішімен ет. Біткеннен кейін илақандарыңмен жүзінді сипа», – деді», – делінген (Сунану Ибн Мәжжа).

Жоғарыдағы келтірілген хадистердің барлығының дәрежесі әр хадисті жеке алғанда «әлсіз». Бірақ әлсіз хадис басқа да риуаяттармен келер болса, бірін-бірі қуаттағандықтан,

хадистердің жалпы топтамасы «хасан» дәрежесіне жетеді. Ал «хасан» дәрежесіндегі хадиспен амал етуге әбден болады.

Ғалым Мұхаммед ибн Исмағил әс-Санғани «Булугул-Марамға» түсіндірме етіп жазған «Субулус-Сәлам» атты кітабында Ибн Хажардың осы сөздерінен кейін: «бұл жерде дұғадан кейін бет сипаудың шариятта бар екенін көреміз» дейді (Субулус-сәлам, лис-Санғани).

Пайғамбарымыздың басқа бір хадисінде дұға үшін жайылған қолдың Аллаһ Тағаланың рақымы мен шарапатынсыз қайтарылмайтындығы айтылған.

«Сендердің Раббыларың ұлы ұят иесі әрі жомарт. Сондықтан қолдарын дұға үшін жайған уақытта оны бос (рақымы мен шарапатынсыз) қайтаруға құлынан ұялады» (Сунану Әби Дәәуід, Сунанут-Тирмизи, Сунанул-Кубра лил-Бәйһақи, Сахих Ибн Хиббан. Хадисті Хаким сахих деп бағалаған).

Міне, сондықтан дұға жасаған адам бетін сипаған уақытта алақанындағы Ұлы Жаратушыдан келген береке мен шарапатты өзінің ең қасиетті ағзасы – бетіне тәбәрік етіп жаққандай болады.

Сұрақ: Жылқыдан зекет беріле ме?

Жауап: Әбу Ханифа және оның шәкірті Зуфардың айтуы бойынша: «Жылдың көбінде қырда, жайылымда көбейту мақсатымен бағылған жылқылардан сондай-ақ сату үшін қолда ұсталған жылқы малынан да зекет алынады. Ондайда жылқылардың жалпы құны есептелінеді. Нисап мөлшеріне (85 г. алтын құнына) жектен жағдайда, құнының қырықта бірі зекет ретінде беріледі», – деген.

Жылқыдан зекет алу жөнінде Әби Ғубайда ибн Жаррахтың жеткізгені дәлел болып саналады. Онда: «Омардың (р.а.) халифалық кезінде Шам қаласынан біраз мұсылмандар Әбу Ғубайда ибн Жаррахқа (р.а.) келіп жылқыларынан зекет алуын сұрайды. Осыны естіген Әбу Ғубайда ибн Жаррах (р.а.) Хаифа Омардан жылқыдан зекеттің беріліп-берілмеуі жөнінде жазбаша түрде жауап беруін өтінеді. Хатты алған Омар (р.а.): «Кімде-кім жылқыдан зекет беруді қаласа, зекетін алындар да оны кедей-кепшіктерге таратып беріндер» деп жауап қатады.

Ал Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) **«Мұсылманның құлынан және жылқысынан зекет алынбайды»**, – деген хадсиіне келер

болсақ, алғашқы кезде Мәдина қаласының маңында жылқылар түйелердей көп емес еді. Жылқыларды соғысқа пайдаланғаны үшін де одан зекет берілмеген секілді.

Алғашқы уақыттарда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бен Әбу Бәкір (р.а.) кезеңінде жылқыдан зекет берілмегенімен, Омардың (р.а.) уақытында зекет беруге рұқсат етілген. Себебі, ел жылқыны арнайы өсіріп, оны сату үшін базарға шығара бастаған еді.

Сұрақ: Қызмет бабы немесе түрлі зәру жағдайларға байланысты құлшылықты тоқтата тұруға бола ма? Болса қандай жағдайларда?

Жауап: Қарулы күштер және құқық қорғау, денсаулық сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін органдардың қызметі адам өмірі мен саулығы үшін аса маңызды. Сондықтан мұндай орындарда діни міндеттерді (намаз, жұма намазы, ораза, т.б.) себеп етіп қызметтен бас тартуға болмайды. Өйткені дінімізде және шарият үкімдерінде адам өмірін сақтаудың маңызы өте жоғары. Ата заңымыз бойынша да мемлекетіміздің басты байлығы адам.

Қазақстан Республикасының «Діни сенім бостандық» заңының 3-бабы 1-тармағында: «Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, ешкімнің де өз діни сенімдерін себеп етіп, азаматтық міндеттерін атқарудан бас тартуға қақысы жоқ», – делінген.

Ислам дінінде отанды қорғау, басшыға бойұсыну, адамзаттың өмірін сақтап қалу әрбір мұсылманның борышы екендігін ескерсек, онда құлшылық, ғибадат қызметке кедергі жасамауы тиіс. Ислам тарихында мұны дәлелдейтін көптеген оқиғалар болған. мысалы, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Хайбар» соғысында майдан алаңындағы жағдайдың өте қатты ушыққаны себепті намазын кейінге қалдырып, қазасын өтеген болатын. Алайда мемлекеттік қызметке кедергі болмайтын жағдайда діни міндеттерге нұқсан келтіруге шариятта рұқсат жоқ. тек қана адам өмірі мен жауапкершілігі аса жоғары зәру жағдайда ғана намазды қазып қалуға немесе бұзуға рұқсат.

Шарият ғалымдары «зәрулік – тыйылған нәрселерге рұқсат етеді» деген қағидаға сүйеніп: «Егер де тосыннан өрт шықса немесе адам суға батып бара жатса, оқылып жатқан намазды бұзып, адамды құтқару әрбір мұсылманның міндеті», – дейді. Құранның «Мәида» сүресіндегі: «Кім бейкүнә, жазықсыз

біреуді өлтірсе, онда шынайы түрде барлық адамды өлтіргенмен бірдей және кім бір адамды тірілтсе, (өлімнен құтқарса), барлық адамды тірілткенмен тең», – деген аят та осы мәселені қуаттай түседі.

Сұрақ: Не үшін 8-сынытың «Биология» пәнәнде адам маймылдан жаратылды деген. Негізінде, адам лайдан (топырақ, саз балшық) жаратылған жоқ па? Адам алғашында маймыл болған деген шын ба?

Жауап: Негізінде дарвинизм нақты дәлелденген ғылыми жетістік емес, тек қана теория болжам, яғни осылай болуы мүмкін деген ой-пікір. Теория ғылыми түрде дәлелденген жағдайда ғана теориялық болжамнан шығып, нақтылық шапанын киіп, ғылымға айналады.

Ал дарвинизм теориясынан бастау алған «Адам маймылдан пайда болды» пікірі бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, ғылыми түрде дәлелденіп, нақтылық тұғырына жете алмады. Олай болатын болса, бұл пікір қара дүрсін болжам ғана. Сондықтан оны талқылап жатудың өзі артық. Десек те, оқырманға пайдасы болар деген ниетпен кейбір негізгі ұстанымдарын талдап көрелік.

Дарвинизм теориясының негізгі ұстанымдарын қорыта айтсақ, төмендегідей:

1. Жан-жануар, өсімдік әлемі және жалпы жан иелері бір-бірінен пайда болды. Барлық жан иелерінің түпкі тегі біреу. Жан-жануарлар мен өсімдіктер уақыт өте келе бүгінгі пішіндері мен түрлеріне айналған. Бастауы миллиондаған жылдарға барып тірелетін жан иелерінің қазіргі түрлері – мақсатсыз, мағынасыз, кездейсоқтықтың әсерінен кішкентай бір жан иесінен сатылай-сатылай дамып, пайда болған.

2. Жан-жануарлар мен өсімдіктер өмір сүріп, тіршілік бетінде қалу үшін өте үлкен күш жұмсап, күрес жүргізіп, бір-бірімен қырқысуда. Өмір үшін жүргізілген бұл күресте ең күштілері тірі қалып, ал әлсіздерінің тұқымы құрып, жан иелерінің қатарынан шығуда. Тірі қалғандардың ұрпақтары көбейіп, уақыт озған сайын бір түрден екінші түрге ауысып, өзгеруде. Бұл өзгерістер жаңа ұрпақтарға да өтуде.

Дарвинизмшілердің бірінші ұстанымдарында айтылғандай, жан-жануарлар мен өсімдіктердің шығу тегі бір болуы мүмкін бе?

Дарвинизм пікіріне сенетіндер бұл сұраққа «иә» дейді. Дәлелдері – тек болжам ғана.

Олардың пікірлері бойынша қазіргі жан иелерінің бәрі жалғыз клетканың дамуы арқылы сатылай-сатылай пайда болған. Ал енді барлық жан иелерінің бастауы болған кішкентай клетка қалай пайда болы? Олардың айтуынша, клетка да сатылай даму жолы арқылы пайда болған.

Жансыз материя мен жанды нәрсенің арасында таңғаларлық үлкен айырмашылық бар екендігі бәрімізге белгілі. Ал енді жансыз бір зат қалай ғана өз-өзінен, сырттан, басқа бір күштің әсерінсіз жанды клеткаға айналуы мүмкін? Бұл сұрағымызға тағы да «кездейсоқтың әсерінен» деген жауап аламыз. Алайда бір клетканың өзі кездейсоқтың әсерінен, өз-өзінен пайда болмайтындай дәрежеде керемет, тамаша жүйеге ие. Олай болса, ілімсіз, күш-қуатсыз, санасыз кездейсоқтың нәтижесінен мұндай тамаша, керемет жүйемен безендірілген жанды клетканың пайда болуы мүмкін емес. Санасыз, ілімсіз, жансыз, соқыр, көр материядан кездейсоқтың әсерінен мың бір түрлі қабілет, сезімдер мен ақыл иесі – адамның пайда болуы мүлдем мүмкін емес.

Профессор, доктор Klous Dose (Германиядағы Johannes Gutenberg университетінің биохимия институтының ректоры): «Соңғы 30 жыл бойғы өте терең зерттеулерге қарамастан алғаш жанды клетканың пайда болуы туралы ешқандай ғылыми дәлел табылмады», – деп, алғашқы жанды клетканың өз-өзінен пайда болуының ешқандай ғылыми негізге сүйенбейтінін айтса, Keith (Graham: «Алғашқы өмірдің (жанды клетканың) бастауы деп есептелген элементтер қазір де бар. Бірақ қазір неліктен олардан жанды нәрсе пайда болмайды?» – деп, жансыз элементтерден өз-өзінен жанды нәрсе пайда болмайтынын дәлелдейді.

Батыстың белгілі ғалымы Max Planck материяның қалай пайда болғандығы жайлы былай дейді:

«Материя белгілі бір күш-құдірет арқылы тіршілік бетіне шығып, пайда болады. Материаның ішінде кішкентай-кішкентай күн жүйесі тәріздес жүйелер бар. Атом және электрон деп аталатын бұл жүйелер материяны ыдырап кетуден қорғайды. Тіпті мұндай керемет күш-қуат болмағанына қарағанда күллі жаратылысты белгілі бір жүйеде ұстап тұрған керемет ілім, шексіз құдірет иесі болуға тиіс. Міне, материяның бастауы – осы құдірет. Бұл құдіреттің Аллаһ Тағала екені күмәнсіз».

Эволюционерлер табылған сүйектің бір бөлігі арқылы белгілі

бір жан иесінің суретін яки макетін ғылыми негізсіз өз мақсағтарына орайластырып қияли жобалау арқылы халықты өздеріне сендірген. Газеттердегі, журнал, кітаптардағы дарвинизмді дәлелдеуге қолданған көптеген суреттер мен макеттер, міне, осындай сурет, макеттер.

Эволюционерлердің бұл тұрғыда шектен шыққандары соншалық, «*Zinjanthropus*» деп аталатын адамның бас сүйегін негізге алып бір-біріне мүлде ұқсамайтын үш түрлі қияли сурет салған.

Эволюционерлер маймылдың адамға айналу кезіндегі «аралық түр» жартылай маймыл, жартылай адамның болғандығын дәлелдейтін сүйектерін таба алмағандықтан бұл проблемаларын маймыл мен адамның сүйектерін құрастыру арқылы шешуге бел байлаған.

Атақты доктор, ескі сүйектерді зерттеуші Чарльз Доусон 1912 жылы: «Англиядағы Пилтдаун деп аталатын жердің маңайындағы бір шұңқырдан бір жақ сүйек пен бас сүйек тауып алдым», – деп әлемге жар салады. Жақ сүйек маймылдықіне ұқсағанымен, бас сүйегі мен тістері адамдықіне ұқсайтын бұл сүйектерге 500 мың жылдық жас берілді. Сөйтіп «Пилтдаун» деп аталған бұл сүйектерді әр түрлі мұражайларға қойып, адамның маймылдан сатылай даму жолы арқылы пайда болғанын дәлелдейтін табылмас нақты дәлел ретінде қолданды. Бұл сүйекке байланысты 40 жылдан астам уақыт ғылыми мақалалар жазылып, суреттер сызылды. Әлемдегі әр түрлі университеттерден 500-ге жақын докторлық еңбек қорғалды алайда, 1949 жылы Кеннет Окли атты ғалым Британ мұражайындағы сүйектерді зерттеу бөлімінен сүйектердің нақты жасын анықтайтын «*Flor test*» тәсілін «Пилтдаун адамына» да қолданады. Нәтиже өте таңғаларлық, бір сөзбен айтқанда, маскара! «Пилтдаун адамының» сүйектері адам мен маймылдың сүйектерін өте шеберлікпен құрастыру арқылы жасалғандығы әшкереленді. 500 жыл бұрын өмір сүрген адамның бас сүйегіне 60 жыл бұрын өмір сүрген Орангутанг маймылының жақ сүйегі, жақ сүйегіне адамның тістері жасанды түрде өте шеберлікпен орнатылғандығы анықталды. Сүйектердің жанынан табылды делінген құралдардың қолдан жасалғаны да белгілі болды. Осыдан кейін ғана 40 жылдай Британ мұражайында тұрған бұл

кұрастырылған сүйек дереу шығарылып тасталды. Иә, өз мақсаттарын дәлелдеу үшін осындай айла, қулықтарға жүгінген ғалымсымақтардың қандай дәлелдеріне сенуге болады?

Сұрақ: Қабірлерге зиярат етуге бола ма?

Жауап: Болады. Оған: «Мен сіздерді қабірлерге зиярат етуден тыйған едім. Енді, оларға зиярат етіңіздер. Өйткені, қабірге зиярат ету ақыретті еске түсіріп, жақсылықты арттырады. Енді, кім қаласа, зиярат етсін. Бірақ, (онда) бос сөз айтпаңдар», – деген хадис (Мұслим, ӘбуДәуд Тирмизи) дәлел болады.

Сұрақ: Қабірлерді зиярат етуден мақсат не?

Жауап: Ондағы мақсат ақыретті еске түсіріп, одан ғибрат алу және мәйіттің күнәсінің кешірілуін Алладан тілеу болып табылады. Оған дәлел Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мына хадисі: «Қабірлерге зиярат етіңдер. Өйткені қабірлерді зиярат ету ақыретті естеріңізге салады» (Ибн Мәжәһ).

Әбу Сәйид әл-Худридің (р.ғ.) риуаятында: «...Енді, оларға (қабірлерге) зиярат етіңдер. Расында, зиярат етуде ғибрат бар...» деген жолдар бар.

Айшадан (р.а.) риуаят етіледі: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) әл-Бақия қорымына шығып, олардың күнәларының кешілірілуін тілейтін. Сонда Айша (р.ғ.) онда бұл жөнінде сұрады. Ол: «Мен оларға дұға етуге бұйырылдым», – деді» (Ахмәд, Мұслим және басқалар).

Сұрақ: Қабірлердің басында дұға жасауға бола ма?

Жауап: Болады. Бірақ, дұға сүннет бойынша жасалуы керек. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қабірлерді зиярат еткенде: «Әс-сәләму ыалайкум, әһләд-дияри мин әл-муминәнә уәл-Мұслимин. Уә иннә ин шә Аллау бикум ләхикун. (Уә ярхамуллаһул-мустақдими́на миннә уәл-мустәхирин). Әсәлуллаһә ләнә уә ләкумул-ыafia» деген дұға оқыған. Ұғымы: «Әссәләму алайкум, уә, бұл мазарда жатқан мүмін-мұсылмандар! Алла қаласа, біз де (бір күні) сіздерге қосыламыз. (Бізден бұрын өткендерді де Алла рахым етсін) Алладан өзімізге де, сіздерге де азаптан құтқаруды сұраймын».

Сұрақ: Әулие мен әруақтардан және ғайыптағы адамдардан күнәміздің кешірілуіне көмек сұрап, дұға талап етуге бола ма?

Жауап: Болмайды. Өйткені, бұл Алла алдында кешірілмейтін күнә – ширкке жатады. оған дәлел: «Аллаһ Тағала айтады: «Алламен бірге (басқа) тәңір шақырма. Онда, сен де азапқа ұшыраушылардан боласың» (Шұғара сүресі, 213-аят).

Алла елшісі (с.ғ.с.) айтады. «Кімде-кім Аллаһ Тағаладан басқа біреуге дұға етіп, жалбарынып жүріп өлсе, ол тозаққа енеді» (Имам Бұхари).

Сұрақ: Өліктер (әруақтар) дұғаны естиді ме?

Жауап: Жоқ, естімейді. Оған дәлел: Аллаһ Тағала айтады: «Қабірлердегі біреулерге сен (сөз) естірте алмайсың» (Фатыр сүресі, 22-аят).

Сұрақ: Өліктер (әруақтар) мен ғайыптағы (көрінбей тұрған) кісілерден медет, қолдау-қорғау сұрау мүмкін бе?

Жауап: Жоқ, олардан медет, қолдау-қорғау сұралмайды. Медетті Аллаһ Тағаладан ғана сұрау қажет. Оған дәлел Аллаһ Тағала айтады: «(Олардың) сондай Алладан басқа жалбарынғандары еш нәрсені жарата алмайды. Олар жаратылғандар. Олар өлі, тірі емес. Сондай-ақ, қашан тірілетіндерін білмейді» (Нахыл сүресі, 20-21-аяттар).

Сұрақ: Қабірдегі әулиелерден, әруақтардан жәрдем және жол ашу, перзент, дәулет, денсаулық, дертке шипа сұрауға бола ма?

Жауап: Жоқ, болмайды. Ол істе Алладан басқа лайық ешкім жоқ. оған дәлел мына аят: «(Тәңірім), Саған ғана құлшылық қыламыз, әрі Сенен ғана жәрдем тілейміз» (Фатиха сүресі, 5-аят). Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтады: «Сұрасаң, Аллаһ Тағаланың Өзінен сұра, медет тілесең, тек Аллаһ Тағаладан тіле».

Сұрақ: Қабірлерге, яғни, әулиелер мен әруақтарға арнап құрбандық шалуға бола ма?

Жауап: Болмайды. Дәлел ретінде: Аллаһ Тағала айтады: «Раббың үшін намаз оқып, құрбандық шал» (Кәусар сүресі, 2-аят).

Алла елшісі (с.ғ.с.) айтады: «Алладан басқаға атап мал шалған адамды Аллаһ Тағала лағнет етсін» (Имам Мұслим).

Сұрақ: Аллаһ Тағалаға жақын болу мақсатымен қабірлерді айналуға бола ма?

Жауап: Жоқ, мүлде болмайды. Тек Қағбаны ғана айналу

қажет. Оған дәлел Аллаһ Тағала айтады: «...Қағбаны тауаф қылсын» (Хаж сүресі, 29-аят).

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтады: «Кім қағбаны жеті рет тауаф етсе және екі бас намаз оқыса, бір құлды азат еткендей болады» (Ибн Мәжә).

Сұрақ: Ғайыпты білетін адам бар ма?

Жауап: Бір Алладан басқа ешкім ғайыпты білмейді. Оған дәлел: «Көместің (ғайыптың) кілттері Оның жанында. Оны Ол Өзі ғана біледі...» («Әнғам» сүресі, 59-аят):

Алла елшісі (с.ғ.с.) айтады: «Ғайыпты Алладан басқа ешкім білмейді».

Сұрақ: Көріпкел, сәуегей, балгерлерге сенуге бола ма?

Жауап: Жоқ, оларға сенуге болмайды. Оның дәлелі Аллаһ Тағала айтады: «Көктер мен жердегі көместі Алладан басқа ешкім білмейді. Олар қашан тірілетіндерін білмейді» (Нәміл сүресі, 65-аят).

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтады: «Кім балгер мен сәуегейлердің алдына келіп, оның айтқандарына нанса, ол Мұхаммедке (с.ғ.с.) түсірілген нәрселерге (яғни, уахиге) қарсы болғаны» (Имам Ахмәд).

Аллаһ Тағала берген артықшылыққа – айрықша мұғжизаға ие Пайғамбарымыздың да болашақты болжай алмайтынын мына аяттардан аңғарамыз:

«(Мұхаммед (ғ.с.): «Алла қаламайынша, өзім үшін пайда, зиян келтіру күшіне ие емеспін. Егер көместі (ғайыпты) білген болсам, әрине жақсылықты көбейтіп алар едім. Сондай-ақ, маған бір сәтсіздік жұғыспас еді. Мен иман келтірген елді, қорқытушы, қуандырушы ғанамын» де» (Ағраф сүресі, 88-аят).

Аллаһ Тағала Өзінің сүйікті құлы әрі Елшісі Мұхаммедке (с.ғ.с.) ғайыпты болжау кереметін бермеген, онда басқаларға ондай қабілет қайдан дарысын?! Алайда, көріпкелдікті оңай табыс табу көзіне айналдырып алған дүниеқоңыздың, өзгелерді өзіне табындырып қоюды мақсат тұтқан атаққұмарлық сәуегейлерге сиптегені ойлантайды. Олардың иманы өте әлсіз келеді. Алладан да қорқа бермейді. Әйтпесе, Аллаһ Тағаланың тиым салған нәрселерін істемеген болар еді.

Қазір, сәуегейлікпен шұғылданушылардың қатарына өздеріне

үміт артқандардың «рухани ауруларын» емдейтін емші-құшнаштар да жатады. Адамдарды тура жолдан адастырып, оларды әулие-әмбиелерге табындырып, молаларды аралатып жүргендер де осындай тәуіпсымақтар екені даусыз. Олардың жанын қоярға жер таппай келген науқастарға қоятын бір-екі ана диагнозы бар: «Сенің ата-бабаң әруақты адамдар болыпты, солардың әруағы саған қонайын деп жүр екен. Егер сен әулиелердің басына барып, алдынан өтіп тәу етпесең, әруақтың сені қинағаны қинаған. Егер әулиелердің саған мейірімі түссе – ауруыңнан құлан-таза жазыласың және өзің де әруақ қонып, адам қарайтын қасиетке ие боласың», – деп сайрайды.

Дертіне шипа іздеп жүрген діни сауатсыз жандар көріпкелдердің айтқан сөздеріне шын көңілмен сеніп қалады. Алғашында олар ауруынан айығып кеткендей сезінеді. Өйткені, бұл адамның дертінің өзі жыннан болған рухани ауру еді. Ал, «Жынды жын алады» деген мәтелдің мәні – тәуіпке қаралып тәуір болатын аурулардың құпиясын ашып көрсетеді деуге болады. Бұл жәйт ауру адамды тәуіпке тәуелді әрі кіріптар етіп қояды. Егер ауру адам тәуіптің атқанын істемесе, ол ауруынан жазылмайды. Ауруынан айығу үшін ол да солар құсап емші-құшынаш болып ел қабылдап, адам қарауға ниеттенуі керек. Сөйтіп, Алла кешірмейтін ауыр күнәға ұрынуға мәжбүр болады. Сондықтан, көріпкел емшіге сыйына бастайды. Бұдан өткен ширк бола ма?

Негізі болашақты білетін және адамның жан-дүниесіндегі жатқан нәрсені білуші Алла ғана емес пе еді? Ал, мыналар асқан тәкәппарлықпен Алланың сипаттарын здеріне теліп алғысы келеді.

Сұрақ: Қабірдегі әмбие-әулие және әруақтар атымен ант ішу мүмкін бе?

Жауап: Ол мүмкін емес. Өйткені, Аллаһ Тағаладан басқанын атымен ант ішуге болмайды. Аллаһ Тағала айтады: «(Мұхаммед ғ.с.), оларға: «Жоқ, Раббыма ант етемін. Әлбетте, өлгеннен кейін қайта тірілесіндер...» де» (Тәбағун сүресі, 7-аят).

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтады: «Кімде-кім Аллаһ Тағаланың өзгенің атымен ант ішсе, ол серік қосқан болып табылады» (Имам Ахмәд).

Сұрақ: «Мешіт Аллаһтың жердегі үйі» деген сөйлем бұл күндері ел ішінде жиі айтылып жүр. Осы дұрыс па? Болмаса мешіт дегеніміз не?

Жауап: Бұл өте қате түсінік. Өйткені мешітте Аллаһ отырған жоқ. сондықтан Аллаһтың үйі болмайтыны айтпаса да түсінікті. «Мәсәжид» (көпше түрі Мәсәжид), яғни мешіт дегеніміз Құран Карим 2-сүре 133-аят, 3-сүре64-аят, 5-сүре, 9-аят, 11-сүре 2-аяттар үкімі бойынша бір Аллаһқа ғана құлшылық ететін имандықтың жүзеге асыратын (Мешіт мұсылмандардың Аллаһқа құлшылық) (мінәжат) үйі деген мағынаны береді. Сондықтан Құранның 72-сүре 18-аятында: «Шын мәнінде мешіттер Аллаһқа тән, ендеше Аллаһпен бірге ешкімді шақырмаңдар», – делінген.

Сұрақ: «Әмин» аят па дұға ма? Оның ұғымы не? Әминді жария айтқан сауап па, әлде құпия айтқан сауап па?

Жауап: «Әмин» – дұға, оның мағынасы: «жаратқан дұғамды қабыл ет» дегені. Ал мұны іштен айту дұға негізі саналады. Қасиетті Құран Каримде: «Аса төменшілікпен мойынсұнып, Аллаһқа іштеріңнен дұға оқыңдар. (Дұғада) Шектен тыс кеткендерді Аллаһ жөн көрмейді», – делінген. Ал Хадисте: «Адамдардың «әминді» дауыстап айтқанын естіген Пайғамбарымыз Мұхамед (с.ғ.с.): «Ей, адамдар, өздеріңе жандарың ашысын, сендер естімейтін алыста тұрған затқа дұға етіп жатқан жоқсыңдар. Сендерді ең жақсы естуші және сендерге ең жақын тұрған Аллаға дұға етіп жатырсыңдар», – деген екен. Олай болса әминді іштен айтқан сауап.

Сұрақ: «Барзақ» деген не? «Ақырет» деген не? Ол уақытша ма, мәңгілік пе?

Жауап: «Барзақ» араб сөзі. Қазақша мағынасы «қабір» деген ұғымды білдіреді. Барзақ әлемін терең ұғыну үшін бірінші кезекте ақыретті білу шарт. Ал, ақырет дегеніміз – келешектен кейінгі өмір. Оны «алмаут» деп те атайды. Яғни, қазақша мағынасы өлім. Қасиетті Құранда айтылғандай өлім адам өмірінің соңы емес. Жаңа өмірдің бастауы деп атап айтылған. Ал, «жаңа өмір» ол – о дүние. Мәселен, 56-сүре 58-61-ші аятында: «Көрмедіндер ме, өлдеріңнің ұрықтарыңды сендер жараттыңдар ма, әлде біз жараттық па? Біз сендерге өлімді бердік. Және сендерді

мысал етіп қайтадан жаратамыз ақыретте», – делінген. Бұл адам өлгеннен кейін де өмір сүреді деген сөз.

Сондай-ақ: «Кімде-кім насихатқа құлақ аспаса, (Аллаһты) жалған санаса, Аллаһ оның сазайын тартқызады. Олар сөз жоқ біздің қарамағымызға қайтарылады. Сонан соңғы есеп алу біздің міндетіміз», деген (Ғашия, 23-26). О дүние – ақырет мәңгілік.

Сұрақ: Біз марқұмды жерлегенде цементпен құйылған қалыпты пайдаланып жабамыз. Бірақ онда «арматор» жоқ сапасыз болғандықтан, ол сынып жатады. Және марқұмның бас көтергенде кеудесін қысады. Міне, осындай жағдайлар марқұмға және жақындарына күнә болмай ма? Бәзбіреулер дұрыс емес, кірпіш жақсы деп пікір – таласып жатады. Осының шариаттағы шешімі қандай?

Жауап: Шариат (Алланың заңы) бойынша қабірдің өте терең немесе өте саяз тар болуы қабірді қазып жапқанға байланысты емес. Сондай-ақ мәйіт қабірге салынбаса да яғни, мәйітті өртегендер, суға батқандар, аң-құсқа жем болғандар, мұздың үстіне қармен жапқандар т.б. жағдайға қатысы жоқ тек қана марқұмның мұсылман және кәпір немесе екі жүзді мәнафих болуына байланысты оған дәлел Құран және хадис. Құран: «Аллаһ сондай иман келтіргендерді дүние тіршілігінде де ақыретте де мықты сөзбен бекітеді», – (14:27) десе: «Ал, егер өлген кісі Аллаһқа жақындардан болса, сонда оған рахатты шаттық, әрі нығметті жәннат бар», – деген (56:88-89). Хадисте: «Мүмін қабірінде жасыл бақтың ішінде болады. Көрі (қабірі) жетпіс білек кеңейтіліп, қошемет көрсетіледі және оған Бәдір түнгі айдың жарығындай жарық сыйға тартылады».

Оны көрі тарылып, қаны тырнақтары мен еттерінің арасынан шыққанша қысады. Сондықтан «бұл дүние – о дүниенің егіні» деп айтылады. Әркімнің істеген амалына өтелген парызына қарай шариат шешімін айтады. Ендеше Аллаһқа ортақ қоспай мұсылман болайық. Сонда қабір азабынан құтыламыз.

Сұрақ: Аллаһтың ең ұлық аты Аллаһ, екенін білеміз. Бұл атау Құранның қай сүресінде, қай аятта айтылған. Аллаһ ол атын кімге айтқан? Аллаһ аты Құран ішінде неше жерде бар?

Жауап: Ий, Аллаһтың өзін атап берген аты «мен Аллаһпын» деген есімі (аты) Құран Карим 27-сүренің 9 аятында: «Мен Аллаһпын деп өз атын атап Мұса (ғ.с.) тікелей өзі сөйлескен». Құранда аллаһ деген атау 2697 неше жерде бар.

Сұрақ: Аллаһтың «Рас мен Раббыңмын» деген ұлық аты Құранда қай сүре, қай аятта бар? Аллаһ оны кімге айтқан? Бұл Аллаһтың атына келген атаулар: «Раббы», «Раббым», «Раббың» Құранда қанша жерде бар?

Жауап: «Рас мен Раббыңмын», – деген Аллаһтың ұлық атауы 20-сүренің 12-аятында айтылған. Аллаһ Тағала оны Мұса (ғ.с.) айтқан, жалпы Құранда бұл атау көптеген сүрелер мен аяттарда бар. Атап айтқанда 918 неше жерде бар.

Сұрақ: Пенде қалай кедейшіліктен құтылады? Бұл туралы аят, хадис не дейді?

Жауап: Аллаһ Тағала Қасиетті Құран Каримде: «Ақырет пайдасын қалағанға, оның пайдасын арттыра түсеміз. Дүние пайдасын қалағанға, оның пайдасынан береміз. Әрі Ақыретте ол үшін ешқандай несібе болмайды» (Әш-шұра сүресі, 20-аят), – делінген. Хадисте: «Аллаһ Тағала мақсатын, Ақырет еткен пенденің жүрегін байытып, бұл дүние оның артынан масқараланған күйде еріп жүретін болады. Егер пенде осы дүниені мақсат етсе, оның жүрегі уайымға батады. Әрі бұл дүниеде тағдырына жазылғаннан артығын ала алмайды», – деген.

Расулаллаһ (с.ғ.с.) жоғарыда айтылған аятты оқып: «Аллаһ Тағала: «Ей, адам баласы! Өзінді маған құлшылық еткенге арнасаң, мен көкірегіңді уайымнан тазартып, сені кедейліктен құтқарамын, болмаса жүрегіңді уайымға толтырып сені кедейліктен құтқармаймын», – деген.

Сұрақ: Әлемдегі ең асыл не?

Жауап: Ол Аллаһтың сөзі – Құран.

Сұрақ: Неге жәннатта намаз оқымайды?

Жауап: Жәннат – істеген амалдың сиын алатын жер. Амалстетін жер емес. Сол себепті намаз оқымайды.

Сұрақ: Пайғамбар үмметінің ең ауыр күнәсі не?

Жауап: Бұл сұраққа жауапты мына хадистен аламыз. Хадисте: «Нұр Мұхаммед (с.ғ.с.) маған үмметімнің күнәлары көрсетілді. Соның ішінде құранды жаттағаннан кейін оны ұмытудан ауыр күнді көрмедім», – деген.

Сұрақ: Аллаһқа серік қосушылық не? Ол қандай күнә?

Жауап: Аллаһтан өзге нәрселерге жалбарыну әрі олардан жәрдем сұрау, Аллаһқа серік қосқан болып табылады. Ол ауыр кешірілмейтін күнәға жатады. Мысалы, пайғамбарларға, періштелерге, әулиелерге, аруақтарға, отқа, табиғатқа табынушылық серік қосушылыққа жатады.

Сұрақ: Мінез дегеніміз не?

Жауап: Мінез – адамның туа біткен қасиеті ме, әлде жүре пайда болады ма? Жалпы, мінез дегеніміз не өзі? Меніңше, мінез дегеніміз – адам баласының бойындағы жақсылы-жаманды қасиеттердің жиынтығы болар деп ойлаймын. Жаратушы иеміз қандай адамды жақсы көреді? Әрине, ниеті ақ, көңілі таза, күнәдан ада пенделерін жанымен сүйеді. Бұған дәлел пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисіндегі: «Алла – жомарт, жомартты дос тұтады», – деген сөздер. Жомарт болудың өзі жақсы мінезділікті көрсетіп тұрмай ма? Онда неге біз жақсы болудан, жақсы мінез көрсетуден қашуымыз керек.

Біз, мұсылман халқы, аса ізетті, ибалы, дархан пейілді, көп діндердің ішіндегі таза, хақ дін иесіміз. Сондықтан дойыр мінезді доңыз іспеттес қылықтарға бару – біздер үшін жат. Жаман мінездің жарға жығатындығында да ескерген дұрыс.

Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз бір хадисінде былай келтірген екен: «Мұсылманға берілген қасиеттің жақсысы – ибалы мінез. Оларға берілген қасиеттің жаманы – сырт көрінісі шырайлы болғанымен, ниетінің қаралығы». Бізде қара ниетті пенделердің сырты күліп тұрғанмен, ішінде не түрлі сұмдықтарды жиып тұрғаны осының көрінісі. (Иә, Аллаһ қара ниеттен сақтасын! Сынаққа берілген өмірде пенделеріміз біріне-бірі қамқор, сыйлы, ілтипатты болғанға не жетсін!)

Пайғамбарымыз Мұхамед (с.ғ.с.): «Діндарлықтың абзалы – мінез-құлықтың жақсылығы», – деген. Мінез-құлығы қалыпты емес, біреуге жақсылық, енді біреулерге жамандық тілеп жүрген адам, бес парыз мұсылмандық міндетін өтеп, өзге алдында жылышпайлы көрінгенмен, Аллаһ Тағала алдында біртабан төмен тұрғандығын ескерсе екен.

Бәріміз де Аллаһтың құлы, пайғамбардың (с.ғ.с.) үмбетіміз. Жаратушы иенің жерде жүрген жұмыс басты пендесіміз.

Сондықтан бірімізге біріміз мейіріммен қарап жүргенге не жетсін! «Алла мінезі жақсы адамды ұнатып, мінезі жаманды жек көреді», – дейді Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар. Адамға емес, алдымен Аллаһқа ұнау керек екендігін естен шығармай, жайдары мінез, жақсы көңіл күйде, иманды болайық, бауырлар!

Сұрақ: Аллаһ Тағала Мұхамед (с.ғ.с.) нұрынан нендей заттар жаратты? Олар не деп аталады?

Жауап: Аллаһ Тағала пайғамбарымыз Мұхамед (с.ғ.с.) сүйіспеншілігінен жеті жария жаратты:

1. Ғылым дариясы
2. Сабыр дариясы
3. Ақыл дариясы
4. Хикмет дариясы
5. Пақырлық дариясы
6. Алланы тану дариясы
7. Кешірімділік дариясы

Сұрақ: Мұхамед (с.ғ.с.) әр дарияда неше жылдан тұрды?

Жауап: Мұхаммед (с.ғ.с.) әр дарияда он мың жылдан тұрды. Жетпіс мың жыл өткен соң Аллаһ Тағала тағы да тіл қатты: «Ей, менің нұрым! Ей, менің сүйіктім! Ей, менің асылым! Ей, менің пәк пендем! Ей, менің досым! Дариядан шық, тебірен!» 124 мың тамшы мұбарак ағзаларынан тамды.

Сұрақ: Жәннат пен жаһаннам (тозақ) дегеніміз не? Олар кімдер үшін дайындалған?

Жауап: Аллаһтан жақсылық үшін алатын «сый» орны – жәннат, ал жамандық жазасы үшін алатын от орнын – жаһаннам немесе тозақ дейміз. Құран Кәрімде мынадай аяттар бар: «Иман келтіріп ізгілік еткен жандар – жәннаттық болған пенделер, олар жәннатта мәңгі қалады». (3:185).

«Ол жерде олар үшін қалаған әр нәрселер бар. Сондай-ақ, бізде олар қалаған нәрселер артығымен бар» (4:78).

«Жәннат – мұминдер үшін дайындалған сый орын». (18:107-108).

Ал «тозақ – дайындаған от. (101:11). Ол кәпір немесе мүнәфих үшін дайындалған» (9:63, 68; 18:106).

Сұрақ: Мұмин отбасы жәннатта бірге бола ма? Оған дәлел қандай?

Жауап: Аллаһ қалауымен кісі жәннатқа иман келтірген ата-анасымен, әйелімен, бала-шаға ұрпақтарымен бірге кіреді. Құранда: «Олар Ғадын атты жәннатқа кіреді. Аталарынан, жұбайларынан және ұрпақтарынан кім түзу болса, олар да кіреді» (13:23, 36:56, 43:70), – делінген.

Сұрақ: Жәннаттағы адамдар дәрежесі қалай көтеріледі?

Жауап: Аллаһ Тағала балаларының дұғасы себепті жәннаттағы ата-аналардың дәрежесін көтереді. Хадисте: «расында, Аллаһ жәнната ізгі пенденің дәрежесін көтереді, сонда ол: «О, Раббым! Бұл маған қайдан?» деп сұрағанда: «Сен үшін баланың кешірім өтінуінен» деп айтады», – дейді.

Сұрақ: Хақ мұсылманға неше жәннат бар? Олардың аттарын атаңыз? Олар қайда орналасқан, сипаты қандай?

Жауап: Сегіз жәннат бар. Олар: Дарислам, Дарил-Хулуд, Жәннат Фирдус, Жәннант Нағим, Жәннан Ғадім, ЖәннантМағауир, Дарил-Жалал, Бақ Ирам. Жәннат жеті қат аспанда асылып тұрады. Оның кірпіштері алтын, күмістен, лағыл тастар меруерттен жаратылған. Жәннат бағындағы дарақтарда неше түрлі асыл тастар көз жауын алады. Оның бұтақтары мен жапырақтары тауыс қанатындай құлпырып ғажап сұлулығымен тандандырады.

Ал, сол бау-бақшаның миуалары бал татып, қанша жесең де таусылмайды. Мұндағы ағаш бұтақтарынан сүттен ақ, балдан тәтті шарбаттар ағып тұрады. Хор қыздары мен ғылмандар дәйім өз қызметінде. Күнәсі жоқтар оған кіреді.

Құран 19:62, 63; 47:15; 55:52; 54, 68; 56:20, 30; 78:31, 32;

Сұрақ: Тозақтың неше түрі бар? Олардың аттары қандай? Олар неден жаратылған? Оған кімдер кіреді?

Жауап: оның жеті түрі бар. Олар:

Біріншісі, «Хауна» деп аталады. Ол оттан жаратылған. Бұған намаз оқымағандар, ораза тұтпағандар, шариат үкіміне мойынсұнбағандар кіреді.

Екіншісі, «Лаза» деп аталады. Бұл азаптан жаратылған. Мұнда кісінің қанын соратын алып бақа-шаяндар бар. Осы тозаққа парақор, әділетсіз, тәкаппар әкімдер мен жетім-жесірлерді, жарлы-жақыбайларды жәбірлеп, қорлап-зорлағандар кіреді.

Үшіншісі, «Сакар». Бұл тозақ жаман нәжістерден жаратылған.

Бұған байлығы мол бола тұра, кем-кетіктерге қайырымдылық жасамаған, зекет бермеген, тапқан дүниесін беталды ысырап қылып паракорлыққа, әйелқұмарлыққа, жезөкшелікке сарп қылған кісілер кірмекші.

Төртіншісі, «Сауыр» деп аталады. Бұл таза мұздан жаратылған. Осыған мұсылмандардың мал-мүлкін күштеп тартып алғандар, біреудің ақысын жеген, қиянатты көп жасаған әкімдер кіреді.

Бесіншісі, «Жаһаннам» деп аталады. Бұл тозақ желден жаратылған. Бұған зинақорлар, араққұмар пенделер, ата-анасының, көршілерінің көңілін қалдырғандар кіреді.

Алтыншысы, «Ситжин» деп аталады. Ол көрдей қараңғы, онда жыландар мекендейді. Оған намаз оқыса да, ораза тұтпайтын, құмар ойнап, шариат әмірін шала-шарпы өтейтіндер кірмекші.

Жетіншісі, «Хатма» деп аталады. Ол тас қайнататын ыстық азабы-тозағы басқа тозақтардан жүз мың есе көп. Оған аманатқа қиянат қылғандар бірін-бірі сыйламай ұрыс-керіспен өмірін өткізген ерлі-зайыптылар және әйелдердің «нифас» күндері жыныстық қатынаста болғандар, тапқан малын арам жолға сарп қылғандар кіреді. Бұл тозақтар жеті қат жер астында деп есептеледі.

Сұрақ: Мұсылманның басында бір періште отырып, оның айтқанына «Әмин, Әмин» дейді екен. Ол періштенің ары қандай?

Жауап: Хадисте: «Мұсылман пенденің басында Муаккал деген періште отырады, қашан мұсылман кісі мұсылман бауырына дұға істесе, ол періште: «Әмин, Әмин, саған сол болсын деп айтып отырады екен». Сондықтан мұсылман бауырларға дұға жасап отыру үлкен сауап». Муслим.

Сұрақ: Жүрек көзі деген не? Жүрек айнасы деген не? Оны немен тазартамыз?

Жауап: Жүректегі құпия сырларды түгел көрсетіп тұрған айна тіл. Яғни, тіл – жүрек айнасы. Оны зікірмен тазартамыз. Құран 4:148; 6:144; 10:69; 17:53;

Сұрақ: Зікір деген не?

Жауап: Араб тілінде «зикр» деген сөз «еске алу» деген ұғымды білдіреді. Құран 33:41; 13:27;

Сұрақ: Жүректің қатаюына не себеп?

Жауап: Жүректің қатаюы күнәні үнемі қайталап жасауынан болады. «Нә узу билләһи», мағынасы осындай жағдайдан біздерді Ұлы Аллаһ Өзі сақтасын!

Сұрақ: «Зұлымдық» деген сөздің мағынасы қандай? Оған дәлел не?

Жауап: Оның мағынасы: «Аллаһқа серік қосу» деген ұғымды білдіреді. Лұқман сүресінің «күдіксіз серік қосу – зор зұлымдық» деген он үшінші аяты айқындап тұр.

Сұрақ: Сүренің мағынасы не?

Жауап: Сүренің шаригаттағы мағынасы басы мен соңы бар бөлек-бөлек аяттардың жиынтығы.

Сұрақ: Мұсылмандар арасында адамның оң қолынан «Аллаһ» жазуын оқиды екен деген сөз бар. Ол рас па? Соны білгіміз келеді?

Жауап: Ол рас. «Аллаһ» жазуын біз оң қолымыздан оқи аламыз. Яғни, ең кіші саусағымызды арабтың «Әлиф» әрпі делік. 4, 3, 2 саусақтарынан «Алла» бас бармақтан «һ» әрпін оқи аламыз, қоса келгенде «Аллаһ» сөзі пайда болады.

Сұрақ: Мен құрылыс мекемесінде кеңсе сыпырушы болып жұмыс істеймін. Мекеме басшысы банктен шағын және орта бизнесті дамытуға арналған несие алып, осы мекемені ашты. Жалақыны да жұмысшыларға банктен несие (өсімнен қайтаратын) арқылы береді. Сіздерден сұрайтыным, осындай мекемеден алынған еңбекақы жұмысшыларға адал бола ма?

Жауап: Исламда өсімге қатаң түрде тыйым салығандықтан өсімнен түскен ақшаны кімге болсын қолдану харам, әрі үлкен күнә. Сондықтан барша мұсылман бауырлар Аллаһтың рұқсат еткен адал жолымен ризықтарын тапса дұрыс болады. Өсім арқылы табылған табыста адалдық болмайды.

Сұрақ: Орынбай Оралбеков «Мың сұрақ» атты имандылық туралы кітапшасында парыз намаздарының бізге кімнен қалғандары жөнінде жазғаны бар.

1. Памдат намазы Адам Атадан. 2 Бесін намазы А) Ыбырайым (ғ.с.) пайғамбарды Намрут отқа тастап, бірақ ол отқа күймей саламат шықты. Ол бұл үшін шүкір анасына төрт бас ретінде намаз оқыды, содан бізге парыз болып қалды деген.

Б) Намаз бесінді төрт бас етіп Иса (ғ.с.) оқыды. Ол (ғ.с.) жаһидтердің қоршауынан құтылыпты, содан бізге төрт бас бесін намазы парыз болып қалды делінген. Осы екі дәлелдің қайсысына сенуге болады?

Жауап: Бес уақыт парыз намазы Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) Миғраж (пайғамбарымыздың көкке көтеріліп, Аллаһпен тікелей жүздесуі) түнінде хижреттен бір жарым жыл бұрын мұсылмандарға парыз етілген. Осы уақыттан бері бізге бес уақыт намаз парыз болған.

Сұрақ: Темекі шегіп, арақ ішіп харам жола түскен қыз баланы жөнге салып, Ислам дініне қалай тартуға болады? Сұрайын дегенім осындай адамдарды болашақта көркем мінезге тәрбиелеп, сәждеге басын идіру мүмкін бе?

Жауап: Адамзатты тура жолға салу Аллаһ Тағаланың қолында. Ал мұсылмандардың міндеті адамдарға ақиқатты, Ислам жолын көркемдеп, жұмсақ сөзбен түсіндіру. Сондықтан адасып жүрген бауырларымызға дінімізді түсіндірейік, насихаттайық.

Сонда ғана Аллаһ қаласа, оның жүрегіне титтей болса да иман отын ұялата алуымыз мүмкін.

Сұрақ: Мені өз көршім жөн-жосықсыз қарғап жүр. Сол қарғысы өтті ме білмеймін, балаларым бірінен кейін бірі ауырып жатыр. Қарғыс, дуа дегендерден сақтанудың жолы бар ма? Қарғысты қайтаратын дұғалар бар деп естідім, осы рас па?

Жауап: Қарғыс, дуа және де адамзатқа келетін барлық жамандықтардан сақтанудың жалғыз ғана жолы бар. Ол – Жаратушымыз Ұлы Аллаһқа барлық жамандықтан әр аттап басқан қадамымызда шын ниетпен сиынып, намаз оқып, Аллаһтың хақ жолымен жүру. Сонда ғана бізге ешқандай пәле-жала жолай алмайды.

Сұрақ: Қайтыс болған адам арулап жерленген соң, оны қос періште сұраққа алатынын білемін. Ал отқа өртеніп немесе суға кетіп, жарылыстан қаза болып денесі жерленбей қалған марқұмдарды періштелер жауапқа ала ма? Қай жерде?

Жауап: Әрине, барлық адамзат қабірде сұраққа тартылатыны ақиқат.

Бұл жайында пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистерінде көп айтылған. Ал сіз айтқандай қаза болған адамның денесі болмаса да ғалымдардың басым көпшілігінің көзқарасы бойынша, рухымен және денесімен жауап береді. Өйткені Аллаһ Тағала ол адамға қабір азабын тарттыру үшін денесін қайта жаратуға күші күмәнсіз жетеді.

Сұрақ: Жайнамаздың үстінде намаз оқылатынын білеміз. Ал оны басып отыруа, немесе үстіне жатуға бола ма? Қытайлар жайнамазды мотоциклдің үстіне жабады екен дегенді құлағым шалып қалды. Қасиетті нәрсені бұлай қорлауға болмайтын шығар?

Жауап: Намаз оқанда намаз оқитын жердің таза болуы абзал. Оны нәжіс тиетін жерге қоймау керек. Бірақ жайнамаздың үстіне таза киіммен отыруға да, жатуға да болады.

Сұрақ: Мен көлік жүргізушісімін. Жақында бір әжей жолың болады деп бір тұмар оқып беріп, көлігіңе іліп қой, тастама деді. Жалпы көліктің ішіне тасбиқ, тұмар, көз басқа да дінге қатысты нәрселерді іліп қою дұрыс па?

Жауап: Адамзатты әртүрлі апаттардан қорғайтын, жолын оң қылатын тек қана ұлы Аллаһ Тағала. Сондықтан көлікке «апаттан сақтайды» деп тасбиқ, тұмар, т.б. заттарды ілуге болмайды.

Мұндай нәрселер Жаратқанға серік қостырып, мойныңызға үлкен күнә артады.

Сұрақ: Біздің аймақта әлі күнге дейін о дүниелік болған адамдарды астауға салып (табытқа) жаназа намазы оқылып жүр. Осылай жаназа намазын оқу дұрыс па? Және марқұмның бас жағында оның суретін ұстап тұрады. Менше бұл да дұрыс емес. Марқұмға жаназа намазын оқымай-ақ жерлесе не болады?

Жауап: Мәйітті табытқа салып жаназа шығару Исламда жоқ нәрсе. Олай жасауға болмайды. Сонымен қатар, жаназа шығарған кезде марқұмның суретін ұстап тұру да дұрыс емес. Мұның бәрі ислам дініне жат әдеттер.

Сұрақ: Менің сұрайын дегенім мыналар: Діни басқарма тарапынан имамдарға уағыз жүргізудің бағыт-бағдары беріле ме?

Жыл он екі ай бойы түскен садақа, пітір-садақалардан нашар,

кембағал отбасыларға, жетім-жесір мұсылмандарды (қайтыс болған) жерлеуге қаражат бөліне ме? Осы сияқты мәселелерде Діни басқарма тарапынан пәтуалар бар ма екен?

Жауап: Иә, ҚМДБ тарапынан Республика бойынша барлық мешіттерде уағыздар жіберіліп отырады. Ал мешітке түскен садақалар жетім-жесір, кедей адамдарға беріледі.

Сұрақ: Жұма намазының алдында хұтба оқылып жатқанда мешітке кірген кісі алдымен «мешітке сәлем» намазы оқи ма әлде отырып хұтба тыңдай ма?

Жауап: Жұма намазының дұрыс орындалуы үшін хұтба оқылып жатқанда оны тыңдау шарт. Имам хұтба оқу үшін мінберге шыққан кезде, жамағаттың тыныштық сақтауы, сәлем беріп, сәлем алмауы, нәпіл намаз оқымауы керек. Отырып хұтпа тыңдауы қажет. Тіпті хұтпада пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) аты айтылса да салауат айтпай үнсіз қалу абзал. Бірақ іштей салауат айтса болады.

Сұрақ: Шариятта мәйітті үйден басымен шығара ма әлде аяғымен шығара ма? Бұл жайлы ҚМДБ пәтуаларында айтылмаған. Менің байқауымша молдалар білгенін істеп жүр.

Жауап: Мәйітті жуындырып, кебіндеп болған соң үйден басымен шығару керек.

Сұрақ: Қазір кейбір ауылдарда жас мұсылман жігіттер намаз оқымайтын адамдар өлсе, жаназаға бармайтын әдет шығарған көрінеді. Себебі оны мұсылман емес деп бағалайды. Осы дұрыс па?

Жауап: Бірде, Имам Ағзам Әбу Ханифа мешітте отырған кезінде харижиттер қолдарына қару алып, мешітке басып кіреді. Олардың жаңсақ сенімі бойынша, үлкен күнә жасаған адам – кәпір саналып, мәңгілік жәһаннамға кетеді. Сол себепті харижиттер оны сынау үшін: «Есіктің алдында еркек пен әйелдің өлігі бар. Еркек – шарап ішкенде қақалып, тұншығып өлген. Әйел – зина жасап, жүкті болғанын білген соң, өзін-өзі асып өлтірген. Осы екеуі жөнінде сен не айтар едің?» – деп сұрақ қояды.

– Екеуі қай ұлттан? Яһуди ме?

– Жоқ.

– Христиан ба?

– Жоқ, христиан емес.

- Пұтқа табынушы ма?
- Жок.
- Сонда кім болғаны?
- Аллаһтан басқа құдай жоқ, Мұхаммед Оның құлы әрі Елшісі деген үмметтен.
- Шәһадат кәлимасы иманның үште, төрттен яки бестен бірі ме?
- Иман олай бөлінбейді.
- Иманның қаншасы сонда?
- Тұтасы.
- Ендеше жауабын өздерің бердіңдер. Олардың мұсылман екенін айттыңдар.
- Сен мұны қоя тұр. Олар жәннаттық па, әлде жәһаннамдық па?
- Айтарым: Хазреті Ибраһим пайғамбар осы екеуінің күнәсынан әлдеқайда үлкен күнә жасаған елі үшін Аллаһ Тағалаға былай деп дұға жасаған:

«Маған ілескендер мен маған қарсы шыққандарға: «Сен кешірімшіл және рақымдысың». Сол сияқты Хазреті Иса пайғамбардың да: «Егер азап етсең, олар сенің құлдарың, егер кешірсек Әзиз және Хәким Сенсің», – дегені бар емес пе? Менде иман еткендерді қуатын күш жоқ». – дейді.

Намаз оқымайтын адамды мұсылман емес деуге ешкімнің хақысы жоқ. намаз оқымайтын адам шариат бойынша күнәһар болады, бірақ діннен шықпайды. Сол себепті ондай кісі дүниеден өткенде жаназасы оқылады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Еркек яки әйел болсын, үлкен яки кіші болсын, күнәһар болса да, күнәһар болмаса да (өлген) мұсылманның жаназасын шығарыңдар», – деген.

Сұрақ: Сахабалардың бірі (ұмытпасам Әбу Суфйян болу керек) көзі тірісінде өзінің қабірін қазып қойған деген дерекке кезіккен соң, мен де солай істедім. Ешкімге салмақ салмай өзім қаздым. Қазір қабірімнің екі жағындағыларды білемін. Жаман адамдар емес. Біреулер «Мұның дұрыс емес, қабір өз иесінің тез келуін тілейді. Өлім шақырып қайтесің?!» дейді. Алайда, мәселе қабірде емес, тағдырда ғой. Сахабалардың істегенін жасағаным шариата қайшы келмейтін шығар?

Жауап: Құранда: «Ешкім ертең не істейтінін білмейді, әрі ешкім қай жерде өлерін де білмейді», (Лұқман 31:34), – деген аят бар.

Шынында, адам баласы қашан және қай жерде опат боларын білмейді. Сондықта да, көмілетін жер дайындаудың орнына өзін өлімге жақсы амалдармен дайындағаны абзал. Шариат бойынша, алдын-ала өзіне жер әзірлеуге де, оны үлкен көлемде қоршап қоюға да рұқсат етілмейді.

Сұрақ: Сапар намазы туралы толық мәлімет алуға бола ма?

Жауап: Сапар дегеніміз жолаушылық. Адам тұратын жерінен алыс жерге жолға шыққанан бастап, жолаушы саналады. Жолаушының парыз намаздары қысқарады. Ғалымдардың есебі бойынша, жаяу адам үш күндік жол жүрсе, яғни, шамамен 85-90 шақырымнан астам жерге жолаушылап шықса, сапардағы адам болып саналады. Қазіргі замандағы көліктер де бұл үкімді өзгертпейді. Ғалымдардың берген пәтуасы осы. Дінімізде жеңілдік бар. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде: «Жер жүзінде сапарда болған уақыттарыңда, кәпірлердің өздеріңе бір қастандық істеуінен қорықсандар, намаздарыңды қысқартуларыңызда күнә жоқ», – деген. (Ниса 4:101) Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сапарға шыққанда төрт рәкат намазын – екі рәкат етіп қысқартып оқығандығы жайлы көптеген хадистер бар. Яғни, төрт рәкат парыз намаздар екі рәкат етіліп оқылады. Ал, ақшам намазы мен таң намазы қысқартылмайды.

Ескерту: Жолаушы тұрғылықты жерінен бөгде жерге барып, сол жерде он бес күн, яки одан да көп мерзім қалуға ниет етсе, тұрғын саналып, жолаушылық үкімінен шығады. Егер де он бес күннен аз қалуға ниет етсе, намаздарын қысқартып оқиды.

Жолаушы адам жамағатпен сол жердегі тұрғылықты имамға ұйып намаз оқыса, намазды толық оқиды. Себебі имамға бағыну шарт.

Сұрақ. Қаза болған таң намазын қалай өтейді?

Жауап: Уақытында өтелмеген намаз қаза етілген есепті. Яғни, парыз намаздар ғана қаза етіп оқылып, сүннеттері оқылмайды. Тек, таң намазын уақытында оқымаған ксі сол күн бесін намазынан бұрын парызын сүннетімен бірге қаза етіп оқиды.

Сұрақ: Екі қолмен амандасуды кейбіреулер мақұл көрсе, енді біреулер бұл дұрыс емес деп жатады. осының қайсысы дұрыс?

Жауап: Хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) хадисінде екі қолмен амандасуды бұйырған. Себебі: «сіздің амандасқан кісіге өкпеніз болса, Аллаһ Тағаланың үкімімен екі жақтағы көңілдегі реніштер жұмылған қолдар ашылғанда, өзінен-өзі жойылып кетеді», – десе, тағы бір хадисінде: «Қол беріп амандасқанда екі бас бармақ бір-біріне қауышу керек», – деген. Осыған қарағанда қол беріп амандасудың артықшылығы мол екенін байқау қиын емес.

Сұрақ: Аллаһтың мұбарак 99 есімдерінің бірі – «әл-Жамиғ». Осында төрт періштенің аты бар көрінеді. Мұның мағынасы мен мәні қандай?

Жауап: Аллаһтың «әл-Жамиғ» деген аятында 6 әріп (қаріп) бар. Міне, осы алты әріптен Аллаһтың үлкен 4 періштелерінің есімі шығып тұр. Мысалы, «әл» – әрпі «Барлық» деген сөз. Бұл «әлхамдунның» басындағы «әл» деген жалғаудан шығады. Енді «Ж» әрпінен «Жәбірейіл», «Ә» әрпінен – «Әзірейіл», «М» әрпінен «Мекаил», «И» әрпінен «Исрафил», ал соңғы «Ғ» әрпінен «ғалайкусалам» сөзі шығады екен.

«әл-Жамиғ» – барша жақсылықтарды жинаушы, яғни пенделер тілейтіннің барлығы осында жинақталған.

Сұрақ. Үлкен төрт періштенің қызметтері қандай?

Жауап: Жәбірейіл – (с.ғ.) пайғамбарға (с.ғ.с.) уахи әкелетін періште. Оны кейде Рухул Қудус немесе Жибрил деп те атайды. Өзәрейіл (ғ.с.) – жандылардың жанын алады. Иярафил (ғ.с.) – Аллаһтың еркіне сай түрде қиямет күнінің орнауын және өлгеннен кейін қайта тірілуді қамтамасыз ететін періште. Микаил (ғ.с.) – табиғат құбылыстарын Хақ тағаланың рұқсатымен басқаратын періште.

Сұрақ: Біздің халықта «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» деген ұғым бар. Осының мәнісі неде?

Жауап: Хадисте: «Аллаһ Тағала пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үмметтері үшін жүз жылда олардың дүниеге түсінігін жаңартатын затты жаратады», – деген. Ол – илхам. Яғни, Аллаһ тарапынан берілетін шабыт ілім, табиғи арын және дін қабылдайтын құлды жаратады. Міне, бұл хадистен «елу жылда ел жаңаның» мәнісін ұғуымызға болады.

Сұрақ: Жәннаттағы хор қызының қандай екенін білсем деп едім?

Жауап: Жәннаттағы хор қыздары 55-сүренің 58-аятында: «Ол жұбайлар жақұт, маржан сияқты», – делінген.

Сұрақ: Шайтандар қайда ұйықтайды?

Жауап: Бұл сұраққа жауапты хадистен аламыз. Онда: «Ұйқыдан тұрғанда үш рет су алындар. Себебі, кеңсірікте шайтан ұйықтайды», – делінген. (Әбу Һурайрадан (р.а.)).

Сұрақ: Намазхандар арасында: «Тырнақ – кәпірлердің пышағы», – деген сөзі жиі айтылады. Осы рас па?

Жауап: Ол рас. Хадисте: «Жануарларды тіспен, тырнақпен бауыздамандар. Сендерге ол жайлы айтып берейін. Тіс – сүйек, ал тырнақ – эфиоптардың, яғни кәпірлердің пышағы», – делінген. (Бұхари, Мүслім).

Сұрақ: Арам өлген малдың етін жеу харам екенін білеміз, ал терісін пайдалануға бола ма?

Жауап: Иә, терісін пайдалануға болады. Хадисте: «Арам өлген малдың етін жеу харам, терісі илене тазарады», – делінген.

Сұрақ: Мұсылман кісі қайтыс болғанда жаназа намазына құран оқыған кезде басқа дінің адамдары қатынасса бола ма?

Жауап: Мұсылман емес адамдардың мұсылманның жаназасына қатынасуына болады. Сол сияқты мұсылман мұсылман емес кісінің қатысуына болады. Бірақ мұсылман адам олардың әдет-ғұрыптарына қазасына қосылмауы керек.

Сұрақ: Мұсылман ер адамдар мұсылман емес әйелге үйленсе бола ма? Ал мұсылман әйелдің мұсылман емес еркекке тұрмысқа шығуының үкімі қандай?

Жауап: Мұсылман ер адамның кітап иелерінің (христиан, нудей дініндегі әйелдерге үйленуіне болады. Аллаһ Тағала айтады. «Бүгін сендерге жақсы нәрселер халал етілді. Кітап берілгендердің (яһуди, христиан) тамағы (бауыздағандары) халал етілді. Сендердің тамақтарың да оларға халал етілді. Және мүминдерден абыройлы әйелдермен, әрі сендерден бұрын кітап берілгендерде (христиан, яһуди) де абыройлы әйелдермен мәърлерін беріп, бой суытушы, астыртын

көңілдес болмай үйленулерің халал етілді...» (Мәйда 5:5).

Бірақ оларға үйленуге болатынын білумен қатар, оның мәкрүк екенін де білуіміз қажет. Өйткені әйел ерін айтқанынан көндіріп оны діннен бездірмейді деп айта алмаймыз. Бұл істің (мұсылман еместерге үйлену) таралуы мұсылман әйелдерді тәрік етуге алып келетінін айтпағанда, мұсылман емес әйелге үйленген адам сол діннің адамдарына жақын болып келеді. Осының барлығы алауыздыққа (фитнаға) әкеп соғады.

Ал мұсылман әйелдің мұсылман емес адамға тұрысқа шығуына келсек, оған рұқсат жоқ. Аллаһ Тағала айтады. «Сонда егер олардың мүмин әйел екендігін білсеңдер, онда оларды кәпірлерге қайтармаңдар. Бұл әйелдер оларға халал емес, олар бұларға халал емес» (Мумтахина 60:10)

Сұрақ: Намазды кейде оқып, кейде оқымай, «Аллаһ өзі кешіреді» деп жүре беретін, не болмаса рамазан айында ораза ұстап, намаз оқып, рамазан айы бітісімен намазды тастап кететін адамдар туралы не айтуға болады?

Жауап: Намаз екі куәліктен кейінгі Исламның екінші тірегі. Әр намаздың бекітілген уақыты бар, сол уақытта орындалуы тиіс. Аллаһ Тағала айтты: «Шындығында намаз мүминдерге белгілі уақытта парыз болды». Намаз (әрдайым) үздіксіз орындалатын құлшылық, оның үкімі тек өлген соң ғана тоқтайды. Немесе ақылынан айырылған ауру адамға намаз парыз болмайды. Сондықтан намазды кейде оқып, кейде оқымайтын адам күнәһар.

Ол тезірек өлім келмей тұрып Аллаһ Тағалаға тәуба етуі қажет.

Ал рамазан айында ораза ұстап, намаз оқығанға келер болсақ, ол оразасы мен намаздың сауабын алады. Ұстаған оразасы әлбетте оның жан-дүниесіне әсер етуі тиіс. Сөйтіп құлшылықтарын ұқыптылықпен орындауы қажет. Өйткені, ол асылында намазды рамазан айы үшін емес, Әлемдердің Раббысы үшін оқиды емес пе?!

Ау Аллаһ мәңгі тірі, уәдесін орындаушы ғой. Сондықтан әр мұсылман өз құлшылықтарынан пайда алуға, әрі әрекет ету арқылы құлшылықтар мен Аллаһқа жақындататын істерді рамазан айында болсын, басқа уақытта болсын әрдайым істеуге тырысуы қажет.

ОРАЗА ТУРАСЫНДА

Сұрақ: Менің туған күнім рамазан айына келіп тұр. Жақында 50-ге толамын. Біреулер «ораза кезінде той жасауға болмайды» дейді. Сонда мен 50 жылдығымды тойлай алмаймын ба?

Жауап: Рамазан айында кешке ауыз ашқан соң той жасауға болады. Тек харамсыз арақ-шарапсыз, музыкасыз болуы керек. Ауызашар ниетімен жасаса үлкен садақа болады. Аллаһ Тағаланың және халықтың алдында үлкен жақсы іс болары сөзсіз. Бұл садақа ретінде жүреді.

Шариат бойынша туған күн тойлау жоқ, бірақ 50 жасқа келгеніңізге шүкір және болашақта жаманшылықтан аман-сау болу үшін хайыр ихсан ниетімен жасалса, жақсы ғамалға жатады.

Сұрақ: Менің басым қысып ауырады. Қан қысымы (давление) менде төмен. Уақтылы тамақ ішпесем түсіп кетеді. Не істегенім жөн?

Жауап: Жылдың басқа мезгілінде де ораза ұстауға шамасы келмейтін қария кісіге және ораза ұстай алмайтын ауруға (өмірбойы ауыратын) ораза ұстамауға рұқсат етіледі. Оларға қазасын өтеу де шарт емес. Тек қана күніне бір міскінді тамақтандыру уәжіп болады. Себебі Аллаһ Тағала Құран Кәрімде: «Егер сендерден кім ауру немесе жолаушы болса, басқа күндерде төлер. Және сондай ораза күш келетіндер (кәрі не аурулар) бір міскіннің тамағын төлесін» деген (Бақара 2:284).

Сұрақ: Мен жақында босанғам. Сүтім тапшы. Дәрігерлер «саған ораза ұстауға болмайды, баланы өлтіріп аласың» дегенді айтып отыр. Не істегенім дұрыс?

Жауап: Балаға зиян келер болса ораза ұстамауға болады. Бірақ, кейін жағдай келгенде қанша күн тұтпасаңыз, сонша күн қазасын өтейсіз.

Сұрақ: Мен құрылыста жұмыс істеймін. Өткен жылы ораза ұстаймын деп азып кеттім. Бастығым биыл ұстама деп отыр. Қандай шешім қабылдауым керек?

Жауап: Ораза ұстау керек. Себебі, рамазан айында ораза ұстау Жаратушымыздың бізге міндеттеген парызы.

Сұрақ: Мен темекі тартамын. Ораза ұстауыма бола ма?

Жауап: Ораза ұстауыңызға болады. Бірақ, ауызашарға дейін

темекі тартпау керек. Дегенмен оразаны пайдаланып темекіні тіптен тастап кетсеңіз жақсы болады.

Сұрақ: Ораза ұстауға ниетті болғаныммен, таңертең сәресі ішуге қиналамын. Сәресі ішпей-ақ ұстай берсем бола ма?

Жауап: Болады, тек сәресі ішу – сүннет, кішкентай нәрсе болса да, тіпті бір жұтым су болса да. Қолдан келсе сәресі ішкеніңіз абзал, сауабы мол. Өйткені сәресіде берекет бар. Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Сәресі ішіндер сәресіде берекет бар», – деген. Сәресіні кешіктіріп ішкен абзал болады.

Сұрақ: Ораза кезінде төсек қатынасын жасауға рұқсат бар дейді. Осы менің көңліме қонбайды. Мұсылмандар нәпсісін бір ай тыйса қайтеді?

Жауап: Ораза кезіндегі ауыз ашу мен ауыз жабуға дейінгі аралықта бұл іске шариатта рұқсат етілген. Бұл арқылы ер адам жаман оймен харамға қараудан сақтанады және әйелінің хаққысын береді. Аллаһ Тағала (Бақара сүресінің 187-аятында): «Сендерге оразаның кешінде әйелдеріңе жақындасу халал етілді», – деген.

Сұрақ: Өткен жылғы ораза кезінде бір кісі «мен қазақ ақынымын» деп бөсті. Байқасам ішіп алған. Оразаны сыйламаған адамды қадірлеуге бола ма?

Жауап: Болмайды. Оған оразаның қадір-қасиетін түсіндіру керек. Шариатқа қайшы нәрсе көрсе мұсылман кісіге әмір мағруф жасау уәжіп.

Сұрақ: Оразаның ең соңғы күні ауыз аштыруға бола ма?

Жауап: Оразаның соңғы күнінде ауыз аштыруға әбден болады. Бұл кеште Аллаһ Тағаланың рахметі мол болғандықтан ауыз аштыру үлкен сауап.

Сұрақ: Ораза кезінде күн шыққанға дейін тамақ ішіп үлгеру керек пе әлде намаз оқып болсақ дұрыс па?

Жауап: Ораза таңнан күн батқанға дейін болуы керек. Сәресі ішу таң намазына 10 минут қалғанда тоқтатылады. Содан кейін таң намазы оқылады.

Сұрақ: Мен тарауих намазын үйде жалғыз оқимын. Мешіт үйден алыс, қайтуым қиын.

Жауап: Қиын болса да мешітте оқыған абзал. Басында қиын болғанымен үйренгеннен кейін жеңіл болады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Аллаһым ережеппен шағбанды біз үшін берекетті

ет және рамазанға жеткіз» деп дұға еткен. Рамазан айына аман-есен жеткен соң оның сауабынан құр қалмау керек. Егер өте қиын болса үйде жамағатпен (көршіңізбен, бала-шағаңызбен, әйеліңізбен) оқыңыз.

Сұрақ: Ораза не үшін парыз болған? Бай-кедей демей жылына бір рет ашығу мақсат па әлде мұның тарихи мағынасы бар ма?

Жауап: Аллаһ Тағала Құран Кәрімде (Бақара сүресінің 183-аятында) «Ей иман келтіргендер! Тақуалықтан үміттерің болса, өздеріңнен бұрынғыларға ораза ұстау парыз етілгені сияқты, сендерге де ораза ұстау парыз етілді» деген. Ораза хижри жылының екінші жылында бізге парыз болған. демек ораза тақуалық үшін. Сонымен қатар ораза ұстаған бай кісі ашыққан соң кедейдің жағдайын түсінеді де кедейлерге мейіріммен қарап көмектеседі. Тарихы Адам атадан басталады. Адам ата пайғамбар Аллаһ Тағаланың тыйым салған жемісін жеп күнәар болады. Сол күнәсінен тазару үшін 30 күн күндіз-түні ораза ұстаған. Демек, оразаны күнәлардан тазару үшін ұстаймыз. Аллаһ Тағала Мұхаммедтің (с.а.с.) үмметіне рахмет етіп, ораза кезінде түнде тамақ ішуге рұқсат еткен.

Сұрақ: Пітір деген не? Садақа деген не? Олар тек ораза кезінде беріле ме?

Жауап: Аллаһ Тағала пітір садақаны бізге, биік те зор мақсаттарға жетуіміз үшін міндеттеген. Пітір садақа кедейге қажетін өтеу үшін беріледі. Сонымен қатар пітір садақа адамның ораза кезіндегі жіберген қателері мен кемшіліктерін толтыру үшін беріледі. Әбу Дауд, ибн Мажа және Хаким ибн Аббастан (р.а.) риуаят етеді: «Расулұллаһ (с.ғ.с.) пітір садақаны: адамның оразасы сөзіндегі қателіктерінен тазаруы және міскіндерге тағам ретінде көмек болуы үшін міндеттеген».

Пітір садақа мына нәрселерден беріледі:

Пітір садақаны бидаймен беретін болсаңыз, әр адам үшін жарты сағ беру керек. Жарты сағ – 1.796 грамға тең. Ақшамен есептегенде (шамамен әр аймақтағы бидайдың сатылу бағасына қарай) 1.796 грамның құнын беру керек. Пітір садақаны Рамазан айының бірінші күнінен бастап беруге болады. Пітір садақаны берудің уәжіп уақыты айттың бірінші күні. Пітірді айт күні айт намазына дейін беру мұстахаб.

Сұрақ: Рамазан айында белгілі бір себептермен ұсталмай қалған қаза күндерін келесі жылғы Рамазан айына дейін өтесе болады ма? Әлде қаза оразаларды өтейтін белгіленген уақыт бар ма?

Жауап: Рамазан айының оразасын белгілі бір себептерге байланысты (себеп өзіңіздің қалауыңыз емес, дініміздің рұқсат еткен шеңберінде) ұстай алмаған болсаңыз, оның қазасын айт күндерінен басқа кез келген күндері өтей аласыз. Кімде-кім Рамазанда әдейі ешқандай себепсіз оразасын бұзса, оған кәффарат ретінде бір құлды немесе күнді азат етуі, егер оған шамасы жетпесе, екі ай қатарында ораза ұстауы, егер бұған да күші жетпесе, алпыс жоқ-жітікті тамақтандыруы тиіс. Құранда бұл жайлы былай делінеді: «Бастаған ізгі істеріңізді бұзбандар» («Мұхаммед» сүресі, 47/33). Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай дейді: «Кімде-кім Рамазанда оразасын бұзса, оған зиһар жасаған адамға тиісті (кәффарат) жүктеледі». Бірақ, Рамазан оразасынан тыс оразаларға тек қана қаза керек.

Сұрақ: Жұма күні нәпіл оразасын ұстауға бола ма? Әлде бұл күні мұсылмандардың мейрамы деп, тұтпай-ақ қойған абзалырақ па?

Жауап: Жұма күні жайлы пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай дейді: «Түндер арасында тек қана жұма түнін ғибадатқа бөлмендер. Бірақ кімде-кім әдет етіп ұстап жүрген оразасы сол күнге сәйкес келсе, бұдан тыс нәрсе». Яғни, тек қана жұма күні ғана ораза ұстау және сенбі күні ғана ораза ұстау – тәнзиһан мәкрұһ. Бірақ, әдет етіп, ұстап жүрген оразасы сол күнге сәйкес келсе, ештеңе етпейді.

Сұрақ: Ассалаумуалейкум уа рахматуллахи уа баракатух! Ораза ұстап жүргенде тіс пастасымен тісті тазалауға бола ма?

Жауап: Уә алейкум ассалам уа рахматуллаһи уа баракатуһ! Ауыз бекітуден алдында тіс пастасын қолданғаныңыз жөн. Ал ауыз бекіткеннен кейін оны қолданбаңыз. Себебі, тіс пастасы тамақтан өтсе, ораза бұзылады. Ең дұрсы, мисуак қолдану. Ресейлік ғалым, Мәскеу мемориалды мешітінің имамы Шамиль Аляуддинов әлемге танымал ғалым Юсуф әл-Қарадауидің «Фәтәуә Муасыра» атты еңбегіне сілтеме жасай отырып, мынаны айтады: «Ораза ұстаған адам тіс пастасын қолданбағаны жөн.

Көпшілік ғалымдар оның асқазанға өтуімен оразаны бұзатындығын алға тартуда. Қолданған жағдайда өте абай болуға тиіс». (Шамиль Аляуддинов, «Ислам в вопросах и ответах», 381-бет, Мәскеу – 2006.

Сұрақ: Мен былтыр ораза кезінде ауырдым. Бірақ ине шаныштырып жүріп те ораза ұстай бердім. Осы дұрыс па?

Жауап: Аллаһ Тағала Құран Кәрімде: «Егер сендерден кім ауру немесе жолаушы болса, басқа күндерде төлер. Және сондай-ақ, оразаға күші келмейтіндер (кәрі не аурулар) бір міскіннің тамағын төлесін. Сонда кім ынтығып артық қайыр қылса, ол өзіне жақсы. Біле-білгенге соның бәрінен ораза ұстаған артық», – деген. (Бақара 2:184).

Демек, ине қабылдап жүріп ораза ұстауға болады.

Сұрақ: Мен намаз оқымаймын. Ораза кезінде досыммен бірге ауызашарға баруды ұнатамын. Былтыр біраз күн ауыз бекіткеннен кейін бір кісі «намазың болмаса оразаң қабыл болмайды» деген соң аузымды ашуға мәжбүр болдым. Бірақ, оның айтқаны көңіліме қонбады.

Жауап: Намаз оқу, ораза ұстау, балиғатқа толған әрбір мұсылманға парыз. Намаз оқымай ораза ұстасаңыз екі парыздың бірін орындаған боласыз. Ол үшін оразаңызды бұзудың керегі жоқ. Негізі, намаз оразадан бұрын парыз етілген. Сондықтан, балиғатқа толған әрбір мұсылманға екеуін де орындау парыз.

Сұрақ: Мен де жұрт қатарлы ораза ұстап жүрмін. Бірақ, аштыққа зорға шыдап жүргенім де рас. Осылай өзімді-өзім азаптап ұстаған оразамда не мән қалады? Аллаһқа барлығы аян емес пе? Ұстамайын десем, әлдебір күш жібермей жүр.

Жауап: Бұл шайтани ғой. Сізге сабырлы болып, бұл ойдан арылу қажет. Сабырдың үш түрі бар. Ғибадатта сабырлы болған адамға Аллаһ Тағала 600 дәреже жазады. Сол үшін сабырлылық сақтаған жөн. Аллаһ Тағала пайдасы болмаса оразаны міндеттемес еді. Ораза ұстасаңыз Аллаһтың парызын орындаған боласыз және екі дүниенің бақытына кенелесіз.

Сұрақ: Ораза кезінде жаңа сүрелер жаттағаныммен өкінішке қарай, олар кейін есімде қалмайды. Сосын өзімнен-өзім «осы мен мұнафиқ шығармын» деп қиналамын. Әлде, жаттамаған жөн бе?

Жауап. Имам Шафи ?и (р.а.) жаттау қабілетінің нашарлап кеткендігі туралы ұстазы Имам Уакифқа (р.а.) шағымданғанда, ол күнә істерді тәрк етуді өсиет етіп: «Ілім – нұр. Алльтың нұры күнәһар адамдарға берілмейді», – деп жауап берген.

Мұндай ой шайтаннан. Сіз мұнафиқ емессіз, егер сіз жаман адам болсаңыз Құран сүрелерін жаттау ниеті сізде болмас еді. Аллаһта тәуба деп жақсы жолда жүріңіз. Ғылым іздеу – парыз. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде: «Ей, Мұхаммед, Раббым маған артық ғылым бере гөр» деп айт деген.

Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Ғылым талап ету – әрбір мұсылман еркек пен әйелге парыз» деген. Сондықтан, ғылым ізденуден тынбау керек. Аллаһ Тағаладан сұраңыз. Тауфик ғылым алу тек Аллаһ Тағаладан.

Сұрақ: Әйелім маған сәресі дайындап бермейді, себебі ұйқысын қымайтыны рас. Амалсыздан табылғанға қанағат етіп жүрмін. Кейде ұйықтап қалатын кездерім де бар. Содан асқазаным бұзылды. Әйелім «осыдан ешнәрсе таппадың, қоя сал, құдай сені сол үшін жазаламас» дейді. Осы үшін маған Ақиретте жаза бар ма әлде Аллаһтың сыйлығынан құр қалам ба?

Жауап: Асқазаныңыздың кінараты ораза ұстап сәресі ішпегеннен емес, одан басқа нәрседен болған. Ораза адамның денсаулығына, асқазанына пайдалы екенін бүгінгі медицина ғылымы дәлелдеп отыр. Егер денсаулығыңыз көтерсе ораза ұстағаныңыз жөн. Денсаулығыңыз жарамаса пидия бересіз, яғни оразаның әр күні үшін бір міскінді тойдырасыз. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:

«Егер сендерден кім ауру немесе жолаушы болса, басқа күндерде төлер. Және сондай оразаға күші келмейтіндер (кәрі не аурулар) бір міскіннің тамағын төлесін», – деген. («Бақара» 184).

Сұрақ: Ораза ұстап жүрген кезімде жігіттер кеу-кеулеп ішкізіп жіберді. Бұл оразаның басы болатын. Арақ ішкенінің намазы қырық күнге дейін қабыл болмайды дегенді естігенім бар. Ендеше қалған оразам да қабыл болмас деп ораза тұтпай қойдым. Не істегенім жөн еді?

Жауап: Бұл шарияттан хабарсыз, шайтанның жетегінде жүрген кісілердің ісі. Зорлағаны үшін олар үлкен күнаға батады.

Сізге ол жігіттерді тыңдамау керек еді. Егер, арақ ішіп қойған болсаңыз Аллаһқа тәубе етіп, сол күнді қаза етіп қалған күндері толық тұту керек еді. Кейін бір күніне бір күн ораза ұстайсыз және сол бұзылған ораза қазасымен підия, яғни бір міскінді тойдру керек.

Сұрақ: Ораза кезінде біреумен төбелессен, ораза бұзыла ма?

Жауап: Ораза бұзылмайды, бірақ сауабы кемиді. Ораза кезінде сабырлы болу ләзім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егер де, сіздердің біріңіз ораза ұстаса жаман сөз сөйлемесін, жанжал шығармасын, біреу ұрысып немесе ұрса «мен оразамын» деп айтсын», – деген.

Сұрақ: Әділетсіздік (зұлым), пасықтық (фасқ) және скіжүзділік (нифақ) секілді нәрселер қанша бөлікке бөлінеді?

Жауап: Бұлардың әрқайсысы екі бөлікке бөлінеді: үлкен бөлігі (имансыздық, куфр), кіші бөлігі «имансыздық, куфрден аз төмен болатын барлық нәрселер».

Сұрақ: Негізінде, үлкен және кіші зұлымдықтың мысалы не болады?

Жауап: Үлкен (зұлымдықтың) мысалы ретінде Аллаһ Тағаланың ескертпесінде атап көрсетілген нәрселерді айтуға болады:

«Және де Аллаһтан өзге саған пайда, зиян келтіре алмайтын нәрселерге жалбарынба. Сонда егер оны істесең, онда күдіксіз сен залымдардан боласың». «/(Йоһанс 10:106).

«...күдіксіз ортақ қосу зор зұлымдық». «/Лұқман 31:13).

«Кім Аллаһқа ортақ қосса, расында Аллаһ оған жәннатты харам етеді. Оның орны тозақ оты. Сондай-ақ залымдар үшін жәрдемші жоқ». (Мәйда 5:72).

Ал, кіші зұлымдық туралы айтар болсақ, Аллаһ Тағала «Талақ» сүресінде:

«Раббыларың Аллаһтан қорқындар. Оларды үйлерінен шығармандар әрі олар да шықпасын. Бірақ олар ашық бір арысздық істесе, ол басқа. Міне, бұл Аллаһтың шектері. Ал кім Аллаһтың шектерінен шықса, расында ол, өзіне қастық қылған болады», – деген. (Талақ 65/1)

Сондай-ақ Алла Тағала тағы да:

«Оларды зиян салып қинау үшін ұстамандар. Кім осыны

тілесе, рас өзіне зұлымдық қылған болады», – деген. (Бақара 2/231).

Сұрақ: Үлкен және кіші пасықтыққа (азғындыққа) не мысал бола алады?

Жауап: Аса Жоғары Мәртебелі Аллаһ Тағала үлкен пасықтық туралы:

«Расында мұнафиқтар, олар пасықтар», – деген. (Тәуба 9:67).

«Жыннан болған ол (ібіліс), Раббының әміріне пасықтық жасап...». (Кәһф 18/50).

«Лутқа (а.с.) хикмет, ғылым бердік. Жаман істер істейтін кенттен құтқардық. Рас, олар, жаман пасық (бұзық) ел еді». (Әнбия 21:74).

Кіші пасықтық (яғни үлкен пасықтықтан кемірек пасықтық) туралы Аллаһ Тағала былай деген:

«Және олардың кәуліктерін мүлде қабыл етпендер. Міне, солар пасықтар». (Нұр 24:4).

Алла Тағала тағы да:

«Әй, мүміндер! Пасық біреу хабар келтірсе, оны анықтандар, әйтпесе, білмей бір елге кесірлерің тиіп, істегендеріңе өкінесіндер», – деген. (Хұжрат 49:6).

(Бұл аяттың Уәлид ибн Уқбаға қатысты түсірілгені риуаят етіледі.

Сұрақ: Үлкен және кіші екіжүзділікке не нәрсе мысал бола алады?

Жауап: Мұнафиқтар Аллаһты алдамақшы болады. Негізінен Аллаһ оларды Алдаушы. Қанша олар намазға тұрса, жалқауланып тұрады. Адамдарға көрсету үшін оқып, олар Аллаһты өте аз еске алады. Олар, осы екі арада делсал. Не бұларда жоқ, не оларда жоқ. Аллаһ біреуді адастырса, оған жол таба алмайсың. Әй, мүміндер! Мүміндерден өзге кісілерді дос тұтпандар, өз зияндарың үшін ашық дәлел қылуды қалайсындар ма? Негізінен мұнафиқтар тозақтың ең төменгі қабатында болады. Әрі оларға ешбір жәрдемші таба алмайсың». (Ниса 4:142-145).

Аллаһ Тағала тағы да:

«(Мұхаммед) саған мұнафиқтар келген кезде: «Сені, анық пайғамбар деп айғақ боламыз», – деді. Сенің хақ

пайғамбар екенінді Аллаһ біледі. Сондай-ақ, Аллаһ Тағала расында мұнафиқтардың мүлде суайт екендігіне куәлік етеді». (Мунафиқун 63:1).

Дәлел ретінде басқа да аяттарды келтіруге болады.

Ал кіші екіжүзділік туралы айтар болсақ, бұған Пайғамбарымыздың мына сөздері дәлел:

«Мұнафиқтардың үш белгісі бар: сөз сөйлесе – жалған сөйлейді, уәде берсе, бұзады, ал қашан оған аманат тапсырылса, қиянат жасайды». (Әл-Бухари, Муслим).

Пайғамбарымыз және былай деген:

«Хақиқи мұнафиққа төрт қасиет тән, олардың біреуімен танылған (адам), ол қасиеттен арылғанша, мұнафиқтықтың бір қасиетімен таңбаланады. Қашан оған сенген кезде, сатып кететін, (бір нәрсе туралы) сөйлесе, жалған сөйлейтін, келісім түзсе, опасыздық жасайтын, (біреумен) жауласса, заңсыздыққа баратын (яғни қиянат жасайтын) адам (осы төрт қасиетке лайық мұнафиқ адам)». (Әл-Бухари, Муслим).

Сұрақ: Ораза кезінде намаз оқығанда ауызға түкірік жиналып қалады. Түкірікті жұтқанда ораза да, намаз да бұзыла ма?

Жауап: Түкірікті жинап жұту – мәкруһ, бірақ ол намазды да, оразаны да бұзбайды. Сіз ораза ұстағанда, әдеттегідей түкірігіңізді жинамай жұтып жүре бересіз. Ол табиғи сөз ғой. Аузыңыз ашық кезде қалай ойға алмай жұтып жүрген болсаңыз, ораза кезінде де сөйту керек.

Сұрақ: Ораза ұстаған адамдарға күндіз күн ыстық болғандықтан шомылуға (душқа) бола ма?

Жауап: Ораза кезінде күндіз душқа түсуге болады. Өзен, көл, бассейн немесе ваннаға түспеген жақсы.

Сұрақ: Тарауих намазының қазасы өтеле ме?

Жауап. Тарауих намазы – сүннет намаз, оның қазасы болмайды. Қай күннен бастап оқыған болсаңыз, жалғастыра беріңіз. Иншалла, қабыл болар. Қайтадан басынан оқу қажет емес.

Сұрақ: Насыбай харам ба? Ораза кезінде оны пайдалануға бола ма?

Жауап: Насыбайды харам деп есептейтіндер жоқ емес.

Насыбай атуды тастаңыз. Ал ораза кезінде күндіз насыбай ататын болса, ораза бұзылады.

Сұрақ: Шамасы келген мұсылмандар жыл сайын қасиетті ораза айында дастархан жайып, ауызашар береді. Кейде адамдар бір-бірімен жарысып, ысырапқа жол береді. Білгім келгені, сол ауызашарға дастархан жайғанда қандай жағдайларды ескеру керек?

Жауап: Ауызашар беру – сауапты амал. Бір хадисінде Алла елшісі (с.ғ.с.): «Кім бір ораза ұстаған мұсылман бауырына ауызашар берсе, сол ораза ұстаушының сауабындай сауап алады, әрі ораза ұстаушының сауабы кеміп қалмайды». «Риядус-салихин» десе, тағы бір хадисінде «Кімнің дастарханынан ораза тұтқандар тамақтанатын болса, олар тұрып кеткенге дейін (немесе «тойғанға дейін» деп те айтылады) періштелер дастархан иесіне истиғфар (күнәсінің кешірілуін тілеу) айтады». (Риядус-салихин) – дейді. Ауызашар дастарханында айтарлықтай ескертілетін мәселе жоқ. Тек өзіңіз айтқандай қалған тамақты қоқысқа төгетіндей дәрежеде ысырап жасалмаса болғаны.

Сұрақ: Бірде ораза қарсаңында имамдардың бірі уағыз үстінде мынадай әңгіме айтты. Бір мұсылман елінде бұтқа табынушы тұрыпты. Бір күні ол ораза кезінде баласының күндіз тамақ ішіп тұрғанын көріп: «Балам, ораза мұсылмандардың қасиетті айы. Бұл айда олар күндіз тамақтан тиылады. Сен олардың сенімін сыйла!» депті. Күндердің күні бұлтпараз қайтыс болып, сол ауылдағы бір үлкен кісі түсінде әлгі адамның жәннатта жүргенін көреді. Ол: Сен пәленше деген бұтқа табынушы емессің бе, қалай жәннатқа кірдің?» – деп сұрайды, сонда ол: «Балама айтқан ескертпем үшін» деп жауап беріпті. Имам әңгіменің ғибратын «Аллаһ кең, кімді қаласа кешіреді» деп түсіндірді. Осы әңгімені тыңдағаннан кейін маған мынадай ой келді. «Маған намаз оқып не керек, ораза ұстап не керек! Қайдағы бір бұтпараз бірауыз сөзімен-ақ жәннатқа кіріп жатса. Құдайға шүкір, жұртқа істеп жүрген жақсылығым аз емес, жәннатқа кіруіме жетіп қалар». Не мен бұл әңгіменің мағынасын дұрыс түсінбедім не бұл жалған хадис болуы мүмкін. Осының мағынасын түсіндіріп беріңіздерші.

Жауап: Бұл уағыздағы әңгіме хадис емес, үлгі алатын бір діни хикая. Әңгімеге арқау болған басқа дін өкілі Ислам дінінің хақтығын сезініп, үкімдерін құрметтегені үшін жәннатпен сүйіншілегені жайлы бір кісінің түсінде көрген әңгімесі. Сондықтан да сіз ойлағандай бұндай әңгіме тұрмақ, кейбір хадистердің өзінен де үкім шығарылмайды. Бұл бар болғаны тәрбелік мәні бар хикая ғана.

Сұрақ: Бір кісі маған: «Оразаның бір құпиясы бар, діни кітаптар оқып жүргенің рас болса сол құпияны тап» деді. Мен ары ойлап, бері ойлап таба алмай қойдым. Оразада шын мәнінде құпия бар ма, әлде әлгі кісінікі құр алдау ма? Осы сұрақтың жауабын сіздер айтыңыздаршы.

Жауап: Оразаның құпия қасиеттері мол. Біз сол қасиеттерден Аллаһ Тағала және Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сүйінші ретінде баян еткендерін ғана білеміз, яғни рамазан айының ішіндегі Қадір түні, ораза ұстаушылар үшін дайындалған Раян жәннаты, ораза ғибадатының тек қана Аллаһ үшін екендігі т.с.с. Сондықтан да шынайы мұсылман Аллаһ Тағала және Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұйырған міндеттерін қандай құпиясы бар екен деп іздемей орындай берсе көптеген құлшылық сырларына қанығады.

Сұрақ: Тарауық намазы жиырма рәкәт оқылады. Тек ораза кезінде ғана. Негізгі мағынасы ас тарату секілді. Өйткені күнімен аш жүрген адамдар бірден тойып тамақ ішкенде бойлары ауырлап, бөгіп қалады. Пайғамбарымыз өте дана ғой, үмметінің жағдайын ойлап өзі бас болып тарауық оқыған болу керек. Әрі ораза кезінде мұсылманның құлшылығы артады әрі тоқ басады. Мен тарауықтың мәнін осылай пайымдаймын. Ал, Пайғамбарымыз бұл туралы не деген?

Жауап: Тарауих намазы рамазан айында ғана оқылатын намаз. Тарауих намазы мүәккад (бекітілген) сүннеттердің бірі. Ең мықты көзқарасқа қарай, осы намазды жамағатпен оқу – кифая сүннет. Бұл намазды адам жеке оқыса да болады. Бірақ жамағатпен оқу абзал. Тарауих намазы жиырма рәкәт. Әрбір төрт рәкәт намаздан кейін тасбих айтылып, дем алынып, бой жазылғаны үшін «тарауих» деп аталған. Тарауих – демалу, тынығу деген сөз.

Сұрақ: Әйелім мені ораза кезінде қасына жатқызбайды.

Сондағы айтатыны танертең сәресіге тұра алмай қаламыз деді. Осы дұрыс па?

Жауап: Рамазан айында мүмкіншілік болса түнді құлшылықпен өткізген абзал. Дегенмен шариат бойынша мұндай істерге рұқсат бар. Аллаһ Тағала «Бақара» сүресінің 187-аятында: «Сендерге оразаның кешінде әйелдеріңе жақындасу халал етілді», – деген. Ал, күйеуінің қажетін өтеу үшін әйелінің себепсіз қарсыласпағаны жөн. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзінің хадис шәріпінде: «Ері әйелін төсекке шақырғанда бармаса, таң атқанға дейін періштелер ол әйелге лағынет айтады», – деген.

Сұрақ: Мен жыл сайын ораза ұстаймын. Бірақ темекі тартам. Кей кісілер мұның дұрыс емес дейді. Темекі тамақ емес қой. Менің ниетім дұрыс, темекіні тастай алмасам, қайтем. Мұсылманның бір парызы оразаны өтегім келеді. Бұл менің жүрегіме тыныштық береді. Мені осы жалғыз бақытымнан айырмаңыздаршы.

Жауап: Ораза ұстау мұсылманның міндеті болғандықтан ораза ұстауыңыз қажет. Бірақ ауызаңарға дейін темекі тартпай сабырлы болыңыз. Дегенмен оразаның берекесімен темекіні тіптен тастап кетсеңіз жақсы болады.

Сұрақ: Менің қан қысымым (давления) төмен. Бір-екі күн тамақ ішпей жүрсем басым ауырып шыдатпай кетеді. Дәрігерлер саған ораза ұстауға болмайды дейді. Бірақ менің ораза ұстағым келеді. Не істеуім керек. Осының қазақша емі бар ма?

Жауап: Жылдың басқа мезгілінде де ораза ұстауға шамасы келмейтін қария кісіге және ораза ұстай алмайтын сырқат адамға (өмірбойы ауыратын) ораза ұстамауға рұқсат етіледі. Оларға қазасын өтеу де шарт емес. Оларға тек күніне бір міскінді тамақтандыруы уәжіп.

Құран Кәрімде:

«Егер сендерден кім ауру немесе жолаушы болса, басқа күндерде төлер. Және сондай ораза күш келетіндер (кәрі не аурулар) бір міскіннің тамағын төлесін» (Бақара 184).

Сұрақ: Менің кәсібімді жұрт жақсы атамайды. Жеңіл табыс көзі болған соң өзім де қоя алмай келем. Бізді еркектер түнгі көбелектер деп атайды. Мәнісін өздеріңіз де сезетін

шығарсыздар. Бірақ мен ораза ұстағым келеді. Түнектен шығар саңылау іздейтін секілдімін. Күлмеңіздер және кінәламаңыздар. Бәлкім ораза себеп болар. Сонымен маған ораза ұстауға бола ма? Құдайшылығын айтыңыздаршы!

Жауап: Болады. Алайда, дінімізде зина, жалпы зинаға қатысты іс-әрекеттің барлығы харам етілген үлкен күнәлар қатарына жатады. Мұндай жеңіл жүріспен тапқан табыс та харам. Сондықтан барша харам атаулыдан барынша сақтанған жөн. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қасиетті хадисінде: «Харамнан сақтанған адамның ризығын Аллаһ Тағала күтпеген жерден береді», – деген.

Егер ораза ұстап тәубеге келсеңіз, тәубе есіктері баршаға айқара ашық. Аллаһ Тағала тәубелерді қабыл етуші.

Сұрақ: Бірде шалқамнан жатыр едім, кенеттен мұрным қанап, қан тамағыма құйылып, абайсызда жұтып қойдым. Бұл оразаның кезі еді. Біреулер оразаң бұзылды деді, біреулер бұзылған жоқ деді. Сіздер не дейсіздер?

Жауап: Адамның еркінен тыс болған жағдайларда ораза бұзылмайды. Мысалы, еріксіз құсу және еріксіз тағамның ішке кетуі оразаны бұзбайды.

Сұрақ: Мен етеккірім келіп жүргенде де ораза ұстадым. Біреулер бұл дұрыс емес деді. Осы кездегі оразам қабыл бола ма?

Жауап: Оразаның дұрыс орындалу шарттарының бірі хайыз бен нифастан таза болу. Хайыз деген етеккір, ал нифас деген әйел адам босанғаннан кейін пайда болатын қан. Әйелдер мұндай кездерде намаз оқи алмайды. Ораза ұстай алмайды. Бірақ кейін осы хайыз бен нифастан тазарған соң оразаның қазасын өтейді. Сондай-ақ осындай жағдайда Құран оқып, мешітке де кіруіне болмайды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадис шаріпінде: «Хайыз, жүніп болған әйел Құран оқи алмайды», – десе, тағы бір хадисінде: «Ішқандай хайыз әйел, жүніп кісі мешітке кіре алмас», – деген.

Ескерту: Хайыз, нифас және жүніптіктен кейін міндетті түрде гүсыл, яғни бой дәрет алу керек.

Сұрақ: Менің екі әйелім бар. Екеуі күндес, бір-бірімен қатыспайды. Шынын айту керек, ораза кезінде қатты шаршаймын. Сосын екеуіне де жоламаймын. Аяғы ұрыс-керіске ұласады. Не істеуім керек?

Жауап: Екі әйелдің күндес болуы қызғаныш сезімнің үстем болуынан. Бұл заңды құбылыс. Олардың арасындағы әділдікті, жарастықты сақтау сіздің ерік-жігеріңізге байланысты. Сондықтан Алла Тағаланың қолдауын сұрап, сабырмен ақылмен бұл проблемалардың шешімін тапқаныңыз игі.

Сұрақ: Әл-Баракат баспасынан шыққан «Жұбайлар шаттығы» деген кітапта: «төсті айырмалауға болады» деп жазылған. Негізі бұрынғылар емшекті ему ананның емшегін емумен бірдей дейтін. Осының қайсысы дұрыс?

Жауап: Шариатта бұған рұқсат етілген.

Сұрақ: Рамазан айында ауыз бекітке адам күндізгі мегілде шашын, тырнағын алуына бола ма?

Жауап: Ораза ұстаған адам күндіз шашын да тырнағын да алуына болады.

Сұрақ: Кейбір адамдар алдымен дауыстап ниет етіп бетін сипайды, сосын Құран оқиды, осы дұрыс па?

Жауап: Дұрыс. Ең бастысы ниет тілмен айтылып, жүрекпен бекітіледі.

Сұрақ: Дұғаны ас ішпестен бұрын оқыған жөн бе әлде артынан оқыған жөн бе?

Жауап: Әдет-ғұрып бойынша кей жерлерде дұғаны астан бұрын жасайды. Бұл шариатқа қайшы болмағандықтан ешқандай айып саналмайды. Ал, астан кейін дұға жасау, берілген нығметтерге шүкір етудің бір түрі. Сондықтан екеуі де дұрыс.

Сұрақ: Ораза ұстаған адамның ғұсыл құйынуына бола ма? Ораза бұзылмай ма?

Жауап: Мүмкін болса, ауыз бекіткенге дейін ғұсыл құйынған жөн. Ал сәресінен кейін, әрине, ғұсыл алу оразаға кедергі жасамайды. Тек ауыз, мұрынға судың кетіп қалмауын қадағалау керек.

Сұрақ: Тарауих намазында айтылатын тасбих дұғасын жазсаңыздар?

Жауап: Тасбих дұғасы «Субханә зил-мулки уәл мәләкут. Субхана зил-ғиззати уәл-ғазамати уәл-қудрати уәл-кибриәи уәл-жәбәрут. Субханәл маликил хайил ләзи уә лә иәмут. Суббухун құддусун роббәнә уә роббул мәләикәти уар-рух. Лә иләһә иллаллаһ. Нәстәғфируллаһ. Нәсәлукәл жәннәтә уә нәғузу бикә минәннар».

Сұрақ: Шәууәл айында алдымен парыз оразаның қазасын өтеу керек пе, әлде нәпіл оразаны бастап жіберуге бола ма?

Жауап: Дінімізде кейбір уақыттардың өзіндік ерекшеліктері мен қасиеттері бар. Рамазан айынан кейін келетін Шәууәл айының да өзіне тән артықшылықтары көп. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім Рамазан айның оразасынан соң, Шәууәл айында 6 күн ораза ұстаса, бір жыл ораза ұстағандай болады», – деп, бұл айда ұсталатын алты күн оразаның мол сауабын сүйіншілеген (Сахих Мүслім). Бұл ораза сауабының бір жылға пара-пар келуін былайша түсінуге болады. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде: «Кімде-кім бір жақсылық жасаса, оған оның он есе қарымы беріледі» деген. Ғалымдар Шәууәл айындағы алты күн оразаның бір жылдық сауабын осы аятпен байланыстырады. Рамазан айындағы отыз күн мен Шәууәл айындағы алты күнді қосқанда, отыз алты күн болады. Бұл сан он есеге көбейтілсе, үш жыл алпыс күнді құрайды. Бір жылдың қалған бес күні ораза ұстауға болмайтын орамаза айттың алғашқы күні мен Құрбан айттың төрт күні. Оразаның әрбір күні он есе молайса, онда отыз алты күндік оразада бір жыл ауыз бекітудің сауабы бар деген сөз. Шәууәл айының нәпіл оразасын арасын үзіп бөлек-бөлек күндерде ұстауға да және қатарынан ұстауға да болады. Рамазан оразасын толығымен ұстау – Аллаһ Тағаланың бұйрығы. Оны орындау – парыз. Ал Шәууәл айында 6 күн ораза тұту – пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннеті. Ол мол сауабы бар нәпіл оразаға жатады. Ораза қазасы неғұрлым ерте өтелгені абзал. Себебі, адамның белгіленген ажалы айтпай келетіндіктен, алдымен парыз оразаның қазасын толық өтеп, нәпіл оразаны одан кейін ұстаған дұрыс. Бұған қоса, жоғарыда келтірілген хадисте «Рамазан оразасынан соң, Шәууәл айында 6 күн ораза ұстаса» делінгенін ескерсек, әуелі Рамазанның қазасын өтеудің абзалдығын ұғамыз. Сондай-ақ, алдымен Шәууәл айының оразасын ұстап, содан соң парыз оразаның қазасын өтеуге болады дейтін ғалымдар да бар. Ал осы айда қаза оразасын ұстап, нәпіл ораза ұстауға уақыты жетпей қалған адамдар үшін де Шәууәл айының уәделі сауабы үміт етіледі. Бірақ бұл нәпіл оразаға уақыты жетпей қалғандар үшін. Әсілінде, әр оразаны жеке-жеке ұстау қажет. Бұл жоғарыда келтірілген бір жылдық сауапты математикалық есебіне де сай келіп тұр. Аллаһ Тағала ниеттерімізді қабыл еткей. Әмин!

Сұрақ: Рамазан айында немесе шәууәл айында жарты айдың пайда болуы әрбір мұсылман елінде әрқилы болуы мүмкін. Егер жарты ай осы елдердің бірінде көрінсе, барлық мұсылмандардың ораза тұтуды бастауы тиіс пе?

Жауап: Бұл мәселеге байланысты дін ғалымдары екіге бөлінеді. Олардың бірқатары егер бір елде Рамазанның басталуын білдіретін жарты ай көрінетін болса, онда бүкіл мұсылмандар ораза тұтулары, ал егер шәууәлдің басталуын білдіретін жарты ай көрінсе, онда барлық мұсылмандар ауыз ашулары тиіс деп есептеледі.

Мәселен, Сауд Арабиясы Корольдігінде жарты ай көрінсе, онда барлық елдердің мұсылмандары мұны ораза тұтудың немесе ауызды ашып жіберудің белгісі ретінде басшылыққа алулары тиіс. Бұл пікірді жақтаушылар Аллаһ Тағаланың мына айтқанын:

«Сендерден кім Рамазан айында болса, ораза ұстасын!» («Бақара» сүресі, 185-аят) және Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): **«Оны көрген бойда ораза ұстаңдар, оны көрген бойда ауыз ашыңдар...»** деген хадисін дәлел қып алға тартады.

Ал басқа ғалымдар әрбір елдің мұсылмандары рамазандағы немесе шәууәлдағы жарты айдың өз едерінде көрінуіне қарай ораза тұтулары не ауыз ашулары тиіс деп санайды. Жарты айдың көрінуі әр елде әр басқа. Сондықтан да әрбір елдің мұсылмандары өз елдеріндегі жарты айдың көрінуін басшылыққа алғандарын жөн деп есептейді олар.

Сұрақ: Егер біз ораза тұтуды Сауд Арабиясы мемлекетінде бастап, одан соң Шығыс Азияда орналасқан өз елімізге қайтып оралсақ, оразаны 31 күн тұтуға тиіспіз бе? Өйткені ыжра бойынша айдың басталуы біздің елде бір күнге кешігеді емес пе?

Жауап: Егер сіз Сауд Арабиясында немесе басқа бір елде ораза тұтуды бастап, ал қалғанын өз еліңізде немесе үшінші бір елде тұтсаңыз, онда ол елдегілер қашан ауыз ашып жіберсе, сіз де сонда ауыз ашыңыз, тіпті оразаңыз отыз күннен асса да. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мына хадисін есте ұстаңыз: **«Бірге ораза тұтуды бастап, бірге ауыз ашыңдар»**. Бір ескертетін жайт, егер сіздің тұтқан оразаңыз 29 күнге толмайтын болса, әр айдың 29 күннен кем болмауы себепті оны толтыруға тиістісіз.

Сұрақ: Қасиетті Рамазан айында 12-13 жасар қыз ораза тұтпады. Бұған байланысты ол немесе оның жанұясы қандай әрекеттер қабылдауы тиіс? Оның ораза тұтуы тиіс пе? Ал егер ол ораза тұтуға тиіс болып, оны тұтпаған болса, онда қандай амалдар істеуге болады?

Жауап: Әйел адамдардың діни парыз амалдарын орындауы мына үш түрлі шартқа сәйкес болғанда ғана міндет етіледі. Оның Ислам дінінде болуы, ақыл-есінің түзулігі, бәлиғатқа жетуі. Қыздардың бәлиғатқа жетуі хайыздың және шәуеттің келуімен, жыныс мүшелерінің айналасында қылшық жүндердің пайда болуымен немесе он бес жасқа толуымен айқындалады. Мұндай жағдайда қыз ержеткен боп саналады және оған ораза тұтуы парыз болады. Ол рамазан айында ораза тұтқан болса, жіберіп алан күндерін қаза қып өтеуі тиіс. Ал егер қыздың бойынан ержеткендік белгілер байқалмаса, онда оған діни парыз амалдарды орындау міндеттелмейді.

Сұрақ: Әйел Рамазан айында босанды, баласының денсаулығынан қауіптеніп, ол кейін қаза күндерін өтей алмады. Ол тағы да екіқабат болып, келесі рамазанда тағы босанды. Оған оразаны қаза қып өтеудің орнына ақша таратуына рұқсат етіле ме?

Жауап: Бұл әйел Рамазан айында тұтпаған күндерінің барлығын қаза қып өтеуі тиіс. Бірінші Рамазанда тұта алмаған күндерін екінші Рамазаннан кейін қаза қып өтесе де болады, өйткені оның басында дәлелді себептер болды ғой. Қысқы мезгілде ол күн ара ораза тұта ала ма, оны мен білмеймін. Егер ол бала еміп жүрген болса, Аллаһ Тағала оны қуаттандырады, сондықтан ораза оған және сүтіне зиян келтірмейді. Бірінші рамазанда өткізіп алған күндерін екінші рамазанға жеткізбей қаза қып өтесе жақсы болар еді. Егер олай ету мүмкін болмаса, оған қысылудың қажеті жоқ. Ол күндерді бірінші рамазаннан кейін өтесе де болады.

Сұрақ: Тарауық немесе түнгі мезгілдерде оқылатын намаздарда Құран аяттарын кітапқа қарап оқуға бола ма? Бұл жөнінде Аллаһтың не айтқанын сіздер бізге айтпас па екенсіздер?

Жауап: Рамазан айында құлшылық ету кездерінде Құранды кітапқа қарап оқудың ешбір сөкеттігі жоқ. Өйткені мұның өзі

имамның соңында тұрған жамағатқа жағымды әсер етеді. Оның үстіне шариғаттың бекітілген үкімдерінде және Құран мен сүннеттен алынған нұсқаларда ғибадаттар кезінде Құран оқудың дұрыстығы, оның ішінде кітапқа қарап та, жаттап алып та оқи беруге болатындығы көрсетілген. Мұсылмандар анасы Айша (р.а.) Рамазан айындағы ғибадаттардың бірінде өзінің құлдықтан азат еткен жас қызметшісі Закауанға саптың алдына шығуын (имам болуын) және кітапқа қарап Құран оқуын бұйырған. (Бұл хабарды әл-Бұқари өзінің «Сахих» кітабында келтірген).

Сұрақ: Түнгі кездегі құлшылықтар тек қасиетті Рамазан айына ғана тән бе, әлде жыл бойы атқаруға бола ма? Түнгі құлшылық қай сағаттан басталады және қай уақытта аяқталады?

Жауап: Түн мезгілінде сергектік танытып, құлшылық қылу – бұл өте қажетті әре ете сауапты амалдарға жатады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бен оның сахабалары мұны қатты ұстанған. Шексіз Ұлық Аллаһ Тағала айтты: «Расында, Раббың сенің және сенімен бірге болғандардың түннің үштен екі бөлігінде және оның жартысында, үштен бір бөлігінде тұрғандарды біледі». Түнгі құлшылықтар, әрине, тек Рамазанға ғана қатысты емес. Оның уақыты кешкі намаздан таң бозарып атқанға дейін созылады.

Әйтсе де түннің соңғы бөлігінде оқылған намаздың сауабы мол. Егер адам түн ортасында намаз оқыса оған сауап жазылады. Бірақ бәрінен де жақсысы намазды ұйқыдан тұрып немесе түннің соңғы бөлігінде оқу, ал Аллаһ Тағала бәрінен жақсы біледі.

Сұрақ: Менің кішкентай балам жасының кішілігіне және денсаулығына зиян келуі мүмкін екеніне қарамай рамазан айында ораза тұтуға байлам жасап отыр. Оны райынан қайтаруым үшін қатандыққа баруым дұрыс бола ма?

Жауап: Егер балаңыз кішкентай болса, оған ораза тұту парыз емес. Алайда ол ораза ұстауды қиын көрмесе, оған рұқсат етіледі. Сахабалар өз балаларын кішкентайынан ораза тұтуға үйреткен. Балалардың бірі жылай бастаса, қолына ойыншық беріп алдарқатқан. Әйткенмен, ораза балаға зиян келтіретіндей болса, оны тұтуды тоқтатқан. Баланың жақсылыққа талпынған әрекетіне қатандықпен тыйым салу дұрыс емес, ол оның тәрбиесіне кері әсер етуі мүмкін.

Сұрақ: Мен әр айда үш күн ораза ұстаймын. Келесі бір айда ауырып, ораза тұта алмадым. Мен ол күндерді қаза қып өтеуге немесе айып төлеуге тиіспін бе?

Жауап: Ораза тұтушы әдейілеп тоқтатса да нәпіл оразаны қаза қып өтемейді, әрі оған айып та төлемейді. Дегенмен, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисінде айтылғандай: «Аллаһ бәрінен де саны аз болса да жүйелі атқарылған істерді сүйеді», – деген өсиетін басшылыққа алсақ еш ұтылмас едік. Сондықтан мұсылман бастаған жақсы ісін жүйелі түрде жалғастырып отырса тіпті жақсы.

Сізге нәпіл оразаны қаза қып өтеудің немесе айып төлеудің қажеті жоқ. Әрқилы себепті жағдайларда, яғни ауырғанда, сапарға шыққанда т.б. кездерде мұсылманның жақсы ісін лажсыздықтан тоқтатуы айып боп саналмайды. Қайта хадисте айтылғандай, егер адам ауырып қалса, не сапарға шықса, онда оның сау кезінде не сапарға шыққанға дейінгі жақсы істері сауап боп жазыла береді.

Сұрақ: Ораза айт мейрамының қандай ерекшеліктері бар?

Жауап: Ораза айт мейрамында мұсылмандар Аллаһ разылығы үшін оразаны соңына дейін тұтқан қуанышын тойлап, барлық атқарған ғибадаттарының, түнгі құлшылықтарының қабыл болуын тілейді.

Бұл мейрам – Аллаһ Тағаланың өз құлдарына сыйлаған үлкен тартуы. Мейрам алдындағы түні және айттың алғашқы күнінде мұсылмандар Аллаһты ұлықтап: «Аллаһу Әкбар» тәкбірін дауыстап айтады. Одан кейін үйлерінен шығып жылына бір рет жиналып оқылатын ораза айт намазына асығады. Оған жас та, кәрі де қалмай қатысады. Хадисте айтылғандай, барлық адам үйлерінен шығып жақсылық пен мұсылмандар шақыруының куәгерлері болады. Мұсылмандар бірін-бірі құттықтап, Аллаһ Тағалаға рамазан айында ораза тұтуға мүмкіндік бергені үшін мадақтау айтады. Қуанышты райда үйлеріне оралады, бірін-бірі қонаққа шақырады. Бүкіл рамазан бойы созылған құлшылықтардың аяқталуы шат-шадыман тойға ұласады.

Сұрақ: Құрбандық шалу Исламдағы бес парызға жатпайтынын білеміз. Сонда бұл құлшылықты орындаудағы мақсатымыз не?

Жауап: Құрбан сөзі араб тілінен тәржімалағанда «жақындау», яғни Аллаһқа жақындай түсу деген мағынаны білдіреді. Демек, бұл құлшылық (құрбандық) Аллаһ Тағалаға етене жақындастыра түсетін амал деп ұққанымыз абзал.

Аллаһ Тағала біздерді пенделерін бекерге жаратпағаны белгілі. Құранда: **«Мен жындар мен адамдарды (Мені танып), маған ғана құлшылық жасасын деп жараттым»** («Зарият» сүресі, 56-аят) делінген. демек, құлшылық жасаудағы негізгі мақсат – Жаратқан Иенің жарлығына бағынып, сауап жинау болып табылады.

Құрбандық шалған адамның ішкі пейілі мен тақуалығы артады. Пендешілік пен жомарттығы таразыға салынады. Себебі, құрбандық шалған адам тек өз қара басының қамын ойлап қана қоймай, өзгелерге де қамқорлық көрсетуге бейім тұрады. Қиналғандарға көмектесуге және өзара мейірімді болуға шақырады.

Сұрақ: Құрбандық шалу туралы Құран мен хадисте не айтылған?

Жауап: Құрбан айт мерекесі қарсаңында құрбандық шалу – мазхабымыз (Ханафи) бойынша уәжіп амал. Бұл туралы Құранның «Кәусар» сүресінде Аллаһ Тағала: «Намаз оқы және құрбан шал», – деп бұйырған. Ал пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім мүмкіншілігі бола тұра құрбан шалмаса, біздің намаз оқитын жерімізге жақындамасын» (Ибн Мажә, Әдахи, Мүсәид), – деген.

Сұрақ: Қандай адамдарға құрбан шалуға рұқсат етілген?

Жауап: Құрбан шалу мынадай төрт шартқа ие жандарға рұқсат етіледі: мұсылман болуы, ақылды және балиғат жасына толуы, құрбан айт уақытында жолаушы болмауы, сондай-ақ қажеттерден тыс нисап мөлшеріндегі (85 грамм алтын, болмаса соның құнына тең келетін қаражат) қаржыға ие болуы қажет.

Сұрақ: Естуімше, құрбанға шалынған малдың әрбір қылшығы үшін сауап жазылады екен. Сол рас па?

Жауап: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде осы сауабы былай сүйіншілеген:

«Сахабалар пайғамбарымыз (с.ғ.с.):

– Уа, Аллаһтың елшісі, құрбандық деген не? – деген сұрақ қойды.

Сонда пайғамбарымыз (с.ғ.с.):

– Құрбандық – сендердің Ибраһим (ғ.с.) бабаларыңның сүннеті, – деді.

Одан бізге қандай сауап?

– Әрбір тал қылшығы үшін сауап аласындар.

Қойдың жүнінен ше?

– Қойдың жүнінің әрбір тал қылшығына да сауап жазылады.

Сұрақ: Бала кезімізде ата-әжелеріміз: «Аллаһ разылығы үшін құрбандыққа шалынған мал ақыретте қылдан жіңішке, қылыштан өткір Қылкөпірден өтерде несіне көмектеседі», – деп отырушы еді. Осы сөздің шындығы қандай?

Жауап: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұл жайында: «Құрбандыққа малдың ең жақсысын, көзге жұғымдысын таңдаңдар. Өйткені, ол – Қылкөпірден өтердегі өз көліктерің», – деген. Шындығына келгенде, Аллаһ Тағала біздің құрбандығымызға мұқтаж емес. Бұл шындықты Құран Кәрім былай растайды:

«Олардың (құрбан малдарының) еттері де, қандары да Аллаһ Тағалаға жетпейді. Бірақ Оған сендердің тақуалықтарың ғана жетеді.

Сұрақ: Пайғамбарымыз жағдайы жоқ адамдардың атынан құрбан шалыпты. Жалпы, біреудің атынан құрбан шалуға бола ма?

Жауап: Бұл жайлы Жабир (р.а.) былай деген: «Хазірет пайғамбармен бірге мешітте едім. Құтпасын бітіріп мінберден түсті. Сосын құрбандық қошқарды өз қолымен бауыздады.

Бауыздап жатқанда: «Бисмиллаһи, Алла-һу акбар! Бұл менің атымнан және үмбетімнен құрбан шалуға шамасы жетпегендердің атынан», – деді» (Тирмизи, Әдәһи).

Сондай-ақ, осы Жабир (р.а.) арқылы жеткен тағы бір хадисте өзінің және үмбетінен жағдайы келмейтін адамдардың атынан пайғамбарымыздың құрбандық шалғаны айтылады (Әбу Дәуіт, Термизи).

Сұрақ: Айт күні құрбан шалуға жағдайы жоқ адам ғұсыл күйынып, тазаланып жүрсе, құрбан шалған адамның сауабындай сауап алатыны рас па?

Жауап: Құрбан шалуға жағдайы жетпейтін жоқ-жітік адамдарға құрбан айт күні бір жеңілдік бар. Айт күні жуынып-шайынып, тазаланып жүрген адам құрбандық шалғандай сауапқа ие болады.

Абдуллаһ ибн Амир ибнул Астың (р.а.) айтуынша, бірде пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Құрбан айт күнін мереке ретінде атап өтуге маған бұйрық келді. Бұл күнді Аллаһ тұтас үмбет үшін мереке қылды», – деді.

Осы кезде бір кісі: Уа, Аллаһтың Елшісі! Менде елдің аманат ретінде табыстаған малынан басқа мал жоқ, сол малдан бауыздауға бола ма?» – деп сұрады. Оның құрбан шалуға жағдайы жоқтығын ұққан Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.):

«Жоқ, шаш-тырнағыңды қысқартып, мұртыңды алып, ұятты жердің түгін қырыңғаның да жеткілікті. Бұл Аллаһ есебіне сен үшін құрбандық шалғанмен тең», – деді (Әбу Дәуіт, Нәсәи).

Сұрақ: Әйел кісіге құрбандық шалуға рұқсат па?

Жауап: Ислам дінінде әйел – экономикалық тұрғыдан дербес, өзіндік жауапкершілік иесі. Сондықтан да егер әйел адамның меншіктік құқығы өзінде болып, өзіне тиесілі байлығы болса, әйелдің де құрбандық шалуы уәжіп болып саналады.

Сұрақ: Құрбан малын бауыздар алдында қандай дұға айтқан абзал?

Жауап: Әр мұсылман құрбан малын бауыздамай тұрып мына аяттарды айтқаны абзал: «Жүзімді мені керітартпа діндерден алыстатып, көктерді және жерді жаратқан әлемдердің Раббысына бағыттадым» («Әнғам» сүресі, 79-аят).

«Былай де: «Менің намазым да, түрлі ғибадаттарым да, өмірім мен өлімім де үнемі әлемдердің Раббысы Аллаһқа тән. Оның серігі жоқ. маған айтылған бұйрық осы. Оған алғашқы болып бас иген де менмін» («Әнғам» сүресі, 162-163 аяттар).

Сұрақ: Құрбандық шалудың белгілі бір уақыты бар ма?

Жауап: Құрбан малы талапқа сай сойылуы үшін оны дәл белгіленген уақытында бауыздаған дұрыс. Құрбан шалудың уақыты құрбан айттың бірінші күні айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні ақшамға аз уақыт қалғанға дейін жалғасады. Сондай-ақ, тағы бір ескеретін жайт, жарық жүйесі нашар орындарда құрбандық шалуға рұқсат етілмейді (мәкрұһ). Себебі қараңғы орында түрлі қателіктерге жол берілуі мүмкін.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) құрбандық шалу уақытына қатысты мынадай хадис қалдырған. Бәре ибну Азиб риуаяты бойынша:

«Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.): «Біздің бұл күнде алғашқы жасайтын ісіміз – намаз оқу, сосын қайтып келіп, құрбанымызды шалу. Кім осылай істесе – біздің сүннетімізге ергені. Ал кімде-кім бұдан бұрын құрбан шалатын болса, бұл құрбанының отбасына берілген еттен айырмашылығы жоқ. Мұның құрбан боуы мүмкін емес», – деген.

Сұрақ: Құрбандыққа шалынған малдың терісін сатуға рұқсат етіле ме?

Жауап: Құрбандыққа шалынған малдың етін, терісін, сирақ-басын және сүтін сату – мақруһ. Малдың аталмыш бөліктері саудаға түскен жағдайда құны кедейлерге садақа ретінде таратылуы тиіс. Оған қоса құрбандыққа шалынған малдың ешқандай бөлшегінен қасаптың ақысы ретінде құн төлеуге де тыйым салынады.

Хазірет Әлидің (р.а.) былай дегені риуаят етіледі: «Аллаһтың Елшісі (с.ғ.с.) түйелер құрбандыққа шалынған уақытта басында тұруымды және терілері мен жүндерін таратуымды әмір етті. Олардың ешбір нәрсесін қасап ақысы ретінде беруге маған тыйым салды. «Қасап ақысын біз өзіміз береміз», – деді. (Мүслім).

Сұрақ: Дінімізде адамдардың бірігіп құрбан шалуына бола ма?

Жауап: Қой немесе ешкі іспеттес уақ малды құрбандық ретінде тек бір адамға ғана шалуға рұқсат етілген. Ал түйе не сиыр секілді ірі-қара малдарды бір адамнан жеті адамға дейін бірігіп те, жеке адам да бауыздауына болады. Тек бірігіп құрбан шалушылардың құрбандық құлшылығын өтеу ниеті бірдей болуы шарт. Егер біреуі тек ет алу ниетімен қосылған болса, құрбандық ешкімге де қабыл болмайды.

Сұрақ: Айт намаздары қалай оқылады?

Жауап: Айт намазы – екі рәкат. Жамағатпен жария түрде оқылады. Азан мен қамат айтылмайды. Имам «Екі рәкат Рамазан (немесе Құрбан) айт намазына ниет еттім» деп ниет етеді. Жамағат «Екі рәкат айт намазына ниет еттім, ұйыдым имамға» деп ниет етеді. «Аллаһу әкбар» деп ифтитах (ашу, бастау) тәкбірі алынады. Қолдар байланып, имам мен жамағат бірге құпиялай «Субханака Аллаһумма» дұғасын оқиды. Одан кейін имам –

жариялай, жамағат – құпиялай «Аллаһу әкбар» деп, үш рет тәкбір алады. Әрбір тәкбірді айтқанда қолдар жоғары көтеріліп, екі жанына түсіріледі. Әрбір тәкбірдің арасында үш тәсбих айтылатындай сәт тұрады. Үшінші тәкбірден кейін қолдар байланып, имам «Әғузу» мен «Бисмиллаһты» құпиялай, одан кейін «Фатиха» мен қосымша сүрені жариялай оқиды. Осыдан кейін «Аллаһу әкбар» деп рүкүғ пен сәждеге барады. Жамағат та тәкбір алып, имамға ұйиды.

Екінші рәкатта имам құпиялай – «Бисмиллаһ», жариялай – «Фатиха», содан кейін қосымша сүре оқиды. Міне, осыдан кейін осы жерде алғашқы рәкаттағыдай үш рет тәкбір алады. Бұдан кейін имам – жариялай, жамағат – құпиялай «аллаһу әкбар» деп, рүкүғ пен сәждеге барады. Одан кейін отырып, «әт-тахият», «салауат», «рәббәнә» дұғасы оқылып, екі жаққа сәлем беріледі.

Яғни, айт намаздарының әрбір рәкаттарында үш қосымша тәкбір бар. Бұл тәкбірлер – уәжіп. Хұтпашы айт намаздарынан кейін мінберге шығып, тіке тұрып, жұмадағыдай екі хұтпа оқиды. Айт хұтпалары тәкбірмен басталып, жамағат та осы тәкбірге жайлап қосылады. Айт намазына үлгере алмаған адам жеке өзі айт намазын оқи алмайды. Қаласа, төрт рәкат намаз оқиды. Бұл да сәске намазының орнына жатады. Құрбан айт намазын кешіктірмей, ал Рамазан айт намазын аздап кешіктіру – сүннет. Рамазан айтта айт намазынан бұрын құрма секілді бір нәрсе жеу, Құрбан айтында болса, айт намазы оқылмай тұрып ештеңе жемеу – мұстахап. Бурәйда (р.а.) былай дейді: «Алла Елшісі (с.ғ.с.) Рамазан айтында дәм татпай үйден шықпайтын. Ал Құрбан айтында намаз оқығанға дейін еш нәрсе жемейтін».

Сұрақ: Намазда ниет еттім деп тілмен айту міндетті ме? Ниетті іштей жасасақ жеткілікті емес пе? Алла бәрін білуші ғой.

Жауап: Ниет ету – намаз шарттарының бірі. Ниет – намазға кіруді қалау. Адам қандай намазға кіргісі келсе, сол намазды жүрекпен білуі шарт. Адам намазға кірерде қай намаз екеніне күмәнданса, намазы дұрыс болмайды. Қайта ниет ету қажет. Ниет – жасамақ іске жүрекпен иілу. Мұны тілмен айту шарт емес. Мүштәһид имамдардың өте маңызды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Іс-әрекеттер тек ниетке байланысты», – дейді. Сондықтан рияшылықпен жасалған ғибадат – Алла үшін емес, адамдар үшін

жасалған нәрсе. Оған сауап жазылмауы былай тұрсын, күнәсін алады. Демек, ниеттің орны – жүрек. Тілмен айту – көбірек айтылған көзқарас бойынша, мұстахап. Сол себепті, жүреппен ниет етумен қоса, «Мына уақыттың намазына ниет еттім» деп тілмен айту абзал. Айтылмаса, оқасы жоқ. Парыз бен уәжіп намаздарға арнайы тағайындап білдіретін ниеттің болуы қажет. Парыздың қаза намаздары да солай. Бірақ нәпіл намаздарға жеке атын атап ниет етумен қатар, жалпы ниет те жетіп жатыр.

Сұрақ: Намазда «Сана» дұғасын тек имам ғана оқи ма? Әлде жамағат та қосылып оқу керек пе?

Жауап: Азаншы азан шақырып, қамат айтқаннан кейін оқылатын намазға және имамға ұюға ниет етіледі. Мәселен, жұма намазында «Жұма намазының парызын оқуға ниет еттім, имамға ұйыдым» дейді. Содан кейін имам тәкбір алысымен, жамағат та тәкбір алып, іштей «Субханака» дұғасын оқиды. «Субханака» дұғасын оқу, яғни, ифтитах (бастау) тәкбірінен кейін құпия түрде «сәна» (мадақ) дұғасын оқу – сүннет. Ол былай: «Субханака Аллаһумма уә би-хамдика уә тәбәракас-мука уа тағала жәддука уә ләә-иләһә ғайрука». Мағынасы: «Я, Аллаһ! Сені тәсбих етіп (күллі жаратылыс пен нұқсан атаулыдан) пәктеймін. Саған «мақтау» айтып, мадақтаймын. Сенің қасиетті есімің аса мүбәрак. Және де сенің ұлылығың аса жоғары. Сенен басқа ешбір құдай жоқ». Алла елшісінің (с.ғ.с.) намазды бастаған сәтте осы дұғаны оқығандығын хазреті Айша (р.а.) анамыз жеткізген (Мүслім, Мустафирин, 202).

Сұрақ: Рамазан айы оразасының қазасын өтегенде үздіксіз реттілікпен ұстау шарт па?

Жауап: Құранда: «Сендерден кім ауру немесе жолаушы болса, басқа күндерде төлейді», – делінген.

Бұл аяттың оразаның қазасын үздіксіз реттілікпен ұстау жайында ешнәрсе айтылмай, қайта бірнеше күнге бөліп өтеуге мүмкіндік жасалған. Қазасын өтеуші осы арқылы қиналмай-ақ міндетінен құтылады.

Өткен рамазаннан қалған қаза күндері бар адам келесі жылдың оразасы келіп қалса, әуелі осы рамазан айының оразасын ұстау керек. Сосын барып өткен жылдың қазасын өтейді, кейін осы жылы қаза болған күндерін өтеу керек. Себебі, рамазан айынан

кейінгі айлардың барлығында қазасын өтеуге рұқсат. Тек бес күн (айт пен ташприк күндері) ғана нәпіл ораза ұсталынбайды.

Сұрақ: Ораза кезінде мисуак пайдалануға бола ма?

Жауап: Ораза ұстаушы күндіз-кешке намаз оқуға тұрған сәтте тістерін тазалайтын мисуакты (тіс тазалағышты) пайдалану керек.

Амир бин Рабиғадан: «Аллаһтың елшісінің (с.ғ.с.) аузы берік кезде сансыз мәрте мисуак қолданғанын көрдім.

Мисуак қолданған ораза адам тіс тазалау кезінде ауызда пайда болған сілекейін жұтса зияны жоқ. мисуакты ауызға салғанда оның құрғақ немесе ылғал болуы шарт емес.

Сұрақ: Әйелдің етеккірі ауыз ашарға жетпей келіп қалса оразасын жалғастыра бере ме?

Жауап: Мұндай әйелге оразаны жалғастыруға рұқсат жоқ. бұл күндері оның ораза ұстауы – харам. Ал харам нәрсемен қалайша халал нәрсені орындауға болады.

Сұрақ: Ашура күндері ораза ұстау міндет пе?

Жауап: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Аллаһ Тағала ашурада ораза ұстауды сендерге міндеттемеді. (Бұл күндері) ораза ұстауды хош көргендерің ораза ұстандар. Ал енді олай егуді қаламағандар ораза тұтпасын», – деген.

Сұрақ: Оразада жолаушыға жеңілдік бар ма?

Жауап: Рамазан айында жолға шығу да оразаны бұзатын үзірлі себепке жатады. Демек, рамазан айында жолға шығуға тыйым салынбайды, бірақ, сапарға күн шыққан соң шыққан адам бұл күнгі оразасын бұзбау керек. Себебі, тұрғылықты адамның үкімінде болғандықтан оған ораза ұстау парыз болып тұр. Оразаны өз ықтиярымен бұзуға рұқсат жоқ. Егер жергілікті кісі бола тұра, оразасын бұзса, оразаның қазасын да каффаратын да өтейді.

Ал енді каффаратты өтеу барысында науқастанып қалса, каффарат мойынынан түседі. Себебі, оған каффаратты міндеттеген де, дертті берген де – Аллаһ.

Сұрақ: Шәууәл айында алты күн нәпіл ораза ұстаудың маңызы неде?

Жауап: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім рамазан айында ораза ұстап, одан кейінгі шәууәл айында алты күн ораза тұтса, бір жыл ораза ұстағанмен тең», – деген.

Сұрақ: Рамазан айында ерлі-зайыпты адамдарға төсек қатынасын жасауға бола ма?

Жауап: Құранда: «Сендерге оразаның кешінде әйелдеріңе жақындасу халал етілді. (Себебі, бір-бірінді қорғауда) олар сендерге киім, сендер де оларға киімсіңдер. Аллаһ өздеріңе зиян қылатындарыңды біледі. Сондықтан тәубаларыңды қабыл етіп, сендерді кешірді. Ал енді (бұдан былай) оларға жақындасыңдар. Аллаһтың өздеріңе жазғанын талап етіндер», – делінген.

Осы аят рамазан айының түнінде ерлі-зайыптылардың төсек қатынас жасауына толық рұқсат етілгенін көрсетеді. Таң атқан соң міндетті түрде бой дәрет алу керек.

Сұрақ: Аспазшы астың дәмін татып көрсе оразасы бұзыла ма?

Жауап: Ораза адамның күндіз тамақтың дәмін тілімен татып көруі – макруһ. Ауызға салған нәрсені жұтпай қайта тастағаны жөн. Ауызда ұстап, асқазанға жібермеген жағдайда ораза бұзылмайды. Бірақ, ауызға тағам салу оразаны бұзуға әрекет ететін іс болғандықтан бұл – макруһ.

Сол сияқты, сағыз шайнағанда, сілекей арқылы ішке ешнәрсе кетпегендіктен ораза бұзылмайды. Сағыз шайнаған адамды басқалар көріп «бұл адамның ауызы ашық» деп айыптамас үшін рамазан айында ораза адамға сағыз шайнау – макруһ. Дегенмен, бұл қазіргі түрлі-түсті әрі дәмді сағыз болмау керек. Мұндай сағыздың оразаны бұзатыны даусыз.

Сұрақ: Оразаны бұзуға рұқсат беретін үзірлі себептер бар ма?

Жауап: Рамазан айында науқас кісіге, шарифат бойынша үзірлі адамға, бұрыннан науқастығы болғанмен, ораза ұстап шыдай алмағанға (әділ мұсылман дәрігердің берген анықтамасына байланысты), ораза ұстаса дерті асқынып кететінге, ораза ұстағалы емі баяулап қалғанға бастаған оразаларын тоқтатып, ауыз ашуларына рұқсат бар. Алайда, дертінен сауыққан адам, оразадан кейін араға уақыт салып, бұзған оразаның қазасын өтейді.

Құранда: «Санаулы күндерде сендерден кім ауру немесе жолаушы болса, басқа күндерде төлейді және сондай ораза ұстаса зорығатын кісілер (қарт немесе науқас) бір міскіннің тағамын төлесін. Сонда кім ынтығып артық қайырымдылық қылса ол өзіне жақсы. Білсендер сендер үшін ораза ұстауларың тағы жақсы», – делінген.

Сұрақ: Жолаушы адам ризығы таусылып бақилық болса, оразаның қазасы мойнында қала ма?

Жауап: Ораза шарттары бойынша, жолаушы сапарын тәмамдап еліне оралған соң өтеуге тиіс еді. Өзіне берілген үзірлі уақыт тәмамдалмай тұрып өмірмен қоштасқандықтан (оразаның қазасы парыз болмай тұрып қайтыс болып кетті) ораза қазасын өтеуі міндетті емес.

Егер де, жолаушы үйіне жеткен соң қайтыс болса, ораза ұстамаған күндерінің қазасын өтеуі – міндет. Өйткені үзірлі мезгілді тәмамдап, оразаның қазасын өтеу парыз болған шақта өмірден озып отыр. Оған міскіндерге тамақ беруді өсиетте атап қалдыру – уәжіп. Бұл мақсатқа мұраның үштен бір бөлігі жұмсалады немесе әрбір күні үшін бір міскінге жарты сағ (ұнтақты заттың өлшемі) бидай немесе бір сағ құрма немесе бір сағ арпа беру керек. Себебі, бақилық адам ғұмырының соңғы күндерінде оразаның қазасын өтей алмай кетті.

Сұрақ: Оразада аяғы ауыр әйелге жеңілдік бола ма?

Жауап: Жүкті немесе емізулі баласы бар әйел «ораза ұстау өзіме немесе балама қиын болуы мүмкін» деп күдіктенсе, ауыз ашуға ықтиярлы. Мұндай аналардың жағдайы ораза кезіндегі науқас адамның халіне ұқсас. Бірақ, оразадан соң тұтпаған күндерінің қазасын өтейді.

Сұрақ: Ауқатқа жатпайтын нәрсені байқамай жұтып қойғанда ораза бұзыла ма?

Жауап: Қиыршық тас, құм, т.б. нәрселерді жұтып қойған жағдайларда да ораза бұзылады. Себебі, мұндай нәрселер адамның бойына күш бермегенімен ауыз ашу амалына жатады. Алайда, шын мәнінде бұлар ішіп-жейтін азыққа жатпайтындықтан, оразаның қазасын ғана өтеу қажет, каффарат етілмейді.

Сұрақ: Сәресі ішіп жатқанда таң атып кетсе ораза бұзыла ма?

Жауап: Таң атқан жоқ деген оймен сәресі ішіп жатқанда таң атса немесе күн ұясына батты деп ауыз ашқан соң күннің әлі батпағаны мәлім болса, сол күнгі ораза бұзылады. Ол адам астан тыйылатын уақытта тамақ ішкендіктен оразасының қазасын өтеуге міндетті. Бірақ таң атқанын білмегені үшін каффарат міндетті емес. Алайда, сол күнгі бастаған оразасын тәмамдауға

тиіс, кейін бұл күннің оразасын каффаратымен бірге қаза етіп төлейді.

Сұрақ: Тіс арасында тұрып қалғанды жұтса ораза бұзыла ма?

Жауап: Тіс арасында тұрып қалған көлемі ноқаттай тамақты жұтса да ораза бұзылады. Ол адамға қазасын өтеу міндетті, бірақ ноқатты (тағамды) сырттан алмағаны үшін каффарат жасамайды.

Сұрақ: Ұйқыда жатып жүніп болған адамның оразасы бұзыла ма?

Жауап: Әбу Сағид әл-Худриден. Пайғамбар (с.ғ.с.): «Оразаны бұзбайтын үш нәрсе бар. Олар: бойдан арам қанды шығарған уақытта ағызған қан, ауыз толмаған құсық және ұйқыда жатқан уақыттағы жүніптік», – деген.

Сұрақ. Оразада иіс су себіпуге бола ма?

Жауап: Таң атқаннан соң иіс су себініп, көзіне сүрме жақса да оразаға зиян емес. Иіс су себіну – денені сумен жуған іспетті.

Риуаяттан: Бір кісі Аллаһтың елшісіне (с.ғ.с.) келіп: «Мен ораза едім, бірақ көзім ауырған соң сүрме жақтым» дегенде, ол (с.ғ.с.): «Дұрыс», – деп жауап берді.

Сұрақ: Жақында анам қайтыс болған еді. Бірақ шамасы бола тұра қаза еткен оразаларын ұстай алмай кетті. Сол кісінің орнына ұстай алмаған қазасын мен өтей алам ба?

Жауап: Жоқ. Мүмкіндігі бола тұра қаза еткен оразасын өтеместен қайтыс болған кісінің уәлиі (туысқан қамқоршысы) ол үшін ораза ұстай алмайды. Яғни қайтыс болған адамның орнына уәлиі ораза ұстауға міндетті емес. Өйткені, Ораза денемен орындалатын құлшылық. Ораза ұстауға міндетті адамның орнына тірі кезінде де, өлгеннен кейін де басқа біреу ораза ұстай алмайды. Ораза, намаз әрбір жеке адамның өзіне парыз етілген құлшылық.

Бір хадисте былай делінген: «Ешкім өзгенің орнына намаз оқып, ораза ұстай алмайды. Бірақ оның атынан кедейлерге бір тойым тамақ бере алады» (Насбур рай, 2/463).

Ханафи ғалымдарының көзқарасы бойынша, қайтыс болған адам өтей алмаған оразасының әрбір күні үшін, туысқан қамқоршысы бір кедейге фидия садақасын бере алады. Бірақ марқұм мұны міндетті түрде қайтарының алдында өсиет етуі керек (Ислам фикһ энциклопедиясы, 208-бет).

Сұрақ: Рамазан айында белгілі бір себептермен ұсталмай қалған оразаны келесі жылы Рамазан айына дейін қаза қылып өтесе болады ма? Әлде қаза оразаларды өтейтін белгіленген уақыт бар ма?

Жауап: Рамазан айының оразасын белгілі бір себептерге байланысты (себеп: өзіңіздің қалауыңыз емес, дініміздің рұқсат еткен шеңберінде) ұстай алмаған болсаңыз, айт күндерінен басқа кез келген күндері қазасын өтей аласыз. Кімде-кім Рамазанда әдейі ешқандай себепсіз оразасын бұзса, оған кәффарат ретінде бір құлды немесе күнді азат етуі, егер оған шамасы жетпесе, екі ай қатарынан ораза ұстауы, егер бұған да күші жетпесе, алпыс жоқ-жітікті тамақтандыруы тиіс. Құранда бұл жайлы былай делінеді: «**Бастаған ізгі істерінді бұзбандар**» («Мұхаммед», 47/33). Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай дейді: «Кімде-кім Рамазана оразасын бұзса, оған зиһар жасаған адамға тиісті (кәффарат) жүктеледі». Бірақ Рамазан оразасынан тыс оразаларға тек қана қаза керек.

Сұрақ: Шәууәл айында тұтылатын алты күндік ораза үкімі қандай?

Жауап: Шәууәл – хижри жыл санағы бойынша Рамазан айынан кейін келетін ай. Бұл айда алты күн ораза ұстау – сүннет. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Кімде-кім Рамазан айының оразасынан соң, шәууәл айында алты күн ораза ұстаса, бір жыл ораза ұстағандай болады», – делінген (Мүслім, Сиям, 204). Рамазан оразасымен қатар шәууәл айының оразасын да тұтқан адам бір жыл ораза тұтқанмен тең сауапқа ие болады. Құранда: «**Кімде-кім бір жақсылық жасаса, оған оның он есе қарымы беріледі**». («Әнғам», 6/160), – деген. Ғалымдар Шәууәл айындағы алты күн оразаның бір жылдық сауабын осы аятпен байланыстырады. Рамазан айындағы отыз күн мен шәууәл айындағы алты күн қосылғанда, отыз алты күн болады. Бұл сан он есеге көбейтілсе, үш жүз алпыс күнді құрайды. Бір жылдың қалған бес күні ораза ұстауға болмайтын Рамазан айының алғашқы күні мен Құрбан айттың төрт күні. Оразаның әрбір күні он есе молайса, онда отыз алты күндік оразада бір жыл ауыз бекітудің сауабы бар деген сөз.

Сұрақ: Жыл сайын рамазан айы өзгеріп отырады. Сонда құранның рамазан айында түсуін қалай түсінуге болады?

Жауап: Құран Кәрім алғаш рет рамазан айында түсе бастаған. Ол Меккеде және Мединеде 23 жыл бойы түсіп тұрған. Мұсылмандар осы қасиетті айда нәпсінің күнделікті қажеттіліктерінен және қарапайым күйбең тіршіліктен бір уақ қол үзіп, ішіп жеуді тиып, періштедей күй кешуге міндеттелген. Бұл айда Ислам әлемі бейне бір мешіт тәрізді болады. Миллиондаған қариялар сол зәулім мешіттің бұрыш-бұрышында Құранды, яғни Алланың сөзін жер-жиһанның тұрғындарына жар салады.

Міне, осыдан кейін Рамазан айы ай сайын он күннен шегеріліп отыратынына зер салып көрейік. Расында неге шегеріліп отырады? Әрине, бұл тектен-тек пайда болған үрдіс емес. Мұнда адам баласы жылдың әрбір айында ораза ұстап көрсін деген амал бар. Мысалы оразаны қыста ұстасаңыз түн ұзақ, күн қысқа, ал жазда ұстасаңыз күн ұзақ, түн қысқа. Көрдіңіз бе, жазда шөл қысқанда су қадірін білесіз бе? Әрине... Яғни әрбір айдың өзіндік қадірі барын мұсылмандар білетін болады.

Сұрақ: Тасбих не үшін тартылады? Оның қандай қасиеті бар?

Жауап: Мұсылмандар тасбих тарту арқылы Аллаға мадақ айтады. Мұхаммед (с.ғ.с.): «Жатарда 33 реттен айт. «Сүбхан Алла», «Алхамдулилла», «Аллаһу акбар» десеңдер, ол бір күзетшіден артық» деген. Сондай-ақ бұған қосымша «Кімде-кім 33 реттен «Сүбхан Алла», «Алхамдулилла», «Аллаһу акбар» деп тасбих тартса, оның барлық істеген қателіктерін Аллаһ Тағала кешіреді» деген хадисі тағы бар. Осыдан кейін тасбихтің қазақша мағынасы не? деген сұрақ туындайды. Мәселен, Сүбханалла тасбиғы Алла нұқсандық атаулыдан ада, кемшіліксіз екендігін білдіретін мадақтау. Ал «Әлхамдулилла» яғни рахмет, алғыс, шүкіршілікті тек қана Аллаға айтылуға тиіс» деген мағыналарды білдіреді.

Әрине, тасбих тартудың адамға тигізер пайдасы зор. Себебі, тасбих тартқанда адам санасы тек Алланы мадақтау арқылы басқа ойлардан арылады. Шаршағаны басылады. Мынау күйбең тірліктің сан мың түйіні шешілмеген мәселелерін санадан бір сәтке ысырып тастайды. Тасбихты әр намаздың соңында тартады. Тасбихты Мұхаммед пайғамбарымыздың заманында пайда болған дегенге үш болжам айтуға болады:

1. Тасбихты тек мұсылмандар ғана тартады.

2. Тәсбих тартқанда айтылатын мадақтау сөздері басқа діндерде жоқ.

3. Мұсылмандар тәсбихты қолға ұстап жүретін сәнді қасиетті дүние ретінде де бағалайды.

Сұрақ: Тарихта әйел имам болған ба? Жалпы әйел имам бола ала ма?

Жауап: Әйел имам болған. ол Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қыздай алған әйелі Айша анамыз еді. Айша анамыз басқаларды исламға тарту қажеттілігінен имамдыққа келген. Ол халыққа шарият заңын үйретуде пайғамбарымызға (с.ғ.с.) көп көмегін тигізген. Адамдар да өздеріне түсініксіз шарият істерін айша анамыздан сұрап біліп отырған. Сондықтан пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Білмейтін шарият қағидаларын менің әйелімнен сұраңдар, қажетті ілімді солардан алыңдар», – деген.

Айша анамыз жамағатпен бірге намаз оқығанда алдыңғы қатардың артасында тұрған. Оның себебі Исламда әйел адам ер адамның артында тұрса, он сауап алады екен. Алдына шығуға еш хұқы жоқ. Ал Айша анамыздың ер адамдармен тең тұруы иба сақтап, шарият қағидаларын сақтауынан туындаған. Құраңда: «Еркектер, әйелдерді билеуші. Өйткені Алла, бірін-бірінен артық қылды» деген аят бар (Ниса: 34). Бұл әйелдердің ер адамдардан кейін тұруына дәлел болады. Жалпы исламда әйел адам имамдыққа өтуге болмайды.

Ал жоғарыда айтқан Айша анамыздың жөні бөлек. Ол, біріншіден, пайғамбарымыздың зайыбы болса, екіншіден, Ислам дінінің алғашқы бастаушылары екенін есте ұстаған жөн.

Сұрақ: Мұсылмандар мен еврейлердің сүндеттелуі арасында қандай айырмашылықтар бар?

Жауап: Ер баланы сүндеттеу сонау Ибраһим пайғамбардан (ғ.с.) қалған үрдіс. Ибраһим пайғамбар (с.ғ.с.) өзін-өзі сүндеттеген. Оның не үшін өзін-өзі солай істеуіне еш жауап айта алмаймыз. Бірақ қазіргі медицина дәлелдеп көрсеткендей, ер бала сүндеттелгенде жыныс бездері ашылып, ұрықтағы қан айналымы жақсарады екен. Ал мұсылмандар мен еврейлердің сүндеттелуі арасында еш айырмашылық жоқ. Тек оны әр халық өзінше атап өтеді. Қазақ міндетті түрде сүндет той өткізеді.

Әрине, еврейлерде бұлай емес. Олардың діндері бөлек. Өз салттарына орайластырады.

Сұрақ: Құран оқылған кезде бас киім киіп отыру міндетті ме, егер солай болған жағдайда оның мәнісі неде?

Жауап: Исламда құран оқылған ортада «бас киім киіп отырындар» деп адамдарға міндет жүктелмеген. Ондай ортада жалаңбас отырмау әдептілікке жатады. Кездейсоқ жағдайда жамағатпен бірге бас киімсіз отырып қалған мұсылманның ісі күнәға жатпайды. Бірақ қалайда болмасын әр адам өзі үшін әдептілік сақтаған дұрыс қой. Мұхаммед (с.ғ.с.) намазда бас киімсіз болмаған. Соған қарағанда біз де әдептілік сақтап арттағы ұрпақтарымызға үлгі көрсетсек, сол үлкен сауап емес пе?!

Сұрақ: Қайтқан адамның қабіріне қойылған қоршаудың төрт бұрышына 4 жарты ай қойылып жүр. Ал қайсыбіреулерінде ол жалғыз. Осының қайсы дұрыс, қайсысы бұрыс?

Жауап: Қабірдің төрт бұрышына төрт белгі қою қазақы ырымға жатады. Қазақта «төртеу түгел болса» деген мәтінді сөз бар. Ал Шарифатта «қабірге төрт белгі қойсын немесе бір белгі қойсын» деген ешбір заң жоқ. Бұл тек Исламдық символ ретінде қалыптасқан нәрсе. Сондықтан әрбір адамның өз қалауы біледі. Бірақ аспандағы ай жалғыз ғой, ләжы болса біреуін қойған дұрыстау болар. Сондықтан сананы ырымға жеңдіре беруге болмайды.

Сұрақ: Әруақтарға арнап ас бергенде ескерілмей қалған міндеттер бар ма?

Жауап: Негізінде Исламда әруаққа арнап ас беру жоқ. бұл біздің салт-дәстүріміз болып қана қалыптасқан, әруақтарды «еске алу» ниетінде туған үрдіс. Сондай-ақ, ас беру көңіл көтеру думаны емес. Мұхаммед (с.ғ.с.) «Мазарларға әулие-әмбиелерге арнап құрбандық шалу – Исламда жоқ» деген. Ал біз күні бүгінге дейін «Ас берілген жерді әруақтар айналып ұшып жүреді» деген теріс ұғымдағы сөздерді жиі естиміз. Ол біздің ас берілген ортада әруақтарға деген «наным-сенімімізді» олан ары нығайту мақсатында туса керек. Жұрт көбінесе Алла ризашылығы үшін құрбан шалып, әруақтарға дұға бағыштау керек екенін ескере бермейді. Бірден құран оқылып, «бәленшенің әруағына» деп бағышталады. Дұрысын айтсақ, баз біреулер «біз бұл құрбандықты бәленшенің әруағына деп шалып отырмыз ғой» деп өздерінше ашуланатындар да кездеседі. Негізінде, олай істеуге

болмайды. Сондай-ақ, ас берілген жерде әртүрлі қазақы ырымдар кездеседі. Мәселен, ас берген адам ас жемейді, құран оқығанда түрегеп тұрады. Мұның бәрі біздің діни сауатымыздың жоқтығын көрсетеді. Ас берудің өзіндік Исламдық шарттары жоқ.

Сұрақ: Әйелдердің қажы атануы бүгінде көбейіп кетті. Олардың қажы болғанын бұрынырақта естімеуші едік. Жалпы әйел адамның қажға баруы міндетті ме?

Жауап: Құранда әл-Имран сүресінің 97 аятында: «Кімде-кім Алланың үйіне баруға шамасы жетсе, Алла соған қажылық жасауды міндет артқан» – делінген. Яғни әйел де еркектер секілді қажыға баруға құқылы. Қажыға барған әйел де қажылықтың барлық қағидаларын толық орындайды. Сонымен қатар әйелге қатысты қажылықтың арнайы қағидалары да бар:

– Күйеуге шыққан әйел қажға барғысы келсе, алдымен күйеуінен рұқсат сұрайды. Егер, әйел алғаш рет қажыға барғалы тұрса, ері міндетті түрде рұқсат беруі керек. Ал егер қажыға екінші рет барғалы тұрса, не бірнеше рет барған болса, онда ол күйеуінің айтқанын тыңдайды. Қажыға әйел күйеуіне еріп, не туысқанымен бірге бара алады.

Алайда қажы әйелдер қажылық сапардан оралғаннан кейін де әдептілігін сақтап жүруге және Исламды насихаттауға атсалысуды естен шығармауға тиіс. Өйткені ол өз парызын өтеді, енді басқалардың да парыздарының өтелуіне себепші болуға міндетті. Жалпы Алланың дінін насихаттау әрбір мұсылманның парызы.

Сұрақ: Рамазан қандай ай?

Жауап: Ислам дінінде айлардың ішіндегі ең қайырлысы, әрі уақыттар ішіндегі ең қасиеттісі – осы Рамазан айы болып саналады. Дәл осы айда бізге тура жол көрсетуші Ұлы Кітап – Құран Кәрім жерге түсе бастаған. Сондықтан бұл айда Аллаһтың құлдары шын ниетімен тәубаға келіп, Жаратушысына құлшылық жасауы керек. Отыз күн ораза тұтатын уақытта осы Рамазан айында, сондай-ақ пендеуі дүние қызықтарынан арылып, барынша рухани жағынан кемелденіп, уақытша болса да ішіп-жеуден, харамға қараудан, харамға тиісуден сақтанып, нағыз мұсылманша өмір сүрудің табылмас сәті – осы Рамазан айы. Өйткені, бұл ай – Аллаһ Тағаланың мейірі-шапағаты аып-тасатын шақ.

Рамазанда он бір ай бойы тоттанып, өне бойын кір шалып

бұзылуға аз-ақ қалған рух пен жүректі қайтадан таза қалыпқа келтірген абзал. Адамға бағынбай атой салған нәпсінің де мойнына құрық салып, ауыздықтайтын және адамды азғырушы шайтанның діңкесі құрып, кері шегінетін айбынды ай – осы Рамазан. Бұл туралы Пайғамбарымыз: «**Рамазан айы келгенде жәннаттың есіктері айқара ашылып, тозақтың есіктері жабылады, шайтандар кісенделеді**», – деп ескерткен.

Сұрақ: Рамазан айының басқа айлардан өзгешелігі неде?

Жауап: Бұл айдың басқа айлардан бірден бір айырмашылығы – Рамазан айында барша мұсылман баласы өздері істеген күнәлі істеріне өкініш білдіріп, жаппай Ораза ұстайды. Ораза – тек қана жеп-ішуден тыйылып, ауыз бекіту ғана емес. Сондай-ақ бұл айда барша мұсылман жамағаты өздерінің жүректеріне түрлі жаман пиғылдардың ұялауына жол бермей, нәпсісіне қарсы күрес жүргізеді. Қолынан келгенше өз бойындағы түрлі харам әрекеттерге кісен салып бағады. Рамазан айының басқа айлардан тағы бір өзгешелігі Құран кәрімде былай баяндалады: «**Рамазан – адамдарға тура жол нұқсаушы, ақ пен қараны айырушы, бекем тұтынатын жолбасшы ретінде Құран түсіріле бастаған ай. Сендерден кім Рамазан айында болса, ораза ұстасын. Кімде-кім науқас болып, әйтпесе жолсапарда жүрсе, онда басқа күндерде өтесін. Аллаһ сендерге жеңілдік болуын қалайды, ауырлық түсіргісі келмейді**» (Бақара, 2*185).

Міне, сондықтан да осы айда өзімізге Аллаһ тарапынан парыз болған Ораза ғибадатымызды қалдырмай орындауға тырыссак, о дүниеде үлкен байлыққа кезігетініміз анық.

Сұрақ: Ораза деген не?

Жауап: Ораза – адамдар үшін сабыр мектебі. Өйткені ауыз бекітіп, жүрегін тазалауға бекіген әрбір мұсылман жарылуға шақ қалған пендеуи нәпсілеріне «мен оразамын» деген жалғыз ауыз сөзбен тоқтау салып, өздерін сабырға шақырады. Ауыз бекіткен адам шөл мен аштықтың қиыншылықтарына төтеп беріп, ендігі жерде өмірдің небір ауыртпалықтарына мойымай сабырлық танытатын болады. «**Таңнан, қара жіптен ақ жіп (қараңғылықтан сәуле) ажыратылғанға дейін ішіндер, жеңдер, сосын оразаны кешке дейін ұстандар**», (Бақара, 2*187) – деп Аллаһ Тағала Құранда ескерткендей, міндетті түрде Ораза ұстап, Хаққа құлшылық жасауымыз керек.

Сұрақ: Рамазан айында Оразадан басқа қандай құлшылықтар жасалады?

Жауап: Бұл айда Аллаһты барынша көбірек еске алып, одан кешірім тілеп, тәубаға келгеніміз жөн. Барынша жұртқа жақсылық жасап, жаманаттар мен жиіркенішті қылықтардан арылып, күнә атаулыдан қашып, кедей-кембағал адамдарға қол ұшын созып садақа үлестірген сауап. Сондай-ақ бұл айда көбірек Құран оқып, ғибадат қылып, намазға жығылып, Ораза ұстаған мұсылмандарға ауызашар беру – пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әдет еткен сүннет амалдарына жатады. Өсек-аяннан, өтірік айтудан, адамды орынсыз ренжітуден абай болып, осы айдың берекеті мен сауабына дер кезінде қол жеткізіп қалуға тырысуымыз керек.

Сұрақ: Ораза жайында айтылған Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистері бар ма?

Жауап: Ораза жөнінде айтылған Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздан қалған көптеген ізгі хадистер бар:

«Ораза ұстаған адамның ризығы адал болса, ақыретте есепке тартылмайды» (Әл-Хунди, Кэнзул-Уммал);

«Ораза ұстағанның ұйқысы – ғибадат, үндемегені – (аллаһқа айтылған) мадақ болып саналады. Жақсылықтары мен ғибадаттарына еселеп сауап жазылады» (Әл-Мунзари, Әт-Тарғиб);

«Кімде-кім оразада ішіп-жеуден тыйылса, Аллаһ Тағала оған Жұмақ жемістерін жегізіп, Жұмақ өзендерінен ішкізеді» (Әл-Хунди, Кэнзул-Уммал);

«Жұмақта «Райһан» деп аталатын есік бар, ол есіктен тек ораза ұстағандар ғана кіре алады» (Ибни Мәжа, Сиям).

Сұрақ: Оразада сәресін ішпей ұйықтап қалса не болады?

Жауап: Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сәресі асты жеңдер, сәресіде берекет болады – деп ескерткен. Мұндағы берекет – сәресі уақытында ұйқыдан оянып, дұға оқып, Аллаһты еске алу. Бұл істерді атқарудың үлкен сауап екендігі Құранда да айтылған. Сәресі ішу, сондай-ақ күндізгі уақыттан алуан жұмыстарды қиналмай атқаруға көмектесіп, адамға мол күш-қуат береді.

Сұрақ: Тарауық намазы туралы білгім келеді?

Жауап: Тарауық намазы – тек Рамазан айында ғана атқарылатын, жиырма рәкаттық сүннет ғибадат. Тарауық сөзі тынығу, демалу деген мағынаға ие. Бұл туралы Пайғамбарымыз

(с.ғ.с.): «Кімде-кім Рамазан намазын (тарауықты) шын көңілмен, сауабын Аллаһтан күтіп оқыса, оның өткен күнәлары кешіріледі», – (Бұхари, Мүслім) деп жамағатты тарауық намазынан қалмауға шақырған. Тарауық намазын Рамазан айында оқу үлкен ғибадат пен сауапқа жатады.

Сұрақ: Оразаның қандай пайдасы бар?

Жауап: Ораза тек қана ғибадат тұрғысынан ғана емес, денсаулық жағынан да өте пайдалы. Мұны медицина да растап отыр. Ораза ем ретінде ішек ауруларына, іш қатуына таптырмайтын шипа. Оразаның арқасында кейбір тері аурулары жақсарып, асқазан мен ішек құрылыстары тынығып, сауыға түседі. Сонымен қатар ораза адамның ішкі мүшелерінде жиналып қалған қажетсіз майларды ерітеді, денедегі метоболизмді жандандырады және қуық, бүйрек, бауыр, қант диабетіне қарсы тосқауыл болып ағзаның төзімділігін арттырады. Және де қан құрамындағы гормондардың мөлшерін азайтатындығы үшін ораза адамның құмарлық сезімін басып, нәпсіге жол бермейді.

Сұрақ: Оразаны нелер бұзады және нелер бұзбайды?

Жауап: Оразаны бұзатын нәрселер мыналар: біле тұра бір нәрсе ішіп-жеу, жыныстық қатынас жасау, әдейілеп құсу.

Ал оразаны мынадай нәрселер бұзбайды:

1. Ұмытып ішіп-жеу, пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұл туралы: «Аузы берік адам ұмытып кетіп ішіп-жесе, оразасын бұзбай толықтырсын. Өйткені, оған жегізген де, ішкізген де Аллаһ Тағаланың өзі» (Мүслім). Ұмытқан адам істеген ісі есіне түскен жағдайда ғибадатын қайта жалғастыру керек.

2. Адам жүніп болса оразасы бұзылмайды. Бірақ намаз оқу үшін міндетті түрде ғұсыл алу шарт. Құранда бұл туралы: «Егер жүніп болсаңдар, тазаланыңдар», – делінген.

3. Қан алдыру немесе сүлік салдыру;

4. Құлаққа су кіру немесе бұлық ағу оразаны бұзбайды;

5. Көзге, құлаққа су кіру немесе көзге сүрме жағу;

6. Мисуак оразаны бұзбайды. Өйткені мисуак қолдану – сүннет. Сол сияқты тіс пастасын қолдану да оразаны бұзбайды, тек ішке кетіп қалудан сақтану керек;

7. Тіс жұлдыру, ауыз бен мұрынға су алып шайқау оразаны бұзбайды. Бірақ су жұтып қоймаған абзал.

8. Тамаққа түтін, топырақ немесе шаң кірсе, жауын тамшылары өтіп кетсе оразаға зиян келтірмейді. Сондай-ақ түкірік пен мұрынды тарту арқылы бір нәрсе тамаққа өтсе оның да ораза үшін ешқандай зияны жоқ.

9. Гүл немесе әтірді иіскеу, еріксіз құсу, сондай-ақ салқындау мақсатымен жуыну, жүзу немесе ылғалды киім кию де оразаға қарсы емес.

Сұрақ: Ораза ұстай алмайтындарға не істесе болады?

Жауап: Ораза ұстауға шамасы жетпегендерге (кәрі адамдар) пітір беру – уәжіп. Ондай адамдар оразасының орнына әрбір күні үшін бір кедейді тамақтандыру тиіс. Немесе пітірді ақшалай түрде үлестірсе де болады. Құранда Аллаһ Тағала: **«Ораза ұстауға шамасы келмейтіндер бір жарлының тамағын төлесін»** (Бақара, 2-184), – дейді.

Сұрақ: Ұзақ сапарға көлігімен жүк тасушылар оразасын қалай өтейді?

Жауап: Дінімізде жолаушыларға ораза ұстау парыз емес. Қасиетті Құранда: **«Сырқат немесе жолаушылар ораза айында ұстай алмаған күндерін басқа күндері ұстасын»** (Бақара, 185) деген. Ол жағдайда тұта алмаған оразаның қазасын кейін өтейді. Ал сапары барысында бірер күн бір аймақта тұрақтайтын болса, сол күндерде ораза ұстағаны жөн.

Сұрақ: Қаза болған оразаны қай кезде өтеген дұрыс?

Жауап: Парыз ораза негізінен уақытылы өтелуі керек. Алайда ол үзірлі себептермен қаза болуы мүмкін. Шариғатымызда қаза оразаны орындау үшін арнайы уақыт белгіленбеген. Дегенмен оны барынша ерте өтеген дұрыс. Себебі **«Ажал айтып келмейді»** және адам қаза оразасы өтелмей тұрып қайтыс болса, о дүниеде одан сұралады.

Сұрақ: Әйелім Рамазан айында ораза тұтпақ. Алайда емізулі баласы бар. Оның ораза тұтқаны дұрыс па?

Жауап: Баласын емізетін әйел адамның ораза ұстауына шариғатымызда рұқсат. Оның баласын емізуі оразасын бұзбайды. Дегенмен баласына не өзіне зиян тию ықтималы болса ораза тұтпаса да болады. Кейін қазасын өтейді.

Қазасын өтерде: **«Алла разылығы үшін уақытында тұта алмаған мұбарак Рамазан айының қаза болған оразасын өтеуге ниет еттім»** деп ниет етеді.

Сұрақ: «Уәсуәса» деген не?

Жауап: «Уәсуәса» деп – адамның кеудесіне ұялаған шайтанның, есіне қай-қайдағыны салып, қиялын елітіп, жүректі азғыруын айтамыз. Уәсуәса – шайтанның адамға, әсіресе иманды кісіге қарсы қолданатын соңғы шарасы, соңғы қаруы, соңғы үміті. Шайтанның адамды тура жолдан тайдырарлық бүкіл айласы таусылса, оның көңіліне уәсуәса салады. Бір жағынан алып қарағанда, уәсуәса – «маған дос болмадың, ендеше өз обалың өзіңе» дегендей, шайтанның иманды кісіні іптей тұралатуға тырысуы.

Сұрақ: Зекетті айналыста жүрген артық ақша мүлкінен бере ме әлде көлігін, үйін айлығын есептеп шағады ма?

Жауап: Зекеттің парыз болуы үшін күнделікті тіршілікте қолданылатын негізгі қажеттер мен қарыздардан тыс, нисап көлеміне жететін байлыққа ие болуы керек. Нисап дегеніміз – зекетті парыз ететін белгілі байлық мөлшері.

Зекетті берілетін байлықтың түрлері мен зекет беруді парыз ететін нисап көлемі:

1. Алтында: жиырма динар, яғни, 85 грамм
2. Күмісте: екі жүз дирһам, яғни, 595 грамм
3. Түйеде: бес
4. Сиырда: отыз
5. Қой мен ешкіде: қырық
6. Сауда заттарында: 85 грамм алтын немесе 595 грамм күмістің құнына тең болса
7. Ақпада: 85 грамм алтын немесе 595 грамм күмістің құнына тең болса
8. Бау-бақша және егіс өнімдері.
Күнделікті тіршілікте қолданылатын негізгі қажеттерге:
 1. Тұратын үйі, үй жиһаздары мен аспаптары;
 2. Ғылым адамдарының кітаптары мен өнер адамдарының аспаптары;
 3. Өзі және әйелі, балаларына жететін бір айлық (басқа бір рұнаятта бір жылдық) азық-түліктері;
 4. Өзі және отбасының киетін киімдері;
 5. Егістікпен шаруашылықпен айналысатын адамдардың трактор, комбайн сияқты құралдары мен аспаптарынан зекет алынбайды. Бірақ бұл құралдармен басқаларға жұмыс істеп, ақша табатын болса, тапқан ақшадан зекет алынады.

Зекеті берілетін байлықтың өсімді болуы оларды күнделікті өмірде қажетімізге қолдану мақсатымен емес, иесіне кіріс кіргізу мақсатымен қолға ұсталуы. Мысалға, сауда заттарының сауда жасау арқылы, мал-жануарлардың төлдеу арқылы, егіс, бау-бақшаның жеміс беру арқылы иесіне кіріс кіргізуі сияқты. Алтын, күміс, ақша, әшекей бұйымдармен сауда жасап, кіріс кіргізуі мақсат етілмесе де, олардан зекет беру парыз. Яғни, олардың өсімді болуы шарт емес.

Зекеті берілетін байлыққа ай санауымен бір жыл толуы керек. Өйткені Пайғамбарымыз (с.а.у.) хадисінде: **«Бір жыл толмай байлыққа зекет берілмейді»**, – дейді. (Әбу Дәәуд, Зекет, 5).

Жыл толу мәселесінде Имам Әбу Ханифаның көзқарасына сүйенсек, зекеті берілетін байлық екіге бөлінеді.

а) Алтын, күміс, барлық ақша түрлері және жылдың көбінде қырда жайылатын малдар мен сауда заттары. (Толық бір жыл толуы шарт. Өйткені, малдардың төлдеп, сауда заттарының кіріс кіргізетін уақыты кем дегенде бір жыл).

ә) Барлық егістік, бау-бақша өнімдері мен қазба байлықтар (Бір жыл толуы шарт емес. Өйткені, егіс пен бау-бақшадан бірнеше айда өнім алуға болады. Сол сияқты қазба байлықты бір жылда бірнеше рет алуға болатындықтан, бұларға нисап мөлшері мен бір жыл толу шарты қосылмайды).

Ал Әбу Юсуп пен Мұхаммедтің бұл мәселедегі көзқарасына сүйенсек, шамамен бір тоннаға жетпейтін және қолда бір жыл сақтауға шыдамайтын егіс өнімдері мен жеміс-жидектерден зекет алынбайды.

Зекет парыз болу үшін ханафи мәзһабында нисап көлемі жылдың басында әрі жылдың аяғында толық болуы шарт. Мысалға, бір адам негізгі қажеттерінен тыс 100 грамм алтынға ие болса, бір жыл толғаннан кейін 50 грамға азайса, бұл адамға зекет беру парыз емес. Бірақ жылдың ортасында азайып, жылдың аяғында нисап көлеміне қайта жетсе, зекет беріледі. Мысалға, алты айдан кейін 50 грамға азайса, бірақ жылдың аяғында 120 грамға шықса, жылдың басындағы 100 грамның немесе жылдың ортасындағы 50 грамның зекеті берілмей, жылдың аяғындағы 120 грамның зекеті беріледі.

Зекеті берілетін байлық, мал-дәулет бір жыл толғаннан кейін көбейіп өссе, көбейген бөлімнің зекеті дәл сол жылы берілмейді.

Көбейген бөлімінің зекеті дәл сол жылы дәл сол уақытта беріледі. Мысалға, бір адамның қолында өткен жылғы Рамазан айының он бесінде 100 мың теңге болса, бұл көлем биылғы жылы Рамазан айының он бесіне дейін 140 мың теңгеге көбейіп, Рамазан айының жиырмасында 160 мыңға жетсе, 140 мың теңгенің ғана зекеті сол жылы беріледі.

Зекеттің парыз болуы үшін малға бір жыл толуы керек дедік, бірақ пақыр кедей-кепшіктердің жағдайын ойлап, бір жыл толмай да зекет бере беруге болады. Бірақ бір жылда екі зекет берілмейді.

Сұрақ: Дұха нәпіл намазы қалай, қай уақытта оқылады?

Жауап: Дұха намазының уақыты күннің найза бойы көтерілгенінен күн тас төбеге жетуіне жарты сағат қалғанға дейін жалғасады. Бұл намазды оқу мәндүб. Бұл намаздың ең азы – екі рәкат. Төрт немесе сегіз рәкат оқиды. Пайғамбарымыздың бір хадисінде кімде кім бұл уақытта намаз оқуды жалғастырар болса, күнәлары теңіз көбігіндей көп болса да (кісі ақысынан басқасы) кешіріледі» деген.

Сұрақ: Дініміз футбол ойнауға, көруге тыйым салған ба?

Жауап: Барлық нәрсенің өзіндік шегі бар. Футболды спорт ретінде қарастыратын болсақ, ойнауға да көруге де болады. Егер де бұл спорттың құлшылығымызға кері әсері болатын болса онда ол біз үшін үлкен қауіп. Сондықтан дініміз спортқа тыйым салмаған. Алайда айтып кеткеніміздей намазға кешігуге немесе намаз уақытының шығып кетуіне кедергі болмауы керек. Сонымен қатар ойын барысында дененің де жарақат алып қалмауына да абай болғанымыз жөн.

1). Футбол ойынында ойнап жатқанда немесе көріп жатқанда жаман сөз сөйлемей керек.

2). Негізгі (маңызды) жұмысты тастап уақыт ысырап етпеу керек.

3). Ойын құмар ойынына айналмауы керек.

4) Намаз, ораза секілді парыздарды орындауға кедергі болмауы керек.

5) Адамның денесіне зияны (жарақат), өлімге алып келіп соқпауы керек, т.б.

Пайғамбарымыз спортқа ерекше көңіл бөлген. Мәселен, пайғамбарымызбен (с.ғ.с.) күрескен хазірет Руқанә күресу нәтижесінде мұсылман болған. сонымен қатар пайғамбарымыздың

(с.ғ.с.) Айша анамызбен бірнеше рет жарысқандығы айтылады. Хабапшықтардың көрсеткен найза ойындарын пайғамбарымыз Айша анамызбен бірге көрген, т.б., яғни құлшылық, адамдар арасында нарызылық, құмарлық, соңы жамандыққа алып бармаған спорт ойындарын дініміз тыйым салмаған.

Сұрақ: Егер намаз оқып отырған жағдайда мұрын қанаса немесе жел шықса, не істеу керек?

Жауап: Намазда адамның мұрны қанаса немесе аузына құсық келу секілді себептерге байланысты еркінен тыс дәреті бұзылса, мұндай жағдайда адамның дәреті бұзылса да, намазы бұзылмайды. Ол сөйлеместен және басқа бір әрекет етпей тек дәретін қайта алып келген жағдайда, намазын келген жерден жалғастыра алады. Бірақ намазын қайта басынан оқыса – абзал.

Сұрақ: Құрбандық айт намазын оқу қай пайғамбардан қалған дәстүр?

Жауап: Зулхиджа айының тоғызы күні Арафатқа келіп тұру – қажылықтың үшінші парызының бірі. Егер қажы бұл күні Арафатқа келмесе қажылығы қабыл болмайды. Хазірет пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) хадисінде: «Қажылық – Арафатқа тұру», – деген. Олай болса Арафаттың ислам тарихында алар орны өте жоғары. Бұл жерде атамыз Адам (ғ.с.) Атамыз бен Хауа Анамыз жолығып, бір-бірін таныған. Олар күнә жасағаны үшін жаннаттан түскенінде екеуі екі жаққа түскен болатын. Атамыз Адам (ғ.с.) күнәсінің кешірілуін тілеп Аллаһқа ұзақ жылдар зар еңіреп жылаумен болды. Аллаһ Тағала атамыздың тәубасын қабылдап, күнәсін кешірді. Бұл оқиға осы Арафатта болған еді.

Арафат – Меккеден 20 км қашықтықта орналасқан, жан-жағын тау қоршаған ойпат. Атамыз Адам (ғ.с.) күнәдан тазарып, Хауа Анамызға қосылып қуанышқа бөленіп, Аллаһтың оларға рахметін шашқан үшін жер бетінде екі рәкат намаз оқығандықтан, бұл бізге міндет болып қалған намаз. Осылайша Аллаһ ризалығы үшін Адам ата ұрпақтары оқитын жыл есебімен келетін намаз – осы құрбан айт намазы мен рамазан айт намазы. Бұл қос намаз – адамзат баласына Адамнан қалған (ғ.с.) нығмет намаз.

Сұрақ: Тәуаф деген не? Неге жеті рет айналамыз? Жеті рет тәуаф жасаудың құпия сыры неде?

Жауап: Тәуаф – қажылықтың негізгі бөлігінің бірі. Ол Қағбаны жеті рет айналатын дәстүр.

Тәуаф – арабтың «айналу» деген сөзі. Қасиетті Қағба аспандағы Бәйтул Мағмурдың дәл астында орналасқан. Құранда Аллаһ Тағала: «Бәйтул Мағмурдың атымен ант етемін», – (Тур сүресі, 4-аят) деген.

Бәйтул Мағмур – аспанның жетінші қабатында орналасқан Қағба сияқты үй. Ол аспандағы періштелердің құбылысы болып саналады. Оның қасиеті де жер бетіндегі Қағбаның қасиетіндей. Хадисте: «Бәйтул Мағмурды күніне жетпіс мың періште тәу етеді. Қияметке дейін олардың қайтадан тәу етуіне кезектері келмейді», – деген.

Адам Қағбаны әр айналған сайын Алланың сый-құрметіне бөленеді. Себебі, Аллаһ Тағала Бәйтул Мағмурде тәуаф жасаған періштелерін қалай құрметтесе қажыларды да солай құрметтейді.

Сұрақ: Шайтанға тас ату қандай мағынаны білдіреді?

Жауап: Шайтанға тас ату – күнәға тас ату, яғни күнәларымызды өзімізден аулақтау. Бұдан соң күнәға жоламау деген мағынаны білдіреді.

Сұрақ: Шайтан деген не? Ол нешеу? Құранда Ібілі неше жерде бар?

Жауап: Аллаһтан ұзақтасқан, оның әміріне қарсы келген азғырушыны Ібіліс немесе шайтан дейді. Ібіліс немесе әзәзіл (азғырушы) Құранда сексен тоғыз неше жерде бар. Шайтан үшеу. Үлкен шайтан (азғырушы) мылқау шайтан, сөйлеуші шайтан.

Мысалы «Рәмил-Жамаратта» үш түрлі шайтан бейнеленген. Олар: үлкен, ортаншы, кішкентай шайтандар. Онда келген қажылар әр шайтанға жетіден жиыны бір күнде жиырма жиырма бір тас лақтырады. Тас бармақтай немесе бұршақтың дәніндей ғана. Әр тасты лақтырған сайын «Аллаһу әкбар» деп тәкбір айтады.

Сұрақ: Жамаратта неге үш түрлі шайтан белгіленген?

Жауап: Себебі шайтандар да түрлі-түрлі болады. Бір шайтан үлкен, бір шайтан мылқау, сөйлеуші шайтан.

Сұрақ: Мылқау шайтан деген не? Сөйлеуші шайтан деген не?

Жауап: Ақиқатты сөйлемеуші пенде – мылқау шайтан немесе сақау шайтан іспеттес. Ал, жалғанды сөйлеуші пенде – сөйлеуші

шайтан. Себебі, өтірікші – Аллаһтың дұшпаны, адамзаттың жауы.

Құран – 22:30,61:2-3,16:116,49:11-12.

Сұрақ: Шайтан неден қашады?

Жауап: «Бисмиллаһтан» қашады. Оны айтпаған пендені шайтан басады. Оған дәлел Құранда (43:36): «Әлдекім рахманды немесе Аллаһты еске алудан, яғни зікірден көз жұмса, оған шайтанды ерікті қыламыз да сонда ол оның жолдасы болады – деген. Құран: 43:37-39.

Сұрақ: Періштелер неден қашады?

Жауап: Періштелер иттен, тас мүсіннен, мүсін бейнесіндегі суреттен, арақ пен темекіден, өсек-өтіріктен қашады.

Сұрақ: «Бисмиллаһтың» айтымайтын жері бар ма?

Жауап: Бар. Екі жерде. Сәлем бергенде, сәлем алғанда.

Сұрақ: Не үшін сәлем бергенде «бисмиллаһ» айтылмайды?

Жауап: Сәлем – Аллаһтың мұбарак 99 аятының бірі. Сәлем амандық Аллаһтан, Амандық – Аллаһтың бір аты. Аллаһ – ұлық.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Аллаһ Тағала сондай адамның жүзін нұрландырады. Менін сөзімді естігенше «артық-кем» қылмай ұғып басқаларға жеткізсе», – дейді. Екінші бір хадис-шарифінде: «Дін – насихат», – деген. Біз де Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жоғарыдағы хадисінде көрсетілген сүйіншісіне ие болу мақсатымен мұсылмандарға пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) осы хадистерін ұсындық.

Сұрақ: Біз кіммен бірге болуымыз керек? Шайтандық жолмен, онымен бірге тозаққа түсуге ризашылық білдіреміз бе, әлде Адам Атамыз (ғ.с.) секілді Аллаһ Тағалаға сеніп, тәуба етіп, одан жарылқау тілейміз бе?

Жауап: Әлбетте, «Біз бен сіздер Атамыз Адамның (ғ.с.) жолын ұстанамыз. Жер бетін тақуалық, адалдық, имандылықпен көркейтеміз. Және ешқашан шайтанның жолына түсіп бұзақылардан болмаймыз», – деп жауап берерсіздер деп сенемін.

Аллаһқа қиямет күні бізді жәннатқа кіргізіп Өзінің құлдарыңмен бірге ете гөр. Әмин!

Сұрақ: Құрбан деген не? Құрбандық деген не? Және айт дегеніміз не?

Жауап: Құрбан – араб сөзі. Қазақ тілінде «жақындық» деген

мағынаны білдіреді. Құрбан айтында бір Аллаһтың ризалығы үшін шалынатын мал құрбандық малы делінеді. Ал айт дегеніміз – араб тілінде «бид» қазақ тілінде «мейрам, мереке» баламаларына сәйкес келеді. Тағы бір мағынасы – «қайтып оралу». Бид, айт болып аталуы оның әр жылда қайталанып келуінен туындаған.

Сұрақ: Құрбандық малды жатқызып бауыздауға бола ма? Болмаса қалай бауыздалмақ?

Жауап: Жоқ болмайды. «Құрбандық жерге құламастан бұрын, оның қаны Аллаһ құзырындағы бір сый орынға барып түседі. Сондай-ақ Құрбанның алғашқы қан тамшысымен барлық күнәлары кешіріледі» деген Құрандағы (22:36) аят бойынша, құрбанға шалынатын малды әдеттегідей соятын малша жатқызып бауыздамайды.

Алдыңғы бір (сол) аяғын бүгіп тізерлеген күйде байлап ұстап отбасымен «Тәкбир-Ташрих» айтып, Аллаһ атымен бауыздау шексіз сауап.

Сұрақ: «Ташрик тәкбірін» айту дәстүрі қалай пайда болған?

Жауап: Ибраһим (ғ.с.) Исмайылды (ғ.с.) құрбандыққа шалар алдында пышақпен тамағын тартып жіберді. Сол сәтте алаһ Жәбірейіл періштеге «тез, пышақты аудар» деп бұйырды. Жәбірейіл (ғ.с.) аршыдан бір сәтте жетіп пышақты аударды. Ибраһим (ғ.с.) тағы қаттырақ тартып қалды. Пышақ бұл жолы да өтпей қойды. Сол сәтте Аллаһтың әмірімен Жәбірейіл (ғ.с.) жәннаттан бір қошқар түсіріп тәкбір айтты. «Аллаһу Әкбар, Аллаһу Әкбар».

Ибраһим (ғ.с.) «Лә илаһа иллалаһ» дегенде Исмайыл да (ғ.с.) «Аллаһу акбар, Аллаһу акбар уа лиллаһил Һамд» деді. Осылайша Арафа күні екінті намазынан бастап айттың төртінші күні екінті намазына дейін жалғасатын «Ташрих тәкбірін» айту дәстүрі қалыптасты.

Сұрақ: Құрбан шалу тәртібі қандай?

Жауап: Құрбандық иесі шын ниетімен «Иә, Аллаһ бұл құрбандықты менен Ибраһимнен (ғ.с.) қабыл алғандай қабыл алғайсың. Егер әмір етсең жолыңа өзімді де құрбан етер едім» деп дұға етеді. Сонан соң «Бисмиллаһ, Аллаһу Акбар» деп бауыздайды. Қалған адамдар жанында тұрады.

Сұрақ: Құрбан малдың қанын, сүйегін жерге көму дұрыс

па? Кейбіреулер көмілмесе обал болады дегені айтады. Сол рас па?

Жауап: «Құрбанға шалған малдың қанын, сүйегін жерге көмсін итке бермесін» деу қате пікір. Құрбанның қалдығы жәндіктерге берілуі керек. Хадисте: **Құрбан қаны Аллаһ құзырында бір сый орынға барып түседі**», – деген.

Сұрақ: Құрбан етін сақтап қоюға бола ма?

Жауап: Құрбан етіне өте мұқтаж адам бала-шағасы мен өзі үшін сақтап қою да дұрыс. Хадисте «мен сіздерді құрбандық етін сақтап қоюдан тиып едім, енді оны жендер де сақтап қойындар» деген.

Сұрақ: Құрбандық малын сойғанға ақы төлеуге бола ма?

Жауап: Хазірет Әлиге Нәбиіміз (с.ғ.с.) былай деген: «Құрбандыққа арналған малыңды өзің бауыздай алмайтын жағдайда басқа біреуге сойғыссаң ол адамға ақы берме», – деген.

Сұрақ: Адамның дәулеті бола тұрып, бірақ құрбан шалмаса, айт намазына баруына бола ма?

Жауап: Болмайды. Себебі хадисте: «Кімнің дәулеті болып құрбан шалмаса, ол біздің намаз оқитын жерімізге жақындамасын», – деген.

Сұрақ: Құрбандық малдың терісін не істеген жөн?

Жауап: Құрбан терісінің ақысы мешітке немесе тұрмысы төмен адамдарға беріледі. Хадисте: «Құрбандықтың терісін сатқан кісіні құрбандығы жоқ», – деп есептелінеді. Яғни, ол құрбандық етпеген кісі тәрізді.

Сұрақ: Садақаның сауабы қандай?

Жауап: Тірі кезінде берілген садақаға зор сауап бар. Өйткені, хадисте: «Бір адам тірі кезінде мешітке бір кілем берсе, сонын бір жібі қалғанша өзіне сауабы тиеді», – делінген.

Сұрақ: Құрбандыққа мал сою қай пайғамбардан қалған дәстүр?

Жауап: Хазіреті Ибраһим (ғ.с.) сүннетімен жеткен. Оның Исмайылды (ғ.с.) құрбандыққа шалуға ниеттенгендігінен қалған дәстүр.

Сұрақ: Ибраһим (ғ.с.) Хәлилуллаһ екендігін немен дәлелдеген?

Жауап: Бір риуаят бойынша Ибраһим (ғ.с.) пайғамбарда он

екі мың мал болған. Оларды бағатын мың иті бар екен. Дүниеге қызыққандарды қорлау үшін иттеріне алтыннан моншақ тағып қоятын болған. Жәбірейіл (ғ.с.) адам бейнесіне кіріп: «Мына мал кімдікі?» – деп сұрайды. Ибраһим (ғ.с.): «Раббымдікі, мен аманатшымын», – дейді. Жәбірейіл (ғ.с.): «Маған сатасың ба?» – дейді. Ибраһим (ғ.с.): «Раббымды бір рет зікір ет, үштен бірін, үш рет зікір ет бәрін берейін», – дейді.

Жәбірейіл (ғ.с.): «Суббухун қуддусун Раббуна уа Раббул мәләйкати уа рух» дейді. Ибраһим (ғ.с.): «Ал, бәрі сенікі, алып кет», – дейді. Жәбірейіл (ғ.с.): «Мен періштемін, ала алмаймын», – дейді. Ибраһим (ғ.с.): «Сен періште болсаң, мен Халилмін (Алланың досы, сүйіктісі). Бергенімді кері алмаймын», – дейді. Ақыры Ибраһим (ғ.с.) малын сатып жібереді. Кен бір жер алады. Оны мұсылмандардың пайдалануына сыйға береді. Осылайша жәрдем қоры Ибраһим (ғ.с.) кезінен басталады. Аллаһ ризалығы үшін бар байлығын бір сәтте пидә етіп, малынан да сынақтан өткен. Осылайша өзін «Шынайы дос» – Халиуллаһ екендігін дәлелдеген.

Сұрақ: Құрбандық қайткенде қабыл болып, қайткенде қабыл болмайды?

Жауап: Айт намазынан бұрын шалынған құрбан, Арафада сойылған мал, аруаққа бағышталған мал, өлік үшін арналған мал, Аллаһтың аты айтылмай шалынған мал құрбандыққа жатпайды. Құрбандыққа айт намазы оқылып, Аллаһ ризалығы үшін шалынған мал, инша Аллаһ, қабыл болмақ.

Сұрақ: Құрбандық шалу Құранда қандай аяттармен уәжіп болған?

Жауап: Құранның (22:36-37; 108:1-3) аяттарында Құрбандыққа байланысты ірі дүниелер айтылған.

Сұрақ: Құрбандық үшін ақша берсе, ол құрбандық орнына жүре ме?

Жауап: Аллаһқа жақындық үшін, құрбан айт күндері Аллаһ жолында қан шығару (құрбандық шалу) ең абзал амал. Шалынған малдың Қияметте мүйіз, жүн және тұяқтарымен (куәлікке) келуінде күмән жоқ. Айша анамыздан (р.а.) имам Тирмизи риуаят еткен хадисте: «Құрбандық жерге құламастан бұрын оның қаны Аллаһтың бір сый орнында болып, қан тамшысымен құрбан шалушының барлық күнәсі кешіріледі», – делінген.

Олай болса, құрбандықты шын көңіліңізбен шалыңыздар. Сондықтан Аллаһ жаратқан малдың қаны болмаса, адам жасаған теңге, доллар құрбандыққа жарамайды.

Сұрақ: Айт намазын оқығаннан кейін, кейбіреу үйге бармай, бейіт басына барады. Осы дұрыс па? Тіпті кейбір мешіт оларға көлік дайындап қояды, бұл жөнінде не айтасыздар?

Жауап: Намаздан кейін бейіт басына бару мүлде дұрыс емес. Хадисте: «Құрбан айт күні мұсылманның әуелгі міндеті айт намазын оқу, одан үйлеріне қайтып, құрбан шалу. Кім осыны жасаса біздің сүннетімізге сай жол тапқан болады», – делінген. (Әл-Бухари). Олай болса, бұл хадиспен амал етпеген кісі Пайғамбардың (с.ғ.с.) жолымен жүрмей, оны бұзған болып табылады. Яғни, бұл балиғатқа жатады.

Сұрақ: Қандай ғибадатпен шұғылданған адамның жүрегі өлмейді?

Жауап: Айт күндері түндерін дұғамен немесе құлшылық етумен өткізу, құран оқу, түнде «Таһажут» намазын оқып, Аллаһты зікір еткен құлдың жүрегі өлмейді. Бұған қатысты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «рамазан және құрбан айт түндерінің сауабынан үміттеніп, ғибадатпен өткізген кісінің жүрегі өзге жүректер өлген күні өлмейді», – деген (Ат-Табарани).

Сұрақ: Құрбандыққа жылқы, тауық шалуға бола ма? Болмаса оның себебі не?

Жауап: Жылқы малы тұяғынан от шығаратын, жауға шабатын жануар болғандықтан құрбандыққа шалынбайды. Құран: (100:1-5).

Тауық та құрбандыққа шалынбайды. Ибраһимнің (ғ.с.) сұрауы бойынша тауық, тауыс, кептер, қарға секілді құстар өліп (сойылып), Аллаһтың әмірімен қайта тірілгендіктен құрбанға жарамайды.

ӘЙЕЛ ЗАТЫНА БАЙЛАНЫСТЫ

Сұрақ: Қосылудың жолын білмегендіктен алғашқы түні кейбіреулердің қысылу мүмкін. Оларға қандай ақыл қосасыз?

Жауап: Жас-жұбайларға туған-туыстары бұл мәселені түсіндіргені жөн. Яғни, ағасы немесе нағашысы сияқты туыстарының бірі жігітпен оңаша сөйлесіп, оған ақырындап әдеппен түсіндіреді. Сол сияқты қызға да, әпкесі немесе жеңгесі сияқты туыстарының бірі бұл мәселені түсіндіреді.

Сұрақ: Кейбір елдерде «қыздық қанын» көрсету әдеті бар. Бұл шарият жағынан дұрыс па?

Жауап: Жок, бұл жақсы әдеттерге жатпайды.

Сұрақ: Аптасына қанша рет қосылған дұрыс?

Жауап: Бұл екі жақтың қалауына байланысты орындалатын іс болғандықтан, әркімнің өз еркінде.

Сұрақ: Күйеуін қызықтыру үшін әшекейлену; жұқа, қысқа киімдер кию; түрлі сөздер мен істер арқылы оны өзіне сұқтандыру діндар әйелге лайық па?

Жауап: Әлбетте, лайық. Өйткені, діндар әйел өзін де, күйеуін де таза сақтауы керек. Осылай жасайтын әйел – жәннатқа лайықты игі әйел екені анық. Құранда:

«Оларды ер көрмеген қыздар етіп жаратамыз. Күйеуін сүйгіш құрдас болады. Бұл айтылғандар оңшылдар үшін болады» (Уақиға, 36-38).

«Күйеуін сүйгіш» дегені күйеуін сүйетін әрі өзін де сүйікті ете алған әйел.

Сұрақ: Егер еркек бір әйелмен зина жасағанымен кейін оған үйленсе, істегендеріне кешірім бола ма?

Жауап: Жок, бұл олардың істеген істеріне кешірім болмайды. Олар үйленсе де, үйленбесе де Алла Тағалаға шынайы тәуба қылулары керек. Ал, үйленулерінде, харамнан құтылуда сауап бар.

Сұрақ: Әйел шаршап немесе қолы босамай тұрған кездерінде күйеуінің қосылуға деген ынтасын қайтаруына бола ма?

Жауап: Жок, қандай жағдай болмасын, ерінің ынтасын қайтару дұрыс емес. Пайғамбарымыз: «Ері қалап шақырғанда,

әйелі тандыр басында болса да, келсін», – деген.

Яғни, өзге шаруаға қарағанда әйелдің күйеуімен болғаны маңыздырақ. Сондықтан шаршап тұрғанына қарамай шамашарқы жеткенше күйеуінің көңілін аулауға тырысқаны жөн.

Сұрақ: Етеккірі келген немесе босанған әйел күйеуінен сақтану үшін төсекті бөлек салғаны дұрыс па?

Жауап: Жоқ, дұрыс емес. Өйткені, бұл кезде еркек әйелімен жыныстық қатынасқа бармай, аймалауға ғана хақы бар. Сондықтан, әйел күйеуінінен қашса күнәар болады.

Сұрақ: Қай кезде еркектің әйелімен бір төсекте жатпауына болады?

Жауап: Егер әйел ерегісіп күйеуіне бағынбаса және еркектің өз тірлігі шариятқа қайшы болмаса, бірге жатпауына болады. Бірақ, әйеліне ашуланып яки жақтырмағандықтан жар төсегінен жеру дұрыс емес. Яғни, жақсы қатынас жасауға бұйырған шарият үкіміне қайшы.

Сұрақ: Егер еркек, етеккірі келген немесе босанған әйелімен қосылып қойса, бұған кәффарат-кешірім бар ма?

Жауап: Ғұламалардың ортақ пікірі бойынша: мұндай әйелмен қосылу күнәға жатады. Сондықтан, осылай жасаған еркек Аллаһ Тағалаға шынайы тәуба қылау керек.

Ал, кәффарат және оның мөлшері жөнінде «тәуба етсе жетеді» десе, кейбірлері «тәуба қылып, кәффарат беруі керек» дейді. Мөлшері жайында да бірі: «Бір динар» десе, екіншілері «бір жарым динар» дегенді айтады. Сондықтан мұндай адам алдымен тәубасына келіп, садақа бергені жөн.

Сұрақ: Құмарлықтарын қоздыру үшін, ерлі-зайыптылар жыныстық қатынас жайындағы фильмдерді көрулеріне бола ма?

Жауап: Жоқ, болмайды. Мұндай фильмдер үлкен бұзықтықты, харам болған орындарға қарауды, еркек пен әйел арасында құпия сақталатын істерді жария ететіндіктен харам етілген. Оны бейне немесе елес деп рұқсат ету шындыққа қайшы. Өйткені, көзге көрініп тұрған нәрсе елес те, сурет те емес.

Сұрақ: Еркек ойнау кезінде әйелінің емшегін еміп, ішіне біраз сүт кетсе, бұл күнә бола ма?

Жауап: Оның ешқандай харамдығы жоқ. Бірақ, әйелдің сүтін ему туралы ғұламалар арасында талас болғандықтан, бұл істен сақтанған абзал.

Сұрақ: Толғақ үстінде өлген әйелге, ақыретте шейіттің мәртебесі беріледі» деген сөз бар. Осы рас па?

Жауап: Иә, бұл рас. Бұл ғұламалар айтқандай, Аллаһ Тағаланың мархабатымен болатын іс.

Сұрақ: Ананың өміріне қауіп төнсе, баланы ана қарнынан бөлшектеп немесе өлі күйінде шығарудан басқа жол қалмаса, не істеген жөн?

Жауап: Егер шын мәнінде қауіп төніп тұрса, онда ананың өмірін құтқарып қалу, міндет болып табылады.

Сұрақ: Егер дәрігерлер іштегі баланың мертліккенін яки мүгедек екенін анықтаса, баланы алдырып тастауға бола ма?

Жауап: Жоқ, болмайды. Сау балаға қалай көңіл аударылса, оған да солай көңіл аударылуы керек. Ал, істі Аллаһ Тағалаға қалдыру керек.

Сұрақ: Қыз балаға қарағанда, ұлдың туылуына ата-анасының ерекше қуанатыны рас. Бұл күнә емес пе?

Жауап: Күнә емес. Өйткені, перзенттің туылуына қуану адам табиғатында бар нәрсе. Мысалы: бірінші баланың дүниеге келуіндегі қуаныш, екінші баланың дүниеге келуіндегі қарағанда, тіпті екеуі де ұл болуына қарамай, көбірек болады. Ерлі-зайыптылар бірінші перзенттерінің ұл болуын үміттеніп күтеді. Бұнда тұрған ештеңе жоқ. Аллаһ Тағала не берсе де бергеніне риза болу керек. Қыз туғанына ашуларынп, жеккөру дұрыс емес.

Сұрақ: Жас-жұбайлардың тойында тұңғыш перзенттерінің ұл болуын тілеп жатады. Осы дұрыс па?

Жауап: Бұл тілекте тұрған ештеңе жоқ. Брақ, игі перзет тілеп, дұға еткен абзал.

Сұрақ: Егер бір адам баласына арнап ақиқа соймай, бірталай уақыт өтіп кеткеннен кейін сойса бола ма?

Жауап: Иә, кейбір ғұламалардың айтуы бойынша болады.

Сұрақ: Егер жүкті әйел, әйел дәрігер бар бола тұра, еркек дәрігерге барып қаралса, күнаһар бола ма?

Жауап: Иә, күнаһар болады. Өйткені, зәру жағдайдан басқа уақытта өзін бөгде еркекке ашып көрсету – харам.

Сұрақ: Жалпы медицина саласында әйел мамандардың саны аз. Барларының өзі жеткіліксіз. Бұған қандай шепім қолдануға болады?

Жауап: Өте орынды сұрақ. Еркек пен әйел дәрігерлердің саны тең болуы үшін, жоғары білімді дәрігерлер даярлайтын оқу орындарына қыз балаларды көптеп тарту керек. Сонда еркектерге, еркек дәрігерлер, әйелдерге, әйел дәрігерлер қараған болар еді. Бұл үкімет құзырындағы іс. Қорыта айтқанда, әйел адам амалсыз жағдайда ғана еркек дәрігерге көрінуі керек.

Сұрақ: Ерлі-зайыптылар өздерінің бір емшектен емген туыс екенін үйленгеннен кейін білсе, не істегендері жөн? Балаларының үкімі қандай болады?

Жауап: Дерее ажырасу керек. Ал балалары заңды болып есептеледі. Оның тегі дұрыс деп табылады. Білмей тұрып, араларында болған қатынас үшін ерлі-зайыптыға күнә болмайды.

Сұрақ: Егер бір адам бір ерлі-зайыптылардың бір емшектен емгендігін білсе, оларға бұл айтуға міндетті ме?

Жауап: Иә, бұл ол адамға міндет. Хабар бергеннен кейінгі жауапкершілік ерлі-зайыптының үстінде болады.

Сұрақ: Қамқоршының қамқорлығы үшін немесе емізушінің емізгені үшін ақы алуына бола ма?

Жауап: Иә, ана ажырасып кеткен болса, алуына болады. Ал, ерлі-зайыпты болса, алуына болмайды.

Сұрақ: Еркектің дәрежесінің жоғары бағалануы – әйелдің хақтарының аяқасты етілгені емес пе?

Жауап: Жоқ, керісінше. Әйел адамның әкесіне, күйеуіне қарсы шығып, бағынбауы әйелге де, қоғамға да, зиянын тигізіп, үлкен бұзықтыққа себеп болып отыр. Әйел адам әкесі немесе күйеуінің қамқорында болуы хақына нұқсан келтірмейді. Өйткені, халықтың билік басындағыларға бағынғанынан хақтары аяқасты болып жатқан жоқ қой.

Сұрақ: Тамақты дұрыс жасамаған сияқты жағдайларда, ерінің әйелін ұруына бола ма?

Жауап: Жоқ, болмайды. Керісінше, әйеліне ақыл беріп, көмектесуі керек.

Сұрақ: Күйеуінің хақтарына мән бермей, ораза, намаз, зікір сияқты ғибадаттармен көп шұғылданатын әйелдің тірлігі дұрыс па?

Жауап: Жоқ, әйелдің бұл тірлігі қате. Әйел парыз

ғибадаттардан басқа кезде күйеуінің хақтарын орындауға бұйырылған. Сондықтан күйеуінің рұқсатымен ғана нәпіл ораза ұстауы керек. Қысқасы, әйел күйеуінің хақтарын орындауға міндетті. Бұл да ғибадат әрі оған сауап болады.

Сұрақ: Егер күйеуі әйелінің сыртта да, ашық киінуін, ашық-шашық жүруін талап етсе, әйел оған бағынуы керек пе? Егер күйеуі «онда сенімен ажырасамын» деп қорқытса ше?

Жауап: Әйелдің оған бағынуы мүмкін емес. Өйткені, «Жаратушыға күнәһар болатын істе, жаратылғанға бағынбайды». Күйеуінің талақпен қорқытуы, әйелді күнәдан, жауапкершіліктен құтылдыра алмайды. Егер ол бұны істесе, өзі де, күйеуі де күнәһар болады. Бәлкім, күйеуінің күнәсі үлкенірек болар. Ал, егер жабынып жүруді ұсқынсыз, дұрыс емес деп білсе, онда ол діндегі амал қылынып жатқан шарият үкіміне қарсы шыққаны үшін күнәһар болады. Әйелдің бұндай еркекпен өмір сүре беруі мүмкін емес. Онымен ажырасуы керек.

Сұрақ: Еркектің әйелдің жұмыс істеуіне тыйым салуына хақы бар ма?

Жауап: Иә, хақы бар. Біздің айтарымыз, әйелдің жұмыс істеуінің зияны пайдасынан көбірек. Отбасын қорғауға ынталы адам, күнкөріс қиындығына шыдайды, өзін де, әйелін де, қатерге тікпейді.

Сұрақ: Әйелінің немесе қызының харам іс істеп жатқанын көріп, қайтармай, үндемеген еркектің үкімі қандай?

Жауап: Бұндай еркек – намысы, құрметі жоқ «дайюс». («Дайюс» – төгіліп жатқан намысына үндемей, қызғанбай қарап тұра беретін адам. (Қазақтың дәйіс дегені осы). Ондайлар біздің заманымызда өте көп. Аллаһ Тағаланың Өзі жәрдем берсін!)

Сұрақ: Көптеген елдерде ерлер мен әйелдердің қол алысып амандасулары әдет ретінде қалыптасқан. Тіпті қол алысып амандаспаған адам кемсітілетін дәрежеге жеткен. Мұсылман ер мен мұсылман әйелдің бұл жағдайдан қалай шығуына болады?

Жауап: Мұсылмандар ерлер мен әйелдердің қол алысып амандасу әдетін, қалай кірген болса, солай ақырындап жоюлары тиіс. Өйткені, бұл әдет біртін-біртін енген болатын. Бұл әдетті енгізгендер алғашқыда қиындықтарға тап болған. Бұзушылардың

мұсылмандардан гөрі мақсаттары жоғары болмауы тиіс. Ал адамдардың сөздеріне келер болсақ, шынайы мұсылманға бұндай сөз еш әсер етпеуі керек.

Сұрақ: Ер мен әйелдің жеделсатыда (лифт) немесе көлікте, тіпті көшеде болса да, оңаша қалулары – харамға жата ма?

Жауап: Иә, бұл харам болған оңаша қалуға жатады. Сондықтан бұдан сақтану керек.

Сұрақ: Әйел адамның үйінен сыртта жұмыс істеуінің үкімі не?

Жауап: Осы бөлімнің бесінші пунктінде айтқанымыздай, әйел адамның сыртта жұмыс істеуінің көп қатері бар. Бірақ, сыртта жұмыс істеп жүрген барша әйелдерді игі емес деуден аулақпыз. Дегенмен, кесімді айтар сөзіміз: әйел адамның сыртта жұмыс істемеуінде есендік бар.

Сұрақ: Кейбір фирмалар мен ұйымдар жұмысшы әйелдермен жұмыс кезінде қысқа киім киюлерін шарттасады. Бұл мүмкін бе?

Жауап: Жоқ, мүмкін емес. Бұл әйелдің сыртта жұмыс істеуінде қатер бар екені туралы ескертулерді қуаттайды.

Сұрақ: Әйел адамның күн көруі үшін, күнәсі жоқ қандай жұмыстарды жасауына болады?

Жауап: Әйел адамның үйде отырып жасауына болатын көптеген жұмыстар бар: Тігіншілік, әсемдеуші, әйелдер дәрігері, кіндік шеше сияқты басқа да жұмыстарды үйде отырып жасай алады. Яғни, ризық есіктері көп, Аллаһ, Өзі – ризық беруші. Егер әйелге өз күнінді өзін көр делінсе, ол өз намысы мен құрметін қорғап, жұмыс істеп, күн көре алады. Бірақ, бұзушылар оны сыртта жұмыс жасауға бағыттады. Оны шұғылдандыру үшін емес, онымен өздері шұғылданулары және оның әйелдігін саудаға салулары үшін.

Сұрақ: Еркек пен әйел бір-бірімен сауда-саттық жасауына бола ма?

Жауап: Иә, әйел мен еркектің бір-бірімен сауда жасауына рұқсат етілген. Бірақ бұл іс сақтықпен жасалғаны жөн.

Сұрақ: Жылқыдан зекет беріле ме?

Жауап: Әбу Ханифа және оның шәкірті Зуфардың айтуы

бойынша: «Жылдың көбінде қырда, жайылымда көбейту мақсатымен бағылған жылқылардан, сондай-ақ, сату үшін қолда ұсталған жылқы малынан да зекет алынады. Ондайда жылқылардың жалпы құны есептелінеді. Нисап мөлшеріне (85 г. алтын құнына) жеткен жағдайда, құнының қырықтан бірі зекет ретінде беріледі» деген.

Жылқыдан зекет алу жөнінде Әби Ғубайда ибн Жаррахтың жеткізгені дәлел болып саналады. Онда: «Омардың (р.а.) халифалық кезінде Шам қаласынан біраз мұсылмандар Әбу Ғубайда ибн Жаррахқа (р.а.) келіп жылқыларынан зекет алуын сұрайды. Осыны естіген Әбу Ғубайда ибн Жаррах (р.а.) Халифа Омардан жылқыдан зекеттің беріліп-берілмеуі жөнінде жазбаша түрде жауап беруін өтінеді. Хатты алған Омар (р.а.); «Кімде-кім жылқыдан зекет беруді қаласа, зекетін алыңдар да оны кедей-кепшіктерге таратып беріңдер» деп жауап қатады.

Ал пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Мұсылманның құлынан және жылқысынан зекет алынбайды» деген хадисіне келер болсақ, алғашқы кезде Мәдина қаласының маңында жылқылар түйелердей көп емес еді. Жылқыларды соғысқа пайдаланғаны үшін де одан зекет берілмеген.

Әйтсе де пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бен Әбубәкір (р.а.) кезеңінде жылқыдан зекет берілмегенімен, Омардың (р.а.) уақытында зекет беруге рұқсат етілген. Себебі ел жылқыны арнайы өсіріп, оны сату үшін базарға шығара бастаған еді.

Сұрақ: Аяғымызды құбылаға қаратып жатсақ бола ма?

Жауап: Бұл жайлы нақты тыйым жоқ. Алайда ғұламалардың кейбірі құбылаға аяқ созбауды әдептілің қатарына жатқызған. Ал пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жатарда оң жағымен, жүзін құбылаға қаратып, қолын басына қойып жататын.

Сұрақ: Етеккір кезінде зікір істеуге, Алланы еске алу, шахадат сөзін айтуға бола ма?

Жауап: Дініміз етеккір болған әйелдердің намаз оқуына, Құран оқуына және ораза ұстауына тыйым салғанымен тасбих тартып, дұға оқуына шектеу қоймаған. Сонымен қатар етеккір болған әйелдердің Құныт дұғасы секілді түрлі дұғаларды оқуына, пайғамбарымызға салауат айтуына әбден болады.

Сұрақ: Исламда әйел затының шалбар киюі күнаға жата ма?

Жауап: Қай тұрғыдан қарасаңыз да, киінудің өзіндік үкімі болады. Бүгінгі таңда ерлер мен әйелдердің киім кию үлгісінде айырмашылық азайып бара жатқан сияқты. Біріншіден, әйел адамның киімі дініміздің бұйрығы бойынша жұртқа жария қылып көрсетуге тыйым салынған әурет жерлерін жауып жүруі және ер адамның киімдерінен өзгешелеу болуы маңызды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) осыны ескерткен. Ер адамның әйелше киінуі мен әйелдің киімдерін ер адамға ұқсатып киінуінен басталған хадистің соңы лағнет дұғасына барып тіреледі.

Әйел заты осы хадисті ескеріп, алдымен дініміз әмір еткен жерлерін жабуға, одан соң, киімдерін ер адамға ұқсатпай, өз қасиеттерін сақтауға тырысуы тиіс. Қоғамда шарияттың осы заңы қолға алынса, оның екі дүниеде пайдасы мол болар еді. Өйткені күн өткен сайын ер мен әйел кісіні сыртқы киіміне қарай ажырату қиындап бара жатыр. Тіпті кейбір киім үлгілерін ер адамға немесе әйелге тән деп бөліп көрсете алмайтын жағдайға келдік.

Сонымен қатар, әйелдер киіп жүрген етекті ұзын көйлек нәзік жаңыларға ғана тән киім емес. Себебі Арабияда мұндай көйлекті ерлер де кие береді. Осы секілді шалбар кию де ерлерге ғана тән емес. Әйелдер де киюіне болады. Бірақ қатты тар болмауы әрі жоғарғы жағына бүйірі мен бөксесін жауып тұратындай етіп ұзынша кофта киюі керек. Олар болса шалбар еркектің киімі ме, әлде әйел киімдеріне жатады ма деген сұрақтың жауабын ең алдымен, шалбардың тарлығы мен кеңдігін немесе оның дініміз бұйырған әурет жерлерді жауып тұруын қозғаудан бастаған дұрыс. Іштен дене бітімін білдіріп тұрмайтындай бүйірі мен бөксесін жауып тұратын кең шалбар киілген болса, онда оны ер киімі деп түсінбеуіміз керек. Өйткені ол киім әурет орындарды толықтай жауып тұрады.

Сұрақ: Үзілген тасбихты қайта жалғап тартуға болмайды деген сөз дұрыс па?

Жауап: Үзілген тасбихты қайта жалғап тартуға болмайды, деген сөздің еш негізі жоқ. Өйткені, тасбих Алланы ұлықтағанда, зікір еткенде жаңылып қалмас үшін қолданылатын құрал. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Алланы ұлықтап, зікір еткенде санынан жаңылмас үшін саусақтарын қолданғаны хадистерде айтылады. Сондықтан, үзілген тасбихты қайта жалғап пайдаланудың ешқандай құлшылыққа тигізер зияны жоқ.

Сұрақ: Ер адам кейде талақты ойлап, әзілдеп айтып қоюы мүмкін. Бұнымен талақ түсе ме?

Жауап: Иә, кесімді айтуымен түскендей, әзілдеп айтумен де түседі.

Сұрақ: Ері әйелін талақ ету үшін, мәрге бергенінен гөрі көбірек алуына бола ма?

Жауап: Иә, егер әйел өз еркімен берсе, болады. Ал, егер ризалықпен бермеген болса, ол харам. Ері харамды жеген болып табылады.

Сұрақ: Талақ етілген әйелдің қандай хақтары бар?

Жауап: Мүлдем ажырасумен талақ етілген әйелдің қалған мәйірін және идда да отырған кезіндегі нәпақасын алуына хақы бар.

Сұрақ: Күйеуі қайтыс болған себепті иддада отырған әйелдің міндеттері қандай?

Жауап: Ол әйел үйінде отырады; қажетсіз шықпайды; әсемденіп, иіссу себінбейді. Күйеуінен көз жазып қалғанына қайғырғандығы көрініп тұруы керек.

Сұрақ: Иддада отырған әйелге, күйеуінің үйінен кетуге бола ма?

Жауап: Жоқ, болмайды. Талақтан идда сақтау мерзімінде отырған әйел күйеуінің үйінде отыруы керек. Қажетсіз басқа үйге кетпейді. Талақ етілген әйелдер жөнінде Алла Тағала былай деген: «...Оларды үйлерінен қуып шығармандар және олар өздері де шығып кетпесін. Бірақ олар ашық бір арсыздық істесе, ол басқа...». (Талақ,1).

Сұрақ: Егер бір адам надандығы себепті айтып жатқан сөзінің нәтижесін білмеген күйде әйелін талақ етіп қойса, талақ түсе ме?

Жауап: Иә, түседі. Білмегендігі араша бола алмайды. Алайда, дінге жаңадан кірген, әлі діндегі мәселелерді үйренетіндей уақыт отпеген болса немесе адамдардан алыс жерде өскен болса ғана талақ түспейді. Ал, бұл жағдайлардан басқа жағдайларда адам надандығына жауап береді. Өйткені, білім алу барша мұсылманға парыз.

Сұрақ: Тырнақ алу, қолтық түктерін тазалау сияқты істердің белгіленген уақыты бар ма?

Жауап: Бұлардың арнайы белгіленген уақыты жоқ. Бәлкім,

бұл қажеттілікке, өскеніне қарап жасалынады. Сондықтан мұсылманның апта сайын өзін тексеріп, қадағалап жүруі жақсы амал. Ал қырық күннен артық алмау мәкруһ. Өйткені, Муслим Анас ибн Маликтен жеткізген: Ол: «Бізге мұрт қысқарту, тырнақ алу, қолтық түгін жұлу, кіндік астын қыру істерінде қырық күннен артық тастап қоймауымыз мерзім етілді», – деген.

Сұрақ: Түктерді тазалауда қыру немесе жұлудың орнына, қандай да бір дәрі немесе зат қолдануға бола ма?

Жауап: Иә, болады.

Сұрақ: Әйелдердің тырнақтарындағы бояу, таһараты бар кезінде жасалынса, бұл, таһарат пен намаздың дұрыс болмауына бөгет бола ма?

Жауап: Иә, бұл бояу – егер оны таһараты бар кезде жасаған болса да, таһараттың да, ғұсылдың да дұрыс болуына бөгет болады. Өйткені, бұл таһарат пен ғұсылда жуылуы уәжіб-міндет болған тырнаққа су тигізбейді. Бұл бояу үстінен сипай салатын мәсі немесе таңу емес.

Сұрақ: Әйелдің бөгде кісілер алдында өз шашын жасанды шашпен жабуына бола ма?

Жауап: Жоқ болмайды.

Сұрақ: Кейбір адамдар мұртының ұзындығымен мақтанады және бұны «еркектік» деп біледі. Осы дұрыс па?

Жауап: Жоқ, айтып өткеніміздей, шарият бойынша бұл дұрыс емес. Бұл еркектік те емес. Бәлкім, бұл белең алған надандық. Ал, нағыз еркектік түктерге байланысты болса, онда ол түктің кетуімен бітеді. Бұл нендей жаман еркектік еді...

Сұрақ: Көптеген әйелдер қастарын жұлады немесе қырып тастап қаламмен қалаулары бойынша қас сызады. Бұл мүмкін бе?

Жауап: Жоқ, бұл мүмкін емес. Қасын жұлған және басқаның қасын жұлып берген әйел лағнеттелген. Өйткені, бұл Алла Тағаланың жаратқанын өзгертеді.

Сұрақ: Мен жақында ұлымды сүндетке отырғызып той жасадым. Ағайыныммен айтысып жүріп арақсыз өткіздім және барынша қызықты етуге тырыстым. Бірақ ән айтылып, би биленді. Мен өзімше мұның өзін жеңіс деп есептедім. Дей тұрғанмен, кейбір намазхан кісілер: бұл –

харам, – деп кетіп қалды. Сонда мұсылманның тойы қалай болуы керек?

Жауап: Шарифат бойынша қандай той болса да музыка аспаптарын ойнату дұрыс емес. Той туралы Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Тойдың ең жаманы байларды ғана шақырып, кедейлерді қалдырып кету», – деген. Яғни, той жасаушы адамдарды алаламауы керек.

Сұрақ: Біздің арамызда «намазды қалай оқыған дұрыс?», – деген сұрақ төңірегінде жиі сөз болады. Неге төрт мәзһаб төрт түрлі оқиды? Қайсысы дұрыс? Біреу: Әбу Ханифаның айтқаны дұрыс, – десе, енді бірі: ең дұрысы мәдиналықтардыкі, себебі Әбу Ханифа Куфада тұрған, ал мәдиналықтарға пайғамбардың өзі үйреткен, алғашқы мешіт те Мәдинада салынған, содан бері онда бір рет намаз оқылмай қалған емес және ешкім өзінше жаңалық қосқан емес, барлық атақты сахабалар, әділетті халифалар Пайғамбарымызға ұйыды. Олардың ұрпақтары да солай оқып келеді. Ендеше ең дұрысы солардың намаз оқуы, – дейді. Мен бір мәзһабта болудың маңызын түсінемін, дегенмен олардың сөзінде қисын бар сияқты. Ал біздің имамдар оларды уахабилер деп түсіндіреді. Осыған тарихи деректермен нақты дәлел берсеңіздер екен.

Жауап: Исламдағы төрт мәзһабтың төртеуі де дұрыс. Яғни осы төрт мәзһабтың иелері өз заманында қасиетті Құран Кәрім мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннетіне сүйеніп үкім шығарған. Барлығының мақсаты, ел құлшылықта дұрыс әрі біркелкі болуы. Ал, біздің еліміз, ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан, халықтың бойына сіңген имам Ағзам Әбу Ханифа мәзһабын басшылыққа алады.

Сұрақ: Зәкәрия Жандарбек деген азамат біраздан бері Діни басқарманы уахабилік бағыт ұстанған деп айтып жүр. Біз осыған қатысты діни басқарманың келелі жауабын естімей келеміз. Егер оның айтқаны теріс болса, неге қатесін мойнына қоймайсыздар?

Жауап: Діннен мүлдем хабары жоқ адамдар көп нәрсенің парқына бармай, Діни басқармаға сын таққысы келеді. ҚМДБ-ның ұстанған бағыты Әбу Ханифа мәзһабы. Көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар ақ-қарасын ажыратып мұны айқын түсінеді.

Сұрақ: Кәрілік пе, әлде ұмытшақтық па, білмеймін, соңғы кездері кейде намаздан жаңылып қалатын болып жүрмін. Жаңылғанымды байқасам, намаздың аяғында сәу сәждесін жасаймын да, қайтадан «Әттахияттан» бастап оқып, екі жаққа сәлем беріп, намазды аяқтаймын. Өзінше көп білемін деген бір азамат: Мұныңыз дұрыс емес, жаңылыссаңыз «Әттахиятты» оқудың қажеті жоқ, екі жаққа сәлем берсеңіз жетеді және сәу сәждесінің екі-үш түрі бар, – дейді. Сонда мұның дұрысы қайсы және басқа қандай түрі бар?

Жауап: Намаздың уәжіптерін ұмытып тастап кетсеңіз немесе артығымен не кемітіп оқысаңыз «Әттахиятты» оқып болғаннан кейін екі жаққа сәлем беріп, екі сәжде жасап, қайта әттахиятты оқып, салауатпен намазды аяқтайсыз. Ал, намазда қашан рәкат екенін жаңылысқан жағдайда, қанша рәкат күмәніңіздің, яғни «толық болды ма, әлде толық болмады ма?», – дегеніңіздің азын аласыз. Сөйтіп намазыңыздың соңы деп білген рәкатта отырып, «Әттахиятты» оқып болғаннан кейін кем болды-ау деген рәкаттарды қосып оқып, толықтырасыз. Бұл жағдайларда да сәу сәждесін жасау уәжіп, сәу Сәждесінің басқа түрі жоқ.

Сұрақ: Мен ауылда тұрамын, жаңадан үйлендім. Ауылдың жағдайы белгілі, қаладағыдай қызып тұрған батарея, ыстық су жоқ. Дегенмен таңға жуық үйді жылытып, ғұсыл аламыз. Бір оқыған жігіт осынымды дұрыс емес дейді. Біз әйеліміз екеуміз қатты күйзеліп, қиналып қалдық. Ол: «әйеліңмен түнде үш-төрт рет қосылып, таңға жуық ғұсыл алғандарың дұрыс емес, әр қосылған сайын ғұсыл алу керек», – дейді. Содан бері тиылып қалдық. Өйткені түнде біраздан кейін үй суып кетеді. Қайта-қайта суға түсеміз деп ауырып қалған кездеріміз де болды. Оның үстіне қайта-қайта от жағу отынның соры. Әйелім түнімен қорадан көң тасып от жағатын жағдайым жоқ деп жанына жуытпайтын болды. Бұл біз сияқты суық жақта тұратын жағдайы жоқ мұсылмандар үшін қиыншылық деп білемін. Мұның қайсысы дұрыс, оңай жолы жоқ па?

Жауап: Жас жұбайлар жыныстық жақындастықтан кейін, бір нәрсе ішіп-жегісі немесе бір уақытқа дейін тыныққысы, не

ұйықтағысы келсе, екеуі де жыныстық мүшелерін жуып, дәрет алады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) осындай жағдайға байланысты: «Жыныстық мүшенді жу да, дәрет ал. Сосын ұйықта», – деген. Тағы бір хадисінде. «Сіздердің біреуіңіз әйелімен жаныстық қатынастан кейін, тағы жақындасқысы келсе, екеуінің арасында дәрет алсын», – деген. Сондықтан қайта-қайта ғұсыл алмай-ақ дәрет алсаңыз жеткілікті. Бірақ бұларды намаз уақытын өткізіп алмай шартымен жасау керек.

Сұрақ: Мен намазға жасым келіп қалған уақытта жығылдым. Тілім келмей қиналамын. Бес-алты сүрені зорға жаттадым. Үтір намазындағы құнт дұғасын әлі күнге дейін жаттай алмай жүрмін. Құнт дұғасының орнына басқа бір білетін сүрені оқысам бола ма?

Жауап: Имам Ағзам Әбу Ханифа мәзһабы ғұламалары көрсеткен «Құнт» дұғасын жаттап оқыған абзал. Дегенмен, дұға болғандықтан, жаттап алғанға дейін білген дұғаныңды оқуыңызға болады.

Сұрақ: Біз әр нәрсені Алла Тағала шебер ойластырып жасаған дейміз. Адамды да солай жасаған. Сөйте тұра балаларды сүндетке отырғызамыз. Неге? Мұнда қандай философия бар? Бұл Аллаһтың жасағанын өзгертуге талпыну емес пе? Мұны Ибраһим пайғамбардан қалған сүннет дейді, ол кісі пайғамбар болса да Аллаһтың жасағанын өзгертуге қандай құқысы бар? Егер бұл балалар ауруға ұшырамау үшін жасалған десек, Аллаһ оны білмеген деген ұғым тумай ма? Астағфирулла! Осының сенім тұрғысынан және ғылыми тұрғыдан түсіндірсеңіздер екен?

Жауап: Сүндетке отырғызу Ибраһим (ғ.с.) пайғамбардан жалғасып келе жатқан сүннет. Бұл ешқандай да Аллаһтың жаратқанын өзгерту болып табылмайды. Егер Аллаһтың ісіне қарсы келу болғанда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сүндетке отырғызудан қайтарған болар еді. Ал медицина ғылымы бойынша сүндетке отырғызудың пайдалары анықталған.

Сұрақ: Мен физик-астрaноммын. Аспан денелерінің қозғалысын ғылыми деректер негізінде пайымдаймын. Бұл тұрғыдағы Құран тұжырымдарына қосыламын және Аллаһтың құдіреті бүкіл әлемге ортақ заңдылық деп білемін. Жаратылыста мықты жүйе бар, оны бұза алмайды

және Алла Тағаланың өзі де бұзбайды. Алайда жақында мен пайғамбарымыздың өмірін оқып отырып, Аллаһ пайғамбар үшін мұғжиза ретінде айды жарып көрсетті деген дерек кездестірдім. Бірақ бұл сахих хадис болса да мен бұған сене алмаймын. Өйткені ай жарылса жердегі тіршілік тоқтайды. Ай жердің айналу жылдамдығын тежеп тұрады. Ал, жердің айналу жылдамдығы артып кетсе жер бетінде өте күшті дауыл пайда болып, тіршілік әп-сәтте тоқтайды. Бүкіл әлемнің келбетін өзгертетін нәрсенің адамдарға әсер етпеуі мүмкін емес және ол туралы Құранда айтылмауы тағы қисынсыз. Бұған қанша сенгім келсе де сене алмадым. Өйткені жаратылыстың жүйелі заңдылығы жүйесіз түсінікке жол бермей тұр. Бұған сіздер не дейсіздер?

Жауап: Айдың екіге бөлінуі бұл пайғамбарымызға (с.ғ.с.) Алла Тағаланың берген ерекше мұғжизаларының бірі. Алдымен мұғжизаның не екенін біліп алған жөн. Мұғжиза, тек Аллаһтың құдіретімен адамның ақылына симайтын оқиғалардың болуы. Алла Тағала мұғжизаны тек пайғамбарлар арқылы көрсеткен. Мысалы: Салих пайғамбардың тастан түйе шығарып, оны боталатуы, Мұсаның (ғ.с.) теңізді екіге бөлуі, Исаның (ғ.с.) өлген адамдарды тірілтуі, т.с.с. нәрселер біз бен сіздің ақылымызға симас. Біз бұларға тек Аллаһтың құдіретіне иман етумен ғана сенеміз. Ал, Құран Кәрімде айдың бөлінгеніне дәлел, «Қамар» сүресінің бірінші аятында Алла Тағала: «**Қиямет жақындады, ай жарылды**», – деген. Осы аятты тәпсіршілер Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мұғжизасымен байланыстырады.

Сұрақ: Біз қымыз ішіп, қазы жейміз ғой, жақында бір жігіт: осы дұрыс емес. Егер қымыз ішсек, сыра да ішуге болады, өйткені екеуінің қызу градусы шамалас, сенбесеңіз қымыз ішіп, машина жүргізіп көріңіз, МАИ қызметкерлері ұстаса жүргізуші куәлігінді алып қояды», – дейді. Сонда мен қымыздан бас тартуым керек пе?

Жауап: Шарифат бойынша қымыз, қазы халал ас болып саналады. Біз Алла Тағаланың халал еткен тағамдарын харам деуге хақымыз жоқ.

Сұрақ: Қазіргі кезде «алькоголсіз пиво» деген сусын бар. Құрамында мас ететін нәрсе жоқ. Осы сусынды ішуге бола ма?

Жауап: Болмайды. Себебі дінімізде қай нәрсе болмасын ниетке қарай бағаланады. Яғни, халал малды ниетсіз немесе шариғаттан басқа жолмен бауыздаса харам болғаны сияқты, ішімдік те басқа ниетпен әзірленсе харам үкіміне ие.

Сұрақ: Ауылда әке-шешем білмесін деп намазымды бір ай бойы оқымай қойдым. Енді сол бір ай оқымаған намазымның қазасын өтеу қажет пе?

Жауап: Әрине. Міндетті түрде оқымаған намаздың қазасын өтейді. Негізінде, бұлай намазға салғырт қарауға болмайды. Қиямет күні ең алдымен иманымызға, содан кейін намазымызға жауап береміз. Сондықтан да Аллаһтан жәрдем сұрап, әке-шешесіне түсіндіргені абзал. Өйткені, олар – қазақ әрі мұсылман ғой, бәлкім түсінер. Аллаһ Тағала Құранда бұл туралы былай дейді:

«...шамаларың келгенше Аллаһтан қорқыңдар. (Әмірлерін) тыңдандар, бой ұсыныңдар...» (Тағабун 64/16).

Сонымен, ол тәубесіне келу керек. Аллаһтан көп дұға қылсын. Әке-шешесін разы қылайын, көңілінен шығайын деген ниетпен намазын қаза қылуға әсте болмайды. Осы үшін Қияметте жауап беретінін ұмытпаған жөн.

Сұрақ: Намазға тұрғанда сүрелердің мағынасын емес, басқа нәрселерді ойлап кетемін. Бұдан қалай арылуға болады?

Жауап: Намазды бастағанда «Қуылған шайтанның азғыруынан Аллаһқа сыйынамын», – деп дұға қылу керек.

Екіншіден, Аллаһ туралы, Оның құдіреттілігі туралы ойлауға тырысқан жөн. Бөтен ойлардан қашу керек. Пайғамбарымыз, салла Аллаһу алейһи уә сәллам: «Ихсан дегеніміз – сен Аллаһты көрмесең де, Аллаһ сені көріп тұрғандай ғибадат ету», – деген.

Үшіншіден, сүрелердің мағынасын білген абзал. Намазда әрбір сүрені зуылдатып оқығаннан гөрі, мағынасын түсініп оқығанның сауабы көп. Пайғамбарымыз, салла Аллаһу алейһи уә сәллам: «Намаз – діннің тірегі», – деген.

Сондықтан, намазды шын ықыласымен оқуға үйренген жақсы.

Сұрақ: Ағам қайтыс болғанда, оның біраз берешегі бар екендігі анықталды. Құрбыларым: «Ағанның қарызын

өтеуге тырысындар. Өйткені сол қарызы үшін ана өмірде қиналады», – дейді. Шындығында солай ма?

Жауап: Шындығында солай. Өлген адам қарызы үшін қиналады? Сол үшін оны жұбайы не жағдайы бар туысының ертерек төлеп құтылғаны жөн. Жалпы, қарыз алғанда, жақындарыңа ескертіп отыру абзал.

Сұрақ: Мұсылман әйел күйеуінің артында жүру керек пе, әлде жанында ма?

Жауап: Бұлай нақты жүру әдебі жоқ. негізгі, жанында жүргені дұрыс. Егер әйелі артында жүрсе, сырт көзге ренжісіп қалғандай ерсі көрінеді. Аллаһ қосқан қосағымен бірге жанында жүргеннің еш сөкеттігі жоқ.

Сұрақ: Ана құрсағындағы сәбидің (эмбрион) 2-3 айлық немесе одан да көп уақыт өткеннен кейін медициналық сараптама нәтижесінде мүгедек туатындығы белгілі болса бұл сәбиді алдырып тастауға шарифат рұқсат бере ме?

Жауап: Әйелдің жұмыртқа жасушасы мен еркектің аталық спермасы бірігіп ана құрсағына жабысып қоректене бастағаннан-ақ оны (эмбрион) белгілі уақыттан кейін дүниеге келетін бала (адам) деп қарауымыз керек. Өйткені қылмыс немесе күнә ретінде бұл балаға (эмбрион) қарсы жасалатын әрекет пен дүниеге келген сәбиге қарсы жасалатын әрекет арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Ислам жаза құқында ана құрсағындағы баланың түсуіне себеп болған адам жаза ретінде құнын төлейді; бұл жаза құрсақтағы сәбидің адам санатына жататындығының бір дәлелі.

Бұған қоса көп жағдайда дәрігерлердің сараптама нәтижесі дұрыс болмай жатады. Бұған мысал ретінде жақын танысымның басынан өткен оқиғаны келтіре кетейін: «Жақын таныс жігіттің әйелі аяғы ауыр болып 3-4 айдан кейін медициналық сараптама нәтижесінде құрсақтағы шаранаға «синдром дауна» яғни нәресте мүгедек болып дүниеге келеді, дұрыс адам болмайды алдыру керек дейді. Бірақ жігіт пен жұбайы алдыруға келісімін бермеді, дүниеге дені сау нәресте келді».

Сондықтан шарифатта ана құрсағындағы сәбиді мүгедек дүниеге келеді деп өлтіруге рұқсат жоқ. Өйткені Исламда дүниеге келмеген мүгедек сәби (эмбрион) мен дүниеге келген мүгедек

сәбиді өлтірудің арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Екеуі де күнә әрі қылмыс саналады.

Егер білікті дәрігерлер тарапынан ана құрсағындағы шарананы алдырып тастамаса анасының өміріне қауіп төнетіні нақты анықталған жағдайда ғана оны алдырып тастауға шариятта рұқсат етіледі.

Сұрақ: Жастай тұрмысқа шықсам да шарана сүю бақыты бұйырмады. Арада біраз уақыт өткенде туған інімнің үшінші перзентіне қолқа сала жүріп, оны асырап алдым (құжаттары да өз атымызда болды). Сол кездегі бақытты сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Кішкентай сәбиімізді қоярға жер таппай, аялап, мәпелеп өсірдік. Балам үлкен жігіт болып өсті. Ұлымыз 18 жсқа толған кезде бір туысымыз бар шындықты оған жайып салыпты. Ет жақын ағайынымыз біздің бақыттымызды көре алмады... Осыдан кейін балам көп ұзамай өз ата-анасы мен бауырларына кетіп қалды. Мұның бізге қаншалықты ауыр болғанын сезіп отырған боларсыздар. Бауырым мен келінім барлығын түсінгенімен, баланы бізге әкеліп тастаған жоқ. тіпті, оларда біраз құқайды басынан өткізіпті. Біз қай жерден қателік жібердік? Әлде, қазіргі балалардың барлығы тым қатал, қатыгез болып кеткен бе? Ұлымызды қайтарып алмасақ не болады? Әлде, бұл Аллаһтың сынағы ма? Қайтсек екен?

Жауап: Әрине, отау құрған әрбір отбасы бала сүйгісі келеді. Бірақ, адам баласы бұл өмірге сынақ үшін келгендіктен, Аллаһ тарапынан әртүрлі сынақтармен сыналары хақ. Сондай-ақ, барлық нәрсе әлемдердің Жаратушысы Аллаһтың қолында. Бұл жайлы Құранда: «Көктер мен жердің иелігі Аллаһқа тән. Қалағанын жаратады. Кімге қаласа, қыздар, кімге қаласа ұлдар береді. Немесе ұлдар мен қыздарды жұп-жұбымен береді. Сондай-ақ, қалағанын бедеу етеді. Күдіксіз Ол, толық білуші, аса күшті» («Шұғара» сүресі, 49-50 аяттар), – деп баяндайды. Яғни, адам баласына ұрпақ сүйгізу тек қана Аллаһтың қолында. Ұрпақсыздық – бақытсыздық емес. Аллаһтың сынағы. Нағыз бақытсыздық – сынақтан сүрінуімізде. Сұрақ бала асырап алуға тікелей байланысты болғандықтан, дініміздің бұған қатысты ұстанымына келетін болсақ, Исламға дейін бала асырап алу кең таралған еді. Тіпті, Аллаһ Елшісіне

(с.ғ.с.) пайғамбарлық келместен бұрын осы әдет бойынша ол Зәйд бин Харисаны асырап алып, оны халық алдында өз балам деп жаряилады. Сөйтіп ол халық арасында Зәйд Мұхаммедұлы деп аталып кетті. Ол кезде де қазіргідей асырап алынған бала асырап алушының туған ұлы немесе қызы саналып, мұрагер болды. Ислам діні келгеннен кейін бала асырап алу дәстүрін жокқа шығарып, әр баланы өзінің туған әкесінің атымен атау қағидасын басшылыққа алды. Осыған байланысты Жаратушымыз қасиетті Құранда: **«Асырандыларың бел балаларың бола алмайды. Бұл сендердің ауызбен айтқан сөздерің ғана, шындықты Аллаһ айтады. Тура жолды да Ол көрсетеді. Оларды әкелерінің атымен шақырындар. Бұл Аллаһтың құзырында әділдікке жақыны. Егер әкелерін білмесендер, сонда олар, дінде бауырларың, достарың. Қателескен мәселелерде күнә жоқ. Бірақ, әдейі біліп істегендеріңнен жауапқа тартыласыңдар. Аллаһ өте жарылқаушы, аса мейірімді»** («Ахзаб» сүресі, 4-5 аяттар), – деп бұйырды. Аятта айтылғандай дінімізде әке-шешесі бар баланы асырап алып, өз атмызға тіркеуге болмайды. Бірақ, ата-ананың жылы алақанына, жәрдеміне мұқтаж жетім жандарға қарау, оларды асырап, үлкен азамат ету, дінімізде өте үлкен сауап әрі адамдық борышымыз. Сүйікті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): **«Ешкімі жоқ жетім балаларды өз асырауына алған адам, менімен жұмақта екі саусақ сияқты көрші болады»**, – деп сұқ саусағы мен ортаншы саусағын бірге көрсеткен. Алайда, жетім балаларды асырап алғанда да (фамилиясын) өз атыңызға ауыстыруға болмайды. Жоғарыда аятта айтылғандай олармен (асырандылар) сіздердің араларыңыздағы қарым-қатынас дін бауыр немесе дос сияқты болуы керек. Сіздер білместікпен бала асырап алып қателестіңіздер. Аллаһ сөзсіз осындай келенсіз жағдайлардың болатындығын біліп, біздің игілігіміз үшін бала асырап алуға тиым салуда. Сондықтан баланың ешқандай кінәсі жоқ, ол өзінің туған үйінде қалғаны дұрыс. Сөз соңында біз бұл өмірде әрі ақыретте өкініп бармағымызды тістеп қалмас үшін Жаратушымыздан келген сынаққа сабыр етіп, әрбір ойлаған ойымызды, жоспарларымызды іске асырмас бұрын, оны жан-жақты талқылап, бұған Ұлы Жаратушымыз разы бола ма, бізге бұл мәселеге рұқсат бар ма біліп, соған қарай әрекет етуіміз керек.

Өйткені, Жаратушымыздың әрбір әмірі мен тиымы сөзсіз адам баласының пайдасы, игілігі үшін екендігі хақ.

Сұрақ: Бие сүті мен қымыздың үкімі қандай?

Жауап: Биенің саумалы – халал. Өйткені жылқы еті жоғарыда айтылғандай төрт мәзһаб бойынша, халал болып саналады. Еті халал малдың сүті де адал болмақ. Тіпті бие сүтінің өзге мал сүтіне қарағанда пайдасы молырақ. «Бие сүтінің химиялық құрамы пайыз есебімен алғанда мынадай болып келеді: сүттегі қант – 6,7, жалпы белок – 2,0, казеин – 50,7, альбумин және глобулин – 49,3, минералды тұздар – 0,3, құрғақ заттар – 11,0 пайыз.

Бие сүті өзінің химиялық құрамы жағынан басқа малдардың сүтіне қарағанда өзгеше болады.

Ол, әсіресе, лактозаға бай. Оның құрамында 120,ға жуық әр түрлі химиялық заттар болады, оның ішінде 25 түрлі амин қышқылы, 20 түрлі минералды заттар, 7 фермент, 4 түрлі сүт қанты, 3 түрлі гормондар, липоидтер, лимон қышқылы және т.б. бар. Биелерді өріске жайған жағдайда В витаминінің мөлшері шамамен 2 есе артады. Сүттің химиялық құрамы мал жеген шөптің түрлеріне қарай да өзгеріп отырады. Бие сүтінің майында өзге малдың сүтінде кездеспейтін октодекадиен және басқа да қышқылдар болады. Бие сүтінде фосфор, калий және кальций, магний тотығы мол кездеседі. Сиыр сүтіне қарағанда бие сүтінде лактоза 1,5 есе, С витамині 10 есе көп болады. Бие сүті сондай-ақ В, А, Е тобындағы витаминдерге және басқа да биологиялық заттарға бай.

Ал биенің қымызына келсек, оның да пайдасы зор. «Қымыздың әсерінен асқазан сөлінің бөлінуі жақсарады, тәбеті артады, астың қорытылуы жақсарады. Қазіргі медицинада қымызды антибиотиктермен және басқа да дәрі-дәрмектермен байланыстыра отырып, өкпе, сүйек және бүйрек туберкулезін, ішек-қарын және жүрек, қан тамырлары ауруларын емдегенде, сондай-ақ витаминдер жетіспегенде, зат алмасу бұзылғанда қолданады». Сондай-ақ қымызды жүйелі түрде қабылдаудың әсерінен өкпенің сыйымдылығы, кеуде клеткаларының шеңбері ұлғаяды, тыныс алу, зат алмасу жақсарады.

Сұрақ: Талақ дегеніміз не?

Жауап: Талақ – араб тіліннен енген сөз. «Әйелінен ажырасу, некелерін бұзу» деген мағынаға саяды.

Ислам дінінде талақ ету тізгінін ер кісіге берген. Мұның екі негізгі себебі бар. Біріншіден, егер талақ ету мүмкіндігі әйелге берілетін болса, онда ажырасулар көбейіп кетер еді. Өйткені, әйел өте сезімтал халық. Ол кейде ашуланған, яки мазасыз немесе сол секілді әртүрлі жағдайларда сезімге беріліп күйеуін талақ етуі мүмкін. Оның үстіне талақ үш мәрте беріледі. Егер әйелге берілсе, ол осы үш мүмкіндігін бір сәтте орындап жіберуі ықтимал. Тіпті, күйеуі нашар өзі аса сезімтал болса, күнде талақ етуі мүмкін. Екіншіден, отбасының дүниелік жүгі ердің мойнына артылғандықтан, ол талақ мәселесінде аяғын аңдап басуға мәжбүр.

Сондай-ақ, Ислам дінінде ері әйеліне неке кезінде не болмаса одан кейін де талақ ету мүмкіндігін беруіне де болады.

Исламнан бұрын арабтар әйелдерін қалаған кезде талақ етіп, қалаған шақта қайта алатын. Отау құруды, шаңырақ көтеруді ойыншыққа айналдырған осы әрекеттеріне хақ дін тыйым салып, үш талақпен шектеген.

Талақтың рүкіні мен шарттары: Рүкін – бір нәрсенің негізін құрайтын бөлшек. Талақтың рүкіні – әйелін талақ етердегі айтылатын арнайы сөзі мен тәсілі. Яғни, мағынамен «сені талақ еттім», «біз ажырастық» деп ашық білдіргені секілді ауыспалы мағынамен «үйден кет», «бұдан былай көзіме көрінуші болма» деген сөздер. Сондай-ақ, талақтың шарты да бар. Шарт – негізгі бөлшектерден тыс, бірақ сол негіздердің құралуына арқау болған бөлшектер. Мысалы, намаз оқудан бұрын оның дәрет алу деген шарты бар. Ендеше, талақтың да іске асуы үшін оған мынадай шарттар қажет. Талақ ететін ердің ақыл-есі түзу және ояу болуы. Талақ етілетін әйелдің сол ерге некесі қиылған әйелі немесе «ғиддат» мерзіміндегі әйелі болуы шарт.

Сұрақ: Имандылық жолында жүрген жігіт қызбен жүруіне болады ма?

Жауап: Негізінен қыз бен жігіттің некелесу мақсатында емес, тек ұнатқандықтан көңіл көтеріп, уақыт өткізу үшін жүрулеріне болмайды. Өйткені, қыз бен жігіт бірін-бірі ұнатып жүрулері арқылы, уақыт өте келе құмарлық сезіміне беріліп, шарифат тыйым салған әрекеттерге баруы әбден мүмкін. Шарифи некесі жоқ ер мен әйел баласының бір-бірлеріне қолдарының немесе денесінің тиюі – харам. Тіпті, сөз байласып қойған қыз бен жігіт некелері қиылғанға

дейін қолдарын ұстауларына болмайды. Қасиетті Құран Кәрімде Аллаһ Тағала: **«Зинаға жоламандар. Негізінде ол арсыз әрі жаман жол»** («Исра», 32-аят), – деп айтқан. Аллаһ Тағаланың **«Зинаға жоламандар»** деген аяты – зинаға апаратын әртүрлі іс-әрекеттерге бармандар, соған жетелейтін түрлі жолдардан аулақ болындар деп қатаң ескерткені. Ал қыз бен жігіт бір-бірінің қолдарынан ұстауы сатылап зина жасауға апарады. Ол жайында пайғамбарымыз (с.ғ.с.): **«Қолдың зинасы – (бір-біріне) жанасуы»** (Әл-Мустадрак ала сахихайн, 1/135) – деп анық айтқан. Ендеше, қолдың бір-біріне тиюі күнә болып табылады.

Сұрақ: Намаздың қандай түрлері бар?

Жауап: Мұсылман баласына әмір етілген намаз түрлері үшке бөлінеді. Олар: парыз, уәжіп және нәпіл.

Парыз намаздар – «айн парыз» (жалқы парыз), «кифая парыз» (жалпы парыз) болып екіге бөлінеді. Айн парыз намаз – әрбір балиғат жасына толған мұсылман баласына парыз болған намаздар. Оған бес уақыт намаз бен жұма намазы жатады.

Кифая намазы – бір мұсылман жұмырын өткенде әуелі жақындары мен таныстары, жалпы мұсылмандардың оқитын жаназа намазы. Бұл намазды бірнеше мұсылман оқыса жетіп жатыр. Басқалары оқымағандықтары үшін жауапты болмайды. Намаздың сауабын оқыған ғана алады. Ал, егер ешкім оқымаса, бәрі күнәһар болады.

Уәжіп намаздар – мұсылманның іс-әрекетіне байланысы жоқ және тікелей байланысы бар уәжіп деп екіге бөлінеді. Бірінші топтағы уәжіп намаздарына – құптан намазынан кейін оқылатын үш рәкат үтір намазы мен Ораза және Құрбан айтта оқылатын айт намаздары жатады. Екінші топқа нәзір (атау) намазы, қателік сәждесі және басталып, аяқталмай бұзылған намаздың қазасы жатады. Нәзір намазы – адамның өзіне міндет болмаған намазды атау арқылы уәжіп еткен намаз.

Нәпіл намаздар – парыз бен уәжіп намаздардан өзге намаздар. Парыз намаздардың алдында және соңында оқылатын сүннет намаздар нәпіл намазға жатады.

Исламда сүннет намаздар, әсіресе, бес уақыт намаздардың сүннеттері – парыз намаздарға дайындық әрі оларға қорған намаз ретінде бағаланған. Әрі бұл сүннеттер – хазреті пайғамбарымызға (с.ғ.с.) шынайылықты білдіретін намаздар.

Сұрақ: Толғақ қысқанда қандай дұға оқылады?

Жауап: Әйел баласы толғақ қысқанда және босанар алдында «инширах» сүресін оқығаны пайдалы: «Бисмиллахир Рахманир Рахим. Әлам нашрах ләкә содрак. Уә уадоһнә ьәнка уизрак. Әллази әнқодо зохрак. Уа рофаьнә ләкә зикрак. Фә иннә маьал ьусри юсро. Иннә маьал ьусри юсро. Фә изә фарагтә фәнсоб. Уә илә Роббикә фарғоб».

Аллаһ Тағала дені сау перзент сыйласын!

Сұрақ: Сәлем және құптан намаздары қашан оқылады? Мен бірдемешітте Құран оқылып жатқанда, сәлем намазын оқып едім, бір үлкен кісі: «Құранмен жағаласып неге намаз оқисың?», – деп ұрысты.

Құптан намазын ұйқыға жатар алдында оқу мұстахаб, ал түн жарымға дейін кешіктіріп оқу мәкруһ деген болатынсыздар. Бірақ менің намазхан бауырым «құптанның парызын уақытында оқыған дұрыс, уәжібін шамаң келсе түнгі 3-те оқысаң үлкен сауап аласың. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үтір уәжіпті түнгі 3-те оқыған, кейін үмметім ұйықтап қала ма деп оны құптанға қосқан» дейді.

Жауап: Әрине, намаздан соң тиләуат етіліп жатқанда отырып тыңдау Құранға деген құрмет және әдептілік. Құранды тыңдау да құлшылық. Үзірсіз тыңдамай көпшілік ортасынан тұрып кету әдепсіздік. Сіз мешітке кіріп келгенде тиләуат етіліп жатса, шетірек жайға тұрып сәлем намазын оқуыңызға болады.

Құптан уақытына келсек, түннің үштен бір бөлігіне дейін күтіп (кешіктіріп) оқу мұстахаб. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Менің үмбетіме ауыр келмегенде, оларға құптанды түннің үштен бір бөлігіне дейін күтіп барып оқуын тапсырар едім», – деген екен (Термизи). Бұл хадис құптанның мұстахаб уақытын көрсетіп тұр. Ал, түн жарымға дейін күту мұбах, яғни ерікті амал. Ал, себепсіз одан да кеш оқу мәкруһ. Өйткені, бұл жамағаттың азаюына алып келеді (әл-Ихтияр, намаздардың мұстахаб уақыттары, 60-бет).

Үтір намазын түннің соңғы уақытында оқу мұстахаб. Ал, өзінің сергектігіне сенбеген кісі әуел уақытында оқығаны жөн. Жабир (р.а.) риуаят еткен хадисте: «Кімде-кім түннің соңғы уақытында тұра алмауынан қорыкса, түннің басында үтірін оқысын. Түнде ояна алатанына сенімді кісі үтірді түннің соңғы уақытында оқысын. Өйткені, түннің соңғы уақытындағы намазға періштелер келеді, бұл абзал», – деп айтылған.

Сұрақ: Екі адам жамағат болып намаз оқыса, бір сызықтың бойына тұра ма, әлде имамы сәл алға тұруы керек пе? Адамдар осы мәселені әртүрлі айтып жүр.

Жауап: Екі адам болып намаз оқығанда, ұйып тұрған намазхан имамның оң жағында тұруы сүннет. Бұл жөнінде Ибн Аббас (р.а.): «Мен пайғамбардың (с.ғ.с.) сол жағына тұрдым. Ол мені ұстап, оң жағына айналдырып тұрғызды», – деген (Бұхари мен Мүслім). Алайда, сол жағында тұрып қалып намаз оқыса, намазы бұзылмайды. Сонымен қатар, ұюшы имам болып тұрған намазханнан бір сүйемдей кейін тұруы шарт. Екеуі әйел сапындағыдай бір сызықта тұрғаны дұрыс емес.

Сұрақ: Намаз үстінде сүре дұрыс оқылмаса немесе аяттардың орны ауысып кетсе, не істеу керек?

Жауап: Намаздың ішкі парыздарының бірі – қырағат (құран оқу). Қырағаттағы парыз мөлшері бір аят. Оған негіз «...Ендеше Құраннан оңай келгенін оқындар...» («Мұхаммил» сүресі, 20-аят). Алайда тек бір аятпен шектелуге болмайды. Бұл қауіп қартайып, мүлдем жаттауға шамасы келмей қалған адамға қатысты айтылған қырағаттың ең аз мөлшері болып табылады.

Қырағат толық болу үшін «Фатиха» сүресі оқылады. Бұл «Фатихасыз намаз болмайды» (Бұхари, Мүслім, Әбу Дауд және Насаи), – деген хадис бойынша. Сонымен қатар, қосымша сүре оқу намаздың уәжібі.

«Фатиха» және қосымша сүрелерді оқу барысында мазмұны бұзылатындай етіп оқып қалса, намазы да бұзылады. Мәселен, «Хашыр» сүресінің соңғы аяттарында Алла Тағаланың көркем есім сипаттары айтылады. Сонда Алла Тағаланың «Мусаууир» (бейнелеуші) сипаты бар. Егер оны намазхан «Мусаууар» (бейнеленген зат) деп қате оқыса, оқу мағынасынан бейхабар болса, намазы бұзылады. Ал, араб тілін білуші адам болса, иманына қауіп бар.

Намазды оқып үйрену оңай деп бауырларымызды құлшылыққа құлшындыруымыз керек. Алайда, оңай деп жауапты жайттарға көз жұмып қарауға да болмайды. Намаз үшін уақыт бөліп, мешіт имамдары мен ұстаздарынан келіп үйренген жақсы.

ҚАЖЫЛЫҚ ТУРАСЫНДА

Сұрақ: Өткенде маған біреу «қажылыққа харам ақшамен де баруға болады. Бір кітаптарда сондай деректер бар» еді. Осы дұрыс па?

Жауап: Аллаһ Тағаланың парызын орындауда міндет болатын шаралардың бірі халалдан рызык табу. Мейлі намаз оқиық, мейлі ораза ұстайық, мейлі қажылыққа барайық құлшылығымыздың қабыл болуына ниет тазалығы, тән тазалығы, киім тазалығы, қаржы тазалығы сақталғаны жөн. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Өсімқорлықтан тапқан киіміңізді шешпейінше құлшылығын қабыл болмайды», – деген. Сол секілді шариатымызда кез-келген ғибадаттың дұрыс орындалуы үшін ең алдымен тазалыққа көңіл бөлінеді.

Сұрақ: Қазір ғарышта бізден басқа да өркениет иелері бар деген пікірді ғалымдар жиі айта бастады. Бұған Исламның көзқарасы қандай?

Жауап: Біздің көзімізге көрініп тұрған әлем біз үшін бос болып көрінгенімен, анығында олай емес. Мысалы, Аллаһ Тағала Пайғамбарымыз Мұхаммедті (с.ғ.с.) адам және жындарға елші етіп жіберген. Яғни, жындар да адамдарға ұқсас тіршілік ететін, ішіп жейтін және туу арқылы көбейетін жаратылыс. Оларға да тура жолды көрсетуші қажет. Бірақ біз сол жындарды көре аламыз ба? Жоқ, бірақ, бұл «көзімізге көрінбейтін нәрселер жоқ» деген сөз емес. Құран Кәрімде: «Жындар мен адамдарды тек қана өзіме құлшылық етулері үшін жараттым», – делінген.

Тағы бір аятта Аллаһ Тағала: «Мадақ әлемдердің Раббысы Аллаһқа лайық», – деген. Бұл аятта «Әлемнің» деп тұрған жоқ, «Әлемдердің» деп тұр. Бізден басқа да жаратылыс пен әлемдердің бар екеніне иман етеміз. Себебі, Аллаһ Тағаланың біз біле бермейтін сырлары көп.

Сұрақ: Егер де мұсылман адам орыстың үйінде қонса сол жерде намаз оқуына бола ма?

Жауап: Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисінде: «Үмметтеріме алдыңғы үмметтерге берілмеген екі нығмет берілді. Біріншісі... екіншісі жер беті құлшылыққа таза етілді», – деген.

Алдыңғы пайғамбарлардың үмметтері құлшылық жасау үшін белгілі бір орынды ғана таза ұстайтын. Басқа орындарда құлшылық жасауға рұқсат жоқ еді. Ал, Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбардың

үмметтеріне, яғни мұсылмандарға барлық жерде рұқсат етілген. Тек намазға тұрған жер таза болу керек. Тағы бір ескеретін нәрсе, құбыла жақта шариат тиым салған (мүсін, сурет, қабір, т.с.с.) нәрселер болмауы ескеріледі.

Сұрақ: Қазір біздің елімізде мұсылмандар неше түрлі топтарға бөлінеді. Бәрі де Исламды күшейтеміз деп шауып жүр. Ниет жақсы секілді. Осыны пайдаланып мүфтият бәрін келісімге шақырып, үлкен бір жиын өткізсе болмас па? Дін бірлігі ел бірлігі ғой. Өзді-өзіміз қырқысқанша протестанттық секталарға қарсы бірігіп күрессек, үлкен жеңіске жетер едік. Бұл туралы не айтасыздар?

Жауап: Ислам тарихынан хабары бар кез-келген мұсылман өзі түсініп, бөлінбестен, шақыру күтпестен ынтымақ пен бірлікке асығар еді. Мақсатымыз бір болған соң үй ішінен үй тігушілердің іс-әрекеті ақылға сыймайды.

Сұрақ: Алла Тағала пешенеге не жазса сол болады дейді. Бірақ қадір түнгі тілегің қабыл болса Аллаһ тағдырыңды өзгертеді деген де бар. Сонда Лаухул Махфузда жазылған тағдырыңды Аллаһ қаласа өзгерте ме?

Жауап: Шариатымыз тағдыр мәселесіне тым тереңдемеуді ескертеді. Өйткені, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үмметтерін тағдыр мәселесін терең тексеруден қайтарып, алдыңғы пайғамбарлардың үмметтері тағдырға терең бойлағандары үшін адасқандарын айтқан. Анығында Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) айтқан сөздеріне күмән келтірмеу керек. Яғни, пенденің тағдырының өзгеруі де сол пенденің сұрау немесе сұрамауына байланысты деп түсінген жөн.

Сұрақ: Біреулер келін түскенде беташар жасауға болмайды, ол Аллаһқа шерік қосу болады дейді. Шариат бұған не дейді?

Жауап: Шариатта айтылмағанымен, бірақ шариатқа қайшы да келмейтін салт-дәстүрлер күнә істерге жатпайды.

Сұрақ: Шариатта адамның, жан-жануардың суретін салуға болмайды деп айтады. Ал Саудияның ақпасында король Фатхтың суреті бар. Екіншіден, қазір құжатсыз жүре алмайсыз, онда да әрбір адамның суреті болады. Меніңше осы пәтуа ескірген сияқты. Егер де бүйте берсек бізде сурет, мүсін өнері ешқашан дамымасы анық. Бұған не дейсіздер?

Жауап: Иә, шындығында да жанды нәрселердің суретін салып, мүсінін жасауға рұқсат етілмейді. Алайда ислам өнерге

шектеу қоймайды. Ал құжатқа арнап суретке түсу шариатқа қайшы емес.

Сұрақ: Ораза кезінде күндіз моншаға түсіп едім. Біреу оразан бұзылды деді. Осы дұрыс па?

Жауап: Ораза айында кез-келген рахаттан таң атқаннан кеш батқанға дейін сақтану міндет. Ал, мәжбүрліктен жуыну қажет болса, оған рұқсат бар. Жалпы ораза кезінде шариғат тиым салған және дұрыс көрмеген кез-келген амалдардан сақтанған жөн. Сонда ғана біздің ғибадатымыз кәміл болады.

Сұрақ: Аанада бір кітапты оқып отырсам «намаз оқымайтын мұсылманның барлығы тозаққа барады» деп жазылған екен. Жасыратыны жоқ, жетпіс жыл дінсіздік дәуірді басынан өткізген Қазақ елінің басшыларынан бастап халқының көбі намаз оқымайтыны рас. Сонда ақыретте сұрау қалай болмақ?

Жауап: Ислам дінінде иман келтірген, яғни «шаһадат кәлимасын» айтып бір Аллаһқа сеніп, Оның елшісін мойындаған кісі мұсылман болып табылады. Жалқаулы, пендешілік себепті намаз оқымау – пасықтық, адамға міндеттелген ғибадаттарға немқұрайлылық таныту болып саналады. Бірақ діннен шығу, кәпір болу дегені емес. Негізі, шариатымызда намаз, ораза т.б. құлшылықтарды орындамаған жазаға тартылады. Ал, намазды және басқа да парыз етілген құлшылықтарды менсінбей, олардың Аллаһ әмірі екенін мойындамаған адам діннен шығып, кәпір болады.

Сұрақ: Рамазан айында «жәннаттың есігі айқара ашылады» деген сөз бар. Сонда, ораза айында қайтыс болған мұсылманның барлығы жәннатқа бара ма?

Жауап: Пендені жәннатқа немесе тозаққа барады деп кесіп айтуға болмайды. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өз ауызымен тек он сахабаны ғана, тірі кезінде уахи болғандықтан, жәннаттық деп айтып кеткен. Ал, «жәннаттың есігі айқара ашылады» деген хадистің мағынасы кең ауқымда айтылған.

Сұрақ: Қазақ тіліндегі дәйіс пен арабтың «дайюс» деген сөзі бір сөз бе? Олай болса мағынасы кей жерде неге екі түрлі?

Жауап: «Дайюс», «дәйіс» сөзі араб тілінен аударылғанда «әйелін қызғанбайтын кісі» деген мағынаны білдіреді. Дәйіс, яғни әйелін, өз балаларының анасын қызғанбайтын кісі жәннат иісінен мақұрым қалатындығы жөнінде хадисте айтылған.

Сұрақ. Шежіренің көбінде қазақты Әнәс сахабадан (Анас ибн

Маликтен) таратып жүр. Сонда бұл қалай, Құтайба ибн Муслимнің әскері Әнәс сахабаның ұрпақтарын мұсылман қылған боп шықпай ма?

Жауап: Мұндай дерек ешбір ислами еңбектерде жазылмаған. Яғни, бұл негізсіз сөз.

Сұрақ: Тіленшілікті кәсіп қылған ләли-сығандар жарапазан айтып үй-үйді қалдырмай аралап жүр. Осыларға садақа беруге бола ма?

Жауап: Тіленшілікті кәсіп етуге, сол жолмен бала-шаға асырау харам. Өйткені, тіленшілікті кәсіп етіп, сол арқылы күнелтуге шариатымызда қатаң тиым салынған. Алайда, садақаны сұраған кез-келген кісіге беруге болады.

Сұрақ: Қажылық ғибадатының үкімі қандай?

Жауап: Қажылық ғибадаты – шамасы жеткен әрбір адамға өмірінде бір рет парыз. Оның парызыңы Құран, Сүннет және Ижмағ бойынша бірауыздан бекітілген. Құран Кәрімде: «Ол жерге баруға шамасы жеткен барлық адамға Аллаһ үшін Қағбаны зиярат етіп, қажылық жасау парыз» («Әли Имран» сүресі, 97-аят) делінген.

Сондай-ақ, пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ислам діні бес негізден тұрады: Аллаһтан басқа тәңір жоқ екендігіне және Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Аллаһ тарапынан жіберілген шынайы елші екендігіне куәлік келтіру, намаз оқу, зекет беру, Рамазан оразасын ұстау, шамасы келсе қажылыққа бару» (Тирмизи, Бұхари, Мүслім), – десе, басқа бір хадисте: «Уа, адамдар! Расында Алла Тағала сендерге қажылықты парық қылды, ендеше қажылық парызын өтендер», – деді. Сонда бір кісі: «Уа, Аллаһтың елшісі! Жыл сайын өтейміз бе?» – деп сұрады. Аллаһ елшісі (с.ғ.с.) алғашында үндемеді. Әлгі кісі сұрағын үш қайтара сұраған соң, Аллаһ елшісі (с.ғ.с.): «Егер иә деп айтсам, мойындарыңа парыз болып қалар еді. Ал шынын айтқанда, оған шамаларың жетпейді ғой» (Мүслім, Насәи), – деп өмірде бір рет қажылыққа бару парыз екенін айтқан.

Сұрақ: Шәууәл айында тұтылған алты күндік ораза үкімі қандай?

Жауап: Шәууәл – хижри жыл санағы бойынша Рамазаннан кейін келетін ай. Бұл айда алты күн ораза ұстау – сүннет.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бір хадисінде: **«Кімде-кім Рамазан айының ортасынан соң Шәууәл айында алты күн ораза ұстаса, бір жыл ораза ұстағандай болады»** делінген. Рамазан оразасымен қатар Шәууәл айының оразасын да тұтқан адам бір жыл ораза тұтқанмен тең сауапқа ие болады. Құранда: **«Кімде-кім бір жақсылық жасаса, оған оның он есе қарымы беріледі»** («Әнғам» сүресі, 160-аят) деген. Ғалымдар Шәууәл айындағы алты күн оразаның бір жылдық сауабын осы аятпен байланыстырады. Рамазан айындағы отыз күн мен Шәууәл айындағы алты күн қосылғанда, отыз алты күн болады. Бұл сан он есеге көбейтілсе, үш жүз алпыс күнді құрайды. Ал бір жылдың қалған бес күні ораза ұстауға болмайтын Рамазан айтының алғашқы күні мен Құрбан айттың төрт күні. Оразаның әрбір күні он есе молайса, онда отыз алты күндік оразада бір жыл ауыз бекітудің сауабы бар деген сөз.

Сұрақ: Сіздерден сұрайын дегенім шәууәл айының оразасын Рамазан айтынан кейін ұстау керек дейді. Рамазан мен Құрбан айты неше күнге дейін созылады? Жалпы айт күндері ораза ұстаса болмай ма?

Жауап: Рамазан айты – бір күн. Ал Құрбан айты төрт күнге дейін созылады. Сондықтан шәууәл айының нәпіл оразасын, бір күнгі рамазан айты өткен соң ұстауға рұқсат. Шарият бойынша ораза айттың бірінші күні және құрбан айттың төрт күні және күмәнді күні (шағбан айының отызы) қандайда бір ораза ұстау – тахримән мәкруһ (яғни харамға жақын мәкруһ).

Өйткені аталмыш күндері ісі мұсылман баласы қуаныштарын бөлісіп, бір-біріне айттайтын ұлы мереке болғандықтан, ораза ұстауға тиым салынған. Бұған төмендегі мына хадистер дәлел. Ұқба ибн Әмир риуаят еткен бір хадисте Алла елшісі (с.ғ.с.): **«Арапа, Құрбан айт күндері мұсылман жұртының мейрамы. Бұл – ішіп-жеу мен Алланы еске алу күндері»** (Бұхари, Әбу Дәуіт, Тирмизи) десе, осыған қатысты Әбу Сәид әл-Хидридан риуаят етілген тағы бір хадисте: **«Расулулла (с.ғ.с.) рамазан мен құрбан айт күндері ораза ұстауға тиым салды»** (Бұхари, Мүслім, Әбу Дәуіт) делінген.

Сұрақ: Сұрайын дегенім, жұма күні ораза ұстауға болмайды деп естідім. Ол рас па?

Жауап: Жұма күнін ғана оразамен өткізуге болмайды. Өйткені жұма – мұсылмандардың мерекесі. Бұл күннің оразасы жайлы пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: **«Түндерден тек жұма түнін**

күлшылыққа арнап, күндердің ішінде тек жұма күнін ораза ұстауға арнаңдар. Ал өзі әдеттенген оразасын ұстауы бұған жатпайды» (Мүслім, Әбу Дәуіт) деп, жұма күні ораза ұстауға тиым салған.

Егер бейсенбі күні ораза ұстауды бастап, жұма күні жалғастырса – рұқсат. Сол секілді жұма күніне сенбі күнін де қосып ұстауы керек.

Ал жұма күні ғана ауыз бекітуге болмайтыны жөнінде Әбу Хұрайра (р.а.) риуаят еткен мына хадисте де ашық айтылған: **«Жұма күніне бір күн бұрынды немесе бір күн кейінді қосып ұстамайынша, тек жұма күні ғана ораза ұстамандар»** (Бұхари, Мүслім).

Сұрақ: Намаз үстінде ұялы телефонымды өшірсем намазым бұзыла ма?

Жауап: Фикһа ілімінің негіздері жазылған дәуірлерде ұялы телефон болмағандықтан, оған байланысты үкім берілмеген. Алайда фикһ ілімінде жалпы қағидалар негізінде намаз үстінде ұялы телефонды өшіруге байланысты үкім шығаруға болады.

Сол үкімдердің бірінде: «намазды бір рәкат ішінде жасалынған көп іс-қимыл (амал қасир) намазды бұзады, ал аз іс-қимыл намазды бұзбайды» (Фикһус-Сунна) делінген.

Түсінікті болу үшін мысалдар бере кетейік. Намазда бір рәкат ішінде бір қолмен екі әрекет жасалса намаз бұзылмайды. Бірақ үш әрекет жасалса амал қасирге (көп іс-қимыл) жатады, намаз бұзылады. Сондай-ақ намазда бір қолмен жасалынған іс-қимыл (2 мәрте) намазды бұзбайды, ал екі қолмен жасалынған іс-әрекет (1 мәрте болса да) намазды бұзады. Мысалы, сәжде кезінде басынан тақиясы түсіп қалса оны бір қолымен алып кісе намазы бұзылмайды, бірақ тақияны екі қолымен алып кісе намазы бұзылады. Өйткені екі қолымен намаздан тыс бір әрекетпен айналысу намазды бұзатын амалға жатады.

Қорытынды. Намазға тұрар алдында ұялы телефонның дауысын өшіріп қою керек. Алайда, дауысын өшіру есіңізден пығып кетіп, намаз үстінде ұялы телефоныңыз мазаласа, мүмкіндігінше ең аз әрекетпен «бір қолмен» телефон өшірілсе намаз бұзылмайды. Намаз оқып тұрған адамның қимылдары сырттай қарағанда, намаз оқымай тұр дейтіндей көбейіп кетсе онда намаз бұзылады.

Сұрақ: Балиғатқа әлі толмағандар мен мүгедек адамдардың қажылық өтеуі міндетті ме?

Жауап: Қажылық ғибадаты төменде көрсетілген адамдарға парыз.

1) **Мұсылман болу.** Қажылықты өтеу мұсылман еместерге парыз емес. Қажылыққа барып Ислам дінін қабылдаған жағдайда, шамасы жетсе, қайтадан қажылыққа баруы шарт. Сондай-ақ мұсылман адам қажылық жасап, кейін исламнан шығып, қайта мұсылмандықты қабылдаса, шамасы жетсе қажылықты қайта өтеу парыз болады. Өйткені, алғашқы қажылығы исламнан шығуымен жарамсыз болып қалады.

2) **Ақыл-есі дұрыс әрі балиғат жасына толу.** Ақыл-есі дұрыс емес немесе балиғат жасына жетпеген балаға қажылыққа бару парыз емес. Алла елшісі (с.ғ.а.): «**Қалам (күнә) мына үш адамға жазылмайды: оянғанға дейін ұйқыдағы адамға, есін жиғанға дейін есінен танған адамға, балиғат жасына толғанға дейін сәбиге**» (Әбу Дәуіт, Ибн Мәжа, Тирмизи, Хаким), – дейді.

3) **Азат болу.** Түрмеде, құлдықта болған адамдарға қажылық парыз емес. Расулұлла (с.ғ.с.): «**Бұрын он рет қажылыққа барса да, бас бостандығын алған құл қажылығын қайта өтеуге міндетті**» (Бәйһақи, Ибн Хажар), – деп бас бостандығы жоқ адамға азаттық алып, шамасы жеткенде парыз қажылықты қайта өтеуге әмір еткен.

4) **Уақыт.** Арафат тауында арнайы белгіленген тұру уақыты мен зиярат тауабы уақытына өмірі жетпеген адам үшін қажылық парыз емес. Алла елшісі (с.ғ.с.) бір хадисінде қажылықтың уақытын: «**Ең үлкен қажы – құрбан айт мейрам күндері**» (Бұхари, Мүслім) деп жеткізген.

5) **Қажылық ғибадатын орындауға шамасы жету.** Құранда: «**Ол жерге баруға шамасы жеткен барлық адамға Алла үшін Қағбаны зиярат етіп, қажылық жасау парыз**» («Әли Имран» сүресі, 97-аят) – делінген.

Сұрақ: Қажылыққа бара алмайтын кісі өзінің орнына басқа біреуді өкіл ретінде жібере ала ма?

Жауап: Ислам дінінде ғибадаттар үш түрге бөлінеді:

1. Тек қана денемен орындалатын ғибадаттар: намаз, оқу, ораза ұстау, Құран оқу т.б.

2. Тек қана дүние-мүлік, байлықпен орындалатын ғибадаттар: зекет, пітір садақасы, құрбан шалу, т.б.

3. Әрі малмен, әрі денемен орындалатын ғибадаттар: қажылық ғибадаты.

Бұл ғибадаттардың кез-келгенін нәпіл ретінде орындап, сауабын өлі болсын, тірі болсын басқа адамға бағыштауға болады. Бірақ бұл ғибадаттарды мойнындағы парызынан құтылу үшін басқа біреуге өкіл ретінде орындатқызу мәслесі бөлек екенін ескертейік.

Тек қана денемен атқарылатын намаз, ораза сияқты ғибадаттарда өкілдік мүлде жүрмейді. Яғни, ешкім басқаның орнына мойнындағы парызынан құтылдыру үшін намаз оқып, ораза ұстай алмайды. Ал тек қана малмен атқарылатын зекет беру, құрбан шалу сияқты ғибадаттарда өкілдік толығымен жүреді. Мысалға, малының зекетін басқа бір адам өкіл ретінде керекті орындарға беруіне болады. Ал қажылық сияқты әрі денемен, әрі малмен орындалатын ғибадаттарда өкілдіктің жүруі үшін қажылығын орындай алмай өліп кету, жазылуы мүмкін болмаған ауыр науқас, қатты кәрілік сияқты бөгеттердің болуы керек.

Қажылықта өкілдіктің кейбір жағдайларда жүретіндігіне байланысты дәлел ретінде пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бірнеше хадисі бар. Мысалға, мына екі хадис бұл дүниеден қажылыққа бармастан көз жұмып кеткен кісілердің орнына өкіл ретінде қажылыққа баруға болатындығын білдіреді. Жұһәйнә тайпасынан бір әйел пайғамбарымызға (с.ғ.с.) келіп былай деді: «Уә, Аллаһтың елшісі, менің шешем қажылық ғибадатын жасауға уәде берген еді, бірақ орындай алмай бұл дүниеден көз жұмды. Оның орнына қажылыққа барсам бола ма?»

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деді: «Иә, оның орнына қажылыққа бар. Қалай ойлайсың? Шешенің басқа біреуге қарызы болса өтейтін бе едің?». «Иә, өтеймін», – деді. «Олай болса, Аллаһ Тағалаға болған қарызын да өтендер. Өйткені, қарызы өтелуге ең лайық – Аллаһ Тағала», – деді пайғамбар (с.ғ.с.).

Басқа бір уақытта бір сахаба пайғамбарымызға (с.ғ.с.) келіп. «Әкемнің мойнына қажылық парыз бола тұра бұл дүниеден өтіп кетті. Оның орнына қажылыққа барсам бола ма?» – деді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Қалай қарайсың әкеңнің қарызы болса өтейтін бе едің?» – деді. «Иә, өтеймін», – деді сахаба. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Олай болса әкеңнің орнына қажылыққа бар» – деді.

Қажылық ғибадаты мойнында парыз бола тұра көзінің тірісінде қажылыққа бара алмағандар өлмес бұрын артында

қалған мирасқорларына өзінің орнына өкіл жіберулерін талап етіп, өсиет етулері уәжіп.

Қажылық ғибадаты мойнында парыз бола тұра бұл дүниеден қайтқан кісілердің мұндай өсиеті жоқ болса, артында қалған мирасқорлары өкіл ретінде басқа біреуді жіберуге міндеттелмейді.

Сұрақ: Қазіргі кезде жас қыздардың көпшілігі қастарын әдемі қылып қияды немесе жұлады. Осы дұрыс па?

Жауап: Ұлы Жаратушы әрбір адам баласын көркем бейнеде жаратқан. Сонымен қатар адам баласы өзінің тамаша жаратылысына шүкіршілікпен, құлшылықпен қараса, ол өзінің пенде екендігінің бір нышаны.

Сондықтан да өмірлік қажеттілік, мәжбүрлік болмаса денедегі кез-келген нәрсені өзгертпеуге тырысу керек. Өйткені кез-келген нәрсені өзгерту арқылы соңында оны үлкен жауапкершілік күтіп тұруы мүмкін.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) осылардың барлығын ескере келе шаш жалғаған, денеге сурет салған (татуировка), сұлулық мақсатында тістерін егеулеп сиреткен, қас пен кірпіктерін жұлғандар жаратылыс сұлулығын өзгерткендігі үшін Алланың мейірімділігінен ұзақ болатындығын ескерткен.

Фиқһ ғұламалары осы хадиске сүйеніп егер де әйел адамның жүзіне мұрт, сақал өсіп жатса оларды алуға рұқсат деген. Бірақ қастарын сирету, қосымша кірпік тағудың дұрыс емес екендігін айтады. Өйткені тіс, қас және кірпік адам ағзасы болып саналады. Ал кейіннен пайда болған беттегі түктер бұл сыныпқа жатпағандықтан оларды (сақал, мұрт) алуға рұқсат деген.

Бұл түктерді ұстарамен емес, арнайы қою жабысқақ паста, ұнтақпен (пудра) немесе медициналық дәрмектермен алған жөн. Бұл жерден мынадай қорытынды шығаруға болады. Егер де сізге кедергі жасайтындай қас, кірпік арасынан түк өсіп жатса оларды алып тастауға болады. Ал сәндік үшін қас, кірпіктерді жұлдыртуға болмайды екен.

Бұл – тарихта адам баласын мазалаған сұрақтардың бірі. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Аллаһ Тағала бет әлпеттегі түктерді жұлғанды да, жұлдырғанды да лағнет етсін», – деген (Бұхари)

Сұрақ: Қажылық парызының бірі ихрам кию. Міне, осы киім

иесінің тілеуін тілейді дейді, бұл қаншалық шын?

Жауап: Қажылардың ихрам киімі Аллаһтың парызы болған тікелей бұйрығы болғандықтан, ол киім «өжерге түсіп шірімесе екенмін» деп, Аллаһтан иесінің тілеуін тілейді деген Әфсана бар.

Сұрақ: Ел арасында таралып кеткен «құранға пығып нанды алуға болады» деген сөз бар. Осы дұрыс па?

Жауап: Құран – адам баласының жан азығы, ал нан болса – тек тән азығы. Бүгінде айтылып жүрген бұл сөзді «жақсының ақылы бас қазанында, жаманның ақылы асқазанында» дегендей нәпсіні ақылыған үстем болған пенделер айтқан болу керек. Қасиетті Құранды кіндіктен төмен ұстауға, сондай-ақ, дәретсіз оқуға болмайды. Өйткені Құран – Аллаһтың хақ сөзі, оған дәлел Құранның мына аяттары – 28:52-53; 12:111; 6:115. сол үшін Аллаһ Құранда былай айтқан: «Ей, Мұхаммед! Оларға: «егер сендер Аллаһты сүйетін болсаңдар маған ілесіндер, сонда Аллаһ сендерді сүйеді деп айт» (3:31; 7:3; 170; 6:155) Тағы да: «Мұхаммед! Саған шынайы түрде Құранды өзінен бұрынғы кітаптарды растаушы және оларды қорғаушы түрінде түсірдік» (5:48). Хадисте: «Аллаһтың кітабына жабысыңдар да одан айрылмандар» деп айтқан. Сол үшін, Құранды құрметтеп, Аллаһты сүймек – хақ мұсылман парызы болмақ.

Сұрақ: Қияметте пенде амал дәптерінен өзі істемеген жақсы амалдарды да оқиды дегенді естідім. Бұл шариятта бар нәрсе ме?

Жауап: Қасиетті кітабымыз Құранда 69:19-24; 81:10; 4:7-9 аяттар бойынша: «о дүниеде пенде өзінің амал дәптері беріліп, ол зор қуанышта болады» десе, ал хадисте: «Қиямет күнінде пендеге өзінің амал дәптері беріледі, онда өзі істемеген жақсы амалдарды көреді. Сонда пенде: «Ей, Аллаһ! Маған бұл жақсы амалдар қайдан келді?» – дейді. Сол кезде Аллаһ Тағала: «Ей, пендем! Бұл жақсы амалдар сені ғайбаттағанда жеткен. Бірақ сен мұны білмегенсің», – дейді. (Әбу Амама Бахилидан (р.а.) риуаят етілді).

Сұрақ: Жаназа намазды бір сәлеммен оқуға бола ма?

Жауап: Жаназа намазында бір ғана сәлеммен шектелуге болады. Оған Әбу Һурайрадан (р.а.) етілген мына хадис дәлел: «Аллаһ елшісі Мұхаммед (с.ғ.с.) бір өлікке жаназа намазын оқыды. Намазда төрт рет тәкбір айтты да, бір ғана сәлем берді».

Хадиске Сәиб ұлы Атадан (р.а.) риуаят етілген Аллаһ елшісінің

(с.ғ.с.) жаназада бір ғана сәлем бергегні жөніндегі риуаяты демеу болады. Сонымен қатар хадисті көптеген сахабалардың осы тұрғыда істеген амалдары да күшейте түседі. Бұл жөнінде Хаким, Әбу Талиб ұлы Алидің, Умар ұлы Абдуллаһтың, Аббас ұлы Абдуллаһтың, Абдуллаһ ұлы Жәбірдің, Әбу Әуфа ұлы Абдуллаһтың және Әбу Һурайраның жаназада бір ғана сәлем беретін болғаны бізге сахих риуаяттардан белгілі.

Сұрақ: Діннің тәні мен жаны не?

Жауап: Ислам шариаты – діннің тәні болса, ислам ақидасы – діннің жаны. Себебі, ақидасыз дін жоқ.

Сұрақ. Ислам ақидасы неге негізделген?

Жауап: Ислам ақидасы түгелдей таухидке (бір Аллаһқа) негізделген.

Сұрақ: Зікірдің қасиеті қандай? Ол немен орындалады?

Жауап: Хадисте: «Зікірдің қасиеті – өлген жүректі тірілтіп, нәпсіні тазартады», – деген. Ол зікір үш нәрсенің бірлігімен, яғни, тілмен, денемен және жүрекпен орындалады.

Сұрақ: Аллаһ Тағала дүниені Ақиреттен артық жаратты ма? Әлде Ақиретті дүниеден артық жаратты ма?

Жауап: Аллаһ Тағала Ақиретті дүниеден артық жаратты. Сол үшін Құранда: «Дүниемен Ақиреттің жақсылығын тіле», – деген (2:201). Ал хадисте: «Дүние – Ақиреттің егіндігі» деген.

Сұрақ: Өсек деген не? Оның зияны қандай?

Жауап: Өсек деп біреуді сыртынан ғайбат қылғанды айтады. Құранда: «Барлық қорлаушы, өсекшіге нендей өкініш!» (104:1), хадисте: «Өсекші жәннатқа кірмейді» деген.

Сұрақ: Егер айтқан нәрсеміз сол пендеде болса ше?

Жауап: Хадисте: «Егер айтқан нәрсең ол пендеде болса, ғайбатталған боласың. Айтқаның сол пендеде болмаса жала жапқан боласың», – деген.

Сұрақ: Аллаһ қасында қабыл болатын хибаттан (ибадат) хабар бар деген сөз рас па?

Жауап: Ол рас. Жәбрәйіл (ғ.с.) хазірет Пайғамбарға (с.ғ.с.): «Ей, Ұлық Аллаһтың хабибі! Маған Ұлық Аллаһтың алдында қабыл болатын ғибадаттан хабар бер?!» дейді. Ардақты Пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.): «Мысалы сен Ұлық Аллаһқа сол Ұлық Аллаһты көріп тұрғандай болып ғайбат қылуың керек. Егер сен Ұлық Аллаһты көріп тұрғандай болып ғибадат ете алмасаң,

онда Ұлық Аллаһ мені көріп тұр деп ғибадат қылуың керек», – деген.

Сұрақ: Аллаһ қасында жаратылыстың ішінде ең алғашқы өлген кім? Сондай-ақ кімдер Аллаһ қасында өлгендер қатарында болмақ?

Жауап: Аллаһ Тағала Мұса пайғамбарға: «Ей, Мұса менің жаратылысымның ішінде ең алғашқы өлгені Ібіліс. Өйткені ол маған қарсы шықты. Мен өзіме қарсы шыққанның бәрін өлілердің қатарына қосамын» деп уахи еткен. Құранда Аллаһ Тағала көпірді тірі болса да, өлікке теңеген. Оған дәлел Құран: «Олар өлілер, тірі емес» (16:21).

Сұрақ: Қиямет топырағы қалай пайда болады?

Жауап: Хадисте: «Аллаһ жануар, құс, адамнан болған барша мақұлықты жинайды. Сосын (кек алудан кейін) жануарлар мен құстарға: «Топырақ болыңдар!» – дейді. Сол кездегі көпір: «Әттең! Топырақ болып кеткен, болсам еді!» (78:40) деп айтады» – деген. Әбу Һурайрадан (р.а.) риуаят етілген.

Сұрақ: Топырақтан жаратылған адам қайтадан топырақ болуына себеп не?

Жауап: Адам мәйітінің қалдықтары: «Алладан басқа тәңір жоқ», Мұхаммед оның елшісі» деген сөздерді құрау үшін екінші рет топырақ болады.

Сұрақ: Жалқаулық адамға қалай пайда болады?

Жауап: Хадисте: «Ұйқыға көзі ілінгеннің желкесіне шайтан үш түйін байлайды. Әрбір түйін арқылы ұйқыға батуын қамдастырады.

Ұйқыдан оянған кісі Аллаһ Тағаланың есімін (атын) аузына алып тұрса, бір түйін, дәрет алғанда екіншісі, намазға тұрғанда үшіншісі шешіледі. Адам сонда ғана басқаға мейірімді және ширақ болады.

Бұл үшеуін орындамаған жалқаулықтан және кесірден құтылмайды» деген.

Сұрақ: Дүниеде таудан, темірден, судан, желден мықты зат бар ма? Болса ол қандай зат?

Жауап: Олардан мықты зат бар. Ол садақа. Бұл жайлы Аллаһ Тағала былай дейді: «Адам баласының сол қолы көрмей оң қолымен берген садақа жоғарыдағы аталған заттардың бәрінен мықты. Сондай садақа ешнәрсе сөндіре алмаған Аллаһ Тағаланың ашуын басады».

Сұрақ: Әлемнің рахим нұры Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың нұрының жаратылғанына қанша жыл және дүние жаратылғанына қанша жыл болған? Олардың нақты анықтамасы қандай?

Жауап: Хазірет пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) Жебірейіл періштеге: «Осы екеуіміздің қайсымыз үлкенбіз?» – деп сауал қойды. Сонда Жебірейіл ғ.с.: «Кеңістікте Насраһи атты жұлдыз бар. Ол отыз мың жылда бірақ рет көрінеді. Мен сол жұлдыздың отыз мың мәрте шыққанын көрдім» – дейді. Сонда Мұхаммед (с.ғ.с.): «Ол жұлдыз менің нұрым еді. Аллаһ Тағала жаратқаннан кейін менің нұрым кеңістікті елу мың мәрте айналып шықты. Ең алдымен менің нұрым жаратылды. Одан кейін бүкіл жаратылыс пайда болды. Олай болса мен үлкенмін», – дейді. («Қисса-Ул» ескерткішінен). Міне, осыған қарағанда Мұхаммед (с.ғ.с.) нұрының жаратылғанына бір млрд. бес жүз миллион жыл, өзге дүние жаратылғанына тоғыз жүз миллион жыл болыпты деп шамалағаны дұрыс. Ол нұрдың кеңістікте кемелденуіне алты жүз миллион жыл болған деу жөн. Бұл Алла Тағала тарапынан жіберілген анықтама, долбар емес.

Сұрақ: Он сегіз мың ғалам (әлем) деген не? Оның нешеуі жанды, нешеуі жансыз. Оны Аллаһ Тағала неше күнде жаратқан? Оның себебі не?

Жауап: Аллаһ Тағала: «Алты мың ғалам жанды, он екі ғаламын жансыз етті. Барлығын алты күнде жаратып шықты және бұл ғаламдар болашақ досына, досының достарына қызмет ету үшін қозғалысқа енді», – деген.

Сұрақ: Мешітке барғанымызда алдымызда отырғандардың сәждеге еңкейгенде белі ашылып қалып жатады. Ол әурет жердің ашылуына жата ма? Намаздың дұрыстығына кері әсер етпей ме?

Жауап: Шариғатта әурет саналатын мүшелердің намазда немесе намаздан тыс жерлерде жабылуы – парыз. Ерлердің әурет жерлері: тізе мен кіндіктің арасы. Бұған пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Ер адамның әуреті – кіндіктен төмен тізесінің астына дейінгі жер» (Ахмәд ибн Ханбәл, 2/187), – деген хадисі дәлел. Әйел үшін жүз, қол, тобыққа дейінгі аяқтан басқа барлық дене әурет.

Расулуллаһ (с.ғ.с.): «Әсма! Әйел баласы балиғат жасына жеткен

кезде оның мына мүшелерінен басқа жерлерінің көрінуі дұрыс болмайды. Алла елшісі осы сөздерді айтқан кезде қолдары мен жүзіне ишарат еткен еді» (Әбу Дәәуд, Либас, 31), – дейді.

Айша анамыздан (р.а.) жеткен бір хадисте: «Алла етеккір көрген (яғни, балиғат жасына жеткен) әйелдің орамалсыз оқыған намазын қабыл алмайды» (Ибн Мажа, Таһарат, 132) – деп шашты да жабу керектігін айтқан.

Жабылуы қажет ағзаның төрттен бірінен артық бөлігі «субханаллаһил-ағзим» дейтіндей уақыт мөлшерінде еріксіз ашылып кетсе, намаз бұзылады. Ал егер өз ерімен біле-тұра ашқан жағдайда, сол сәтте-ақ намаз бұзылады. Сондай-ақ, ашылып қалған ағза бірден жабылса, намаз бұзылмайды.

Егер намаз барысында тізе немесе белі ашылса, намазға кедергі емес, өйткені ол төрттен бір мөлшерден аз болып саналады. Алайда ұзын киімі бола тұра белі немесе тізесі ашылатындай қысқа киім кию мәкрұһ. Абзалы, бел, тізе ашылмайтындай етіп киіну. Намаз оқу барысында тобығы ашылып қалса, әйел адамның намазы бұзылмайды. Тобығы мен тізесінің арасы бір ағза саналғандықтан, тобық ағзаның төрттен бірінен аз болып табылады.

Сұрақ: Қажылыққа баруға мүмкіндігі бола тұра кешіктірсе күнә ма?

Жауап: Имам Әбу Ханифаның көзқарасы бойынша, қажылық жасауға мүмкіндік туған мезетте оны орындау керек. Өйткені бұл құлшылық жылдың кез келген уақытында емес, белгілі бір кезеңде орындалуымен ерекшеленеді. Оның үстіне жыл ішінде адамның қайтыс болып кетуі де ықтимал. Алла елшісінің (с.ғ.с.): «Қажылықты өтеуге асығындар (яғни парызды). Өйткені ешбірің ажалдың қашан келетінін білмейсіңдер». (Нилул-Әуғар, 4/284. Әбу Дауд, Манасик, 5; Ибн Мажа, Манасик, 1), – дегені осының бір дәлелі.

Бірақ қажылығын кешіктіріп өтесе де адамның мойнынан қажылық парызы түседі. Алайда мүмкіндігі бола тұра кешіктірген дұрыс емес. Яғни ешбір себелсіз қажылық парызды кешіктіру күнә болады.

Сұрақ: Әйел адамның махрамынсыз қажылыққа баруына бола ма?

Жауап: Ислам шариғатында әйел адамның жалғыз жолға шығуына болмайды. Міндетті түрде жанында күйеуі немесе махрамынан (өзімен некелесуі харам етілген жақын туыстары)

бір кісі болуы тиіс. Себебі, пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Аллаға және ақырет күніне сенетін әйел бір күн, бір түн махрамсыз жолға шығуына рұқсат етілмейді» (Сахих «әл-Бухари», Мүслім, Әбу Дәуіт), – деп қатаң ескерткен. Ибн Омардан (р.а.) жеткен басқа бір хадисте: «әйел махрамынсыз үш түннен артық жолға шықпасын» (Ахмад), – деп кесіп айтқан.

Бұл хадистердің бәрі де әйелдің ар-намысын қорғау мақсатында, жолда кездесетін әртүрлі келеңсіздіктерге қарсы тұрарлық шамасы жете бермейтіндіктен, жамандықтың алдын алу үшін айтылған. Алайда, әйел өзіне серік боларлық махрам таба алмаса, ханафи ғалымдары қажылыққа баруына болмайды деп пәтуа берген. Ал, заманауи фикһ ғалымдары қазіргі таңда адам жолды торуылдап тұратын қарақшылардан, қандай да бір көлденеңнен келетін келеңсіз жағдайлардан сақтандырылғандықтан және жанында өзімен бірге сенімді, салиқалы әйелдер болса, жалғыз баруына болады деген пікірде. Сонымен қатар, бұрынғы кездегідей түйемен емес, ұшақпен ғана баратындығы себепті қарақшылар, бұзақылар әйелге зиян келтіреді дейтіндей аса қауіп те жоқ (Фәтәуә мутассира, 1/353). Ендеше, әйел кісі Меккедегі Алланың үйіне барып, қажылық міндетін өтеуге шамасы, күш-қуаты жетсе, алайда жанында махрамы болмаса, онда сенімді, салиқалы мүмін әйелдермен бірге баруына болады.

Сұрақ: Қажылық парызын өтеуге өз атымнан немесе марқұм әке-ешемнің атынан басқа біреуді өкіл етіп жібере аламын ба?

Жауап: Исламда қажылық өтеуге басқа бір кісіні өкіл ету екі түрлі жолмен іске асады:

Біріншіден, қажылыққа бірге баратын күйеуі немесе махрам туысы жоқ әйел, науқасынан айығу мүмкіндігі аз науқас, денсаулығы әлсіз қарт, мүтедек, ертіп баратын көмекшісі жоқ зағип және мемлекет тарапынан шетелге шығуға тыйым салынған адамдар қажылыққа баруға қаражаты болса, өзінің орнына көзі тірісінде басқа біреуді жіберуіне рұқсат.

Екіншіден, өлер шағында орнына өкіл ретінде барып-келуін өсиет етуі немесе қайтыс болған адамның балалары әке-шешесінің атынан басқа біреуді жіберуіне болады. Оған Ибн Аббас жеткізген хадис дәлел: «Жұһәйна тайпасынан келген бір әйел Алла елшісіне

(с.ғ.с.): «Анам ниет ете тұра қажылық жасай алмай дүниеден өтті. Орнына менің баруыма бола ма?», – деп сұрағанда, пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Егер анаңның біреуге қарызы болғанда өтер ме едің?», – дейді. Әйел: «Иә, өтеймін», – дегенде Расуллулла (с.ғ.с.): «Олай болса, Аллаһ Тағаланың алдындағы қарызын да өтендер. Өйткені қарызы өтелуге ең лайығы ол Аллаһ Тағала» (Бұхари, 4/286; Насәи, 2/1821), – деп жауап берген.

Өкіл қажылықты өтеудің мынадай өзіндік шарттары бар:

1) Өкіл адам ихамға кірерде өз атынан емес, кімнің орнына қажылыққа барса, сол адамның атынан ниет етуі;

2) Өкіл иесі қажылықтың қай түрін орындауын өтінсе, соны өтеуі;

3) Өкіл иесінің байлығы болғанымен, қажылық өтеуге қауқарсыз болуы;

4) Өкіл иесі дүниеден өткенше қажылыққа бара алмайтын болуы. Егер орнына біреуді жібергеннен кейін қайта жағдайы келіп жатса, өзі қайтадан қажылыққа баруы тиіс;

5) Өкіл мен өкіл иесі мүкәлләф (шариғат талаптарына сай адам) болуы;

6) Қажылыққа жұмсалатын қаражаттың бәрін немесе көбін өкіл иесі немесе қайтыс болған адамның балалары беруі;

7) Қажылыққа баратын өкіл, өкіл иесінің немесе өкіл иесінің мирасқорларының айтуымен баруы;

8) Өкіл ретінде тағайындалған адам қажылықты өзі орындауы керек. Басқа біреуге орындатуына болмайды;

9) Егер өкіл адам қажылықты әмір еткендей орындамаса, жазаға сол өкілдің өзі жауапты, өкіл иесі жауапты емес. Тек ихсар (қажылыққа ниеттеніп ихрамға кіріп қойған адамның дұшпан, ауру, жолдан адасып қалу немесе ақшасын жоғалтып алу сияқты себептермен қажылық немесе ұмра ғибадатын аяқтамай тұрып ихрамнан шығуы) ғана мойнына жүктелмейді.

Сұрақ: Кей кісілердің қасақана зираттарды бүлдіруіне шариғат қалай қарайды? Исламда марқұмдардың зиратына құрметпен қарау туралы не айтылған?

Жауап: Ислам дінінде зиратқа, яғни қабірдің аяқ асты болмауына ерекше көңіл бөлінген. Бұған көптеген хадистер дәлел. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) бір хадісінде: «Қабірлерге намаз оқып, үстіне отырмандар», – десе, тағы бір хадисте айтылғандай, бірде Амр ибн Хазм деген сахабаның қабір үстіне сүйеніп тұрғанын

Расулулла (с.ғ.с.) көріп: «Оған сүйенбе. Бұл қабірдің иесіне зиян келтіресін», – деген. Олай болса, қабірге сүйенудің өзі иесіне кесірін тигізетін болса, оны бүлдіру тіпті сорақылық екені сөзсіз. Себебі тып-тыныш тұрған қабірлерді қирату – ата-бабаларымыздың рухына, марқұмдарға деген құрметсіздік.

Имам Мүслім жеткізген тағы бір хадисте: «Тірі адамға қабір үстіне отырғанынан гөрі киімін күйдіретін шоктың үстіне отырғаны қайырлы», – деп те Алла елшісі (с.ғ.с.) қатаң ескерткен.

Ал қабірлерді бұзу, білімсіздіктен, сауатсыздықтан туындап отырған өкінішті жайт. Ислам дінін дұрыс түсінген жан мұндай келеңсіз істерге бармауы тиіс. Өйткені бұл өз басына ғана емес, тұтас Ислам дініне кір келтіретін жағымсыз әрекет.

Сұрақ: Қажылық өтеу баршаға бірдей міндетті ме? Онда балиғатқа әлі толмағандар мен мүгедек адамдардың жағдайы қарастырылған ба?

Жауап: Қажылық ғибадаты төменде көрсетілген адамдарға парыз.

1) Мұсылман болу. Қажылықты өтеу мұсылман еместерге парыз емес. Қажылыққа барып Ислам дінін қабылдаған жағдайда, шамасы жетсе, қайтадан қажылыққа баруы шарт. Сондай-ақ мұсылман адам қажылық жасап, кейін Исламнан пығып, қайта мұсылмандықты қабылдаса, шамасы жетсе, қажылықты қайта өтеу парыз болады. Өйткені алғашқы қажылығы Исламнан пығуымен жарамсыз болып қалады.

Құранда: «Кімде-кім иманнан тайса, оның істеген істері зая болады. Сөйтіп ол ақыретте зиян тартады» («Маида» сүресі, 5-аят), – делінген.

2) Ақыл-есі дұрыс әрі балиғат жасына толу. Ақыл-есі дұрыс емес немесе балиғат жасына жетпеген адамға қажылыққа бару парыз емес. Алла елшісі (с.ғ.с.): «Қалам (күнә) мына үш адамға жазылмайды: оянғанға дейін ұйқыдағы адамға, есін жнғанға дейін есінен танған адамға, балиғат жасына толғанға дейін сәбиге» (Әбу Дәуіт 4398, 4401; Ибн Мәжжә, 2041; Термизи, 1458; Хаким, 4/389), – дейді. Ал балиғатқа толмаған немесе ақыл-есі кем адам қажылыққа барса, нәпіл қажылық орындағандай болады. Сондықтан кейін балиғатқа толған кезде шамасы жетсе, қажылықты қайта өтеуі керек.

3) Азат болу. Түрмеде, құлдықта болған адамдарға қажылық

парыз емес. Расулулла (с.ғ.с.): «Бұрын он рет қажылыққа барса да, бас бостандығын алған құл қажылығын қайта өтеуге міндетті» (Бәйһақи, 4/325; Ибн Хажар фи талхис әл-хабир, 2/220), – деп, бас бостандығы жоқ адамға азаттық алып, шамасы жеткенде парыз қажылықты қайта өтеуге әмір еткен.

4) Уақыт. Арафат тауында арнайы белгіленген тұру уақыты мен зиярат тауабы уақытына өмірі жетпеген адам үшін қажылық парыз емес. Алла елшісі (с.ғ.с.) бір хайсінде қажылықтың уақытын: «Ең үлкен қажы – құрбан айт мейрам күндері» (Бұхари, хаж 33,34, ғұмра 9, Мүслім, хаж 123), – деп жеткізген.

5) Қажылық ғибадатын орындауға шамасы жету. Құранда: «Ол жерге баруға шамасы жеткен барлық адамға Алла үшін Қажбаны зиярат етіп, қажылық жасау парыз» («Әли Имран» сүресі, 97-аят), – делінген. Осы аятқа негізделіп ханафилер шамасы жету жағдайын үшке бөліп қарастырған. Атап айтқанда:

а) Денсаулығының болуы. Ауру (төсек тартқан), сал, көзі көрмейтін, мүгедек немесе кәрілік меңдеген, яғни жолды көтере алмайтын кісілерге қажылық парыз емес.

ә) Қажылықтың жол шығындарын көтере алуы. Яғни барып-келгенше артындағы отбасының негізгі қажеттеріне жетерлік қаражаты болуы.

б) Қажылыққа баратын жолда соғыс немесе басқа да кедергілердің кездеспеуі.

Сұрақ: Сәждеге барғанда аяқ көтеріліп кетсе, намаз бұзыла ма?

Жауап: Сәжде намаздың парыздарының бірі. Намазда толық сәжде жасалу үшін маңдай (мұрынмен бірге), екі аяқ, екі қол, екі тізе барлығы бірге жерге тию керек. Бұған дәлел Ибн Аббас риуат еткен мына хадис: «мен жеті сүйекпен сәжде етуге әмір етілдім. Бұлар маңдай (қолымен мұрнына ишарат жасады), екі қол, екі тізе және екі аяқ» (Бұхари, азан 133, 134, 137; Мүслім, салат 226, 227, 229, 230; Нәсаи, Татбиқ 40, 43-45, 56, 58; Ибн мажа, иқама 19).

Ханафи мәзһабы бойынша сәждеде аяқты жерге тигізу парыз (У.Зухайли, ал-Фихъул-Ислами уа адиллатуһу, 1/703). Егер сәжде кезінде бір аяқ көтеріліп кетсе, намаз бұзылмайды, бірақ мәкрұһ болып саналады. Ал екі аяқ бірден көтеріліп кетсе, сәжде толық болмайды, намаз бұзылады, қайта оқу керек. Сондықтан намаз

дұрыс болуы үшін кем дегенде екі аяқтың біреуінің бір саусағы жерге тигізілген.

Сұрақ: Намаз үстінде ұялы телефонымды өшірсем, намазым бұзыла ма?

Жауап: Фикһ ілімінің негіздері жазылған дәуірлерде ұялы телефон болмағандықтан, оған байланысты үкім берілмеген. Алайда фикһ ілімінде жалпы қағидалар негізінде намаз үстінде ұялы телефонды өшіруге байланысты үкім шығаруға болады.

Сол үкімдердің бірінде: «Намазда бір ракағат ішінде жасалынған көп іс-қимыл (амал касир) намазды бұзады, ал аз іс-қимыл намазды бұзбайды» (Фикһус-Сунна), – делінген.

Түсінікті болу үшін мысалдар бере кетейік: намазда бір ракағат ішінде бір қолмен екі әрекет жасалса, намаз бұзылмайды. Бірақ үш әрекет жасалса, амал касирге (көп іс-қимыл) жатып, намаз бұзылады. Сондай-ақ, намазға бір қолмен жасалынған іс-қимыл (екі мәрте) намазды бұзбайды, ал екі қолмен жасалынған іс-әрекет (бір мәрте болса да) намазды бұзады. Мысалы, сәжде кезінде басынан тақиясы түсіп қалса, оны бір қолымен алып кесе, намазы бұзылмайды. Ал, тақияны екі қолымен алып кесе, намазы бұзылады. Өйткені екі қолымен намаздан тыс бір әрекетпен айналысу намазды бұзатын амалға жатады.

Қорытынды: намазға тұрар алдында ұялы телефонның дауысын өшіріп қою керек. Алайда, дауысын өшіру есіңізден шығып кетіп, намаз үстінде ұялы телефоныңыз мазаласа, мүмкіндігінше ең аз әрекетпен (бір қолмен) телефон өшірілсе, намаз бұзылмайды.

Намаз оқып тұрған адамның қимылдары сырттай қарағанда, намаз оқымай тұр дейтіндей көбейіп кетсе, онда намаз бұзылады.

САҚАЛ-МҰРТ ТУРАЛЫ

Сұрақ: Үлкен күнә істеген кісінің жағдайы қалай болады?

Жауап: «Қазақста айтсаң тілің күйеді, айтпасаң дінің күйеді» деген сөз бар. Үлкен күнәлар білімі саяз, иманы әлсіз пенделерден туындайды. Бірақ имансыз етпейді. Бұған мынадай хадис дәлел.

Хазіреті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деген: «Маған Жәбірейіл (с.ғ.с.) келді де: «сенің үмметіңнен кімде-кім Аллаһқа ешбір серік қоспастан өлетін болса, жәннатқа кіреді», – деп мені сүйіншіледі. Сонда Әбу Зарр: «Зина етсе де, ұрлық жасаса да ма?» – деп сұрады. Аллаһ елшісі (с.ғ.с.): «Иә, ұрлық жасаса да, зина етсе де» – деп жауап берді. (Бұхари, Мүслім).

Олай болса үлкен күнә істеген пенделер иманнан шықпайды, тек күнәар болып саналады. (Құран 2:178, 49:9). Ал хадисте: «Шапағатым үмметімнен үлкен күнә істегендер үшін», – деген, (Әбу Дәуіт, Термизи):

Сұрақ: Сақал-мұрт жайында шариғат не дейді?

Жауап: Бұл – ислам шариғатында бекітілген үкімдердің бірі. Құдіреті күшті Аллаһ Тағала қасиетті Құранда: «Сендерге Пайғамбар не берсе алыңдар да, неменеден тыйса, одан тыйылыңдар әрі Аллаһтан қорқыңдар», – деген. («Хашыр» сүресі, 59:7).

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мұрттарыңды таулап, сақал өсіріңдер және отқа табынушыларға ұқсаудан сақтаныңдар», – деген. (Мүслім).

Сұрақ: Талбийа (сиыну) мінжаты қалай шыққан? Оның айтылу мерзімі қандай және оны айтудағы мақсат не?

Жауап: Қажылықта талбийе айтылады. Ол Ибраһим (ғ.с.) заманынан қалған жалғыз белгі. Ибраһимге (ғ.с.) Аллаһ Тағала барлық адамзатқа еститін дауыспен қажылыққа шақыр деп бұйрық берген. Сонда Ибраһим (ғ.с.) «менің дауысым бүкіл дүниеге естілмейді ғой» дегенде, оған Аллаһ Тағаладан: «Менің әмірімді орында, бүкіл адамзат еститін болады», – деген үн құлағына шалынған. Енді Ибраһим (ғ.с.) үлкен бір тастың үстіне шыққанда, әлгі тас өз-өзінен жоғары көтеріліп, барлық таулардан биіктеп кеткен. Ибраһим (ғ.с.) дүниенің төрт бұрышына қарап: «О, адамдар, сендерге ежелгі храмға келіп тәубе істеу бұйырылған, Аллаһтың әміріне құлақ салыңдар» деп жар салғанда, дүниенің төрт бұрышынан: «Ләббайк Аллаһума Ләббайк» (Міне, мен Сенің алдыңдамын) – деген үн естілді. Мұның айтылу мерзімі

қажылардың ихрам кигенінен бастап шайтанға тас атуға дейін айта беретін мінәжат. Мұсылмандар Аллаһтың әміріне қажылық ғибадатын өтеу үшін талбйа арқылы жауап береді. Мұны айтқанда жүрегің жұлдыздай, жаның жаздай жадырайды, көңілің көктемдей көркейеді. Ұлы әсерлер көрігенінді кернейді. Аллаһ Тағала сені көріп тұрғандай, өзінді соған керектей сезінесің.

Сұрақ: Аллаһ Тағала адамның қандай амалына қуанады?

Жауап: Аллаһ Тағала өзінен қорқып, күнәсіне тәубе еткен пендесіне қуанады. Ол туралы Құранда: «Әй, мүміндер! Егер Алладан қорықсаңдар, Ол сендерге жақсы, жаманды айыратын қабілет береді әрі жамандықтарыңды жойып жарылқайды. Аллаһ – зор кеңшілік иесі», – деген. (8:29).

«Олар құлдарының тәубесін қабыл етіп, садақаларын қабылдайтын. Ол Алла ғана екенін білмей ме? Шынында Ол Алла – тәубені қабыл етуші, ерекше мейірімді» (Құран 9:104).

Ал Хазреті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Құлы тәубе етсе Аллаһ та қуанады. Оның қуанышы иен шөл далада түйесін жоғалтып, қайта тауып алған қуанышынан да артық», – деген.

«Кімде-кім тәубе етіп, иман келтірген түрде ізгі амал жасаса, міне, солар ешбір әділетсіздікке ұшырамай жәннатқа кіреді» («Мәриам», 59-50).

Сұрақ: Аллаһ пен пенде арасында қандай сауда жүреді?

Жауап: Бұл сұраққа жауапты «тәубе» сүресінің 111-аятынан аламыз. Онда «Күдіксіз Аллаһ мүміндердің жандарын, малдарын жәннатпен айырбастап алды. Олар Аллаһ жолында соғысады, өледі және өлтіреді... Аллаһтан артық уәдесін кім орындайды? Ендеше саудаласқан саудаларыңа қуаныңдар! Міне, осы ірі қол жетушілік!» – делінген.

Осы аяттан алып ғұламалар мынаны айтады. «Аллаһ Тағала мен пенденің арасында сауда жүреді. Сатушылар – пенделер, сатып алушы – Аллаһ, сатылатын тауар – пенделердің жандары, тауардың бағасы – жәннат».

Сұрақ: Әр адамда Аллаһ Тағала берген «төлқұжатъ» бар дейді. Сол рас па?

Жауап: Ол рас. Әр адамның «төлқұжатъ» іспеттес бармақ ізі Құранда былай айтылған екен: «Адам баласы Біз сүйектерді жинай алмайды деп ойлай ма? Әрине, оны саусақтарының ұшына дейін қайта жасай аламыз» («Қиямет» 75:3-4). Құранда осындай таңғажайып дәлелдер көп.

Сұрақ: «Пітір» садақасы деген не?

Жауап: Пітір (фітір) жаратылыс деген мағынаны береді. Сондықтан ол жаратылыстың шүкіршілігі үшін берілетін жан садақасы.

Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімде. «Адал адамдар армандарына жетеді. Олар Аллаһтың атын ұмытпайды, намаз оқиды» (87:14-15). (Бұл айт намазы). Осы екі аяттың мағынасын Аллаһ елшісінен (с.ғ.с.) сұрағанда: «Бұл екі аятты Алла Тағала пітір-садақа туралы түсіргенін айтты. Пітір-садақаны рамазан айында беруге әмір еткен» деп, айт намазында тәкбір айтуды ескерткен.

Бұдан біз пітір-садақаның мұсылмандар үшін уәжіп (міндет) екендігін білеміз. Кімде-кім бұған қарсы келсе ол күнәар болады. Аллаһ Тағала бізге пітір-садақаны тілеген зор мақсаттарға жетуіміз үшін міндеттелген. Пітір-садақа қажеттігін өтеу үшін кедейлерге беріледі, сонымен қатар, пітір-садақа адамның ораза кезіндегі жіберген қателіктері мен кемшіліктерін толтыру үшін беріледі. Хадисте: «Пітір-садақа адамның ораза кезіндегі қателіктерінен тазаруы мен міскіндерге тағам ретінде көмек болуы үшін міндеттелген» (Әбу Дәуіт, Ибн Мәжа және Хәким ибн Аббас (р.а.).

Кімде-кім пітір-садақаны айт намазынан кейін берсе, онда ол жай садақа болып қалады.

Сұрақ: Мәйіт өткенде орнымыздан не үшін тұрамыз?

Жауап: Бір риуаятта: «Мен періштелер үшін, яғни мәйітпен бірге болған періштелер үшін орнымнан тұрдым», – дегендігі айтылған. (Нәсай, Жәнияз, 47).

Сұрақ: Сүлеймен (ғ.с.) «ақшам намазын қаза еткенде нәзір етті» деген сөз бүгінгі намазхандар арасында жиі айтылып жүр. Осы рас па?

Жауап: Ол туралы Қасиетті Құранның 33-сүресінің 31-33 аяттарында айтылған. Онда: «Бір күні оған жақсы аттар әкелінді. Бұл аттарды көремін деп жүріп, күнді батырып алыппын (намаз уақыты өтіп кетіпті), көзім алдапты, «әкеліндер аттарды» деді Сүлеймен, әкелген соң оларды сойып нәзір етті», – делінген.

Сұрақ: Қияметте кәпірлердің аузы желімделіп тұрса, олар қалай жауап бермек?

Жауап: Қиямет күні кәпірлердің ауыздарын мөрлейміз. Бізге

олардың қолдары сөйлеп, не істегендеріне аяқтары айғақ болады. (Құран 36:65; 24:24; 41:20).

Сұрақ: Әйел аты неліктен «әйел» деп аталады. Бұл атты қойған кім?

Жауап: Аллаһ Тағала алдымен ер адамды жаратты және оны он сегіз мың ғаламның халифасы етті. Солай бола тұра оның қабағымен жылы қуанышты сезбеген соң ұйықтап жатқан кезінде оның қабырғасынан әйелді жаратты. Атамыз Адам (ғ.с.) өз қабырғасына жаратылған әйелді көргенде бетіне қан жүгіріп зор қуанышта:

«Бұл менің сүйегімнен шыққан сүйек, етімнен шыққан ет. Ол әйел деп аталсын. Бұл атты Адам (ғ.с.) қойған. Себебі, ол еркектен алынып жасалған», – деді. («Тәурат» кітабы, 23). Мұның растығын Құран Кәрімде: «Аллаһ Тағала сендерді бір кісіден жаратты. Сосын одан Жұбайын жаратты», – деген («Зүмәр» сүресі, 6-аят).

Сұрақ: Намазда құлақ қағудың себебі не?

Жауап: Себебі құлақ оқыған намазымызға куә болады. (Оған дәлел Құран 41:20-21; 36:65).

Сұрақ: О дүниеге барып келген немесе қайта тірілген адам бар ма?

Жауап: Бұл сөзді ақырет күніне сенбейтіндер «о дүниеге кім барып келіпті» деп дінді түсінбегендіктен айтады. Қасиетті Құранда алты түрлі өлікті Аллаһ Тағала өз аятымен қайта тірілткен. Атап айтқанда Құран Кәрім: 1) 2:55-56; 2) 2:72-73; 3) 2:243; 4) 2:259; 5) 2:260; 6) 18:25.

Өліп қайта тірілген бұл Ғұзайыр (ғ.с.). Ол бір ғасыр өліп, қайта тірілген. Бұл жағдайлар оған айрықша білінгенде: **«Сөзсіз Аллаһтың әр нәрсеге күші жететінін білдім», – деген. (259).**

Ал үнгірде 309 жылдан кейін тіріліп, қайтадан қалың ұйқыда жатқан адамдар мен бір ит жайында Құранда (18; 25-26-27) айтылған.

Сұрақ: Аллаһ өлген адамды неліктен қайта тірілтеді?

Жауап: Өлікті тірілту – Аллаһтың шын уәдесі. Мұны пенделердің көбі білмейді. (Құран 16:38). Аллаһтың өлікті қайтадан тірілту себебі, Аллаһ оларға қайшылыққа түскен нәрселерін анықтау, қарсы болғандардың өтірікші екенін білдіру үшін өліктерді тірілтеді. (Құран 16:39, 40).

Сұрақ: Шаш пен сақалды бояуға бола ма?

Жауап: Мұсылмандар: «Мұрттарыңды таулап, сақал өсіріңдер және отқақұлдардан ұқсаудан сақтаныңдар».

Әл-Бухариде: «Иудей мен христиандар (шаштарын) боямайды, сендер олай жасамандар».

Әбу Дауд пен ән-Насағиде: «Ақырзаман болғанда, шаштарын көгершінің жемсауы тәрізді қара түске бояған кісілер шығады. Міне бұлар жәннаттың хош иісінен мақұрым қалатындар». (Яғни, олар жәннатқа алдыңғы лекпен кіретін топтың қатарында болмайды).

Ән-Насағиде: «Насарларға еліктемендер және (шаш пен сақалдың) ағын боямандар». (Яғни, иудей мен христиандарға еліктеуге болмайды).

Ахмадта: «Уа, ансарлар, Кітап адамдарына ұқсамас үшін (шаштарыңды) қызыл яки жирен түске бояңдар».

Әл-Бухариде: «Бірде мен Умм Саламға барғанымда, ол маған Пайғамбарымыздың (с.а.у.) боялған шаштарын көрсетті». (Усман бин Абдулаһ бин Муаһабтың риуаяты).

Осы хадистің тағы бір нұсқасында: «Пайғамбарымыздың әйелі Умм Салама анамыз біздерге Расулудің қызыл түске (боялған шаштарын) көрсетті».

Жәбірден: «Жеңіс күні (Фатх Макка) шашы мен сақалы сунғам секілді аппақ болып ағарып кеткен Әбу Куфханы әкелгенде, Аллаһтың Елшісі: «Мынаны қарадан басқа түске бояңдар» деді. (Мұсылм).

Ибн Омардан: «Пайғамбарымыз теріден (тігілген) сандал киіп жүретін және сақалын зағфран мен сары (түсті) ағаштың (жапырағынан қайнатылған) бояуға бояйтын». (Ән-Насағи).

Ибн Аббастан: «Бірде, Пайғамбарымыздың қасынан шашын қынаға бояған адам өткенде, ол: «Осылай жасаған игі», – деді.

Содан соң, шашын қына мен кәтма (қосып) бояған кісі өткенде, ол: «Бұл алдыңғыдан да тәуір», – деді. Ал, кейіннен, шашын жирен түске боятқан адам өткенде, ол: «Бұл бәрінен де жақсы», – деді. (Әбу Дауд).

Шашты жуу

Абзалында, шашты сыбастануға жеткізбей жиі жуған дұрыс. Егер де, олай жасауға мүмкіндігіңіз болмаса, апта сайын моншаға түскенде басыңызды ең кемі екі қайтара жуған жөн.

Шаш мына ретпен жуылады: Қанжылым сумен басты жуып алған соң, су сабынды (шампунь) алақанға құйып бастың терісі мен шашқа әбден сіңетіндей мұқият түрде жағу керек. Содан соң, шамамен отыз секундтай уақыт күтіп, сабынды суды асықпай кептіресіз. Соңынан салқын сумен шайыну да өте пайдалы. Өйткені бұл бас тамырларындағы қанайналымын жақсартады.

Шаштың түсуін қалай тоқтатуға болады?

Ол үшін халық медицинасында мына нәрселер қолданылады:

1. Камфор майы мен лимон сөлі

Бір құты камфор майы мен бір лимонның сөлін әбден араластырып дәрі дайындап аламыз. Осы сұйықтықты күнделікті кешке шаштың түбіне мұқият жағып, 5-10 минут ұстағаннан кейін басты целлофан қалтамен орап, сыртынан қалың орамал яки қалпақ киіп жату керек. Екі апта бойына осылай жасаған соң, араға біршама мезгіл салып емді тағы да қайталаймыз.

2. Сарымсақ


Сарымсақ – шашты өсіруге көмектесетін күшті биостимулятор. Одан дәрі жасау үшін ірілеу келген бірнеше бөлігін алып, қоймалжың күйге түскенше езу қажет. Егер де сіз, сіздің шашыңыз майлы болса, езілген сарымсаққа күнбағыс майының бірнеше тамшысы ғана қосылады. Майлы болмаса – үштен біріне, мүлде майсыз болса – жарымына тең мөлшерде күнбағыс майын қосу қажет. Осы сұйықтық шаштың түбіне жағылған соң, екі сағаттан соң кәдімгі сусабынмен (шампунь) жуып тасталынады. Емнің жасалу мерзімі: аптасына екі рет, ұзақтығы – екі-үш ай.

3. Қына

Мөлшермен 25 грамм қына алып, оны (70 градус С) ыстық суға араластырып ботқа тәріздес қоймалжың сұйықтық түрге түскенше былғайды. Содан соң, оны ыстық түрінде (алдын-ала жуылып, кептірілген) шашқа салалап отырып жағады. Шамамен 20-40 минут уақыттан соң сабынсыз жылы сумен басты жуу қажет.

Мазмұны

Құрметті мүсілман-қауым!	2
СҰРАҒАНҒА ДА САУАП БАР	6
Ораза турасында	271
Әйел затына байланысты	319
Қажылық турасында	342
Сақал-мұрт туралы	361
Шашты жуу	365
Шаштың түсуін қалай тоқтатуға болады?	366



**Миқаш қажы Қаметқалиұлы
Бәкіртегі**

**ИСЛАМ ДІНІ ЖӨНІНДЕГІ
ҚОЙЫЛҒАН СҰРАҚТАРДЫҢ
ЖАУАБЫ**

**Редакторы: автор
Дизайні әрі бет қаттаушы:
Асхат ШӘРІПБАЙ.
Корректоры: автор**

Басуға 14.07.2012 жыл қол қойылды. Офсеттік қағазы. Қаріп түрі «Times New Roman». Riso басылыс. Пішімі 1\16. Шартты баспа табағы 23,25. Тиражы 50 дана. Бағасы келісімді.

Кітап «Академия «Көкше» баспаханасында басылды.
020000. Көкшетау қаласы. Капцевич к-сі, 101.
тел.: 8 (7162) 25-70-35